ЖАРАТУШЫ ТҰРҒАНДА,

ЖАРАТЫЛҒАННАН НЕ СҰРАЙСЫҢ?

ЖАРАТУШЫ ТҰРҒАНДА, ЖАРАТЫЛҒАННАН НЕ СҰРАЙСЫҢ?!

немесе

ТҮРКІСТАНДА, БЕКЕТ АТАДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАБІР-КЕСЕНЕ-МАЗАРЛАРДА ӘРУАҚ-ӘУЛИЕЛЕР МЕН КИЕЛЕРГЕ СИЫНУ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ОПАТ ЕТЕТІН ЖОЛ

Бірінші басылым

«Мешіттер (сәжде жасайтын орындар) тек Аллаһқа ғана тән, сондықтан да Аллаһпен бірге ешкімге дұға (құлшылық) етпеңдер!»

(Құран: «Жинн» сүресі, 18-аят)

«Не тілесең де, Аллаһтан ғана тіле!..» (Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өсиеттерінен)

«Аллаһқа тек Оның Өзі арқылы ғана дұға етіп жалбарыну керек».

(Имам Абу Ханифа)

«Жаратушы тұрғанда, жаратылғаннан не сұрайсың?!»

(Абай)

Қазақ тіліне аударып әзірлеген
«Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы
2022 ж.

Жаратушы тұрғанда, жаратылғаннан не сұрайсың?! / Дайындаған «Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы. – Алматы, 2022. – 304 б.

Кітап Түркістандағы, Бекет Ата қабіріндегі, басқа да жерлердегі қабірлерге, әруақтарға, әулиелерге, жалған қасиетті орындарға және киелерге сиыну рәсімдері жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуді насихаттайтын Ислам дініне қайшы келетінін Құран мен Сүннет мәтіндеріне және ханафи мәзһабының ғалымдарының сөздеріне сүйеніп, ғылыми түрде дәлелдеп береді және сол жерлерде орын алып жатқан келеңсіз құбылыстардың көпқұдайшылық және дінбұзар мәнін түсіндіреді.

Кітап қалың оқырманға арналған.

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

КІРІСПЕ

Ақиқатында, бүкіл мақтауға бір Аллаһ қана лайық. Біз жалғыз Оны ғана мадақтаймыз, Одан ғана көмек пен кешірім сұраймыз. Бір Аллаһтан ғана өзіміздің нәпсіміздің және жаман істеріміздің кесірінен пана сұраймыз. Аллаһ Тағала кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал кімді Аллаһ Тағала қолдаусыз қалдырса, сол міндетті түрде адасады және өзіне көмекші таба алмайды.

Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне куәлік береміз, әрі Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне де куәлік береміз.

Расында, ең ақиқат сөздер – бұл Аллаһтың Сөздері, ал ең тура жол – Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолы. Ал ең жаман істер – бұл осы дінге енгізілген жаңалықтар, өйткені діндегі әрбір жаңалық – бидғат, әрбір бидғат – адасушылық, ал әрбір адасушылық – Отта.

Одан кейін:

Аллаһ Тағала Өзінің рахымымен және жомарттығымен бізге шариғи білім алу, Оның мінсіз-кемел дінін тану және сол білімдерге сәйкес өмір сүру мүмкіндігін берді. Білім іздеудің және Сүннетті оқып-үйренудің жолында мығым тұрған әрбір адам жер бетінде бізге бұйырылған бақыттан үлкен бақыт жоқ екенін біледі. Аллаһ Тағаладан бізге осы бақытымызды арттыруын және берекелі етуін сұраймыз.

Сонымен қоса, Аллаһ Тағала біздің осындай қауіп-қатерлі уақиғалар көз алдымызда өрбіп жатқан әрі біз оларға көз жұма қарап отыра алмайтын заманда өмір сүруімізді қалады.

Ұлы имамдардың және осы үмметтің алғашқы және кейінгі буын өкілдерінен болған жетекшілерінің кітаптарымен таныс әрбір кісі бидғаттардың өршуі екі жолмен іске асатынын біледі. Бидғат не жасырын сипатқа ие болып, қауіп төндірмейді және кең таралмаған болады, не нық-нық басып, екпінді түрде дамып, барған сайын өз шырмауына түскен адамдардың санын көбейте береді.

Бидғаттардың бірінші түріне келер болсақ, оның мәнін түсіндіруге және одан сақтандыруға деген қажеттілік жоқ, бұдан қалса, бұған түсіндірме беру қателік болып табылады, өйткені адамдардың назарын ешбір қажетсіз осы бидғатқа бұрады да, оның ауқымын кеңейте түседі.

Бидғаттардың екінші түрі туралы айтар болсақ, онда олардың шыққан көзі, мәні мен қауіпі туралы түсіндіру осыған жеткілікті білімі бар әрбір кісіге міндетті болып табылады. Аллаһ былай деді: **«Әй, мүміндер! Аллаһ үшін куәлікте туралық үстінде мықты тұрыңдар. Және бір елдің өшпенділігі сендерді әділсіздікке тартпасын. Әділдік істеңдер. Сол тақуалыққа жақынырақ. Және Аллаһтан қорқыңдар. Күдіксіз, Аллаһ не істегендеріңнен толық хабар алушы»** («әл-Мәида» сүресі, 5:8).

Ол сондай-ақ былай деп айтты: **"Аллаһ Кітап берілгендерден: «Әлбетте оны адамдарға түсіндіресіңдер әрі жасырмайсыңдар!», – деп сенім (уәде) алған. Дегенмен, олар оны арт жақтарына тастады. Әрі олар оны аз бір бағаға айырбастап алды. Сонда олар нендей жаман нәрсе сатып алды!"** («Әли-Имран» сүресі, 3:187).

Үлкен өкінішке орай, біз Отанымызда шектен шыққан сопылықтың идеяларының таралуымен сынаққа түскен болып отырмыз, ал бұл идеялар аумақтың тұрақтылығына бір қарағанда көрінетінінен әжептеуір ауқымды қауіп-қатер төндіруде. Олардың қауіптілігіне тек діни білімге ие және осы идеялар таралған және өз дамуын тапқан аймақтарда бұрын қандай құбылыстар орын алғанын және орын алып жатқанын талдап-сараптайтын адам ғана дұрыс және нағыз баға бере алады.

Аллаһ Тағала бізді бір-ақ ұлы мақсат үшін жаратты, Ол бұл туралы Өзінің Кітабында былай деп айтқанындай: **«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін жараттым»** («әз-Зәрият» сүресі, 51:56). Ал кім өзін осы мақсатты іске асырудан ауытқызатын жолдарға түссе, Аллаһ Тағала оның өмір-тіршілігін тар етеді де, басын бақытсыздыққа салып, қор қылады.

Аллаһ былай деді: **«Ал егер сендерге Мен тарапымнан бір тура басшылық келсе, онда кім тура жолыма ілессе, ол адаспайды да, бақытсыздық кешпейді. Ал кім Ескертуімнен бет бұрса, сонда, күдіксіз, оған бір ауыр өмір болады. Сондай-ақ Қияметте оны соқыр түрде қайта тірілтеміз»** («Та-Ха» сүресі, 20:123-124).

Ол сондай-ақ былай деді: **«Аллаһпен бірге басқа ешбір құдайға құлшылық етпе! Әйтпесе қорланған және тасталған түрде қаласың»** («әл-Исра» сүресі, 17:22).

Егер қандай да бір қауым (халық) бірқұдайшылықтан ауытқып, көпқұдайшылық пен пұтқа табынушылықтың түрлі көріністерін өмір-тіршілігіне енгізе бастаса және осыда бекемдей түссе, онда оны табиғи катаклизм-апаттар, экономикалық және саяси тоқыраулар, сондай-ақ соғыстар мен ішкі тәртіпсіздіктер түрінде көрініс табатын ауыр күйзелістер күтеді. Бұл Аллаһ Тағаланың жаратылыстарындағы өзгермейтін заңы. Кім Аллаһ Тағаланың Ауғанстанға, Иракқа, Кавказ жеріне, сондай-ақ бүгінгі Мысырға, Йеменге және Ливияға жіберген күйзелістеріне назар салса, сол: «Неліктен мұның барлығы мұсылмандардың жерлерінде орын алуда?», – деп сұрақ қоймауы екіталай. Ал бұл сұраққа жауап осы жерлерді мекендейтін адамдар шектен шыққан мистикалық сопылықты ұстанатындықтарында. Бұл жерлер кесенелер мен мазарларға, өлген адамдарға жалбарынуға, ізгі адамдардың қабірлеріне арнап құрбан шалуға және оларға нәзір беруге және көпқұдайшылықтың басқа да сол сияқты көріністеріне толып біткен.

Ал егер посткеңестік республикалар туралы айтар болсақ, онда Ресейдің, Бұхара мен Түркістанның жерлері туралы ханафи мәзһабының имамы әл-Хужанди былай деген: «*Аллаһ Тағала құдайсыз коммунизмнің осы жерлерде жеңіске жетуіне жол бергенінің себебі оларда көпқұдайшылық пен қабірлерге табыну кең таралғандығында*». Қз.: «Хукму-Ллаһи әл-Ахад әс-Самад», 30-31 беттер.

Ал бүгінгі күнге келер болсақ, қабірлерге табыну бәлесі, мистикалық сенімдер мен артта қалған пұтқа табынушылықтың рәсімдері біздің жерлерімізге қайта оралуда. Оларды белсенді түрде енгізумен және таратумен өздерінің өтірікшілігімен, жағымпаздығымен және жауыздығымен танылған сопылықтың өкілдері айналысуда. Олар туралы ханафи имамы Шукри әл-Алюси (1342 һ/ж) шындықты айтып, былай деді: «*Кабірлерге табынушылар жеткен надандықтың және Аллаһқа, Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және тұтас үмметке өтірік жапсырудың соншалықты деңгейіне тіпті хауариждер мен рафидилер де жете алмағанына күмән жоқ*». Қз.: «Ғаят ул-Амани» 1/215.

Олардың өтірікшілігі келесі нәрселерде көрініс табады:

1. Өздерінің идеяларын ұтымды тарату үшін олар қасқыр Юсуфтың көйлегіндегі қанға қандай қатыссыз болса, идеологиялық мәселелерде сопылыққа (суфизмге) тура солай қатысы жоқ ханафи мәзһабына өздерін және өздерінің идеяларын белсенді түрде телиді. Оқырман осыған көз жеткізу үшін мен осы еңбекті ханафи мәзһабы имамдарының айтқан сөздерімен және дәйексөздерімен толтырдым, ал кейбір тарауларда тек солармен ғана шектеліп қойдым. Ал имам Абу Ханифаның өзіне, оның шәкірттеріне және ханафилердің алғашқы буын ғалымдарына келер

болсақ, олардың бұл туралы айтқан сөздері аз әрі сирек, өйткені Исламның алғашқы ғасырларында қабірлерге табынушылық жоқ болатын. Ал кейінгі ұрпақтың ханафи ғалымдары жайлы айтар болсақ, мен өзім үшін олардың кітаптары мен еңбектері жиі жағдайда шектен шыққан сопылардың адасушылықтарын ел «уаһһабилердің жетекшілері» деп атайтын діндарлардан да қаталырақ, ауқымдырақ және шешенді түрде теріске шығаратынын таң қалып аштым.

2. Біздің аймағымыздың сопыларының оңбағандығы олардың қазіргі кезде «сәләфилік» және «сәләфилер» деген терминдерді белсенді түрде қолданып, оған өздеріне ұнамайтындардың бәрін қосатынында да көрініс табуда. Әрине, олар мұны мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолына ілесушілерден басқа ешкім олардың жолына қарсы тұра алмайтындығын, ақиқат сөзін айта алмайтындығын және олардың өтірік болмысын әшкерелей алмайтындығын өте жақсы түсінгендіктен істейді. Осы орайда олар биліктің және құқық қорғау органдарының қолдауына қол жеткізу үшін қасақана түрде өзара үйлеспейтін нәрселерді араластырады. Олар республикада таралған «Хизб ут-Тахрир», «Такфир» (басқаша айтқанда «хауариждер»), «Жиһад және Һижра», «Жама`ат Таблиғ», «Ихуан ул-Муслимун», «Сururилер», «Саид Нурсишілер», «Сулайманшылар» сияқты басқа да кез-келген құпия партиялар мен ағымдарға мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолына ілесушілердің ешқандай қатысы жоқ екендігін және мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолына ілесушілер олардан бас тартатынын өте жақсы біледі.

Олар мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолы жарылыстарға, төңкерістерге, шерулерге, билікті күштеп алуға және оған таласуға, ереуілдерге, жазықсыз адамдарды кепілдікке алуға және өлтіруге және тағы да сол сияқты тәртіпсіздіктерге қатысы жоқ екендігі туралы хабардар. Бұдан қалса, жоғарыда аталғандардың барлығына тыйым салынғандығы туралы және осы секталар мен партиялардың барлығынан сақтандыру туралы мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолына ілесушілердің жазған еңбектері орыс және қазақ тілді мұсылмандарға жақсы белгілі, ал бұл Аллаһтың қалауымен көптеген мұсылмандардың осы адасушылықтан шығуларына себеп болды.

Сондай-ақ ...Түркістанды да, республикамыздың басқа елдімекендерін де абаттандыруда, егер мұның барлығы дінмен яғни осы жерлерде Исламға теліну жасалатын, бірақ оған қайшы келетін көпқұдайшылық сипаттағы рәсімдерді орындаумен байланысты болмаса, біз ешқандай жаман нәрсе көріп тұрмағанымызды атап кету қажет. Мұның барлығы республикамызда өмір

сүруші мұсылман халықтарының тыныс-тіршілігіне қажетсіз қарама-қарсылықтар мен егестердің (конфликттердің) себебі болатын түрлі шектен шыққан, фанатикалық көзқарастар мен идеяларды салтына сіңірмей, тұрақты және тыныш дамуы үшін қажет.

Ал барлық мақтау-мадақ әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән!

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

1-ТАРАУ

БІРҚҰДАЙШЫЛЫҚҚА ШАҚЫРУ ЖӘНЕ АДАМДАРҒА БІРҚҰДАЙШЫЛЫҚТЫҢ МӘНІН ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ТҮСІНДІРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ

Аллаһ Тағала адамдарға бұйырған және Оның Елшісі Мухаммад шақырған нәрселердің ең маңыздысы әрі ең ұлысы бірқұдайшылық (таухид) болып табылады. Ал Аллаһ Тағала Өзінің жаратылыстарын сақтандырып ескерткен және тыйым салған, әрі Оның Елшісі оған қарсы күрескен ең қауіпті және қорқынышты нәрсе – бұл көпқұдайшылық (ширк).

Дәл сол бірқұдайшылықтың (таухидтің) аса маңызды болуы себепті де, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға бірқұдайшылықты түсіндірместен бұрын оларды еш нәрсеге шақырмайтын әрі оларға еш нәрсені түсіндірмейтін. Және көпқұдайшылықтың (ширктің) қауіптілігі әрі оның күнәсының өте ауыр болғандығы себепті де, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көпқұдайшылықты (ширкті) түсіндіріп бермей, адамдарды басқа еш нәрсеге шақырмайтын және оларға басқа еш нәрсені түсіндірмейтін.

Сол себепті де егер Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында игі амалдар туралы айтатын болса және оларды орындауға үндесе немесе адамдарға қандай да бір нәрсені бұйырса, міндетті түрде ең бірінші кезекке бірқұдайшылықты ұстануға үндеу мен бұйрықты қояды да, тек содан соң ғана басқа да игі амалдар мен бұйрықтар туралы айтады. Мен оқырманды мына аят туралы ойлануға шақырамын. Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһқа құлшылық етіңдер әрі Оған серік қоспаңдар. Ата-анаға, туысқандарға, жетімдерге ... жақсылық жасаңдар»** («ән-Ниса» сүресі, 4:36).

Аллаһ Тағала адамдарды игілікке үндей отырып, ең алдымен бірқұдайшылықтан бастағанына және тек содан соң ғана ата-ананың, туысқандардың, жетімдердің т.б. құқықтарына көшкеніне назар салыңыз.

Тура сол секілді, егер Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында жаман амалдар мен күнәлар туралы айтса, оларды істеуді сөксе және оларды тастауға шақырса немесе адамдарға бір нәрсеге тыйым салса, онда міндетті түрде алдына көпқұдайшылықты сөгуді және оны жасауға деген тыйымды қояды да, тек содан соң ғана басқа жаман амалдар мен күнәлар туралы айтады.

Мен оқырманды мына аяттар туралы ойлануға шақырамын. Аллаһ былай деді: “**(Оларға): «Келіңдер, сендерге Раббыларыңның арам еткендерін (тыйым салғандарын) оқиын: «Оған еш нәрсені серік қоспаңдар, әке-шешеге жақсылық істесеңдер, жарлылықтан қауіптеніп балаларыңды өлтірмеңдер», – де. Сендерді де, оларды да Біз ризықтандырамыз. Арсыздықтардың көрнеуіне де, көмесіне де жақындамаңдар. Және де Аллаһ өлтіруге тыйым салған кісіні өлтірмеңдер, егер бұған құқықтарың болмаса ғана. Сендерге осыларды Аллаһ әмір етті. Әрине, түсінерсіңдер”** («әл-Әнғам» сүресі, 6:151).

Аллаһ Тағала адамдарды күнәларды тастауға шақырып, көпқұдайшылықты сөгуден бастағанына және тек содан соң ғана адам өлтірудің және басқа да зұлым істердің күнәсінің зор екен түсіндіруге көшкеніне қараңыз.

Тура соны «әл-Исра» сүресінің кейбір аяттарын оқу барысында да байқауға болады. Аллаһ Тағала тыйым салынған он сегіз нәрселерді тізіп, үкім айтады, әрі тізімді мына сөздерден бастайды: **“Аллаһпен бірге басқа құдайға құлшылық жасама! Әйтпесе қорланған түрде отырып қаласың. Раббың Өзіне ғана құлшылық етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің біреуі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе: «Түһ», – деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, оларға сыпайы сөз сөйле”** («әл-Исра» сүресі, 17:22-23).

Содан соң Аллаһ Тағала адам өлтіру, зина жасау, таразыдан алдау, жетімдердің мал-мүлкін қақысыз иелену, такаппарлық т.б.с.с. күнәлар туралы айтады.

Кейін Аллаһ осы тыйымдарды мына сөздермен аяқтайды: **«(Мухаммад,) міне осы – Раббыңның саған уахи еткен даналығынан; Аллаһпен бірге ешбір басқа құдайға құлшылық жасама, әйтпесе сөгіс берілген, мархаметтен қуылған түрде Тозаққа тасталасың»** («әл-Исра» сүресі, 17: 39).

Бірқұдайшылық (таухид) не екен және көпқұдайшылық (ширк) не екен?!

Бірқұдайшылықтың мәні тек жалғыз Аллаһ Тағала ғана Оған құлшылықтың барлық түрлерін арнауға лайық әрі бұған Одан өзге ешкім лайық емес екендігінде. Өйткені бір Ол ғана Ең көркем Есімдерге және Ең жоғары Сипаттарға ие және Ол ғана барлық болмыстың Жаратушысы әрі Раббысы болып табылады. Әрбір адам Аллаһтың жаратылысы бола тұра, осыны өзінің сенімдерімен, сөздерімен және амалдарымен мойындауға және растап бекітуге міндетті. Мұндай адам бірқұдайшыл болып табылады.

Ал кім құлшылық-ғибадаттың қандай түрін болса да Аллаһпен бірге кімге (неге) болса да арнаса, сол көпқұдайшыл болады, тіпті егер бір Аллаһ ғана барлық болмыстың Жаратушысы және Раббысы болып табылады деп мойындап, барлық жағынан ешкімді Аллаһқа теңемесе де.

Бірқұдайшылықтың және көпқұдайшылықтың жан-жақты түсіндірмесі осы кітаптың жеке тарауларында әлі кездеседі.

Ал неліктен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз шақыруының алғашқы он жылында адамдарға бірқұдайшылық пен көпқұдайшылықтың мәнінен өзге еш нәрсе түсіндірмейтін еді?

Бұған көптеген себептер бар:

1) Аллаһ Тағала адамдар мен жындарды олар жалғыз Оған ғана құлшылық етулері үшін, өмір-тіршілікте бірқұдайшылықты іске асырулары үшін және көпқұдайшылдар мен көпқұдайшылықтан бас тартып, қатыссыздық танытулары үшін жаратты, олар үшін көктердегі және жердегі барлық нәрселерді жаратты, оларға ризық береді әрі олардың тіршілік етуін қамтамасыз етуде.

Аллаһ былай деді: “**«Шынымен де, Біз сендерді босқа жараттық та, тіпті Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?», – дейді. Шынайы патша Аллаһ бұдан өте Жоғары! Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол ардақты Аршының Раббысы”** («Мүминүн» сүресі, 23:115-116).

Ол сондай-ақ былай деді: **«Мен жындар мен адамдарды олар тек Маған құлшылық қылулары үшін ғана жараттым»** («әз-Зәрият» сүресі, 51:56).

Осыдан шыға келе, бұл дүниеде өмір сүруші адам көптеген жақсылықтар жасаса әрі айналасындағыларына зиян тигізбесе, бірақ сонымен бірге ол бірқұдайшыл болмаса, әрі көпқұдайшылықтан өзін аулақ ұстамаса, онда ол Аллаһ Тағала оны сол үшін жаратқан және оның өмір-тіршілігін қамтамасыз етіп тұрған міндеттілікті орындамаған болады. Ол түрлі мақсаттарда

қолданылған, бірақ өзінің негізгі мақсатына сәйкес ешқашан пайдаланбаған зат сияқты болады.

2) Аллаһ Тағала адамнан, ол бірқұдайшылықты ұстанбайынша, оның жақсы амалдарын қабыл етпейді.

Аллаһ былай деді: **«Олардың сарп қылғандарын олардан қабыл болуына кедергі болған жағдай – тек қана Аллаһқа және Елшісіне қарсы болғандықтары, намазды өте жалқаулықпен орындаулары және аса жек көрген түрде мал сарп қылулары»** («әт-Тәуба» сүресі, 9:54).

Ол сондай-ақ былай деп айтты: **«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігін біл, содан соң күнәң үшін кешірім сұра»** («Мухаммад» сүресі, 47:19).

Бұл «егер адам бірқұдайшылықтың мәнін түсінбесе әрі оны ұстанбаса, онда Аллаһ Тағала оның кешірім тілеуін қабыл етпейді» дегенді білдіреді.

3) Адамдар бірқұдайшылықты ұстанулары үшін және көпқұдайшылықтан қайтулары үшін ғана Аллаһ Тағала Өзінің Кітабын түсірді.

Аллаһ былай деді: **«Әлиф. Ләм. Ра. Бұл – аяттары аса Дана, толық Хабардар тарапынан ашық баян етілген, сонсоң түсіндірілген бір Кітап. Сендер Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық қылмауларың үшін»** («Худ» сүресі, 11:1-2).

Ханафи мәзһабының ең ұлы имамдарының бірі — **имам Ибн Абил-'Изз әл-Ханафи (792 х/ж)[1] былай деген: «***Құранның сүрелерінің басым бөлігі бірқұдайшылық түрлерінің мәні туралы айтады, бұдан қалса, бұл туралы оның барлық сүрелері айтады. Ардақты Құран не Аллаһ туралы, яғни Оның Есімдері, Сипаттары және Іс-Әрекеттері жайында баяндайды, ал бұл Аллаһ Тағаланы танудағы бірқұдайшылық болып табылады, не Аллаһқа ешкімді (еш нәрсені) серік қоспаған күйде бір Оған ғана құлшылық етуге және Одан басқа кімге (неге) болса да құлшылық етуден аулақ болуға шақырады. Ал бұл – құлшылықтағы бірқұдайшылық. Немесе Құран игі істер туралы баяндап, жаман істерге тыйым салады, және бұл – бірқұдайшылықтың қақысы және көркі. Немесе Құран бірқұдайшылдардың көретін игі сыйы мен Аллаһ Тағаланың қалайша оларды бұл дүниеде де, Ақыретте де игіліктерге бөлегендігі туралы хабарлайды, ал бұл – бірқұдайшылық үшін берілетін сый туралы баяндау. Немесе ол бізге көпқұдайшылдар және олар бұл дүниеде және Ақыретте қандай жазаларды тартатындығы туралы баяндайды, ал бұл – өз кезегінде, бірқұдайшылықты ұстанудан бас тартатындар туралы баяндар. Сөйтіп, Құран түгелімен бірқұдайшылық, оның қақылары және ол*

[1] Жақшалардың ішінде ғалымның мұсылман жыл санауы һижра бойынша қайтыс болған жылы беріледі.

үшін берілетін сый немесе көпқұдайшылық, көпқұдайшылдар және олардың жазасы туралы айтады». Қз.: «Шарх ақида әт-Тахауия» 31-бет.

4) Сондықтан да егер адам Құранның бетін ашып, оны ең басынан оқи бастаса, оқу барысында оған кездесетін ең бірінші бұйрық бірқұдайшылыққа деген бұйрық болады: **«Әй, Адам баласы! Сондай сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар! Әрине, сақтанған боларсыңдар»** («әл-Бақара» сүресі, 2:21).

Осының растауын біз ханафи имамдарының сөздерінен табамыз, олардың қатарында имам Ибн Абил-'Изз (792 х/ж) және имам 'Али әл-Қари (1014 х/ж) бар. Олардың екеуі де былай деген: *«Алдыңғы ізгі ұрпақ өкілдерінің барлығы әрбір адамның ең бірінші және ең соңғы парызы (міндеті) – бұл бірқұдайшылық екеніне бірауызды келіскен»*. Қз.: «Шарх ақида әт-Тахауия» 17-бет және «Минах әл-Азхар» 17-бет.

5) Елшілердің барлығы бірқұдайшылықты түсіндіру мақсатымен ғана жіберілді.

Аллаһ былай деді: **"Расында, әр үмметке: «Аллаһқа құлшылық қылыңдар және тағуттан[2] аулақ болыңдар!», – дейтін елші жібердік"** («ән-Нәһл» сүресі, 16:36).

Сондай-ақ Ол: **"(Мухаммад,) сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: «Күдіксіз, Менен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ендеше Маған ғана құлшылық қылыңдар!», – деп қана уахи етіп, жібердік"** («әл-Әнбия» сүресі, 21:25).

6) Әрі Аллаһтың әрбір елшісі шындығында да өз қауымына: **«Әй, қауымым! Аллаһқа құлшылық қылыңдар, өйткені сендердің Одан басқа құлшылыққа лайықты құдайларың жоқ»** («әл-Әғраф» сүресі, 7:73), – деп айтты.

7) Бұл – адамдарды оған шақыру қажетті болған нәрсенің ең біріншісі.

Ибн 'Аббас Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Му'азды Йеменге аттандырған кезінде оған былай деп айтқанын жеткізген: ***«Сен Кітап иелеріне барасың, ендеше оларды шақыратын алғашқы нәрсең Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі екендігі туралы куәлік болсын! Ал егер олар осыда саған бағынса, онда Аллаһ оларды күніне бес уақыт намазбен міндеттегенін хабарла....»*** (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 4347; Муслим 30).

Осы хадистен көрінетініндей, бірқұдайшылықты өмірге енгізу негіз болып табылады, әрі тек осыдан соң ғана адамдарға намаз

---

[2] «Тағут» – бұл Аллаһтан өзге оған құлшылық етіп, құдайлық сипатқа бөлейтін барлық нәрсе.

орындаудың, зекет берудің қажет екендігі туралы түсіндіріледі, жақсы мінез-құлыққа т.б. үндеуді айтпай-ақ қойғанда. Мұның себебі намазды да, зекетті де, жақсы мінез-құлықты да Аллаһ тек бірқұдайшылдан қабыл ететінінде!

8) Сондықтан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз халқына айтқан алғашқы нәрсе келесі еді: ***"Уа, адамдар! «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», – деп айтыңдар, сонда табысқа жетесіңдер!"*** (**хадис сенімді (сахих);** Ибн Аби Шәйба 14/300; Ибн Хузайма 1/82; Ибн Хиббан (6562) және басқалар).

Әрі бұл шақыру тек тілдегі шақыру ғана болып қалмады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдармен өз қарым-қатынастарын осы шақырудың негізінде құратын.

'Уқба ибн 'Амир әл-Жухани былай деп баяндайтын: *"Бірде Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір топ адам келді. Ол олардың тоғызынан ант қабылдады да, біреуінен қабылдамады. Сонда олар: «Уа, Аллаһтың Елшісі, Сен тоғызымыздан антты қабылдап, біреуімізден қабылдамадың ғой?», – деп айтты. Сонда ол:* ***«Ақиқатында, оған тұмар тағылған»,*** *– деді. Сонда әлгі адам қолын омырауына салып өзінен тұмарды жұлып алды, содан соң Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның антын қабылдады да:* ***«Өзіне тұмар таққан – көпқұдайшылық жасады»****, – деді"* (**хадис жақсы (хасан)**; Ахмад 4/156; әл-Хаким 4/219).

9) Сондай-ақ бірқұдайшылық адамдарды оған шықыру қажетті болған нәрсенің ең соңғысы да. Аллаһ былай деді: **"Яқубқа өлім келген сәтте балаларына: «Мен қайтыс болған соң кімге құлшылық қыласыңдар?», – дегенде олардың қастарында бар ма едіңдер? Сонда олар: «Сенің Құдайыңа әрі аталарың – Ибраһимнің, Исмаилдің және Исхақтың Құдайына, Жалғыз Құдайға құлшылық қыламыз. Сондай-ақ жалғыз Соған бой ұсынамыз», – деген еді"** («әл-Бақара» сүресі, 2:133).

Ханафи имамдарының кітаптарын ашып қараған адам, осы негіздерді растайтын көптеген мәтіндерді көре алады. Қз.: Абу Лләйс әс-Самарқанди «Бахр» 1/486; ән-Нәсафи «Мәдарис» 1/90; әл-Алюси «Рух ул-ма'ани» 1/388 және басқалар.

10) Бұл Исламдағы адамға қойылатын соңғы бұйрық.

Абу Са'ид әл-Худри Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: ***"Жан тапсырып (өлім аузында) жатқандарыңызды: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ», – деп айтуға мәжбүрлеңдер. Кімнің өлім алдындағы соңғы сөздері «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» болса, мәңгілік***

күндерінің бір күнінде Жәннатқа кіреді, тіпті оған дейін оның басына түсетін нәрселер түссе де" (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 916).

Осының барлығы әрі басқа да көптеген нәрселер бізді адамдарды бірқұдайшылыққа (таухидке) шақыруға ерекше мұқият назар қоюымызға мәжбүрлейді. Алайда осы жерде мен бір маңызды жайтқа назар бұрғым келеді: бірқұдайшылықтың мәнін түсіндіріп беруге тек кәпірлер ғана емес, алайда ең бірінші кезекте мұсылмандардың өздері және өздерін мұсылманмын деп санайтындар мұқтаж.

Сіздер: «Не үшін?», – деп сұрауларыңыз мүмкін. Біз сіздерге былай деп жауап береміз: Мұсылмандардың басым бөлігі және мұсылман халықтары жалпы алғанда бірқұдайшылықтың мәнін, «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» (*«лә иләһә иллә-Лаһ»*) сөздері не мағынаны білдіретітінін түсінбейді. Бұл жастарға да қатысты.

Ал көшедегі адамдарға келер болсақ, олар: «Біз Аллаһқа сенеміз!», – деп айтады. Ал егер сіз олардан: «Сендер «Аллаһқа сенемін» деген сөзбен нені меңзейсіңдер?», – деп сұрасаңыз, олар сізге: «Біз Аллаһтың бар екендігіне сенеміз, – немесе, – Біз Аллаһ барлық нәрсені жаратқандығына сенеміз», – деп жауап береді. Ал егер сіз олардан: "«*Лә иләһә иллә-Лаһ*» куәлігі не мағынаны білдіреді?", – деп сұрасаңыз, олар сізге: «Бұл «Аллаһ сияқты ешкім жоқ» дегенді білдіреді», – деп жауап береді.

Біз алдын да айтып кеткеніміздей, бірқұдайшылықтың мәнін және «*лә иләһә иллә-Лаһ*» куәлігінің мағынасын түсіндіру, Аллаһтың рұқсат етуімен, осы кітаптың кейінгі тарауларында әлі келеді, алайда алдын ала мынаны айтқымыз келеді: бірқұдайшылықтың мәнін осылайша түсіну толық болып табылмайды және адамды мұсылман етпейді. Мұндай адам кәпір болып қала береді де, осы көзқарастарында (табанды түрде) қайтыс болып кетсе, оның мәңгілік мекені Тозақ болады.

Бұл оған мәңгі Тозақ уәде етілген кез-келген көпқұдайшылдың (мүшриктің) Аллаһ бар екендігін және Аллаһ Тағала барлық нәрсені жаратқандығын білетіндігінен. Алайда, бұған қарамастан, ол құлшылық-ғибадаттарының кейбір түрлерін Аллаһпен бірге тағы біреулерге арнайтын болғандықтан. Өйткені ол жалғыз Аллаһқа ғана емес, Аллаһпен қоса басқа нәрселерге құлшылық еткендігі себепті де «көпқұдайшыл-мүшрик» деп аталады ғой.

Ал куәлікті «Аллаһ сияқты ешкім жоқ» деп түсінуге келер болсақ, онда ол түп тамырымен дұрыс емес, өйткені бұл куәлікке ешбір көпқұдайшыл (мүшрик), бұдан қалса жер бетіндегі бірдебір адам қарсы болмайды. Мұның жан-жақты түсіндірмесі осы

кітапта әлі алда келеді. Ал осы жерде мен ханафи мәзһабының кейбір үлкен имамдарының сөздерін келтірумен ғана шектелемін.

Имам Мухаммад әс-Сахсауани (1326 х/ж) былай деген: «*Біл, Аллаһ Тағаланың елшілерді жіберуі мен Құранды түсіруі жаратылыстарға Ол оларды жаратқанын және оларға ризық беретінін түсіндіру үшін емес еді. Бұл мұны кез-келген көпқұдайшыл Кітап түсірілгенге дейін де мойындағандығы себебінен*». Қз.: «Сыянат ул-инсан» 164-бет.

Имам әл-Хужанди (1379 х/ж) былай деген: "«*Лә иләһә илләЛлаһ» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ») сөздері Ислам мен күпірлікті ажырататын сөздер болып табылатынын біл... әрі бұл жерде осы сөздерді олардың мағынасын түсінбестен, тек тілмен ғана айту меңзеліп тұрған жоқ, бірақ <u>олардың мағынасын түсінген және оларға бағынған күйде оларды тілмен айту меңзеліп тұр</u>*". Содан соң имам кейбір дәлелдерді келтірді де, кейін былай деді: «*Және адамдардың көпшілігінің бұл куәліктің мағынасына қатысты надандықтары айқын көрінетін басқа да хадистер (бар). Сондықтан бұл сөздердің мағынасын білген және оған жүрегімен сенген күйде оларды айтқан адам Исламға кіреді және Жәннат тұрғындарының біріне айналады*». Қз.: «Мифтах ул-Жәнна», 38-39 бет.

Осы имамдардың сөздерін оқығаннан соң, адамдарға бірқұдайшылықтың мәнін түсіндіретін, олардың күмәндарын таратып, оларға осыны үнемі ескертетін және оларды түзететін білім иелерінің керек екендігі түсінікті болады.

Имам әш-Шәукани былай деген екен: «*Бұл қара халықтың адасушылығының себебі олар ата-аналары мен ағайын-туыстарының арасында өмір сүріп, оларды осы сенімдерде екенін көріп, осы сенімдерді олардан қабылдап алуында. Адамдар бұл сенімдерді өздерінен алдынғы буыннан алады: соңғылары алғашқыларынан... ал мәселенің мәнін ұғып түсінгендердің және білім иелерінің үнсіздігі, олардың әрекетсіздігі және оны адамдарға түсіндіруден бас тартуы бұл адамдардың сол сенімдерінде қала берулеріне себеп болады*». Қз.: «Адаб ут-таләб» 16-бет.

Ал көп жылдардан бері мешіттерге барып, намаздарын орындап жүрген адамдарға келер болсақ, олардың жағдайы көшедегі адамдардан едәуір жақсы. Алайда оларға "«*Лә иләһа илләЛлаһ*» куәлігі нені білдіреді?" деген сұрақты қойып көріңіз. Олар: «Аллаһтан басқа құдай (тәңір) жоқ», – деп айтады. Онда олардан: "Аллаһ Тағаланың **«Құмарлығын өзінің құдайы етіп алған біреуді көрдің бе?»** («әл-Жәсия» сүресі 45:23) деген сөздері нені білдіреді?", – деп сұраңыз. Бұл аяттан Аллаһ Тағала «құмарлық» деп аталатын құдайдың бар екендігін айтып тұрғаны айқын болады ғой? Олардың көпшілігінің жауабы сіздің көңіліңізді түсіріп жіберетініне біз сенімдіміз.

2-ТАРАУ

АДАМДАРҒА КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚТЫҢ МӘНІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІН ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНДІРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз шақыруының барлық уақытын көпқұдайшылықтың мәнін және оның түрлерін түсіндіруге бағыштады. Ол оны түсіндірудің және одан сақтандырудың маңыздылығын басқа күнәлардың қауіптілігін түсіндірудің маңыздылығынан жоғарырақ қойды. Мұның себептері келесіде еді:

1) Егер адам көпқұдайшылық амалдарының қатарынан болған қандай да бір амалды саналы түрде біліп тұрып жасаса, ал содан соң онысына тәубе етпестен қайтыс болса, онда Аллаһ Тағала оны ешқашан кешірмейді және оның соңғы барар мекені ол одан ешқашан шықпайтын Тозақ болады.

Аллаһ былай деді: **«Аллаһ өзіне серік қосылуды жарылқамайды да, бұдан басқасының барлығын (немесе кішілерін) қалағанына жарылқайды[3]. Сондай-ақ кім Аллаһқа**

---

[3] Ибн Кәсир осы аяттың тәпсірінде өзге нәрселер қатарында мынаны да айтты: *"Кейін Аллаһ Тағала:* «**Өзіне серік қосылуды жарылқамайды**», *– деп хабарлады. Ягни Оған серік қосқан түрде Онымен кездесетін құлын жарылқамайтынын (мәлімдеді).* **«Бірақ одан кішілерін»,** *ягни күнәлардың,* «***қалағанына жарылқайды***», *ягни құлдарының ішінен. Бұл ардақты аятқа байланысты хадистер келтірілген болатын, әрі біз олардың арасынан мүмкін болғандарын келтіреміз.*

Бірінші хадис. Имам Ахмад ʻАишадан оның былай деп баяндағанын жеткізген: *"Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:* ***«Аллаһтың алдындағы жазулар үш түрлі болады: Аллаһ назар бұрмайтын жазу; Аллаһ одан еш нәрсе қалдырмайтын жазу; Аллаһ кешірмейтін жазу. Аллаһ кешірмейтін жазуға келер болсақ, бұл – Аллаһқа серік қосу. Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ:*** **«Расында, Аллаһ оған серік =**

серік қосса, расында, жала қойып, зор күнәлі болды» (4:48).

2) Көпқұдайшылық ең ауыр күнә болып табылады. Абу Бакрата былай деп баяндаған: *"Бірде біз Аллаһтың Елшісінің жанында болдық және ол бізге:* «***Сендерге ең ауыр күнәлар туралы айтып берейін бе? (Олар:) Аллаһқа серік қосу, ата-анаға мойынсұнбау және өтірік куәлік беру***», *– деді"* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 2654; Муслим 87).

= қосылғанды жарылқамайды», *– деді. Және Ол:* **«Расында, кім Аллаһқа серік қосса, Ол оған Жәннатты арам етті»** («ән-Ниса» сүресі, 72-аят)**,** ***– деді.***

Аллаһ ешқандай назар салмайтын жазуға келер болсақ, бұл Аллаһтың құлының өзінің Раббысымен болған қарым-қытынасындағы ораза (күнін) қалдыру немесе намазды қалдыру сияқты зұлымдық. Өйткені Аллаһ егер қаласа мұны кешіреді.

Аллаһ одан еш нәрсені қалдырмайтын жазуға келер болсақ, бұл Оның құлдарының бір-біріне қатысты істеген зұлымдығы. Жаза міндетті түрде орындалады»". Бұл хабарды Ахмад ғана келтірген. (Ахмад 6/240. Кейбір мухаддистер оның тізбегінде Садақа есімді әлсіз және Ибн Бабнус деген аз танылған жеткізуші болғанымен, ол төменде келтірілетін Әнастың хадисімен күшейтіледі деп айтқан. Ибн Кәсирдің тафсирін тексерген мухаддистер әд-Дарақутнидің Ибн Бабнус туралы: «Жаман емес», – дегенін және Ибн ʻАдийдің: «Оның хадистері белгілі (танымал)», – дегенін, әрі Ибн Хиббан да оны сенім артуға лайықты деп атағанын келтірген. Ал Ахмад Шакир Садақаның шәкірті – Ибраһим ибн Муслимнің Садақа туралы: «Ол салиқалы еді», – деген сөздерін, сондай-ақ әл-Хакимнің осы хадистің сенімді (сахих) деп айтқанын келтіріп, бұл хадистің жеткізушілер тізбегін сахих деген).

Екінші хадис. Хафиз Абу Бакр әл-Баззар өзінің «Муснадында» Әнас ибн Маликтен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген: ***«Зұлымдықтың үш түрі болады: Аллаһ кешірмейтін зұлымдық; Аллаһ кешіретін зұлымдық және Аллаһ одан еш нәрсені (өтеусіз, жазасыз) қалдырмайтын зұлымдық. Аллаһ кешірмейтін зұлымдыққа келер болсақ, бұл – Аллаһқа серік қосу. Әрі Ол:*** **«Өйткені көпқұдайшылық (ширк) ұлы зұлымдық болып табылады»** («Лұқман» сүресі, 13-аят), ***– деп айтты. Аллаһ кешіретін зұлымдық туралы айтар болсақ, онда бұл Оның құлдарының Раббыларымен болған қарым-қатынасындағы өздеріне қатысты жасаған зұлымдықтары. Аллаһ қалдырмайтын зұлымдыққа келсек, бұл Оның құлдарының бір-біріне жасаған зұлымдығы. Әрі Ол біреулері үшін басқаларына қарсы жазаны орындайды»*** («Кашф әл-астар» №3439. Әл-Хайсами әл-Баззардың шейхы – Ахмад ибн Маликті білмейтіндігін айтты, ал қалған жеткізушілер сенім артуға лайық деп айтылған, оларда әлсіздік болса да. Кейбір мухаддистер әлсіз жеткізушісі және есте сақтау қабілеті әлсіз жеткізушісі болған басқа бір тізбекті келтіріп, бұл хадис жоғарыда келтірілген Айшаның хадисін күшейтеді деп айтқан).

3) Көпқұдайшылық ең терең адасушылық болып табылады. Аллаһ былай деді: **«Ақиқатында, Аллаһ оған серік қосылғанды жарылқамайды, одан басқа барлық (немесе кішілеу) күнәларды жарылқайды. Ал кім Аллаһқа серік қосса, сол терең адасушылыққа түсті»** («ән-Ниса» сүресі, 4:116).

4) Көпқұдайшылық адамның Отта мәңгі қалуына және одан ешқашан шықпауына себеп болады. Аллаһ былай деді**: «Расында, кім Аллаһқа серік қосса, Ол оған Жәннатты арам етті. Оның соңғы барар мекені Тозақ болады, әрі залымдарда көмекші болмайды»** (5:72).

5) Көпқұдайшылық ұлы зұлымдық болып табылады. Аллаһ былай деді: **"Сол уақытта Лұқман өз ұлына үгіт бере отырып: «Әй, ұлым! Аллаһқа серік қоспа! Күдіксіз, серік қосу (көпқұдайшылық) – зор зұлымдық!», – деді"** («Лұқман» сүресі, 31:13).

6) Егер адам (саналы түрде біле тұра) көпқұдайшылықтан қандай да бір нәрсені істейтін болса, оның өмір бойы істеген игі амалдарының барлығы зая кетеді. Аллаһ Өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **"Расында, саған да, сенен бұрынғыларға да: «Егер Аллаһқа серік қоссаң, әлбетте, ғамалың жойылып кетеді де, анық зиянға ұшыраушылардан боласың», – деп уахи етілді"** («әз-Зүмәр» сүресі, 39:65).

Бұдан тыс, Өзінің он сегіз пайғамбарлары мен елшілерінің есімдерін атап айтып, Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһтың нұсқауы осы. Құлдарынан кімді қаласа тура жолға салады. Егер олар серік қосса еді, әрине, істеген амалдары жойылып кетер еді»** («әл-Әнғам» сүресі, 6:88).

Бұл аяттар бізге көпқұдайшылықтың мәнін, оның түрлері мен көріністерін біліп-үйренудің маңыздылығы туралы айтуда, оны жасаушылардың қатарынан болмау үшін. Өйткені біздің ешқайсымыз Аллаһқа мойынсынушылықтың ұзақ жылдары бойы жасаған игі амалдарымыздың заяға кеткен топыраққа айналуын қаламаймыз.

Дәл сондықтан да пайғамбарлар көпқұдайшылықтан бір нәрсе жасап қоюдан өте қатты қорыққан.

Аллаһ Тағала бізге бірқұдайшылдардың имамы болған Ибраһим пайғамбардың сөздері туралы баяндап, былай деген: **"Сол уақытта Ибраһим былай деді: «Раббым! Осы Мекке қаласын бейбіт қыл! Мені және ұлдарымды пұттарға құлшылық етуден сақта! Раббым, олар адамдардың көбін адастырды»"** («Ибраһим» сүресі, 14:35-36).

Аллаһтың пайғамбары көпқұдайшылық жасаудан қалайша қорыққанына қараңыздаршы, ал ол туралы Аллаһ Тағала былай

деп айтқан еді ғой: **“Шынында, Ибраһим нағыз Аллаһқа бойсұнушы, бірқұдайшыл (ханиф) бір басшы еді. Аллаһтың нығметтеріне шүкір етуші еді. Аллаһ оны таңдап, тура жолға салды. Оған дүниеде жақсылық бердік. Сондай-ақ ол Ақыретте де, әлбетте, игілерден болады. (Мухаммад,) содан соң саған: «Ибраһимнің дінін бірқұдайшыл (ханиф) болған күйде ұстан, өйткені ол көпқұдайшылдардан емес еді!», – деп уахи еттік”** («ән-Нәһл» сүресі, 16: 120-123).

7) Көпқұдайшылық лас нәрсе (нәжіс), ал көпқұдайшыл лас (нәжіс) болып табылады. Аллаһ былай деді: **«Әй, иман келтіргендер! Дау жоқ, көпқұдайшылдар (мүшриктер) лас болып табылады»** («әт-Тәуба» сүресі, 9:28).

8) Аллаһ Тағала бізге көпқұдайшыл көпқұдайшылықты ұстанған күйде қайтыс болған соң, ол үшін жарылқау тілеуге тыйым салады. Аллаһ былай деді: **«Пайғамбарға және мүміндерге көпқұдайшылдардың (мүшриктердің) тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін, тіпті олар жақындары болса да мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды»** («әт-Тәуба» сүресі, 9:113).

Бұл аят көпқұдайшылықтың мәнін біздің туысқандарымызға түсіндірудің маңыздылығы туралы айтуда, өйткені олардан біреу көпқұдайшылықтан (саналы түрде біле тұра) бір нәрсе жасай тұра немесе көпқұдайшылдардың сенімдерінен белгілі бір нәрселерге ие бола тұра жан тапсырса, онда біз Аллаһтан олар үшін тіпті кешірім тілей алмай қаламыз.

3-ТАРАУ

ЕЛІМІЗДЕ КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚТЫҢ ЕНГІЗІЛУІНІҢ САТЫЛАРЫ

Көпқұдайшылықтың таралуы және оның шабуылы біздің жерімізде екпінді түрде жүріп жатқанын біліңіз, құрметті оқырман. Осы орайда біз үнсіз қалып, оны тоқтату үшін және оның мәнін, қауіптілігін және ол қай бағыттан келе жатқанын түсіндіру үшін еш нәрсе істеп те жатқан жоқпыз.

Соңғы жылдарда жай болса да, бірақ табанды түрде Түркістанда, Арыстан-бабта, Бекет Атада және сол сияқты басқа да жерлерде пұтқа табынушылық рәсімдерінің жандануы жүріп жатыр. Бұл жанданудың көлемі барынша азайтылып көрсетіледі, жасырылады, әрі сондықтан да ол көзге түспейді. Мұның барлығы алғаш қарағанда бейкүнә болып көрінетін ата-бабаларды құрметтеу және қазақ халқын біріктіру ұрандарымен іске асырылуда. Алайда көпқұдайшылықтың шыққан көздері, түрлері және таралу сатылары туралы білімге ие болған кісі істің әлдеқашан бастапқы кезеңде емес екендігін түсінеді. Біз осы жерде имам Ибн әл-Қайимның қалыптасқан жағдайдың суреттемесін ашып көрсететін сөздерін келтіргіміз келеді. Имам Ибн әл-Қайим былай деді: «*Шайтан көпқұдайшылыққа бейім болғандарды қабір орындарын зиярат ету және олардың жандарында болу ата-бабаларды құрметтеудің және оларға деген сый-құрмет көрсетудің бір түрі екендігіне иландыруын тоқтатпайды. Ол оларды осындай жерлерде Аллаһқа жалбарыну міндетті түрде жауапқа ие болады деп сендіреді. Кейін шайтан олармен бірге келесі сатыға өтеді, ал бұл осы адамдардың ендігі кезеңде Аллаһтан осы салиқалы ата-бабалардың атымен тілей бастауы және осы арқылы Аллаһқа жақындауға (талпынуы). Ал осы сенімдер олардың бойында тамырын мықтағанкезде, ол солармен бірге келесі сатыға көшеді, ал бұл осы адамдардың енді қайтыс болған ата-бабаларының өздеріне жалбарына бастауы, оларға табынуы*

және олардан Аллаһтың алдында өздері үшін шапағатшы болуын сұрауы. Олар қабірлерде құлшылық-ғибадаттың рәсімдерін орындай бастайды, олардың бастарында рәсімдік жануарларын құрбан шалады, қабірлерді тәуап етіп айналады, оларды сипап-сылайды, оларды сүйеді, оларға қажылық жасайды т.с.с. Кейін олар ары қарай өтеді де, адамдарды осы қабірлерге және соларда жерленген ата-бабаларға табынуға шақыра бастайды. Кейін олар өз бойларында «кім олардың осы амалдарына тыйым салса, сол нағыз бірқұдайшыл емес, әрі оның ар-намысы мен абырой-мәртебесі қол сұғылмаушылықтан арылады» деген сенімді бекітеді. Кейін олар өздерінің өшпенділіктерін сыртқа шығарып, ары қарай өтеді. Олар өздеріне көпқұдайшылықты тыйым салатындарды үлкен күнәларда айыптап және адамдарды олардан теріс бұрғызып, оларға қарсы жауласады. Осы орайда олар өздерін Аллаһқа жақын адамдармыз (әулиелер) әрі Оның діні мен имандылық үшін күресушілерміз деп санайды. Алайда **«...олар Аллаһқа жақын адамдар (әулиелер) емес. Аллаһқа жақын адамдар (әулиелер) тек тақуалар болып табылады»** («*әл-Әнфал*» сүресі, 8:34)». Қз.: «*Иғасат ул-Ләхафан*» 1/330.

Ал біз Түркістанда және басқа да осы тәрізді «әулиелі» деп аталып кеткен жерлерде көпқұдайшылықтың қалай жандандырылғанын негізге алып, осы сатылардың тізімін кеңейтеміз.

Біздің жерлерімізде (Ислам келгеннен кейін) пұтқа табынушылықтың таралуы келесі сатылардан өткенін біліңіз:

1) Адамдарды ата-бабаларды қадірлеп-құрметтеу, өз түп-тамырын білу, олардың даңқты тарихын еске алу идеясына иландыру. Мұның барлығы қазақ халқының ұлылығын қайта жаңғырту, әрі Түркістанда бірыңғай рухани орталық ұйымдастыру арқылы біздің жерлерімізде Исламды қайта жаңғырту идеясын жамылып іске асырылуда. Олардың айтуы бойынша, бұл жоғарыда аталған мақсаттардың барлығының орындалуына серпіліс беретін түрткі болуға тиіс.

2) Осының барлығының археологиялық қазбалар жүргізумен және Исламды қабылдау мен ислам мәдениетінің жерлерімізге таралуы осы жерден бастама алғандығын растаумен бірге жүргізілуі. Осы идеяны адамдардың жүректерінде ұтымдырақ нығайту үшін осы жерде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі болсын) сахабаларының бірнеше қабірлері бар деген тұжырым сіңіріледіде мысалы, Арыстан Баб және Үкаша Ата, бұл тарихи дереккөздерден алынған деген хабарлармен дәйектеледі мысалы, ел ауызындағы Пайғамбардың Арыстан Бабқа бір құрманы беріп, оны міндетті түрде Қожа Ахметке тапсыруды өсиет еткендігі туралы немесе Үкаша Атаның басы Түркістандағы құдыққа түсіп, жер астындағы құбырмен Меккеден бір-ақ шыққандығы туралы

аңыздар. Мұндай тұжырым, әрине, арсыз өтірік болып табылады, әрі мұның дәлелі, Аллаһтың рұқсат етуімен, осы кітаптың тарауларының бірінде келеді.

3) Кейін Түркістан халық жиналатын орынға айналады, ол үшін арнайы, мүлде бейкүнә болып көрінетін «Түркістан – түркі халықтарының рухани астанасы» деген сияқты атпен мәртебелененіп, мұнда мерзімді әрі тұрақты түрде «ислами» симпозиумдар, жиындар, жамағат жиналған намаздар, тіпті «ислами» деген атпен исламға жапсырылатын, алайда Исламға ешқандай қатысы жоқ «мұсылман сән үлгілерінің байқаулары», «ислами ән-кештері», «ислами айтыстар» сияқты мерекелі салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылады. Шариғат терминологиясында бұл нәрсе «*Белгілі бір орынды және уақытты шариғи негізсіз тұрақты, мерзімді өтетін жиындарға арнап бөлу*» деп аталады.

4) Кейін бұл жиын жасалатын орын қасиетті деп, әрі қажылық немесе тәу ету орны деп жарияланады. Осы орындардағы тарихи ескерткіштер күмбездер, кесенелер, құдықтар, мешіттер, қабірлер және табиғи орындарға өзендер, бұлақтар, ағаштар игілік пен береке сыйлайтын (тәбәрік) қасиетті мәртебе беріледі.

Шариғат терминологиясында бұл нәрсе *"Кейбір жерлерге және заттарға заңсыз түрде «қасиетті» деген атақты беру"* деп аталады.

5) Кейін жоғарыда аталып өткендердің барлығы тарихи жәдігерлік ескерткіштер деген мәртебені (статусты) алады. Бұл қадам өте маңызды, өйткені ол арқылы осы «ескерткіштерді» сақтау және дамыту мақсатына қол жеткізіледі.

6) Одан кейін жыл сайын осы жерлерде бабалардың қабірлерін зиярат ету немесе тәуап ету мақсатымен сапарлар ұйымдастырылады. Сонымен бірге жастармен де жұмыс жүргізіледі. Ол жерде слеттар, жазғы демалыс лагерлері, тарихи экскурсиялар өткізіледі мысалы, оларға осы жерлерге деген сүйіспеншілік сіңдіру үшін оқу орындары тарапынан Түркістанға тарихи экскурсиялар ұйымдастырылады, бірақ (сорақысы) осының барысында студенттер мен оқушылар дінбұзар гидтер немесе сапарды ұйымдастырушылар тарапынан ұйымдасқан түрде Ислам дінінде ешқандай негізге ие болмаған рәсімдік іс-шараларға қатыстырылады. Жүздеген және мыңдаған балалар мен жасөспірімдер Түркістанға кіруден бұрын Ахмет Яссауидің ұстазы болып саналатын Арыстан-Бабтың жерленген кесенесіне барып түнеп, соның қабірінің алдында тілек тілеп, ал содан соң ертеңіне таңертең Түркістандағы Қожа Ахметке жол тартады. Қожа Ахмет кесенесіне келгеннен соң, тайқазанға тиын тастап, кесененің өзін тілек тілеп айналып, кейін Қожа Ахметтің жерасты үңгірін,

мешітін көріп, ізінен осы жерде орналасқан басқа да қабірлерді зиярат етіп, соңынан, кетудің алдында осы жерде көптеп сататын көзмоншақ, тіс, құс-жанауарлардың тырнақтары, адыраспан сияқты тұмарларды алып жақындарына тәбәрік ретінде алып кетеді. Мұның барлығы егер оларға біреу-міреу сөгіс айтса, олар: «Сендер сонда осы игі істерді сөгіп тыйым саласыңдар ма?!», – деп айта алатындай болу үшін жасалады.

Шариғат терминологиясында бұл саты *«Құлшылық-ғибадат жасау мақсатында шариғат тарапынан заңдастырылмаған жерлерге сапарлар ұйымдастыру»* деп аталады.

7) Кейін адамдардың жүректерінде қабірлер мен «әулиелі жерлерге» деген байланысты күшейту мақсатында оларға намаз, құрбан шалу, нәзір беру, дұға ету, тәубе ету сияқты ғибадаттың түрлері осы жерлерде анағұрлым сауапты болады және Аллаһқа одан сайын сүйіктірек болады деген сенім насихатталады. Сондай-ақ адамдарға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аруағы олардың жиындарында қатысады және оларды құптайды әрі оларға қуанады деген пікір сіңдіріледі.

Шариғат терминологиясында бұл құбылыс "*«Қабірлердің жанында жасалатын құлшылықтар басқа жерлердегі құлшылықтардардан артығырақ» деген сенім*" деп аталады.

8) Сонымен қатар Аллаһтан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атымен және оның құқығымен тілеуге (сұрауға), сондай-ақ Аллаһтан әулиелердің құрметімен тілеуге (сұрауға) рұқсат етілетіндігі туралы кітаптар басылып шығарылады.

Шариғатта бұл *«Заңдастырылмаған тәуассул – Аллаһқа қайтыс болған салиқалы адам арқылы дұға ету»* деп аталады.

Ол мынандай сөздерде көрінеді: «Уа, Аллаһ! Мен Сенен осы жерде жерленген салиқалы адамдардың[4] құқығымен мені кешіруіңді тілеймін (сұраймын)», – т.с.с. Осы арқылы адамдардың жүректерінде белгілі бір салиқалы адамның аруағы Аллаһтың алдында ерекше құрметке ие, әрі егер Аллаһтан оның есімі арқылы дұға етіп сұралса, ол міндетті түрде дұғаға жауап береді деген сенім енгізіледі.

Жоғарыда аталған сатылардың әрқайсысының ерекше маңызымен бір беткейлігі барекенін біліңіз, уа, құрметті оқырман.

Олардың әрқайсысын орнату жеке айқас, жеке шайқас болып табылады, әрі олардың әрқайсысында жеңіске жету арқылы әртүрлі сопы тариқаттарының өкілдері біздің жерлерімізге көпқұдайшылықты енгізіп жіберді.

---

[4] Әдетте «әулиелердің» деп айтылады.

Жоғарыда аталған сатылардың әрбірі өздігінше көпқұдайшылық болып табылмайды, бірақ көпқұдайшылыққа алып баратын діндегі жаңалық (бидғат) болып табылады.

Міне енді, осы жерде біз осы сегіз сатының бәрін күрессіз және тойтарыс жасамай-ақ беріп қойғанымызды өкінішпен мойындауға тиістіміз. Бірақ бұдан да өкініштісі – бұл азды құрамайтын отандастарымыздың «Ақ жол», «Сұңқар», «Яссауишілер» т.б. дінбұзар секталардың шырмауына түсіп, келесі, зардабы мен ауырлығы алдыңғы сегізінен де ауыр, тоғызыншы сатыға өткені. Егер сіз осыны түсінген болсаңыз, онда тоғызыншы сатының олар тарапынан алынуы көпқұдайшылықты насихаттап жүргендерге қиынға соқпағанына, өйткені алдыңғы сегізінші сатыда олар өз позицияларын мығым етіп алғанын әрі сондықтан да қазіргі кезде олардың ақ жалау таққан автобустары ел аралап, қабірлердегі аталарға тәуап етушілерді Түркістанға еш қиналмастан, бөгетсіз топ-топ етіп алып барып жүргендеріне таң қалмассыз.

9) Бұл тоғызыншы сатыда дәл қазір адамдар арасында мынандай идея насихатталуда және іске де асырылуда:

«Біз барлығымыз күнәхар және нашар адамдармыз. Әрі біз Аллаһқа жалбарынған кезімізде ол біздің дұғаларымызды қабыл етпейді және бізге қарамайды да, Ол біздің амалдарымызды қабыл етпейтінін айтпай-ақ қойғанның өзінде. Біздің күнәларымыздың зор болғаны соншалықты – тіпті біз Аллаһқа Оның сүйіктілері болған салиқалы адамдардың есімдері арқылы жалбарынсақ та, Ол бізге жауап бермейді. Бұл жағдайдан шығу жолы қандай? Мұның жолы өте қарапайым – қайтыс болған салиқалы адамның әруағына ол бізге Аллаһтың алдында шапағатшы болсын деп тікелей жалбарыну қажет, өйткені ол Аллаһқа жақын және Аллаһ оның дұғасын қайтармайды ғой! Ал осы салиқалы адамның әруағына келер болсақ, ол сені қайтармайды, өйткені оның өзі де адам ғой, әрі оның табиғаты (болмысы) саған жақын, сондықтан да ол сені де, сенің жағдайыңды да жақсы түсінеді». Олар: «Бұл көпқұдайшылдық (ширк) емес, өйткені сен осы салиқалы адамның (әулиенің) әруағының ризалығын емес, Аллаһтың ризалығын алуға ұмтылып жатырсың ғой!», – деп айтады.

Сондай-ақ, олардың айтуына сәйкес, сен сол салиқалы адамның әруағынан тікелей оның қабірінің алдында тұрып, ол еститіндей етіп сұрайсың, әрі ол сені сен қай жерде болсаң да естиді деп сенбесің ғой, сондықтан да бұл ширк болмайды.

Көп жылдардан бері осындай улы ұғымдар мен қисық қисын адамдардың бастарына мығым орналасуда. Бұл жайт олардың көбінің қайтыс болған салиқалы адамдардың (әулиелердің) әр-

уақтары арқылы сұраған тілектері нәтиже беріп жатқан көріністермен күшеюде.

Бұл тоғызыншы саты бойынша ғалымдар арасында «Бұл көпқұдайшылық болып табылады ма, әлде шектен шыққан бидғат па?» деген кейбір келіспеушіліктер бар. Сенімді пікір мұның адамды Исламнан шығаратын көпқұдайшылық болып табылатынындығында.

Ал егер сіз, құрметті оқырман: «Неліктен сіздер барлығы да тура сіз айтқандай болатындығына сенімдісіз?», – деп сұрасаңыз, біз сізге былай деп жауап береміз:

Абу Са′ид әл-Худри Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: ***«Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өмір сүргендердің әрбір қадамдарының соңынан әдет-ғұрыптарына ілесесіңдер. Тіпті егер олар кесірткенің ініне кірсе де, сендер міндетті түрде олардың соңынан ересіңдер».*** Кейін Абу Са′ид: ″*Біз одан: «Уа, Аллаһтың елшісі, сізн яһудилер мен христиандарды меңзеп тұрсыз ба?», – деп сұрадық. Ал ол: «**Басқа кімді**», – деді*″, – деп айтқан. **Хадис сенімді (сахих);** Бухари 3456; Муслим 2669; Ахмад 11800 т.б.

Біз оқырманның осы жерде бір маңызды жайтты, яғни христиандардың өз дұғаларында тура осы тәсілді қолданатындықтарын байқады деп ойлаймын. Олар «аспандағы шапағатшылардан» Құдайға өздері үшін Ол оларды кешірсін деп жалбарынуларын сұрайды[5].

---

[5] Мынау православ христиандарының Николай-чудотворецке жалбарынатын дұғасының мәтіні және оның аудармасы. Біз оны екі тілде де беруді жөн санадық:

«О, всесвятый Николае, угодниче преизрядный Господень, теплый наш заступниче, и везде в скорбех скорый помощниче!

(Уа, аса қасиетті Николай, Раббымыздың таңдаулы әулиесі (жақыны), біздің ыстық шапағатшымыз, әрі барлық жердегі қайғы-қасіреттердегі біздің жедел көмекшіміз!)

Помози мне, грешному и унылому, в настоящем сем житии

(Күнәхар әрі мұң-қайғы басқан маған осы тіршілігімде көмектесе гөр),

умоли Господа Бога даровати ми оставление всех моих грехов, елико согреших от юности моея, во всем житии моем, делом, словом, помышлением и всеми моими чувствы

(Раббымыз Құдайдан менің жастық шағымнан бастап бүкіл өмірімдегі ісіммен, сөзіммен, ниетіммен және бүкіл түйсігіммен жасаған барлық күнәларымның (кешірілініп, жазасыз) қалдырылуын жалбарынып сұрай гөр);

и во исходе души моея помози ми окаянному, умоли Господа Бога, всея твари Содетеля, избавитимя воздушных мытарств и вечнаго мучения

(және менің жанымның ақырына да қатысты мен малғұнга көмектесе гөр, барлық жаратылыстардың Жаратушысы, дүниедегі қиыншылықтардан және мәңгі азаптан Құтқарушы – Раббы Құдайды жалбарынуыңмен көндір): =

Бұдан тыс көпқұдайшылыққа деген тура осы жолды арабтар да оларға Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберілгенге дейін басып өткен болатын. Олар бірқұдайшылықтың таза дінін – Ибраһимнің дінін ұстанғаннан кейін көпқұдайшылдарға айналып кетті.

Осының барлығына қоса көптеген араб елдерінің және посткеңестік республикаларының мысалы тұр. Бұл елдердегі салиқалы адамдардың қабірлерінде орын алып жатқан нәрселерді суреттеп жеткізуге сөз де, қаламның ұшқырлығы да жетпейтін шығар.

Біздің халықтарымыздың өкілдерін дәл осындай қорқынышты нәтижеге келіп жетуінен не құтқара алады?

Біз оқырманымыз өз санасында осы параллельді үнемі сақтап отыратындығына және христиандар осы тоғыз сатыны бізден бұрын өтіп қойғандығын түсінеді деп үміттенеміз. Енді олардың соңынан біз ерудеміз. Христиандар осыда тоқтаған жоқ, сопылар да, қабірлерге табынушылар да бізді одан әрі алып барады:

10) Олар ендігі сатыда: "Адамдарды үнемі «Бұл салиқалы адамның әруағы бізге оп-оңай түрде көмектесе қоятынын біз қайдан білеміз?!» деген күмән мазалайды. Ендеше бұған деген сеніміміз едәуір күшті болу үшін, біз осы салиқалы адамды барынша разы етуіміз қажет!", – деп айтады, әрі айтып та жүр. Міне осы жерде аһлю-Сунна уәл жама'а ғалымдары бірауыздан көпқұдайшылық деп атаған нәрсе басталады. Адамдар осы әруаққа арнап құрбан шалады, оған жалбарынады, оның алдында көз жастарын төгеді, оған сәжде жасайды, оның қабіріне денесін үйкейді немесе оны қолымен сипап, кейін соны бетіне сипап жағады, оны айналып тәуап жасайды.

11) Адамдар осы салиқалы адамның («әулиенің») әруағы қаншалықты құрметтелетінін көргеннен кейін, оларда оның аса ұлы және барлық нәрсеге күші жететіндігі туралы сенім туындайды. Көпқұдайшылдар Аллаһ Тағала бұл салиқалы адамға ерекше сипат дарытқан деп ойлайды, олардың арасында оның кейбір табиғи құбылыстарды басқара алатынын, оған дұға етіп жалбарынғандарды олар қай жерде болса да ести алатындығын,

---

= да всегда прославляю Отца и Сына и Святаго Духа, и твое милостивное представтельство, ныне и присно, и во веки веков. Аминь

(әрқашан Әкені әрі Баланы әрі Қасиетті Рухты және сенің рахымды дәнекерлігіңді пәктеп-дәріптеймін, қазір де, кейін де және ғасырлар бойы да. Әмин)».

Бұл дұғада Николайға қандай да бір Раббылық сипаттарды телу жоқ екендігіне, бірақ Николайдың барлық қызметтері ол олардың Құдай алдындағы шапағатшысы екендігімен ғана шектелгеніне назар бұрыңыздар!

оған дұға ететін адамдар оған бір мезгілде әртүрлі тілдерде жалбарынып жатса да ол оларды түсіне де, жауап бере де алатындығын, пайда және зиян келтіре алатындығын, ауруларға шипа, ерекше күш-қуат (баласыздарға бала, жолы болмағандарға жол ашып) бере алатындығын атап өтуге болады.

Бұл – өз дініне қызғаныш танытатын әрбір мұсылман білуге тиіс болған нәрсенің қысқаша түсіндірмесі.

4-ТАРАУ

КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚТЫҢ ТАРАЛУЫНЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ ТУРАЛЫ

Көпқұдайшылықтың таралуының басты себебі сіздің үнсіздігіңіз бен бейтараптығыңыз екенін біліңіз, уа, құрметті оқырман.

Имам әш-Шәукани былай деген: «*Бұл адамдардың қайтыс болған кісілерге қатысты өз бойларында алып жүрген сенімдері көпқұдайшылық болып табылатынын біл. Алайда, мұның мәні тіпті ғылым иелеріне де байқаусыз қалып жатады. Бұл осы туралы білімнің өздігінен жасырын болғандығынан емес, бірақ көпшіліктің осы туралы үндемеуі себепті, сондай-ақ осының үстінде қарт адамның өмірі өткендігі және жас осының үстінде есейгендігі себепті. Олар осы пұтқа табынушылық рәсімдерді жастайынан көріп естіді, әрі бұған қоса оларды сөгетін бірде-бір адамды көрмеді де, естіпеді де. Бұдан тыс олар адамдарды үнемі осы рәсімдерге ынталандырып шақыратындарды ғана еститін. Мұның барлығы адамдар бір-біріне айтып жүрген қабірдің басында белгілі бір рәсімдерді орындаған пәлен біреудің проблемалары шешілді деген түрлі аңыз-ертегілерімен нығайтылады. Осы жағдаяттардың барлығы уақыт өтісімен және ұрпақтардың ауысумен адамдардың санасында қабірлердің басында орындалатын осы рәсімдер Аллаһқа жасалатын құлшылықтың ең ұлығы болып табылады деген сенімдерді нығайтады. Мұндай адам бұдан кейін алатын білімінен пайда ала алмайды. Бұдан қалса ол олардың іс-әрекеттері нағыз көпқұдайшылық екендігіне нұсқайтын дәлелдерді елемейтін болады. Ал егер ол осы дәлелдерге сүйеніп осы туралы сөйлеп тұрған біреуді естісе, міндетті түрде оны қайтарады. Бұл оның бір мезеттің ішінде өзінің тұрақты түрде қалыптасып қалған көзқарастарын іс жүзінде өзгерте алмайтындығы және ол ең ұлы ғибадат пен ең жақсы амал деп санаған нәрселері шындығында тыйым салынған нәрселердің ең*

қорқыныштысы әрі ең жиркеніштісі екендігін түсіне алмайтындығы себепті». Қз.: «Ихлас Калимат ит-Таухид» 102-103 беттер.

Ол тағы да былай деді: *«Ал дәлел алып жүретін білім иесіне, терең түсінік иесіне келер болсақ, онда егер ол адамдарға бағыт сілтеушілерден, ақиқат сөзін айтушылардан, Аллаһтың дініне көмектесушілерден және Аллаһ Тағала оған түсіндіруді бұйырған нәрселерді түсіндірушілерден болса еді, ол міндетті түрде өзінің жолы дұрыс, ал нәтижесі игі екендігін білер еді. Аллаһ Тағала оған:* **«Кім Аллаһ жолына жәрдем етсе, Аллаһ оған жәрдем етеді»** («Хаж» сүресі, 22:40); **«Әй, мүміндер! Егер Аллаһқа (дініне) жәрдем етсеңдер, Ол сендерге жәрдем етіп, табандарыңды бекітеді»** («Мухаммад» сүресі, 47:7), *– деп уәде еткенінің шындық екенін айтпағанның өзінде, Ол міндетті түрде оған Оның Құдіретінің мұғжизаларын, сондай-ақ Одан келер қорғау мен көмектің тамаша көріністерін көрсетер еді. Әрі бұл ақиқат пен оны жақтаушыларды қолдау жолында оның рухы мен жүрегін одан сайын нығайта түсер еді... егер осы Ақиқат одан қабыл етілсе, ол Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олар туралы: «****Аллаһтың атымен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы бір адамды болса да тура жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге ие болудан жақсырақ болады****»* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 3701; Муслим 1872)*, – деп айтқандардан болады.*

Ал егер қабыл етілмесе, онда ол Аллаһ оны міндеттеген нәрселерді орындаған, әрі осы арқылы Аллаһ Тағала түсіндіруді бұйырған білімді жасыру күнәсынан құтылғандардан болады. Әрі бұл оған осы және келесі өмірдегі ұлылықтан өзге еш нәрсе қоспас еді, Аллаһтың құлдарының алдындағы оның құрметін арттырар еді, әрі ол Аллаһ Өзінің тақуа құлдарына уәде еткен нәрселеріне қол жеткізер еді. Ал оның жауларына келер болсақ, олар қаншалықты оны өтірік және айыптаулардың көп болуымен, жәбірлеп-жазалау туралы уәделерімен төмендетуге тырысса да, барлығы олардың қалағандарына және күткендеріне қарама-қайшы болған нәрселермен аяқталар еді, әрі соңғы жетістік тақуалар жағында болар еді, мұны Аллаһ Тағала Өзінің мүмін құлдарына уәде еткеніндей: **«Негізінде айлакерліктің кесірі иесіне ғана болады»** *(«Фатыр» сүресі, 35:43)»*. Қз.: «Адаб ут-Таләб» 17-бет.[6]

---

[6] Ислам шақыруының (дағуатының) негізін қалаушы ұстанымдар Қасиетті Құранда және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінде баяндалған және төмендегілерге келіп түйіседі:

1. Аллаһқа шақырушы шақырып жатқан нәрсесін білуі керек. (Діни) сауатсыз адам Исламның дағуатшысы (шақырушысы) бола алмайды. Аллаһ Тағала Өзінің пайғамбары Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **"Айт: «Менің жолым – осындай. Мен және маған ергендер Аллаһқа ашық дәлелге (кәміл сенімге) сәйкес шақырамыз...»"** («Юсуф» сүресі, 12: 108)**,** – деп айтты. =

= Айқын дәлел (кәміл сенім) – бұл білім. Ақиқатқа шақырушы адам оның жүрегіне күмән салғысы келетін және көзқарастарын жоққа шығаруды қалайтын, және сол арқылы ақиқатты жоққа шығаруға тырысатын жалғанның жақтаушыларына жиі тап болады. Сондықтан, Аллаһ Тағала былай деп айтты: **«Рабыңның жолына даналықпен және көркем үгітпен шақыр және көпқұдайшылдармен айтысуды ең жақсы құралдармен жүргіз. Ақиқатында, сенің Раббың Оның жолынан кім тайып кеткенін жақсы біледі және Ол тура жолдағыларды да жақсы біледі»** («ән-Нәхл» сүресі, 16:125).

Мұсылман адам ақиқаттың қарсыластары белгілі білімге ие екендігін және сондықтан да Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Муаз ибн Жәбәлді Йеменге аттандырып, оған Кітап иелері арасына түсетінін ескерткенін білуі керек. Егер дінге шақырушы ол арқылы кез-келген күдіктерді жоятын және кез-келген өтірікті әшкерелейтін тиянақты білімге ие болмаса, өзінің қарсыласымен болған алғашқы кездесуінде-ақ жеңіліске ұшырайды және жолының басында-ақ тоқтап қалады.

2. Ол адамдарды шақырып жатқан нәрселерін өзі орындауы керек. Соны істеу арқылы ол айналасындағыларға көркем үлгі болады. Оның сөздері мен істері екі түрлі болмайды және дұшпандары оған ешқандай қарсы сөз айта алмайды. Аллаһ Тағала Шу'айб пайғамбардың өз қауымына былай дегенін айтады: **«Мен сендерге тыйым салатынымды өзім істегім келмейді, бірақ күшім жеткенше (сендердің) амалдарыңның түзетілуін қалаймын»** («әл-Худ» сүресі, 11:88).

Ал өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағала: "**«Ақиқатында, менің намазым және құрбандығым, өмірім және өлімім – ешбір серігі жоқ әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін», – деп айт!"** («әл-Ән'әм» сүресі, 6:162-163), – деп бұйырды.

Раббымыз сондай-ақ былай деп айтты: **"Аллаһқа шақырып, ізгі амалдар жасап және: «Мен – мұсылмандардың бірімін!» – деп айтушының сөзінен не жақсырақ?!"** («әл-Фуссиләт» сүресі, 41:33).

3. Ол өзінің шақыруын өзгелерге көрсету, даңқ, ұлылық, құрмет немесе дүние пайдасы үшін емес, шын ықыласпен Аллаһ үшін жүргізуі керек. Егер дінге шақырушы осы аталған мақсаттардың біріне жетуге ұмтылса, онда ол адамдарды хақ дінге Аллаһ үшін емес, өзі үшін немесе өзінің пайдасы үшін шақырып жатқан болады. Сондықтан да, пайғамбарлардың бірі өз халқына: «**Мен осы үшін сендерден сый тілемеймін, өйткені менің сыйымды тек әлемдердің Раббысы ғана береді»** («әш-Шуғара» сүресі, 26:109), – деді.

Ал Нух пайғамбар: **«Әй, менің халқым! Мен сендерден сыйға дәулет сұрамаймын, менің сыйымды тек бір Аллаһ ғана береді»,** – деді («әл-Худ» сүресі, 11:29).

4. Ол ең бастысынан бастап, ал тек содан соң ғана маңызы төмендеуіне көшуі керек. Ең бірінші кезекте ол адамдардың діни сенімін (ақидасын) түзету және оларға бір ғана Аллаһқа құлшылық ету қажеттілігін және Оған серік қосуға еш жол берілмейтінін түсіндіруі қажет. Содан кейін ғана оларды намазды орындауға, зекет төлеуге және басқа да міндетті болған әмірлерді орындауға шақыруына және оларды күнәларды жасаудан сақтандыруына =

= болады. Аллаһтың барлық елшілері де дәл осылай істеді, бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деп айтқандай: **«Аллаһқа құлшылық етіңдер және жалған құдайлардан аулақ болыңдар»** («ән-Нәһл» сүресі, 16:36).

Ол сондай-ақ былай деді: "**Сенен бұрын қандай пайғамбар жіберсек те, оған: «Күдіксіз, Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Ендеше, Маған ғана құлшылық қылыңдар», – деп уахи етпей қалдырған жоқпыз**" («Әнбия» сүресі, 21:25).

Ал Му'аз ибн Жәбәл туралы хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Сен Кітап иелерінен болған халыққа барып жетесің. Оларды ең алдымен шақыратының Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екендігі туралы куәлік болсын. Егер олар осыда саған мойынсұнса, онда Аллаһ оларды тәулік сайын бес уақыт намазбен міндеттегенін білдір. Егер олар осыда саған мойынсұнса, онда Аллаһ олардың байларын кедейлерінің пайдасына зекет беруге міндеттегенін білдір. Егер олар осыда да саған мойынсұнса, онда олардың таңдаулы мал-мүлкіне қол сұғушы болма және жәбірленушінің дұғасынан қорық, өйткені онымен Аллаһтың арасында бөгет жоқ».*** Әл-Бухари және Муслим.

Исламды қалайша таратудың ең жақсы және ең кемел өнегесі, әрине, Аллаһтың Елшісінің өзінің өмірі болып табылады. Он үш жыл бойы Меккеде дінді уағыздаған кезінде ол адамдарды жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақырды және көпқұдайшылықты әшкереледі. Көп жылдар бойы ол оларға намазды орындауды және зекетті төлеуді, ораза ұстауды және қажылық жасауды бұйырмады, оларға өсімқорлықты және зинақорлықты, ұрлықты және тіпті адам өлтіруді тыйым салмады.

5. Ол Аллаһқа шақыруы барысында мойнына түсетін қиындықтарды табанды түрде көтере білуі керек. Адамдар ізгілікке үйретушілерді жиі ренжітіп, олардың ар-намысын қорлап жатады және дінге шақырушының жолы гүлдермен төселмеген. Керісінше, мұсылманды онда сәтсіздіктер және қауіп-қатерлер тосып тұрады, ал бұл Аллаһтың пайғамбарларының мысалында жақсы көрініс тапқан. Олар өз руластарының қаншама мысқыл-тәлкегіне және қорлауына сабыр етті! Аллаһ Тағала Мухаммад пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«(Мухаммад,) сенен бұрынғы пайғамбарлар да мазақталған болатын. Бірақ пайғамбарларды тәлкек қылғандардың бастарына оларды келеке еткендері үшін (жаза) жетіп отырды»** («әл-Ән'әм» 6:10), – деді.

Ол сондай-ақ былай деді: **«Расында, сенен бұрынғы пайғамбарларды да өтірікші деп айтқан еді. Бірақ олар жалғаншы деп айыпталғандарына және көрген жапаларына жәрдеміміз келгенге дейін сабыр еткен болатын»** («әл-Ән'әм» сүресі, 6:34).

Аллаһтың елшілерінің қалдырып кеткен ізімен жүруші және адамдарды Аллаһқа шақырушы мүминдердің де басына қайғы мен мұқтаждықтар түседі, және адам қаншалықты пайғамбарлар жолына берілген болса, оған соншалықты ауыр болады.

6. Ол өте жақсы мінез-құлыққа ие болуы керек және Исламды даналықпен және парасаттылықпен уағыздап-насихаттауы керек, өйткені =

= бұл жетістіктің негізгі себебі болып табылады. Өзін Раббы Құдай деп жариялаған жер бетіндегі ең сорақы кәпір – Перғауынға Аллаһ Муса және Харун пайғамбарларын жолдап, оларға: **«Оған сыпайы сөз сөйлеңдер, мүмкін үгіт алар немесе (Раббысынан) қорқар»**, – деді («Та-Ха» сүресі, 20:44).

Аллаһ Тағала Мусаға: **"Перғауынға бар, өйткені ол рұқсат етілгеннің шегінен шықты және оған: «Тазарғың келе ме? Мен сені Рабыңның жолына сілтеймін және сен сонда (Одан) қорқушы боласың», – деп айт" ,** – деді («ән-Назиғат» сүресі, 79:17-19).

Ал, Мухаммад пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағала былай деді: **«(Мұхаммад) оларға, Аллаһтың мейірімі бойынша, жұмсақ сыңай байқаттың. Егер тұрпайы, қатал жүректі болсаң еді, әрине, олар маңайыңнан тарқап кетер еді»** («Әли Имран» сүресі, 3:159)**.**

Аллаһ, сондай-ақ, былай деді: «**Және шын мәнінде сен ұлы мінезге иесің»** («әл-Қаләм» сүресі, 68:4).

Раббымыз, сондай-ақ, былай деп бұйырды: **«Рабыңның жолына даналықпен және көркем үгітпен шақыр және көпқұдайшылдармен айтысуды ең жақсы құралдармен жүргіз. Ақиқатында, сенің Раббың Оның жолынан кім тайып кеткенін жақсы біледі және Ол тура жолдағыларды да жақсы біледі»** («ән-Нәһл» сүресі, 16:125).

7. Уағыз-насихатшы сондай-ақ жақсылыққа үміт етуші болуы керек. Ол өзінің халқы оның шақыруына жауап беріп, тура жолға түсетініне үміт етуі және Аллаһтың көмегі мен қолдауынан күдер үзбеуі керек, тіпті ол адамдар арасында Исламды ұзақ уақыт бойы таратып жүрсе, ал олар оған бәрібір құлақ аспаса да. Мұндай жағдайлар Аллаһтың Елшілерімен де орын алған.

Нух пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз халқының арасында тоғыз жүз елу жыл өмір сүрді және оларды Аллаһтан өзге ешкімге құлшылық етпеуге шақырды. Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көп жылдар бойы арабтардың арасында Исламды насихаттады, бірақ олар оған тек азап шектірді, ал оған тау періштесі келіп, тауларды жылжытып және олардың астына Таиф қаласының тұрғындарын көміп тастауға рұқсат етуін сұрағанда, ол: ***«Жоқ, Аллаһ олардың бел омыртқаларынан Оған ешбір серік қоспай Оған ғана құлшылық ететіндерді шығаруын қалаймын»,*** – деді.

Егер уағыздаушы осы сипаттарға ие болмаса, ол өзінің жолының басында-ақ сүрінеді де, сәтсіздікке ұшырайды.

Бұл маңызды ұстанымдарды Аллаһтың дінін таратушының әрбірі ұстануы қажет. Ал кім оларды басшылыққа алмаса және пайғамбарлардың жолына ілеспесе, күйреуге ұшырайды, ал оның барлық еңбектері мен тырысулары оған шаршаудан басқа еш нәрсе әкелмейді. Бұл сөздің тамаша растауы пайғамбарлардың жолымен жүрмей, өз жолын таңдап алған Исламды таратушы қазіргі заман мұсылман топтарының сәтсіз соңы болып табылады. Олардың көбі адамдарды бір Аллаһқа ғана шақыруға және дұрыс мұсылмандық көзқарастарды таратуға емес, екінші кезектегі мәселелерді түсіндіруге назар бөлуде. Олардың біреуі саясатқа араласып =

= және шариғат заңдарын өмірге енгізуді талап ете бастады. Мұның барлығы өте маңызды, бірақ одан да маңыздырақ нәрселер бар. Аллаһтың заңдары Аллаһқа серік қосушыларға қатысты қолданылмай жатқан кезде қалайша ұрылар мен зинақорларды Аллаһтың заңдары бойынша жазалауды талап етуге болады?! Шариғаттың заң ережелері пұттар мен қабірлерге құлшылық етушілерге, Аллаһтың көркем есімдері мен сипаттарын жоққа шығарушыларға, оларды өзгертіп, мағынасын бұрмалаушыларға қатысты қолданылмайынша, қалайша бір қойдың немесе түйенің себебінен болған тартысты шариғаттың заң ережелеріне сәйкес шешілуін талап етуге болады?!

Бұл – зинақорлықтан да, шарап ішуден де және ұрлықтан да қорқыныштырақ күнә емес пе?! Зинақорлық және ұрлық жасап, адам өзге адамдардың құқықтарын бұзады, ал қабірлерге және әулиелерге құлшылық жасап және Аллаһтың есімдері мен сипаттарын жоққа шығарып, адам Құдіретті Жаратушының Өзін қорлайды! Сөзсіз, біздің Жаратушымыздың алдындағы міндеттеріміз Оның жаратылыстарының алдындағы міндеттерімізден едәуір жоғары.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия «әл-Истиқама» кітабында (1/466) былай деп жазған: *«Аллаһқа серік қоспаған күйде күнәлар жасау басқа күнәлар жасамай Оған серік қосудан жақсырақ».* 1

Басқа бір топ бар. Оның ілесушілері өздерін Исламның уағыздаушылары деп есептейді, бірақ Аллаһтың пайғамбарлары мирас еткен жолдан өзге жолмен жүруде. Олар ізгі ислами сенімдердің таралуына лайықты назар бөлмей, сопылар секілді негізінен адамдарды ғибадатқа және Аллаһты жиі зікір етуге шақырады. Олар халықты өзіне қарату үшін сапарларларға шығады, бірақ адамдар жиі жағдайда дұрыс емес көзқарасқа ие екендігіне маңыз бермейді.

Мұндай топтардың барлығы бидғатшыл болып табылады. Олардың бидғаты Аллаһтың елшілерінің жолы біткен жерден-ақ бастау алады. Ақиқатында, олар басы жоқ денені емдеп жатқандар сияқты, өйткені дұрыс сенімнің діндегі орнының маңызы бастың денедегі маңызы секілді. Бұл топтар өздерінің көзқарастарын қайта қарап, оларды Құран мен Сүннеттің негізінде құруы қажет. Тек Аллаһтың Кітабының және хадистердің арқасында олар Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исламды таратуда қандай әдістерді қолданғаны туралы біле алады. Билікке жетуге және Аллаһтың заңын орнатуға ұмтылған мұсылмандар мұның барлығы біз тек дұрыс сенімге қайтып, бір ғана Аллаһқа құлшылық етіп және оған серік қоспағаннан соң ғана мүмкін болатынын білуі керек. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деп айтты: **«Аллаһ сендерден иман келтіріп, ізгі іс істегендерге өздерінен бұрынғы өткендердей жер жүзіне мұрагер қылуды уәде етті. Сондай-ақ олар үшін Өзі разы болған дінін нығайтып, қауіп-қатерден кейін бейбітшілікке айналдырады. Олар Маған құлшылық қылады. Маған серік қоспайды. Кім бұдан кейін қарсы келсе, міне солар – бұзақылар»** («ән-Нур» сүресі, 24:55).

Олар надан мұсылмандар өлілерге және олардың қабірлеріне құлшылық етуінде көрініс табатын және әл-Ләтқа, әл-Уззаға және Манатқа =

= құлшылық етуден ерекшеленбейтін пұтқа табынушылығынан тазарғанға дейін-ақ ислам мемлекетін құрғысы келеді. Ақиқатында, олар мүмкін болмаған нәрсеге ұмтылуда, бұл жөнінде бір ақын керемет етіп айтып өткендей:

Кім еңбексіз белеске жетуді ұйғарса,
Өмірін сырап етеді, бірақ белеске жете алмайды.

Жер бетінде Аллаһтың шариғатын орнату, қылмыскерлерді Аллаһ Тағаланың заңдарына сәйкес жазалау, ислам мемлекетін құру, жалпы айтқанда, ізгі істерді істеп, күнәлардан аулақ болу: мұның барлығы – бір Аллаһқа ғана құлшылық етуді толықтырып кемелдендіретін нәрселер ғана. Ендеше, қалайша маңызы бойынша бірінші кезектегіні елемей қалдырып, екінші кезекті нәрселерге назар бөлуге болмақ?

Мен Аллаһтың елшілері қолданбаған әдістерді пайдаланып, Аллаһтың дінін таратушы топтардың барлығы тек осы әдістер жөнінде хабардар болмағандығы себепті осылай істеп жатыр деп есептеймін. Надан адам Исламның уағыздаушысы бола алмайды, өйткені Аллаһқа шақырушы адамға қойылатын ең маңызды талаптардың бірі – дұрыс білім. Аллаһ Тағала Өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **"Айт: «Менің жолым – осындай. Мен және маған ергендер Аллаһқа ашық дәлелге (кәміл сенімге) сәйкес шақырамыз. Аллаһ – Пәк, және мен – көпқұдайшылдардан емеспін»", -**деп айтуды бұйырғанда осыны меңзеді.

Ал өзін ақиқаттың уағыздаушылары деп атайтын, бірақ «Ислам деген не, және онымен не үйлеспейді?» деген сұраққа дұрыс жауап бере алмайтын мұсылмандар қаншама! Қалайша мұндай адамдар діннің уағыздаушылары бола алады?

Мен, сондай-ақ, бұл топтардың әрбірі, басқаларынан ерекшелену үшін, өз-өзіне дербес бағыт таңдап алады және өзінің әдістеріне жүгінеді деп есептеймін. Бұл міндетті түрде Пайғамбар Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрген бағыттан ауытқуға алып келеді. Аллаһтың Елшісінің жолы – бұл жалғыз ғана жол және онда жан-жаққа тармақталу деген жоқ. Аллаһ Тағала былай деді: **"Айт (Мухаммад): «Менің жолым – осындай. Мен және маған ергендер Аллаһқа ашық дәлелге (кәміл сенімге) сәйкес шақырамыз...»".**

Демек, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық шынайы ізбасарлары келіспеушілікке салынбай және бөлінбей, бір жолмен жүруде.

Олармен тек тура жолдан тайғандар ғана келіспейді, бұл жөнінде Аллаһ Тағала: **"(Мухаммад, оларға айт):** «**Бұл жол – менің тура жолым. Оған ілесіңдер де, басқа жолдарға ілеспеңдер, әйтпесе сендерді Ол нұсқаған жолдан адастырады**...»" («әл-Ән'әм» сүресі, 6:153)

Ал, ақиқатпен де, бір-бірімен де келіспейтін осы сияқты топтар Исламға қауіп төндіретін болғандықан, біз олардың қатарына тұруды қалаған әрбір адамды осындай ағат қадамнан сақтандыруға, олардың көздерін бұл топтардың қате көзқарастарына ашуға және олардың ешқайсысының Аллаһтың дінімен ортақтығы жоқ екендігін түсіндіруге міндеттіміз. =

Имам Ибн әл-Қайим: «*Аллаһтың тыйымдары бұзылып, Оның қойған шекаралары атталып, Оның діні тасталып, Оның Елшісінің Сүннетінен алшақталып жатқанды көріп, бірақ осыған қарамастан оның жүрегі суық, ал тілі үнсіз болып қала беретін адамда қандай дін және игілік болуы мүмкін. Ол – үнсіз шайтан! Ал кім өтірікке шақырса – ол сөйлейтін шайтан! Әрі егер өзіне астық дорбасы мен беделін қамтамасыз етіп алса, енді оны дінмен не болып жатқандығы толғандырмайтын мұндайлардан өзгелерден дінге сәтсіздік келіп пе еді?! Ал егер біреу оның беделін немесе мал-мүлкін азайтқысы келсе, ол лап етеді, бар күш-жігерін жұмсайды және үш тәсілдің барлығымен (қолмен, сөзбен, жүрекпен) тойтарыс береді. Әрі осындайлар Аллаһтың назарында төмен түсіп, Оның Қаһарына ұшырағандарына қоса, өздері осыны байқамаған күйінде бұл дүниеде орын алуы мүмкін болған ең ауыр сынақпен сыналады. Ал бұл сынақ – жүректің өлуі, өйткені адамның жүрегі қаншалықты тірі болса, оның Аллаһ пен Оның Елшісі үшін ызасы да соншалықты мықты, әрі оның дінге деген*

= Аллаһ Тағала да дәл осылай деп айтты: **«Расында, өздерінің дінінде бөлінушілік жасағандарға және секталарға бөліңгендерге сенің қатысың жоқ»** («ән-Ән'әм» сүресі, 6:159)

Ал шынайы Исламға келер болсақ, ол адамдарды хақ жолында бірігуге шақырады, бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деп айтқандай: **«Діндеріңдегі (уәделеріңді) орындаңдар және ол жөнінде қарама-қайшылыққа түспеңдер»** («әш-Шура» сүресі, 42:13).

Ол сондай-ақ былай деді: «**Аллаһтың жібінен барлығың тұтас ұстаныңдар да, (өзара жауласушы топтарға) бөлінбеңдер»** («Әли Имран» сүресі, 3:103)

Біз барлығымыз адамдарға осыны түсіндіруіміз керек, және ізгі мұсылман діндарлары басқа мұсылмандардың назарын осы топтардың қателіктері мен адасушылықтарына қаратады және олардың әдістерінің Аллаһтың пайғамбарларының жолына сәйкес келмейтіндігін ашып береді. Ақиқат әркезде әрбір мүминнің ізденістерінің мәні болды, және, бәлкім, осы ғалымдардың тырысуларының себебімен кейбір мұсылмандар өз қателіктерін саналы түрде мойындап, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолына қайтар. Бұл ғалымдар Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ***«Дін – бұл ықыластылық танытy»*** деген өсиетіне сәйкес өздерінің миссиясын орындауда. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны үш рет қайталап айтты, және адамдар одан: «Кімге қатысты, уа, Аллаһтың Елшісі?» – деп сұрады. Ол: ***«Аллаһқа, Оның Кітабына, Оның Елшісіне, мұсылмандардың әмірлері мен ғалымдарына және қарапайым мұсылмандарға қатысты»,*** – деді. Бұл хадисті Муслим, Абу Дауд, ән-Нәсаи және Ахмад Тамим әд-Дәриден жеткізген. Оны сондай-ақ Абу Хурайра, Абдуллаһ ибн Умар және Абдуллаһ ибн Аббас жеткізген. Қз.: Шейх Салих әл-Фауизанның шейх Раби' әл-Мадхалидің «Пайғамбарлардың Аллаһқа шақыру әдістеріндегі даналық пен қисын» кітабына жазған кіріспе сөзінен.

көмегі де соншалықты кемелдеу болады», – деп айтқан. Қз.: «А'ләм әл-Муаққи'ин» 2/158.

Имам әш-Шәукани былай деген: *"Ал егер сен маған: «Күмәнсіз, Ақиқат сөзін айту міндетті болып табылады, адамдамдарды оған бағыттау қажет, оны жасыруға тыйым салынған, бірақ мен мұны істесем, онда бұл қалыптасқан жағдайды өзгертпейтініне, бірақ соған қоса мен өз өмірімде қауіп-қатерге салатыныма сенімдімін», – деп айтсаң, мен саған: «Бұл ойлар саған сен мен алдында өзіңе айтып өткен тақуалардың соңы игі болатындығы және Аллаһтың көмегі туралы айтқандарымды нашар ұғып алғаның себепті келіп тұр. Алайда сен қорыққан нәрсе орын алады деп елестетейікші. Сенің басыңа сынақтар келеді, әрі сен зиян мен өзге де қиындықтарды шегесің делік. Айтшы маған, сен осы дүниеде мәңгі қаламын деп ойлайсың ба? Сенімен орын алатын ең қорқынышты нәрсе – сенің ақиқат жолында және білім тарату жолында опат болуың. Осы арқылы сен мәңгілік бақытқа ие боласың әрі ғасырлар біткенше білім иелері үшін үлгі-өнеге боласың, ал дінбұзар-бидғатшыларға масқара мен қорлық келтіресің. Әрі қаншама Аллаһтың құлдары сені осы жолда озып өтті және осы ұлы сатыға қол жеткізді, әрі соларда сен үшін өнеге бар. Уа, бақытсыз, шайқас майдандарында қылыштар шауып, найзалар мен жебелер жыртып тастаған Аллаһтың құлдарына қара. Олар өлімді қалады, қылыштар мен найзалар олардың денелеріне қадалатын еді, өлім олардың көздерінің алдында еді. Ол оларға алдарынан да, арттарынан да, оңынан да, солынан да келді. Саған оларға жету қайда?! Әрі саған мұсылмандардың арасында тұрып, оларды Раббыларының дініне шақырудан өзге еш нәрсе бұйырылмаған!»* Қз.: «Адаб ут-Таләб» 36-бет.

5-ТАРАУ

ІЗГІ АТА-БАБАЛАРДЫ ШЕКТЕН ТЫС ҚАДІРЛЕУ – КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚҚА АПАРАР БІРІНШІ ҚАДАМ

Біздің ата-бабаларымыз салиқалы адамдардың қатарынан болғандығына күмән жоқ. Дәл сол кісілер Исламды қабылдап, біздің жерлерімізде осы дінге шақырудың және оның нұрын таратудың ауыр да, сауапты да, жауапты да жүгін өз мойындарына алды. Көптеген тарихи фактілер олардың тақуалығы, ержүректігі және ұлықтығы тұралы куәлік етеді. Дәл сондықтан да олардың бізге деген көптеген қақылары бар. Біз бірқұдайшылықтың саф дініне сәйкес келетін нәрселерде олардың үлгі-өнегесіне ілесуіміз қажет және олар үшін Аллаһтан кешірім сұрауымыз керек. Олар Құран мен Сүннетті ұстанып, осы діннің заң-ережелеріне қатаң ілескендігі үшін ғана ұлылық пен құдіреттілікке қол жеткізген еді. Олар көпқұдайшылықтан (ширктен) және діндегі жаңалықтардан (бидғаттардан), сондай-ақ алыс болашақта да осыған алып келуі мүмкін болған барлық нәрселерден алыс еді.

Көпқұдайшылыққа алып баратын ең негізгі және ең үлкен себептердің бірі ата-бабаларды шектен тыс құрметтеу болып табылады. Бұдан қалса, жер бетіндегі ең алғашқы көпқұдайшылықтың пайда болуының негізігі себебі де осы болған.

Ханафи имамы Шукри әл-Әлюси (1342 һ/ж) былай деді: «*Жаратылыстардан кімді болсын құрметтеудегі артық кетушілік (нысапсыздық) пұттар мен ізгі адамдарға табынуға алып баратын ең басты себеп болып табылады. Дәл сол ізгі-салиқалы адамдарды шектен тыс құрметтеу Нұһ қауымын Насқа, Суағқа, Яғусқа және басқаларға табынуға алып келді. Сол сияқты христиандар да дәл осы себепті Исаға сиына бастады*». Қз.: «Мәсаил жәхилия» 71-72 беттер.

Осыдан шыға келе, адамның өз ата-бабаларына деген қатынасы үш түрлі болуы мүмкін:

1) Немқұрайдылық, қатыссыздық және парықсыздық таныту;

2) Оларды құрметтеуде шариғатта бекітілген заң-ережелерден артық кетушілік және шектен шығушылық таныту;

3) Бұл мәселеде орташылдық таныту.

Ата-бабаларға немқұрайдылық, қатыссыздық және парықсыздық таныту дінімізде тыйым салынған. Егер адам ата-анасына және ата-бабасына қатысты өз міндеттерін орындамаса, ол сонысымен әділетсіздік (зұлымдық) танытқан болады.

Ал оларды құрметтеудегі артық кетушілікке келер болсақ, онда бұл едәуір қауіпті және тыйым салынған амал болып табылады, өйткені бұл өздігінен тыйым салынғанымен қоса, көпқұдайшылыққа да жетелейді. Аллаһ Тағала былай деді: **«Әй, Кітап иелері! Діндеріңде артық кетпеңдер. Аллаһқа байланысты шындықты ғана айтыңдар»** («ән-Ниса» сүресі, 171).

Имам ʻАбдуррахман ибн әл-Хасан былай деген: «*Шектен шығушылық (нысапсыздық) – бұл сөздерде немесе сенімдерде көрініс табуы мүмкін болған құрметтеудегі артық кетушілік. Бұл аят «Жаратылғанды (махлұқты) Аллаһ оны қойған орнынан жоғарылатпаңдар» дегенді білдіреді. Бұл – Кітап иелеріне айтылған сөз болса да, алайда оның мәні мен мазмұны жалпылама болып табылады, әрі (ондағы) тыйым бүкіл үмметке қатысты күшке ие*». Қз.: «Фатх ул-Мәжид» 341-бет.

Ибн ʻАббас[7] Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: ***«Ешбір жағдайда дінде артық кетпеңдер. Сендерден бұрынғыларды дәл сол артық***

---

[7] Ибн ʻАббас дегенде бұл жерде Абдуллаһ емес, Фәдл аталып тұр. Мұның бірнеше себептері бар:

1. Дәл Фәдл Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге бір мініс жануарының үстінде отырып, оның қажылық жасау кезіндегі серігі болды, бұл туралы Бухари мен Муслимнің жинақтарында келтірілген.

2. Абдуллаһтың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы хадисті айтқан кезде онымен бірге болуы мүмкін емес еді, өйткені ол әлсіз қажылармен бірге Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және басқа қажылардан бұрынырақ Муздалифадан түнде-ақ кетіп қалған болатын.

3. Имам әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада» осы иснадты келтіріп, Фәдл деген есімді атаған.

4. Хафиз әл-Миззи бұл хадисті «Тухфат ул-Әшрафта» Абдуллаһ ибн ʻАббастың муснадында келтірген, содан кейін хафиз ибн Хәжар «Нукат әз-Зирафта» хафиз әл-Миззидің қателескенін және бұл Абдуллаһтың емес, Фәдлдің хадисі екенін айтып, оны түзеткен.

кетушілік опат етті» (Ахмад 1851; Ибн Мәжаһ 3029; Нәсаи 5/268 т.б).

Имам Абу әл-‘Аббас әл-Құртуби[8] былай деді: «*Алғашқы ұрпақтар арасындағы салиқалы адамдар қайтыс болған соң, ұрпақтары тақуалық пен игі амалдарды еске түсіру үшін, олардың қабірлерінің жанында жиналатын болды. Олар салиқалы кісілердің қабірлерін зиярат жасап, солардың игі амалдарын еске алатын да, содан соң өздері де сондай амалдар жасай бастайтын, әрі осыда бірімен бірі жарысатын. Содан соң олар осындай кісілердің қабірлерінің жанында Аллаһқа құлшылық жасайтын болды. Олардан кейін өздерінің ата-бабалары қабірлердің басында не үшін жиналатынын білмейтін ұрпақтар келді. Сол кезде оларға шайтан келді де, ата-бабалары бұл қабірлерге осы салиқалы адамдарға табыну үшін және оларды ұлықтау үшін жиналатын еді деп сыбырлады*». Қз.: «әл-Муфхим» 2/127-128.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: «*Бізге алғашқы буындардың көптеген имамдарынан салиқалы адамдар қайтыс болған кезде, ұрпақтары олардың қабірлеріне жиналып, сол жерлерде өздерінің жиналыстары мен уақыттарын өткізетіні белгілі болды. Содан соң олар олардың бейнелерін жасады, кейін замандар өтіп, келесі буындар осы салиқалы адамдарға табынатын болды*». Қз.: «Иғасат ул-Ләхафан» 1/287.

Имамдардың осы сөздерінен халық арасында салиқалы адамдар қайтыс болған соң, ұрпақтары олардың данқты күндерін және игі істерін еске алу үшін солардың қабірлеріне жиналу үрдісін енгізгені түсінікті болады. Осымен олар өздерінің имандарын көтеретін. Алайда ұрпақтар ауысқан сайын әрбір келесі ұрпақ өзінің жаңа әдет-ғұрыптарын енгізіп отырды. Сөйтіп Аллаһқа осы салиқалы адамдардың құқығы мен құрметі арқылы жалбарыну бастау алды. Осыдан соң бұл адамдар осы салиқалы кісілерді өздерінің Аллаһ алдындағы шапағатшылары ретінде көре бастады. Ал келесі ұрпақтар түрлі құлшылықтар жасап, ол құлшылықтарды осы салиқалы адамдарға арнайтын болды. Осылайша бірқұдайшылықты білетін және оның мәнін түсінетін бірқұдайшылдар уақыт өткен және ұрпақтар ауысқан сайын көпқұдайшылдарға айналды. Бұған салиқалы кісілерді шектен тыс құрметтеу және ұлықтау себеп болды.

Сондықтан да мына екі ұғымды ажырата білу қажет:

1) Ата-бабаларды қадірлеп құрметтеу, әрі осы орайда шариғат шеңберінен шықпау;

2) Оларды ұлықтауда шектен шығу;

---

[8] Муслимнің «Сахихына» жасалған шархтың (түсіндірменің) авторы. Оны атақты тәпсірдің авторы – Абу Абдуллаһ әл-Құртубимен шатастырмаңыз.

Түркістандағы, Арыстан Бабтағы, Бекет Атадағы, басқа да жерлердегі қабірлерді зиярат етіп және олардың бастарына жиналып жүрген жерлестерімізге қараңыздаршы. Олар бізге үнемі былай деп айтады:

«Біріншіден, иә, біз Түркістандағы, Арыстан Бабтағы, Бекет Атадағы, басқа да жерлердегі қабірлерді зиярат ету үшін барамыз. Иә, біз сол жерлерде уақыт өткіземіз және сол жерлерде Аллаһқа құлшылық етеміз. Алайда біз ол жерлерде ешқандай жаман нәрселер істемейміз.

Екіншіден, сіздер қалайша біздерді көпқұдайшылдармен теңестіре аласыздар?! Біз жаратылғанды Жаратушыдан ажырата алмайтындай ақымақ емеспіз ғой!

Үшіншіден, біз тек өз тегімізге құрмет танытудамыз, олардың даңқты тарихын еске алудамыз және рухани тұрғыдан нәр алудамыз. Түркістан – бұл біздің мұсылман халықтарымыздың ұлықтығының қайта өрлеуі бастау алатын рухани орталық.

Ал, төртіншіден, сендер мәңгүртсіңдер! Өз тамырларыңды білмейсіңдер әрі өз ата-бабаларыңды құрметтемейсіңдер!!!»

Міне, осылайша біздің көз алдымызда шайтан ата-бабалар мен әулиелерді құрметтеу ұрандарының астарында адамдарды көпқұдайшылыққа қарай адымдап жетектеп жатыр.

Бірақ осы күні мұны түсінетіндер де, көретіндер де аз!!!

Аллаһ былай деді: **”Әй, адам баласы! Сендерге: «Шайтанға табынбаңдар. Әрине, ол сендерге ашық дұшпан», – деп, серт бермедім бе? Маған ғана құлшылық қылыңдар. Тура жол осы! Расында, ол сендерден бұрын көптеген ұрпақтарды адастырды. Сонда да түсінбейсіңдер ме?”** («Я-Син» сүресі, 36:60-62).

Сондықтан да ізгі алдыңғы буын өкілдері былай деп айтатын: «*Бүлік жақындаған кезде ол туралы тек ғалым біледі, ал ол соңына таяған кезде ол туралы әрбір надан біледі*».

Ханафи имамы әл-Хужанди (1379 һ/ж) былай деді: «*Шайтанның Адам ұрпақтарын ежелден алдап келе жатқан, қазіргі заманда да жалғасын тауып жатқан айлаларының бірі – бұл ізгі адамдарды ұлықтау мен құрметтеудің жамылғысының астарында көпқұдайшылықты тарату. Ол «көпқұдайшылық» ұғымын «дәнекерлік», «шапағат» деген т.с.с. ұғымдармен ауыстырды. Алайда зина, оны қалай деп атаса да, зина болатынына секілді, және алкоголь ішімдігі, оны су деп атаса да, алкоголь болып қалатыны сияқты, көпқұдайшыл да, ол осыны мойындаса да, мойындамаса да, көпқұдайшыл болып қала береді... Сонымен адамдардың көпшілігі дәл сол ізгілерді шектен тыс құрметтеудің себебінен кәпір болғандары және дінін тастағандары түсінікті болды*». Қз.: «Хукму-Ллаһи әл-Ахад әс-Самад» 26, 33 беттер.

Ал ең қызығы – егер біздің сол ата-бабаларымыз бүгінгі күні тірі болғанда және олардың ұрпақтары олардың қабірлерінде не істеп жатқанын көргенде, олар бұған разы болмайтыны. Бұл олардың бірқұдайшылдар болғандығы және көпқұдайшылыққа алып барар барлық жолды жауып тастайтындығы себепті.

Және осы тарауда назарға алатын соңғы жайт – бұл ата-бабаларды ұлықтау барлық кезде мардымсыз болып көрінетін нәрселерден басталатыны, ал кейін, жылдар мен ғасырлар өтісімен ата-бабалардың қабірлерінің басында өткізілетін әдетті жиындар мен салтанатты іс-шаралардың бірте-бірте Ислам дінінің заң-ережелерімен еш сыйыспайтын, олар туралы қалыптасып қалған бұрыс көзқарастарға ие болатыны. Осы жерде сопылық тариқат өкілдерінің кітаптарында кездесетін олардың өз пірлері мен әулиелері туралы түрлі сенімдерінің қосындысын келтірудің өзі жеткілікті. Әрі оқырман бұл көзқарастардың бір мезетте пайда болмағанын, бірақ осындай бір қарағанда қарапайым жиналыстардан, мерекелерден, жиындардан тарала бастағанын ұмытпағаны жөн.

Мынау – түрлі сопылық кітаптардағы олардың өз қайтыс болған ата-бабаларын ұлықтап айтқан сөздері: «*(Қайтыс болып кеткен) ізгілер (әулиелер) өлген адамдар мен құстарды тірілтуге қабілетті. Олар сөйлесе алады; теңіздерді бөліп, оларды құрғата алады; судың бетімен жүре алады; оларға бір жаратылыстарды екіншілеріне айналдыру еш қиынға соқпайды. Мысалы, олар шарапты балға немесе майға айналдыра алады; сондай-ақ олар жерді орап тастай алады, әрі соның нәтижесінде олардың кез-келгені қас қағым сәтте басқа бір елде бола алады; олар жануарлармен, өсімдіктермен және басқа да жансыз заттармен сөйлесе алады; олар ауруларға шипа береді және ауырғанды жеңілдетеді; олар өздеріне жыртқыштар мен хайуанаттарды бағындырады; олар уақытты ұзартады және қысқартады; олар жоғалған адамдар немесе заттар қай жерде екенін хабарлайды; олар осы болмысты басқарады және алыс қашықтықтарда да көре алады; олар түрлі бейнелер мен денелерде көріне алады. Кейбір сопы тариқаттарының өкілдері олардың өлі және тірі әулиелері Қағбаны тәуап жасап жүрген адамдарды көре алатындығына сенеді. Бұдан қалса, олардың кейбіреулері Қағбаның өзі осы қайтыс болған әулиелерді тәуап жасап айналады, әрі олар оған зиярат жасап келгенде олардың алдынан күтіп алады; өлген әулиелер оларға көмек сұрап жалбарынғандардың қиындықтарын шешу үшін қабірлерінен шығады деп есептейді. Сондай-ақ осы әулиелер өздеріне жалбарынғандардың барлығын көре де, ести де, түсіне де алатындай, олардың барлығын тыңдай алады және оларға жауап бере алады, тіпті егер бұл жалбарынулар әртүрлі тілдерде, бір мезетте әрі жердің әртүрлі бұрыштарында айтылып*

жатса да». Қз.: «әл-Кауакиб әд-Дуррия» 1/11-13, «Жәми' әл-Карамат» 1/30, «әл-Хужжәж әл-Байинат» 9-10 беттер, 151-159 беттер, «әл-'Ақаид ән-Насафия» 145-147 беттер, «Шарх әл-Макасыд» 5/75, «ән-Нибрас» 478-479 беттер, «әл-Карамат» 2-бет, «Нафахат әл-Құрб» 8-14 беттер, «Нур ул-Һуда» 16-24 беттер, «әл-Фәтауа әл-Хадисия» 297-300 беттер, «Ирғам ул-Мюрид» 51-бет, «ән-Нур әс-Сафир» 79-80 беттер, «Жә әл-Хаққ» 154-бет т.б.

Бұл сенімдердің барлығы баяғыда-ақ посткеңестік республикаларда және Кавказда ел арасында таралып үлгерген. Біздің елімізде де осы құбылыстар белең алып үлгерген, бұл туралы ғаламтордан немесе басқа да басылымдардан Түркістанда болып келген адамдардың пікірін оқып білуге болады.

6-ТАРАУ

ТҮРКІСТАНДА ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) САХАБАЛАРЫ ЖЕРЛЕНГЕН ДЕГЕНДІ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ

Түркістанға жасалатын сапарларды ел ішінде одан сайын насихаттау мақсатында қараңғы елді шырмауына салып жүрген қабірлер мен «аталар» әруақтарына табынушылар осы жерлерде Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы Укашаның құдығы бар, ал Арыстан Баб Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрген және одан аманат алған деген жалған деректерді таратудан да тайынбайды. Пұтқа табынушылықтың аясын кеңейту мақсатында сахабалардың қабірлерін немесе оларға қатысты орындарды қолдан жасап алу тәсілі жиі қолданылады. Алайда, шын мәнісінде, белгілі бір жерде қандай да бір әулиенің немесе атаның түгілі, тіпті пайғамбарлардың да, сахабалардың да қабірлерінің болуы сол жерді қасиетті де, құт-берекелі де етпейді. Сондықтан да Түркістанда тіпті жүз сахабаның қабірі бар болғанда да, бұл жағдайды еш өзгерпейтін еді және осы жердегі қабірлерді зиярат жасау үшін арнайы сапарға шығуды шариғи тұрғыдан заңды етпес еді.

Алайда осыған қарамастан, біз бәрібір осы жерде Түркістанда да, біздің еліміздің басқа жерлерінде де Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының қабірлерінің немесе олардың құдықтарының, ағаштарының, үйлерінің, үңгірлерінің т.б. жерлерінің болуы мүмкін емес екендігінің дәлелдерін келтіреміз.

Түркістанда Укаша деген сахабаның құдығы бар, ал Арыстан Баб – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)

сахабасы деген ойдан тоқылған деректердің көркем сөзбен сәнделіп, мерзімді басылымдардың беттерінен қалайша насихатталынып жүргенін зерттеу барысында басқа да көптеген ақпарат арасынан мыналары алынды:

1. «Түркістан қаласынан 60 шақырымдай жерде жергілікті халық әулиелі мекен санайтын Укаша Ата сахабаның зияраты және қасиетті құдығы бар. Келушілер ұзындығы 20-25 метрдей Укаша сахабаның қабірінің басына дұға жасаған соң, осы арадан 700-800 метрдей қашықтықта тау басындағы құдыққа барып, тереңдігі 30 метрге дейін жететін құдыққа қауға тастайды. Ырым бойынша, әулиенің құдіретіне күмән келтірген немесе ой-пікірі теріс (пиғылы арам) адамға құдық бір тамшы су бермейді. Ал ниеті таза, ықыласы күшті адамның шелегі құр қалмайды.

Аңыз бойынша Укаша сахаба Мұхаммед пайғамбардың жақын серігі, күзетшісі болған екен. Пайғамбарымыздың ерекше белгісі – жауырынының астындағы мөрді сүйгендіктен Укашаның денесі атса оқ, шапса қылыш өтпейтін қасиетке ие болған. Дұшпандары Укашаның таң алдында бүкіл денесі балбырап, Аллаға жалбарынатынын естіп, сол сәтін аңдып келіп, басын қылышпен шапқан деседі. Бірақ кесілген бас дұшпандардан домалап қаша жөнелген, сол кезде тау үстіне көктен жасын түсіп, құдық пайда болған, сол құдыққа Укаша атаның басы түсіп, ғайып болыпты. Әлгі құдық жерасты жолдарымен сонау Меккедегі Зәмзам бұлағымен жалғасады дейді айтушылар. Өйткені сахабаның басы сол Зәмзам бұлағынан шығып, өзге жолдастары пайғамбардың қабірінің аяқ жағына жерлепті. Бұл Укашаның «Я, Алла, менің басым пайғамбарымның аяғында жатса екен!» деген арман-тілегінің орындалғаны болса керек».

2. «Көне Отырар шаһарының маңындағы Арыстан Баб кесенесі көңілге ыстық. Өзінің тылсым қасиетімен ынтықтыра түседі. Кесененің дәлізханасы, мешіті, құжыраханасы мен азан шақыратын мұнарасы өткен күннің қатпарлы сырын жеткізердей. Сәулет өнерінің өзіндік мәнер-нақышымен ерекшеленер ескерткіш Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы Арыстан Бабқа арналып салынған. Деректерге зер салсақ, қабір басына алғашқы белгі XII ғасыр шамасында тұрғызылған...

Арыстан Баб жөнінде ел ішінде аңыз көп, оның бірі былай өрбиді: Бірде Меккеде Мұхаммед пайғамбар халықты жинап: «Менің өмірім жетер емес, менен төрт жүз жылдан кейін түркі елінен ізбасарым дүниеге келеді. Соған кім мына аманатты тапсырады?» – дейді. Сонда ортаға Арыстан Баб шығып: «Мен тапсырар едім, егер ғұмырым жетсе», – депті. Ол кезде Арыстан Баб үш жүз жаста екен. Сонда Мұхаммед Алламен тілдесіп: «Ғұмырыңды созуға рұхсат берді», – деп жауап қайырыпты. Аманат құрманың сүйегі екен, соны ел алдында

Арыстан Бабқа тапсырады. Сол кезде: «Мен оны қалай тапсырамын?» – деген оған: «Өзі алдыңнан шығып сұрайды», – депті.

Жылдар жылжып өтеді, күндердің күнінде ұлы дала төсінде келе жатқан Арыстан Бабтың алдынан жеті жасар бала жүгіре шығап, «Ата, аманатымды беріңіз», – депті. Сонда пайғамбардың айтқаны есіне түсіп, ұзақ уақыт сақтап жүрген аманатты иесіне табыстаған екен. Құрманың сүйегін алған күйі бала алды-артына қарамай жүгіріп бара жатқанда Арыстан Баб таңырқаған қалпында: «Мен неше жыл сақтағанда, аманат үшін бір ауыз жылы сөз айтпағаның қалай?» – дейді. Артына қайырыла қараған бала, «Маңызын сорып, сүйегін маған бердіңіз, мейлі, сонда да батамды берейін», – деп қолын жайыпты. «Сізге түнесін, менен тілесін, аумин», – деген бала ілгері жүгіре берген деседі.

Арыстан Баб әулиенің кесенесі бізге қашанда ыстық, қашанда қасиетті».

Бізде бар мәліметтерге сүйенген түрде, Түркістанда сахабалардың қабірлері бар болуын теріске шығару үшін бірнеше бөлімдерді келтіру керек. Олардың мәні келесілерде:

1. Осы аңыз-деректерде аталған сахабалар біздің жерлерімізде жерленбек түгілі, келген болуы да мүмкін емес екендігін түсіндіру.

2. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниенің әртүрлі бөліктеріне Исламға шақырумен жіберген сахабаларының есімдерін тізбектеп айту. Бұл бөлім оқырман сенімді деректерде сахабаларды Түркістанға жіберген деген дерек келмегеніне көзін жеткізу үшін қажет.

3. Дүниенің әртүрлі бөліктерінде ең соңғы болып қайтыс болған және ол жерлерде олардан кейін сахабалардан ешкім болмаған сахабалардың есімдерін тізіп айту.

4. Сахабалар жалпы жердің қай бөліктеріне дейін барғандығы туралы тарихи деректерді келтіру. Бұл бөлім өте маңызды, өйткені сахабалардың қай жерлерге дейін барғандығын білу бізді басқа да қандай да бір сахабалардың Түркістанға немесе өзге бір жерге келгендігі туралы түрлі жаңа аңыздарды тұрақты түрде теріске шығарып отырудан құтқарады.

1-бөлім. Бұл оқиғада аталған сахабалардың біздің жерлерімізде жерленуі түгілі бұл жерлерге келген болуы мүмкін емес екендігін түсіндіру

Ең әуелі сахабалардың және олардың өмірбаяндарының Ислам тарихындағы және заңнамасындағы орнын ерекше атап өту қажет. Сахабалардың есімдері, жүрген-қозғалғандары және өмірбаяндары арнайы кітаптарда нақты белгіленген адамдардың санатына жататындығын ерекше атап кету қажет. Исламның заңнамасы түгелімен Құранның аяттары мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерінде құрылған, ал оларды сахабалар жеткізген. Хадистану ғылымында («Мусталәх ул-хадис») барлық сахабалардың хадистері бірмағыналы түрде қабылданатын, яғни олар шыншыл болып табылады, ал мұны сахабалардың ізбасарлары туралы, ал олардан кейін келгендер туралы тіпті де айтуға болмайды. Сондықтан да хадистану имамдары – осы үмметтің имамдары түгелімен бүкіл сахабалардың есімдері мен өмірбаяндарын атап айтқан жеке көптомды шығармалар қалдырған. Осыдан шыға келе бүгінгі күні қандай да бір қылжақпас оңбағанның шығып, қандай да бір аттарды атап, олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары болғандықтары туралы айтуына мүлде жол берілмейді.

Сөйтіп біз келтірген ел ауызында таралып жүрген аңыз-деректерде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары деп аталатын екі адамның аттары аталған.

Жалпы сахабалар туралы белгілі сенімді энциклопедиялардың барлығы мына тізіммен шектеледі:

1. **«Әл-Исаба фи тамйиз әс-Сахаба»**. Авторы: Хафиз Ибн Хәжар әл-‘Асқаләни («Дар ул-Кутуб әл-‘Илмия» баспасы);

2. **«Мағрифат ус-Сахаба»**. Авторы: Ибн Мәнда әл-Асбахани («Дар әр-Рауад» баспасы);

3. **«Әл-Истиғаб фи мағрифат ил-Асхаб»**. Авторы: Ибн ‘Абдул-Барр («Дар әл-Жәйл» баспасы, Бейрут);

4. **«Мағрифат ус-Сахаба»**. Авторы: Абу Ну’айм әл-Асбахани («Дар ул-Уатан» баспасы);

5. **«Усдул Ғаба фи мағрифат ис-Сахаба».** Авторы: Ибн әл-Асир («Дар ул-Кутуб әл-‘Илмия» баспасы);

6. **«Муғжам ус-Сахаба».** Авторы: Абу әл-Касим әл-Бағауи («Мактаба дар ул-Баян» баспасы);

7. **«Маусуға хаят әс–Сахаба мин кутуб Турас».** Авторлары: зерттеушілер тобы («Муассасат ур-Райан» баспасы). Бұл энциклопедия сахабалар туралы ақпараттың толыққанды жинағы болып табылады.

Сонымен, сахабалар туралы барлық белгілі жинақтар мен энциклопедияларды зерттеген соң, біз мынандай қорытындыға келдік:

1. Біз жоғарыда қарастырған аңыздар былай дейді:

Арыстан Баб – Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрма жемісін аманат етіп алды да, оны Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін төрт жүз жыл өткен соң Ахмет деген балаға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аманаты ретінде тапсырды.

Укаша – Түркістан қаласынан 60 шақырымдай жерде жергілікті халық әулиелі мекен санайтын Укаша Ата сахабаның зияраты және қасиетті құдығы бар. Сол құдыққа Укаша Атаның басы түсіп, ғайып болыпты. Әлгі құдық жерасты жолдарымен сонау Меккедегі Зәмзам бұлағымен жалғасады дейді айтушылар. Өйткені сахабаның басы сол Зәмзам бұлағынан шығып, өзге жолдастары Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің аяқ жағына жерлепті.

2. Ал осы үмметтің хафиздарының, имамдарының және тарихшыларының беделді әрі сенімді еңбектері былай дейді:

Сахабалар туралы бірде-бір жинақтарда осы ұятсыз, өтірік қиссада келтірілген Арыстан Баб деген ат аталмайды, әрі Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаянында, ол қандай да бір адамға құрма беріп, оны түркі әлемінен шыққан өзінің бір ізбасарына төрт жүз жылдан кейін беруді аманат етіпті деген дерек келтірілмеген. Екіншіден, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамзаттың ардақтысы, абзалы, Аллаһтың ең сүйікті құлы, пайғамбарлардың сұлтаны әрі ең соңғы пайғамбар, Жәннатқа кіретін ең алғашқы адам бола тұра, төрт жүз немесе бес жүз жыл өмір сүруге, аты да, заты да белгісіз біреуден әлдеқайда лайықтырақ еді. Сосын, егер сол құрманы сол адамға беру дінде маңызды болатын болса, онда ол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүктелген бір міндет еді, ал ол оны өзі орындай алмай, біреуге тапсырғаны ма? Аллаһ Тағала бізді мұндай дінбұзар, күпірлік болып табылатын ойлардан сақтасын. Мұндай өтірік сөздер дінін кемел етіп, толықтастырған Аллаһқа да, Оның дінін ең кемел түрде одан еш нәрсе қалдырмай толығымен жеткізген Аллаһтың ардақты Елшісіне де жабылған жала болады.

Ал Укаша деген атқа келер болсақ, онда Укаша ибн Михсан деген сахабаның болғаны рас. Алайда ол Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанынан бір жылдан кейін, Абу Бакрдің халифалық құруы тұсында, Мәдинадан шығыс тарапта орналасатын Нәдж деген аймақтағы Бузаха деген жерде,

діннен шыққан муртадтармен болған шайқастардың бірінде қаза тапқан. Қз.: әз-Зәһаби «Сияр» 1/307.

Көріп тұрғаныңыздай, Укаша деген даңқты сахабаның өмірі мен қайтыс болуына Түркістан жерінің ешқандай қатысы жоқ. Ал оның басы денесінен бөлек, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің аяқ жағына жерленгені де – негізсіз және ұятсыз өтірік. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің жанына екі салиқалы халифа Абу Бакр мен Умар жерленгені ғана – ақиқат.

Мұның үстіне, хадистану ілімінде «иснад» деген ұғым бар. Ол «тізбек» деп аударылады да, белгілі бір хадистің Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немесе белгілі бір хабардың сахабадан оны жеткізетін риуаятшылардың (жеткізушілердің) тізбегін меңзейді. Ал осы Арыстан Баб және Укаша Ата туралы деректердің ешқандай, тіпті әлсіз тізбектері де жоқ, олар тек ойдан тоқылған өтірік екендігі, ал Аллаһтың дініне тағылған өтірік пен жала, ұлы жазаға лайықты іс екені ислам шариғатынан қарапайым білімі бар адамға белгілі.

Аллаһтан Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның ардақты сахабаларына жапсырылған осы өтірік аңыздарды ойдан тоқып шығарған адамдарды да, сондай-ақ осы және осы сияқты жалған қиссаларды ел арасында және Түркістанға барушылардың арасында таратушыларды да, осыларды үнсіз мақұлдаған адамдарды да жазалауын сұрауымыз ғана қалды.

2-бөлім. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мемлекет басшыларын Исламға шақыру үшін дүниенің әр тараптарына жіберген сахабаларын тізіп атау

Бұл бөлімде біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жердің түкпір-түкпіріне Исламға шақырумен жіберген барлық сахабаларын тізбектеп атап өтеміз.

Ұлы имам, хадистанушы, Құранның ең жақсы тәпсірлерінің бірінің авторы, сондай-ақ атақты тарихшы болған хафиз Ибн Кәсир бұл мәселені ашып көрсету үшін өзінің «Фусул фи сират әр-Расул» кітабында (191-192 беттер) тұтас тарауды арнап бөлген. Хафиз Абул-Фида Ибн Кәсир былай деген: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Амр ибн Умайя əд-Дəмриді Эфиопияның патшасы – Нәжашиге жолдаумен жіберді. Нәжаши Исламға деген шақыруды қабылдады да, мұсылман болды, Аллаһ оған разы болсын және оның қабірін жарық етсін.*

Дихья ибн Халиф әл-Кәлбиді Римнің патшасы – Ираклийге жіберді. Ираклийге жолдау ұнады және ол тіпті Исламды қабылдауға дейін барды да, бірақ ең соңғы сәтте бас тартты.

ʻАбдуллаһ ибн Хузафа әс-Сахмиді парсылардың патшасы – Кисраға (Хосройға) жіберді. Кисра (Хосрой) тәкаппарлық танытты да, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолдауын жыртып тастады. Осыдан соң Аллаһ Тағала Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұғасын қабылдап, Кисраның патшалығын бөлік-бөліктерге жыртып тастады. Қз.: «Сахих» әл-Бухари 64.

Сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хатыб ибн Аби Балтаʼаны Александрия мен Мысырдың патшасы Мукаукиске жіберді. Ол Исламды қабылдады дерлік, алайда оның Исламды қабылдағаны сахих түрде анықталмаған. Оның Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сыйлықтар жібергені ғана анық.

ʻАмр ибн әл-ʼАсты Оманның екі патшасына жіберді, әрі олардың екеуі де Исламды қабылдады.

Сондай-ақ Суләйт ибн ʻАмр әл-ʼАмириді Ямаманың патшасы – Хауз ибн ʻАли әл-Ханафиге жіберді.

Шужәʼ ибн Уахб әл-Асадиді Шамдағы Балктың әміршісі – Харис ибн Шаммар әл-Ғассаниге жіберді.

Сондай-ақ әл-Мухажжир ибн Аби Умайя әл-Махзумиді әл-Харис әл-Химьяриге жіберді. Сондай-ақ әл-ʻАлә ибн әл-Хадрамиді Бахрейннің әміршісі – Мунзир ибн Сауа әл-ʻАбдиге жіберді және ол Исламды қабылдады.

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Муса әл-Ашʼари мен Муʼаз ибн Жәбалді Йеменге жіберді, содан соң Йемен аумақтарының басым бөлігі Исламды қабылдады».

Көріп тұрғанымыздай, Түркістан жеріне қандай да бір сахабаның жіберілгендігі туралы ешқандай дерек жоқ. Ендеше, Түркістанға сол жердегі патшаға немесе әмірге сахабаны аттандырмаған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ахмет есімді балаға құрманы аманат етіп тапсыру үшін жіберді деу және сол аманатты өзі қайтыс болғаннан кейін төрт ғасырдан астам уақыт өткен соң орындау үшін біреуге қолма-қол берді деп айту – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құдіреті жетпеген нәрсені қандай да басқа біреуге телу және ұятсыздығы мен көлемі бойынша Аллаһқа және Оның Елшісіне жапсырылған ең қисынсыз өтіріктің бірі екендігінде дау жоқ. Әрі мұндайды айтатын адам Аллаһқа да, Оның Хақ дініне де, Қасиетті Кітабы – Құранға да, соңғы Елшісі Мухаммадқа да жала жапсырған болады. Аллаһ Тағала бізді мұндай қисысынсыз

өтірікке сенуден де, оны таратудан да, куә болудан да сақтасын. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларын өзімен бір уақытта өмір сүрген патшаларға оларға Исламды жеткізу үшін және қайтып оралуы үшін жіберді, алайда ол ешкімді қандай да бір құрманы немесе сәлдені немесе сия қобдишасын әлдебіреулерге аманат етіп тапсыру үшін жіберген жоқ. Сондай-ақ біз сахабалардың сол жерлерде немесе сол жерлердің патшаларының алдында қандай да бір муғжизалар істегенін де байқамаппыз. Біз олардың тапсырылған жолдауларын тапсырып қайта оралғандарын ғана білеміз.

3-бөлім. Дүниенің түкпір-түкпірінде ең соңғы болып қайтыс болған сахабаларды тізіп айту және олардан кейін бұл жерлерде сахабалардан ешкім болмағандығын дәлелдеу

Хафиз Ибн әс-Саләх **«Мұқаддима улюм әл-Хадис»** еңбегінде (296-300 беттер) былай деп айтқан екен: «*Жер бетінде қалған соңғы сахаба Абу Туфәйл ‘Амр ибн Уасилә һижраның 100-ші жылы қайтыс болды*».[9]

Ал дүниенің бөліктеріне келер болсақ, онда Мәдинада қайтыс болған соңғы сахаба Жәбир Ибн ‘Абдуллаһ еді, мұны имам Ахмад Қатададан жеткізгендей. Сондай-ақ Мәдинада соңғы болып қайтыс болған сахаба Сәһл ибн Са’д немесе әс-Саиб ибн Язид еді деп те айтылады[10].

Олардан Басрада ең соңғы қайтыс болған сахаба Әнас ибн Мәлик еді.

Олардан Куфада соңғы қайтыс болған – ‘Абдуллаһ ибн Аби Ауфа.

Шамда соңғы қайтыс болған сахаба ‘Абдуллаһ ибн Буср немесе Абу Умама еді.

Мысырда соңғы қайтыс болған -‘Абдуллаһ ибн әл-Харис ибн Жәз әз-Зубәйди.

Палестинаға келер болсақ, онда соңғы қайтыс болған сахаба Абу Убай ибн Умм Харам болатын.

Дамаскіде – Уасилә ибн әл-Аска’.

---

[9] Хафиз әл-‘Ирақи осы сөздерге түсіндірме жасап, былай деген: «*Әрі дұрыс пікір – автор (яғни Ибн әс-Саләх) атаған пікір, бұған «Соңғы сахаба Сәһл ибн Са’д еді», – деп айтқан Жәрир ибн Хазимнан басқа мухаддистер арасында келіспеушіліктер жоқ, бірақ ол «Мәдинада қайтыс болған сахабалардың ең соңғысы» дегенді меңзеген болуы мүмкін*». (Қз.: «Тақйид уәл-Идах» 296-бет).

[10] Осы кітапты зерттеу барысында біз «Мәдинада қайтыс болған соңғы сахаба әс-Саиб ибн Язид еді» деген пікір сенімдірек деген қорытындыға келдік. Ал Аллаһ жақсырақ біледі!

Хомста – ‘Абдуллаһ ибн Буср.

Ямамада – әл-Хармас ибн Зияд.

Жәзирада – әл-‘Арс ибн ’Амира.

Африкада – Руәйфи’ ибн Сабит.

Шөлдегі бәдәуилердің арасында ең соңғы қайтыс болған сахаба – Сәләма ибн әл-Ақуа’»[11].

Біз көріп тұрғанымыздай, мұсылман үмметінің екі хафизы – Ибн әс-Саләх пен әл-‘Ирақи сахабалар өткен жердің барлық бөліктерін егжей-тегжейлі етіп, тізіп атады. Бірақ олардың ешқайсысы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан кім болсын Түркістан жерінде өмір сүрді деп айтпады.

Біздің аймақтарымызға ең жақын орналасқан хафиз әл-Ирақи атаған жерлер Самарқан әрі Сижистан болып табылады, алайда олар да, біріншіден, бізге айтарлықтай жақын емес, екіншіден, Укашаның Самарқан жерінде болмағаны сенімді түрде анық, ал үшіншіден, Арыстан Баб деген сахабаның болғаны және ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде жасы үш жүзді толтырғаны, әрі Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейін де төрт жүз жыл өмір сүріп, не үшін қажетті болғаны белгісіз құрманың дәнегін жас балаға аманат етіп тапсырғаны есі дұрыс адамның сенуіне келмейтін қисынсыз өтірік екендігі айдай анық емес пе?!

Ал хадистану ғылымынан, сондай-ақ хадис жеткізушілер туралы ғылым мен кітаптар туралы кішігірім болса да хабары бар адамның Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларынан кім болса да Түркістан жерінде болғанын және солай бола тұра табиғиндерден (сахабалардың ізбасарларынан), немесе хадис жеткізушілерден, немесе жай ғалымдардан ешкім оған хадистерді алу үшін ұмтылмағанын елестетуі мүмкін емес. Сондай-ақ егер сахабалардан біреу-міреу Түркістан жерінде соншалықты ұзақ өмір сүріп, сол жерде қайтыс болып, жерленген болғанда, хадис жеткізушілер туралы кітаптарда немесе сахабалардың ізбасарларының өмірбаяндарында сол сахабаларды көрген және олардан хадис жеткізген жүздеген табиғиндердің есімдері аталған болар еді. Алайда біз мұны да таппаймыз. Әрі

---

[11] Осы (**«Муқаддима улюм әл-Хадис»**) кітапқа жасаған өзінің түсіндірмесінде хафиз әл-‘Ирақи былай деп қосымша жасаған: «*Харасанда соңғы қайтыс болған Бурайда ибн әл-Хусайб еді. Рухжада (Сижистанның провинциясы) әл-‘Ада ибн Хауза қайтыс болды. Асбаханда соңғы болып ән-Нәбиға әл-Жә’ди қайтыс болды. Сахабалардан Таифта ең соңғы қайтыс болғаны – ‘Абдуллаһ ибн ’Аббас еді. Ал Самарқанда Қасам ибн әл-‘Аббас қайтыс болды*» (Қз.: «Такйид уәл-Идах» 299-300 беттер).

біз жеткізушілер тізбегінде біреу болса да, мейлі ол әлсіз немесе сенімді болсын, Түркістандық жеткізушісі болған бірде-бір әлсіз де, сенімді де хадис таппаймыз.

4-бөлім. Сахабалар жалпы дүниенің қай жақтарына дейін барып жеткендігі туралы фактілерді келтіру

Исламның таралуы туралы, мұсылман халықтарының өмірі туралы жинақтар мен энциклопедиялар өте көп. Олардың барлығы іс жүзінде өзара бірдей фактілер туралы айтады, әрі тарауды созып жібермеу үшін Ислам тарихы бойынша ең кең көлемді энциклопедиялардың бірі болған **«Тарих ул-Ислам уә уафият әл-машахир уәл-ағләм»**[12] еңбегіне сүйеніп, сахабалар қай жерлерге дейін жеткендігі туралы тарихи фактілерді келтірумен шектелеміз. Оның авторы атақты тарихшы имам Шамсуддин Мухаммад ибн Ахмад әз-Зәһаби болып табылады (748 һ/ж қайтыс болған).

Бұл тарауда бізді қызықтыратыны «Сахабалар Түркістан жеріне дейін жетті ме?» деген сұрақ болғандықтан, біз тек біздің жерлерімізге қатысты оқиғаларды ғана келтіреміз.

Имам әз-Зәһаби былай деген:

«Һижраның 41-жылының уақиғалары: осы жылы ʻАбдуррахман ибн Самура **Заранжты**[13], сондай-ақ **Ахуазаның** кейбір елді-мекендерін басып алды.

43-жыл: ʻАбдурраһман ибн Самура **Зуннәж**[14] қаласын және **Сижжистанның** басқа қалаларын басып алды.

54-жыл: ʻУбайдуллаһ ибн Зияд әскери жорық жасай келе, **Бұхараның** жерлеріне еніп кірді де, **Рамисан**[15] елді-мекенін, сондай-ақ **Насаф** пен **Байканыдты**[16] алды. Сонымен қатар ол **Жайхун (Амудария)** өзенін түйелер үстінде кешіп өтті де, осы атақты өзенді кесіп өткен алғашқы араб болды.

56-жыл: осы жылы Даххак ибн Қайс Куфадан Масқалә ибн Хубайра әш-Шайбаниді **Табаристан** жаққа қарай бағыттап жіберді. Оларға әскери жорық жасап, Масқалә оларды бес жүз мың

---

[12] «Дар ул-Кутуб әл-ʻилмия» баспасы.

[13] Сижжистан аймағындағы қала. Қз.: «Муʼжам ул-Булдан» 3/138.

[14] Қабулдың аумағындағы (қазіргі Ауғанстан) елді-мекен. Қз.: «Муʼжам ул-Булдан» 3/38.

[15] Бұхараның аудандарының бірі (қазіргі Өзбекстан). Қз.: «Муʼжам ул-Булдан» 3/18.

[16] Бұхара мен Жайхун аралығындағы қала. Қз.: «Муʼжам ул-Булдан» 1/533.

дирхам көлемде алым-салық төлеуге мәжбүрледі. Сондай-ақ Халифа ибн Хаяттың «Тарихын» (223-бет) қараңыз.

Сондай-ақ сол жылы Му'ауия Са'ида ибн 'Усман ибн 'Аффанды Мухәллаб ибн Аби Сафра әл-Аздимен және Аус ибн Са'ләбамен бірге Самарқанды бағындыруға жіберді. Оларға қарама-қарсы Самарқанның билеушісі басқарған әскер шықты. Кескілескен ұрыстардан кейін мұсылман әскерлері дұшпанды олардың аумағына тікелей шегінуге мәжбүрледі. Ал содан соң қарсылас алым-салықпен құтылды. Қз.: Халифа ибн Хаят «Тарих» 224-бет және әт-Табари «Тарих» 5/305.

62-жыл: Сәлм ибн Ахуар **Хорезмге** әскери жорық жасады, әрі оның тұрғындары алым-салықпен құтылды. Содан соң Сәлм **Самарқан** тарапқа қарай бағыт алды, оның тұрғындары да алым-салық төлеп құтылды.

67-жыл: Әзірбайжан алынғаннан соң**,** Мус'аб Мухалләб ибн Аби Сафр әл-Аздиді осы аймақты басқаруға жіберді. Қз.: әт-Табари «Тарих» 6/116.

82-жыл: осы жылы Мухаммад ибн Маруан **Арменияға** әскери жорық жасады. Қарсыластың әскері қашты. Содан соң аймақ тұрғындары алым-салық төлеп құтылды. Мухаммад ибн Маруан оларға билеуші ретінде Абу Шейх ибн 'Абдилләһты жіберді. Біраз уақыт өткен соң оған қиянатшылдықпен қастандық жасалады, соның салдарынан ол қайтыс болды. Қз.: Халифа ибн Хаят «Тарих» 228-бет.

83-жыл: осы жылы Абдул-Мәлик ибн Маруан Әзірбайжан мен Армения үстінен билікті өзінің бауыры Мухаммад ибн Маруанға берді.

84-жыл: осы жылы Мухаммад ибн Маруан **Арменияның** қалған жерлерін толық бағындырды.

87-жыл: Кутайба ибн Муслим **Бұхара** жерлеріне әскери жорық жасады**.**

88-жыл: осы жылы Кутайба ибн Муслим **Ферғана** жерлеріне ұлы жорық жасады**.** Сол кезде сол жерлерді Қытай билеушісінің жиені басқаратын. Әскерлерге қарсы дұшпанның екі жүз мыңдық әскері шықты. Дұшпанның көп болуына қарамастан, Кутайба қарсыласты талқандады. Қз.: Халифа ибн Хаят «Тарих» 300-бет.

92-жыл: осы жылыАллаһ Тағала мұсылмандарға түркілердің жерін ашты.

93-жыл. Осы жылы Кутайба ибн Муслим **Хорезмге** әскери жорық жасады**.** Қарсылас алым-салық төлеп, он мың бас мал беріп құтылды. Содан соң Кутайба **Самарқанға** қарай бет алды. **Самарқан** әскерлері кескілескен қарсыластық көрсетті. Кутайба олар бір миллион екі жүз мың дирхем алым-салық төлеуге

келіспейінше әрі сол жылы отыз мың бас мал төлемейінше оларды қоршаудан шығармады.

94-жыл: Осы жылы Кутайба ибн Муслим **Қабыл** тарапқа қарай бағыт алды да, оны басып алмайынша қоршап алып, шабуыл жасады. Кейін ол **Ферғанаға** бет алды да, оны күшпен басып алды».

Көріп тұрғанымыздай ешқандай арабтың құрма дәнегін беру үшін Түркістан төңірегіне келгендігі туралы сөз болып тұрған жоқ. Келтірілген деректерге сүйеніп, біз мұсылмандардың һижраның 100 жылына қарай тек қазіргі Өзбекстан, Әзірбайжан, Армения, Ауғанстан жерлерін бағындырғанын көре аламыз. Түркістанға бұл алыс болмаса да, бірақ жақын да емес. Ал һижраның жүзінші жылынан кейін орын алған оқиғаларға келер болсақ, олар біздің талқылап жатқан мәселемізге еш қатысы жоқ, өйткені соңғы сахаба Абу Туфәйл ‘Амр ибн Уасилә һижраның 100 жылы қайтыс болды да, содан соң жер бетінде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көзін көрген бірде-бір адам қалмады. Осының барлығы және басқа да фактілер сахабалар Түркістан жеріне еш келмегеніне және онда жерленбегеніне дәлел бола алады.

Ал барлық мақтау-мадақтар тек әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән!

7-ТАРАУ

ҚАБІРЛЕРДІ НАҚТЫЛАП БЕЛГІЛЕП ҚОЮ ШАРИҒАТТА МАҚҰЛДАНАТЫН НӘРСЕ МЕ?

Жалған және жорамалды қабірлерді нақтылап белгілеу тәсілі ежелден мәлім, әрі Түркістанда «қасиетті» қабірлердің табылуы да аталмыш тәсілді кезекті қолданудан өзге еш нәрсе емес.

Бүкіл дүние бойынша көптеген пайғамбарлардың, сахабалардың, имамдардың, одан қалса жалған «әулиелердің» өтірік қабірлері орналасқандығы белгілі. Сондай-ақ жорамалды болғандары да аз емес. Оларда аталған тұлғалардың жерленгеніне ешқандай салмақты дәлелдер жоқ.

Ал мұның себебі қандай да бір жерде қандай да бір сахабаның, имамның, («әулиенің») жерленгендігін білуден ешқандай діни пайда жоқтығында. Кім қай жерде жерленгендігі туралы қам жеудің дінге еш қатысы жоқ. Олай болмаған жағдайда Аллаһ Тағала бізге міндетті түрде Оның қай пайғамбары қай жерге жерленгендігін хабарлар еді, ал осы үмметтің имамдары сол деректерді жазып қояр еді. Бұдан қалса, бұл туралы хабарларды жасыру негізі түрлі қабірлерге деген шектен тыс құрмет көрсетудің салдарынан қалыптасатын көпқұдайшылыққа алып барар жолды бөгеттеу болып табылады.

Абу әл-Хайяж әл-Асади ‘Али ибн Абу Талибтың оған былай деп айтқанын баяндаған: *«Сені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған берген тапсырма сияқты тапсырманы орындауға жіберейін бе? Ол мені бірде-бір бейне қалдырмастан, оларды өшіріп тастау үшін және бірде-бір биік қабір қалдырмастан, оларды тегістеп тастау үшін жіберген болатын»* (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 969; Абу Дауд 3218; Тирмизи 1049; Нәсаи 2030; Ахмад 1/96, 124).[17]

---

[17] Бұл хадисте «кез-келген адам өз қалауы мен тұжырымы бойынша кез-келген қабірлерді бұза беруіне болады» дегенге дәлел жоқ. Керісінше, =

Ал қабірді белгілеп қоюға қатысты айтар болсақ, онда бұл мәселе өз алдына екі жеке мәселеге бөлінеді:

1) Белгілі бір жер қабір екендігін және адамдар оның үстінен жүрмеу үшін және оның үстіне отырмау т.с.с. үшін белгілеп қою.

2) Белгілі бір қабірде белгілі бір адам жерленгенін білдіру үшін сол қабірді белгілеп қою.

Бұл мәселелерді түсіндіру, түрлі мәзһабтардың дәлелдері мен пікірлерін келтіру бұл кітаптың мақсаты емес, сондықтан да мен осы жерде жалпы қорытындыны ғана айтып кетемін.

Белгілі бір жердің бос жатқан кеңістік емес, қабір екендігін белгілеу шариғатта мақұлданатын амал болып табылады. Ал қабірді онда жатқан адамды нақты белгілеп көрсету мақсатында қандай да бір затпен белгілеу мақұлданатын іс емес, бірақ рұқсат етілген амал.

Бірақ бәрінен қызығы – ханафи мәзһабы ғалымдарының қабірді нақты белгілеп қоюды құпталмайтын (мәкрух) деп санауы. Қз.: «Тухфат ул-Фуқаһа» 1/256, «Табйин әл-Хақаиқ» 1/246, «Бадаи' ус-Санаи'» 1/320. Әрі бұл істің мәкрух болуы қабірді белгілеу белгілі бір жазуларды түсіру арқылы іске асатын болса, күшейе түседі. Қабірді белгілеу үшін оған жазу жазуды ғалымдардың басым бөлігі (жумхур) мәкрух[18] деп санайды. Олардың арасында имам Абу Ханифаның ең жақын шәкірттері болған ханафи имамдары – Абу Йусуф (Я'куб ибн Ибраһим) (Қз.: «Тухфат ул-Фуқаһа» 1/256, «Бадаи' ус-Санаи'» 1/320) және Мухаммад ибн әл-

---

= бұл хадисте осындай амал тек әмірдің (билеушінің) бұйрығымен орындалатындығына дәлел бар. Ал біздің кезіміздегі кейбір білімсіз мұсылмандар пайда мен зиян мәселесін түгілі, қабірлерді тегістеуге қатысты хадистерді толық зерттеп білместен, өзге адамдардың қабірлерін осы немесе өзге хадистерді өздігінше түсініп, өз тұжырымдарына сүйеніп, қиратып жатқан жайттарға келер болсақ, бұл – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннеті мен манһажына қайшы келетін, пайдасына қарағанда зияны көбірек амалдардан. Яғни мұндай нәрселерді өз бетімен (мемлекет басшысының санкциясынсыз) істеуге болмайды. Өйткені Исламда өз бетімен кетушілік пен анархияға орын жоқ. Ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі.

[18] «Мәкрух» (құпталмайтын) деген термин түрлі мәзһабтардың терминологиясында құпталмайтындықты да, тыйым салынғандықты да білдіреді. Ханафи мәзһабына келер болсақ, «мәкрух» дегеннің астарында құпталмайтындық та, тыйым салынғандық та меңзеледі. Бұл туралы ханафи имамы Ибн Нужайм «Канз уд-Дақаиқ» еңбегіне жазған түсіндірмесінінің түгел барысында жазып өтеді. Бұл дегеніміз, біздің өздерін ханафилікке телитін кісілеріміз өз көзқарастарын «Ханафи мәзһабында бұл тыйым салынбаған, алайда тек құпталмайтын амал деп айтылған» деген сөздермен дәйектеуіне болмайды дегенді білдіреді.

Хасан әш-Шәйбани бар. Олар Жәбир ибн ʻАбдуллаһтың былай деп баяндаған хадисіне сүйенеді: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірді гипспен жабуға, сондай-ақ оның үстіне жазуға және оны аяқпен басуға тыйым салған*». Ал тағы бір риуаятта: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірге қандай да жазу жазуға тыйым салған*», – деп келеді (**хадис сенімді (сахих), имам Муслимнің шарттарына сәйкес келеді;** Қз.: «Тахқиқ әл-Хабир» 2/132; Абу Дауд 3226; Нәсаи 2026; Тирмизи 1052; Ибн Мәжаһ 1563 (соңғы риуаят соған тиесілі); және басқалар).

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан біз қабірлерді нақтылап белгілеп қою үшін қам жеу шариғатта құпталатын (сауапты) нәрсе болып табылмайтындығы туралы қорытынды жасаймыз. Сондай-ақ Түркістанға сапарға шығуды жақтайтындар адамдарға осы жерлерде кімдер нақты жерленгенін айтуға ерекше көңіл бөліп, осынысында Құранға да, Аллаһтың Елшісіне де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сахабаларға да, әрі осыған қоса өз мәзһабтарына да қарама-қайшы әрекет жасауда.

Оларды бұған кім үйретті?! Олар кімге ілесуді өз мәзһабына ілесуден де артығырақ көреді?!

Осы «сәнді» мұсылмандардың арасына алғаш Аббасси халифатының дәрменсіз кезеңінде болған Убайдилер мемлекетіндегі рафидилер (шектен шыққан шиғалар) һижраның 300 жылы енгізген еді. Кейін осы «сәнді» олардан түрлі сопы тариқаттарының өкілдері қабылдап алды да, оны мұсылмандар арасында таратты.

Бидғатшыларда қабірлерді нақтылап белгілеп қою төрт дәйекке негізделеді:

1) Түстер.

2) Белгілі бір аймақта хош иістің сезілуі.

3) Сол жерде (олардан басқа ешкім байқамаған) таңғажайып мистикалық құбылыстардың болуы. [19]

4) Сенімсіз, өтірік «тарихи» деректер. Қз.: «әл-Фәтауа» 27/457-459.

---

[19] Мысалы, Түркістандағы «Укаша Ата» мазары мен құдығындағы жаны таза адам құдыққа тастаған шелек суға толып келетіні, ал жаны таза емеске ол бос қайтатыны сияқты өтірік муғжизалар.

8-ТАРАУ

ДҮНИЕНІҢ ЖАН-ЖАҚТАРЫНДА КӨПТЕГЕН ЖАЛҒАН ЖӘНЕ БОЛЖАЛДЫ ҚАБІРЛЕРДІҢ БАР ЕКЕНДІГІ ТУРАЛЫ

Түркістанда жалған қабірлердің табылуы жаңалық болып табылмайды. Бұл құбылыс бүкіл мұсылман әлемінде кең таралған. Бұл тарауда біз тек бұл жалған немесе болжалды қабірлердің кейбіреулерін ғана атап кетеміз.

1) Кирк қаласындағы (Ливан) Нұх пайғамбардың қабірі. Бұл қабір һижраның жетінші жылы табылды. Оған осы аймақта біреу хош иіс сезінгені, содан соң үлкен сүйектер табылғаны негіз болды. Әрі, әрине, «зерттеушілер» айналада осындай ірі сүйектерге толы қабірлер болуына қарамастан, бұл сүйектер Нұх пайғамбарға тиісті болуы мүмкін деген қорытынды шығарды. Қз.: «әл-Фәтауа» 27/459

2) Дамаскідегі Худ пайғамбардың қабірі. Бұл қабір Худ пайғамбарға өтірік телінеді, бұл туралы тарихшылар арасында келіспеушіліктер жоқ. Өйткені Худ пайғамбар Шам жерінде ешқашан болмаған. Ол Йеменде өмір сүрген халыққа жіберілген болатын. Кейін ол Меккеге қоныс аударды. Қз.: «әл-Иқтида» 2/651.

3) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немересі – Хусайн ибн ʻАли ибн Абу Талибтың Каирдағы қабірі.

Ал іс жүзінде Хусайнның денесі Карбалада жерленген, әрі бұл туралы тарихшылар арасында келіспеушіліктер жоқ. Қз.: «әл-Бидая уән-Ниһая» 8/203. Бұл сондай-ақ Каирдің һижраның төртінші ғасырында салынғандығы себепті де. Оны рафиди-шиғалар салған болатын. Қз.: «ән-Нужум уз-Захира» 1/408.

Дәл солар Хусайнның Каирда жерленгендігі туралы оқиғаны ойдан тоқыды, өйткені шиғалар Али ибн Абу Талибты және оның отбасын шектен тыс ұлықтайды. Ал енді, қалайша һижраның

бірінші ғасырында өлтірілген Хусайн төртінші ғасырда салынған Каирда жерленді?

Ал оның басы туралы айтар болсақ, оның жерленген жері туралы сегіз түрлі пікір бар: Мәдина, Дамаск, Каир, Карбала, Халәб, ʼАсқалән, Мерв, Ракка. Сенімді пікір – оның Мәдинада жерленгендігінде. Қз.: «әл-Фәтауа» 27/450-489.

4) Дамаскідегі Убай ибн Каʼбтың кесенесі. Тарихшылар оның Мәдинада жерленгеніне және ешқашан Дамаскіде болмағанына бірауызды келіскен. Қз.: «Әсна ул-Мәталиб» 286-288 беттер.

5) Маусыльдағы ʻАбдуллаһ ибн ʻУмардың қабірі. Тарихшылар оның Меккеде қайтыс болғанына және жерленгеніне бірауызды келіскен. Қз.: «әл-Ихтиярат әл-Фиқһия» 97-бет.

6) Мысырдағы ʻУқба ибн ʻАмирдің қабірі. Адамдар бір наданның түсіне сүйеніп, ол дәл сол жерде жерленген деп есептейді. Қз.:«Әсна ул-Мәталиб» 286-288 беттер.

7) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұбайлары – Умм Сәләма мен Умм Хабибаның Дамаскідегі қабірлері. Бұл анық өтірік болып табылады, өйткені Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық әйелдері Мәдинада қайтыс болған. Қз.: «әл-Фәтауа» 4/516.

Сондай-ақ Сайидат Зәйнабтың (Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немересі) Каирдағы қабірі. Бұл да айқын өтірік, өйткені ол тірі кезінде де, қайтыс болғаннан соң да, ешқашан Мысырда болмаған.

Тура осыны Бадауидің Тантадағы, имам Абу Ханифаның Бағдадтағы, Абу Айюб әл-Ансаридің Стамбулдағы, Саләхуддин әл-Айюбидің Дамаскідегі кесенелері, т.б. кесенелер туралы да айтуға болады. Қз: «әл-Фәтауа» 27/170.

Ал Түркістандағы, Сайрандағы «сансыз «бабтар» мен Қазақ жеріне саңырауқұлақтай жайылған түрлі «аталардың» кесенелері туралы айтар болсақ, біріншіден, олардадың сол адамдарға тиісті екені де, ал, екіншіден, олардың кім болғанының өзі де күмәнді-ақ, мысалы, Тараздағы кесенесін қабірге табынушылар құлшылық орнына айналдырған Қарахан бабаның, немесе Айша бибінің Аллаһқа қандай жақындығы бар екендігіне қандай дәлелдер бар; әрі дәлел бар ма? Олар әулие кісілер болғандығына дәлел болғанның өзінде де (ал бұл мүмкін емес), олардың қабірін құлшылық орнына айналдырып, олардан тілеп бару, тіпті дәнекер ретінде сұрау – бұл, жоғарыда айтып кеткеніміздей, Аллаһқа серік қосудан басқа еш нәрсе емес.

Жоғарыда аталған қабірлер, кесенелер т.б. «киелі, әулиелі, қасиетті» деп негізсіз аталатын орындар айқын өтірік немесе болжалды болып табылады. Олардың барлығына дерлік тұрақты

түрде зиярат етіледі, олардың басында пұтқа табынушылық рәсімдері жасалып, құрбан шалынады. Олардың кейбіреулерінің басында жылдың белгілі күндерінде миллионға жуық адамдар жиналады. Ибн Бәтута былай деген: *«Осындай әртүрлі кесенелердің дүние бойынша жүздеген және мыңдаған саны бар. Өте жиі жағдайда осы кесенелерді зиярат ету барысында қатты сығылысу салдарынан топ-топ адамдар қаза табады».* Қз.: «Фахрис рихлә Ибн Бәтута» 783, 789 беттер.

Мұсылман елдеріндегі адамдардың басым бөлігінде діни сауаттың болмауы және Сүннеттің ғалымдарын ешкім тыңдамайтындығы немесе адамдар бірқұдайшылықты әлсіз насихаттайтыны нендей келеңсіздіктерге алып келетіндігіне қараңыздар.

Осы жолға бүгінгі күні Түркістанға, Бекет Атаға тағы басқа қабірлерге арнайы сапар ұйымдастырушылар да ілесуде. Осының нәтижесінде посткеңестік аймақта Түркістан сияқты пұтқа (қабірлер мен әруақтарға) табынушылықтың ең ірі жиын орыны қалыптасып, қарқынды түрде дамуда. Ал өз дініне қатысты азғантай болса да қызғаныш танытатын адам қалайша мұндайға үнсіз қала алады? Сіздер ұлы және хақ дінімізді биге, ысқыруға, шапалақ ұруға, қабірлер айналып тәуап жасауға, экстаз бен естен шығуға, «Аллаһ Өз жаратылыстарына сіңіп кеткен», – деп айтатын идеологияға, ырымдар мен пұтқа табынушылық сенімдерге ауыстыруын қалайсыздар ма? Ендеше, өздеріңізді және отбасыларыңызды отыны адамдар мен тастар болатын Отқа тастайтын көпқұдайшылықтан, бидғаттардан құтқарудан бастаңыздар.

9-ТАРАУ

АДАМДАРДЫҢ КЕЙБІР ЗАТТАР, ЖЕРЛЕР ЖӘНЕ УАҚЫТТАР ФИЗИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БЕРЕКЕГЕ ИЕ (ТАБАРАК) ДЕГЕН СЕНІМДЕРІ

Көпқұдайшылықтың келесі көптеген сатыларының пайда болуының себебі Құран мен Сүннетте дәлел болмаса да, адамдардың «кейбір заттар, жерлер немесе уақыттар құт-берекеге ие және берекелді» деген сенімдері болып табылады.

Көптеген адамдар егер жердің қандай да бір бөлігінде әлдебір кезде қандай да бір атаулы оқиғалар орын алған болса (мысалы, маңызды шайқастағы жеңіс немесе бір салиқалы адамның осы жерде өмір сүріп ғибадат етуі), онда осы жер киелі және қасиетті болып, иләһи (құдайлық) құт-берекеге ие болады деп тұжырымдайды. Тура сол қате тұжырым басқа да: тастар, ағаштар, ғимараттар, құдықтар, өзендер, бұлақтар, жартастар, т.с.с. – заттарға да қатысты қолданылады. Көпшілік егер белгілі бір ағашты салиқалы немесе ұлы кісі отырғызған болса немесе әлдебір қабірде ұлы діни қайраткер тұлға жерленген болса, онда бұл заттар айналасындағыларға, егер адамдар оларды сипаса немесе денесін тигізсе немесе олардың қасында тұрса, иләһи (құдайлық) құт-береке, тылсым игілік сыйлай алатын қасиетке ие болады деп тұжырымдайды.

Бұл сенімдердің негізінде адамдардың белгілі бір жер немесе ағаш мұғжизалы, әулиелі; пәлен өзен немесе бұлақ ауруға шипа беретіндей қасиетті деген ата-бабаларынан естіп алған түрлі әңгіме-қиссалары мен ертегі-аңыздары жатыр. Сондай-ақ мұндай сенімдердің көбі өз бастауын жалған хадистерден де алады. Бұған мысал ретінде мына хадисті келтіруге болады: «*Егер сендерден біреу тас туралы жақсы ойласа, Аллаһ оны ол үшін пайдалы етеді*» (**хадис өтірік, иснады жоқ;** әл-ʻАжлюни «Кашф ул-Хафа» 2/152).

Қадірменді оқырман, әрине, мұндай жайттармен кездескен болар. Мұндай нәрселер қандай да бір туысқаның туристік сапардан оралып, бір нәрсені, мысалы, теңіз бақалшығын сыйлаған кезде жиі орын алады. Осы орайда ол: «Бұл бақалшық сенің тұмарың болуы керек, өйткені ол жай бақалшық емес», – дегендей сөздерді айтады. Алайда бұл бақалшық осы тәрізді басқа да миллиардтаған бақалшықтардан несімен ерекшелене қойды екен?!

Ал осындай сенімдер араларында алғаш болып тараған қауым ежелгі гректер болса керек. Олардың басына бір ауыртпалық түссе олар қабірлерге, мысалы, Аристотельдің қабіріне, баратын да, оның қабірінен өздеріне бір құт-береке келеді (қонады) деген сеніммен оның айналасына шоғырланып отыратын. Қз.: «Жухуд ‘уләма әл-ханафия» 1586-1587 беттер. Тура осы көріністі Арыстан Баб, Қарахан Баба, Бекет Ата, Райымбек Ата қабірінің немесе ғибадат орнына айналған басқа да қабірлердің айналасына отырып алып, осыдан құт-береке немесе басқа да тылсым игіліктер күтетін біздің отандастарымыздың әрекеттерінен көруге болады.

Кейін өздерін Исламға телитін түрлі пәлсапашылар (философтар) келді де, гректерден осы идеологияны қабылдап алды. Олардың арасында әл-Фараби (339 һ/ж), Ибн Сина (428 һ/ж), сондай-ақ солар тәрізді әр-Рази, Тафтазани, ән-Набхани және Кәусари бар. Олардың идеясы жалпы алғанда мына екі нәрсені қамтыған: ұлы адам қайтыс болғаннан кейін де Аллаһ алдында құрметті және Оған жақын болуы себепті оның рухы Аллаһтан береке алып тұра береді. Сондықтан да егер біреу-міреу оның қабірін зиярат етсе, сол береке оған да қонады. Бұл құбылыстың мысалы айна күннің сәулелерін шағылыстыратыны секілді. Сондықтан да басқа еш нәрсеге көңілді бұрмастан, зейінді жерленген кісіге шоғырландыру керек және жүректі тек соған ғана бағыттау қажет, соның нәтижесінде құт-береке молырақ түседі-мыс.

Осы пәлсапашылардың басым бөлігі ханафи мәзһабына телінген болғандығы себепті тура сол сияқты Түркістанға, Бекет Атаға немесе басқа да осы тәрізді жерлерге сапар ұйымдастырушылар да өздерін ханафи мәзһабына телитіндері сияқты дәл ханафи мәзһабының ғалымдары осы жалған идеологияны теріске шығарудың жауапкершілігін өз мойындарына алды. Олардың арасында имам Уалиуллаһ әд-Дахләуи (Қз.: «Хужжату-Ллаһил балиға» 1/61), сондай-ақ имам Ибн Абил ‘Изз бар (Қз.: «Шарх ‘ақида әт-Тахауия» 21-бет).

Имам Ибн Абил ‘Изз былай деген: «*Тәуассулдің (Аллаһтан тілеуде белгілі бір нәрсені дәнекер етудің) бұл түрі арабтар мен үнділерден, түркілер мен берберлерден болған өзге мүшриктердің көпқұдайшылығының негізі болып табылады*».

Олардың арасында сондай-ақ осыны *«көпқұдайшылдардың дінінің негізі»* деп атаған имам Ну'ман әл-Алюси де (Қз.: «Жәлә ул-'айнайн» 444-бет), сондай-ақ ханафи мәзһабының басқа имамдары да бар. Қз.: «Жухуд 'уләмә әл-ханафия» 1281-1309 беттер, сондай-ақ «әл-Қа'ида әл-Жәлилә» 81-82 беттер.

Ал бүгінгі күнге келер болсақ, бұл идеологияны өз бойларында сопылардың дьюбандия тариқатының өкілдері алып жүреді. Қз.: «әс-Сауних әл-Қасимия» 332-333 беттер. Олардан асқан адасқандарды табудың өзі оңай іс емес. Мысалы, олар салиқалы адамның («әулиенің») кесенесі Қағбадан да, тіпті Аллаһтың Аршы мен Күрсиінен де құрметтірек деп есептейді. Олардың бұл идеологиясын «Зубдат ул-мәнасиқ» кітабында (58-бет) кездестіруге болады. Қз.: «Таммат әд-Дьюбандия» 635-662 беттер. Сондай-ақ дәл осы идеология ғаламшарларға (жұлдыздарға) сиынатын пұтқа табынушылардың дінінің негізі болып табылады. Олар сондай-ақ рух пен ғаламшардың арасында тығыз тылсым байланыс бар екендігіне және көзге көрінбейтін арналар арқылы рухқа ғаламшарлардың құт-берекесі өтетіндігіне сенеді. Сондықтан да көптеген халықтарда ғаламшарларға, жұлдыздарға сиынуды, осы ғаламшарлардың аттарымен өздерін атауды, олардың мүсіндері мен бейнелерін кездестіруге болады. Олардың сенімдеріне сәйкес, бұл мүсіндер ғаламшарлардың құт-берекесін магнит секілді тартып тұратын «спутниктік антенна» қызметін атқарады да, сонысымен осы арнаны күшейтіп арттырады.

Ал қабірге табынушылардың сенімінде қабірлер мен «әулиелер» де тура осы рөлді атқарады. Дәл сондықтан да қабірге табынушылар үнемі қабірлердің басына кесенелер, мешіттер және басқа да ғимарат-құрылыстар соғуға ұмтылады. Бұл Құдайдан түсетін құт-берекенің мөлшері барынша үлкен көлемді болу үшін жасалады. Ханафи имамы әл-Баркауидің «Зиярат ул-қубур» кітабын (27-29 беттер) қараңыз.

Егер осының барлығы, құрметті оқырман, сізді таң қалдырған болса, онда осылар сопылық тариқаттар тамырын жайып, ел ішіне адасушылық сенімдерін әбден сіңіріп тастаған біздің елімізде ғана емес, Өзбекстанда, Түрікменстанда, Дағыстанда, тіпті бүкіл посткеңестік кеңістікте ғасырлар бойы өркендеп жатыр. Енді тамырын жайған бұл індетті кейбіреулер бүкіл ел ішінде орнатуға тырысып жүрсе, біздің көптеген молдасымақтарымыз шырақшылардың шырмауына, әруақшылардың арбауына, әулиесымақтардың алдауына түсіп, тәуіптерден тәлім алып, мерттерден медет, демсіздерден демеу, бақилықтардан бақ тілеп, Раббысын, дінін, Пайғамбарын танымай жүрген отандастарымызға осылардың барлығы «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты

құдай жоқ» деген куәлікке қайшы келетіндігін түсіндірудің орнына, мұны үнсіздігімен құптап, тіпті «фитна болмасын» деген сылтауын да айтып жатады. Ал көпқұдайшылықтан асқан фитна бар ма?! Аллаһ Тағала бізге бұл індетпен күресуге көмектессін!

Аллаһ былай деді: **«Сонда олардың күнәкарларының сазайын тарттырдық. Сондай-ақ мүміндерге жәрдем ету бізге міндет»** («Рум» сүресі, 30:47).

Сөйтіп, біз мұны алдында да айтып кеткеніміздей, осы сияқты сенімдерден көпқұдайшылықты енгізудің сатылары туралы тарауда түсіндірілген 3-7 сатыларында көрсетілген көпқұдайшылыққа жетелейтін жолдар келіп ашылады. Осы сатылардың әрқайсысын жеке жан-жақты түсіндіруден бұрын қандай да бір жерлерде, заттарда, уақыттарда құдайлық (иләһи) құт-берекенің болуы және оның адамдарға өтуі (қонуы) туралы сенімдерге қатысты жалпы ережелерді түсіндіріп өту қажет.

1-бөлім. Мәселеге қатысты терминдерді түсіндіру

Ең басында осы мәселеге қатысты терминдерді түсіндіруге тырысамыз.

1) «Барака» (береке, игілік, құт) – бұл қандай да бір нәрседе үнемі ұлғайып-өсетін және көбейетін немесе тым болмағанда азаймайтын көп мөлшердегі игілік пен пайданың тұрақты түрде болуы. Сондай-ақ береке (барака) – бұл игі жемістер мен нәтижелер беретін нәрсе.[20]

2) «Табрик» – шариғатта екі мағынада келеді:

а) Бір адамның басқа адам үшін Аллаһтан береке тілеуі.

б) Аллаһ Тағала Өзінің қандай да бір жаратылысын игілік-берекеге бөлеуі.

3) «Табаррук» – бұл қандай да бір нәрсе (зат) арқылы игілік-береке іздеу және оны қабылдап алуға ұмтылу.

4) «Мубәрак» – өзіне игілік-береке қамтыған қандай да бір нәрсе немесе әлдекім.

Бұл анықтамалардың барлығы Ибн Фаристың «Му’жәм макаис әл-Люға» кітабынан, «Лисан әл-‘Арабтан», «әл-Қамус әл-Мухиттан» алынған.

---

[20] Әрі қарай мәтінде осы терминдердің барлығы араб тіліндегі және қазақ тіліндегі айтылу үлгісінде қолданыла береді.

2-бөлім. Бүкіл игілік, жақсылық және құт-береке жалғыз Аллаһтың Қолында

Бөлімнің тақырыбында аталған сөз осы тараудың ең маңызды негіздерінің бірін қамтиды. Егер оқырман оны игеріп (ұғып) алса, онда Аллаһтың қалауымен көптеген өтірік сенімдерге тосқауыл қоя алады. Аллаһ Тағала былай деді: **"(Мухаммад): «Уа, мүлік Иесі – Аллаһ! Кімге қаласаң мүлік бересің де, кімнен қаласаң дәулетті аласың. Сондай-ақ кімді қаласаң ардақтайсың да, кімді қаласаң қорлайсың. Жақсылық Сенің Қолыңда. Шәксіз, әр нәрсеге Күшің жетеді», – деп айт"** («Әли Имран» сүресі, 3:26).

Ол сондай-ақ: **«Сендердегі әр нығмет Аллаһтан»** («ән-Нәхл» сүресі, 16:53), – деді.

Тағы да Ол былай деді: **"(Мухаммад): «Шын мәнінде кеңшілік Аллаһтың Қолында, Ол кімді қаласа соған береді. Сондай-ақ Аллаһ аса Кең, әр нәрсені Білуші», – деп айт"** («Әли Имран» сүресі, 3:73).

Сондай-ақ: **«Көрдіңдер ме? Рас, Аллаһ сендерге көктердегі, жердегі нәрселерді бой ұсындырды. Және сендерге көрнеу, көмес нығметтерін толықтастырды»** («Лұқман» сүресі, 31:20), – деді.

Тағы Ол: **«Аллаһтың нығыметтерін санасаңдар санына жете алмайсыңдар. Рас, Аллаһ өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді»** («ән-Нәхл» сүресі, 16:18), – деп айтты.

'Али Ибн Аби Талиб Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түнгі таһажжуд намазына тұрған кезінде былай деп айтатынын жеткізген: ***«Мен жүзімді Көктер мен жерді Жаратқанға қараттым. Міне, мен Сенің алдыңдамын және Саған қызмет етуге бақыттымын; барлық игілік Сенің Қолыңда, ал жамандық – Сенен емес; Сен Игісің және Аса Жоғарысың, және мен Сенен кешірім сұрап, Саған тәубе келтіремін!»*** (**хадис сенімді (сахих);** Муслим (771)-201).

Сондықтан да егер игілік пен берекенің барлығы жалғыз Аллаһтың Қолында болса, олардың адамдарда болуы мен тұрақталуы да жалғыз Аллаһтан ғана. Аллаһтың барлық жаратылыстары тек Аллаһтан ғана ризықтанады және өздері мұқтаж болған игіліктер мен нығметтерді алады (бұған адамдар, жындар, періштелер, барлық жанды және жансыз мақлұқаттар: жануарлар да, тастар да, ағаштар да, басқа нәрселердің барлығы да – жатады). Барлық жаратылыстар түгелімен Аллаһқа үнемі мұқтаж болып тұрады, әрі егер Ол игілігі мен нығметтерін бір сәтке болса да тоқтатса, барлық нәрсе өледі.

Аллаһтың сипаттарының бірі – «Табаарак», әрі оның мағынасының бірі «барлық игіліктер тек жалғыз Одан ғана келеді» дегенді білдіреді.

Дәл сондықтан да Құранның қайсыбір аятында болса да «барака» (игілік, береке, құт) сөзі келсе, ол міндетті түрде Аллаһқа телінеді.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһтың мәрхаметі мен молшылығы сендерге болсын, әй, үй тұрғындары! Шынында, Аллаһ Мақтауға Лайық, аса Жоғары»** («Худ» сүресі, 11:73).

Ол сондай-ақ былай деді: **«Сондай-ақ Ол мені кайда болсам да құтты етті»** («Мәриям» сүресі, 19:31).

Ол тағы да: **«Қашан үйлерге кірсеңдер, өздеріңе (бір-біріңе) Аллаһ тарапынан көркем берекет тіршілігін тілеп, сәлем беріңдер!»** («Нур» сүресі, 24:61).

Ибн Мәс'уд бірде сахабалар Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге сапарда болған кезінде, оларда су бітіп қалғанын баяндаған. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) азғантай суы бар бір ыдысқа қолын салды да: *«Құтты суға асығыңдар, ал береке Аллаһтан»*, – деп айтты. Сол кезде су оның саусақтардың астынан аға бастады (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 4/171).

3-бөлім. Аллаһ Тағала Өзінің жаратылыстарынан ішінен кейбіреулерін таңдап ерекшелейді де, оны құт-берекелі етеді.

Сөйтіп, біз өзіміз үшін құт-берекенің барлығы жалғыз Аллаһтың ғана Қолында екендігін ұғып алдық. Осыған негізделіп, Аллаһ Тағала Өз жаралыстарынан кейбіреуін таңдап алып, оларға құт дарытып, берекелі ететінін түсіну қиынға соқпайды. Бұл қандай да бір адамдарға, жер бөліктеріне, уақыттың кесінділеріне т.с.с. нәрселерге қатысты болуы мүмкін.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында, Аллаһ Адам мен Нухты және Ибраһим мен Имранның әулетін әлемдерге ардақты етті»** («Әли Имран» сүресі, 3:33).

Ол сондай-ақ: **«Оны пайғамбарлардың ізгілерінен – Исхақпен сүйіншіледік. Өзіне де, Исхаққа да береке бердік»** («әс-Саффат» сүресі, 37:112-113), – деді.

Сондай-ақ Иса пайғамбардың Құранда келтірілген сөздері де: **"(Ол:) «Рас, мен Аллаһтың құлымын. Ол маған Кітап беріп, пайғамбар етті. Сондай-ақ мені кайда болсам да құтты етті де, тіршілігім бойынша намазды, зекетті орындауға бұйырды», – деді"** («Мәриям» сүресі, 19:30-31).

Сондай-ақ періштелердің Мәриямға айтқан сөздері де: **“Сол уақытта періштелер: «Әй, Мәриям! Шәксіз, Аллаһ сені таңдады, тазартты және әлемдегі әйелдерден ардақты етті», – деді”** («Әли Имран» сүресі, 3:42).

Аллаһ Тағала сондай-ақ: **«Аллаһ періштелерден және адамдардан елшілер таңдап белгілейді. Ақиқатында, Аллаһ – Естуші, Көруші»** («Хаж» сүресі, 22:75), – деп айтты.

Ол тағы да былай деді: **«Ол мәрхаметі үшін қалағанын таңдап алады. Аллаһ зор кеңшілік Иесі»** («Әли Имран» сүресі, 3:74).

Аллаһ Тағала Өз жаратылыстарын Өз Қалауымен әрі Даналығымен таңдап ардақтайды, әрі ешкім Оған кімді немесе нені болсын таңдап ардақтауға тыйым сала алмайды, әрі ешкім мұны Оған бұйыра да алмайды. Аллаһтан басқа ешкім кімге немесе неге болсын құт-береке сыйлай алмайды, әрі қандай да бір орынды немесе уақытты құт-берекелі ету үшін тандап ардақтай алмайды. Қз.: «Зад ул-Ма’ад» 1/39 және әрі қарай.

4-бөлім. Аллаһтан басқа ешкім қандай да бір нәрсені құт-берекелі ете алмайды.

Аллаһ былай деді: **«Раббың қалағанын жаратады да, таңдап сұрыптайды. Оларда ерік болмайды»** («әл-Қасас» сүресі, 28:68).

Ол сондай-ақ былай деп айтты: **«Кітап иелері Аллаһтың кеңшілігінен еш нәрсеге ие бола алмайтындықтарын білсін. Шәксіз, мәрхамет Аллаһтың Қолында. Ол оны қалаған құлына береді. Аллаһ зор кеңшілік Иесі»** («Хадид» сүресі, 57:29).

Әрі осы бөлімнен Аллаһтан басқа ешкімнің қандай да бір нәрсені құт-берекелі немесе киелі (қасиетті), шипалы немесе тылсым-муғжизалы ете алмайтыны түсінікті болады.

Сондықтан да: «(Құт-береке) келіннің аяғынан, шопанның таяғынан», – немесе, – «Пәлен бізді берекеге бөледі», – деп айту дұрыс емес.

5-бөлім. Қандай да бір нәрсенің құдайлық (иләһи) құт-берекеге ие екендігіне Қасиетті мәтіндерде (Құран мен Сүннетте) нұсқау болмаса, ешкім оны құт-берекелі, қасиетті деп айта алмайды

Аллаһ Тағала былай деді: **«Дегенмен, Аллаһ мәрхаметін қалаған кісісіне арнайды. Сондай-ақ Аллаһ зор кеңшілік иесі»** («әл-Бақара» сүресі, 2:105).

Бұл аят бізге «Аллаһ Тағала Өз жаратылыстарының қалағанына құт-береке дарыта алады» дегенге нұсқайды. Алайда сонымен бірге, қайсы жаратылысқа нақты құт-береке дарытылғандығын біз тек Аллаһ Тағала белгілі бір нәрселерді құт-берекелі деп хабарлап түсірген қасиетті мәтіндерден ғана біле аламыз.

Ал түстер мен ел аузындағы аңыз-әңгімелерге келер болсақ, олар бұл мәселеде дәлел болып табылмайды.

6-бөлім. Табарруктің шариғи тұрғыдан заңды және заңсыз деп екіге бөлінуі

Сөйтіп, біз табаррук – бұл қандай да бір нәрсе арқылы береке іздеу және оны қабылдап алуға талпыну екенін айтқан болатынбыз.

Өз негізінде табаррук Исламда рұқсат етілген, бірақ бұл рұқсат шектелген. Рұқсат етілген табаррукке заңдылығы Құран және Сүннетпен дәлелденген барлық нәрсе жатады. Ал қалғандарының барлығына келер болсақ, ол нәрселермен табаррук жасауға тыйым салынған, әрі бұл не діндегі жаңалық (бидғат), не көпқұдайшылық (ширк) болуы мүмкін.

Егер адам қандай да бір жерге сол жерден немесе сол жер телімінің топырағынан береке алу үшін барса немесе «қасиетті қабірді» сипаласа, әрі сонымен бірге бүкіл игілік-береке Аллаһтың Қолында және дәл Аллаһ Тағала осы құт-берекені осы топыраққа немесе қабірге салды деген сенімде болса, әрі сонымен бірге осы қабір немесе ондағы салиқалы адам («әулие») онымен Аллаһтың арасында дәнекер болып табылады деген сенімі болмаса және осы қайтыс болған салиқалы адамға құлшылықтың ешқандай түрін арнамаса, онда оның осы әрекеті кіші көпқұдайшылық (кіші ширк) болып табылады[21]. Бұл осы адамның шариғатта құт-береке беруші болып табылмайтын нәрсені береке алудың себебі

---

[21] Ал кіші ширктің анықтамасына келер болсақ, ертедегі ғалымдардың сөздерінде ол кездеспейді. Сондықтан да қазіргі заман ғалымдарының сөздеріне жүгіну керек.

«Фатауа ләжнә даимада» 1/749 былай деп айтылған: «Кіші көпқұдайшылық – бұл көпқұдайшылыққа алып баратын себеп болып табылатын нәрселердің барлығы, егер қасиетті мәтіндер мұны ширк деп атаған болса».

Осыған ұқсас анықтама шейх Ибн ‘Усайминнің сөздерінде келтірілген («Мәжму’ Фатауа шейх Ибн ‘Усаймин» 2/203).

Шейх ‘Абдур-Рахман әс-Са’ди былай деген: *«Кіші көпқұдайшылық – бұл үлкен көпқұдайшылыққа алып келетін барлық сөздер мен амалдар»* (Қз.: «Қаул Садид» 32-бет). (Мұның барлығы шейх Мухаммад ибн Хизам әл-Бу’данидің «Тахқиқ Фатх ул-Мәжид» еңбегінде 136-бет келтірілген).

деп есептегендігінен. Кіші көпқұдайшылық адамды Исламнан шығармайды, бірақ үлкен көпқұдайшылыққа алып баратын жол болып табылады. Сондай-ақ бұл әрекет «діни жаңалық» (бидғат) деп аталады. Ал егер адам осы салиқалы кісі («әулие»), немесе оның қабірі, немесе оның қабірінің айналасы Аллаһ Тағала оларға құт-береке дарытпаса да өздігінше құт-берекеге ие деп санаса, онда бұл – Исламнан шығаратын үлкен көпқұдайшылық болады.

7-бөлім. Бараканың (құт-берекенің) қандай түрлері бар және ол неде бар

Береке белгілі орындарда және уақыттарда болады.

1. Белгілі орындардағы береке.

1.1. Мекке мен Мәдина.

Мекке мен Мәдина харам (қорықты, қасиетті) аймақтар болып табылады. Бұл қалалардың қорықты (қасиетті) аймақ шекарасына енгізілген бөліктерінде әскери қимылдар жүргізуге тыйым салынады, аңшылық етуге, өсімдіктерді үзуге, ағаштарды шабуға т.с.с. көптеген әрекеттерді жасауға болмайды. Бұл туралы сенімді (сахих) хадистер жеткен. Бухари 104; Муслим 1354.

Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ибраһим пайғамбардың өнегесіне ілесіп, Аллаһтан Мәдина үшін береке сұрады. Сонымен бірге ол Мәдинаға берілетін игілік-береке Меккеге қарағанда екі есе көп болсын деп тіледі. Мәдинаға оба кірмейді, әрі оған Масих Дәжжал да кіре алмайды. Бухари 2/223; Муслим 1005/2.

Кім Мәдина тұрғындарына жамандық қалайтын болса, Аллаһ Тағала оны тұздың суда еритініндей етіп ерітіп жібереді. Бухари 2/222; Муслим 1008/2. Сондай-ақ бұл екі қаланың басқа да артықшылықтары бар. Аллаһ Тағала оларды кез-келген жамандықтан сақтасын.

1.2. Шам жерлері[22].

Аллаһ Тағала былай деді: **«Құлын бір түні өзіне белгілерімізді көрсету үшін Харам Мешітінен айналасын Біз құт-берекелі еткен Мәсжид Ақсаға апарған Аллаһ әртүрлі кемшіліктен Пәк»** («әл-Исра» сүресі, 17:1).

Ол сондай-ақ былай деп айтты: **«Сондай әлсіз деп саналған халықты Біз берекелі еткен жердің шығысына да, батысына да мұрагер еттік»** («әл-Ағраф» сүресі, 7:137).

[22] Қазіргі замандағы Иордания, Сирия, Ливан және Палестина аймақтары.

Және басқа да аяттар. Тәпсір ғалымдары бұл және басқа аяттарда (Қз.: 21:71; 21:81; 34:18) Шамның жерлері туралы айтылған дейді.

Ибн ʻУмар Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: **«*Уа, Аллаһ! Біздің Шамды және біздің Йеменді берекелі ет*» (хадис сенімді (сахих);** Бухари 8/95).

Шамның артықшылықтары жайында көптеген аяттар мен хадистер келген. Шамда әл-Ақса мешіті, Аллаһ Тағала Муса пайғамбармен сөйлескен Тур тауы орналасқан. Шамды періштелер өз қанаттарымен жауып тұр. Сондай-ақ оның өзге де артықшылықтары белгілі. Кейбір ғалымдар – олардың арасында Ибн ʻУмар, әш-Шәфиʼи – Шамның Мекке мен Мәдинадан кейінгі жердің ең жақсы бөлігі екендігі туралы ғалымдардың бірауызды пікірін жеткізген.

1.3. Йемен.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа Йеменнің жерлерін берекелі етуін сұрап дұға еткен. Сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Йеменге нұсқап: «***Иман – сол жақта***», – деген. **Хадис сенімді (сахих);** Бухари 5/122; Муслим 1/71.

Сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) даналық пен дінді түсіну Йеменде екендігіне де нұсқаған болатын. Бухари 5/122; Муслим 1/72.

Ал енді осы жерлердегі берекенің түріне келер болсақ, бұл жерлер дүние тіршілігіндегі де, діндегі де берекені қамтиды. Бұл жерде көп жемістер, өзендер, ағаштар бар екендігі меңзеледі. Осы жерлерде өмір сүруші адамдарға жердің басқа аймақтарында өмір сүретін адамдарға жетпейтін мөлшердегі тамақ пен дүние-мүлік жеткілікті болады. Ән-Науауи «Шарх «Сахих» Муслим» 9/142.

Ескертпе. Бұл береке физикалық тұрғыдағы емес, мағыналық тұрғыдағы береке болып табылады. Яғни бұл жерлердегі топырақ басқа да аймақтардың топырақтарына тән физикалық сипаттарға ие. Сондықтан да осы жерлерге арнайы сапар шегіп келіп, оның топырағын сүйіп немесе оған үйкеліп, немесе осы жердің топырағын немесе тастарын өздерімен алып кетіп жатқандар дұрыс істемейді. Өйткені олар өз отандарындағы топырақтай болған топырақты алып кетіп жатыр.

Сондай-ақ бұл жерлердегі береке діни де. Бұл жерлерде пайғамбарлардың басым бөлігі өмір сүрген, оларда әл-Харам Мешіті, Пайғамбар Мешіті және әл-Ақса мешіттері орналасқан. Бұл жерлерде бүгінгі күнге дейін Ислам ғалымдарының басым бөлігі өмір сүруде, әрі олар өз білімдерімен күндіз-түні бөлісуде.

Жоғарыда аталған жерлер шариғатта ерекше айырып көрсетілген. Ал басқа жерлерге келер болсақ, онда оларда ерекше бір құт-береке бар деп айту тек сенімді дәлел келтірілгенде ғана болады.

2. Белгілі маусымдардағы және уақыттардағы береке

Айларға келер болсақ, шариғатта Рамазан айы айрықша белгіленген.

Рамазан айы басталғанда Жәннаттың қақпалары ашылады, Тозақтың қақпалары жабылады және шайтандар кісенделеді. Бухари 2/227; Муслим 2/758.

Қасиетті мәтіндерде бұл ай берекелі деп аталған. Бұл туралы хадис **жақсы (хасан)**; Нәсаи 4/129; Ахмад 2/230; (Қз.: «Мишкат әл-Масабих» 1/612).

Бұл айда бүкіл дүние жүзінің мұсылмандары парыз ораза ұстайды (2-сүре, 183-аят), әрі сол арқылы адамның бұрынғы күнәлары кешіріледі. Бухари 2/228; Муслим 1/524. Осы айда Бадр шайқасы, Меккені алу және Хиттын шайқасы орын алды.

Сондай-ақ айлардан төрт ай айрықша белгіленген: зул-ка'да, зул-хижжа, мухаррам және ражаб.

Күндерге келер болсақ, шариғатта зул-хижжа айының алғашқы он күні, сондай-ақ ташриқтің үш күні айрықша белгіленген.

Осы күндерде игі істер істегендігі үшін уәде етілген сауап жылдың басқа күндеріндегі ігі амалдарға қарағанда едәуір көбірек. Бухари 2/7.

Зул-хижжа айының тоғызыншы күні – Арафа күні. Кім осы күні ораза ұстаса, соның өткен және келесі жылдағы күнәлары кешіріледі. Муслим 2/819. Алайда осы күні Арафат тауында тұратындар ораза ұстамайды. Бұл күні Аллаһ Тағала басқа күндермен салыстырғанда едәуір көбірек адамдарды Оттан азат етеді. Муслим 2/983. Осы күндердің ішінде Құрбан айт күні де бар. Бұл күндердің басқа да артықшылықтары кең танылған.

Түндерге келер болсақ, қасиетті мәтіндерде Қадір түні (ләйләт ул-қадр) айрықша аталып белгіленген. Ол артықшылығы бойынша мың айлардан артық жылдың ең жақсы түні (97-сүре, 2-3 аяттар). Бұл түн берекелі болып табылады (44-сүре, 3-аят). Осы түнде келесі жылы жер бетінде және көктерде орын алатын нәрсенің барлығы тағдырға белгіленеді (44-сүре, 4-аят). Осы түнде жасалатын амалдар үшін берілетін сауаптар мың жылдан астам уақыт бойы жасалған амалдардың сауабына тең. Дәл осы түнде Құран түсірілді (44-сүре, 1-3 аяттар). Осы түнде жерді періштелер толтырады (97-сүре, 4-аят). Бұл түн бейбітшілік пен тыныштық түні болып табылады (97-сүре, 5-аят). Кім осы түнді намаз орындаумен

өткізсе, соның барлық күнәлары кешіріледі. Бухари 2/228; Муслим 1/524.

Апта күндеріне келер болсақ, олардың арасында жұма, дүйсенбі және бейсенбі айрықша белгіленген.

Жұма күн шығатын күндердің ішіндегі ең жақсы күн болып табылады. Жұма күні Адам ата жаратылды, жұма күні ол Жәннатқа кіргізілді, Ол Жәннаттан тура сол күні шығарылды, әрі Қиямет күні де дәл жұмада басталады. Муслим 2/585. Осы күннің ішінде Аллаһ Тағала дұғаны қайтармайтын бір уақыт бар. Бухари 1/224; Муслим 2/584.

Дүйсенбі және бейсенбі күндері Жәннаттың қақпалары ашылып, өзара ұрыс-керісте болғандардан өзге мүміндердің күнәлары кешіріледі. Муслим 4/1987. Осы екі күнде ораза ұстаған абзал болады. Бұл туралы хадис **жақсы (хасан)**; Тирмизи 3/121.

Түннің бөліктеріне келер болсақ, түннің соңғы бөлігі ерекше белгіленген. Бұл кезде адамның дұғасы Аллаһ Тағала тарапынан қайтарылмайды. Муслим 1/521. Осы уақытта Аллаһ Тағала төменгі аспанға түседі. Бұл Аллаһтың ұлықтығына тән орын алады әрі жаратылыстардың қозғалысымен салыстыруға келмейді.

Міне, осылар – уақыттық сипаттағы береке. Ал жылдың басқа уақыттарына келер болсақ, олар тек сенімді шариғи дәйек келтірілген кезде ғана ерекше белгіленеді. Сондықтан да жылдың қандай да бір күнін ерекше атап қойып, осы күнде жасалған ғибадаттар басқа күндерге қарағанда артығырақ деген сеніммен сол күні ғибадаттардың ерекше түрлерін жасауға рұқсат етілмейді. Сол сияқты қандай да бір күнді жиналыстар үшін және қандай да бір оқиғаларды мерекелеу үшін белгілеу рұқсат етілмейді. Бұл Аллаһтың рұқсатымен осы кітаптың жеке тарауында түсіндіріледі.

3. Мешіттердің берекесі.

3.1. Меккедегі әл-Харам Мешіті.

Бұл мешітте орындалған намаз сауабы бойынша басқа мешіттерде орындалған жүз мың намаздың сауабына тең. Бұл туралы хадис **жақсы (хасан);** Ахмад 4/5. Бұл мешітте мұсылмандардың қыбласы – Қағба орналасқан. Осы мешітте (Қағбаны) тәуап жасау заңдастырылған. Бұл мешіт жер бетінде салынған ең алғашқы мешіт болып табылады. Бухари 4/136; Муслим 1/370. Онда ғибадат жасау үшін арнайы сапар жасауға рұқсат етіледі. Бухари 2/56; Муслим 2/1014. Сондай-ақ онда Мақам Ибраһим (Ибраһим пайғамбар Қағбаны құрған кезінде тұрған орын (тас)) орналасқан. Онда Сафа мен Маруа төбелері және Зәмзам бұлағы бар.

Ескертпе. Бұл мешіттің берекесі физикалық тұрғыда емес, мағыналық тұрғыда екенін білу керек. Бұл «егер адам сол мешіттің қабырғаларына немесе Қағбаның бөліктерін сипаса, оған береке өтпейді» деген сөз. Бұл әрі қарай артықшылықтары түсіндірілетін барлық мешіттерге де қатысты.

3.2. Мәдинадағы Пайғамбар Мешіті.

Бұл мешітте орындалған намаз сауабы бойынша (Меккедегі әл-Харам Мешітін есептемегенде) басқа мешіттердегі мың намазға тең. Бухари 2/56; Муслим 2/1012. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйі мен мінберінің арасындағы жер Жәннат бақтарының бір бағы болып табылады. Бухари 2/57; Муслим 2/1011. Онда ғибадат жасау үшін арнайы сапар жасауға рұқсат етіледі. Бухари 2/56; Муслим 2/1014.

3.3. Иерусалимдегі әл-Ақса мешіті.

Бұл мешіттегі орындалатын намаз сауабы бойынша (екі Харам Мешіттерінен) басқа мешіттердегі бес жүз намазға тең. Бұл туралы хадис **жақсы (хасан).** Қз.: «Кашф ул-астар» 1/213. Бұл жер бетінде салынған екінші мешіт, оны мен әл-Харам Мешітінің құрылғанының аралығында қырық жыл. Бухари 4/136; Муслим 1/370. Дәл осы мешітке Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исра уәл Миғраж түні Харам Мешітінен көтеріліп алып барылған болатын (17-сүре, 1-аят). Онда ғибадат жасау үшін арнайы сапар жасауға рұқсат етіледі. Бухари 2/564; Муслим 2/1014. Кім осы мешітке өз үйінен тек онда намаз орындау үшін аттанса, күнәлардан арылып, анасы туған күніндегідей болады (хадис **сенімді (сахих);** Қз.: «Мәнар ул-Муниф» 91-92 беттер; Нәсаи 2/34; Ибн Мәжаһ 1/451; Ахмад 2/176; т.б.).

Ескертпе. Әл-Ақса мешіті көп адамдар ойлайтынындай Харам (Қорықты, Қасиетті) мешіт болып табылмайды. Қз.: «Мәжму'ат ур-Расаил әл-Кубра» 2/64; «Иқтида» 2/809.

3.4. Мәдинаның аумағында орналасқан әл-Қуба мешіті.

Бұл Мәдинада салынған ең алғашқы мешіт. Қз.: «Тафсир калимат ит-Таухид» 338-бет. Мәдина тұрғындары және оның айналасындағылар үшін бұл мешітті зиярат ету сауапты амал болып табылады. Ал кім онда намаз орындаса, кіші қажылық (умра) орындағанның сауабын алады (**хадис сенімді (сахих);** Нәсаи 2/37; Ибн Мәжаһ 1/453; Ахмад 3/487; әл-Хаким 3/12). Алайда Мәдинаның тұрғындары болмаған және онда жүріп-тұрмаған адамдарға осы мешітті зиярат ету үшін сапарға шығуларына болмайды, мұның түсіндірмесі кітаптың тарауларының бірінде келеді.

3.5. Қалған мешіттер.

Біліңіз, құрметті оқырман, дүние жүзіндегі қалған мешіттердің барлығы бірдей. Оларды кім, қашан салғанына, оларда

кімдер намаз және басқа да құлшылықтарды орындағанына қарамастан, бұл мешітердің бір-бірінің алдында ешқандай ерекше артықшылықтары жоқ.

Дәл сондықтан да Исламда үш мешіттен: әл-Харам Мешітінен, Пайғамбар Мешітінен, әл-Ақса мешітінен – басқаларында құлшылық орындау үшін арнайы сапарға шығуға рұқсат етілмейді. «Сапарға шығу» деген сөз «адамның өзі тұратын жерінен өзге елді-мекенге сапарға шығу» дегенді білдіреді. Мысалы, Түркістандағы немесе қандай да басқа да жердегі мешітте құлшылық ету үшін арнайы сапар жасауға рұқсат етілмейді.

3.6. Мешіттердің артықшылықтары.

Мешіттер Аллаһтың үйлері болып табылады. Муслим 4/2074. Мешіттерде құлшылықтардың басым бөлігі орындалады. Мұсылмандардың маңызды істерінің көпшілігі филармонияларда, мәдениет үйлерінде, қабірлер мен мазарларда емес, барлық кезде мешіттерде шешілген. Бұл маңызды істерге пәтуалар беру, қазылық, әскерді аттандыру т.б. жатады. Кім тек Аллаһтың Жүзіне ұмтылып мешіт салса, Аллаһ Тағала ол үшін Жәннатта үй салады. Бухари 1/116; Муслим 1/378.

Мешіттердің берекесі физикалық тұрғыдағы емес, мазмұндық тұрғыдағы береке болып табылады. Сондықтан да кім қандай да бір ежелгі мешіт, егер адам оны сипаса немесе оның қабырғаларына денесімен үйкелсе, адамға құт-береке дарытады деп сенсе, күнәһар және бидғатшы болады.

Мешіттердің артықшылықтары туралы бөлімді біз кітапқа, құрметті оқырман қабірге табынушы сопылардың жасап жатқан қылмыстарының қаншалықты ауыр екендігін түсінуі үшін, енгіздік. Олар құлшылық-ғибадаттарды орындауды қабірлерге көшіріп, сонысымен Аллаһтың мешіттерін ойран етуде. Ал «діни іс-шараларды» филармонияларда, мәдениет үйлерінде, театрларда және басқа діни емес орындарда ұйымдастырып жүрген «діни жетекшілерге» келер болсақ, олар осыны өздерінің лазерлі шоулары, ән-билері мен қойылымдары Исламда ауыр күнә болып саналатынын және осындай нәрселерді мешіттерге алып келу Құдайға айқын түрде тіл тигізу болып табылатынын, әрі олар осы үшін білімге ие мұсылмандардың ғана емес, тіпті қарапайым халықтын алдында да ақтала алмайтындығын білгендіктен сол жерлерде істейді. Аллаһ Тағала оларға лайықтысын берсін!

4. Өзендер мен бұлақтардың (құдықтардың) берекесі.

Өзендер мен бұлақтарға келер болсақ, қасиетті мәтіндерде Зәмзам бұлағы суының берекелі екендігіне дәлелдер келген. Бұл құт-берекелі бұлақ (құдық) Меккедегі әл-Харам Мешітінің

аймағында Қағбаның шығыс жағында орналасқан. Бұл судың артықшылықтары төмендегі нәрселерде:

4.1. Зәмзам суы жер бетіндегі ең жақсы су.

Ибн ʻАббас Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Жер бетіндегі ең жақсы су – Зәмзам суы***», – деп айтқанын баяндаған (**хадис жақсы (хасан);** әт-Табарани «әл-Кәбирде» 11/98; Шейх әл-Әлбани: *«Бұл хабардың иснады жақсы (хасан) дәрежесінен төмен түспейді»*, – деген («әс-Сахиха» 3/45). Сондай-ақ әс-Суюты де «әл-Жәми' әс-Сағирде» бұл хадисті хасан деп айтқан 2/10).

4.2. Зәмзам суы ағзаны ас сияқты тойдырады.

Абу Зарр өзінің Меккеге Исламды қабылдау үшін келген кезінде Харам Мешітінде отыз күн тұрғанын баяндаған. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: ***«Сен немен тамақтандың?»,*** – деп сұрады. Абу Зарр: *«Мен Зәмзам суын ішкеннен басқа еш нәрсе жемедім, әрі одан мен толықсығаным соншалықты, қарнымның терісі жарыла бастады»*, – деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Бұл су берекелі, ол тойымды (тоқ ететін) су болып табылады»,*** – деді (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 4/1922).

4.3. Бұл суды ішу Аллаһтың қалауымен ауырулардан ем болады.

Ибн ʻАббас Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: «***Жер бетіндегі ең жақсы су Зәмзам суы. Ол тойымды (тоқ етеді) әрі аурулардан ем***» (**хадис жақсы (хасан);** әт-Табарани «әл-Кәбирде» 11/98).

4.4. Қажылық маусымында бұл құдықтың суы табиғи мөлшерден артық көбейе түседі.

Бұл туралы имам әз-Заркаши «И'ләм ус-Сажидте» (206-бет) айтқан болатын.

Бұл – Зәмзам суының артықшылықтарына нұсқайтын мәтіндердің кейбіреуі ғана. Жердің бетіндегі басқа өзендерге, бұлақтар мен құдықтарға келер болсақ, олардың құт-берекелі екенін бекіту үшін сенімді (сахих) шариғи дәлел керек. Сондықтан да ешкім қандай да бір бұлақты, өзенді, құдықты құт-берекелі немесе киелі, тылсым ғажап күшке ие деп айтуына болмайды. «Діни жетекшілер» тіпті мұндайды істемеуі қажет.

5. Пайғамбарлардың берекесі.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: *«Аллаһ Тағала оларды Өзінің Кітаптарын жеткізулері үшін таңдап алғандығында құрмет пен ұлылық жетіп асады. Сондай-ақ Ол оларға түрлі мұғжизалар беріп, ардақтады. Олардың ішінде Ол Өзінің жақын досы (халил) етіп ардақтағаны бар, олардың кейбіреуімен ол әңгімелесу арқылы*

сөйлесті, басқаларын дәрежесі бойынша өзгелерден жоғары (ардақты) етті. Аллаһ Тағала Өз құлдарына солардың жолына ілесуден басқа Оның разылығына жету мүмкіндігін бермеді. Ол жаратылыстарына Жәннатқа солардың артынан ілесіп кіруден өзге мүмкіндік бермеді. Олар – Аллаһқа ең жақын жаратылыстар. Әрі Оның алдындағы олардың құрметі басқалардың құрметінен жоғары. Пайғамбарлар арқылы Адамдар Аллаһ туралы білді, жалғыз Оған мойынсұнып және құлшылық ете бастады». Қз.: «Тариқ әл-Һижратайн» 613-бет.

Мухаммад Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) берекесі

Пайғамбардың берекесі **мағыналық және физикалық** болып екіге бөлінеді**.**

Физикалық берекеге қатысты айтар болсақ, бұл оның амалдарында, оның денесінде және оның денесінен бөлініп шыққан таза нәрселерде, одан кейін қалған физикалық іздерде қамтылған.

Ал мағыналық берекеге келер болсақ, бұл оның дінінің жеңісінде, оның ізбасарларының (үмметінің) көптігінде, ол жеткізіген шариғатта, ол өзінен кейін қалдырған ізгілік пен пайдаларда қамтылған.

Сондықтан да сахабалар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде оның өзімен (ол арқылы), ал ол қайтыс болған соң одан қалған нәрселер арқылы табаррук жасайтын. Табарруктің бұл түрі рұқсат етілген болып табылады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны мақұлдады, әрі сөкпеді.

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде сахабалардың оның денесімен таббарук жасауы

ʻАиша былай деп баяндайтын: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауыра бастаған кезінде алақандарына Құранның екі соңғы сүрелерін оқитын, кейін алақандарына әлсін-әлсін түкіріп (үшкіріп), олармен өз денесін сүртетін. Ал оның ауруы күшейген кезде, мен өзім оның алақандарына осы сүрелерді оқитынмын, одан кейін оның қолдарының берекесі ауруын жеңілдетеді деген үмітпен оның денесін өзінің қолдарымен сүртетінмін*» (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 7/22; Муслим 4/1723).

Әнас ибн Мәлик: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таң намазын аяқтаған соң, оның алдына Мәдинаның барлық жерінен келген қызметшілер жиналатын. Олар өздерімен бірге су толы ыдыстар алып келетін. Әрі оған қандай ыдыс ұсынбасын, ол*

міндетті түрде оған өзінің қолын салатын, тіпті таң қатты суық болса да», – деп баяндаған (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 4/1812).

Абу Жухайфа былай деп баяндайтын: *«Бірде түсте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Батхаға*[23] *шықты, содан соң дәрет алды да, екі ракағат бесін (зухр) намазын және екі ракағат екінті (аср) намазын орындады. Намаздан соң оған адамдар жақындап келді де, оның қолдарынан ұстап олармен беттерін сүрте бастады»* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 4/165).

2. Сахабалардың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денесінен бөлінін шыққан нәрселермен табаррук жасауы

2.1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шаштары.

Әнас ибн Мәлик Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Минаға келгенін, жамарат бағаналарға тас лақтырғанын[24], содан соң Минада орналасқан өзінің тоқтаған орнына келіп құрбан шалғанын баяндаған. *«Кейін ол адамдардың шаштарын алып жатқан біреуге:* ***«Алдымен мына жерді ал,*** *– деп, өз басының оң жығын көрсетті, –* ***кейін мына жерді»****, – деді де, сол жағына нұсқады. Содан соң шаштарын адамдарға тарата бастады».*

Риуаяттардың бірінде: *«Әрқайсысына бір немесе екі талшықтан»*, – деп айтылады (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 2/947).

Имам ән-Науауи былай деген: *«Бұл хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шаштарымен табаррук жасаудың заңдылығы және оларды сақтаудың рұқсат етілгендігі түсіндіріп берілген»*. Қз.: «Шарх «Сахих» Муслим» 9/54.

2.2. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сілекейі

ʻУруа ибн Мәсʼуд әс-Сакафи былай деп баяндаған: *«Әрі Аллаһпен ант етемін, тіпті егер Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түкірсе де, оның түкірігі жерге түспейтін. Ол міндетті түрде сахабалардың біреуінің алақанына түсетін, ал содан соң әлгі сахаба оны терісі мен бетіне жағатын»* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 3/180).

Хафиз Ибн Хәжар былай деген: *"Әрі сахабалар осыны ʻУруаның*[25] *көз алдында, осынысымен: «Бізден артық өз әмірін тағы да кім сүйеді, әрі кім оны біз құрметтегендей құрметтейді? Ал осыдан соң қалайша: «Егер шайқас орын алса, біз кері бұрылып қашамыз да, оны қолдаусыз*

---

[23] Жердің атауы

[24] Қажылық рәсімдерінің бірі

[25] ʻУруа сол кезде әлі кәпір болатын, әрі осының барлығы Худайбийя келісім-шарты жасалатын кезде орын алған еді.

қалдырамыз», – деп ойлауға болады?», – деп айту үшін істеген болуы мүмкін". Қз.: «Фатх ул-Бәри» 5/341.

Сондай-ақ сахабалардың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде киген киіммен табаррук жасағандығы (Бухари 7/82, 2/73; Муслим 2/647), сол сияқты ыдыстағы ол су ішкен кезінде саусақтарымен ұстаған жерлері арқылы табаррук жасағандығы (Муслим 3/1623) сенімді түрде бекітілген. Ешкім Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл қазір су ішкен ыдыстан су ішу ретін өзгеге бермеген (Бухари 6/249; Муслим 3/1604). Сахабалар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәрет алған ыдыста қалған сумен денесін сүрткен (Бухари 1/55; Муслим 1/360).

Бұл – сахабалардың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі кезінде оның дене мүшелерімен қалайша табаррук жасағандарының қысқаша мысалдары. Бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денесі құт-берекелі болғандығынан. Аллаһ Тағала оның денесіне, оны қоршаған адамдарға және заттарға өтетін физикалық тұрғыдағы құт-берекені дарытты.

Алайда осы жерде бір маңызды ескертпе жасап кету қажет. Сахабалар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дене мүшелерімен үнемі және барлық жерде табаррук жасай бермейтін. Олар мұны сирек жағдайда қажеттілік болғанда ғана жасайтын.

ʻАбдуррахман ибн Аби Кирад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір күні дәрет алғанын және сахабалар одан кейін ыдыста қалған сумен сүртінгендері туралы баяндайтын. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардан: ***«Сендер мұны не үшін істеп жатырсыңдар?»***, – деп сұрады. Олар: «Біз Аллаһты және оның Елшісін жақсы көреміз», – деп жауап берді. Сонда ол оларға: «***Кімді өзінің Аллаһты және Оның Елшісін сүйетіні немесе оны Аллаһ пен Оның Елшісі сүйетіні қуантса, сөйлескенде шындықты айтсын, аманатты (иесіне) қайтарсын және көршілеріне жақсы қарым-қатынас жасасын»***, – деді (**хадис жақсы (хасан);** хафиз әл-Мунзири «Тарғибте» 3/26 және әл-Әлбани «әс-Сахихада» 2998 келтірген).

3. Сахабалардың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған соң одан қалған нәрселермен табаррук жасауы

ʻИса ибн Тахман былай деп баяндайтын: *«Әнас ибн Мәлик бірде бізге тегіс қайыстан жасалған екі бауланған кебіс (сандали) алып*

шықты. Және сол кезде Сабит әл-Бунани маған бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кебістері екенін айтты» (**сахих хабар;** Бухари 4/47).

Абу Бурда бірде ʻАиша оларға бір жамылғыны алып шығып: *«Бұл жамылғы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болар кезінде оның үстінде еді»,* – деп айтқанын хабарлаған (**сахих хабар;** Бухари 4/47; Муслим 1/1649).

ʻАсым әл-Әхуәл былай деген: *«Мен Әнас ибн Мәликтен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кесесін көрдім. Ол сынып қалған кезде, Әнас оның екі сынық бөлігін күміс қоспамен біріктірді. Әнас маған: «Мен Пайғамбарға осы кеседен пәлен және пәлен рет ішкіздім»,* – деп айтты (**сахих хабар;** Бухари 6/252).

Сондықтан да имам әл-Бухари өз кітабының бір тарауын *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сауыты, оның таяғы, қылышы, кесесі, жүзігі туралы не айтылатындығы және одан кейінгі әмірлер осылардың қайсысын пайдаланғандығы жайындағы тарау. Сондай-ақ оның сахабалары ол қайтыс болғаннан соң табаррук жасайтын оның шаштары, кебісі, ыдыстары жайында не айтылатындығы туралы»* деп атаған болатын.

Сондай-ақ осы заттармен сахабалардың ізбасарлары да табаррук жасайтын.

Мухаммад ибн Сириннен ол ʻУбайдаға: *«Бізде бізге Әнастан тиген Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір тал шашы бар»,* – деп айтқаны жеткізіледі. Сонда ʻУбайда: *«Менде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір талшық болса да шашы болғаны мен үшін осы өмірдің барлығынан және ондағы нәрселерден сүйіктірек»,* – деді (**сахих хабар;** Бухари 1/50).

ʻУсман ибн ʻАбдуллаһ ибн Маухаб былай деп баяндайтын: *«Бірде үй-ішім мені Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұбайы Умм Сәләмаға ішінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шашы бар су құйылғанған ыдысты беріп жіберді. Біреуге көз немесе қандай да бір ауру тисе, ол оларға осы шашты беруі үшін, адамдар соған жіберетін»* (**сахих хабар;** Бухари 7/57).

Хафиз Ибн Хәжар былай деген: *«(Бұл хабарда) науқас адам Умм Сәләмаға ыдысты беріп жіберетіні және ол оған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шашын салып, сол ыдысты қайтып беретіні меңзелуде. Осыдан соң науқас адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) берекесі арқылы емделуге үміттеніп, осы ыдыстан ішетін немесе осы суды өзінің үстіне құятын».* Қз.: «Фатх ул-Бәри» 6/251-252.

4. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заттарынан болған қандай да бір нәрсе бүгінгі күнге дейін сақталып қалды ма?

Ең басында Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қалған нәрселермен табаррук жасаудың шариғи тұрғыдан заңдастырылғандығы бүгінгі күні де күшіне ие екендігін атап айту қажет. Мұның заңдылығы тек сахабалармен және олардың ізбасарларымен шектелмейді, өйткені мұндай шектеуге қандай да бір дәлел жоқ.

Алайда бұл жерде бірнеше тармақтарға назар бұру қажет:

1) ʻАмр ибн әл-Харис былай деп баяндайтын: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінен соң дирхам да, динар да, құл да, күң де қалдырмаған және ақ ұрғашы қашырдан, қаруынан және садақа ретінде қалдырған жерінен басқа еш нәрсе қалдырмаған*» (**сахих хабар;** Бухари 3/186).

Бұл хабар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанынан соң өте аз заттары қалғандығына шүбәсіз нұсқайды.

2) Осы заттардың көбінің соғыстар, бүліктер т.б. себептермен жоғалып кеткендігі сенімді түрде анықталған.

Олардың арасынан жүзікті (Бухари 7/53; Муслим 3/1656)[26], оның жамылғысы мен таяғын (Қз.: әс-Суюты «Тарих ул-хуләфа» 467-бет)[27] атауға болады. Сондай-ақ оның кебісі (сандалилері) де жоғалған, бұл һижраның 803 жылы Дамаскіде Темірланның бүлігі кезінде орын алды.

3) Сондай-ақ, бұл заттардың жоғалуына көптеген сахабалар өздерінде болған осындай нәрселерді өздерімен бірге жерленуін өсиет еткендері де ықпал етті.

4) Көптеген тарихшылар бүгінгі күні мұражайларда сақталатын әрі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) телінетін кейбір заттардың шындығында да оған тиесілі екендігін дәлелдеу мүмкін еместігін айқын түрде мәлімдейді. Қз.: «әл-Асар ән-Нәбауия» 89-96 беттер.

5) Сондықтан да шейх әл-Әлбани былай деген: «*Біз одан кейін қалған оның киімдері немесе шаштары сияқты т.б. заттардың жоғалғандығын білеміз, әрі ешкім бүгінгі күні осылардан бір нәрселердің бар екенін бұлтартпас дәлелмен дәлелдей алмайды*». Қз.: «әт-Тәуәссул» 144-бет.

---

[26] Оны ʻУсман ибн ʻАффан Арис құдығына түсіріп алып жоғалтқан.

[27] Олар Аббасилердің билік құруының соңғы кезеңінде, моңғол шапқыншылығы және осының салдарынан хижраның 656-жылы Бағдадты өрт алған кезде жоғалды.

Бірақ осы жерде ең ұлы береке Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) иман келтіруде және оның дінін үйреніп, оған ілесуде екенін атап кету қажет. Өйткені оның діні – ол өзінен кейін қалдырған нәрселерінің ең ұлығы және ең құндысы.

6. Ізгі-салиқалы адамдармен («әулиелермен») табаррук жасау

6.1. Ізгі-салиқалы адамдармен табаррук жасауға рұқсат етілген бе?

Осыдан алдынғы тарауларда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денесі өзгелерге өтетін физикалық құт-берекеге ие екендігі түсіндірілген болатын.

Бірақ осыдан шыға келе «Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізгі-салиқалы адамдардың арасында қияс ұқсастық бойынша салыстыру жасауға, содан соң табарруктің осы түрі ізгі-салиқалы адамдарға «әулиелерге» қатысты да рұқсат етіледі» деген қорытынды шығаруға болады ма?!

Бұл сұраққа жауап беру үшін төмендегілерді түсіндіру қажет:

1) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы туралы айтқандығы немесе сахабаларға олардың арасындағы ізгілерімен табаррук жасауды бұйырғандығы туралы бірде-бір дерек жоқ. Сондай-ақ осыған үндеуге нұсқайтын да еш нәрсе келмеген.

2) Сахабалар өздерінің арасындағы ең жақсыларымен, солардың ішінде салиқалы халифалармен де, Жәннатпен сүйіншіленген он сахабамен де табаррук жасамаған.

Имам әш-Шәтыби былай деген: *"Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған соң сахабалардың арасында Абу Бакрден, кейін 'Умардан, 'Усманнан және 'Алиден құрметтірек ешкім болмаған. Кейін қалған сахабалар келеді, әрі бұл үмметте олардан құрметтірек және салиқалырақ ешкім ешқашан болмайды. Солай болса да, осы сахабалардан немесе олардың ізбасарларынан біреуі болсын олардың ізгілерімен табарруктің осы түрін жасағандығы туралы бірде-бір сенімді дерек жоқ. Сондықтан да бұл «салиқалы адамдармен жасалатын осындай табарруктің түрі заңдастырылмаған» деген олардың бірауызды келіскен пікіріне айналды".* Қз.: «әл-И'тисам» 2/8-9.

3) Ал не үшін барлық сахабалар және олардың ізбасарлары түгелімен өздерінің ішіндегі ізгілерімен табаррук жасаудан аулақ болатын?! Өйткені олар физикалық тұрғыдан құт-берекеге ие денеге ие болу – бұл тек пайғамбарларға ғана тән ерекше сипат екенін білген. Әрі ізгі адам қаншалықты ұлы болса да, ол пайғамбарлардың дәрежесіне жете алмайды[28], өйткені

[28] Мұнымен тек «кейбір салиқалы адамдардың дәрежесі пайғамбарлардан да жоғарырақ» деп санайтын кейбір сопылық тариқаттар ғана келіспейді. Қз.: ««Шарх «‹Ақида әт-Тахауия»», 493-495 беттер.

пайғамбарлық – бұл адам салиқалылығы және еңбегі арқылы жете алмайтын мәртебе, бірақ Аллаһ Тағала қалаған құлына пайғамбарлықты сыйлайды.

Сондықтан да имам әш-Шәтыби былай деген: «*Осыдан шыға келе, бұл мәселеде пайғамбарлар мен ізгілер арасында қияс ұқсастық бойынша салыстыру жасауға болмайды әрі бұл бидғат болып табылады. Ал кім салиқалы адамдармен табаррук жасауды рұқсат етсе, сол бір мезгілде төрттен көп әйелдерге үйленуді де рұқсат етсін. Өйткені бұл да, ол да Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа адамдардан айрықша сипаты болған*». Қз.: «әл-И'тисам» 2/9.

Имам Ибн Ражаб былай деп айтқан: «*Осы нәрселер салиқалы адамнан қалған және ол пайдаланған заттардан береке іздеуге де қатысты. Сахабалар мұндай табаррукті тек Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасаған әрі мұндай табаррукті басқа сахабалармен жасамаған. Сондай-ақ сахабалардың ізбасарлары да осындайды сахабалармен жасамаған, соңғыларының ұлылығы мен құрметіне қарамастан. Осының барлығы физикалық тұрғыдағы құт-берекеге ие болу – бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айрықша сипаты екендігіне нұсқайды. Сондықтан да олар оның дәрет алып болғанынан кейін қалған суын, сондай-ақ оның шаштарын т.с.с. пайдаланып құт-береке іздейтін еді*». Қз.: «әл-Хикам әл-Жәдира» 55-бет.

4) Шариғат ең соңында көпқұдайшылыққа алып келетін салиқалы адамдарды шектен тыс ұлықтаудың есігін жабу үшін, олармен табаррук жасауды заңдастырмады.

Имам әш-Шәтыби былай деген: «*Бұл – қарапайым халық шектің алдында тоқтай алмайтындығынан және оларда ізгі-салиқалы адамның «әулиенің» тылсым берекеге ие екендігі туралы сенім пайда болатындай дәрежеде шекараны бұзып өтетіндігінен, алайда іс жүзінде мұндай нәрселер жоқ*». Қз.: «әл-И'тисам» 2/9.

Сондықтан да Хәлләждің ізбасарлары болған кейбір шектен шыққан сопылардың оған қатысты барлық шекараларды бұзып, оның зәрімен және тезегімен беттерін сүрту арқылы табаррук жасап, ең соңында оны құдай деп жариялағаны да белгілі. Қз.: «әл-И'тисам» 2/10.

5) Салиқалы адамдармен (әулиелермен) жасалатын физикалық табарруктің жарамсыз екендігін дәлелдейтін тағы бір факт салиқалы адамның денесі құт-берекелі денеге айналу үшін салиқалылықтың қандай шекара сызығына жету қажет екендігін ешкім анықтай алмайтындығында. Сондықтан да, құрметті оқырман, мұсылмандардан және олардың ғалымдарынан ешкім салиқалы адамдармен табаррук жасауды рұқсат етпейтінін

біліңіз[29]. Мұны тек бидғатшылар, нақты айтқанда сопылар мен рафидилер (шектен шыққан шиғалар) рұқсат етеді әрі өз ұстанымдарын ашулы түрде қорғайды. Ал осыдағы үлгіні олар парсылардан, гректерден және жәхилиет (исламға дейінгі надандық) кезіндегі арабтардан алған.

Сондықтан да сіз сопылар өз имамдары мен жетекшілеріне нендей жүрегі тулаған түрде қарым-қатынас жасайтынын көре аласыз. Олар пірлері мен ұстаздарының қолдарын сүйеді, оларға үйкелейді, денелеріне олардың сілекейі мен шыққан терін жағады, олардың имамдары өз шәкірттерімен (мюридтерімен) жасайтын оңбағандықтарын айтпағанның өзінде. Ал олардың осы имамы қайтыс болса, олар оның құт-берекесі оның қабірінің топырағына, қоршауына, қабірінің айналасындағы топыраққа дариды деген сеніммен оның қабірінің айналасына жиналады.

Егер сіз, құрметті оқырман, осыған таң қалған болсаңыз, онда бұған тек сіз емес, кез-келген ақыл-есі дұрыс адам таң қалатынын біліңіз. Дәл сондықтан да мәйіттен «құт-береке» таралуын күтпей-ақ, ол үйден тезірек алып шығарылады. Алайда барлық мәселе сопылардың иллюзиялар мен муғжизалы елестерде өмір сүруінде болып тұр.

Және осы бөлімде түсіндіруге тиісті болған соңғы нәрсе – бұл салиқалы адамдармен жасалатын физикалық табаррук екі түрлі болатынын түсіндіру:

1) Егер адам «салиқалы адам «әулие» өздігінше физикалық құт-берекеге ие емес, бірақ бұл құт-берекені оған Аллаһ берген (дарытқан)» деген сенімге ие болса, онда бұл сенім бидғат, адасушылық және кіші ширк (адамды Исламнан шығармайтын көпқұдайшылық) болып табылады. Бірақ егер сонымен бірге бұл адам: «Осы салиқалы адам («әулие») құт-берекелі ғана емес, сонымен бірге ол болмыстың бір нәрсесін басқарады, немесе пайда мен зиян келтіруге қабілетті, немесе адам мен Аллаһтың арасындағы дәнекер болып табылады», – деп сенсе, онда бұл – үлкен (яғни адамды Исламнан шығаратын) көпқұдайшылық.

2) Егер адам «салиқалы адам «әулие» өздігінше құт-берекелі, әрі оның құт-берекесі Аллаһтан емес» деп сенсе, онда бұл Исламмен ұштаспайтын үлкен көпқұдайшылық.

---

[29] Имам ән-Нәуауи, Ибн Хәжар, әл-Мәзири және Қады ‘Ийяд сияқты кейбіреулерінен басқа. Бұл имамдар, өздерінің ұлығына қарамастан, осы мәселеде қателескен еді, әрі оларды осы үшін Сүннеттің басқа имамдары сөгетін. Сондай-ақ бұл имамдар мұндай табаррукты жалпы түрде ғана рұқсат ететіндігін әрі оның шектен шыққан түрлерін рұқсат етпейтіндіктерін атап кету қажет.

6.2. Салиқалы адамдармен жасалатын табаруктің шариғатпен заңдастырылған түрі

Салиқалы адамдармен **физикалық** табаррук жасауға қатаң тыйым салынғандығы салиқалы адамдармен табаррук жасауға мүлде рұқсат етілмеген дегенді білдірмейді. Бұл онымен табаррук жасау рұқсат етілген, тіпті құпталатын **мағыналық** құт-береке де бар екендігі себепті.

Мұның мағынасы мағыналық тұрғыдағы құт-береке салиқалы адамдардың жиналыстарында, олардың уағыз-насихаттарында, олардың білім үйірмелерінде бар болуымен түсіндіріледі. Біз олардың кеңестерінен, насихаттарынан, олардың мүміндер үшін жасайтын дұғаларынан және олардың кітаптары мен жазуларынан пайда аламыз.

Біз жоғарыда сөз еткен нәрселердің барлығы табаррук мәселесіне, сондай-ақ не нәрселерде құт-береке бар әрі оның қандай түрлері болатындығына қатысты жалпы ережелердің түсіндірмесі еді. Ал заңдастырылмаған табаррук түрлерінің көп бөлігінің түсіндірмесі бөлім-бөліммен, әрқайсысы тиісті тарауда келеді.

10-ТАРАУ

АДАМДАРДЫҢ БЕЛГІЛІ БІР ОҚИҒАНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ БЕЛГІЛІ БІР ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ ТҮРДЕ ЖИНАЛУЫ

Мынау – тараудың атында айтылатын нәрсенің орын алып жатқандығын дәлелдейтін ғаламтордан алынған кейбір үзінділер:

«*Түркістанда орта ғасырдан бүгінге жеткен танымал өнер туындысы – Тайқазанның елге оралуының 20 жылдығы атап өтілді. Қалада өткен салтанатты шараларға тарихшылар, мәдениет қайраткерлері, жастар өкілдері шақырылды. 1935 жылы қазанды Санкт-Петербордағы атақты мұражай Эрмитажға, Иран шеберлерінің ІІІ-халықаралық конференциясына алып кетеді. Жарты ғасырдан астам уақыт сонда тұрған Тайқазан 1989 жылы, қыркүйектің 18-де ғана елге қайтарылды. Бұл күнде Тайқазан ғасырлар бойы мемлекетіміздің жүрегі саналып келген, рухани астанамыз – киелі Түркістан қаласындағы әулиелердің сұлтаны Құл Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде, Қазақстан атты үлкен шаңырақтың берекесінің, тыныштығы мен бірлігінің нышаны қызметін атқарып тұр*».

«Өткен жылды туғанына 260 жыл толған қасиетті Бекет Ата жылы болды деуге толық негіз бар. Бұл жылы Бекет Атамыздың мерей-тойы еліміздің әр шалғайында болып өтті. Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісай қаласында атаның үшінші ұлы Тоғайдың ұрпағы, шаңырағында күні бүгінге дейін Ата үйінің маңдайшасы сақталып отырған Көбен Аралбайұлы ұлы бабасына ас беріп, құран бағыштады.

Елбасының туған жері Үшқоңырда атаның жетінші ұрпағы, кәсіпкер Сыдық қажы Әбуұлы Дәулетов атасына ас берді. Үстіміздегі жылы 9-10 қыркүйекте пір Бекеттің туған жері, тұңғыш мешіт ашып, ұстаздық жолын бастаған жері Ақмешітте ас берілді. Сондай-ақ осы айдың ортасында Маңғыстаудағы ұлы қасиет иесіне арналған

мерейтой үш күнге созылды. Сондай-ақ Пір Бекеттің мерейтойлары Астанада, Алматыда, Оралда өтті».

«Биыл – әулие, рухани ұстаз Пір Бекет Атаның 260 жылдығы. Осыған орай Маңғыстау облысында қыркүйек айының ортасында Бекет атаның 260 жылдығын кең көлемде атап өтуге дайындық жұмыстары қызу жүріп жатыр. ...*Бүгінде «Шопан ата», «Бекет ата» кешендерінде қайта қалпына келтіру, жөндеу, абаттандыру жұмыстарын жүргізу, «Қызылсай – Шопан ата – Оғыланды» қатқыл табан жолын салу, «Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінде «Бабалар мұрасы» павильонын ашу, облыс бойынша қайырымдылық акцияларын, тазалық, абаттандыру шараларын өткізіледі. Бұл жұмыстардың бәрі тойға дейін аяқталады. Сирек кездесетін тарихи жәдігерлер, кітаптар, көркем және фотосуреттер көрмесін ұйымдастыру, тарихи-танымдық жырлар жырланатын жыршылар кешін өткізу, мәдени-спорттық шаралар жүзеге асырылады».*

Біліңіз, құрметті оқырман, белгілі оқиғалар орын алған белгілі күндерді немесе маусымдарды ерекшелеу және осы күндерде жиналыстар өткізу шариғатта тек осыған Құран мен Сүннетте дәлел келген болса ғана рұқсат етіледі. Өйткені белгілі күндерді мерзімді жиналыстар үшін белгілеу – тек Аллаһ Тағаланың айрықша құзыры мен құқығы.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: «*Кім шариғат атап көрсетпеген белгілі орындарды немесе уақыттарды, осы орындарда немесе уақыттарда кезінде қандай да бір атақты оқиғалар орын алғанымен дәйектеп, сол орындарда немесе уақыттарда белгілі ғибадат түрлерін орындау үшін ажыратып белгілесе, сол христиандар мен яһудилерден болған Кітап иелері сияқты болады. Солар ғана өздерінің белгілі оқиғаларының орын алған жерлері мен уақыттарын ғибадат жасаудың маусымдары мен орындарына айналдырды. Мысалы, Рождество күні, Крещение күні т.с.с.*». Қз.: «Зад ул-Ма'ад» 1/59.

Христиандардың осы кезге дейін көптеген мерекелі оқиғаларға байланысты сән-салтанатты жиындар өткізетіні ешкімге жасырын емес. Олардың арасындағы ең таралғаны бұл – Рождество Христово мерекесі. Тура сол сияқты яһудилер де өздеріне жіберілген пайғамбарларымен және патшаларымен орын алған көптеген оқиғаларға байланысты салтанаттар ұйымдастырады.

Шейх Мухаммад Ибраһим Әли Шейх былай деген: «*Қандай да бір күнді ажыратып белгілеу және онда белгілі ғибадаттарды орындау арқылы оны басқа күндерден мәртебелі ету тек осыған шариғаттан дәлел келтіргеннен кейін ғана заңды болады. Сондықтан да қандай да бір күннің шариғатта ерекше ажыратылған немесе атаулы болып табылатындығын білу үшін Құран мен Сүннетке қарау қажет. Шариғатта оларға нұсқау келген күндер ерекше болып табылады. Әрі*

Аллаһ Тағала жыл ішіндегі күндерден Ислам мерекесі үшін Ораза айт пен Құрбан айттың екі күндерінен, сондай-ақ Құрбан айт күнінен кейін келетін үш ташриқ күндерінен басқа күндерді таңдамады. Сондай-ақ жартылай мереке болып табылатын жұма күнін де атап кету қажет. Бұл – апта сайын қайталанатын мереке. Ал жоғарыда аталған күндерден өзге күндерге келер болсақ, мұсылмандарға оларды мерекелі деп ажыратып белгілеуге тыйым салынады». Қз.: «Фәтауа Ибн Ибраһим» 3/51.

Осыдан шыға келе, қандай да бір күнді қандай да бір оқиғаны мерекелеуге және оны белгілі бір атпен (мысалы, «Еске алу күні» немесе «Исламды қабылдау күні» деп) атауға тыйым салынады. Егер осы оқиға шындығында да қуанышты болса, онда оны шариғат шеңберінде, бірақ сол оқиға орын алған кезде бір-ақ рет, жыл сайын оны қайталамай атап өтудің оқасы жоқ. Сондықтан да біздің ардақты ата-бабаларымыз Исламды белгілі бір күні қабылдаған болса, олар соған сол кезде қуанған, бірақ біз бұл оқиғаны жыл сайын тойламаймыз. Өйткені осы күндердің барлығын Аллаһ Тағала жаратқан әрі дәл осы күндердің қандай да бір ерекшіліктері бар екендігін ешбір жерде хабарламаған.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келген кезінде ол жаңадан дінді қабылдаған мұсылмандарды олардың ескі мерекелерінде қалдырмады, ол оларды Ислам мерекелерімен ауыстырды.

Ханафи имамдарының бірі – Шах Уалиуллаһ әд-Дахләуи былай деген: *«Осы екі мерекелердегі негіз әрбір халықта олар жақсы киімдерін киіп өздерінің қалаларынан әшекейленіп шығатын күні болатындығында, әрі осы дәстүр кез-келген халықта бар, олар араб немесе шетелдіктер болса да. Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келген кезінде, ол жергілікті тұрғындардың ойын-сауық жасап серуендейтін екі күні бар екенін көрді де: «**Ақиқатында, Аллаһ сендерге осы екі күнді осыдан жақсырақ Құрбан Айт және Ораза Айт күндерімен ауыстырды**», – деді* (**хадис сенімді (сахих);** Қз.: «Силсилә әл-Ахадис әс-Сахиха» № 2021). Олардың мерекелері «Наурыз» және «Махражан» еді деп те айтылады[30].

---

[30] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың мерекелерін «мұсылман наурызы» немесе «мұсылманның махражаны» деп айтпағандығына назар бұрыңыздар. Ал наурызға немесе сабантойға жиналатын кейбір діни сауаты жоқ мұсылмандардың: «Наурыз – мұсылманның жаңа жылы», – деп айтып жүргені жасырын емес. Әрі осы есіктерді ашық қалдырсақ, тағы жиырма жылдан кейін не болатынын елестету қиынға соқпайды: мұсылман күнтізбелерінде жаңа «мұсылмандық мереке» – «мұсылмандық наурыз» пайда болып, мұсылмандар сол күнде Аллаһқа жақындау =

Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға осы екі күнді ауыстыруға асықты, өйткені адамдарда қандай мереке болмасын, ол мерекенің себебі сол халықтың рәсімдері мен салт-дәстүрлерін ұлықтауды қалау, немесе олардың жергілікті билеушілеріне жағымпаздануды қалау, немесе осы сияқты нәрселер болады. Сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) егер ол оларды және олардың дәстүрлерін осыда қалдырса, онда ең соңында адамдардың надандық дәуіріндегі рәсімдерді құрметтеуге және ата-бабаларының салттарын таратуға деген құштарлық жеңіп шығатынынан қауіптенді. Сондықтан да ол оларды бірқұдайшылық дінінің рәсімдерін ұлықтайтын және дәріптейтін екі күнмен ауыстырды әрі мұсылмандардың жиыны жай ойын-сауыққа айналмауы үшін және мұсылмандардың жиналысы Аллаһтың сөзін ұлықтаусыз өтпеуі үшін жай сәндenуге Аллаһты зікір етуді және ғибадаттардың кейбір түрлерін қосты». Қз.: «Хужжату Ллаһи әл-балиға» 2/30-31.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: «*Қабір орындарында тұрақты әрі мерзімді түрде өтетін жиындарда көптеген ауыр қиындықтар бар және олардың қаншалықты үлкен екендігін тек жалғыз Аллаһ біледі. Олардың ауыр болғаны соншалықты – жүрегінде Аллаһты қадірлеу, бірқұдайшылық үшін қызғаныш, көпқұдайшылықты, күпірлікті және бидғаттарды жек көру сезімдері сақталған әрбір адам оларға ызаланады. Ал осының барлығын жүрегімен сезінбейтіндерге келер болсақ, мұның себебі жарақаттың өлікке әсер етпейтіндігінде*». Қз.: «Иғасат ул-Ләхафан» 302-бет.

Ескертпе. 1. Егер біреу: «*Бірақ мұсылмандар әркез мешіттерде олардың біреуінде бала туылуына байланысты (ақиқа), немесе*

= үшін және оған ғибадат жасау мақсатымен жиналып, осыны Аллаһтың дінінен деп айта бастайды. Осы кездің өзінде олар: «Наурыз көжеге міндетті түрде жеті нәрсе салыну қажет, әйтпесе оның берекесі болмайды», – немесе: «Наурыз күні табыспасаң, бір жыл бойы ұрысып-керісіп жүресің», – деп, кезінде (Сасанилер дәуірінде) түркі еліне және олардың қоластында болған басқа да халықтарға енгізілген парсы отқа табунышыларының (мәжуси-зароастрилерінің) «Нау (жаңа) руз (күн)» деп аталатын, жарық пен қараңғылықтың, ізгілік пен жауыздықтың екі құдайының (Ахумаразда мен Ахриман) мәңгі күресіндегі жеңіс пен үстемдік жарық пен ізгілікке көшетін, отқа табынушылардың дуализмінен (екі құдайшылығынан) туындаған күн мен түн тең болатын атаулы күнін Аллаһтың пәк діні болған Исламға теліп, одан: «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» – деп, құт-береке күтіп жүр. Бұл аз болса, қолайлы сәт түскен сайын ханафи мәзһабын ардақтайтынын білдіретін діни «қайраткерлеріміз» бірде-бір ханафи ғалымы істемеген нәрсеге батылдығы жетіп, наурызды атап өтуді құптайтын пәтуа да шығарып берді. Алайда Наурыздың мұсылмандыққа және Исламға еш қатысы жоқ. Біз Аллаһқа бұның кесірінен пана тілеп жүгінеміз және Одан мұндай пәтуа шығарушыларға лайықтысын беруді сұраймыз.

үйленуіне байланысты (уалима) т.с.с. себептермен жиналады емес пе? Ендеше, не үшін біз осыны тыйым салынған деп санамаймыз, бұл жерде де оқиға мен орын ажыратылып белгіленген ғой?», – деп сұрақ қойса, біз оған былай деп жауап береміз: бұл тыйым салынған болып табылмайды, өйткені бұл оқиғалар нақты тұрақты түрде мерзімді қайталанатын күн (яғни `ид (айт) ретінде белгіленбейді. Сондай-ақ жоғарыда белгілі оқиғаны ол орын алған кезде, оны мерзімді түрде қайталаусыз атап өтудің оқасы жоқ екендігі туралы айтылған болатын. Ал мешітке келер болсақ, ол осы оқиғаны атап өту үшін онда орын көп және онда барлық қажетті нәрселер бар болғандықтан. Сондықтан егер мешітте жөндеу жұмыстары жүріп жатса, перзентті болған ата-ана ақиқаны басқа жерде өткізуді қаласа, онда адамдар осы басқа жерде де келіспеушіліксіз жиналады. *Ал*, мысалы, Түркістанға Қожа Ахмет Яссауидің кезекті мерейтойына жиналатындарға, *дәл* осы күні емес және Түркістанда емес, көршілес Сайранда жиналуды ұсынсаңыз, онда бұл ұсынысыңыз олар тарапынан қайтарылады. Міне, осы олардың *дәл* осы атаулы күн, сондай-ақ *дәл* осы атаулы орын, сондай-ақ белгілі мерзім туралы қамданатындарының *дәлелі*. Сонымен бірге ақиқаға және уалимаға байланысты жиындар шариғат тарапынан заңдастырылған.

2. Егер біреу-міреу: «Түркістандағы, немесе Арыстан Бабтағы, немесе Бекет Атадағы, немесе т.с.с. жерлердегі жиындар діни сипатқа ие емес, олар дүниелік, зайырлы мәселелерге қатысты», – деп айтса, бұған жауап былай болмақ:

1. Бұл – жалған. Мұның өтірік екендігіне көз жеткізу үшін тараудың басында келтірілген ғаламтордан алынған үзінділерді оқудың өзі жеткілікті.

2. Тіпті егер біз осы тұжыруммен келісетін болсақ та, белгілі оқиғаларға байланысты мерзімді жиындарға тыйым салынғандығы туралы ұғым тек діни сипаттардағы жиындармен шектелмеген. Керісінше, кез-келген жиын, тіпті оның барысында діни рәсімдер жасалмайтын болса да, бірақ ол белгілі бір уақыт сайын және тура осы жерде, немесе тура осы себеппен жиналуға деген ұмтылыспен орындалатын болса, тыйым салынған болып табылады.

11-ТАРАУ

ТҮРКІСТАНДЫ, АРЫСТАН БАБТЫ, Т.С.С. ЖЕРЛЕРДІ ЗИЯРАТ ЕТУШІЛЕРДІҢ СОЛ ЖЕРЛЕР МЕН СОЛ ЖЕРЛЕРДЕГІ ЗАТТАРДЫҢ ҚАСИЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ БЕРЕКЕЛІ ЕКЕНДІГІ ТУРАЛЫ СЕНІМІ

Орта Азия мұсылман халықтарының арасында және мұсылман әлемінің басқа да аймақтарында мазарлар, кесенелер, ағаштар, тастар, тәспілер т.с.с. заттарды құт-берекелі, киелі деп қадірлеп-қастерлеу өте кең таралған. Адамдар осы заттар құтты сипаттарға ие және оларға қол тигізіп сипау арқылы осы құт-берекеден өзіңе де үлес алуға болады деп есептейді.

Мынау – Түркістанды, Арыстан Бабты зиярат етушілердің әсерлері туралы айтылған ғаламтордан алынған кейбір үзінділер:

Қасиетті құдық:

«Түркістан қаласынан 60 шақырымдай жерде жергілікті халық әулиелі мекен санайтын Укаша ата сахабаның зияраты және қасиетті құдығы бар. Келушілер Укаша сахабаның ұзындығы 20-25 метрдей ұзын қабірінің басына дұға жасаған соң, осы арадан 700-800 метрдей қашықтықта, тау басындағы құдыққа барып, тереңдігі 30 метрге дейін жететін құдыққа қауға тастайды. Ырым бойынша, әулиенің құдіретіне күмән келтірген немесе ой-пікірі теріс адамға құдық бір тамшы су бермейді. Ал ниеті таза, ықыласы күшті адамның шелегі құр қалмайды ...»

«Мешітке барар жолда екі бұлақ көзі бар. Бекет ата Бақыржан қажының асатаяғын суырып алған жерден тұщы су шыққан. Ал асатаяқты суыра алмаған ұлына налыған әкесінің көз жасы тамған тұстан ащы су аққан. Кейін екеуі бір арнаға тоғысқан. Суы сәл кермек татығанымен, қанша ішсең де ішке тимейді. Кейін өткізілген

лабораториялық сараптама оның адам саулығына пайдасы барлығын анықтаған. Зиярат етушілер оны ыдыстарына құйып, өздерімен бірге ала кетеді».

Қасиетті тастар мен құдықтар:

«Домалақ-ана – Анар-ана – бұл қасиетті екі тас арасынан тек сенімі бар адам ғана өте алады. Ғайып берген құдықтың тереңдігі 40 метр. Бұл суды тек жаны таза адам ғана толтырып ала алады. Көбіне бұл қолдан келмейтін іс, өйткені шелек не сынады, не су жан-жаққа шашырайды. Бұл екі сынақтан жолаушылар Түркістанның киелі жерлерін аралап шыққан соң өтеді. Бұл сынақ адам қаншалықты жанын тазартқанын және Аллаһ қаншалықты оның сиынуын естігенін тексереді».

***Кесенелер мен қабірлер*:**

«Айша-бибі кесенесі – бұл жер бала көтере алмайтын және мықты жанұя сұрайтын әйел адамдар аса киелі тұтатын жер болып саналады. Райымбек атаның жерленген орны – бұл жерге барып келген адамның жолы болып, жұмыстарында сәттілік болады».

Бау-ленталар, ақ шүберектер:

«Біз баспалдақтың айналысындағы әрбір бұтақ пен ағаштарға жіптер, баулар, шүберектер және байлауға болатын басқа да нарселердің байланғанын көрдік. Айналада тиындар жатты. Біз де тиын тастап тілек тіледік». «Ағаштардың бұтақтарына байланған ленталар түрлі-түсті болып көз баурайды. Ал бұрын баспалдақтың орнына тек тар жол болатын, онымен осы жерге пұтқа табынушылардың Құдай деген жоғарғы пұтына құрбан шалатын қойларды сүрейтін. Қойды бөлетін, еті мен терісін бұтақтарға ілетін, осы орайда әрбеу Мәңгі Аспанның Иесіне тылсым тілегімен жалбарынатын, әрі ол туралы ешкім білмеуге тиіс болатын. Жоғары күштерге деген жүгіну барынша жеке сипатта болуы үшін, теріні ленталарға бөліп, осы рәсімге қатысқан тайпаластарына, олардың әрқайсысы өзі үшін кесінді-тілегін ілуі үшін тарататын. Уақыт өтісімен қайысты матадан кесілген ленталар ауыстырды».

Заттармен жасалатын табаррук:

«Зиярат етушілер алдымен әулие басына (кесенесіне) түнеп, ғибадат етеді. «Арыстан Бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген ұлағатты ұғым ертеден-ақ қалыптасқан. Түркістандағы Әзірет Сұлтанның кесенесіне зиярат етіп барған мұсылмандар алдымен міндетті түрде Отырардағы Арыстан Бабтың басына барып, құлшылық етеді. Арыстан Баб кешеніндегі мешітте намаздарын оқып, дұға бағыштайды. Осындай дәстүрді орындағаннан кейін ғана Қожа Ахметтің басына келеді (оның кесенесін айналып, сипап, алақандарын беттеріне үйкейді). Садақа беріп, бар ықыласымен тілесе, Аллаһ тілегін қабыл етеді. Бұл қастерлі сенімді ғасырлар бойы жалғасып келе

жатқан ата-баба жолы деп айтуға болады. Біз де сол үрдіспен Арыстан Баб басына (кесенесіне) түнедік».

Оқырман бұл үзінділерді және басқа да көптеген осындай жасалып жатқан шариғатпен заңдастырылмаған береке іздеуді ғаламторға «әулие» деп іздеу салысымен, топ-тобымен таба алады. Оларды оқығаннан кейін тек Түркістанда ғана емес, бүкіл қазақ жеріне осындай пұтқа табынушылық сенімдердің етек жайғанына күмән қалмайды. Осы және өзге фактілер «біздің халқымыз пұтқа және қабірлерге табынушылықтан алыс» деп айтушылардың сөздерін теріске шығаруда. Ең таң қаларлығы осының барлығы Түркістанда жиын ұйымдастырушылардың үнсіз мақұлдауымен орын алуда.

Осының барлығы ханафи мәзһабының имамдары мұндай іс-әрекеттердің барлығына қатаң тыйым салғандығына қарамастан белең алуда. Үзінділерде келтірілген іс-әрекеттердің кейбіреулерін ханафи ғалымдары көпқұдайшылық деп, ал басқаларын – көпқұдайшылыққа апаратын есік деп атаған. Қз.: «Зиярат ул-қубур» 42-бет; «Мәжалис ул-абрар» 129-130 беттер; «Нәфаис ул-Азхар» 161-бет; Ибн Туркмани «әл-Люма'» 1/52; «Фатх ул-Мәннан» 445, 521-522 беттер; «Ғаят ул-Амани» 1/297-298; «Мифтах ул-жәнна» 47-бет.

Бұдан қалса, ханафи имамдары адамдар құт-берекелі және игілік дарытатын деп санайтын барлық заттарды, мейлі олар ағаштар, құрылыстар немесе басқа да нәрселер болсын, алып тастауды бұйырған. Дәл осындай пұтқа табынушылық сенімдердің негізінде адамдар оларға шүберектерді, жіптерді, бауларды т.с.с. нәрселерді іліп қояды. Қз.:«Зиярат ул-қубур» 51-52 беттер; «Мәжалис ул-абрар» 129-бет; «Нәфаис ул-Азхар» 160-161 беттер.

Өзге мәзһабтардың имамдары да ханафи ғалымдарын осы мәселеде қолдайды. Имам Абу Бакр әт-Тартуши былай деген: *«Қараңыздар, Аллаһ сіздерді рақым етсін! Қай жерде болмасын, сендер адамдардың зиярат жасап баратын, оларды ұлықтап, олардан ауруларынан шипа сұрайтын және оларға баулар мен шүберектерін ілетін талды немесе бұтаны тапсаңдар, сол ағашты шауып тастаңдар».* Қз.: «әл-Хауадис уәл-бида'» 105-бет.

Ендеше, Түркістанға, Бекет Атаға тағы да сол сияқты жерлерге сапар ұйымдастырушыларға ханафи мәзһабының имамдарының сөздеріне ілесуге не кедергі жасайды?

12-ТАРАУ

ЕГЕР ҚҰРАН МЕН СҮННЕТТЕ БЕЛГІЛІ БІР ОРЫННЫҢ ҚАСИЕТТІ ЕКЕНІНЕ НҰСҚАУ БОЛМАСА, ОНЫ ҚАСИЕТТІ НЕМЕСЕ КИЕЛІ ДЕП ЖАРИЯЛАУ

Тараудың басында тағы да бір рет кейбір үзінділерді келтіреміз, оқырман бізді іс жүзінде жоқ нәрсе туралы сөз етіп жатыр деп ойламауы үшін.

1. «Түркістан – халқымыздың рухани орталығы, мұсылмандар тәуап етіп келетін қасиетті жер...»

*2. «Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы **қажылық** міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады».*

*3. «Мұсылмандар Түркістан қаласын **екінші Мекке** деп, ал сол **қасиетті жерлерге** баруды **Кіші қажылық** деп санайды».*

Және сондай-ақ:

«... Оның үстіне, “Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет” тіркесін де өмірге әкелген халық. Ендеше, ерекше қасиет иесіне тағзым ету – әркімнің парызы».

Егер құрметті оқырман табаррук жасаудың және құт-берекенің, қасиеттілік пен берекеліліктің жалпы ережелерін ұғып алған болса, онда оған Түркістан мен Бекет Ата сияқты жерлерге, ондағы бұлақтар мен құдықтарға, ежелгі ескерткіштер мен ағаштарға қасиеттілікті телудің қате екендігін түсіну қиынға соқпайды.

Сондай-ақ «мұсылмандардың қасиетті жері», «екінші Мекке» деген анықтамалар, егер оларды жиі қайталап, жарнамалағанда және жариялап айтқанда осы елді-мекендерге қажылық рәсімдерін немесе олардың бір бөлігін орындау идеяларын енгізуді әрі қарай жеңілдететінін түсіну қиын емес. Әсіресе, осыған «кедейлердің қажылығы» деген немесе т.с.с. идеялар ұштастырылса.

Қабірлер мен кесенелердің басына қажылық рәсімдерін немесе олардың бір бөліктерін орындау қабірлерге табынушыларға көп ғасырлардан бері белгілі. Осыған шақырғандардың алғашқыларының бірі рафидилердің (шекке шыққан шиғалардың) жетекшісі Мухаммад ибн ән-Ну'ман әл-Муфид еді. Дәл сол «Мәнасиқ ул-хаж әл-машахид» («Қабірлердің басында жасалатын қажылық рәсімдері») кітабының авторы болып табылады. Шейхул-ислам Ибн Таймия бұл кітап туралы: «*Мен осы кітапта тіпті Кітап иелерінің кітаптарында да көрмеген мөлшердегі соншама көп өтіріктерді көрдім*», – деген. Қз.: «әл-Фәтауа» 27/162.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: «*Ал кесенелерге қажылық жасайтындар, сонысымен оларды Қағбамен теңейді, ал бұл Ислам дінінен шығып, көпқұдайшылдардың дініне кіру болып табылады*». Қз.: «Иғасат ул-Ләхафан» 1/171.

Сондай-ақ Шейхул-ислам Ибн Таймия былай деген: *"Кім: «Қабір-кесенелерге бірнеше рет бару Қажылыққа теңеседі», – десе, әрі: «Қабір-кесенелерге сапармен бару Қажылық сияқты деп есептесе», – немесе олардың шекке шыққандары айтатынындай: «Бұл қабір-кесенені бір рет зиярат ету бірнеше рет Қажылық жасағаннан жақсырақ», – деп айтса, онда бұл көпқұдайшылық болады"*. Қз.: «Қа'ида жәлилә» 351-бет.

Кейінірек біз ғаламторда мынандай сөздерге тап болдық:

«*Ғимараттың сыртқы есігі шағын болғанымен, ішкі бөлмесі кең. Үш есік бар. Бекітілген бірінің ар жағында Бекет Атаның мүрдесі қойылған. Екінші есік Пірдің намаз оқыған орнына апарады. Келушілер мұндағы қасиетті ағашты үш мәрте айналып өтіп, тілегін тілейді*».

Сондай-ақ «мұсылмандардың қасиетті жері» деген терминінде Исламға онда жоқ нәрсені телу бар, ал бұл Аллаһқа өтірік жапсыру болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деді: **"(Мухаммад): «Расында, сондай Аллаһқа өтірік жала жапсырғандар құтылмайды», – де. Олардікі дүниеде ғана пайдалану. Сонсоң олардың қайтар орны Біз жақ. Сонан кейін де қарсы болғандықтары себепті қатты азап таттырамыз"** («Йунус» сүресі, 10:69-70).

Сонымен, біз бүкіл құт-береке мен игілік бір Аллаһтың ғана Қолында деп айтқанбыз. Ал Ол осы игілікті қалағанына береді. Біз қандай да бір нәрсенің қасиеттілігі туралы тек дәлел болған кезде ғана айта аламыз. Тіпті егер біз осы жерлер шындығында да қасиетті болуы мүмкін деп жорамалдасақ та, мұны сенімді түрде айтуды және Исламға телуді айтпағанның өзінде, біз осыны сенім ретінде алмауымыз керек, өйткені бұл – бізде ол туралы білім жоқ нәрсе.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһқа қарсы білмеген нәрселеріңді айтасыңдар ма?»** («Йунус» сүресі, 10:68).

Ол сондай-ақ былай деді: **"«Күдіксіз, Раббым арсыздықтарды, Олардың көрнеу, көместерін, күнәны, орынсыз озбырлықты, оған байланысты ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаһқа серік қосуларыңды және білмейтін нәрселеріңді Аллаһқа қарсы сөйлеулеріңді тыйым салды», – де"** («әл-Әғраф» сүресі, 7:33).

Ол тағы да былай деді: **«Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе. Расында, құлақ, көз және жүрек: олардың барлығы одан сұралады»** («әл-Исра» сүресі, 17:36).

Сопылардың проблемасы олар үнемі қазақ ұлтшылдығын әлемдердің Раббысы қазақтар үшін ғана түсірмеген дінмен араластыратындығында.

Сонда біздің дініміздің мәні неде? Егер біз өзіміз жерлерді, уақыттарды, рәсімдерді (қасиетті) деп таңдап алатын болсақ, онда Ислам да бізге қажет емес, ал Құранның тыйымдары мен бұйрықтары бізді толғантпайтын шығар, әрі бізге не қажет екендігін және қалай өмір сүру керектігін біз өзіміз білетін шығармыз?!

Ал енді әрбір халық өздерінің мерекелерін Исламға теліп, осының барлығын «мұсылмандық мерекелер» деп атай берсе, не болмақ? Ислам тарихында қаншама көп атаулы күндер болғанын елестетіп көріңіздерші, егер олардың барлығы жиындар өткізуге, рәсімдер орындауға негіз ретінде алынатын болса, бұл неге алып келетінін елестетудің өзі қиын! Ал олардың көбі туралы хабарлар Құранда түсірілген және Сүннетте аталған ғой!

Онда не себепті, сіздердің ойыңызша, Аллаһ Тағала бір нәрселерді ерекше айырып белгіледі де, ал басқаларын орнатпай қалдырды?

Біз одан соң көп нәрсе түсінікті болатын бір шағын мысал келтірейік.

Аллаһ Тағала осы дінде ораза ұстауды заңдастырды. Бүкіл жылдың күндерінің ішінен ол ораза ұстау міндетті болған, мысалы, рамазан айын ажыратып бекітті. Сондай-ақ Ол ораза ұстауға тыйым салынған күндерді, мысалы Ораза Айт пен Құрбан Айт күндерін айырып көрсетті. Ол сондай-ақ ораза ұстау құпталатын, мысалы, дүйсенбі, бейсенбі, Арафа, Ашура күндерін де бекітті.

Адам ораза ұстау бұйырылған белгілі бір күндерде оны ұстағаны үшін сауап алатынына, ал басқа, ораза ұстауға тыйым салынған күндерде оны ұстағаны үшін жаза алуы мүмкін екендігіне назар бұрып қараңыздаршы.

Осыда бұл ұлы діннің бір негізінің мәні қамтылған, яғни тек жалғыз Аллаһ қана бізге қалаған нәрсесін бұйырады және тыйым

салады. Біз Аллаһтың құлдары деп аталатынымыздың мәні де осыда.

Аллаһ былай деді: **«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін жараттым»** («әз-Зәрият» сүресі, 51:56).

Имам Мужаһид ибн Жәбр осы аятқа түсіндірме беріп, былай деген: *"Бұл аят «Мен жындар мен адамдарды тек жалғыз Өзім ғана оларға бұйрық беруім үшін және тек Мен ғана оларға тыйым салуым үшін жараттым» дегенді білдіреді"* (**сахих хабар;** Ибн Аби Хатим өзінің тәпсірінің осы күні жоғалған бөлігінде келтірген, бұл туралы «Дарр әт-Та'арудта» 8/478 айтылғандай, ал Ибн Аби Хатимнің иснады «Мәжму' әл-Фәтауада» 8/52 келтірілген).

Сондай-ақ имам әш-Шәфи'и **«Адам баласы өзін қараусыз қалдырылған деп ойлай ма?»** («Инсан» сүресі, 75:36) деген аятқа түсіндірме жасап, былай деген: *«Адам баласы өзіне еш нәрсе бұйырылмайды және еш нәрсеге тыйым салынбайды деп ойлайды ма?!».* Қз.: «әр-Рисалә», 25-бет.

Егер құрметті оқырман мұқият зейін қойса, Түркістанға сапар жасауға шақыратын сопылар мен басқа да адасқан ағымдар христиандардан шамалы нәрселермен ғана ерекшеленетінін байқай алады.

1. Христиандардың сенімі бойынша кез-келген су олардың қасиетті деп санаған адамдары одан ішкендігі немесе онымен жуынғандығы, немесе олардың көсемдері оны қасиетті деп жариялағандығы себепті қасиетті суға айналады.

2. Олар өздерінің «әулие адамдары» «святые угодники» жүрген, өмір сүрген немесе ұйықтаған жерлерді қасиетті деп қадір тұтады.

3. Дәл христиандар көпшілік ұйымдасқан түрде қолдарына кресттер, жалаулар көтеріп алып, әрі осынысын «крестный ход» деп айтып, осындай жерлерді зиярат жасайды. Енді мұсылмандар да Түркістан, Арыстан Бабқа, сол сияқты басқа да «аталарға» ақ жалауларын көтеріп алып баратын болды.

4. Дәл соларда діндарларының айтқан нәрселері заңға айналады, тіпті ол осынысына ешқандай дәлел айтпаса да.

5. Дәл солардың сенімінде «әулиенің» денесінен қалған бөліктеріне (святые мощи угодника) қол тигізу арқылы бедеулер балалы, жолы ашылмағандардың жолы, бақытсыздардың бақыты ашылады.

Салыстыру үшін осындай мысалдар өте көп, бұл олардың азғантай бір бөлігі ғана. Ал кім зейін қойып қараса, бұдан да көп нәрсені көре алады.

13-ТАРАУ

ШАРИҒАТ ТАРАПЫНАН ҚҰЛШЫЛЫҚ-ҒИБАДАТ ҮШІН БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ОРЫНДАРҒА ҒИБАДАТ ЕТУ ҮШІН САПАР ЖАСАУ

Мынау – осы мәселеге қатысты ғаламтордан алынған кейбір үзінділер:

1. *«Біздің кезімізде жыл сайын жүз мыңға жуық адамдар осы жерлерді зиярат етеді».*

2. *«Мұсылман әлемінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесі екінші Мекке болып саналады».*

3. *«Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы* ***қажылық*** *міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады».*

4. *«Мұсылмандар Түркістан қаласын* ***екінші Мекке*** *деп, ал сол* ***қасиетті жерлерге*** *баруды* ***Кіші қажылық*** *деп санайды».*

Белгілі орындарға (қабірлерге, кесенелерге, молаларға, мешіттерге) сол жерлерде Аллаһқа құлшылық ету үшін сапар жасау мәселесі адамдардың «осы жерлер олардың өмір сүретін жерлеріне қарағанда көбірек игілік-береке дарытады» деген сеніміне негізделеді.

Олардың: *«Дәл осы жерде, күннің ыстығына қарамастан, Қазақстанның жан-жағынан келген мыңдаған адамдар бабаларға тағзым етіп, қасиетті жерде күнәлары үшін кешірім тілеп, осы әулиелер басында Құран бағыштайды»*, – деп айтатын сөздері дәл осыны меңзейді. Түркістанға, Бекет Атаға Қазақстанның қандай да болсын бір жерінен Аллаһқа күнәлары үшін тәубе ету үшін арнайы сапар жасайтын адам міндетті түрде «Аллаһ Тағала Түркістанда жасалған тәубені адам сол тәубесін өзінің тұрғылықты жеріндегі мешітте жасағаннан көрі жақсырақ қабылдайды» деген сенімге ие болады.

Ал Түркістанға барушылардың кейбіреулері мұндай сенімге ие емес, алайда осы жерлерге ата-бабаларының қабірлерін зиярат жасауды өздерінің парызы деп санайтындығынан барып жатады.

Осы жерде екі сұрақ туындайды:

1. Бірінші сапар жасаушының сенімі дұрыс па?

2. Екінші сапар жасаушыға ата-бабаларының қабірлерін зият жасау үшін сапарға шығуға рұқсат етіледі ме? Өйткені алғаш қарағанда, бұда тұрған еш жаман нәрсе жоқ сияқты ғой?

Осы екі сұраққа жауап беруі үшін бірнеше құбылыстарды қарап шығу қажет.

1-бөлім. Өз елді-мекеніңдегі қабірді зиярат жасауға рұқсат етіледі ме?

Өз елді-мекеніңдегі қабірді зиярат етуге байланысты ғалымдардың арасында төрт түрлі пікір бар:

1. Бұл құпталмайды (Ибн Сириннің, Ибраһим ән-Нәха'идің, әш-Шә'бидің т.б. пікірі).

2. Бұл құпталады, тіпті өмірде бір рет болса да бару міндетті (Ибн Хазмның пікірі).

3. Бұл рұқсат етілген (кейбір ханафилердің пікірі[31], кейбір мәликилердің т.б. пікірі).

4. Бұл абзал (ислам ғалымдарының көпшілігінің, олардың ішінде көпшілігі ханафи ғалымдарының[32], мәликилердің пікірі, шафиғилердің бірауызды келіскен және кейбір ханбалилердің пікірі).

Соңғы пікірдің дұрыстығына кейбір ғалымдар (мысалы, имам ән-Науауи және әл-'Абдари) мұсылмандардың бірауызды келісімін (ижма`) жеткізген, бірақ іс жүзінде бұл мәселеде келіспеушілік бар.

Ал дұрысы төртінші, яғни «өз елді-мекенінің қабірлерін зиярат ету абзал болады» деген пікір болып табылады. Бұған көптеген хадистер дәлел болады. Осы жерде Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинадағы әл-Бақи' қорымын жиі зиярат еткендігі жеткілікті болып табылады. Бұл туралы жеткен хадистер сахих. Қз.: Муслим 974.

2-бөлім. Ұзақ уақыт бойы қабірлерді зиярат етуге Исламда тыйым салынған болатын, кейін бұған рұқсат етілді

Құрметті оқырман, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исламға шақыруы басталғаннан кейін ұзақ уақыт бойы адамдарға қабірлерді зиярат етуге тыйым салғанын біліңіз. Ешкім қабірлердің басына өз туған-туысқандарын зиярат етіп

[31] Қз.: «Бадаи' ус-Санаи'» 1/320; «әд-Дур әл-Мухтар» 2/242.

[32] Қз.: «Фатх ул-Қадир» 2/150; «әл-Бахр әр-Раиқ» 2/210.

бармайтын. Осылайша көп уақыт Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірінің соңына дейін жалғасып келді. Ал осы діннің түсірілуінің соңында Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға қабірлерді зиярат жасауға рұқсат етті, әрі өзі де Мәдинаның қабіріне баратын болды.

Абу Хурайра былай деп баяндайтын: *"Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз анасының қабірін зиярат етті де, жылап жіберді, содан соң оның айналасында болғандар да жылады. Ол:* ***«Мен Раббымнан анам үшін кешірім тілеуге рұқсат беруін сұрадым, бірақ Ол маған мұны рұқсат етпеді[33]. Кейін мен оның қабірін зиярат жасап тұруға рұқсат сұрадым, әрі Ол маған мұны рұқсат етті. Ендеше, қабірлерді зиярат жасаңдар, өйткені олар өлімді еске салады»,*** *– деді"* (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 976; Абу Дауд 3234; Нәсаи 2033; Ибн Мәжаһ 1572).

Бурайда ибн әл-Хусайб Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: ***«Мен осыған дейін сендерге қабірлерді зиярат жасауға тыйым салатынмын, ал енді оларды зиярат жасай аласыңдар».*** Басқа бір риуаятта: «***Ал енді кім қабірді зиярат жасағысы келсе, зиярат етсін, бірақ Аллаһтың ашу-ызасын келтіретін нәрселерді айтпасын»,*** – деп айтылған (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 3/65 т.б.).

Әнас ибн Мәлик Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: ***«Осыған дейін мен сендерге қабірлерді зиярат етуге тыйым салатынмын, бірақ енді оларды зиярат жасаңдар, өйткені оларды зиярат жасау жүректі жұмсартады, көзге жас келтіреді және келесі өмір туралы ескертеді, бірақ Аллаһтың ашу-ызасын тудыратын еш нәрсе айтпаңдар»*** (**хадис жақсы (хасан);** әл-Хаким 1393; Ахмад 3/237; Қз.: «Талхыс әл-Хабир» 2/137).

3-бөлім. Неліктен осыншама көп уақыт бойы қабірлерді зиярат етуге тыйым салынған еді?

Имам ән-Науауи былай деген: «*Қабірлерді зиярат ету мұсылмандардың жәхилиет (Исламға дейінгі надандық) және көпқұдайшылық заманына жақын болғандығынан тыйым салынған еді. Олар Исламға дейін қабірлерді зиярат еткен кездерінде қабірлердің басында көпқұдайшылық сөздерін айтатын. Ал Ислам мығым тұрақталғаннан кейін және оның үкім-қаулылары танымал және түсінікті болған соң, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға қабірлерді зиярат етуді рұқсат етті, бірақ мұны «****бірақ Аллаһтың***

[33] Бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) анасы көпқұдайшылық сенімінде қайтыс болғандығы себепті.

***ашу-ызасын келтіретін сөздерді айтпаңдар*» *деген шартпен бекітті*». Қз.: «әл-Мәжму′» 5/285.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: «*Бастапқы тыйым пұтқа табынушылықтың есіктерін жабу және бірқұдайшылықтың негіздерін қорғау үшін, сондай-ақ адамдардың жүректерінен қайтыс болған адамдарға, қабірлерді ұлықтауға және оларға табынуға деген байланыстылықты алып тастау үшін қойылған болатын. Ал бірқұдайшылық сахабалардың жүректерінде бекем түрде орнаған соң, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ер кісілерге қабірлерді шариғаттың қатаң түрде орнатқан шекараларында зиярат жасауға рұқсат етті. Бұл олардың имандарының күшеюі үшін әрі олар келесі өмірді еске алулары үшін. Сөйтіп, қабірлерді зиярат етуге деген тыйым пайда үшін орнатылған еді, сондай-ақ оларды зиярат етуге деген рұқсат та пайда үшін келді*». Қз.: «Иғасат ул-Ләхафан» 1/200, сондай-ақ «Тахзиб ус-Сунан» 9/60.

Қабірлерді зиярат етуге деген бастапқы тыйымның тура осындай себебін сондай-ақ ханафи мәзһабының имамдары да атаған болатын Қз.: имам әл-Бәрқауи «Зиярат ул-Қубур» 23-24 беттер; имам Ахмад әр-Руми «Мәжалис ул-әбрар» 355-356 беттер; имам Уалиуллаһ әд-Дахләуи «Хужжату-Ллаһи әл-Балиға» 2/38; «Фатх ул-Мәннан» 489, 493 беттер.

4-бөлім. Неліктен шариғат қабірлерді зиярат етуді тыйым салғаннан кейін қайта рұқсат етті?

Имам Ибн әл-Қайим былай деді: «*Шариғат қабірлерді зиярат етуді үш мақсатқа жету үшін заңдастырды:*

1. Қабірлерді зиярат ету келесі өмірді еске салады, әрі ғибрат болып табылады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Енді қабірлерді зиярат етіңдер, өйткені бұл келесі өмір туралы ескертеді»,*** **– деп айтты.**

2. Осыда қайтыс болған адамға қатысты көңіл бұрудың көрінісі бар. Сондықтан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан қайтыс болған (мұсылман) үшін кешірім, рахым және мейірімділік тілеуді заңдастырды[34]*.*

[34] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған адамнан кешірім сұрауды емес, қайтыс болған адам үшін Аллаһтан кешірім сұрауды рұқсат еткеніне назар бұрыңыздар. Сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), молаға (әруаққа) табынушылардың кейбірі істейтіндей, қайтыс болған адамнан Аллаһтың алдында дәнекер (шапағатшы) болуын сұрауды заңдастырмады. Ал олар осынысында кімнен өнеге алуда?!

3. Қабірлерді зиярат етуде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне ілесу және ол орнатқан шекараларды ұстану бар. Осы арқылы адам өзіне-өзі игілік танытады». Қз.: «Иғасат ул-Ләхафан» 1/188.

5-бөлім. Зираттағы қабірлерді зиярат еткенде не істеу керек?

1. Қайтыс болғандарға (мұсылмандарға) сәлем беру және олар үшін (Аллаһтан) кешірім тілеу.

Бұған төрт мәзһаб, соның ішінде ханафи мәзһабының өкілдері де келіскен. Қз.: «Фатх ул-Қадир» 2/150; «әл-Бахр әр-Раиқ» 2/210.

Бурайда ибн әл-Хусайб Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлерді зиярат еткенде былай деп айтуды үйреткенін баяндаған: ***«Әссаләму `аләйкум, осы қабірлердегі мүміндер. Аллаһ қаласа, біз де жақын арада сендерге қосыламыз. Аллаһтан біз үшін де, сіздер үшін де мейірім тілеймін»*** (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 975; т.б.).

2. Сәлемдесу және осы дұғаны айту кезінде қабірге қарау.

Бұған Ибн ʻАббастың мына хадисі дәлел болады: *"Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдина зиратының жанынан өтіп бара жатып, оған бет бұрып:* ***«Ассаләму аләйкум...»***, *– деп айтты"* (**хадис оны бекемдететін иснадтардың болуы себепті жақсы (хасан);** Тирмизи 1053; әт-Табарани «әл-Кәбирде» 12613).

Бұл пікір төрт мәзһабтың барлығына, соның ішінде ханафи мәзһабына да тиесілі. Қз.: «Фатх ул-Қадир» 3/168.

6-бөлім. Қабірді зиярат ету үшін басқа елді-мекенге сапарға шығуға рұқсат етіледі ме?

Бұл бөлімді оқу барысында шариғат өз елді-мекенінің зиратын зиярат ету мен басқа бір елді-мекенге ондағы қабірлерді зиярат ету үшін сапарға шығудың арасында айырмашылық орнатқанын білдіретін маңызды жайтты ұғып алу қажет.

Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: ***«Тек үш мешітке бару үшін арнайы сапарға шығуға болады – әл-Харам Мешітіне, менің мешітіме[35] және Илия[36] мешітіне»*** (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 1397).

---

[35] Мәдинадағы Пайғамбар Мешіті.

[36] Иерусалимдегі әл-Ақса мешіті.

Сондай-ақ Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген: ***«Жануарлар үш мешіттен: әл-Харам Мешітінен, Елшінің Мешітінен және әл-Ақса Мешітінен – басқа мешіттерге сапар үшін жегілмейді»*** (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1189; Муслим 1397; Абу Дауд 2033; Нәсаи 699; Ибн Мәжаһ 1409; т.б.).

Абу Са'ид әл-Худри Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Жануарларды үш мешіттен: осы менің мешітімнен, әл-Харам Мешітінен және әл-Ақса мешітінен – басқа мешіттерге қарай жекпеңдер»***, – деп айтқанын баяндаған (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1197; Муслим 828; Тирмизи 326; Ахмад 45, 51).

Бұл хадистерде өз елді-мекеніңнен басқа бір елді-мекенге ғибадат жасау үшін, мейлі мешітке болсын, мейлі қандай да басқа бір жерге сапарға шығуға тыйым салынғандығына айқын нұсқау бар. Ал егер біреу: «Мен пәлен елге шариғи білім алуға барғым келеді. Ал білім талап ету ғибадат болып табылады, бірақ осы сөздерге сәйкес мен білім талап етуге сапарға шыға алмайтын болып тұрмын ғой», – деп айтса, оған жауап былай болмақ: бұл рұқсат етіледі, өйткені сен бұл елге білім талап ету үшін баруды қалап тұрсаң да, және ол ғибадат болса да, бірақ дәл осы ел саған ел ретінде керек емес. Сен бұл елге дәл сонда ғалымдар немесе саған қажет болған университет бар болғандықтан сапарға шықпақсың. Ал егер ғалым басқа бір елге қоныс аударса, немесе осы сияқты университет басқа бір елде ашылса, онда сен өз бағытыңды оңай ауыстыра саласың да, әлгі бірінші елге барудың орнына екінші елге барасың. Ал осы хадисте тыйым салынған нәрсе – басқа елді-мекенге дәл сол елді мекенде белгілі бір мешіт бар болуы және адам дәл сонда намаз немесе басқа да ғибадатты орындағысы келуі себепті сапарға шығу. Мұндайды істеуге рұқсат жоқ, өйткені сіздің елді мекеніңіздегі мешіт басқа елді мекендегі мешіттен еш кем емес, өйткені жоғарыда аталған үш мешіттен өзге мешіттердің барлығының мәртебелері де, дәрежелері де өзара тең.

Дәл Түркістанда және басқа да сол сияқты «әулиелі» жерлердегі жасалған ғибадат-құлшылық сауабы бойынша басқа жерлерде жасалған құлшылықтан жоғары деген пікір Түркістанды, Бекет Атаны, Арыстан Бабты т.с.с. жерлерді зиярат етіп барушыларды сол жерге сапарға шығуға итермелейді. Олар Түркістандағы немесе сол сияқты басқа да жерлердегі қабір-кесенелер, ғимараттар мен құдықтар, ағаштар мен топырақ қасиетті, демек ол жерде намаз орындау да жақсырақ деп санайды. Осы Түркістанға және сол сияқты басқа да «киелі» жерлерге зиярат етушілер сол жер-

лер ондағы жерленген «әулие-әруақтардың» болуы немесе көне замандардан бері сақталып тұрғандығы себепті қасиетті деген сенімге ие.

Ал сауда-саттық, ағайын-туысты зиярат ету т.с.с. мақсаттар үшін сапарға шығуға келер болсақ, мұның барлығында проблема жоқ, өйткені мұнда діни сылтау жоқ болып тұр. Мұндай жағдайда адам белгілі бір қалаға осы қала қасиетті деп саналғандығы себепті емес, *дәл* сол қалада оның ағайын-туыстары өмір сүретіндігі себепті оларды көріп қайту үшін сапар жасайды, әрі егер олар басқа қалада тұрғанда еді, ол сол басқа қалаға барар еді. Мұндай жіктеудің жалпы түсіндірмесін «Мәжму' әл-Фәтауада» 2/186 табуға болады.

Түркістанға және сол сияқты басқа да өтірктен қасиетті саналатын жерлерге сапар жасауды жақтайтындар: «*Бұл хадисте қабірлер, кесенелер және қасиетті жерлер туралы емес, дәл мешіттер туралы сөз болуда*», – деп айтады.

Жауап:

1. Абу Басра әл-Ғифаридің[37] ол бірде Абу Хурайраны кездестіргендігі және одан: «*Сен қайдан келе жатырсың?*» – деп сұрағандығы туралы хадисі жеткізіледі. Абу Хурайра: «*Тур*[38] *тауынан келе жатырмын. Мен ол жаққа сол жерде намаз орындау үшін бардым*», – деп жауап берді. Сонда Абу Басра: «*Егер мен сені сапарға аттануыңнан бұрын көріп үлгергенімде, сені ол жерге жібермес едім, өйткені мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Жануарлар үш мешіттен: әл-Харам Мешітінен, Елшінің Мешітінен және әл-Ақса мешітінен – басқа мешіттерге сапар үшін жегілмейді»,*** *– дегенін естігенмін*», – деп айтты (**хадис сенімді (сахих);** Нәсаи 1429; Мәлик «Муатта» 1/108; Тайялиси 1348; Ахмад 23848; имам Тирмизи хадисті сенімді (**сахих**) деді № 491; сондай-ақ шейх әл-Әлбани де «Ахкам ул-Жәнаизде» (287-бет) оны сахих деді).

2. Каз'а былай деп баяндайтын: "*Бірде мен Тур тауына баруға жиналдым да, бұл туралы Ибн 'Умардан кеңес сұрадым, ол маған: «Сен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Жануарлар үш мешіттен: әл-Харам Мешітінен, Елшінің Мешітінен және әл-Ақса Мешітінен – басқа мешіттерге сапар үшін жегілмейді»,*** *– дегенін естімеп пе едің? Мұны таста да, ол жерге барма», – деп жауап берді*" (**хадис сенімді (сахих);** әл-Азракий «Ахбар Макка» 304-бет; Хайсами «әл-Мужма'» 4/4 және әт-Табарани «әл-Кәбир» 13283).

---

[37] «Фатхул-Мәжидте» бұл хадис Басра ибн Аби Басра әл-Ғифаридің сөздерінен келтіріледі, ал бұл қателік болып табылады, бұл туралы имам Ибн Абдуль-Барр «әт-Тамхидте» 23/38 және «әл-Исти'абта» 2/39 айтқанындай.

[38] Аллаһ Тағала Мусамен сөйлескен қасиетті тау.

Сахабалардан жеткен осы екі хабарды оқып шыққан кезде, ғибадат жасау үшін сапарға шығу тек мешіттермен шектелмейтіні түсінікті болады, өйткені Тур тауы мешіт болып табылмайды. Соған қарамастан, сахабалар осы тауға онда Аллаһқа ғибадат жасау үшін баруға тыйым салатын.

Егер олар: «*Бұл хадистерде мешіттер және қасиетті таулар мен жерлер туралы айтылуда, алайда оларда қабірлер мен кесенелерді зиярат етуге тыйым жоқ*», – деп айтса, біз бұған былай деп жауап береміз:

Жауап:

1. Шейхул-Ислам былай деген: «*Исламның алғашқы ғасырларында қабірлердің басында мешіттер немесе кесенелер салынбайтын. Алғаш рет мұндай нәрсе Бану Буэйх* [39] *мемлекетінде, шығыста және батыста араларында құдайсыз кәпірлер көпшілік болған каррамилер* [40] *сектасы пайда болған кезде пайда болды. Олардың мақсаты Ислам дінін ауыстыру еді*». Қз.: «Мәжму’ әл-Фәтауа» 27/167, 384.

Сондай-ақ ол былай деді: «*Қабірлер мен олардың басындағы кесенелерге сапарға шығудың артықшылығы туралы хадистерді ойдан тоқып шығарғандардың алғашқылары рафидилерден және сол сияқтылардан болған бидғатшылар еді*». Қз.: «Мәжму’ әл-Фәтауа» 27/191.

Сондай-ақ ол былай деді: «*Сахабалардың заманында адамдар оған қарай жолға шығатын немесе оның алдына барып Аллаһқа жалбарыну үшін немесе одан игілік-береке мен шапағат тілеу үшін бағыт алатын қабір жоқ еді. Бұдан қалса, егер сахабалар қандай да бір жерлерде төбесіне ғимараттар салынған пайғамбарлардың қабірлерін көрсе, олар осы ғимараттардың біреуін де қалдырмай, оларды жермен бірдей етіп тегістейтін. Өйткені мұндай ғимараттар адамдарды бүлікке салуы мүмкін еді. Тіпті Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін де олар оның бөлмесінің ішіне жасырды да, адамдарды одан алыстатты*». Қз.: «Мәжму’ әл-Фәтауа» 27/271.

2. Сондай-ақ осы хадистердегі тыйым тек мешіттерді ғана емес, бірақ молалар мен кесенелерді де қамтитынына тағы бір дәлел – бұл жәхилиет кезінің, көпқұдайшыл-құрайштықтардың әдет-ғұрпы болғаны да.

Ханафи мәзһабының имамдарының бірі болған имам әд-Дахләуи былай деген: «*Жәхилиет кезінде адамдар өздері «қасиетті» деп санайтын орындарға баруға ұмтылған, оларды зиярат еткен, олардан игілік тілеген және осы жерлерде қаншама бидғаттар мен күнәлар жасаған, бұл көпке мәлім болғанындай. Ал Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заңдастырылған ғибадат*

---

[39] Бағдадта.

[40] Пәлсапашы-парсылардың ізбасарлары. Олардың ең көп бөлігі рафидилердің арасында болатын (Қз.: «әл-Бидая уән-Нихая» 11/66).

заңдастырылмаған ғибадатпен араласып кетпеуі үшін, сондай-ақ осы Аллаһтан басқа өзгеге құлшылық етуге алып келетін себепке айналмауы үшін, осы күнәның есігін жапты. Әрі кімнің болсын қабірі немесе қандай болсын салиқалы адам құлшылық жасаған орын, сондай-ақ Тур тауы да – осы жерлердің барлығы оларға ғибадат жасау үшін баруға тыйым салынғандығында бірдей екендігі ақиқат болып табылады». Қз.: «Хужжату *Лаһи* әл-Балиға» 1/192.

Дәл сондықтан да осы – имам Мәликтің және оның ізбасарларының, сондай-ақ кейбір ханафилердің[41], шафиғилердің және ханбалилердің пікірі.

Ханафи мәзһабының имамдарының бірі болған имам әл-Бәрқауи (981 h/ж) былай деген: ″*Ал қабір орындарына сапарға шығып, осы орайда жол ауыртпашылықтарын тарту және осымен ұлы күнә істеу туралы айтар болсақ, онда ғалымдардың басым бөлігі былай деген: «Пайғамбарлар мен салиқалы адамдардың (әулиелердің) қабірлерін зиярат жасау үшін сапарға шығу дінге енгізілген жаңалық (бидғат) болып табылады. Мұндайды сахабалар да, олардың ізбасарлары да істемеген. Сондай-ақ мұндайды әлемдердің Раббысының Елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырмаған, әрі мұсылмандардың имамдарынан ешкім мұны абзал деп айтпаған. Сондықтан да кім осы сапарлар Аллаһқа мойынсұну және игі амал болып табылады деген сенімге ие болса, сол мұсылмандардың біраузызды пікіріне қайшы келеді. Ал кім осы сенімге ие бола тұра, осы қабірлерге сапарға шықса, сол мұсылмандардың бірауызды пікірі бойынша тыйым салынған (харам) нәрсе істейді″.* Қз.: «Зиярат ул-қубур» 18-22 беттер.

Бұл ханафи имамының сөздері Түркістан, Бекет Ата сияқты жерлерге сапар жасап бару күнә және тыйым салынған амал болады дегенді білдіреді.

3. Егер үш мешіттен басқа қандай да нақты бір мешітке ғибадат жасау үшін сапарға шығу тыйым салынған болса, онда қабірлерге сапарға шығу тіпті тыйым салынған. Бұл қабірлердің ғибадат жасауда мешіттерден еш артықшығы жоқ болғандығы себепті, бұдан қалса мешіттердің олардан артықшылықтары бар.

7-бөлім. Қарсылас жақтың күмәндары және оларға жауап

Ал қарсылас пікірдің жақтаушыларында олар өз пікірлерін қолдау үшін келтіретін бірнеше күмәндар бар.

1. Сәхл ибн Ханиф Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: ***«Кім өз үйінде***

[41] Қз.: «Хужжату-*Лаһи* әл-Балиға» 1/543.

дәрет алып, кейін әл-Қуба мешітіне келіп, онда намаз орындаса, сол кіші қажылық (умра) жасағанның сауабына тең сауап алады» (**хадис сенімді (сахих);** Нәсаи 2/37; Ибн Мәжаһ 1/453; Ахмад 3/487 және басқалар).

Осы хадисті келтіре отырып, олар оны әл-Қуба мешітіне, онда намаз орындау үшін, арнайы сапарға шығуға рұқсат етілетіндігіне дәлел ретінде пайдаланады. Қз.: «әл-Муғни» 3/118.

Жауап:

1. Бұл хадиске түсіндірме жасап, кейбір ғалымдар былай деген: «*Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)* ***«...кім өзінің үйінде дәрет алып»*** *деген сөздері, сондай-ақ оның «...****кейін әл-Қуба мешітіне келіп****» деген сөздері бұл мешітке сапарға шығу заңдастырылмағандығына нұсқайды. Ал заңдастырылғаны – оған дәрет алған күйінде шығып, барғанша дәреті бұзылмайтындай қашықтықта жақын тұратын адамның баруы»*. Қз.: «Иқтида сырат әл-мустақим» 2/805.

2. Олардың хадисті осылай түсінуі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір жерде үш мешіттен өзге жерге жолға шығуға тыйым салып, ал басқа жерде осыған үндеп, өзіне-өзі қайшы келді дегенге алып келеді.

Сондай-ақ қарама-қайшы пікірдің жақтаушылары Абу Са'ид әл-Худридің жоғарыда келтірілген хадисінің бір риуаятына жабысып алған. Бұл риуаятта: «***Ғибадат жасағысы келгенге әл-Харам Мешітінен өзге қандай да бір мешітке барудың қажеті жоқ***», – деп айтылған.

Олардың осы риуаяттан шығаратын қорытындысы: *"«Қажеті жоқ» деген тіркес тыйымға нұсқамайды, ол тек мұның құпталмайтындығын білдіреді"*.

Жауап:

1. Бұл риуаяттың иснадында Шахр ибн Хаушаб деген әлсіз риуаятшы бар. Сондай-ақ оның иснадында есте сақтауында әлсіздік болған 'Абдул-Хамид әл-Бахрам бар. Осының өзі осы риуаятты назарға алмау үшін жетіп асады. Бірақ бұған Шахр осы хадисті Абу Са'идтан риуаят еткені әрі осынысымен осы хадисті Абу Са'идтан өзгеше риуаят етушілерге қарсы шыққандығы да қосылады.

2. Қарсылас тарап өздерінің пікірін қолдау үшін келтіретін дәйекке Ибн 'Умар баяндайтын хадис те жатады. Ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Қуба мешітін жаяу және мініс көлігінде зиярат еткендігін баяндаған. Кейбір жеткізушілер бұған қосып: «*Және онда екі ракағат намаз орындайтын*», – деген (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1194; Муслим 1399).

Олардың қорытындысы: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қуба мешітіне мініс көлігінде барған, демек ол оған сапар жасаған*».

Жауап:

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сапар жасамаған, өйткені ол Мәдинаның шетінде болатын. Сондықтан да оған сапарға шығу үмметіміздің имамдарының бірауызды пікірі бойынша тыйым салынған. Қз.: «әл-Муғни» 3/118.

2. Тіпті егер біз осы тұжырыммен келіссек те, осы хадиске сүйеніп, қабірлер мен мешіттер арасында ұқсастық бойынша теңеу (қияс) жасау дұрыс болмайды. Өйткені мешіт – бұл қабір емес, кесене емес, мола емес.

3. Қабірлерге табынушы сопылар сондай-ақ өз пікірлерін қорғау үшін бірде-бір танымал хадис жинақтарында келтірілмейтін көптеген өтірік, ойдан тоқылған хадистерді келтіреді. Осындай хадистердің бірі мына хадис: *«Сендерді қиындықтар қоршаса, көмек үшін қабір иелеріне барыңдар»*.

Шейхул-Ислам былай деген: *«Бұл хадис мухаддис ғалымдардың бірауызды пікіріне сәйкес – өтірік және Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағылған ойдан шығарылған нәрсе. Бірде-бір мухаддис осы хадисті өзінің жинақтарында келтірмейді, әрі ол олардың біреуінде де жоқ»*. Қз.: «Қа’ида жәлилә» 891-892 беттер.

Осы хадиске қатысты тура сол бағалауды ханафи мәзһабының ғалымдары да берген. Қз.: «Рух ул-Мә’ани» 6/127-128; сондай-ақ «Жәлә ул-‘Айнайн» 500-бет.

8-бөлім. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат етуге рұқсат етіледі ме?

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін осы үшін арнайы сапарға шықпай зиярат етуге келер болсақ, бұл кез-келген басқа қабірлерді зиярат ету заңдастырылғанындай заңдастырылған.

2. Бұдан қалса, ғалымдардың арасында «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін осы үшін сапарға шықпастан зиярат ету Сүннет болып табылады» дегенге келіспеушілік жоқ. Қз.: «әд-Дин әл-Халис» Мухаммад Сыддық Хасан 3/588.

3. Бірақ, сонымен бірге, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат ету барлық мұсылмандардың бірауызды келісімі бойынша міндетті болып табылмайды. Қз.: «Мәжму’ әл-Фәтауа» 27/26.

4. Ал оның қабірін зиярат ету қалай орындалуға тиіс дегенге келер болсақ, онда оны зиярат етушіге ең алдымен мешітке сәлем беру (тахийят ул-мәсжид) намазын орындаудан бастау керек. Кейін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)

қабіріне жақындап, оған: «Сәлем саған, уа, Аллаһтың Елшісі», – деп айту қажет. Сондай-ақ сәлемге салауатты қосса да болады. Қз.: «Мәжму'ат расаил әл-кубра» 2/407.

Ал осы құбылысты ханафи мәзһабының ғалымдарының бірі шейх 'Абдур-Рахман ибн Мухаммад әл-ханафи Дамаад Афанди (1078 һ/ж) өзінің «Мәжма' ул-Анхар фи шарх Мултак әл-Абхар» (1/313) еңбегінде былай деп суреттейді: «*Адам мешітке сәлем беру намазын орындап болғанынан кейін, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне жақындайды да, оның бас жағына барып, бетін Қыблаға бұрып тұрады, содан соң оның қабіріне үш-төрт шынтаққа жақындайды әрі осыдан артық жақындамайды және қолын қабірдің қабырғасына қоймайды....*»

5. Қады 'Ияд имам Мәликтен оның былай деп айтқанын жеткізген: «*Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің алдында дұға ету үшін тоқтау дұрыс деп есептемеймін, бірақ Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сәлем беру керек және бірден кетіп қалу қажет*». Қады 'Ияд «әш-Шифа» 2/85.

6. Сондай-ақ қабірлері Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің қасында орналасқан Абу Бакр мен 'Умар ибн әл-Хаттабқа сәлем беру де заңдастырылған. Қз.: «әш-Шифа» 2/86.

7. Имам Мәлик сондай-ақ былай деген: «*Мәдина тұрғындары үшін мешітке кіргенде және одан шыққанда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне жақындау қажетті емес. Мұны тек келушілер ғана істесе болады*». Қз.: «әш-Шифа» 2/88.

8. Бірде имам Мәликке: «*Бірақ Мәдина тұрғындары сапардан келгендер немесе сапарға жиналушылар болмаса да, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне күніне бірнеше рет жақындап барады ғой. Әсіресе, осындай нәрсе жұма күні, олар күніне бір немесе екі рет оның қабірінің алдына тұрып, Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сәлем беріп, содан соң ұзақ уақыт бойы Аллаһқа жалбарынған кезде жиі орын алады*», – деген. Бұған имам Мәлик былай деп жауап берген: «*Мен осы қаланың бұрынғы ғалымдарының ешқайсысынан осының рұқсат етілгендігі туралы естімегенмін, сондықтан да осыны тастау жақсырақ болады, әрі осы үмметтің соңғылары оның алғашқылары түзелгеннен өзге нәрсемен түзелмейді. Және маған сахабалардан олардың осылай істейтіндігі жетпеді, әрі бұл (нәрсе) сапардан қайтқандар немесе сапарға шығатындардан өзгелер үшін мақұлданбайтын нәрсе болып табылады*». Қз.: «әш-Шифа» 2/88.

9. Ал егер адам өзі үшін дұға жасағысы келсе, онда оны қабірдің жанында емес, мешітте, жүзін Қыблаға бұрып жасайды,

сахабалардан осылай жеткен. Әрі олардың біреуінен де олардың қайсысы болсын өзі үшін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің алдында дұға жасады деген хабар жетпеген, бұдан тыс олардың біреуі де, өзіне дұға жасауды айтпағанның өзінде, Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұға жасағанда оның қабірінің алдында ұзақ тұрып алмайтын.

Ал неліктен барлық мәзһабтың имамдары осындай шарттар қоятын және осындай шектеулер орнататын?! Адамдардың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген сүйіспеншілігінен оның қабіріне көптеп келгендерінде, оған сәлем бергендерінде және оған салауат айтқандарында не жамандық бар?! Және не үшін сахабалар осыны істемейтін және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат етуді толығымен дерлік тоқтатты?! Олар сонда Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүймей құрметтемеді ме?! Осылай деп бүгін бізге сопылар айтады. Олар бізге: «Сендер Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүймейсіңдер, ата-бабаларды құрметтемейсіңдер», – деп, т.с.с. нәрселерді айтады. Ал шындығында сахабалар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқалардан артық сүйген және қадірлеген. Ал оның қабірін көп рет зиярат етуді олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздеріне мойынсұнып, тастады: ***«Менің қабірімді мерзімді жиналатын орынға айналдырмаңдар, бірақ маған салауат айтыңдар, ақиқатында сендердің салауаттарың сендер қай жерде болсаңдар да маған жетеді»*** (**хадис жақсы (хасан);** Ахмад 2/367; Абу Дауд 2042).

Өйткені егер Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көретін әрбір мұсылман адам оның қабіріне оған сәлем беру үшін және оған игілік-береке тілеу үшін тұрақты түрде бара беретін болса, бұл міндетті түрде оның қабірінің тұрақты жиындар өтетін жерге айналуына әкеледі.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шөбересімен орын алған оқиға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ***«Менің қабірімді мерзімді жиналатын орынға айналдырмаңдар»*** деген сөздерінің мағынасын түсіндіреді. Бірде Хасан ибн әл-Хасан ибн ʻАли Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің алдында әркез дұға етуге тырысатын адамды байқап қалды да, оған: «*Уа, пәлен! Не үшін мен сені үнемі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің алдында көремін?*», – деп сұрады. Әлгі адам: «*Мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сәлем бердім*»,

– деп жауап берді. Сонда Хасан оған былай деді: «*Ақиқатында, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Менің қабірімді мерзімді жиналатын орынға айналдырмаңдар, бірақ маған салауат айтыңдар, ақиқатында сендердің салауаттарың сендер қай жерде болсаңдар да маған жетеді**», – деді. Сондықтан сен болсаң да, Андалусиядағы біреу болса да, осы тұрғыдан* яғни Пайғамбарға сәлем беру тұрғысынан *бірдейсіңдер*» (**хабар оны нығайтатын иснадтардың болуы себепті сахих (сенімді);** Са‘ид ибн Мәнсур өзінің «Сунанының» осы кезде жоғалған бөлігінде, бұл туралы «әл-Иқтидада» (2/656) және «әс-Сарим әл-Мункиде» (161-бет) айтылғандай; сондай-ақ Исма’ил әл-Қады «Фадлю ссалә ‘алән-набиде» № 30; ‘Абдур-Раззақ (6726); Ибн Аби Шәйба (2/375)).

Риуаяттардың біреуінде: «***...ақиқатында, сендердің сәлемдерің маған сендер қай жерде болсаңдар да жетеді»,*** – деп айтылған (**хабар оны нығайтатын иснадтардың болуы себепті сахих (сенімді);** Дыя әл-Мақдиси «әл-Мухтарада» № 428; Ибн Аби Шәйба 2/375; Абу Я’лә № 469; Исма’ил әл-Қады «Фадлю ссалә ‘алән-набиде» № 20).

Сөйтіп, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне үнемі келіп, оған сәлем беруге ұмтылу оны тұрақты жиналатын орынға айналдыру болып табылады. Ал қабірдің басына сол жерде мүлде заңдастырылмаған дұға жасау үшін келетін адамға қатысты не айтуға болады?!

Бірақ жүрегінде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген жақсы көру сезімі тасып жатқан және оған қатысты жақсы нәрсе істегісі келген адам не істеуі керек? Бұған жауап «*...**бірақ маған салауат айтыңдар, ақиқатында, сендердің салауаттарың сендер қай жерде болсаңдар да маған жетеді***» деген хадисте қамтылған.

Бұл дегеніміз – егер біз Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат айтсақ, ол оған біз қай жерде болсақ та жетеді, әрі сондықтан да оның қабіріне жақындаудың қажеті жоқ.

Сондай-ақ Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Уа, Аллаһ! Менің қабірімді табынатын пұтқа айналдырма, ақиқатында, өз пайғамбарларының қабірлерін ғибадат орындарына айналдырғандарға Аллаһтың ашу-ызасы күшті»,*** – деп айтқанын баяндаған (**хадис жақсы (хасан);** Ахмад 2/246; Абу Ну’айм «әл-Хильяда» 7/317 және басқалар).

Бұл хадистер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдар оның қабірінің қасында қандай да бір ғибадат түрлерін жасауын, мысалы, дұға етулері былай тұрсын, оның жанына жиналғанын қаламағанына нұсқайды.

Сондай-ақ осы соңғы хадис, басқа қабірлерді айтпағанның өзінде, тіпті Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірі де сиынатын пұтқа айналуы мүмкін екендігіне айқын дәлел болып табылады. Ал қабірлерге табынушыларға келер болсақ, онда өздерінің көптеген кітаптарында олар қабір пұт бола алмайтындығы туралы айтады. Ал біз кімге сенуіміз керек: Пайғамбарға ма (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлде оларға ма?!

Ал енді Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүйетіндіктерін алға тартатын, алайда сонымен бірге ол жақсы көрмейтін және қаламайтын нәрселерді істейтін сопы тариқаттарының өкілдері не дейді екен?!

9-бөлім. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне зиярат жасау үшін арнайы сапарға шығуға болады ма?

Мәдинада болғандарға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат ету сауапты амал болып табылады. Сондай-ақ оның қабірін зиярат ету Пайғамбар Мешітін зиярат ету үшін келген шетелдіктерге де абзал. Ал Пайғамбар Мешітін зиярат ету үшін арнайы сапарға шығу рұқсат етілгендігіне келіспеушілік жоқ, өйткені бұл – Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жалпы тыйымнан шығарып тастаған үш мешіттің біреуі. Ал Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің өзін зиярат ету үшін арнайы сапарға шығу туралы айтар болсақ, онда бұл шариғатпен заңдастырылмаған, бұған осы үммет имамдарының басым көпшілігі келіскендей. Қз.: «әр-Радд ʻалә әл-Ахнаи» 29-30 беттер.

Ал мұны рұқсат ететіндерге келер болсақ, олар әлсіз және өтірік хадистерді немесе сахабалардан жеткен әлсіз не өтірік хабарларды, әрі сондай-ақ кейбір аяттар мен сахих хадистердің өздігінше жасалған өте ерсі түсініктерін дәлел ретінде келтіреді. Осы жерде осы аяттардың, хадистердің және хабарлардың кейбіреулерін келтірумен шектелейік.

1. «*Менің қабірімді зиярат еткен кісі үшін менің шапағатым міндетті болады*».

Жауап:

1. Бұл хадис сенімділігі (сахихтығы) жағынан олардың ең күшті дәлелі болып табылады. Бұған қарамастан, хадис «қайтарылатын» («мункар») санатына жатады. Оның иснадында хадистері тәрк

етілетін Муса ибн Хиләл атты жеткізуші бар. Қз.: «Тәлхис әл-Хабир» 2/266; «әл-Макасид әл-Хасана» № 425.

2. Тіпті егер бұл хадис сахих болғанда да, онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне арнайы сапарға шығуға нұсқау жоқ.

2. ***«Кім маған тек мені зиярат ету үшін келсе, Қиямет Күні ол үшін шапағат жасау маған қарыз болады».***

Жауап:

Бұл хадис әлсіз болып табылады, оның иснадында әлсіз жеткізуші – Мәсләма ибн Салим бар. Қз.: «әс-Сарим әл-Мунки» 49-бет.

Әрі егер осы хадис сахих болғанның өзінде де, онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне сапарға шығудың заңдастырылғанына нұсқау жоқ.

3. ***«Кім қажылық жасаса және мені қайтыс болғанымнан соң зиярат етсе, сол мені тірі кезімде зиярат жасаған сияқты болады».***

Жауап:

Бұл хадис өте әлсіз болып табылады, өйткені оның иснадында әлсіз жеткізуші – Хафс ибн Суләйман әл-Қари бар, бұдан қалса ол өтірікте айыпталған еді. Қз.: «Әсна ул-Мәталиб» № 1378; «Тәлхис әл-Хабир» 2/266.

4. ***«Кім қажылық жасап, мені зиярат етпесе, сол мені ренжітті».***

Жауап:

Бұл – өтірік, ойдан тоқылған, мүлде жеткізушілер тізбегі жоқ хадис. Қз.: «Кашф ул-Хафа» № 2460; «әл-Макасид әл-Хасана» № 1178.

Оның үстіне, бұл өтірік хадис барлық мұсылмандардың бірауызды келісілген пікіріне қайшы келеді, өйткені Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ренжіту өте ауыр күнәлардың бірі болып табылады, бірақ мұсылмандар «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат ету міндетті болып табылмайды» дегенге бірауызды келіскен, осыдан шыға келе, егер осы хадисті дұрыс деп тапсақ, онда «мұсылмандар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ренжіту рұқсат етілген» дегенге бірауызды келіскен болады. Қз.: «әл-Фәтауа» 27/25.

Жалпы алғанда, сопылар он төртке жуық осындай хадистер келтіреді. Ал біздің келтіргендеріміз олардың ішіндегі сенімділігі

жағынан ең күштілері болып табылады. Ендеше, олардың қалғандарының сенімділігі туралы не айтуға болмақ.

Сахабалардан жеткен хабарларға келер болсақ, онда осы жерде олардың кейбіреуін келтіріп кетеміз.

1. *«Билəл ибн Рабах*[42] *Шамнан Мəдинаға тек Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) қабірін зиярат ету үшін келді».*

Жауап:

Бұл хабардың иснадында Ибраһим ибн Мухаммад ибн Сулəйман атты белгісіз жеткізуші бар. Сондықтан хафиз ибн Хəжар: *«Бұл оқиғаның өтірік екендігі айқын»*, – деп айтқан. Қз.: «Лисан ул-Мизан» 1/107.

2. ʻУмар ибн ʻАбдул-Азиз Шамнан Мəдинаға шабарман жіберіп, оған: «*Менің атымнан Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) сəлем бер*», – деп айтты.

Жауап:

Бұл хабардың иснадында бірден бірнеше белгісіз жеткізуші бар, сондықтан бұл хабар өте əлсіз. Қз.: «Сарим ул-Мунки» 244-бет. Бұдан қалса, бұл хабар тек Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) қабірін зиярат ету үшін ғана сапарға шығу заңдастырылғандығына нұсқамайды. Бұл осы хабарда: «Билеуші шабарманды тек оның атынан Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) сəлем беру үшін ғана жіберді», – деп айтылмағандығы себепті.

3. «ʻУмар ибн əл-Хаттаб Шамнан Мəдинаға қайтып бара жатқан кезде Каʼб əл-Ахбарға: *«Сен менімен бірге Мəдинаға, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) қабірін зиярат ету үшін барғың келмей ме?»* – деді. Бұған Каʼб: *«Иə, уа, мүміндердің əмірі! Мен жиі осылай істеймін»*, – деп жауап берді.

Жауап:

Бұл хабар өтірік жəне ойдан тоқылған. Қз.: «Сарим ул-Мунки» 247-бет.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) қабірін зиярат етуге қатысты келтірілетін хадистердің барлығы мухаддис-ғалымдардың бірауызды келіскен пікірі бойынша əлсіз болып табылады. Мұның үстіне, бұл хадистер өтірік жəне оларды танымал хадис жинақтарының бірде-бір авторы келтірмейді. Имамдардан ешкім бұл хадистерді дəлел ретінде келтірмеген, мұның үстіне, Мəдинаның имамы – имам Мəлик біреу: «Мен Пайғамбардың қабірін зиярат жасадым», – деп айтқан кезде жақтырмайтын».*[43] Қз.: «əр-Радд ʻалə əл-Ахнаи» 189-бет.

---

[42] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) азаншысы.

[43] Имамның бұл сөздерін «əл-Қира» кітабында 629-бетте табуға болады, оның авторы – имам Мухиббуддин əт-Табари.

Біз хадистер мен хабарларды келтіргеннен соң, енді аяттың ерекше ерсі түсіндірмесін келтіру қалды.

Аллаһ былай деді: **«Егер олар өздеріне бір кесір істегенде, саған келіп, Аллаһтан жарылқау тілесе, егер Елші олар үшін жарылқау тілесе еді, әрине, олар Аллаһты тәубені өте Қабылдаушы, ерекше Мейірімді табар еді»** (4:64).

Осы аяттан қабірге табынушылар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне бару және өзі үшін кешірім тілеу абзал болады деген пайым шығарады. Бұдан тыс, осы аятты өздерінше осылайша түсінуін олар бір бәдәуи осы аятты оқып, содан соң Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне барып, оның алдында Аллаһтан кешірім сұраған, содан соң оның бір танысы түсінде Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрген және ол оған: «Бар да, әлгі бәдәуиді кешірілгенімен қуант», – деп айтқан жалған оқиғамен нығайтады.

Жауап:

1. Бірде-бір сахабадан немесе олардың олардың ізбасарларынан олар Аллаһтан кешірім сұрау үшін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне баратындығы туралы сенімді хабар жеткізілмеген. Ал олар Құранның мағыналарын басқалардан жақсырақ түсінетін еді ғой.

2. Аталған аятта: «...**егер Елші олар үшін жарылқау тілесе еді»,** – деп айтылған. Ал сен үшін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кешірім сұрағанын қайдан білесің?! Мұның үстіне, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз қабірінде естимейтіні және осы әлемде не болып жатқанын білмейтіні сенімді түрде мәлім. Бұл оның қайтыс болып, қазір мәні бізге беймәлім басқаша өмір сүріп жатқандығынан.

Бұған дәлел – Қиямет күні адамдар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) су айдынына келетіні, бірақ періштелер одан олардың көбін кері қуатыны және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыған өзінің таң қалысын білдіретіні. Сонда періштелер оған: «Олар сенен кейін (дінге) не енгізгенін білмейсің», – деп айтады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Әрі сонда мен ізгі құл (яғни Иса ибн Мәриям) айтқан нәрсені айтамын: «Мен олардың арасында болған кезімде оларға куә болғанмын, ал Сен менің жанымды алған соң оларды Сен бақыладың». Сол кезде маған: «Сен олардан кеткелі бері олар сенің діниңнен тая берді», – деп айтылады»*** (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 5/191; Муслим 4/2194).

Сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің қабірінде адам өмір сүре алатын ең кемел өмірмен өмір сүріп жатқан болса да, бірақ ол, осыған қарамастан, осы фәни өмірде не болып жатқанын білмейді, ал оның бақи өмірінің мәні белгісіз.

Ал «Кім менің қабірімнің алдында маған салауат айтса, мен оны естимін, ал кім оны маған алыста болып айтса, ол маған жеткізіледі» деген хадиске келер болсақ, бұл хадис өтірік болып табылады, өйткені оның иснадындағы Мухаммад ибн Маруан әс-Судди – өтірікші.

3. Сондай-ақ осы аятты осылайша түсінудің өтірік екендігіне егер әрбір күнәхар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің жанына ол жерде тұрып кешірім сұрау үшін бара беретін болса, онда оның қабірі тұрақты жиналыстар орынына айналатындығы, ал мұны Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тыйым салғандығы да нұсқайды. Сондықтан да Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат жасау үшін арнайы сапар жасауға тыйым салатын тағы бір себеп – осы сапарлар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің жанында тұрақты жиналыстарға алып келеді, ал бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сөздеріне сәйкес тыйым салынған.

10-бөлім. Ханафи мәзһабының имамдары Түркістанға, Бекет Ата мазарына және басқа да қабірлерге «қажылық» жасауға қарсы.

Соңғы жылдары Орта Азияда өмір сүріп жатқан қарапайым адамдардың санасына Түркістанға қажылық жасау идеясы сіңдіріліп жатқаны сыр емес. Бұл идея әртүрлі үлгіде ұсынылады. Кейде ол «кіші қажылық» деген ұранмен таратылады, ал кейде «Жол аштырып, берекет тілеп қайту» деген қарапайым ұғымдар қолданылады.

Жыл сайын жылы маусымның кірісімен-ақ адамзат үшін қатерлі болған осы адасушылықты пайда көзіне айналдырып алғандардың іс-әрекеті белсендей түседі. Олар Аллаһтың дінінен бейхабар адамдарды өздері «қасиетті орындар» деп атап қойған жерлерге зиярат жасауға тартып, осыны «кіші қажылық», Түркістанды «екінші Мекке», ал діни сауаты жоқ адамдар оны береке тілеп, айналып тәуап жасайтын Қожа Ахмет Яссауидің кесенесін «Аллаһқа жақындататын орын» деп айтады. Оның үстіне сапардың өзі Ислам дінінде негізі жоқ рәсімдік іс-шаралардың ұйымдасқан кешеніне

айналдырылған. Мысалы, жалған қажылықтың қатысушылары Түркістанға барудан бұрын Ахмет Яссауидің ұстазы болып саналатын Арыстан Бабтың жерленген кесенесіне барып түнеп, соның моласының үстіне соғылған мазардағы ғибадатханада намаз оқып, қабірінің алдында тілек тілеп, қабірдің есігіне ақ мата байлап, мүмкіндігі жеткендер құрбан шалып, ал содан соң ертеңіне таңертен Түркістандағы Қожа Ахметке жол алуы қажет. Ал Қожа Ахмет кесенесіне келгеннен соң, тайқазанға тиын тастап, кесененің өзін тілек тілеп айналып, кейін Қожа Ахметтің жерасты үңгірін көріп, мешітінде намаз оқып, ізінен осы жерде орналасқан басқа да қабірлерді зиярат етіп, соңынан кетудің алдында осы жерде көптеп сататын көзмоншақ, құс-жанауарлардың тіс-тырнақтары, адыраспан сияқты тұмарларды алып жақындарына тәбәрік ретінде алып кетеді.

Елдің батыс аймақтарында өмір сүретін қазақстандықтар үшін осындай орын Бекет Ата мазары болып табылады екен.

Осы себепті де ханафи мәзһабының атақты имамдарының қабірлерге жасалатын қажылықтарға қалай қарайтынын білдіретін сөздерін келтіру қажет болды.

Бірақ жоғарыда айтылғандарды біреулер бос сөздер деп санамауы үшін, адамдардың арасында осы идеяның таралуының мәнін түсінуге мүмкіндік беретін үзінділерді келтірген жөн болар.

Бұл үзінділердің барлығын және тағы да басқаларды еш қиналмастан, ғаламтордың түрлі сайттарынан табуға болады.

1. «1500 жыл ішінде Түркістан атақты шейх-көріпкел ақын Хазрет-сұлтан аталған Қожа Ахмет Яссауидің арқасында әлемге әйгілі болған. Ол кезде қала атауы Яссы болатын. XIV ғасыр аяғында Түркістан Ұлы Әмір Темір арқасында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі салынған соң, атақты болды. Мұсылман әлемінде Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ***екінші Мекке*** *болып саналады».*

2. «Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы ***қажылық*** *міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады».*

3. «Мұсылмандар Түркістан қаласын ***екінші Мекке*** *деп, ал сол* ***қасетті жерлерге*** *баруды* ***Кіші қажылық*** *деп санайды».*

4. «Мұсылмандар ішінде Қожа Ахмет Яссауи Мұхаммед пайғамбардан соң екінші болып саналады. (Түркістан) Арыстан Баб кесенесі – Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы жерленген орын. Аңыз бойынша, о дүниеге кетер алдында Мұхаммед пайғамбар Арыстан Бабқа аманат тасбиғын берді, ал ол 11 жастағы бала Қожа Ахмет Яссауиге ұсынды»

5. «Қожа Ахмет Яссауиге тәу етушілер алдымен Арыстан Бабтың басына барып түнейді».

Енді ханафи мәзһабы ғалымдарының қабірлерге «қажылық» жасауға қалай қарайтындары туралы айтқан сөздерін келтіру қажет.

1. **Имам Уалиуллаһ әд-Дахләуи (1176 һ/ж)** былай деген: «*Көпқұдайшылықтың тағы бір көрінісі Аллаһқа емес, белгілі «қасиетті» орындарға қажылық жасау болып табылады*». Қз.: «Хужжату Ллаһи әл-Балиға» 1/188.

2. **Имам Шукри әл-Алюси (1343 һ/ж)** былай деген: «*Молаларға табынушылардың*[44] *кейбір шекке шыққан фанатиктері қабірлерге қажылық жасайды. Ал олардың кейбіреулері Меккеге де қажылыққа аттанады, алайда іс жүзінде Қажылық оларды мүлде қызықтырмайды, өйткені олардың мақсаты Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне бару болып табылады. Сонымен бірге олардың көбі тіпті Қағбаға да бармайды. Ән-Набхани*[45] *және сол сияқтылар бұл әрекеттерді Қағбаға Қажылық жасаушының істерінен де жақсы деп санайды*[46]*. Жағдай тіпті молаларға табынушылардың кейбір көшбасшылары былай деп айтуларына дейін жетті: «Бұл дүниеде қажылық жасалатын үш үй бар: Қағба, Құддыс (Иерусалим) және Үндістандағы пұт». Ал молаларға табынушылардың кейбіреулері өз шейхтарының (пірлерінің) қабірлерінің алдында Қажылық кезінде Арафат тауында тұрғандай тұрады. Бұл бүгінгі күні батыста да, шығыста да орын алуда*». Қз.: «Ғаят ул-Амани» 2/347-348.

3. **Имам әл-Баркауи (981 һ/ж)** былай деп айтты және оның осы сөздерімен имам **Ахмад әр-Руми де (1043 һ/ж)** келісті: «*Ал өздері де адасқан және өзгелерді адастыратын осы адамдар қабірлерге Қажылық ұйымдастыруға дейін және сол орындарда Қажылықта орындалатындарға ұқсас құлшылықтың ерекше рәсімдерін жасауға дейін барды. Олардың соқыр сенімді жетекшілерінің бірі тіпті бұл туралы кітап жазып, оны «Мәнасиқ ул-хадж әл-машахид» («Мазарлардың*

---

[44] Қабірлерге табынушылардың (қубурия) орташылдары және шектен шыққан, соқыр сенімділері (фанатиктері) болады. Ханафи мәзһабының бұл имамы олардың ішіндегі қабірлерге қажылық жасаушыларын молаларға табынушылардың фанатиктеріне, яғни шектен шыққандарына жатқызғанына назар аударыңыздар.

[45] Қабірлерге табынушы сопылардың көшбасшыларының бірі.

[46] Мұның себебін шекке шыққан сопылардың жетекшілерінің бірі Нуруддин әс-Сами ән-Нақшбанди (898 х/ж) былай деп ашып берді: «*Өзінің ішінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денесін сақтап тұрған жердің бұл киелі телімі Қағбадан, Аллаһтың Ғаршынан және Оның Күрсісінен қадірлірек, бұл туралы біздің фақиһтарымыз (ғалымдарымыз) айтатындарындай-ақ*». Қз.: «әл-Муханнид ʻаләл-Муфаннид» 34-36 беттер.

алдындағы қажылықтың рәсімдері»)»[47] *деп атады. Осынысымен ол мазарлар мен кесенелерді Қорықты Үймен (Қағбамен) теңестіргісі келді. Және бұл – Ислам дінінен айқын шығу мен пұтқа табынушылардың дініне кіру екені ешкімге сыр емес. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлердің алдында істеуге тыйым салған іс-әрекеттер мен мыналардың ұйымдастырғандары әрі мақсат етіп ұмтылғандарынының айырмашылықтары қаншалықты екеніне қараңыздар. Және онда сипаттауға келмейтін мөлшердегі оңбағандық пен күнә бар екендігіне күмән жоқ!»* Қз.: «Зиярат ул-қубур» 20-бет.

Өкінішке орай, Түркістанға қажылық немесе оның кейбір рәсімдерін жасау белсенді түрде дамып жатыр. Ал жылдар өте, соның себебінен адамдар мұны құдайсыздық және Құдайға тіл тигізу деп есептемей, тіпті осы адасушылықтарды Исламның бір бөлігі деп санауда. Ал басқа араб елдеріне келер болсақ, мысалы, Мысырда Бәдәуидің туған күніне оның қабірінің басына жыл сайын жиналатын адамдардың саны Меккеге қажылыққа келетіндердің санынан қалмайды. Және бұл идея толығымен құдайсыз сенімдерге дейін алып барады. Сондай құдайсыздардың имамдарының бірі Ибн Саб’ин (сөзге орай айтып кететін нәрсе: оны сопылардың көптеген тариқаттары әулие және Аллаһқа жақын ізігілерден деп санайды) Қағбаны тауап жасап (жеті рет айналып) жүрген қажыларды келемеждеп, былай деген: *«Мыналар диірменнің тасын айналып жүрген есектер сияқты. Егер олар мені айналғанда, олардың айналуы мына Үйді айналудан құрметтірек болар еді»*. Қз.: «Жухуд ‘улəма әл-ханафия» 1-сілтеме, 1325-бет.

11-бөлім. Қабірлерді аралайтындардың мәселелерінің шешілуі қабірлерді аралауға рұқсат етіледі дегенді білдірмейді

Құрметті оқырман, салиқалы адамдардың («әулиелердің») қабірлерін зиярат ету үшін сапарға шығатындардың көбі өздерінің дәл осы қабірлердің алдында ауруларына шипа табатындарын, жоғалған адамдары мен заттарының қай жерде екені туралы білетінін, сол жерлерде мұғжизалар көретінін және басқаша бір дауыстар еститінін айтатынын біліңіз. Олар: «Кімде-кім қайтыс болған «әулиеге» лайықты құрмет көрсетпесе немесе оның абыройын қорласа, оның басына міндетті түрде қайғы-қасірет немесе бәле келеді», – деп те айтады. Осы жерлерді зиярат етушілер оларды зиярат ету барысында көрген түрлі мұғжизаларды баяндайды. Олар пәлен адам қабірлерді құрметтейтіндердің немесе олардың

---

[47] Бұл кітаптың авторы рафидилердің (шекке шыққан шиғалар) жетекшілерінің бірі Ибн ән-Ну’ман әл-Муфид (413 х/ж) болып табылады.

істерінің үстінен күлгеннен кейін, оны найзағай соққандығы, немесе оның отбасының барлығы қырылып қалғандығы, немесе ол ауыр, шипасы жоқ аурумен ауырып қалғандығы туралы баяндап жатады. Осының барлығы қабірлерді қастерлейтіндерді өздерінің хақ екендігіне деген сенімін және олардың осы жерлерге деген байланыстылығын одан сайын күшейтеді.

Мынау – осы туралы айтылатын ғаламтордан алынған кейбір үзінділер:

«Бір таныс адам осы жерге аяғы ауру, жүре алмайтын әйелін алып келгенін айтып берді, бұлақтың жанына келгенде ол бірден орынынан тұрды да, екеуінің қуанышына нық қадам баса жүріп кетті!»

Сондай-ақ: *«Бұлақты бірнеше рет бульдозер көміп тастады, бірақ ол бәрібір қайта-қайта жердің астынан ағып шыға берді. Сиынушыларды қорқыту үшін ара ұяларын қойып көрдік, бірақ барлық аралар тез арада өле берді...»*

Тура осы сияқты пайымдарға сопылардың кітаптары толы. Мысалы, «әл-Басаир» кітабында (42-бет) автор Бағдадтағы Муса әл-Қазымның кесенесі туралы сөз етіп, былай дейді: *«Муса әл-Қазым кесенесі Аллаһ Тағала дұғаларға жауап беретін тексерілген орын болып табылады».* Сондай-ақ «Табақат ул-әулия» кітабында (281-бет) автор Ма’руф әл-Курхидің қабірі туралы сөз етіп, былай деп пайымдайды: *«Оның қабірі жақсы ажыратылып белгіленген және танымал. Адамдар оған құт-береке тілеу үшін сапармен барады. Ал Бағдад тұрғындары ол арқылы Аллаһ Тағаладан жаңбыр тілейді де, Аллаһ Тағала олардың осы тілектерінің қайтармайтынын айтады. Олар: «Әл-Курхидің қабірі жапа шегушілердің ауыртпалықтарын шешетіндігімен танымал», – деп айтады».*

Алайда, осы жерде осының барлығы қабірлерге табынушылардың іс-әрекеттерін ақтамайтындығын және осы амалдардың рұқсат етілгендігін білдірмейтінін түсіну қажет. Мұны бірнеше тармаққа бөліп түсіндіруге болады:

1. Бұл оқиғалар мен әңгімелердің басым бөлігі іс жүзінде негізсіз, ойдан шығарылған және өтірік болып табылады. Жиі жағдайда бұл ертегілер бейтаныс адамдардан немесе өтірікшілер мен сұмдардан жеткізіледі. Осындай жерлерде халықты көп-көп жинаудан пайда көретін адамдар, осындай аңыз-ертегілерді ғаламтор кеңістігінде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында таратады.

Ханафи мәзһабының имамдарының бірі – имам Шукри әл-Алюси былай деген: *«Мұндай ертегілерді білімге ие болмаған және иманы әлсіз болып табылатын адамдар ойлап шығарады. Немесе мұндай әңгіме-хикаялар белгісіз адамдардан жеткізіледі. Бізге келер болсақ, онда егер осы хикаялар тіпті Пайғамбардың (оған Аллаһтың*

игілігі мен сәлемі болсын) атынан жеткізілетін болғанда да, біз олардың жеткізушілер тізбегінің сенімділігін растамай қабылдамас едік. Ал басқа біреуден жеткізілетін нәрсе туралы не айтуға болмақ?!» Қз.: «Фатх ул-Мәннан» 372-373 беттер.

Барлық ғалымдар осындай хикаялар, ертегілер және түстер қасиетті мәтіндерде тыйым салынғандығы туралы айтылған нәрселердің рұқсат етілгендігіне дәлел бола алмайды дегенге бірауызды келіскен.

Ханафи мәзһабының имамдарының бірі – имам Махмуд Шукри әл-Алюси (1342 һ/ж) былай деген: «*Шариғи үкімдер және діни ғибадаттар тек Аллаһтың Кітабымен, Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетімен және Сүннет имамдарының бірауызды пікірімен (ижма’) бекітіледі. Әрі бұл – осы үмметтің алғашқы буындарының жолы. Сондықтан да осы үш дереккөзден өзге қандай да нәрсеге негізделіп шариғат үкімін бекітуге рұқсат етілмейді... Ал осындай ертегілер мен хикаялар арқылы қандай да бір ғибадаттардың заңдылығын бекітуге келер болсақ, бұл яһудилердің, христиандардың және солар сияқтылардың жолы*». Қз.: «Ғаят ул-Амани» 2/274-275 («Дар ихья ус-Сунна» баспасы).

2. Кейбір жағдайларда «әулиелердің» қабірлерінің қасында шындығында да ерекше құбылыстар орын алып жататынын айтып кету қажет. Бұл қабірге зиярат етушілердің көз алдына түрлі бейнелерде, соның ішінде осы «әулиенің» бейнесінде көрінетін, немесе оған сөйлейтін, немесе жоғалған заттарының орнын көрсететін, немесе белгілі бір аурудан емделу жолын нұсқайтын жындар істейтіндігімен түсіндіріледі. Осының барлығын жындар қабірлерді зиярат етушілерді одан сайын үлкен адасушылыққа салу мақсатында істейді.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Әлдекім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті етеміз де, сонда ол оның жолдасы болады. Күдіксіз, шайтандар оларды жолдан тосады. Олар өздерін тура жолға түсірілдік деп ойлайды»** («әз-Зухруф» сүресі, 43: 36-37).

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: «*Көпқұдайшылдардың адасуының ең ұлы себептерінің бірі олардың өз пұттарының қасында көретін және еститін нәрселері болып табылады. Кейбіреулер пұттардың жанында жоғалған заттың (табылар) орнын немесе қандай да бір қиындықтың шешілу жолын сыбырлап айтатын дауыстарды естиді, қабірлерді қадір тұтатындардың кейбіреуі оның көз алдында қабір ашылып, одан қарт адам шығып, оны құшақтап немесе онымен әңгімелесетінін көреді. Ал осы қабірге табынушы бұл бейнені қайтыс болған Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немесе «әулиеден» өзге ешкім емес деп санайды. Бірақ іс жүзінде қабір ашыл-*

мады, бұл тек Ібіліс қана оған қабірді ашылған етіп көрсетуде». Қз.: «Қа'ида әл-жәлилә» 140-бет.

Ханафи мәзһабының имамдарының бірі – имам әл-Хужанди былай деген: *«Кейде Ібіліс қайтыс болған салиқалы адамның бейнесінде келеді. Ол қабірге табынушымен сөйлесе бастайды, оған қайғы-қасіреттерінің шешу жолдарын сыбырлайды және оған кейбір құпия нәрселерге нұсқайды. Ал осы қабірге табынушыға келер болсақ, ол осы арқылы алданады да, одан да үлкен адасушылыққа түседі».* Қз.: «Хукму Лаһи әл-Уахид әс-Самад» 19-бет.

Ал біз өзімізден осындай хикаялардың тағы береуін қоса аламыз. Йеменнің қыстақтарының бірінде адамдар қасиетті деп санайтын бұлақ бар. Олар кім осы бұлақтың суына шомылса, сол түрлі тері ауруларынан айығатынын байқаған соң осы сенімді иеленіп алды. Барлығы да еш нәрсе емес, алайда мәселенің түйіні шипа тек дүйсенбі күні таң намазынан соң шомылғанда ғана болуында. Әрине, осы қыстақтың тұрғындары бұл құбылысты байқап қалған соң, білім иелерінен ешкім оларды бұл тек жындар мен сиқыршылардың айлалары екендігіне сендіре алмай қойды. Істің мәні жындар мен сиқыршылардың осы аймақ тұрғындарына зиян, аурулар т.с.с. нәрселер жіберетіндігінде болып тұр. Бірақ адам осы бұлаққа келген соң олар өз зиянының немесе ауруының күшін әлсіретеді немесе өшіреді, соның нәтижесінде адамның денесіндегі түрлі тері жаралары, Аллаһтың қалауымен, кете бастайды. Ал бұл қыстақтың қарапайым тұрғыны дәл осы суға жуынғандығы себепті шипа алғандығы туралы сенімді иеленіп алады, алайда іс жүзінде бұл бұлақтың суы басқа бұлақтардың суларынан еш айырмашылығы жоқ. Шамамен тура сол сияқты нәрселер қабірлерде де орын алуда. Бұл «сиқыршылар немесе жындар себепсіз зиян тигізе алады немесе зиянды кетіре алады» деген сөз емес. Бірақ бұл кез-келген адамның басқа бір адамға өзінің физикалық мүмкіндіктерінің шеңберінде зиян тигізе алатындығы сияқты.

3. Кейде Аллаһ Тағала осы қабірге табынушының дұғасына ол Аллаһқа ықыласты түрде жалбарынған кезде жауап береді. Әсіресе, бұл сұраушы ауыр жағдайда болған кезде орын алады.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Немесе қиналғандар Өзіне жалбарынғанда, қабыл етіп, қиыншылықты айықтыратын және сендерді жер жүзіне орынбасар ететін кім? Аллаһпен бірге басқа құдай бар ма?»** («ән-Нәмл» сүресі, 27:62).

Бұл Аллаһ Тағаланың тіпті кәпірлердің де дұғасына, олар Оған лажсыз жағдайда ықыласты түрде жалбарынған кезде жауап беретіндігінен.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Ол сондай Аллаһ, сендерді құрлықта, теңізде кездіреді. Сендер кемеде боласыңдар. Кеме**

оларды жақсы бір самал арқылы алып бара жатады да, олар онымен мәз болады. Бір боран келіп оларға әр тараптан толқын келгенде, олар онымен қоршалдық деп ойлаған сәтте сенімін нағыз Аллаһқа арнап: «Егер осыдан бізді құтқарсаң, шүкір етушілерден болар едік», – деп тілейді. Дегенмен, Аллаһ оларды құтқарған кезде, олар жер жүзінде орынсыз қарсылық істейді. Әй, адам баласы! Дүние тіршілігіндегі қарсылықтарыңның зияны өздеріңе ғана. Содан соң барар жерлерің Біз жақ. Сонда сендерге істеген істеріңді білдіреміз» («Юнус» сүресі, 10: 22-23).

Ал әлгі бақытсыз сорлыға келер болсақ, ол аңсап жүрген дұғасы қабыл болған соң оның қабыл болуына пәлен «әулиенің» басына барып Аллаһтан сұрау септігін тигізді, немесе бұл соның ғана ықпалымен болды деген кесірлі сенімінде ары қарай нығая түседі.

4. Және осы бөлімде айтып кету қажетті болған нәрселердің ең соңғысы – бұл проблемалардың шешілуіне және бақытсыздықтарды жоюға алып келетін жолдардың барлығы шариғатта рұқсат етілген болып табыла бермейтіні. Белгілі бір іс-әрекеттің нәтижесі бұл дүниедегі игілікке алып келгендігі немесе бір зиянды қайтарғандығы осы іс-әрекетті рұқсат етілген деп жариялау үшін әлі жеткіліксіз болады. Басқаша сөзбен айтсақ: мақсатқа қандай да бір құрал арқылы қол жеткізу сол құралды рұқсат етілген етпейді. Мысал ретінде келесі жайттарды келтіруге болады:

Адамдардан ешкім спирттік заттар, есірткі, доңыз етін сату, өсімқорлық, тонау, ұрлық – осының барлығы бай болу үшін қолданатын құрал екендігіне күмән келтірмейді. Алайда осы аталған нәрселер шариғатта рұқсат етілген деп жариялауға кімнің батылы жетеді? Тура сол сияқты, пара, жалған куәлік беру де қандай да бір құқықтарды заңсыз түрде иеленудің құралы болып табылады. Бірақ кім Аллаһ және Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жоғарыда аталғандарды рұқсат етті деп айта алады?! Осыдан шыға келе, тіпті егер қабірлерді қадірлеушілер олардың қабірлер алдында жасаған дұғалары қабыл болып жатқанын және қиындықтары шешіліп жатқанын мәлімдесе де, бұл қабір орындарында жиналыстар өткізуге және сол жерлерде әртүрлі ғибадаттар жасауға рұқсат етілгендікті білдірмейді.

12-бөлім. Тарау бойынша жалпы қорытынды

Шейх Раби' ибн Хади ибн 'Умайр былай деген: «*Қабірлерді зиярат ету заңдастырылған. Алғашында Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көпқұдайшылыққа апарар есікті*

жабу үшін, оларды зиярат етуге тыйым салатын, өйткені бұрынғы өткен халықтар пайғамбарлар мен салиқалы адамдардың қабірлерін зиярат ету мәселесін түсінбегендіктерінен тура жолдан тайған болатын. Олар осы қабірлерді пұттарға айналдыруы арқылы Шайтан оларды сан алуан рет көпқұдайшылыққа қайта келтіретін. Мұның үстіне, жер бетіндегі алғашқы көпқұдайшылық Нух пайғамбардың қауымында, дәл солар Аллаһтың серіктеріне айналдырған салиқалы адамдарының қабірлері себепті орын алды. Осы себепті Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бастапқыда қабірлерді зиярат етуге тыйым салды. Ал бірқұдайшылық идеологиясы сахабалардың жүректерінде мығым орнаған соң және Шайтанның көпқұдайшылыққа түсіру мақсатындағы бұл айлалары оларға енді қауіп төндірмейтіндіктен, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға қабірлерді зиярат етуге рұқсат етті, әрі осы зиярат етудің мақсатын бұл оларға келесі өмірді еске салсын әрі қайтыс болғандарға пайда келтірсін деп түсіндіріп берді.

Сондықтан да, егер мақсаттардың біріншісіне, яғни өлімді еске салуға, адамның тұрғылықты елді-мекенінде үйіне жақын жердегі қабірлерді зиярат етумен қол жеткізілсе, онда адамдарға басқа елді-мекендерге алыс қабірлерді зиярат ету үшін баруға рұқсат етудің қажеті жоқ. Сондықтан да Аллаһ Тағала Өзінің Даналығымен қабірлерді зиярат етуге деген рұқсатты жақын жердегі зираттарды зиярат етумен бірге бүлік пен көпқұдайшылыққа бөгет болатын көптеген шектеулермен шектеді. Осы шектеулерге зираттарды зиярат еткен кезде Аллаһтың ашу-ызасын келтіретін еш нәрсе айтуға рұқсат етілмейтіндігі жатады. Сондай-ақ қабір орындарын ғибадат орындарына айналдыруға жол берілмейді. Қабірлердің басына ғимараттар және құрылыстар құруға рұқсат етілмейді. Қабірлерді гипспен сылауға болмайды. Сондай-ақ қабірге қарай немесе оның үстінде намаз орындауға тыйым салынады, т.с.с. [48]

Сондықтан да Заң Шығарушы осы рұқсатты өлімді еске салу мақсатына қол жеткізу үшін жеткілікті болған деңгеймен шектеді, әрі сөзбен де, амалмен де алыс зираттарға сапар жасауды ешқандай тәсілмен заңдастырмады.[49]

Сен осыған мына нәрселерден көз жеткізуіңе болады: мұның рұқсат етілгендігі немесе құпталатындығы туралы бірде-бір аят, бірде-бір сенімді хадис жоқ. Ал егер бұл заңдастырылған болғанда, онда осы аяттар мен хадистер біздің алдымызда тұрар еді. Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлар мен ізгілердің

---

[48] Осы шектеулердің барлығының түсіндірмесі осы кітаптың жеке тарауларында әлі келеді.

[49] Өзі де осыны істемеді, өзгелерді осыған ынталандырмады деген меңзелуде.

қабірлеріне сапар жасап барып, бізге осыда өнеге көрсетер еді. Хадис пен хабар жинақтары сахабалардан және олардың ізбасарларынан жеткен осы туралы хабарларға толы болар еді. Өйткені біз хадистер жинақтарының және түрлі мәзһабтардың фиқһ кітаптары қайтыс болған адамдардың, аурулардың, өлім аузында жатқандардың құқықтары туралы түсіндірмелерге толы екендігін көрудеміз ғой. Кітаптар оларды қалай жуу керектігі, оларға қалай иіс су себу керектігі, өлген адамның мәйітін қалайша жаназаға әзірлеу керектігі, оны қалай жерлеу керектігі, оны қалай зиярат жасау керектігі, ол үшін Аллаһтан қалай кешірім сұрау керектігі, қабірлердің үстіне отыруға болмайтындығы туралы т.с.с. үкімдерге толы.

Басқа жағынан, тірілердің идеологиясын қорғау үшін, қабірлердің үстіне ғимараттар құруға, оларды гипспен қаптауға т.с.с. тыйым салынады.

Осының барлығы ислам кітаптарында толы, бірақ, сонымен бірге, біз оларда қабірлерді зиярат ету үшін сапар жасауға қатысты Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қандай да бір сахих немесе хасан хадистерінің, немесе сахабалар мен олардың ізбасарларының сөздерінің, немесе осы үметтің ұлы имамдарының сөздерінің мүлдем жоқ екендігін байқаймыз.

Имам Мәликті мысалға ал. Оның «Муатта» кітабында сен қабірлерге сапарға шығуға нұсқайтын бір сөз де таппайсың. Осы орайда бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне де, басқа қабірлерге де қатысты. Сондай-ақ өздерінің бойына имам Мәликтің бүкіл білімін қамтыған оның шәкірттерінің кітаптарын қара. Біз оларда мұсылмандарды қабірлерді зиярат ету үшін сапар ұйымдастыруға ынталандыратын бірде-бір тарауды да, бірде-бір бөлімді де, бірде-бір хадисті де таппаймыз.

Ал мынау – имам әш-Шафи'и және оның «әл-Умм» деген ұлы кітабы, сондай-ақ оның басқа да кітаптары. Оның барлық кітаптарында сен тағы да осы туралы тарау да, бөлім де, хадис те таба алмайсың.

Ал мынау – имам Ахмад және оның хадистерге толы зәулім «Муснады», сондай-ақ оның шәкірттерінің кітаптары. Сен олардың ішінде тіпті бұл мәселенің аталуын таппайсың.

Ал мынау – әл-Бухари мен Муслимнің «Сахихтары» және басқа да хадис жинақтары. Олардың барлығы түгелімен осы мәселені азғантай болса да атаудан таза.

Ал мынау – имам Абу Ханифа мен оның шәкірттері – Абу Йусуф пен Мухаммад әш-Шәйбанидің кітаптары. Біз оларды басынан аяғына дейін қарап шықтық әрі қабірлерді немесе кесенелерді зиярат ету үшін жол жүру туралы мәселесі туралы бір сөз де таппадық.

Барлық сахабалардың, олардың ізбасарларының, сондай-ақ осы үмметтің фақиһ және мухаддис имамдарының осы туралы бірде-бір сөз айтпағанының сыры неде екен?!

Әрбір ақыл-есі дұрыс адам өзіне өзі: «Сонда олардың барлығы Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көрмеген бе?» – деп сұрақ қоюға тиіс. Немесе осындай хадистер болған, бірақ барлық имамдар оңбағандық жасап, осы хадистерді жасырып оларды көміп тастады ма? Бірде-бір Сүннеттің жақтаушысы осы үмметтің имамдары туралы осындай жаман ойға баруға ешқашан батылы бармайды.

Бірақ мәселе мынада: осының барлығы – қабірлерге табынушылардың осалдығы және жындар мен адамдардан болған шайтандардың азғыруы ғана, сондай-ақ ақиқатты өтіріктен ажырата алмайтын және нысапсыздық пен немқұрайлылықтың арасындағы соқыр түрде сүю екендігінде.[50]

Сондықтан да осы сапарлар мен жиындардың жақтаушыларында мағынасы Құранмен де, Сүннетпен де, сахабаның сөзімен де, үмметтің имамының сөзімен де мақұлданбайтын өтірік және ойдан тоқылған хадистерден болған көбік пен топырақтан басқа дәлелге келтірер еш нәрсе жоқ. Ал олардың өз істеріне соқыр түрде берілгендігі соншалықты – өздерімен бірге олардың жиындарына қатыспайтындарды және оларға қарсы шығатындарды олар күпірлікте айыптайды.

Осы барлық сұрақтарға жауап ап-айқын: Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы қабірлерге табынушылар істеп жатқан істердің ешбірін істемейтін және ешбір жерде осыған үндемейтін. Мұның үстіне, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), біз атап өткен шектеулер мен тыйымдарды түгел керісінше орындайтын.

Аллаһ осы үмметті шынайы Исламға оралуға және оның Пайғамбары мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салиқалы алғашқы ұрпақтарына ілесуге бағыттасын!» Қз.: «Қа'ида жәлилә» 189-191-бет, № 3 сілтеме.

---

[50] Шейх осы факторлардың барлығы сопылар мен рафидилерді Аллаһтың дініне онда тіпті аталмаған нәрселерді енгізуге дейін итермеледі дегенді меңзеп тұр, мұның үстіне олардың әрбір жеке іс-әрекетіне көптеген тыйымдар бар.

14 -ТАРАУ

ҚАБІРЛЕРДІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЗИЯРАТ ЕТУІ ТУРАЛЫ

Осыдан бұрын оқыған тараулардан өз елді-мекеніндегі қабірді зиярат ету мен өзге елді-мекендегі қабірді зиярат етуге жолға шығудың арасында айырмашылық бар екендігі түсінікті болды.

Мәселе: Түркістанға сапар ұйымдастырушылар ғалымдардың көпшілігі, соның ішінде имам Абу Ханифа да, әйел адамға кез-келген сапарға, тіпті бұл сапар ерікті қажылық секілді рұқсат етілген сапар болса да, жақын (махрам) туысқанысыз шығуға тыйым салатынына мүлде назар бұрмайды. Қз.: «Хашия ибн ‘Абидин» 2/465.

Ал енді егер осы сапар қабірлеге жол жүру сияқты өз негізінде тыйым салынған болса, онда ол туралы тіпті не айтуға болады?! Бұған қоса осы сапар барысында әйелдер мен ер кісілер араласып жол жүрсе ше?! Ал бұл әйелдердің Түркістанға, немесе Бекет Атаға, немесе сол сияқты жерлерге жыл сайын баратыны туралы не айтуға болады?! Бұл әйелдердің күйеулері, олардың аға-бауырлары, әкелері, ұлдары қайда?! Олар Аллаһ қорғауды бұйырған өздеріне тиісті әйелдерді мүлде бөтен еркектермен бірге бірнеше күндік сапарға жіберетіндей жүректері қызғаныштан жұрдай болғаны ма? Егер осы сапарларды ұйымдастырушылар Аллаһтың, Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), өздері ұстанатын мәзһабының имамдарының барлық тыйымдарына қол сілтеп, ұят пен ардан мүлде айырылған болса да, бұл әйелдердің туысқандары өз әйелдері туралы ойланулары қажет қой?!

Ал егер біреу-міреу Түркістанға немесе сол сияқты «әулиелі» жерлерге тек егде жастағы әйелдер ғана барады деп айтса, онда оған жауап былай болмақ:

1. Бұл өтірік. Өйткені Түркістанға да, Бекет Атаға да, басқа да осындай жерлерге де түрлі жастағы әйелдер баруда, олардың

жасының ең төменгі мөлшері қандай болу керек деген шарт еш жерде айтылмаған;

2. Шариғат өзінің тыйымдарын тек жас әйелдермен ғана шектемейді;

3. Тура сол егде жастағы әйелдерге өздерінің жастарына қарамай елдің арғы басынан бергі басына кезіп, ұзақ сапарларда жүруге ұялу жарасар еді.

1-бөлім. Әйел адамдарға өз елді мекеніндегі қабірлерді зиярат етуге рұқсат етілген бе?

Осы бөлімді тікелей қарап шығудан бұрын егер әйелдің зиратқа баруы оның ерінің құқықтарының бұзылуына, немесе әйелдер мен ерлердің араласуына әкелсе, немесе әйел қабірге жолдас әйелдерімен бос уақыт өткізу үшін шықса, немесе оның шығуында ерлер үшін азғырылу болатын болса, онда оның қабірді зиярат етуіне ғалымдардың бірауызды келісімі бойынша тыйым салынады.

Сондықтан да имам Ибн әл-Хәжж әл-Мәлики былай деген: «*Әрі әйелдердің зиратты зиярат ету үшін шығуына рұқсат етілетіндігі, не етілмейтіндігі мәселесіндегі ғалымдар арасындағы келіспеушілік тек сахабалар кезіндегі әйелдерге қатысты екенін біл. Ал оның біздің кезімізде шығуына келер болсақ, онда ғалымдардан не ықпалды, не дін үшін қызғаныш танытатын адамдардан біреу болса да бұның рұқсат етілгендігі туралы пікір білдіруінен бізді Аллаһ сақтасын*». Қз.: «әл-Мәдхәл» 1/251. Имам Ибн әл-Хажж осыдан жеті жүз жылға жуық бұрын қайтыс болғанына назар аударыңыздар. Ол кісі біздің кезіміздегі әйелдердің не істеп жүргенін көрсе не айтар еді?!

Сондай-ақ ханафи мәзһабының имамдарының бірі – имам Бадруддин әл-‘Айни былай деген: «*Әрі осының барлығынан шығарар қорытынды – әйел кісілердің қабірлерді зиярат етуінің құпталмайтындығы, тіпті тыйым салынғандығы, өйткені олардың шығуы бүгінгі күні күнә мен бүліктерге ұласуда*». Қз.: «Умдат ул-Қари» 8/70.

Сондай-ақ оқырман ханафи мәзһабының ішіндегі пікірлердің бірі әйел кісігеге өз елді-мекеніндегі қабірлерді зиярат етуге де тыйым салынған болып табылатындығын да білуге тиіс. Қз.: «әл-Бахр әр-Раиқ» 2/210; «Радд ул-Мухтар» 2/242; «Мәраки әл-Фәләх» 568-бет.

Алайда егер әйелдердің қорым-зиратты жоғарыда аталған тыйым салынған нәрселер орын алмайтын жағдайда зиярат етуі мәселесін қарастыратын болсақ, онда ең абзалырақ пікір әйел

адамның қабірді зиярат етуінің құпталатындығында, егер бұл жиі және мерзімді түрде қайталанбайтын болса.

1. 'Абдуллаһ ибн Аби Мулəйка 'Аишаның (Аллаһ оған разы болсын) қорымнан үйіне қайтып келе жатқанын көріп, одан: «*Уа, мүміндердің анасы! Сен қайдан қайттың?*», – деп сұрағанын баяндаған. Бұған ол: «*Мен 'Абдуррахман ибн Аби Бакрдің қабірін зиярат еттім*»,[51] – деп жауап берген. Сонда 'Абдуллаһ: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) қабірлерді зиярат етуге тыйым салмады ма?*», – деп сұрады. Ол: «*Иə, бірақ кейіннен ол оларды зиярат етуді бұйырды*», – деп жауап берді (**хадис сенімді (сахих);** əл-Хаким 1/376; əл-Бəйһақи 4/78 т.б.).

2. 'Аиша былай деп баяндайтын: "*Сол кезде мен Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын): «Мен (зиратты зиярат жасағанда) қайтыс болғандарға не айтуым керек?», – деп сұрадым*". Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) оған: ***" «Ассаляму аляйкум, қабірлердің мүмін иелері...», – деп айт",*** – деді (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 3/14; Нəсаи 1/286 т.б.).

Бұл хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) Айшаға қабірлерді зиярат етуге рұқсат еткеніініне нұсқау бар.

3. Əнас ибн Мəлик былай деп баяндайтын: "*Бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) қабірдің жанында отырып жылап отырған əйелдің жанынан өтіп бара жатып, оған:* «***Аллаһтан қорық жəне сабыр ет***», *– деді"* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 3/115-116; Муслим 3/40-41; т.б.).

Бұл хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) бұл əйелге ол қабірдің жанында отырғандығы үшін сөгіс білмідірмегендігіне, бірақ ол өзін-өзі ұстай алмайтындығы үшін ұрысқандығына нұсқау бар.

4. Абу Са'ид əл-Худри Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Мен сендерге қабірлерді зиярат етуге тыйым салатынмын, ал енді оларды зиярат ете беріңдер, өйткені бұда ғибрат бар»*** (**хадис сенімді (сахих);** Ахмад 3/38; əл-Хаким 1/374-375 т.б.).

Бұл хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) қабірлерді зиярат етуге рұқсат еткен адамдардың қатарынан əйелдерді атап ысырып тастамағанына нұсқау бар. Мұның үстіне, əйелдер ғибратқа ерлерден кем мұқтаж емес.

Дегенмен, қабірлерді зиярат ету мəселесі мен кісіні жерлеу рəсіміне қатысқан адамдармен бірге қабірлерге бару мəселесін

[51] 'Аишаның туған бауыры.

ажырата білу қажет. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жаназа және жерлеу рәсіміне әйелдердің қатысуына тыйым салған, бірақ мұны қатаң түрде талап етпеген.

Умм ʻАтыя былай баяндайтын: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерге жерлеу рәсіміне қатысуға тыйым салған, бірақ мұны қатаң талап етпеген*» (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1278; Муслим 938; т.б.).

Осыдан шыға келе, әйелдердің жаназа-жерлеу рәсіміне қатысуы құпталмайтын амал болып табылады.

2-бөлім. Әйелдерге тұрақты және мерзімді түрде қабірлерді зиярат етуге рұқсат етіледі ме?

Осыдан алдыңғы бөлімді оқып шыққан соң әйелдерге қабірлерді зиярат етуге рұқсат етілетіндігі, бұдан қалса құпталатындығы айқын болады. Алайда бұл рұқсат зияраттардың үнемі және мерзімді түрде болмауы қажет деген шектеумен шартталады.

Абу Хурайра: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлерді жиі зиярат етуші әйелдерді лағынеттеген*», – деп айтқан (**хадис оны нығайтатын тізбектердің болуы себепті сенімді (сахих);** Тирмизи 1056; Ибн Мәжжаһ 1576, Ахмад 8449 т.б.).

Ал Түркістанды, Бекет Атаны тағы да басқа қабірлерді зиярат ететін әйелдер дәл сол тұрақты және мерзімді зиярат етумен айналысып жатыр, өйткені олар ол жерге жыл сайын барады. Endeше, егер Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осындай әйелдерге лағынет айтқан болса, олар Аллаһтың разылығына қалай жетпек?!

3-бөлім. Әйел адамның күйеуінсіз немесе үйленуге болмайтынындай жақын (махрам) адамынсыз сапарға шығуы туралы

Ибн ʻАббас Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Әйел адам махрамсыз сапарға шықпайды***», – дегенін баяндаған (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1862; Муслим 1341).

Әйел адамның махрамы – ол оған ешқашан үйлене алмайтындай жақын адамы (мысалы, оның әкесі, аға-інілері мен олардың ұлдары, әйелдің өз ұлы, немересі, әкесінің және шешесінің туған аға-інілері, атасы мен нағашы атасы, шешесінің күйеуі, қызының (немересінің) күйеуі, сүт бауыры т.б.). Бұл хадис әйел кісіге махрамсыз қай жерге болса да сапарға шығуға тыйым салынғандығына

айқын түрде нұсқайды. Хадисте жастар мен кәрілерге, алыс немесе жақын сапарға, Қажылық немесе қажылық емес сапарға деген жіктеу келмеген.

Ал сапарды бір күн немесе күн мен түннен ұзақ деген шектейтін хадистерге келер болсақ, бұл «егер сапар бір күннен қысқа болатын болса, онда әйел кісіге оған махрамсыз шыға беруіне болады» дегенді білдірмейді. Бұл хадистер қалыптасқан жағдайларға берілген жауаптар ғана болатын.

Хафиз Ибн Хәжар былай деген: *"Ән-Науауи: «Әйел кісіге «сапар» деп атауға болатын кез-келген сапарға махрамсыз шығуға тыйым салынған. Ал тыйымды белгілі алыстықпен шектеу туралы келетін хадистерге келер болсақ, онда олар шектеулер емес, белгілі жағдайларға байланысты берілген жауаптар болған», – деп айтқан"*. Қз.: «Фатх ул-Бәри» 4/97.

Сондықтан да қатарында Абу Ханифа, Шәфи'и және Ахмад сынды ұлы имамдар бар ғалымдардың көпшілігі: «Әйел кісіге махрамсыз кез-келген сапарға шығуға тыйым салынған, тіпті бұл нәпіл қажылық жасау үшін сапар болса да», – деп айтқан. Қз.: «әл-Мәжму'» 8/341; Ибн 'Абидин «Хашия» 2/465.

Ендеше, Аллаһқа және Ақыретке иман келтірген әйелдер Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: «***Әйел адам махрамсыз сапарға шықпайды***», – деп айтқан болса, қалайша қабірлер аралап, Түркістанға, Бекет Атаға немесе т.с.с. жерлерге махрамдарынсыз сапарға шығады?! Бұл әйелдер өздерінің осы амалдарымен: «Біз бәрібір бара береміз!», – деп мәлімдеген болады.

Ендеше, олар Аллаһ Тағала олармен қалайша риза болуын қалайды?!

4-бөлім. Бөгде әйелдер мен ерлердің бір жерде араласып жүріп-тұруы

Әйелдер Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойынсұнбай, қабірлерді зиярат ету үшін сапарға шыққан кезде күнә жасауына қоса, осы сапарға махрамдарынсыз шыққан кезде күнәсына тағы күнә қоса, бөгде ерлермен араласып жүріп-тұрып тағы бір күнә көтереді.

Негіз – әйел кісінің үйінде отыру қажеттігінде және одан орынды себепсіз шықпау керектігінде.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Үйлеріңде отырыңдар әрі алғашқы надандық дәурінде сәнденетіндей сәнденбеңдер»** («Әхзап» сүресі, 33:33).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Әйел адам Раббысының ең үлкен разылығына***

үйінде отырған кезінде жетеді» (**хадис сенімді (сахих);** Ибн Хузайма 3/93; әт-Табарани 9/295 т.б.). Осы мәтіндерден шыға келе, егер әйел кісі шындығында да Аллаһ оған разы болғанын қаласа, онда «ата-бабаларының алдындағы парызын» өтеу үшін ел кезуі емес, үйінде отыруы қажет.

Сондай-ақ шариғат бөгде ерлер мен әйелдердің бірге араласып жүріп-тұруын қатаң айыптайды. Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: *«Ерлердің намаздағы ең жақсы қатарлары – бірінші қатарлар, ал ең нашар қатарлары – соңғы қатарлары. Ал әйелдердің намаздағы ең жақсы қатарлары – бұл ең соңғы қатарлар, ал олардың ең нашар қатарлары – бірінші қатарлары»* (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 440; Ахмад 7366; Абу Дауд 678 т.б.).

Имам ән-Нәуауи былай деген: *«Мешіттерде ерлермен бірге намаз орындайтын әйелдер үшін ең жақсы қатарлар ең соңғы қатарлар болып табылады. Бұл – соңғы қатарлардағы әйелдер ерлерден алысырақ болуы, олармен араласпауы, оларды көрмеуі, олардың қимыл-қозғалыстарын көрмеуі және олардың дауыстарын естімеуі себепті».* Қз.: «Шарх «Сахих» Муслим» 4/159.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіпті намаз орындау барысында да әйелдер мен ерлерді бір-бірлерінен алыстауға қалайша үндейтініне қараңыздаршы! Намазды орындау ең игі амалдардың бірі болып табылады, ал енді қажетсіз ғана емес, бұған қоса тыйым салынған жиналыс-жиындар туралы не айтуға болады?!

Сондай-ақ шариғат бөгде ердің бөгде әйелге қарауына және бөгде әйелдің бөгде ерге қарауына тыйым салады да, назарды төмен түсіруді бұйырады. Аллаһ Тағала былай деді: **"(Мухаммад,) Мүмін ерлерге айт: (Бөгде әйелдерге қараудан) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Бұл олар үшін өте жақсы. Рас, Аллаһ олардың не істегендерінен хабар алушы. Мүмін әйелдерге де айт: «(Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын...»"** («Нур» сүресі, 24: 30-31).

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бөгде ерлер мен әйелдерге бір-бірлеріне денелерінің қандай да мүшесінінің тиюіне де тыйым салды. Мә'қил ибн Ясар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: *«Сендердің кез-келгенің үшін оның басын темір инемен тесу, оның бөгде әйелге тиіп кетуінен жақсырақ болады»* (**хадис оны нығайтатын тізбектердің болуы себепті сенімді (сахих);** хадисті Байһақи және әт-Табарани жеткізген. Қз.: «Сахих Тарғиб уәт-Тархиб» 2/401, № 1910 – (11)).

Жоғарыда аталған барлық тыйымдар осындай жиындар мен сапарлар ұйымдастырылған кезде бұзылады.

Ал Исламның бүгінгі күні адамдарға жат болуы және әйел барлық нәрсеге қатысты ерлер сияқты болып кеткендігі ол осы себепті күнә көтермейтіндігін білдірмейді.

15-ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРЛАР МЕН ІЗГІ-САЛИҚАЛЫ АДАМДАР ӨМІР СҮРІП, ҒИБАДАТ ЖАСАҒАН ЖЕРЛЕРДЕ ҚҰЛШЫЛШЫЛЫҚ-ҒИБАДАТ ЕТУГЕ ҰМТЫЛУ, ОЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ НАҚТЫЛАП БЕЛГІЛЕП ҚОЮ

1-бөлім. Жалпы ережелер

Түркістанға, Бекет Атаға және тағы сол сияқты жерлерге сапарға шығатындар осы жерлерде ғибадат жасау Аллаһ үшін сүйіктірек және сауабының көптігімен артығырақ деген сенімге ие. Олар егер өздерінің елді-мекендеріндегі мешіттерде, немесе үйлерінде ғибадат жасаса, онда Аллаһ Тағала олардың дұғаларын, намаздарын, тәубелерін т.с.с. ғибадаттарын қабыл ететініне ешқандай кепілдік жоқ деп есептейді. Ал осы жерлерде, олардың айтуынша, Аллаһ Тағала олардың тәубелерін міндетті түрде қабыл етеді, оларды кешіреді және оларға разы болады. Ал неліктен олар осындай сенімдерге ие?! Өйткені олар осы жерлер оларда Қожа Ахмет Яссауи, Бекет Ата, Арыстан Баб сияқты «әулиелер» өмір сүріп, ғибадат жасағандықтан, олар қасиетті жерлерге айналды, ал олардың ғибадат жасаған ежелгі «қасиетті мешіттері» мен қабір-күмбездері ерекше деп есептейді.

Олардың сенімдеріне сәйкес, «әулиелердің» құт-берекелері осы жерлерге, осы кесенелерге, олардың қабырғаларына, жанындағы құдық, тас, бұлақтарға дарыды. Олар осы кесене-мазарлардың қабырғаларын қолмен сипау, тіпті оларға ұзақ уақыт бойы қарап тұру, Түркістандағы Қожа Ахмет кесенесін айналып тәуап жасау осы құт-берекенің оларға да өтуіне себеп болады, өйткені олар кезінде олардың қасиетті деп санайтын «әулие» аталарының

мешіті, құдығы, жерасты бөлмесі, қабірі болғандықтан осындай игілік сыйлаушы тылсым күшке ие болды-мыс.

Егер құрметті оқырман жоғарыда аталған нәрселерді дұрыс түсінген болса, ол енді пұтқа табынушылардың ақымақтығына таң қалмайтын шығар. Осыған дейін ол не үшін ақыл-парасатты ересек адамдардың тастарға немесе ағаштарға ғибадат жасайтынын, оларға үйкелетінін, оларды сүйетінін т.с.с. нәрселер істейтінін түсіне алмайтын. Ал енді осының себебі түсінікті болды.

Мінеки, құрметті оқырман осы сапарларды ұйымдастыру әрі олардың тұрақты түрде жалғастыру тұтас бір халықты, тіпті халықтарды олардың ата-бабалары көпқұдайшылықтағы артта қалудан бірқұдайшылықты ұстанып өркендеуге шыққаннан соң, қайтадан қараңғы, қалдық пұтқа табынушылыққа, ырым-жырымдар мен көпқұдайшылдардың сенімдеріне оралтатынын түсінуге тиіс.

Бұл құбылысты болдырмау үшін осы тарауды жақсы түсініп алу қажет.

Жоғарыдағы тарауларда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денесі Аллаһ Тағала оған дарытқан физикалық тұрғыдағы құт-берекеге ие болғандығы түсіндірілген болатын. Сондай-ақ осындай құт-берекеге оның берекелі денесінен бөлініп шыққан сілекейі, тері, шаштары т.б. барлық таза нәрселер де ие еді. Содан соң салиқалы адамдардың пайғамбарлардан айрықша мұндай ерекшіліктері жоқ екендігі түсіндірілді. Олардың денелері физикалық тұрғыдан құт-берекелі болып табылмайды, демек, олардан қоршаған ортаға ешқандай құт-береке өтпейді. Сондай-ақ біз осының ізгі-салиқалы адам қаншалықты ұлы болып табылатындығына немесе оның ізгілігі қаншалықты ұлы болып табылатындығына байланысты емес екендігін де түсіндік. Бұл пайғамбарлар мен ізгі-салиқалы адамдардың арасында қалың сызық – пайғамбарлық шекара бар болғандықтан.

Осы тарауда келесі екі сұрақты де қарастыру қажет:

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) физикалық құт-берекесі ол намаз орындаған, немесе аяғымен басқан, немесе дамыл алуға тоқтаған, немесе жай қасынан жүріп өткен жерлерге өтті ме?

2. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рухани (мағыналық) берекесі осы жерлерге, біз ол жерлерге барсақ, олардан осындай берекеден қандай да бір үлес ала аламыз ба? Немесе сол жерлерде намаз немесе басқа ғибадатты орындасақ, оның сауабы көбірек, ал ғибадаттың өзі Аллаһқа сүйіктірек болады ма?

Осы екі сұрақтың жауаптарын түсінсек, бізге Түркістанға және Бекет Атаға және сол сияқты «әулиелі» жерлерге осы жер-

лер мен құрылыстарда ата-бабалардың физикалық, сондай-ақ рухани (мағыналық) берекесі бар деген сеніммен баратындардың адасушылығы түсінікті болады. Бұл егер біз мұндай сенімдердің тіпті пайғамбарларға, тіпті олардың ең ұлысы болған – Мухаммад пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатысты да болуы дұрыс еместігін түсінсек, онда ізгі-салиқалы адамдарға қатысты, тіпті олар біздің ата-бабаларымыз болса да, мұндай сенімдер тіпті дұрыс емес екендігі түсінікті болатындығынан.

Бірінші сұраққа жауап сахабалар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денесінен ажыратылған нәрселермен және ол қайтыс болған соң одан қалған заттармен табаррук жасағандығы туралы бөлімдерде толығымен дерлік қаралған болатын. Бұған сахабалар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған соң оның заттарын ол сол заттарды қолданғандығы және оларда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) физикалық берекесі қалғандықтан пайдаланғандығын және олармен табаррук жасағандығын қоса айту ғана қалды. Ал ол жүріп өткен, немесе отырған, немесе дамылдау үшін тоқтаған орындарға келер болсақ, онда сахабалар мұндай жерлерді іздестірмеген және оларды қамқорлыққа алмаған, өйткені оларды нақтылап белгілеу мүмкін емес, әрі сондай-ақ бұл жерлерге Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешқандай физикалық іздері түспеген.

Сондықтан да бірден екінші сұрақты қарастыруға көшейік.

Оны түсіну үшін келесі екі ұғымның арасындағы айырмашылықты түсіну қажет:

– Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) белгілі ғибадат түрлерін орындау үшін нақтылаған және осы ғибадаттарды дәл сол жерлерде орындаған жерлер: біз үшін де дәл сол жерлерде ғибадат жасау абзал, ал кейде тіпті міндетті болады. Мысалы, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің мешітіндегі «истиуана» деп аталатын бір бағананың алдында нәпіл намаз орындауға тырысатын. Сондай-ақ ол Қағбаны тәуап жасап болған соң әл-Харам мешітіндегі «Мақам Ибраһим» деп аталатын орынның артында тұрып екі ракағат намаз орындауға да тырысатын. Сондай-ақ зул-хижжа айының 9 күні қажылық кезінде ол дәл Арафат тауына сол жерде тұру үшін және дұға ету үшін баратын, ал бұл қажылықтың тіректерінің бірі болып табылады. Сондай-ақ ол намаз орындаушыларды мешітте жамағатпен оқылатын намаздағы бірінші қатарға ұмтылуға талпындыратын, түннің дәл соңғы үшінші бөлігінде Аллаһқа дұға етіп жалбарынуға ынталандыратын т.с.с. Осы орындар мен уақыттардың барлығын Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын) әртүрлі ғибадат түрлерін орындау үшін ерекше нақтылайтын. Сондықтан бізге де осы орындар мен уақыттарды ғибадат жасау үшін нақтылап ажыратуға рұқсат етіледі, ал кейде тіпті міндетті болады.

– Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) белгілі бір жерлердің ерекше болуы себепті емес, жай, мысалы, ол осы жерде болған кезінде намаздың немесе өзге ғибадаттың уақыты кіргендігі себепті ғибадат жасаған жерлер. Мысалы, әскери жорық жасау барысында ол қандай да бір жерде тоқтады да, ал намаз уақыты кірген кезде ол оны сол жерде орындап, кейін әрі қарай жүре берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл сол жерде намазды орындау абзал болғандықтан емес, жай осы жер дамыл алу үшін тоқтауға ыңғайлы болғандығы себепті осы жерде намазды орындағанын түсініп алу қажет. Ал ол намазды сол жерде намаз уақыты кіргендіктен оқыды. Егер дамыл алу үшін тоқтаған кезінде намаздың уақыты кірмеген болғанда, ол оны жерде оқымас еді.

Бұл жіктеу Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек сырттай ғана емес, іштей де ілесу қажеттігіне негізделеді. Сондықтан да, егер Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) белгілі бір намазды дәл осы жерде орындауға деген ұмтылыссыз орындаған болса, ал біз тура сол намазды дәл сол жерде оқуға ұмтылып орындайтын болсақ, онда біз Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек сырттай ілесіп, бірақ іштей оған қайшы келетіндерден боламыз.

2-бөлім. Егер Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) белгілі бір жерлерде ғибадат жасап, бірақ оларды нақтылап белгілемеген болса, сол жерлерді ғибадат ету үшін нақтылап белгілеудің шариғатта заңдастырылмағандығына дәйектер

1. Қасиетті мәтіндерде бұған дәлелдердің болмауы.
2. Мұндайды сахабалардан ешкім істемеген, ал олар осы дінді басқалардың барлығына қарағанда жақсырақ түсінген және басқалардан көбірек игілікке ұмтылған.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: «*Абу Бакр, ‘Умар, ‘Усман, ‘Али және мухажирлер мен ансарлардан болған басқа да сахабалар Мәдинадан Меккеге қажылық жасау үшін немесе жай тұрмыстық мәселелермен бірнеше рет баратын. Әрі олардың ешқайсысынан олар дәл Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тоқтаған жерде тоқтап, сол жерде намаз орындағандығы туралы хабар жеткізілмеген. Ал егер олар осыны құпталатын амал деп есептегенде,*

олар осындайды істеушілердің алғашқылары болар еді, өйткені олар Сүннетті өзгелерден жақсырақ білетін және оған өзгелерден жақсырақ ілесетін». Қз.: «әл-Иқтида» 2/748.

3. Мұның үстіне, сахабалар мұндайды сөздерімен де, істерімен де сөгетін.

Мә'рур ибн Суайд былай деп баяндайтын: *«Бірде біз 'Умар ибн әл-Хаттабпен бірге сапарға шықтық. Жол үстінде бізге бір мешіт кездесті де, адамдар онда намаз орындау үшін, соған қарай ұмтылды. Сонда 'Умар: «Оларға не болған?», – деп сұрады. Олар: «Бұл – Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намаз оқыған мешіт!», – деп жауап берді. Сонда 'Умар оларға: «Әй, адамдар! Ақиқатында, сендерден бұрынғылар тек осы үшін ғана, ең соңында осындай жерлерде ғибадатханалар соғып, опат болды. Сондықтан да, егер намаздың уақыты кірген болса, оны сол жерде орындаңдар, ал егер ол кірмеген болса, онда әрі қарай жүре беріңдер»,* – деді (**сахих хабар, Бухари мен Муслимнің шарттарына сәйкес келеді** (бұл туралы шейх әл-Әлбани «Фәдәил әш-Шамда» айтқанындай, 49-бет); Ибн Аби Шәйба 2/376; Ибн Уаддах әл-Құртуби «әл-Бида'та» 41-42 беттер.).

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы жерді намаз үшін нақтылап белгілемегендігі, бірақ оны сол жерде жай дамылдау үшін тоқтағаны және намаздың уақыты кіргені үшін орындағандығы себепті 'Умар: «Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) іштей сәйкес болмай, сырттай (ғана) сәйкес болу Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу болып табылмайды», – деп санады. Мұның үстіне, осындай жерлерді намаз орындау үшін нақтылап белгілеу – осынысы үшін опат болған Кітап иелерінің дінге енгізген жаңалықтарынан (бидғаттарынан). Сондықтан да 'Умар оларға осынысында ұқсап еліктеуге тыйым салды. Ал кім мұндайды істесе, сол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сырттай ұқсас болады, бірақ ол іштей (ниетінде) сондай-ақ яһудилер мен христиандар сияқты болады, әрі (ниет) жүректің ісі, ал жүректің ісі негіз болып табылады. Осыдан шыға келе, іштей және сырттай ілесу сырт бейнеде ғана ілесуден құндылығы бойынша толыққанды болады».* Қз.: «Мәжму' әл-Фәтауа» 1/281.

Ибн Уаддах әл-Құртуби былай деп айтқан: *"Имам Мәлик және Мәдинаның басқа да ғалымдары Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірінің қандай да бір сәттері өткен Құба мешітінен басқа осындай мешіттер мен орындарды іздестіретіндерді сөгетін. Және мен олардың Суфиян әс-Сауридің есімін атағанын да естігенмін. Олар оның бірде әл-Ақса мешітіне кіріп, ол жерде екі ракағат намаз орындағанын, бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болып кеткен жерлерді іздемегенін әрі онда намаз*

орындамағанын сөз етті. Тура сол нәрсемен имам Уақи' ибн әл-Жәррах та әл-Ақса мешітін зиярат етуі кезінде шектелген еді. Ендеше, тура жолдың атақты имамдарына ілес, өйткені бізге дейінгілер: «Көптеген адамдар бүгінгі күні игі деп санайтын, (ал) осы имамдардың назарында жаман болып табылатын амалдар қаншама», – деген екен". Қз.: «әл-Бида' уән-Нахи 'анха» 43-бет.

4. Бұл сондай-ақ осы орындарды орынсыз ұлықтаудың және адамдарда әртүрлі бұрыс сенімдер мен нанымдардың пайда болуының себебі болғандықтан да тыйым салынған болып табылады. Осының барлығы ең соңында бұл орындарды жиын мен бұқаралық ғибадат жасау, сондай-ақ пұтқа табынушылардың рәсімдерін орындау орындарына айналдырады.

3-бөлім. Қарсылас тараптың кейбір күмәндары және оларға жауап

Ислам ғалымдарының тұтас көпшілігі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрген немесе ғибадат жасаған, бірақ оларды нақтылап белгілемеген жерлерді нақтылап белгілеуге тыйым салынғандығы туралы айтады. Алайда ғалымдардың кейбіреулері осы мәселеде қателесіп, осының рұқсат етілгендігін айтқан болатын. Олардың арасында әз-Заркаши («И'ләм ус-Сажид би әхкам ил-мәсажид» 298-бет); Қасталләни («Мауахиб әл-Ләдания» 2/401); әл-'Айни («Умдат ул-Қари» 4/275).

Өздерінің пікірін қолдау үшін олар келесі дәйектерді келтіретін:

1. Бірде 'Итбан ибн Мәлик Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оған: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Менің көру қабілетім қатты нашарлап кетті, ал мен халқымның намазына имамдық етемін. Жаңбырлы маусым кірген кезде мені мен олардың арасындағы алқап тасқындай түседі де, мен олардың мешітіне барып олармен бірге намаз орындай алмаймын. Сіз менің үйіме келіп, менікінде намаз оқысаңыз еді, содан соң мен де сол жерде намаз орындар едім»*, – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Аллаһ қаласа, мен сенікіне келемін»,*** – деп жауап берді. 'Итбан былай деген: *«Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі күні таңертең Абу Бакрмен бірге менің үйіме келді де, кіруге рұқсат сұрады, әрі мен оған кіруге рұқсат бердім. Сонда ол: «**Сен үйіңнің қай жерінде менің намаз орындағанымды қалайсың?**», – деп сұрады. Әрі мен үйдің бір жағына нұсқадым. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тұрып, тәкбір жасады және біз оның артына тұрдық. Ол екі ракағат орындады да,*

содан соң таслим жасады» (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1/109; Муслим 1/455).

Олардың шығарған қорытындысы:

ʻИтбан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рухани құт-берекесі осы жерге өтуі үшін және кейін дәл сол жерде намаз орындау үшін, одан осы жерде намаз орындауын сұрады.

Жауап:

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) белгілі бір орынды нақтылап белгілеместен онда намаз орындаған, ал содан соң адамдар сол жерде мешіт қажет болғандығы себепті емес, жай, тек сол жерде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намаз орындағандығы себепті мешіт салған орын мен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл осы орынды белгілеп, онда намаз орындаған орынның арасында айырмашылық бар. Яғни Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ʻИтбан үшін осы орынды намаз оқу орны (масажид-мешіт) ретінде нақтылап белгілеп берді. Тура сол сияқты Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Қуба мешіті мен өзінің мешітінің орындарын да белгілеп берген болатын. Қз.: «әр-Радд ʻаләль-Бакри» 280-бет.

2. Имам әл-Бухари өзінің «Сахихында» Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы Ибн ʻУмар Мәдинаның дәл Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүретін жолдарымен жүруге және дәл Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намаз орындаған жерлерде намаз орындауға тырысатынын жеткізген (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1/241).

Жауап:

Ибн ʻУмар мұндайды істеген жалғыз сахаба, сонымен бірге мұндайды басқа сахабалардың ешқайсысы істемеген, ал олардың кейбіреулерінен, солардың арасында мұны Кітап иелеріне ұқсапеліктеу және олардың опат болуының себебі деп санаған оның әкесі ʻУмар ибн әл-Хаттаб та бар, мұндайды істеуге деген тыйым бар. «Фиқһ негіздері» («Усул ул-Фиқһ») ғылымында егер сахабаның сөзіне басқа сахабалар қайшы келетін болса, оның сөзі дәлел бола алмайтығы жақсы белгілі, бұл егер бір сахабаның сөзі бүкіл сахабалардың пікіріне қайшы келетін жағдайды айтпағанның өзінде.

Шейхул-Ислам былай деген: «*Ал егер сахабалардан біреу-міреу басқа сахабаға қайшы келгендігі мәлім болса, онда мұндай жағдайда сахабаның сөзі дәлел болып табылмайды. Әрі бұл ғалымдардың арасында бірауызды келісілген (қағида)*». Қз.: «Қаʼида жәлилә» 575-тармақ.

Бұған қоса, Ибн ʻУмар осы жерлерден физикалық немесе рухани береке іздемеген. Ол барлық, соның ішінде ұсақ нәрселерде

де Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесуге тырысқан. Бірақ, сонымен бірге, Ибн ‘Умар осы мәселеде қателескен және сахабалардан ешкім оны қолдамаған, өйткені Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу тек сырттай ғана емес, бір мезгілде сырттай әрі іштей болуға тиіс, бұл жоғарыда түсіндірілгеніндей.

3. Язид ибн Аби ‘Убайд былай деп баяндайтын: «*Сәләма ибн әл-Ақуа’ Пайғамбар Мешітіндегі «истиуана» бөренесінің алдында намаз орындауға тырысатын, әрі мен оған: «Уа, Абу Муслим! Мен сенің дәл осы бөрененің қасында намаз орындауға тырысатыныңды байқап қалдым», – дедім. Бұған ол: «Мен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл соның алдында намаз орындауға тырысатынын көргенмін», – деп жауап берді*» (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1/127; Муслим 1/364).

Жауап:

Сәләма ибн әл-Ақуа’ істеген нәрсе шариғатта заңдастырылған. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл осы бөренені белгілеп, оның алдында намаз орындауға тырысатын. Сәләма да Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сырттай және іштей ілесіп, тура осыны істейтін.

4. Аллаһтың **«Ендеше, Ибраһимнің орынын намаздың орыны етіп алыңдар!»** (2:125) деген сөздері.

Олардың қорытындысы: Аллаһ Тағала Ибраһим пайғамбар Қағбаны салған кезінде тұрған орынының артында намаз орындауды заңдастырды. Ал біздің Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұған тіпті лайықты.

Жауап:

Аталған орынды намаз орындау үшін Аллаһ Тағаланың Өзі нақтылап белгіледі, Ол тәуап жасау үшін Қағбаны, қажылық кезінде (дұға жасап) тұру үшін Арафат тауын, араларында сағи жасау үшін Сафа мен Маруа төбелерін белгілегендей. Әрі айыпталатыны – адамдардың Аллаһ Тағала ғибадат жасау үшін нақтылап белгілеген орындарда ғибадат жасауы емес, олардың Аллаһ және Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) нақтылап белгілемеген орындарды ғибадат жасау үшін өздері нақтылап белгілеуі және осы орайда әлемдердің Раббысының дініне Одан келмеген нәрселерді қосуы.

Бұған қоса, Құранның көптеген тәпсіршілері (муфассирлер) бұл аятты қажылықтың Ибраһим пайғамбар орындаған барлық рәсімдерін, соның ішінде осы орынның артында орындалатын екі ракағат намазды орындауға деген бұйрық деп тәпсірлейді. Әрі бұл аятты тәпсірлеудегі осы пікірді шейх әс-Са’ди өзінің тәпсірінде таңдаған. Осыдан Ибраһим пайғамбар қажылық рәсімдерін кез-

келген кездескен орындарда емес, дәл осы орындарда орындағаны, әрі осынысында ол Аллаһтың бұйрығына мойынсұнғаны келіп шығады. Содан соң Аллаһ Тағала бізге осыда Ибраһимге ілесуді бірқұдайшылық дініне ілесудің нышаны ретінде бұйырды.

Бұл – қарсылас топ қолданатын ең танымал және кең таралған күдіктерге жауаптар.

Жоғарыда келтірілгендердің барлығынан Меккеге немесе Мәдинаға сапармен келіп, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің өмірінің кейбір сәттерін өткізген жерлерге баратын адамдардың қателіктері түсінікті болады. Мұндай орындардың қатарында Хира үңгірі орналасқан Хира тауы[52] да бар. Онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пағамбарлыққа дейін Аллаһқа құлшылық еткен. Бірақ ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбар болғаннан кейін бұл тауға қандай да бір құлшылық жасау үшін басқа бармаған, әрі сахабалардан да ешкім оған осы үшін бармаған.

Сондай-ақ осындай орындарға Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрмен бірге құрайыштықтардың қуғынынан үңгірлерінің біріне жасырынған Саур тауы да жатады.

Көпшілік адамдар осы тауларға барады, сол жерлерде Құран оқиды, дұға жасайды, Аллаһты зікір етеді, т.с.с. ғибадат түрлерін жасайды. Олар осы орындар құт-берекелі және олардың сол жерлерде жасаған құлшылықтары жақсырақ деп есептейді. Тура сондайды бүгінгі күні Түркістанға, Бекет Атаға тағы да сол сияқты жерлерге баратын қажысымақтар Пайғамбарға да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатысты емес, өздері әулие деп санайтын адамдарына қатысты өздері нақтылап белгілеп алған жерлерінде жасап жүр.

Ал сахабаларға келер болсақ, олар мұндай жерлерге, ғимарат-құрылыстарға немқұрайлы қарайтын. Олар оларға ешқандай көңіл бөлмейтін, олардың сақталуы туралы қам жемейтін. Мұның үстіне, олар осындай «ұлы тарихи және архитектуралық ескерткіштерді бұзатын». Бірақ бұны олар өз тарихын бағаламайтын варвар немесе жабайы, тәрбиесіз, дөрекі, қараңғы адамдар болғандығынан емес, оларды тірі адамдардың сау идеологиясын сақтап қалу тастар мен кірпіштерді сақтап қалудан көбірек мазалайтындығы себепті істейтін.

Ал сопы тариқаттарының қатарынан болған біздің замандастарымызға келер болсақ, олар тастар мен кірпіштерді сақтап қалу ұранымен жамылып, халықтың болашағын құрбан етуде.

Ендеше, «варвар» мен «жабайы» деген аттарға кім лайықтырақ екен?!

---

[52] Сондай-ақ ол Нұр тауы деп те аталады.

16-ТАРАУ

ҚАБІР ОРЫНДАРЫН ҚҰЛШЫЛЫҚ-ҒИБАДАТ ОРЫНДАРЫНА АЙНАЛДЫРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

1-бөлім. Кіріспе

Өткен тарауларда біз көпқұдайшылықты енгізудің және таратудың көптеген сатыларын зерттеп шыққан болатынбыз. Біз Түркістанда, Арыстан Бабта, Бекет Атада т.с.с. жерлерге сапарлар мен жиналыстар ұйымдастырушылардың мақсаттарын, оны іске асыру құралдары мен көздерін түсіндік. Біз олардың дәйектерін қарап шығып, оларға жауап бердік, әрі осы орайда олар өз амалдарының басым бөлігінде ешқандай дәлелдерге сүйенбейтінін, бұдан қалса қасиетті мәтіндер мұндай амалдарды жасайтындарға қатысты тыйымдарға, қорқытуларға, лағынеттерге толы екеніне көз жеткіздік.

Сондай-ақ біз осы адамдардың имам Абу Ханифа мәзһабына ешқандай қатысы жоқ екендігін және оны тек өз мақсаттарына жету үшін ғана жамылғы ететінін анықтаған болатынбыз. Сол үшін көптеген тарауларда біз ханафи мәзһабын ұстанған ғалымдардың мәтіндерін келтіруге тырыстық. Біз бұл мәтіндерді сондай-ақ құрметті оқырман мұндай адамдардың пұтқа табынушылық ұмтылыстарына тек «мәзһаб ұстанбайтындар», «уаххабилер», «варварлар», «Абу Ханифа мәзһабын жек көрушілер», «мәңгүрттер», «надандар», «өз тарихын білмейтін және ата-бабаларын құрметтемейтін адамдар», «экстремисттер мен фундаменталисттер» ғана қарсы болады деген мәлімдемелері және осы сияқты қорлаушы таңбалары мен жағып жатқан күйелері – осы мәлімдемелердің барлығы тап-таза өтірік, күнә және жала екендігін түсінуі үшін келтірген болатынбыз.

Аллаһ былай деді: **«Ал мүмін ерлер мен мүмін әйелдерді жазықсыз қорлап-кейіткендер жала жауып, ашық күнә жүктеп алды»** («Әхзаб» сүресі, 33:58).

Біз осы адамдар ақиқатты жақтаушылардың дәлел ретінде келтірген қасиетті мәтіндеріне қарсы лайықты түрде және ғылыми тұрғыдан жауап беруге мүмкіндік беретін ешқандай дәлелдері болмағандықтан осындай орынсыз шабуылдар мен таңба ілулерге жүгінуге мәжбүр екендіктерін өзіміз үшін ұғып алдық.

Бұдан қалса, біз өзіміз үшін дәл осы адамдардың өздері нағыз мәзһабсыздар, варварлар, мәзһабты жек көрушілер, өтірікшілер және күнәһарлар болып табылатынын да ашып алдық. Олар өздеріне дейін өмір сүрген Кітап иелеріне, көпқұдайшылдарға, грек пәлсапашыларына және рафиди-шиғаларға қатаң түрде ілеседі. Олар Түркістанды, Бекет Атаны т.с.с. қабір-кесенелерді пұтқа табынушылық ғибадат орындарына айналдырып бітті және осының әдістерін басқа да жерлерге таратуда.

Осы тарауда көпқұдайшылықты таратудың тағы бір сатысы туралы да сөз қозғалады. Бұл саты, алғаш қарағанда, мүлде айыпсыз болып көрінеді. Ол, одан алдынғы басқалары сияқты, өте жақсы бүкпеленген, әрі олардың іс-әрекеттеріне, сондай-ақ олардың «Бұда не жамандық бар?» деген үнемі қайталайтын өтірік сұрағына ешқандай қатысы болмаған имам Абу Ханифаның мәзһабының пердесімен жабылған.

Бұл тарауда біз бір ғана Аллаһқа ешкімді және еш нәрсені серік қоспастан, ықыласты түрде құлшылық ететін, Аллаһтың разылығына ұмтылатын, Аллаһ пен Оның Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көретін адам туралы сөз етеміз. Ол намазды орындайды, дұға етеді, Аллаһты көп-көп зікір етеді, Құран оқиды, жалғыз Аллаһқа ғана арнап құрбан шалады. Ол Аллаһтың Дидарына ұмтылады, Аллаһтың сыйынан үміт етеді, Оған риясыз ықыласты түрде ғибадат жасап, Оның алдында дінін тазартады...

Бірақ! Осы нәрселерді ол қабір орындарында да, кесене-мазарлардың маңында да істей береді.

Мен құрметті оқырманды бұл адамның осы қабірлерге және ондағы «әулиелерге» құлшылық жасамайтындығына, ол сол жерлерде ғибадат жасау сауабы бойынша артығырақ деп санамайтындығына назар бұруын сұраймын. Ол осы орындарды қасиетті және құт-берекелі деп санамайды, ол өз амалдарының сауабын әруақтарға бағыштамайды... ол әшейін, жаздың шуақты күндерінде басқалармен қосылып Түркістан, Бекет Ата сияқты қабір орындарына барады. Оны бұған көбірек серуендеп және демалып қайтуға деген ұмтылыс тартады. Ол сол жерлерге тек

қызық көру үшін және осы танымал кесенелерді тамашалап қайту үшін ғана бара жатқан болуы да мүмкін. Ол көптеген адамдардың шоғырлануынан пайда көріп, оларға бір нәрселерді сату үшін баратын жай саудагер де болуы мүмкін. Ол осы жерге келген кезінде басқа мұсылмандар сияқты намаз уақыты кірген кезде оны орындайды, сондай-ақ Құран оқиды, ғибадаттың басқа да жоғарыда аталған түрлерін орындайды, әрі осы орайда ешқандай бұрмаланған сенімдерге ие емес.

Ал енді осының барлығы туралы дініміз не дейтінін көрейікші.

2-бөлім. Қасиетті мәтіндер қабір орындарында Аллаһқа құлшылық етудің тыйым салынғандығы туралы

1. Абу Са'ид әл-Худри Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: «***Зираттар мен моншалардан өзге барлық жер ғибадат жасайтын орын болып табылады***» (**хадис сенімді (сахих);** Ахмад 3/83; Абу Дауд 492; Тирмизи 317; Ибн Мәжаһ 745 т.б.; шейх әл-Әлбани, Муқбил т.б. хадисті сахих (сенімді) деген. Қз.: «әл-Ируа» 1/320 және «әс-Сахих «әл-Муснад»» № 380).

Осы хадистен біз намазды және т.б. ғибадаттарды қабірлер мен моншалардан басқа жердің барлық бөліктерінде орындай аламыз деген қорытынды шығарамыз.

2. Ибн 'Умар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: «***Намазды өз үйлеріңде де орындаңдар, үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар***» (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1187; Муслим 777; Ахмад 4511, 4653, 4065; Абу Дауд 1448; Ибн Мәжаһ 1377).

Бұл хадис егер адам үйінде нәпіл-сүннет намаздарын орындауды тоқтатса, оның үйі зиратқа ұқсап қалатындығы туралы куәлік етеді, өйткені қабір орындарында намаз орындалмайды.

3. Жундуб ибн Самура Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің өліміне бес күн қалғанда былай дегенін баяндаған: «***Ақиқатында, сендерге дейінгі (қауымдар) пайғамбарлары мен салиқалы адамдарының жерленген орындарын ғибадат орындарына айналдыратын, ал сендер бұлай істемеңдер, ақиқатында, мен мұны сендерге харам етемін***» (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 532).

Бұл хадистен бірден бірнеше қорытынды жасауға болады:

1. Пайғамбарлар мен салиқалы адамдар жерленген орындарда ғибадат жасау бізге дейін өмір сүрген қауымдардың амалдарынан болған. Мұның мәні бұл амалдың Исламға ешқандай қатысы жоқ екендігінде.

2. Бұл хадисте пайғамбарлардың ғана емес, сондай-ақ салиқалы адамдардың жерленген орындарында да ғибадат-құлшылық жасауға болмайтындығына дәлел бар.

3. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл туралы қайтыс болуына бес күн қалған кезде айтқан еді, ал бұл осы мәселенің өте маңызды және қауіпті екеніне нұсқайды. Не үшін өзінің қайтыс болуының қарсаңында ауырған кезінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл осы туралы айтты? Өйткені Аллаһқа қабірлерде, кесене-мазарлардың алдында және адамдар жерленген орындарында құлшылық ету салиқалы адамдардың өздеріне құлшылық етуге алып келетін қауіпті құбылыс болып табылады, ал соңғысы көпқұдайшылықтың нағыз өзі. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл сол көпқұдайшылықтан сақтандырып ескерту үшін жіберілген еді ғой!

4. Көпқұдайшылыққа алып баратын барлық жолдарды жабу шариғаттың маңызды мақсаты болып табылады. Дәл осы себепті де Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлім алды ауруына қарамастан осы ескерту сөздерін айтқан болатын.

5. Бұл хадисте ***«...ал сендер бұлай істемеңдер...»*** деген сөздерде қамтылған қабірлердің жанында ғибадат жасауға деген айқын тыйым бар, осыдан соң бұл тыйым, ешкім оны тек жай ғана құпталмайтын амал деп есептемеуі үшін, «***Ақиқатында, мен мұны сендерге харам етемін***» деген сөздермен қайта күшейтіледі. Ал, ендеше, осыдан кейін қалайша: *«Біз Түркістанға да, Бекет Атаға да бара береміз және сол жерлерде Аллаһқа құлшылық жасаймыз»,* – деп айтуға болады?! Бұл – сол адамның: «*Сенің тыйымдарың, уа, пайғамбар, бізді мүлде қызықтырмайды, өйткені біздің осы сапарларда белгілі қызығушылықтарымыз бен мүдделеріміз бар*», – деп айтқанымен тең болады.

6. Бұл хадистен Аллаһқа қабір орындарында құлшылық етуге тыйым салынатыны бір мағыналы түрде түсініледі, тіпті біреуміреу «*осыда ешбір жаман нәрсе*» көрмесе де.

4. Ибн Мәс'уд Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Ақиқатында, ең жаман адамдардың бір тобы солардың өмір сүретін кезінде Қиямет басталатын, сондай-ақ қабірлерді ғибадат орындарына айналдырытын адамдар болып табылады»*** (**хадис жақсы (хасан);** Ахмад 4143; Ибн Хиббан 6847; Ибн Хузайма 789 т.б.).

Бұл хадисте қабір орындарында Аллаһқа құлшылық жасайтын адамдар ең жаман адамдардан деп аталған. Сондай-ақ олар солардың өмір сүретін кезінде Қиямет басталатын адамдармен теңестірілген. Ал Қиямет күні келгенде жер бетінде кәпірлердің ең жамандары өмір сүретіні белгілі ғой.

5. ‘Аиша былай баяндайтын: *“Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуының алдындағы ауруымен ауырған кезінде, оның әйелдерінің кейбіреулері оның алдында өздерінің Эфиопияда көрген «Мәриям» деп аталатын шіркеуді тілге алды. Умм Сәләма және Умм Хабиба бір кездері Эфиопияда болған еді. Мұны естіп, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:* ***«Ақиқатында, олардың арасында салиқалы кісілерден біреу-міреу қайтыс болса, олар оның қабірінің үстіне мешіт[53] салатын, ал содан соң оның ішіне соның бейнелерін орналастыртын. Ақиқатында, олар Қиямет күні Аллаһтың алдындағы ең жаман жаратылыстар»”[54]*** (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 427; Муслим 528).

Бұл хадистен келесі қорытындыларды шығаруға болады:

1. Салиқалы адамдардың қабірлерінің басына мешіттер соғуға тыйым салынған. Ал кім осы тыйымға қарсы шықса және бәрібір қабір орындарына мешіт салса, сол Қиямет күні Аллаһтың алдындағы ең жаман адам болады.

2. Тірі жандарды бейнелеу (сомдау) және оларды мешіттерге кіргізу, ең үлкен күнәлардың қатарына жатады[55].

3. Қабір орындарында құлшылық жасауға деген тыйым пайғамбарлардың қабірлеріне ғана емес, дәрежесі бойынша пайғамбарлардан төмен болғандардың барлығына қатысты.

6. ‘Аиша былай баяндайтын: *«Аллаһтың Елшісінде (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлім алдындағы қиналыс сәті басталған кезде, ол өз бетіне жамылғы жаба бастады. Ал одан тұншыға бастаған кезде, оны алып лақтыратын. Әрі осы күйінде болған кезінде ол былай деген еді:* ***«Яһудилер мен христиандар пайғамбарларының қабірлерін ғибадат орындарына айналдырғандары үшін Аллаһтың лағынетінде».*** *Осынысымен ол осы амалдан сақтандырған болатын. Ал оның осы сөздері болмағанда, оның қабірі ашық қалдырылатын еді. Бірақ (сахабалар) адамдар оның үстінде ғибадат жасай бастайды деп қорықты»* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 435; Муслим 531).

Хафиз Ибн Хәжар былай деген: *«Бұл хадисте христиандардың да аталып айтылуы кейбір ғалымдарда түсінудегі қиындықтар*

---

[53] Діни рәсімдер орындалатын ғибадатхана меңзеліп тұр.

[54] Расында да, қабірлердің үстілеріне шіркеулер соғу христиандардың ең танымал салттарының бірі болып табылады. Мұны дәлелдеу үшін мысал ретінде дүние жүзіндегі ең үлкен шіркеуді – Ватикандағы Петр шіркеуін келтіру жеткілікті болады. Ол оның қабірінің үстінде және Көне Римнен қалған қираған орында соғылған.

[55] Бұл сондай-ақ мешіттерге тірі жандардың суреттері мен бейнелеріне толған түрлі «мұсылман» үнқағаздары мен журналдарын таситындарға және іліп қоятындарға да қатысты.

тұғызды. Бұл яһудилерде пайғамбарлардың болғандығы, ал христиандарға келер болсақ, Иса мен біздің Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арасында пайғамбарлардың болмауы, ал Исаның қабірі жоқ болғандығы себепті еді. Бұған келесідей етіп жауап беруге болады: не оларда елшілерден басқа да, мысалы, Исаның немесе (тағы бір пікірде) Мәриямның хауарилері (апостолдары) сияқты пайғамбарлар болған[56]*, немесе «пайғамбарлар» деген сөз ауыспалы мағынада айтылған, әрі онымен пайғамбарлар мен олардың басты ілесушілері меңзелген. Соңғы пікірді Жундубтың хадисінде келтірілетін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздері нығайтады: **«Өздерінің пайғамбарлары мен салиқалы адамдарының жерленген орындарын ғибадат орындарына айналдыратын».** Сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) христиандар туралы сөз еткенде: **«...олардың арасындағы салиқалы кісілерден біреу-міреу қайтыс болса...»,** – деп айтқан, ал яһудилер туралы: **«...өздерінің пайғамбарларының қабірлерін...»,** – деген. Сондай-ақ бұған христиандардың яһудилер ұлықтайтын пайғамбарлардың қабірлерінің көбін ұлықтайтындығымен де жауап беруге болады».* Қз.: «Фатх ул-Бәри» 435-бет. Әрі осы үшінші пікір ең дұрысы.

Хадистен алынатын қорытындылар:

1. Қабір орындарында Аллаһқа құлшылық ете бастаған адам Аллаһтың лағынетіне лайық.

2. Өлім алдындағы қиналған сәтінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл осы нәрседен сақтандырды, өйткені ол адамдар оның қабірінің қасында Аллаһқа құлшылық жасауынан немесе оның үстіне мешіт салуынан қорықты. Ендеше, осы мәселенің қаншалықты маңызды екендігіне назар аударыңыздар. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабір орындарында Аллаһқа құлшылық етуге тыйым салынғандығын бұған дейін де оларға бірнеше рет түсіндірген еді, ал кейіннен, яғни қайтыс болуынан бес күн бұрын сахабаларына осыны қайталай беретін, ол мұны айтуды өлім аузында қиналып жатқанда да тоқтатпаған болатын.

Хафиз Ибн Хәжар былай деген: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы ауруынан айықпайтынын білген сияқты болды және бұрын өмір сүрген (қауымдар) істейтіндей оның қабірін де ұлықтай бастайды деп қорықты. Сондықтан да ол яһудилер мен христиандардарды лағынеттеді де, оларға осы нәрседе ілесетіндерге сөгіс айтылатындығына нұсқады*». Қз.: «Тахзир ус-Сажид» 18-бет.

---

[56] Бұл пікір қате болып табылады.

3. Сахабалар осының қауіптілігін түсініп, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін адам оған қол жеткізе алатындай ашық етіп қалдырмады да, оны Айшаның үйінде жерледі. Сөйтіп олар адамдарға оның қабіріне барар жолды жапты.

Аллаһпен ант етеміз, сахабалар қандай амал жасағанын және дінді қалай түсінгені мен сопылар және рафидилер жасап жатқан нәрселердің және олар дінді қалай түсінуінің арасындағы айырмашылықты көрмеу үшін соқыр болу керек! Аллаһ біздің діни «қайраткерлерімізге» өз жүректерінде Аллаһтың алдында қорқу сезімін табуға және істеп жатқан нәрселерін тоқтатуға көмектессін!

7. Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндайтын: ***«Уа, Аллаһ! Менің қабірімді құлшылық жасалатын пұтқа айналдырма. Пайғамбарларының қабірлерін ғибадат орындарына айналдырған халықтарды Аллаһ лағынеттеді»*** (**хадис жақсы (хасан);** Ахмад 2/246; Ибн Са'д «Табақатта» 2/241-242; әл-Хумайди 1025 т.б.).

Ал 'Ата ибн Ясардан жеткен осындай бір хадисте: ***«...халыққа Аллаһтың ызасы күшейді»***, – деп айтылады (**хабардың иснады мықты;** Мәлик «Муаттада» 1/172).

Бұл хадисте, қабірдің өзіне құлшылық жасайтындарды айтпағанның өзінде, адамдар оның қасында Аллаһқа құлшылылық етудің өзімен-ақ қабірді пұтқа айналдыру іске асатынына нұсқау бар.

3-бөлім. Не үшін Аллаһ пен Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабір орындарында Аллаһқа құлшылық етуге тыйым салды?

Құрметті оқырман Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы мәселедегі алғаш қарағанда таң қалдыратын қаталдығына және Аллаһ Тағаланың қорқытуларының дәрежесіне назар аударған болар. Ал неліктен адам Аллаһқа ғана құлшылық етуіне, Оның алдында дінде ықыласты болуына қарамастан, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны лағынеттеді, оны ең жаман адамдардың бірі деді, содан соң оны Қиямет күні Аллаһтың алдындағы ең жаман жаратылыс деп атады, Аллаһтың оған қатысты ашу-ызасы күшейді деді?

Бұл Аллаһ Тағаланың шариғаты тіпті алыс болашақта көпқұдайшылыққа апаратын кез-келген жолдарды барынша жабатындығынан.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: «*Ал жалпы айтар болсақ, кім құдайшылықтың не екенін, оның себептері қандай, қандай жолдар оған алып баратынын түсінсе, әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің бұйрықтарымен және тыйымдарымен нені меңзегенін түсінсе, сол осы қаталдықтың, лағынеттер мен тыйымдардың барлығы қабір орындары жай ғана лас орындар*[57] *болғандығынан айтылмағанын, бірақ осының себебі көпқұдайшылықтың лас екендігін бірмағыналы түрде айтады… Мұның барлығы бірқұдайшылықтың шеңберіне көпқұдайшылық еніп, оны жаулап алмауы үшін, оның шекараларын қорғау мақсатында (айтылған)*». Қз.: «Иғасат ул-Ләхафан» 1/296-297.

Шейх Суләйман ибн ʻАбдилләһ былай деген: «*Сондай-ақ осы қаталдықты көпқұдайшылықтан қорқумен түсіндіріп бергендердің қатарында: имам әш-Шәфиʼи, Абу Бакр әл-Асрам, Абу Мухаммад әл-Мәқдиси, шейхул-Ислам Ибн Таймия т.б., әрі бұл – күмәнсіз, ақиқат*». Қз.: «Тайсир ул-ʻАзиз ил-Хамид» 329-бет.

Әрі осы бөлімнің соңында оқырманның назарын тағы да бір маңызды жайтқа бұрғымыз келеді. Бұл қорқытулар мен тыйымдар бірқұдайшыл болып табылатын және «қабірлердің алдында ғибадат жасау Аллаһқа сүйіктірек», немесе «осы қабірлер құт-берекелі», немесе «осы қайтыс болған адамдар естиді» деген қандай да бұрыс сенімдері жоқ адамға қатысты. Бұл қабірлерді ұлықтауды, немесе осы «әулие» оның Аллаһ алдындағы дәнекері болып табылатындығы туралы сенімдер сияқты көпқұдайшылықтың айқын көрініс табуларын айтпағанның өзінде.

Мұның барлығы жай қабірлердің алдында Аллаһқа құлшылық етіп қана қоймай, адамдарды осы орындарды зиярат етуге шақыратындарды, осы сапарларларды ұйымдастыратындарды, осы орындарды сақтап қалу үшін қам жейтіндерді, адамдарға осы кесірлі амалдың мән-мағынасын түсіндіруге талпыныс жасап жатқандарға қысым көрсететіндерді айтпағанның өзінде. Ендеше, осыны бүкіл өмірінің мәні деп санап, көпқұдайшылықты орнату жолында уақытын, күш-қуатын, қаржы мен құралдарын сарп етіп жүрген адамдарды қандай азаптар күтуде екен?!

---

[57] Имам Ибн әл-Қайимнің бұл туралы айтуының себебі кейбір ғалымдардың «қабірлер таза орындар болмағандықтан оларда Аллаһқа құлшылық жасауға болмайды» деген пікір білдіргендіктерінен.

4-бөлім. «Қабір орындарын ғибадат орындарына айналдыру» деген не?

Қабір орындарын ғибадат орындарына (масажидке) айналдыру өзіне үш мағынаны қамтыған:

1. Осы жерлерде Аллаһқа иілу (сәжде немесе намаз орындау);
2. Осы жерлерде құлшылық-ғибадаттың басқа түрлерін жасау (Аллаһты зікір ету, Құран оқу, құрбан шалу т.с.с.);
3. Осы жерлерде ғибадат үйлері болып табылатын мешіттер тұрғызу;

Осы үш мағынаның барлығы қандай да бір ғибадаттарды қабірдің үстінде тұрып немесе отырып, немесе қабірге қарай бұрылып, немесе қабірдің жанында орындайтындарға қатысты.

Бұл жіктеуге дәлел осы тараудың келесі бөлімдерінде шашыраңқы түрде келеді.

5-бөлім. Қабірдің үстіне қандай да бір нәрсе – мейлі мешіт, мейлі басқа құрылыс болсын – құруға тыйым салынғандығы туралы.

1. Қабірді биіктеу деңгейі.

Шәфи'и мәзһабынан басқа, барлық үш мәзһабтың ғалымдары қабірдің үстіне өзінен шыққан топырақтан басқа топырақты үю құпталмайтындығы туралы айтқан.

Ал ханафи мәзһабының ғалымдарына келер болсақ, олар мұның жай құпталмайтындығы ғана емес, сонымен қоса тыйым салынғандығы (харам екендігі) жөнінде айтқан. Қз.: «Радд ул-Мухтар» 2/236.

Әрі ханафи ғалымдарының бұл мәселедегі пікірі ең дұрыс пікір болып табылады. Басқаша айтқанда, қабір қазылып, оған мәйіт қойылған соң, қабірге тек сол қабірді қазу кезінде шыққан топырақ қана тасталады да, оған бөлек топырақ қосылмайды. Осы орайда қабірдің жер бетінен көтерілетін биіктігі шамамен 20-25 см (шибр[58]) болады. Жерден биіктеу төбешік қабірдің ішіндегі мәйіт қойылатын текшеден (ләхәд) шыққан топырақты қабірдің үстіне үюден пайда болады[59].

Ал қабірді бір қарыстан жоғарырақ етіп биіктетуге тыйым салынғандығына дәлелдерге келсек, олар келесідей:

1. Жәбир ибн 'Абдилләһ былай деп баяндайтын: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабір үстіне құрылыс тұрғызуға, сондай-ақ одан шыққан топыраққа басқа топырақты*

---

[58] Яғни бір қарыс.

[59] Бұл – Бухутидің «Кашф әл-Кана'тағы» (2/140) сөздері.

қосуға, сондай-ақ қабірді гипспен қаптауға тыйым салды» (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 970; Нәсаи 2154; Абу Дауд 3226; Бәйһақи 6735).

2. Сумама ибн Шуффай' былай деп баяндаған: *"Бірде, біз Фудайл ибн 'Убайдпен бірге Родостағы румдықтардың жерінде болдық. Біз сол жерде болған кезімізде сахабаларымыздың біреуі қайтыс болды. Сонда Фудайл ибн 'Убайд қабірді жермен бірдей етіп тегістеуді бұйырды да: «Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлерді жермен бірдей тегістеуді бұйыратынын естідім»,* – деді" (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 968; Абу Дауд 3219; Нәсаи 2029; Ахмад 1/18).

3. Абу әл-Хайяж әл-Асади 'Али ибн Аби Талиб оған былай деп айтқанын баяндаған: *«Сені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған берген тапсырма сияқты тапсырманы орындауға жіберейін бе? Ол мені бірде-бір бейне қалдырмай оларды өшіріп тастау үшін және бірде-бір биік қабір қалдырмай оларды тегістеп тастау үшін жіберген болатын»* (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 969; Абу Дауд 3218; Тирмизи 1049; Нәсаи 2030; Ахмад 1/96, 124).[60]

---

[60] Бұл хадисте «кез-келген адам өз қалауы мен тұжырымы бойынша кез-келген қабірлерді бұза беруіне болады» дегенге дәлел жоқ. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Сендерден кім (шариғатта) айыпты деп саналатын нәрсені көрсе, оны қолымен өзгертсін, егер оның бұған шамасы келмесе, (айыпты істі) тілімен (өзгертсін), ал ол (мұны да) істей алмаса, онда – жүрегімен, және бұл – иманның ең әлсіз (көрінісі) болады» (***Муслим «Сахих», № 49), – деген хадисіне қайтарылады. Шейх Салих бин Фаузан әл-Фаузан осы хадиске түсіндірме жасап, былай деді: *«Осыған сәйкес, мұсылмандар үш топқа бөлінеді:*

Білімге және билікке ие адам айыпталатын істі өз қолымен тоқтата алады. Мұндай адамдардың қатарына адамдарды жақсылыққа шақырып жамандықтан қайтаратын мұсылман мемлекетінің билігі тағайындаған әмірлер және мемлекеттік қызметкерлер жатады. Мұндай адамдар дана және шариғат заңдастырған әдістермен айыпты істерді өзгерте алады;

Білімге ие, бірақ билікке ие емес адам. Ол айыпталатын істі сөзбен, яғни адамдарға шариғаттың харам мен хәлалға, құпталатын мен айыпталатынға қатысты үкімдерін түсіндіру, оларға дұрыс жолды көрсету, оларға насихат айту, уағыздау арқылы өзгерте алады;

Білімге де, билікке де ие емес, бірақ мұсылман болып табылатын адам айыпты болып саналатын істі жүрегімен айыптап, осындай істерді істеп жатқан адамдардан, олар оған өз ықпалын тигізбеуі үшін, өзін аулақ ұстауы керек». Қз.: "Мұсылман діндар ғалымдарының қазіргі заманның үндеулеріне берген жауаптары", құрастырған шейх Мухаммад бин Хусайн бин Саад әл-Суфран әл-Кахтани, редакциясын басқарған Сауд Арабиясы Корольдігі ең ірі ғалымдары Комитетінің мүшесі, шейх Салих бин Фаузан әл-Фаузан, Кувейт, 2008 ж. =

Имам әш-Шаукани былай деген: *«Бұл хадисте қабірді өте биік көтеру Сүннет еместігіне нұсқау бар. Осы орайда қабірде кім жерленгені: құрметті адам ба, құрметтілер қатарынан болмаған адам ба – мұның айырмашылығы жоқ. Бұл хадистің айқын мәтіні сондай-ақ қабірдің деңгейін рұқсат етілген деңгейден биік көтеру тыйым салынғандығына да нұсқайды».* Қз.: «Нәйл ул-Әутар» 4/131.

Ал кейбір бірбеткей қабірге табынушыларға келер болсақ, олар: «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ‘Алиді осы тапсырмамен кәпірлердің елдеріне, ол мұсылмандардың емес, кәпірлердің қабірлерін тегістеп тастау үшін жіберді», – деп пайымдайды. Бұл пайым өтірік және негізсіз. Осы хадистің имам Ахмад жеткізетін басқа бір риуаяты Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны Мәдинаның төңірегіне жібергеніне нұсқайды.

4. Му’ауия былай деген: «*Қабірлерді тегістеу – Сүннет. Ал оларды биіктетуге келер болсақ, мұны яһудилер мен христиандар істейді, ендеше, оларға ұқсамаңдар!*» (хафиз әл-Хайсами: «Оның жеткізушілері – сахих жинақтың жеткізушілері», **–** деп айтқан. Қз.: «Мәжма’ уз-Зауаид» 3/60); әт-Табарани «әл-Кәбирде» 19/352 (823).

5. Сондай-ақ ‘Усман ибн ‘Аффаннан *«ол қабірлерді жерден бір қарыс биіктікке дейін тегістеуді бұйырды»* деген жеткізіледі. Ибн Аби Шәйба 3/222; Ибн Хазм «әл-Мухалләда» 5/133.

Ал оған бір қабір көрсетіліп, ол оның қызы – Умм ‘Амрдың қабірі деп айтылғанда, ол қабірді жермен бірдей етіп тегістеуді бұйырды. Ибн Аби Шәйба 4/138.

6. ‘Амр ибн Шарахбил былай дейтін: «*Менің қабірімді биіктетпеңдер, ақиқатында, мен мухажирлердің мұны сөгетінін көргенмін*» (**сахих хабар,** оны шейх әл-Әлбани «Тахзир ус-Сажидте» растаған, 131-бет; Ибн Са’д «Табакатта» 6/108).

Жоғарыда келтірілген хадистердің және хабарлардың барлығынан егер Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), не оның сахабалары биік қабір көрсе, немесе ондай қабір

= Бұл хадисте осындай амал әмірдің (билеушінің) құзыры екендігіне нұсқау бар. Және бірінші хадисте мұндай амал соның бұйрығымен орындалатындығына дәлел бар, бұған Алидің «*... Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған берген тапсырманы*» деген сөздері нұсқайтынындай. Ал біздің кезіміздегі кейбір білімсіз мұсылмандар пайда мен зиян мәселесін түгілі, қабірлерді тегістеуге қатысты хадистерді толық зерттеп білместен, өзге адамдардың қабірлерін осы немесе өзге хадистерді өздігінше түсініп, өз тұжырымдарына сүйеніп, қиратып жатқан фактілерге келер болсақ, бұл – шариғатқа сыйымсыз амал, өйткені Исламда анархияға орын жоқ. Ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі.

бар екенін білсе, оны жерден бір қарыс биіктікке дейін тегістейтіні түсінікті болады. Ал егер осы қабірлер алыста орналасқан болса, онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды жермен бірдей тегістеу үшін өзінің кейбір сахабаларын жіберетін.

Ендеше, Түркістанға, Бекет Атаға т.с.с. жерлерге сапар ұйымдастырушыларға Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығына бағынуға, бұдан қалса осыда өз мәзһабына ілесуге не кедергі жасайды? Және оларды осы қабір орындарын қорғаштауға және дұрыс емес кейіпте қалдыруға не мәжбүр етеді?! Олар осынысында қабірлердің басына құрылыс салудың негізін салушылар болып табылатын рафидилердің жолымен кетті. Дәл солар адамдарды қабір орындарына, қабір-кесенелерге қуып алып келіп, Аллаһтың үйлері болған мешіттерді босатып, мұсылмандардың арасына осы жаман салтты енгізді. Дәл солар һижраның 549 жылы Каирда Хусайнның кесенесін құрды. Рафидилерге осы жаман салтта түрлі сопы тариқаттарының өкілдері ілесті де, осыны мұсылмандар арасында қатты таратты.

Ал қабірлерді артық биіктетуге тыйым салудың себебіне келер болсақ, қабірлерді биіктету оларды қадірлеп-қастерлеуге, ал бұл өз кезегінде көпқұдайшылыққа алып келеді. Дәл сондықтан да Аллаһ Тағала көпқұдайшылықтың есігін жауып және бірқұдайшылықтың негіздерін бекем етіп, осы тыйымды орнатты.

2. Қабірлердің үстілеріне қандай да бір құрылыстарды салу.

1. Жәбир ибн ʻАбдуллаһ былай деп баяндайтын: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірдің үстіне құрылыс құруға тыйым салған…*» (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 970; Нәсаи 2154; Абу Дауд 3226; Бәйһақи 6735).

Бұл хадис кез-келген қабірлердің үстіне кез-келген құрылыстарды салуға тыйым салынғандығына нұсқайтын айқын дәлел болып табылады. Бұл хадистің тыйымы қабірдің шетіне құрылыс салатындарға, сондай-ақ қабірдің айналасына, мысалы, бұл күмбездер, мешіттер, мазарлар мен кесенелер тұрғызу барысында қабір не солардың ішінде, не қасында қалатындай қандай да бір құрылыс тұрғызатындарға қатысты. Имам әш-Шаукани «Шарх ус-Судур фи тахрим рафʼил-қубур» 29-бет.

2. Абу Хурайрадан ол өзінің қабірінің үстіне қандай да бір нәрсе құруға тыйым салған өсиет қалдырғаны жеткізіледі (**хабардың иснады сенімді (сахих);** ʻАбдурраззақ 3/418; 6129; Ибн Аби Шәйба 4/135; Ибн Саʼд 4/338).

3. Имам әл-Бухари өзінің «Сахихында» Ибн ʻУмар Абу Бакр әс-Сыддықтың ұлы ʻАбдур-Рахманның қабірінің үстіндегі

шатырды[61] көріп: «*Оны алып тастаңдар, ақиқатында оған оның амалдары ғана көлеңке болуда*», – деп айтқан «му'алләк»[62] түріндегі хабарды жеткізеді.

4. Мухаммад ибн Ка'бтан оның былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Осы қабірлердегі құрылыстар – бидғат»*. Ибн Аби Шәйба 3/218.

Осы хадистер мен хабарлардың барлығынан Исламда қабірге қандай да бір нәрсе: мейлі ол қоршау немесе шатыр, ескерткіш, мәрмәр тастан жасалған тақталар болсын – қоюға тыйым салынғаны түсінікті болады. Тура сол сияқты, қабірдің үстіне кез-келген: мейлі олар үлкен, мейлі кіші болсын – ғимараттар салуға да тыйым салынады, әрі бұл тыйым қабірде (хан, әмір т.с.с.) құрметті, не қарапайым адамдар жерленгенін жіктеместен, барлығына бірдей күшке ие.

3. Қабірлерде құрылған кез-келген құрылыстар бұзылуы қажет екендігіне ислам ғалымдарының бірауызды келіскен пікірі.

Жоғарыда біз қабірлердің үстіне қандай да болсын құрылыстар құруға тыйым салынғандығы туралы айтқан болатынбыз.

Ал осы жерде Ислам ғалымдарының арасында қабірлердің үстілеріндегі кез-келген құрылыстар – мейлі олар ежелгі, мейлі заманауи болсын – міндетті және шұғыл түрде түрде бұзылуға тиісті екендігіне келіспеушілік жоқ екендігін айтып кету қажет.

Осы жерде біз қабірлердің үстілеріндегі кез-келген құрылыстарды – мейлі олар кесенелер, күмбездер, мазарлар т.с.с. болсын – дереу бұзу қажет екендігі туралы айқын және бір мағыналы түрде айтқан ханафи мәзһабы имамдарының сөздерін келтіреміз.

Бұл сөздерді біз Түркістанда, Бекет Атада т.с.с. жерлерде жиындар ұйымдастырушылар олар өздерін соған телитін, алайда олардың кесірлі амалдарына еш қатысы жоқ ханафи мәзһабы оларды осы қабір орындарында салынған кез-келген ежелгі және заманауи – мейлі олар мешіттер немесе кесенелер болсын – құрылыстарды бұзуға міндеттейтінін білуі үшін келтіреміз. Осының барлығы адамдардың сау, дұрыс идеологиясын сақтап қалу үшін, аймақтағы мұсылман халықтарының әрі қарай салауатты дамуы үшін қажет.

Ал егер біреу-міреу Аллаһ Тағаланың мешіттерді бұзуға бұйыруына таң қалса, онда бұл мешіттер Аллаһ Тағала оларды құруға тыйым салған жерлерде салынды ғой. Олар Аллаһқа

---

[61] Бұл қабірді күн күйдірмеуі үшін, мәйітке көрсетілген құрмет себебімен істелген болатын.

[62] Яғни хабардың барлық жеткізушілер тізбегін түгел атамай.

және Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойынсұнбаушылықтың негізінде құрылды.

Имам әл-Баркауи біз осыдан бұрынғы бөлімде келтірген хадистерді келтірген соң былай деген: «*Бұл қасиетті мәтіндерде қабірлердің үстілерінде құрылған барлық нәрселерді – тіпті олар мешіттер болса да – бұзу қажеттілігіне дәлел бар. Өйткені Исламның олар жөніндегі үкімі – олардың толық бұзылуы. Қабірдің үстіне құрылған бірде-бір мешітті қалдыруға болмайды, тек оларды толығымен жермен бірдей етіп тегістеуден басқа, өйткені бұл мешіттер Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойынсұнбаушылықтың негізінде салынған. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабір орындарындағы кез-келген құрылыстарға тыйым салды және олардың үстіне мешіт салатындарды лағынеттеді. Ол сондай-ақ биіктетілген қабірлерді жермен бірдей тегістеуді бұйырды. Осыдан шыға келе, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құруға тыйым салған барлық нәрселерді алып тастауға асығу міндетті болып табылады. Ақиқатында, осы құрылыстарды қабір орындарында құрғандар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) лағынетімен лағынеттелген. Ал Аллаһ Тағала Оның діні мен Оның Елшісінің Сүннетіне көмек және қорғау көрсететіндерді міндетті түрде нығайтады*». Қз.: «Зиярат ул-Қубур» 49-51 беттер («Дар ул-Ифта» баспасы).

Мұндай сөздерді сондай-ақ ханафи мәзһабының басқа да имамдары да айтқан, олардың қатарында: Ахмад ибн Мухаммад әр-Руми (Қз.: «әл-Мәжәлис ул-Абрар» 128-129 беттер), Мухаммад әл-Музаффари (Қз.: «Мисбах ул-муминин» 16-18беттер), Субхан Бахш әл-Хинди (Қз.: «Хазинат ул-Асрар» 128-бет.), Ибраһим әс-Сурати (Қз.: «Нәфаис ул-Азхар» 159-160 беттер.), Шах Уалиуллаһ әд-Дахләуи (Қз.: «әл-Баләғ ул-Мубин» 16-19 беттер).

Сондай-ақ ханафи мәзһабының ұлы имамдарының бірі болған имам Ибн Әбил-'Изз әл-Ханафи де қабірлердің үстіне мешіттер, кесенелер, мазарлар, күмбездер соғуға тыйым салынғандығы және қабірлердің үстіндегі осындай нәрселердің барлығын дереу бұзу қажет екендігі туралы айтқан болатын. Қз.: "Шарх «'Ақида әт-Тахауия"», 21-22 беттер («Дар ул-Баян» баспасы).

Сондай-ақ бұл туралы Бағдад ханафилерінің имамы – имам Махмуд әл-Алюси де (1270 һ/ж) айтқан. Қз.: «Рух ул-Мә'ани» 15/237-239.

Сондай-ақ осындай сөздер имам әл-Хужандиде (Қз.: «әл-Мушахадат» 27-бет) және имам әр-Рибатиде (Қз.: «'Ақд ул-алә» 104-105 беттер) бар.

Қабір орындарындағы кез-келген құрылыстарды бұзу және алып тастау қажеттілігі туралы ғалымдардың бірауызды пікірін

(ижма′) сондай-ақ шәфи′и мәзһабының имамдарының бірі – имам ән-Нәуауи де келтірген. Қз.: «әл-Мәжму′» 5/266.

Ал имам әш-Шәфи′идің өзі былай деген: *«Мен Меккенің әмірлері (билеушілері) қабірлердің үстілеріндегі құрылыстарды бұзғанын көргенмін, әрі, сонымен бірге, мен осы әмірлердің іс-әрекетін сөккен бірде-бір ғалымды көрмедім»* Қз.: «әл-Умм» 1/464.

Сөзге орай, имам әш-Шәфи′идің қабірінің үстіне де кезінде күмбез орнатылған болатын, бірақ кейін ғалымдар оны бұзу туралы пәтуалар шығарды.

Ал егер құрметті оқырман осындай қабірлердің соншалықты көп болуына – тіпті имамдардың қабірлері де олардың үстіне күмбез-кесенелер тұрғызылуынан құтыла алмағанына таң қалса, онда бұл құрылыстарды Ислам ғалымдарымен күресуде еш нәрседен жиіркенбейтін сопылар мен рафидилер тұрғызған ғой. Сопылар әркезде өздерінің қулығымен және зұлымдығымен танымал болған. Олар билеушілер алдында құрметке ие болып, білгендерін істеу үшін олардың алдындағы кез-келген кемсіну мен жағымпаздыққа барады. Олар – өздерінің сұм болмысын адамдардан жасыру үшін әркез жүздеріне қолайлы бетперде жабуға дайын арамза, сұм және өтірікші адамдар. Олар адамдардың алдында үнемі өздерін ізгі, қамқоршы, жұмсақ адамдар етіп көрсетеді де, содан соң адамдар олардың сөздері мен сырт бейнесіне алданып, ата-бабаны құрметтеу идеясымен рухтанып, топ-топ болып Түркістан, Бекет Ата сияқты жерлерге барады. Аллаһ оларды опат етсін, олар нендей жаман бет бұрғандар!!!

Егер оқырман осыған күмән келтірсе, онда Мәруан ибн Мухаммад әт-Татаридің келесі сөздеріне үңілсін: *«Үш адамға дінде сенуге болмайды: сопыға, бидғатшыларға қарсы теріске шығару жасатын бидғатшыға, сондай-ақ қиссашыға»*. Қады ‘Ияд «Тартиб ул-Мәдарикте», Мәруан ибн Мухаммад әт-Татаридің өмірбаяны.

Шейхул-Ислам былай деген: *«Пайғамбарлардың, билеушілердің, салиқалы адамдардың немесе кез-келген басқа біреулердің қабірлерінде соғылған мешіттер міндетті түрде бұзылуға немесе басқа жолмен болса да алып тасталуға тиісті. Бұл – мен осыған қатысты танымал ғалымдардың арасында ешқандай келіспеушіліктер білмейтін нәрсе»*. Қз.: «Иқтида» 159-бет.

Тіпті қабірлерге табынушы сопылардың кейбіреулері де қабірлердің үстілеріне құрылған құрылыстарды бұзу қажеттігі туралы айтқанын білу керек. Сопылардың дьюбандия тариқатының жетекшілерінің бірі Шәбир Ахмад әл-‘Усмани (1369) бұл мәселені қарау барысында келтірілген хадистер қабірлердің үстілеріне құрылған барлық құрылыстар бұзылуы қажет екендігіне нұсқайтынын мойындаған. Қз.: «Фатх ул-Мулхим» 2/506.

Имам Ибн әл-Қайим: *«Осыдан шыға келе, қабір үстіне құрылған мешіт бұзылуға тиіс, ал егер мешіт бұрын құрылған болып, мәйіт (оның ішіне) кейіннен жерленген болса, онда мешіт бұзылмайды, бірақ ондағы қабір қазылып, мешіттен алып тасталады. Бұл туралы имам Ахмад т.б. айтқан. Сондықтан Исламда мешіт пен қабір бірікпейді, бірақ олардың екеуінен қайсысы кейін пайда болған болса, сол алынып тасталуға тиіс»*. Қз.:«Зад ул-Ма'ад» 3/507.

Алайда осы жерде бір маңызды жайтқа назар бұру қажет. Қабір орындарындағы осы құрылыстарды бұзу қатардағы мұсылмандардың міндеті болып табылмайды, бірақ тек осы аймақтың билеушісінің бұйрығы бойынша орындалады. Бұл ешқандай бүліктер мен толқулар орын алмауы үшін, өйткені Ислам кез-келген бүліктер мен толқуларға және анархияға қарсы.

Сондықтан да имам Ибн әл-Қайим былай деген: *«Адамдар оларға Аллаһпен қатар табынып, пұтқа айналдырған қабір орындарындағы салынған кесенелерді бұзу әмірлерге міндетті болып табылады»*. Қз.: осыдан алдынғы дереккөз.

4. Қарсылас тараптың кейбір күмәндары және оларға жауап

Құрметті оқырман, әшекейленіп-сәнделмеген адасушылық жоқ екенін біліңіз. Егер бидғатшыларда олар дәлел ретінде көрсететін еш нәрсе болмағанда, оларға ешкім ешқашан ілеспес еді. Алайда Аллаһ Тағала былай деді: **«Сондай-ақ ақиқатты бос нәрселер арқылы құлатуға тырысты. Сондықтан оларды қолға алдым. Жазаландыруым қалай екен?»** («Ғафир» сүресі, 40:5).

1. Өздерінің жалған идеологияларын тарату үшін сопылар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін көрсетіп, оның мешіт ішінде орналасқанын айтады. Олар: «Егер қабірді мешітке кіргізу немесе қабір үстінде мешіт соғу тыйым салынған (харам) болғанда, онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің үстіне мешіт соғылмас еді», – дейді.

Жауап:

'Аишаның *«Әрі осы (*яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлердің үстілеріне мешіт салатындарды лағынеттеуі*) болмағанда, онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін ашық жерде қалдырар еді, бірақ* (сахабалар) *оны* (адамдар) *ғибадат орнына айналдыруынан қорықты»* деген сөздерінен сахабалар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мешітте жерлемегені және оның қабірінің үстіне мешіт құрмағаны түсініледі. Бұдан қалса, 'Умар ибн әл-Хаттаб пен 'Усман ибн 'Аффан өздерінің билік құру кездерінде мешітті

екі рет кеңейтті, әрі олардың ешқайсысы мешітті Пайғамбар жерленген бөлмеге қарай кеңейтпеді. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірі сахабалар Мәдинада тұратын кезде, сол бойы мешіттен тыс қалатын. Ал Мәдина үстінен билік Уалид ибн ʻАбдулмәликке өткен кезде, ол Пайғамбар Мешітінің кезектегі кеңейтуін іске асырды. Ол оны толығымен бұзып, кейін оны Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне қарай кеңейтті де, ол мешіттің ішінде қалып қалды. Бұл һижраның 88 жылы, Мәдинада сахабалардан ешкім қалмаған кезде орын алды.

Осыда сондай-ақ: «Пайғамбардың қабірін мешітке ʻУсман ибн ʻАффан кіргізді», – дейтіндердің қателіктеріне түсіндірме бар. Мұны ғалымдар мен тарихшылардан ешкім айтпаған, бұдан қалса, олар «қабірді мешітке Уалид ибн ʻАбдулмәлик кіргізді» дегенге келіскен. Қз.: «Тахзир ус-Сажид» 81-бет.

Осы жерде Уалид ибн ʻАбдулмәлик Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мешітін кеңейту барысында оны өте қатты сәндеп жібергенін айта кету қажет. Ол мұны Мысыр мен Шамда христиандардың шіркеулерін көргеннен соң істеді, әрі христиандардың әдет-ғұрыптарына қатты еліктейтіндерден еді. Сондықтан да ол Мәдинаға келген соң және оның бұйрығы бойынша мешіттің кеңейтіліп, сәнделгенін көрген кезде, оны айналып, көріп шықты да, содан соң Абанға (ʻУсман ибн ʻАффанның ұлына) қарап: «*Сендерге біздің құрылыстарымызға жету қайда?!*», – деді. Сонда Абан оған: «*Біз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мешітін кеңейтетінбіз*[63] *әрі оны мешітке жарасатындай етіп құрдық, ал сендер оны шіркеуге жарасатындай етіп құрдыңдар*», – деді. Қз.: «әс-Сияр» 4/347; «әл-Мушахадат» 36-бет.

Осыдан шыға келе, бұл ғалымдардың сөгіс білдіруіне қарамастан қабірді мешітке кіргізген бір билеушінің іс-әрекеті болғаны түсінікті болды. Билеушілер жиі жағдайда ғалымдардың сөгіс білдірулеріне қарамастан шариғатқа қайшы келетін амалдар істейтінін атап кету қажет.

Имам Ибн Ражәб былай деген: «*Бұған сондай-ақ Құран да нұсқайды. Аллаһ Тағала дінін сақтап қалу үшін қоныс аударған және үңгірге жасырынған жасөспірімдер туралы баяндап, былай деген:* **«Ал бұлардың іс басындағылары: "Әрине, олардың үстіне мешіт жасап алайық", – деді»** [64]. *Осы арқылы Аллаһ Тағала әдетте қабірлердің үстілеріне мешіттерді әдетте билікке ие болғандар*

---

[63] Яғни оның әкесі ʻУсманның кезінде

[64] Яғни адамдар олармен не істеу туралы келіспеушілікке түскен соң. Ал билік иелері олардың басына ғибадатхана салуды шешті.

тұрғызатынын түсіндірді, ал бұл олардың осыны өз әуестеріне еріп, күш және қысым көрсету арқылы істейтініне нұсқайды. Бұл Аллаһ Тағалаға тура жол ретінде елшілерге түсірген нәрселерге көмектесуші білім мен құрмет иелерінің амалдарынан емес». Қз.: «Фатх ул-Бәри Шарх "Сахих"әл-Бухари» 65/280, «Кауакиб әд-Дурариден», бұл туралы шейх әл-Әлбани «Тахзир әс-Сажидте» (66-бет) айтқанындай.

Сөйтіп, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін оның мешітіне кіргізу қабірлердің үстілеріне мешіт соғып жүргендерге ешқандай дәлел бола алмайды, өйткені бұл күш пен билік арқылы жасалған еді, ал ғалымдарға келер болсақ, олар мұны сөгетін және қате екендігін түсіндіретін.

2. Қабірлерге табынушылар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің үстіне де күмбез тұрғызылғандығына сілтеме жасап, қабірлердің үстілеріне күмбез соғудың рұқсат етілгендігін айтады.

Жауап:

Бұл күмәнға да біз олардың бірінші күмәнына берген жауап арқылы жауап беруіміз қажет. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің үстіне күмбезді Мәнсур Кләун әс-Салихи деген билеуші 678 һ/ж соққан болатын. Ғалымдардан ешкім оның құрылысына қатысты емес. Ал ол мұны тек яһудилер мен христиандарға еліктеп қана жасады.

3. Сопы тариқаттарының кейбір өкілдері қабір орындарында құрылыстар тұрғызуға деген тыйым адамдар қабірлерді қадірлеп-құрметтеуге қайта оралып, сол арқылы көпқұдайшылыққа қайта оралу қауіпі болғандығы себепті ғана орнатылғандығын айтады. Олардың айтуынша, бүгінгі күні мұндай қауіп жоқ, өйткені мұсылмандардың жүректерінде көпқұдайшылық бекем түрде нығайды және олар көпқұдайшылыққа орала алмайды. Сондықтан да, олардың айтуынша, қабірлердің үстілеріне құрылыстар құрудың ешқандай оқасы жоқ.

Жауап:

«Көпқұдайшылық енді жер бетіне қайта оралмайды» деген мәлімдеме айқын және терең адасушылық болып табылады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болу кезінде соңғы демінің алдында қабірлердің үстілеріне құрылыстар құрудан сақтандырған болса, онда бұл тыйымның күші қай кезде жойылып үлгерді?! Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабалары үшін қорықпады, өйткені бірқұдайшылық олардың жүректерінде шынында да бекем болатын, алайда ол олардан кейін келетін мұсылмандар үшін қорықты. Сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен

сәлемі болсын): ***«Менің үмметімнің бір бөлігі көпқұдайшылдарға қосылып кетпейінше және үмметімнің бір бөлігі пұттарға табына бастамайынша Қиямет Күні басталмайды»***, – деп айтқан (**хадис сенімді (сахих), Муслимнің шарттарына сәйкес келеді;** Абу Дауд 2/202; Тирмизи 3/227; әл-Хаким 4/448 және басқалар).

Дәл сондықтан да сахабалар тіпті Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуынан кейін де қабірлердің басында көрген кез-келген құрылыстарды бұзатын.

Егер Аллаһ Тағала бірқұдайшылдардың имамы болған Ибраһим пайғамбар туралы: **«Сол уақытта Ибраһим: "Раббым! Осы қаланы (Меккені) бейбіт қыл, әрі мені мен ұлдарымды пұттарға табынудан сақта! Раббым, ақиқатында, олар, адамдардың көбін адастырды...", – деді»** («Ибраһим» сүресі, 14:35-36), – деп айтқан болса, онда біз туралы не айтуға болмақ.

Әрі бүкіл араб және араб емес әлеміндегі миллиондаған адамдардың қабірлер мен кесенелердің бастарына барып жиналуы да көпқұдайшылықтың келуі екіталай емес екендігіне айқын дәлел болады.

4. Қабірлерге табынушылардың кейбіреулері: «Құрылыстарды тек қабірлердің дәл үстіне құруға ғана тыйым салынған, өйткені хадисте: «...***қабірлердің үстіне...***», – деп айтылады. Осыдан шыға келе, қабірлердің қасына құрылыстар соғуға тыйым салынбаған», – дейді.

Жауап:

«Үстіне» (ʻалә) деген көмекші сөз араб тілінде бірнеше мағынада келеді, олардың біреуі «қасында» деген мағына болып табылады.

Сондықтан да Әнас ибн Мәлик баяндаған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкке (миғражға) көтерілуі туралы хадисте: ***«Мен қайттым да, Мусаның қасынан*** (ʻалә***) өттім»***, – деп айтылады (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 3/1173; Муслим 1/150). Арабтардан ешкім бұл сөйлемді: «Мен қайттым да, Мусаның үстінен өттім», – деп түсінбейді.

Сондай-ақ Самура ибн Жундуб былай деп баяндаған: *«Мен босану кезінде қайтыс болған әйелге жаназа намазын орындап тұрған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артында ұйып намаз оқыдым. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның қасына* (ʻалә*), денесінің ортасына қарама-қарсы тұрды»* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1/447; Муслим 2/664; Абу Дауд 3/536).

Арабтардан ешкім бұл сөйлемді: «Оның денесінің дәл ортасына шығып, үстіне мініп тұрды», – деп түсінбейді.

Осыдан шыға келе, қабірлерге табынушылардың бұл күмәні де дәлел болуға жарамайды.

6-бөлім. Құлшылық-ғибадатта көпқұдайшылдарға ұқсап-еліктеуге тыйым салынғандығы туралы

Абу Умама Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)былай дегенін баяндаған: ***«Күн шығып жатқан кезде намаз оқымаңдар. Ақиқатында ол шайтанның екі мүйізінің ортасында шығады, әрі осы кезде оған әрбір кәпір иіледі. Күннің батып жатқан кезінде намаз оқымаңдар ...»*** (**хадис оны нығайтатын тізбектердің болуы себепті сенімді (сахих);** Ахмад 5/260).

Бұл хадисте егер бірқұдайшыл адам кейбір құлшылықтарды орындау барысында көпқұдайшылдарға сырттай ұқсау орын алатынын түсінсе, оларды кейде қалдыратынына нұсқау бар. Күнге табынушылар күннің шығып және батып жатқан кезінде оған құлшылық-ғибадат жасайтындықтары себепті де, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарға осы кезде намаз орындауға тыйым салды, өйткені бұл бөгде адамның: «Мұсылмандар да күнге табынушылар секілді күнге сиынады», – деп ойлап қалмауы үшін.

7-бөлім. Қабір орындарында орындауға тыйым салынған кейбір ғибадат түрлері.

1. Намаз.

а) Қабірдің жанында, оған қарамай намаз орындау.

Абу Са’ид әл-Худри Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Зираттар мен моншалардан басқа бүкіл жер ғибадат орны болып табылады»*** (**хадис сенімді (сахих);** Ахмад 3/83; Абу Дауд 492; Тирмизи 317; Ибн Мәжаһ 745 т.б. Шейх әл-Әлбани, Мұқбил т.б.бұл хадисті сахих (сенімді) деген. Қз.: «әл-Ируа» 1/320; «әс-Сахих әл-Муснад» № 380).

Әнас ибн Мәлик былай деп баяндайтын: *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлердің арасында намаз орындауға тыйым салды»* (**хадис сенімді (сахих),** оның барлық жеткізушілері сенімді; әл-Бәззар 441, 442 т.б.).

Ибн ‘Умар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Үйлеріңде де намаз орындаңдар, оларды зираттарға айналдырмаңдар»*** (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 432; Муслим 777; Ахмад 4511, 4653, 4065; Абу Дауд 1448; Ибн Мәжаһ 1377).

Ғалымдардың көпшілігі бұл хадистен «қабір орындары намаз орындайтын орын болып табылмайды» деген қорытынды

шығарды. Солардың арасында: имам әл-Бухари, ибн Хәжар, Бәғауи, Хаттаби т.б. Қз.: «әл-Әусат» 2/183; «Мәа'алим ус-Сунан» 1/127; «Шарх ус-Сунна» 2/146; «Фатх ул-Бәри» 1/529.

Бұл хадистердің барлығы қабір орындарында, қабірлер қандай орналасқандығына қарамастан, олардың кез-келген жерінде Аллаһқа намаз орындауға тыйым салынғандығы туралы айтады.

ә) Қабірге қарап намаз орындау.

Абу Мәрсад әл-Ғанауи Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: ***«Қабірлерге қарап намаз орындамаңдар және олардың үстіне отырмаңдар»*** (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 972; Абу Дауд 3229; Тирмизи 1050; Нәсаи 759; т.б.).

Бұл хадисте қабір жақа қарай намаз орындауға деген тыйым қамтылған.

Алайда осы жерде мыналарға назар бұру қажет: егер адам намазды қабірге қарап, бірақ Аллаһ үшін орындаса, онда бұл тыйым салынған (харам) болып табылады әрі осы адам күнә көтереді. Ал егер ол осынысымен бірге өзінің осы намазының сауабы қабірге қарамай оқылған намаздың сауабынан үлкенірек деген сенімде болса, онда бұл тыйым салынған (харам) болуымен бірге дінге енгізілген жаңалық (бидғат) та болып табылады. Ал егер оның қабірге қарап намаз орындауындағы ниеті осы қабірді немесе ондағы жерленген «әулиені» ұлықтау болса, онда бұл айқын көпқұдайшылық (ширк).

Ханафи мәзһабының атақты ғалымы 'Али әл-Қари былай деген: «*Ал егер қабірге қарап намаз орындаушының ниеті осы арқылы сол қабірге құрмет көрсету немесе оны немесе онда жерленген кісіні ұлықтау болса, онда ол кәпір болады*». «Әл-Мирқат әл-Мәфатих» 2/372.

Әнас ибн Мәлик былай деп баяндайтын: "*Бірде 'Умар ибн әл-Хаттаб менің қабір жанында намаз орындап жатқанымды көрді де, маған: «Қабір, қабір, оған қарап намаз орындама!», – деді*" (**сахих хабар;** Бухари ілінген (му'алләқ) түрінде 1/152; 'Абдурраззақ 1/404; Ибн әл-Мунзир «әл-Әусатта» 2/186).

б) Қабір бар мешітте орындалатын намаз.

Осы бөлімге қатысты мәселелерді қарап шығу барысында біз Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабір орындарында, ол қабірлер намаз орындаушының қай жағында болуына қарамастан, намаз орындауға тыйым салғанын түсініп алдық. Ал қарап жатқан осы тарауда біз Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ қабірдің үстіне мешіт салуға да тыйым салғанын да түсіндік. Осының барлығынан қабірдің басында салынған мешітте, немесе ішіне қабір кіргізілген

мешітте намаз орындауға тыйым салынғандығы келіп шығады. Ал шектен шыққан сопылар келтіруді жақсы көретін, Абу Хурайрадан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мен Меккеден Иерусалимге көтеріліп жеткізілген сол түні Жәбірейіл маған: «Мынау сенің атаң Ибраһимның қабірі; түс те, онда намаз орында», – деп айтты»,*** – деген хадиске келер болсақ, бұл хадис өтірік, өйткені оның иснадында Бакр ибн Зияд бар. Ол туралы Ибн Хиббан: *«Ол хадистерді мығым жеткізушілердің атынан ойдан шығаратын дажжәл еді. Оның өтірікшілігін әшкерелеп түсіндіруден өзге мақсатта кітаптарда оны атауға рұқсат етілмейді»,* – деп айтқан. Имам әз-Зәһаби: *«Ибн Хиббан шындықты айтты»,* – деген.

в) Қабір орындарында орындалған намаз жарамды болып табылады ма?

Бұл мәселедегі сенімді пікір қабір орындарында, немесе ішінде қабірі бар мешітте, немесе кесене мен мазарлардың қасында орындалған намаз жарамсыз, әрі оны басқа жерде қайта орындау қажет деген пікір болып табылады. Өйткені намаз – бұл ғибадат, ал егер ол тыйым салынған жерде орындалса, онда жарамсыз болады. Өйткені тыйым амалдың жарамсыз болуына және оны жасаған адам күнә көтеретіндігіне алып келеді. Қалайша адам Аллаһқа мойынсұнбаған күйінде Оған мойынсұнушы бола алады?! Қалайша ол Аллаһ тыйым салған нәрсені жасап жатып, Оның бұйырғанын орындаушы бола алады?! Қалайша ол Аллаһтан алыстататын амалды жасап жатып, Оған жақындай алады?! Қз.: «әл-Муғни» 2/477.

Бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына хадисі нұсқайды: ***«Кім біздің бұйрығымыз болмаған істі жасаса, ол қайтарылады»*** **(хадис сенімді (сахих);** Муслим (1718) ʻАишаның сөздерінен).

Бұл пікірді имам Ахмад[65], имам Ибн Ражәб («әл-Қауа'ид» 11-бет), Ибн Муфлих («әл-Фуру'» 1/372), Ибн Хазм, Ибн Таймия («әл-Ихтиярат» 44-бет), Ибн әл-Қайим, әш-Шаукани қолдаған. Қазіргі заманның ғалымдарынан бұл пікірді шейх Ибн Баз, Ибн әл-ʻУсаймин, Муқбил ибн Хади т.б. таңдаған.

Ал егер қабірлер қазып алынса, жойылса және енді бұл орын адамдар жерленген орын болмаса, онда мұндай жерде намаз орындау айыпталмайды әрі ол намаз жарамды болады. Бұған дәлел – Мәдинадағы Пайғамбардың мешіті көпқұдайшылдардың қабірлері қазып алынып, жойылып, ал жер тегістелгеннен кейін

---

[65] Имам Ибн Хазм былай деген: *"Ахмад ибн Хәнбәл: «Кім ziratта немесе ziratқа қарай намаз орындаса, сол қалай болған жағдайда да осы намазды (басқа жерде) қайта орындауы қажет»"* («әл-Мухаллә» 4/32).

солардың орнына салынғандығы (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 428; Муслим 524).

Егер мешіт қабір орындарында салынған болса, онда орындалған намаз жарамсыз болады, өйткені бұл мешіт қабірлердің үстіне тұрғызылды, ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұған сан рет тыйым салған болатын. Қз.: «әл-Муғни» 2/475. Ал егер зират бұрын салынып қойылған мешіттің айналасына немесе оның дәл алдына ұйымдастырылған болса, онда орындалған намаз да жарамсыз, өйткені бұл намаз қабірге қарай орындалады, ал бұл да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тарапынан тыйым салынған. Қз.: «әл-Фуру'» 1/375.

Ал егер адам өзінің намаз орындаған жерінің қабір орны болып табылатынын білмеген болса, онда ол күнә көтермейді, алайда таза емес жерде намаз орындаған адам сол жерде лас нәрселер бар екенін білмеген болса да намазын қайта орындауы қажет болғанындай, ол да намазын қайта орындауы керек. Қз.: «әл-Муғни» 2/469.

2. Құрбан шалу.

а) Қабір орындарында құрбан шалу.

Қабір орындарында мал бауыздау қаты сөгіс етілетін амал екендігіне Ислам ғалымдарының арасында ешқандай келіспеушіліктер жоқ. Ал ханафи мәзһабының (Қз.: «Табйин ул-Хақаиқ» 2/246.), мәлики мәзһабының (Қз.: «әл-Мәдхәл» 3/267.), шәфи'и мәзһабының (Қз.: «әл-Мәжму'» 5/290.) және хәнбәли мәзһабының (Қз.: «әл-Фуру'» 2/269.) ғалымдарына келер болсақ, олардың барлығы қабір орындарында құрбан шалуды тыйым салынған (харам) амал және ең жексұрын бидғаттардың бірі деп санайды.

Әнас ибн Мәлик Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Исламда қабірлердің алдында құрбан шалу жоқ»*** (**хадис сенімді (сахих), Бухари мен Муслимнің шарттарына сәйкес келеді;** Абу Дауд 3222; Ахмад 3/197; әл-Бәйһақи 7069 т.б.).

'Абдурраззақ ибн Химмам былай деген: «*Көпқұдайшылдар жәһилиет кезінде қабірдің жанында құрбандыққа сиыр немесе қой шалатын*».

Шейхул-Ислам былай деп айтқан: «*Қабірлердің алдында құрбан шалуға келер болсақ, бұған мүлде тыйым салынған. Имам Ахмад қабірде бауыздалған малдың етін жеуге тыйым салатын*». Қз.: «Иқтида» 182-бет.

Имам ән-Науауи былай деген: «*Қабірдің алдында құрбан шалу Әнас ибн Мәликтің хадисіне сүйенген түрде айыпталады*». Қз.: «әл-Мәжму'» 5/320.

Осы жерде келесі жайттарға назар бұру қажет: егер адам құрбанды тек Аллаһқа ғана және Оның атымен шалса, бірақ қабір орындарында шалса, онда бұл тыйым салынған (харам) және дінге енгізілген жаңалық (бидғат) болып табылады. Ал егер адам осы орайда: «Қабірдің алдында құрбан шалу басқа жерлерде құрбан шалуға қарағанда сауаптырақ, – немесе, – жақсырақ», – деп сенсе, онда бұл адасушылық пен бидғат біріншісіне қарағанда үлкенірек болады. Ал егер адам (біле тұра) құрбанды қабірде жатқан адамға арнап, мысалы, сол «әулие» оның тілегін орындауы немесе ауыруға шипа беруі, немесе жоғалған біреуді қайыруы үшін, шалса, онда бұл адам – Исламнан шығаратын айқын көпқұдайшылық жасап жатқан көпқұдайшыл. Олардың кейбіреуі енді туылған малды сол қабірге құрбан шалу үшін белгілеп қоятынын айтпағанның өзінде. Олардың сенімі бойынша бұл малды піштіруге немесе алмастыруға болмайды, өйткені бұл қабірдің ұлықтығына сәйкес келмейтін кемшілік болып табылады-мыс. Қз.: «әл-Мә’ариж ул-қабул» 1/407.

Шейх әл-Әлбани былай деген: *“Егер адам қабірдің алдында жалғыз Аллаһ үшін мал бауыздаса, онда бұл тыйым салынған. Ал егер ол оны, кейбір надандар істейтіндей, өлген адам үшін бауыздаса, онда бұл айқын көпқұдайшылық. Бұл малдың етін жеу харам әрі бұзақылық болып табылады, бұл туралы Аллаһ Тағала:* **«Оған Аллаһтың аты айтылмағаннан жемеңдер, өйткені бұл бұзақылық»** («әл-Әнғам» сүресі, 6:121), *– деп айтқан.* Ол сондай-ақ: **«Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал арам»** («әл-Әнғам» сүресі, 6:145), *– деген”.* Қз.: «Әхкам ул-жәнаиз» 260-бет.

Тура сол сияқты, егер адам қабірдің қасында мал соямын деп Аллаһқа нәзір (уәде) берген болса, оның нәзірі жарамсыз болады және оны орындауға тыйым салынады. Қз.: «Кәшшаф ул-Кәна’» 2/149.

Мыналар – Түркістан мен Бекет атада, Арыстан Бабта тағы басқа да қабірлерде құрбан шалынып жатқандығын дәлелдейтін интернеттен алынған үзінділер: «*Әулиелер аралауға шыққандарға әруақтарға арнап, мал союлары жүктеледі. Шелпек, қант, дастархан мәзірі. 3 метр ақ мата, 1 метр белге байлайтын мата, 25000 теңге ақша талап етеді*».

«Оңтүстік өңіріндегі әулие-әнбілерді тізбектеп, басына түнеп, солардан тілеп, аталар атына бағыштап мал сойып және бейіттерін тәуап етіп келеді».

«Бекет атаның ұрпақтары Оғыландының басына жиылып, атаға арнап ас берген. Асқа Қазақстанның түкпір-түкпірінен және Орта Азия елдерінен де шақырулы қонақтар көптеп келіп, бірнеше қаз-қатар киіз үйлер тігілген. Кешегі қызыл империяның тепкінімен

шартарапқа тарыдай шашырап кеткен маңғыстаулықтар сырттай сиынып жүрген ***Бекет атасының*** *асына зор ықыласымен келіп, ата жолына арнаған садақаларын түйіп, ата ұрпақтарының батасын алған».*

«Құрбан шалынатын бөрене таудың орта жағында орналасқан».

«Қасиетті бұлаққа қайта оралайық. Қазір бұл – жолдар төселген, сумен құюнуға арналған кабинкалар орнатылған, тамақтану мен құрбан шалу орындарымен жабдықталған аймақ».

Сондай-ақ осы жерде не себепті қабірлердің жанында мал союға тыйым салынғандығын түсіндіріп өту де қажет. Мұның себебі қабірдің қасында құрбан шалушы адам сырттай көпқұдайшылдарға ұқсап кетеді, өйткені осынысымен ол солардың салты болған амалды жасайды. Ал оның ниетіне келер болсақ, ол айналасындағыларға немесе жанынан өтіп бара жатқандарға беймәлім. Дәл сондықтан да осылайша бауыздалған малдың етін жеуге тыйым салынған, өйткені ол Аллаһ үшін сойылғандығына кепілдік жоқ [66]. Сондықтан да мұндай етті жеуге тыйым салынғандығы туралы имам Ахмад айтқан болатын. Қз.: «әл-Фуру'» 2/296.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: «*Қабір орындарында мал сою ешкім үшін заңдастырылмаған, тіпті егер адам осы орынды арнайы таңдамаған болса да. Осымен шариғат көпқұдайшылыққа алып баратын жолды жауып тастады. Дәл сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күннің шығып және батып жатқан кезінде намаз орындауға тыйым салған болатын. Осы уақыттарда пұтқа табынушылар күнге табынады. Және ол мұны тіпті егер мұсылман намазды жалғыз Аллаһ үшін орындаған болса да және күнге табыну оның ойында болмаса да тыйым салды*». Қз.: «әл-Фәтауа» 27/496.

Ал малды қабірде жатқан кісіге, немесе оның әруағына, немесе т.с.с. нәрселерге арнап соятын адамға келер болсақ, онда ол осынысымен Исламнан шығады да, кәпірге айналады. Бұл құрбан шалудың Аллаһтан өзге ешкімге арнауға болмайтын ұлы ғибадат болғандығы себепті.

Аллаһ былай деді: **"«Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббысы Аллаһ үшін. Оның серігі**

---

[66] Алайда егер адам малды жалғыз Аллаһ үшін сойғандығы және сонымен бірге Аллаһтың атын атағандығы анық түрде мәлім болса, онда бұл малдың етін жеуге рұқсат етіледі. Бұл – ширктің емес, бидғаттың негізінде сойылған малдың еті. Бұл – қайтыс болған адамның жетісіне, қырқына, асына адамдарға тарату үшін сойылған малдың еті сияқты. Өздігінше бұл етті жеу рұқсат етілген, бірақ бидғаттан бас тартудың белгісі ретінде және осы құбылысқа сөгіс білдіріу мақсатында оны жемеген жақсырақ болады.

жоқ. Осылай бұйырылдым және мен бойұсынушылардың алғашқысымын», – де" («әл-Әнғам» сүресі, 6: 162-163).

Ол тағы да былай деді: **«Сондықтан Раббың үшін намаз орында және құрбан шал»** («Кәусар» сүресі, 108:2).

'Али ибн Аби Талиб Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Аллаһ Өзінен басқаға құрбан шалушыны лағынеттеді»*** (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 1978; Ахмад 1/108, 118).

б) Кәпірлер мен көпқұдайшылдар құрбан шалатын жерде құрбан шалу.

Сондай-ақ осы тарауда «кәпірлер мен көпқұдайшылдар құрбан шалатын жерде құрбан шалу» деген дербес бір мәселені де қарап өту қажет.

Жалпы, Түркістанда болсын, осы сияқты басқа да жерлерде болсын, жиі жағдайда түрлі дін өкілдерінің рәсімдері қосылып өтіп жатады.

Бұған көз жеткізу үшін бірнеше үзінділерді келтіру жеткілікті болады:

«Бұлақтың өзі... бір-бірінің жанына орналасқан 3 бөлікке бөлінген: мұсылмандардың, христиандардың және пұтқа табынушылардың зонасы. Менің ойымша, адамдардың өздері бәрібір Аллаһ бір екенін шешті де, жуынды, шомылу үшін шелектерін және үйге алып кету үшін ыдыстарын толтырып алды, үш орынның үшеуінен де су ішті. Менің өзім қай орын қай дінге қатысты екенін анықтай алмадым».

Көпқұдайшылдар өз рәсімдерін орындау үшін арнайы орындарын белгілеп қоятындығымен ерекшеленетіндігін атап кету қажет. Әсіресе, бұл құрбан шалуға арналған орындарға қатысты.

Сабит ибн Даххак былай деп баяндайтын: *«Бір адам Буанда*[67] *құрбан шалуға нәзір беріп, осы туралы Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұрақ қойды. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: «**Сол жерде надандық дәуірінде құлшылық жасалатын пұт тұрған ба?**», – деп сұрады. Адамдар: «Жоқ», – деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Ол жерде олардың қандай да бір тұрақты жиналыстары өтетін бе?**», – деп сұрақ қойды. Адамдар: «Жоқ», – деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Онда нәзіріңді орында»**, – деп жауап берді.* (**хадис сенімді (сахих), Бухари мен Муслимнің шарттарына сәйкес келеді;** Абу Дауд 3313; әл-Бәйһақи 10/83; Табарани 1341; шейх Муқбил оны сахих (сенімді) деді (№ 186)).

---

[67] Имам әл-Бағауи: «Бұл Меккенің Яләмләм бағытындағы төменгі бөлігінде орналасқан жер», – деген (Қз.: «Фатхул-Мәжид» 253-бет).

Бұл хадистен мынандай қорытындылар жасауға болады:

1. Бұл адам осы күні: «Ата-бабаларымыз мауліт жасаған, әруақтардың атынан ас берген», – деп, осыларды істеп жүрген қазақтардың көбі сияқты осы халықтың немесе ата-бабаларының әдет-ғұрыптары не айтатынымен шектелмеді де, мұның шариғаттағы үкімін Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұрап білді. Бұл кісі адам Исламды қабылдағаннан кейін барлық істің шешімін ата-бабалардың істегендеріне емес, Құран мен Сүннетке қайтару қажет екенін айтқан.

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны осындай сұрақ қойғаны үшін сөкпеді, өйткені Исламда кез-келген жерде құрбан шалуға рұқсат етілмейді. Ал егер құрбанды кез-келген жерде шала беруге рұқсат етілетін болғанда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған артық сұрақтар қойғандығы үшін сөгіс айтар еді.

3. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл адамнан сол жер туралы сұрай бастады, ал бұл қандай да бір орында құрбан шалуға тыйым салатын белгілі жайттар бар болуы мүмкін екендігіне нұсқайды.

4. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл адамды дәл Буанда құрбан шалуға нәзір беруге итермелеген қандай да бір себептер бар болуы мүмкін болғандығы себепті, одан осы туралы сұрады.

5. ***«Онда нәзіріңді орында»*** деген сөздер «егер бұл адам қойылған сұрақтардың біреуіне болса да «Иә», – деп жауап бергенде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған Буанда мал союға тыйым салатын еді» дегенге нұсқайды.

6. Бұл хадисте «күнә жасау сол күнә жасалған жерде ізін қалдырады» дегенге дәлел бар.

7. Бұл хадис «егер көпқұдайшылдар белгілі бір жерде өздерінің рәсімдерін орындаған болса, онда бірқұдайшылдарға сол жерде өз рәсімдерін орындауға тыйым салынған, өйткені бұл бірқұдайшылдардың көпқұдайшылдарға сырттай ұқсап кетуіне әкелетіндіктен, тіпті егер қазіргі кезде көпқұдайшылдар сол жерде өз рәсімдерін орындамайтын болса да» дегенге дәлел болып табылады. Ал егер кәпірлер өз рәсімдерін сол жерлерде осы күнге дейін, қарапайым адам олардың қайсысы мұсылман, ал қайсысы пұтқа табынушы екенін ажырата алмайтындай және бұл рәсімдер (солардың ішінде құрбан шалу да бар) кімге арналып жатқанын түсіне алмайтындай дәрежеде орындап жатса, онда бұл туралы не айтуға болмақ?!

8. Бұл хадисте «көпқұдайшылдарға және кәпірлерге ұқсау адамда ондай ниет болмаса да орын алуы мүмкін» дегенге дәлел

бар. Әрі адам көпқұдайшылдарға ұқсағысы келген-келмегеніне қарамастан, оны соларға ұқсататын іс-әрекет жасауына бәрібір тыйым салынады, өйткені Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз нәзірі туралы сұраған кісінің мұндай ниеті жоқ болатын, бірақ бұған қарамастан Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны сұрай бастады.

9. Бұл хадис біздің көпқұдайшылдардан бөлініп жіктелуіміз және оларға барлық нәрседе ұқсамауымыз қажет екендігіне нұсқайтын маңызды негіз болып табылады. Біз өз рәсімдерімізді олармен бірге, немесе олар өз рәсімдерін орындайтын жерлерде немесе олар жиналатын уақыттарда орындамауымыз қажет. Бұл негіз өте үлкен маңызға ие, өйткені ол ақиқат пен жалғанды ажырату міндеттілігінен және оларды аралыстыруға тыйым салынғандығынан туындайды.

3. Қабірдің алдында өзің үшін дұға ету.

Зираттарды зиярат жасаған кезде қайтыс болған адамдар үшін дұға ету бекітілген сүннет болып табылады. Адам зиратты зиярат жасаса және қайтыс болған адамдарға сәлем бергісі келсе, олармен зират жаққа жүзін бұрып сәлемдеседі, әрі бұл ғалымдардың басым бөлігінің (жумхур) пікірі. Олардың арасында мәликилер («Мәухиб әл-Жәлил» 2/237.), шәфи’илер («әл-Мәжму’» 5/286.), ханбәлилер («әл-Муғни» 5/466.) бар. Ал ханафи мәзһабының ғалымдарына келер болсақ, олар бұл мәселеде екі пікірге бөлінді:

1. Сәлемдесу кезінде Қыблаға бет бұру қажет.

2. Сәлемдесу кезінде зиратқа бет бұру қажет.

Екінші пікір имам Абу Ханифаға тиісті («Фатх ул-Қадир» 3/168).

Ал сәлемдесуден кейін дұға жасаушыға келер болсақ, төрт имамның барлығы «осы тұста жүзді Қыбла жаққа қарату қажет, әрі ешбір жағдайда дұғаны қабірге қарап жасамау керек, өйткені сырт көзге бұл адамның қайтыс болғандар үшін емес, қайтыс болғандардың өздерінен сұрап тұрғандай болып көрінбеуі үшін» дегенге бірауызды келіскен.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: *"...Әрі төрт имамның барлығы «қайтыс болғандар үшін дұға жасағанда бетті Қыблаға қарату қажет» дегенге келіскен. Адам дұғаны қабірге қарап жасап жатқандай болып қалмауы үшін, өйткені дұға – бұл ғибадат"*. Қз.: «Иғасат ул-Ләхафан» 1/174.

Ал қабір орындарында тұрып өзің үшін дұға жасауға келер болсақ, егер бұл осы жерлерден өтіп бара жатқан тұста абайсыз жасалған болса, немесе дұға Сүннетте[68] келген сөздермен ғана

[68] Бұл хадисте: ***«Мен сендер және өзім үшін жеңілдік тілеймін»***, – деп келетініндей.

шектелген болса, онда оқасы жоқ, әрі бұл шариғат тарапынан заңдастырылған.

Ал егер адам дәл осы жерлерде дұға етуге ұмтылса және осы жерлерде жасалған дұға Аллаһ тарапынан жақсырақ және жеңілірек қабылданады, немесе оның сауабы көбірек деп санаса, онда бұл бидғат, адасушылық және тыйым салынған сенім болып табылады.

Мұның дәлелдері келесідей:

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабір орындарында ғибадат жасауға ашық мәтіндер арқылы тыйым салды, ал бұл осы жерлерде дұға етудің де тыйым салынғандығын меңзейді. Өйткені бұл жерлерде намаз орындауға тыйым салынғандығының себебі – адамның жүрегі осы қабірлерге байланып қалуынан және ол осы қабірлердің алдында уақыт өткізе бастауынан қауіптену.

Алайда қабірлердің қасында дұға жасайтын адам, әдетте қысылған күйде болады, ол қандай да бір проблемасының шешілу жолын немесе басына түскен ауыр жағдайдан шығу жолын іздеп, Аллаһқа жалбарынса да, оның бұл амалы көпқұдайшылықтың есіктерінің ашылуына бейім, ал (қабірдің басынан өзге жерде) жаны жайлы жүрегі тыныш болып намаз орындайтын адамның жағдайы мұндай емес. Қз.: «әл-Иқтида» 2/684.

2. Қабірлердің қасында дұға етіп Аллаһқа жалбарыну үшін оларға ұмтылу қасиетті мәтіндердің ешқайсысында: Құранда да, Сүннете де, Пайғамбардан да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сахабалардан жеткен хабарларда да, үмметтің имамдарының кітаптарында да келмеген.

3. Сахабалар мен олардың ізбасарлары, сондай-ақ үметтің имамдары мұны өздері істемеген әрі мұндайды сөккен. Бұл туралы хабарларды біз кітаптың әртүрлі тарауларында келтіріп кеткен болатынбыз.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: *«Көптеген ғалымдар дұғаның артықшылығы туралы, оған Аллаһ тарапынан жауап қайтарылатын уақыттар мен жерлер туралы кітаптар жазған. Әрі осы ғалымдардың арасында қабір орындарында жасалатын дұға басқаларға қарағанда жақсырақ және артығырақ деп бір әріппен болса да атап кеткен бірде-бір ғалым табылмаған. Салиқалы мұсылмандардың алғашқы ұрпақтары мұны мақұлдамайтын, (керісінше,) теріске шығаратын, бұйырмайтын, (керісінше,) тыйым салатын»*. Қз.: «әл-Иқтида» 2/728.

4. «Қабірдің қасында жасалған дұға тезірек және жиі жағдайда қабыл болады» деген сенім адамдар қабірлерге жиналып, оларға сапармен баруға жетелейді, ал дәл осыған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тыйым салған.

Ал қабірлерге сиынатын сопыларға келер болсақ, олар барлық келтірілген дәлелдерге қарамастан: «Салиқалы адамдардың қабірлерінің қастарында Аллаһқа дұға етіп жалбарыну мұсылмандар барлық жерде және уақыттарда жасап келген бекітілген амал», – деп айтуын жалғастыра береді. Қз.: «әл-Басаир», 99-бет.

Кім қайтыс болған адамдардың өздерінен сұраса, сол адасқан көпқұдайшыл болады, әрі бұған күмән жоқ. Мұның түсіндірмесі кітаптың тарауларының бірінде әлі келеді.

4. Құран оқу.

Абу Хурайра[69] Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Үйлеріңді зираттарға айналдырмаңдар, ақиқатында, шайтан «әл-Бақара» оқылып жатқан үйден қашады»*** (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 780).

Қазы Абу Я'лә былай деген: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құран оқылмайтын үйді зиратпен теңегенінің себебі – Құран зиратта оқылмайды*». Қз.: «әр-Риуаятайн уәл-уажһайн» 2/212.

Осы хадистен әрі сахабалар мен олардың ізбасарларының ешқайсыларында қабірлерде Құран оқу белгілі болмағандығынан шыға келе, ғалымдардың басым бөлігі (жумхур) қабірлерде Құран оқуды рұқсат етпейтін. Бұл пікір сондай-ақ имам Абу Ханифаға («Хашия әш-Шилби 'алә Табйин әл-Хақаиқ» 2/246, имам Ибн Абил-'Изз «Шарх «'Ақида әт-Тахауия»» (534) кітабында айтқан), Мәликке («әл-Мадхәл» 3/ 263) және Ахмадқа тиісті. Бұдан қалса, Имам Ахмадтан оның: «*Қабір басында Құран оқу – бидғат*», – деп айтқаны жеткізіледі. Қз.: «Мәсаил имам Ахмад риуаят Исхақ» 1/190.

Абу Хафс ибн Муслим әл-'Абқари былай деген: «*Оннан көп адам имам Ахмадтан қабір орындарында (Құран) оқу бидғат екенін жеткізеді*». Қз.: «әр-Риуаятайн уәл-уажһайн» 2/213.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: *"Имам әш-Шәфи'иге келер болсақ, одан осы мәселеге байланысты тіпті еш нәрсе келмеген. Мұның себебі – оның кезінде мұндайды ешкім істемейтін. Әрі имам Мәлик: «Мен мұндайды істейтін ешкімді білмеймін», – деп айтқан. Осыдан сахабалар да, олардың ізбасарлары да мұндайды істемегені айқын болады"*. Қз.: «әл-Иқтида» 182-бет.

Ал қабір орындарында Құран оқудың артықшылықтары туралы айтылған хадистерге келер болсақ, олардың барлығы өтірік.

'Али ибн Аби Талиб Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін айтқан: ***«Кім қабірдің***

---

[69] Шейх 'Абдур-Рахман ибн әл-Хасан бұл хадисті «Фатх ул-Мәжидте» (394) Ибн 'Умардың сөздерінен келтіреді, ал бұл қателік болып табылады.

жанынан өтіп бара жатып «Ихлас» сүресін он бір рет оқыса, ал содан соң осы оқығанының сауабын қайтыс болғандарға бағыштаса, сол қайтыс болған адамдардың санына сәйкес мөлшерде сауап алады» (**хадис ойдан шығарылған, өтірік;** Ибн әл-Жәузи «әл-Мәуду'ат» 3/239; Қз.: «Әхкам ул-жәнаиз» 245-бет).

Әнас ибн Мәлик Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Егер біреу зиратқа кіріп, «Я-Син» сүресін оқыса, онда осы қабірде жерленгендерге осы күнгі жазалары жеңілдетіледі, ал оған осы қабірде қанша адам жерленген болса, сонша сауап жазылады»*** (хадистің тіпті жеткізушілер тізбегі жоқ, әрі өтірік болып табылады**;** Қз.: «әд-Да'ифа» 3/397).

«Кім ата-анасының қабірін немесе олардың біреуінің қабірін зиярат етсе және оның жанында «Я-Син» сүресін оқыса, оған оның күнәлары кешіріледі» (**хадис өтірік;** Қз.: «Файд әл-Қадир» № 8717).

Сондай-ақ қабір басында «әл-Фатиха» сүресін оқу да бидғат болып табылады. Қз.: «Тафсир әл-Мәнар» 8/268.

5. Қабірлерді айналу (тәуап жасау).

Діни рәсім жасау ниетімен қандай да бір нәрсені айналу тыйым салынған және ең жиіркеніштi бидғаттардың бірі болып табылады. Өйткені Аллаһ Тағала айналу (тәуап жасау) үшін тек Қағбаны ғана белгіледі әрі одан өзге еш нәрсені емес.

Аллаһ былай деді: **«Кейін олар өз рәсімдерін аяқтасын, нәзірлерін орындасын және Ежелгі Үйді (Қағбаны) айналсын (тәуап жасасын)»** («Хаж» сүресі, 22:29).

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: «*Ал Қағбадан басқа нірсені айналу (тәуап жасау) – ең ұлы тыйым салынған бидғаттардың бірі. Кім діни рәсім ретінде Қағбадан басқа қандай да бір нәрсені айналса (тәуап жасаса), оны тәубеге келтіреді, ал егер ол тәубе етпесе, онда оны өлім жазасымен жазалайды*». Қз.: «Мәжму' әл-Фәтауа» 26/121. «Мұсылман елдерінде мұндай адамға діннен шыққан (муртад) ретінде өлім жазасы туралы үкім шығарылуы мүмкін» деген меңзеледі. Ал өлім жазасы туралы үкімді шығару және оны атқару мұсылман елінің әмірінің (билеушісінің) айырықша (оған ғана тиісті) құзыры болып табылады.

Айналу (тәуап) тек Қағбаға қатысты заңдастырылғандығы туралы көп ғалымдар айтқан. Қз.: әл-Бахути «әр-Рауд ул-Мурби'» 152-бет; «Мәжму' расаил әл-Кубра» 2/410; имам ән-Науауи «әл-Идах фил-Манасик» 160-бет; Ибн әл-Хажж «әл-Мадхәл» 1/263; әс-Суюти «әл-Амр бил-Иттиба'» 125-бет, т.б.

6. Қабірді немесе қандай да бір басқа затты береке алу немесе киелі сипатқа бөлеу және құрмет көрсету мақсатымен сүю.

ʻУмар ибн әл-Хаттаб қажылық жасау кезінде Қара тасты сүйіп жатып, былай деген: «*Аллаһпен ант етемін, мен сенің пайда да, зиян да келтірмейтін тек тас екеніңді білемін. Әрі егер мен Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сені сүйгенін көрмегенімде, мен де сені сүймес едім*» (**сахих хабар;** Бухари 2/160; Муслим 2/925).

Имам Ибн Дақийқ әл-ʻИд былай деген: «*Бұл хадисте Қара тасты сүю абзал екендігіне дәлел бар*». Қз.: «әл-ʻУдда» 3/347.

Бұл хадистен қандай да бір нәрсені діни рәсім ретінде сүюдің себебі Құранның немесе Сүннеттің бұйрығы болып табылатындығы бір мағыналы түрде түсініледі. Әрі қандай да бір нәрсені, мысалы, қабірді сүю туралы бұйрық болмаса, оны сүюге рұқсат етілмейді. Сондықтан да Шейхул-Ислам былай деген: «*Бұл болмыста Қара тастан басқа сүю рұқсат етілген қандай да бір зат жоқ. Сүю және сипалау тек Аллаһтың әл-Харам Үйі – Қағбаға ғана қатысты рұқсат етілген, әрі жаратылыстардың үйін Жаратушының Үйімен теңеуге болмайды*». Қз.: «Мәжмуʼ әл-Фәтауа» 27/79.

Қара тасты сүю, бұл тас қандай да бір физикалық құт-берекеге ие болғандығынан емес, қажылық рәсімінің бір құрамдас бөлігі ретінде, осыда Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу үшін ғана заңдастырылған.

Сондай-ақ имам Ибн әл-Қайим былай деген: «*Жер бетінде Қара тастан және Қағбаның йемендік бұрышынан басқа (шариғат тарапынан) сүю және сипау заңдастырылған зат жоқ*» Қз.: «Зад ул-Мәʼад» 1/48.

Ибн әл-Қайимнің сөздері Қара тасты сипауға және сүюге болатындығын, ал йемендік бұрышқа келер болсақ, оны сипап өтуге ғана рұқсат етілгенін, бірақ сүю заңдастырылмағандығын білдіреді. Қз.: Қз.: «әл-Фәтауа» 26/121.

Жоғарыда аталғанның барлығы діни рәсім ретінде сүю және сипауға қатысты, яғни осыны діни рәсім түрінде істеуге. Ал тіршіліктегі сүюге және сипауға келер болсақ, бұл ешбір күмәнсіз рұқсат етілген.

Осыдан шыға келе, қандай да бір затты Аллаһқа жақындау мақсатымен сүюге рұқсат етілмейді. Бұл сондай-ақ, қабірлер мен кесенелерді айтпағанның өзінде, Құран Кітабына да қатысты.

Пәтулар жөніндегі Тұрақты Көмитетке Құран Кітабын сүюдің үкімі туралы сұрақ қойылған болатын, олар бұған келесідей жауап берді: «*Жалғыз Аллаһқа мадақтар болсын, Оның Елшісі мен оның*

отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, ал содан соң:

Біз мусхафты сүюдің заңдастырылғандығына қатысты ешқандай дәлел білмейміз. Құран оны оқу және ол туралы ойлану үшін, сондай-ақ оны ұлықтау үшін, әрі ол кімге түсірілген болса, солар оған сәйкес іс-әрекет жасау үшін түсірілген». Қз.: «Мәжаллә әл-бухус әл-исламия», 45-бет.

Ал ‘Икрима ибн Аби Жәхлден оның мусхафты сүйгендігі туралы жеткен хабарға келер болсақ, ол сенімді емес. Бұл хабар «*мусхафты сүйді*» деген сөздермен келмейді, бар болғаны бұл *«Мусхафты бетіне қойды да: «Раббымның Сөзі», – деп, осыны үш рет қайталады»* деген сөздер. (Қз.: Ибн Хәжардың «әл-Исаба» (5654) кітабындағы оның өмірбаяны, «Усдул ғаба» 3741, «әл-Исти’аб» 1857, ибн Са’д «Табақат» (8/329), сондай-ақ Ибн әл-Жәузи «Сафуа әс-Сафуа»).

Қабірлерге табынушылардың кейбіреуі қабірді, не оның қошауын сүюмен шектелмейді, олар бұдан да жаман нәрсе істейді, яғни қабірге жерленген «әулиенің» физикалық құт-берекесі қабір айналасындағы жерге өтеді деген сеніммен, сол жерді сүйеді. Қз.: әс-Самахуди «Уафа ул-Уафа» 4/1406.

Қабірді немесе қабірдің айналасындағы жерді, немесе Иерусалим жерін, немесе доп әлде кубокты (осыны футболшылар істейтініндей), немесе ақшаны (мұны сауда жасаушылар істейтіндей) сүю – осының барлығы бұрыс және кесірлі сенімдердің салдары болып табылады. Осы іс-әрекетімен олар не осы затты ұлықтауды, не оның берекесін алуды, не бірінші мен екіншісін де қалап тұрған болады.

7. Қабірді сипау және оған үйкелу.

Осындай орындарда орын алатын кең таралған құбылыстардың бірі – «әулиелер» мен «аталардың» қабірлеріне, олардың қоршауларына, немесе қабірлердің үстіне салынған құрылыстарға үйкелу. Мұның барлығы осыдан бір береке, шипа, бақ пен құт, немесе басқа да қандай да бір игілік алу мақсатымен жасалады. Сондай-ақ кейбіреулер «құт-берекелді» топырақты, оның игілігінен ағайын-туыстары да құр қалмауы үшін, өзімен бірге алып кетіп жатады.

Хафиз әл-Хаками былай деген: *"Бұл топырақты олар әртүрлі тәсілмен қолданады: біреулері оны денесіне жағады, біреулер бұл топыраққа, жануарлар топыраққа аунайтындай, аунайды, біреулер оны суға араластырып, кейін оған шомылады, ал біреулер тіпті осындай суды ішеді. Әрі осының барлығы «осы қабірге жерленген «әулие» пайда немесе зиян келтіре алады» деген сенімдердің салдары болып та-*

былады. Кейін олар құт-береке қабірдің айналасындағы топыраққа да өтеді деп шешті". Қз.: «Мә'ариж ул-Қабул» 1/373.

Сондай-ақ негізінен әйелдер кесенені орамалдары және киімдерімен сүртіп, кейін осы орамалдарымен бастан және балаларының бастарын сүртеді. Кейін олар осы орамалдармен осы «әулиенің» қабірін зиярат ете алмаған отбасыларының басқа да мүшелерін сүрту үшін, оларды жумайды.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: «*Қабірге үйкелу немесе оны сүю туралы айтар болсақ, бұл қабір кімге тиісті болса да, бұған мұсылмандардың бірауызды келісімі бойынша тыйым салынған. Ал егер бұл рұқсат етілген болғанда, мұны сахабалар және үммет имамдары істейтін еді. Бұдан қалса, бұл көпқұдайшылықтың көрінісі болып табылады, әсіресе, бұл қайтыс болған адамға дұға етіп жалбарынумен бірге қабаттасып жатса*». Қз.: Мәжму' уәл-Фәтауа» 27/91.

Жоғарыда аталғандардың көбін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін зиярат ету барысында көруге болады. Көп адамдар, өздерінің діни сауатсыздығы себепті қабірдің қоршауын сүюге, оған үйкелуге, оларға іштерін, беттерін, арқасын тигізуге, немесе тіпті осыдан құт-береке алу үшін оның қоршауына көз алмастан қарап тұруға тырысады.

Ал адамдардың беттерін, көкіректерін және қолдарын Қағбаға (нақты айтқанда Қағбаның есігі мен Қара тастың арасындағы «мултазам» деп аталатын жеріне) тигізуіне келер болсақ, бұл Аллаһтың алдындағы өзінің құлдық ұрған күйін таныту үшін жасалады. Қағбаның өзі де физикалық құт-берекеге ие емес әрі оны өзге нәрселерге дарытып та тұрмайды, сондықтан да оның Қара тас пен йемендік бұрышынан басқа ешқандай бөліктерін сипау заңдастырылмаған. Қағбаға оны ұлықтау үшін емес, Аллаһ Тағаланың бұйрығын орындап, Оны ұлықтау үшін барады.

Аллаһ былай деді: **«Оның жолына шамасы келген кісілер Аллаһ үшін Үйге (Қағбаға) қажылық жасауға міндетті. Ал кім қарсы келсе, Аллаһ барлық әлемнен бай»** («Әли Имран» сүресі, 3:97).

Сондықтан да Қағбаның жамылғысынан (қисуадан) береке іздеуге болмайды, бұл дінге енгізілген жаңалық (бидғат) болып табылады, ал Қағбадан бір нәрсе сұрау және оған дұға етіп жалбарыну тіпті үлкен көпқұдайшылық болып табылады.

Ибн 'Аббас өзінің Му'ауиямен бірге Қағбаны тауаф еткенін баяндайды. Му'ауия Қағбаның барлық бұрыштарын сипай бастаған кезде Ибн 'Аббас оған былай деді: «*Сен не себепті бұлай істеп жатсың, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны істемеді ғой?*» Бұған Му'ауия: «*Бұл Үй оның бірде-бір жағынан қашқақтамауға лайықты*», – деп жауап берді. Сонда Ибн 'Аббас

оған: **«Аллаһтың Елшісінде сендер үшін жақсы өнеге бар еді»,** – деді. Му’ауия: *«Сенікі дұрыс»,* – деп жауап берді де, содан соң мұны істеуді қойды (**хадис сенімді (сахих);** Тирмизи 858).

8. Қабірлерде құтпа (көпшілікке уағыз-насихат) айту туралы.

Қабірлерді зиярат ету барысында қабір орындарында құтпа (көпшілікке уағыз-насихат) айту да Сүннетте нұсқалмаған айыпталатын бидғат болып табылады. Бұған дәлел – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабір орындарында адамдарды жинамағандығы және ол жерлерде құтпа оқымағандығы. Керісінше, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек қайтыс болғандарға сәлем беретін, олар үшін дұға ететін және тезірек кететін.

8-бөлім. Тарау бойынша жалпы қорытынды

Осы тарауды оқып болған соң біз өзіміз үшін Исламда ғибадат пен қабір орындары бірікпейтінін ұғып алдық. Көпқұдайшылықтың негізгі рәсімдері дәл қабір орындарында орындалатындығы, әрі оларға деген ынтықтық көпқұдайшылықтың пайда болуының негізгі қайнар көзі болып табылатындығы себепті Аллаһ Тағала Оған осы жерлерде ғибадат жасауға, осы орындарға сапар жасап баруға толығымен тыйым салды, осындай орындарды іздеуді, нақтылап белгілеуді, жөндеп-жабдықтауды және қорғауды заңдастырмады. Мұның үстіне осы тыйымдар өте қатал түрдегі қорқытулар – лағынеттеу, ызалану, ең жаман жаратылыстардың сипаттарымен сипаттау ретінде бекітілген.

Дәл сондықтан да өздерін Исламға телитін адамдардың Түркістан, Бекет Ата басқа да осындай жерлерге баруды, «аталар мен әулиелер» жерленген осындай жерлерде Аллаһқа құлшылық етуді, олардың әруақтарына арнап мал сойып, ас беріп, осы арқылы бақ-береке тілеуді насихаттап жүргендері таң қалдырады. Олар осыны жай ұйымдастырып қана қоймай, жанкүйерлікпен осыған шақырады, оларға қарсы болғандарға қысым көрсетеді және өздерінің бұзық кесірлі сенімдерін ел мүддесі үшін жанашырлық, қазақтың қамын жеу деп көрсеткісі келеді. Бірақ егер осы шындығында да аса маңызды шара болғанда, онда Құран, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадис жинақтары, төрт имамның фиқһ бойынша кітаптары осы туралы хабарларға толы болар еді. Біз міндетті түрде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларының қабірлердің қасында Аллаһқа құлшылық

еткендерін, немесе саликалы адамдардың қабірлерін іздеп ел аралап жүргендерін, осы жерлерде намаздарын, құрбан шалуларын орындайтындарын, қабірлерді айналып тәуап жасайтындарын, оларды сипап сүйетіндерін көрер едік. Ал сахабалар мен олардың ізбасарлары Аллаһқа қабірлердің бастарында жалбарынғандары, барлығы жиналып Бақи' қорымына немесе басқа бір кесенеге барып Аллаһқа тәубе еткендері туралы хабарлар қайда?! Сахабалар ең құрметті сахабалардың қабірлерінің үстіне күмбез-кесенелер немесе мешіттер салғызғандығы туралы хабарлар қайда?! Сахабалар мен олардың ізбасарлары барлығы жиналып «әулиелердің» әруақтары жай-тыныш болуы үшін оларға Құран бағыштағаны немесе осы үшін намаз оқығандығы, немесе «әулиелердің» мерейтойларына арнап ас бергендері туралы хабарлар қайда?! Осылардың барлығы қайда?! Егер осының барлығын жасап жүргендер шыншыл болса, онда осыларды бізге көрсетсін! Ал егер олар өздерінің іс-әрекеттеріне шариғи дәлел келтірмесе, онда олар адасушы дінбұзарлар ғана!

Аллаһ былай деді: **«Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Елшіге қарсы шықса, сондай-ақ мүміндердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!»** («ән-Ниса» сүресі, 4: 115).

Ендеше, олар Аллаһтан қорықсын да, Аллаһтың азапты қинауы бастарына келмейінше, осындай іс-әрекеттерін тоқтатсын!

Егер осының барлығы шындығында да Пайғамбар мен оның сахабалары, олардың ізбасарлары мен үммет имамдары тарапынан орындалған болса, онда хадис жинақтары осыған толы болар еді, әрі жалған қиссалар іздеп ойдан шығарудың қажеті болмас еді.

Осы жерде бір өте маңызды ережені түсініп алу қажет: амал, не құбылыс қаншалықты маңызды болған сайын, ол туралы айтылған шариғи мәтіндер де көп әрі анық болады. Қз.: ханафи имамы Ибн Абил-‘Изз «Шарх «'Ақида әт-Тахауия»», 93-бет. Бұл мәтіндер жай ғана ешкімге белгісіз бір кітаптарда емес, Құранда, Бухаридің, Муслимнің т.б. сахих хадистер жинағында болуы қажет.

Құрметті оқырман, Түркістанға, Бекет атаға тағы да сондай жерлерге сапар ұйымдастырушылар өздерін ақтайтын ешқандай шариғи дәлел келтіре алмайды, керісінше, олардың іс-әрекеттері өте қауіпті болғандығы себепті қасиетті мәтіндер олардың іс-әрекеттерін сөгетін аяттар мен хадистерге толы.

Осы жерде ханафи мәзһабының имамы – имам әл-Баркауидің (981 һ/ж) сөздерін келтіру орынды болады. Осы сөздер өздерін ұялмай ханафи мәзһабына телитін, Түркістан мен Бекет Атада

және т.с.с. жерлерге сапарлар мен жиындар ұйымдастырушыларға дәлел мен масқаралау болсын. Имам әл-Баркауи былай деген: «*Кім қабірлерді зиярат етуге қатысты Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін талдап шықса, ол нені бұйырып, неден тыйғаны, сондай-ақ сахабалар мен олардың ізбасарлары нені ұстанғандары туралы ой қозғаса, сол олар мен бүгінгі күні адамдар қабірлердің қасында істеп жатқан істердің арасындағы толық қарама-қайшылықты көреді. Бұл қарама-қайшылық мыналарда қамтылған:*

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабір орындарында намаз орындауға тыйым салды, ал адамдар оған осыда қарсы шығады да, намаздарын қабірлерде орындайды;

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлердің үстіне мешіттер салуға тыйым салды, ал адамдар оларды соғады да, оларды кесене деп атайды;

3. Ол қабірлерде шырақ жағуға тыйым салды, ал олар қабірдің басына шырақтар т.с.с. нәрселер жағады. Бұдан қалса өз мұрасында осы шырақтарды сатып алуға үлес қалдырады[70]*;*

4. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлерді жермен бірдей етіп тегістеуді бұйырды, ал олар бұған қарама-қайшы келіп, қабірді жер бетінен үй сияқты көтереді;

5. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірді гипспен қаптауға және оған құрылыстар құруға тыйым салды, ал олар бұған қарсы шығып, қабірлерді гипспен қаптайды және оларға күмбездер орнатады;

6. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірлерде жазулар жазуға тыйым салды, ал олар қабірлерге тақтайшалар қойып, тақтайшаларға Құраннан немесе басқа бір жерден алынған жазулар жазады;

7. Ол қабір орындарында тұрақты түрде қайталанып тұратын жиналыстар өткізуге тыйым салды, ал олар бұған қайшы келеді де, осы орындарда жиналып тұрады. Осы орайда олардың саны мерекелі жиындардан асып түседі».

Осыдан соң имам әл-Баркауи қабірлерге табынушы сопылар Аллаһқа және Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайшы келетін тағы да он бес тармақты келтірді. Қз.: «Зиярат ул-Қубур» 19-23 беттер.

Бірақ жоғарыда аталып кеткен нәрселердің заңды екеніне қандай да бір нұсқаудың жоқ екеніне және осылардың тыйым

---

[70] Сопылар белгілі бір қабірде «әулие» жерленгеніне және бұл қабір өзге қабірлерден ерекше құт-берекелі болып табылатынына әрі оның берекесі басқаларға өтетініне нұсқау үшін, сол қабірлерге шырақтарды жағып қояды. Қз.: «Кашф ун-Нур» 16-бет; «әл-Хадика ән-Нәдия» 2/630).

салынғандығына көптеген нұсқаулардың бар екендігіне қарамастан, мұндай сапарларларды ұйымдастырушылар өздерінің «ешқандай жаман нәрсе істеп жаттпағандығын» алға тартуын қояр емес!

Ал егер оқырман келесі үш маңызды нәрсені ұғынса, оның «олар не істесе де – барлығы заңсыз және бидғат бола береді екен» деген таң қалуы жойыла кетеді де, орнына түсінік келеді:

1. Осындай сапарларды ұйымдастырушылардың білімдері мүлде діни немесе рухани емес. Олар көп жағдайда театралдық, туристік, артистік, немесе әрі кетсе тарихи, философиялық немесе юристік білімге ие немесе мүлде арнайы білімсіз шарлатандар болады. Дәл сондықтан да олар әр сапар сайын адамды таң қалдыратын амалдар істейді. Ал ең қызығы – олардың амалдары діннің қарапайым қағидаларына қайшы келетінін түсіндіретін кез-келген кітаптарға, немесе газет-журналдарға қас қағым сәтте «экстремистік әдебиет» деген затбелгі іліне қоятынында!

2. Адам өз амалы Аллаһтың бұйырған нәрсесіне қайшы келетінін түсінгенсе, бірақ осыған қарамастан, сонда да ол даңдайсынған күйде теріс бұрылып, сол амалды әрі қарай жасай беруде қасарысып тұрып алса, Аллаһ Тағала оны қателерден қорғауын тоқтатады да, оны өз-өзіне тастап қояды. Содан соң даңдайсынған қырсық төбеден төмен қарай домалағандай, адасушылығына барған сайын тереңдей береді де, бірінен соң бірі қателіктер жасауын тоқтатпайды.

Аллаһ былай деді: **«Сонда олар жолдан тайған кезде, Аллаһ олардың жүректерін тайдырды. Аллаһ бұзақы елді тура жолға салмайды»** («Саф» сүресі, 61:5).

Ол сондай-ақ былай деп айтты: **«Олардың жүректерін, көздерін теріс айналдырамыз, өйткені олар алғашқы ретте оған сенбеген, әрі оларды өздерінің зұлымдықтарында соқыр түрде сергелдең етіп қоямыз»** («Әнғам» сүресі, 6:110).

3. Аллаһтың дінінде рухани жетекшілікке қол жеткізу өте қиын. Оған көптеген жылдар бойы дінді оқып-үйренумен, сол білімге амал етумен, сабыр және мығым сеніммен қол жеткізіледі. Рухани жетекшілікке миллиондаған мұсылмандардың ішіндегі бір немесе бірнеше санаулы тұлғалар, Аллаһ белгілі бір адамның шындығында да мүміндердің жетекшісі болуға лайықты деп тапқаннан кейін ғана, қол жеткізеді. Адам есігіне ілінген коммунистік тақтайшаны діни тақтайшаға ауыстырумен, немесе әртістің киімін шапан мен тақияға ауыстырумен тақуалардың жетекшісі болып шыға келмейді. Сондай-ақ сөзқұмар мылжың күнәһар да өлген әруақтарды еске алуға арналған «құдайы тамақта» ет-бауырсаққа тыңқиып тойып алуымен мүмін және тақуаға айналмайды.

Аллаһ былай деді: **«Әрі олар сабыр етіп, аяттарымызға нық сенген кезде, араларынан бұйрығымызбен тура жол көрсететін басшы-жетекшілер жасадық»** («Сәжде» сүресі, 32:24).

Ол сондай-ақ былай деді: **«Оларды әміріміз бойынша тура жол көрсететін басшы қылып, оларға жақсылық істеуді, намазды орындауды, зекет беруді уахи еттік. Олар бізге құлшылық қылушы еді»** («Әнбия» сүресі, 21: 73).

Осы аяттан көрінетіндей, адам өз өмірін Аллаһқа құлшылық етіп әрі оған толық мойынсұнып өткізгеннен кейін ғана жетекшіге айналады.

Ал осы сипаттармен сипатталмаған «жетекшілерге» келер болсақ, олар туралы мына басқа аятта айтылғандай:

«Оларды Тозаққа шақыратын жетекшілер қылдық. Сондай-ақ олар Қиямет күні жәрдем көрмейді. Олардың соңынан бұл дүние де қарғыс ертіп қойдық. Әрі Қиямет күні олар (мархаметтен) алыс етілгендер қатарынан болады» («әл-Қасас» сүресі, 28: 41-42).

17-ТАРАУ

ТӘУАССУЛ – АЛЛАҺҚА БЕЛГІЛІ БІР НӘРСЕ АРҚЫЛЫ ЖАҚЫНДАУ

1-бөлім. Кіріспе

Осы тарауды оқып-зерттеу барысында құрметті оқырман ерекше зейін танытуға және қаралып жатқан мәселенің мәнін ұғып алуға тырысуы қажет. Біз осыған дейін қарап өткен мәселелер өздігінше көпқұдайшылық болып табылмайды, бірақ олар – көпқұдайшылыққа алып баратын жолдар мен құралдар. Алайда тәуассул мәселесі стратегиялық тұрғыдан өте маңызды болып табылады, өйткені ол көпқұдайшылық пен бірқұдайшылық арасындағы шекара іспеттес. Тәуассул мәселелерін қарау барысында біз көпқұдайшылыққа алап баратын жолдар туралы ғана емес, үлкен көпқұдайшылық туралы сөз ететін боламыз. Осыны түсінгендіктен, сопылық ағымның өкілдері адамдар назарында оның маңыздылығын кеміткісі келеді, өйткені олар адамдардың осы мәселедегі білімсіздігін пайдаланып осы шекараны өзгелер байқамайтындай етіп бұзып өтуге тырысады. Тәуассул мәселелері мен негіздеріндегі өздерінің жалған сенімдерін тарату үшін олар қасиетті мәтіндерді өз мүдделеріне ыңғайластырып, кітаптар жазады және басып шығарады, тіпті осы мүддеге қол жеткізу үшін аят-хадистердің мағыналарын бұрмалаудан да тайынбайды.

Аллаһ былай деді: **“Сондай Кітапты қолдарымен жазып, сонан соң аз ақшаға (дүниелікке) сату үшін: «Осы Аллаһтың қасынан келгені», – дегендерге нендей өкініш! Және олардың қол жазғандарына нендей өкініш! Сондай-ақ олардың табыстарына нендей өкініш!”** («әл-Бақара» сүресі, 2:79).

Аллаһтың рұқсатымен, біз олардың кітаптарынан алынған кейбір үзінділерді қарап шығамыз әрі олардың қасақана жасаған бұрмалауларына нұсқаймыз. Содан соң оқырмандарымызда

осы адамдардың өтірік сөйлейтініне, олардың қолданатын әдіс-тәсілдерінің пасықтығында, сондай-ақ олардың мақсаттарының шынайы мәнінде күмәні қалмайды.

“«Ақиқат келді. Өтірік нәрселер жойылды. Сөзсіз, өтірік жойылады», – де ” («әл-Исра» сүресі, 17:81).

2-бөлім. Тәуассул деген не?

Мәселені бастан-ақ дұрыс түсіну үшін, осы тараудың басынан аяғына дейін кездесетін ұғымдарға дұрыс түсіндірме беріп өту жөн болады. Өйткені сопылар мен солар сияқтылардың шебер тәсілдерінің бірі – олар әу бастан шариғи терминдерге өз анықтамаларын береді де, осы терминдер кездесетін аят-хадистерді қолданып, оларды өздерінің берген анықтамаларының негізінде түсіндіреді.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген екен: «*Кім сахабалардың өзара сөйлескен әрі сол арқылы оларға Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөйлеген тілді және олардың сөз орамдарын қолданудағы әдеттерін білмесе, сол міндетті түрде сөздердің мәнін олардың шынайы мағынасынан өзгерте бастайды. Белгілі бір қоғамда өсіп жетілген көп адамдар сөз орамдарының кейбіреулеріне сол қоғамның өкілдері тұспалдайтын мағыналарды береді* [71]*. Содан соң олар осы терминдерді Аллаһтың, Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және сахабалардың сөздерінде тауып алады да, Аллаһ, Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және сахабалар осы терминдердің астарында оның қоғамының өкілдері тұспалдайтын нәрселерді меңзеген деп ойлай бастайды, алайда, шын мәнісінде, Аллаһ, Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және сахабалар мүлде басқа нәрселерді меңзеген.*

Ал кейбіреулер Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мен сахабалардың сөздеріне қасақана түрде бұрмаланған мағына береді де, кейін осы терминдерді өздеріне тиімді ұстанымды дәлелдеу үшін қолданып: «Біздің жолымыз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолына сәйкес келеді», – деп жатады. Осындай нәрселер пәлсапашылардан (мутакаллимдердің), исмаилилерден болған құдайсыздардың, сондай-ақ ойшылдар мен сопылардан болған солар іспеттес адамдардың сөздерінде бар». Қз.: «Қа’ида жәлилә» 445-447 т.

Шейхул-Исламның сөздерінен шыға келе, біз кейбір адасқан ағымдар мен секталардың өкілдері өз ұстанымын дәлелдеу үшін ұғымдарды қолжаулық ететінін түсінеміз. Көп жағдайда бұл

[71] Мысалы, «ет» сөзі кейбір қауымдарда өзіне жануарлардың да, балықтың да етін қамтиды. Ал басқа қауымдарда «ет» деген сөзбен балық еті меңзелмейді.

олардың қолынан келе береді, өйткені олардың үгіт-насихаты дін негіздерінен қарапайым білімге де ие болмаған адамдарға бағытталады әрі осы білімсіздік бұл адамдардың адасуына және опат болуына әкеп соқтырады.

Сонымен, «тәуассул» деген не екен?

«Тәуассул» – таза арабтың сөзі, ол «мақсатқа бірдеңе арқылы қол жеткізу» дегенді білдіреді. Ол «сол арқылы мақсатқа қол жеткізілетін нәрсе» деген мағынаны білдіретін «уәсилә» деген сөзден пайда болған [72].

«Уәсилә» сөзі Құранда екі рет келген:

1. Аллаһ былай деді: **«Әй, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар, Оған жақындасу тәсілдерін іздеңдер. Және мұратқа жетулерің үшін, Оның жолында күресіңдер»** («әл-Мәида» сүресі, 5:35).

2. Ол сондай-ақ: **«Олардың сиынғандарының өздері Раббыларына жақын болудың тәсілдерін іздеуде басқалардан озуға тырысады. Оның рахметінен үміт етіп, азабынан қорқады. Негізінде, Раббыңның азабы сескенуге тиісті»**, – деді («әл-Исра» сүресі, 17: 57).

Істің бүкіл сыры сопылардың Сүннет пен келісім (әһли-Сунна уәл-жәма`а) жолын ұстанатындардан «Аллаһқа жақындау тәсілдері» дегенде не тұспалданатынын өздерінше түсіне бастағандары себепті бөлініп шыққандығында.

Ендеше, осы тәсілдерді Ислам ғалымдары қалай түсінетініне қарайық.

Ибн Жәрир әт-Табари былай деген: "**«Оған жақындасу тәсілдерін іздеңдер»,** *яғни Аллаһ разы болатын нәрселерді орындау арқылы Оған жақындасуды іздеңдер".*

Қатада былай деген: «*Яғни Аллаһқа мойынсұнып және Ол разы болатын нәрселерді орындап, Оған жақындаңдар*».

Қатаданың осы сөздерін келтіріп, имам Ибн Кәсир былай деген: «*Осы ғалымдардың айтқандарына қатысты Құран тәпсіршілерінің арасында келіспеушіліктер жоқ*» (Ибн Кәсир «Тафсир әл-Кур`ан ил-'Азыйм», 2/52-53).

Ханафи мәзһабының өкілдері де осы түсінуде басқа ғалымдармен ортақ пікірде. Қз.: «әл-Кауакиб әд-Дуррия» 3-бет.

Біз хафиз ибн Кәсирдің сөздерінен түсінетініміздей, «Аллаһқа жақындаудың тәсілдері» дегенде Аллаһ разы болатын игі істер меңзеледі. Егер кісі оларды орындап жатса, онда ол Аллаһқа жақындайды, яғни Оның разылығына қол жеткізеді. Әрі осыда

[72] «Тәуассулдің» тілдік мағынасында келіспеушіліктер жоқ. Бұл мағыналарды Ибн әл-Асир, Файруз Абади, Ибн Фарис, Рағиб әл-Асфахани, Ибн Жәрир әт-Табари т.б. жеткізген. Олардың барлығы араб тілінің ғалымдары.

Құран тәпсіршілерінің (муфассирлер) арасында келіспеушіліктер жоқ.

Енді ерекше назар бұруыңызды сұраймыз!!!

Ал сопылар болса муфассирлердің бірауызды келісілген пікірімен келіскісі келмей, осы аяттарды өздерінше түсінді.

Ендеше, олар бұл аяттарды қалай түсінді?!

Әрі қарай түсіндірілетін нәрсені ұғынып, оқырман сопылар мен әһли-Сунна уәл-жәма`аның жолдары ажырап кеткен торабты көре алады. Сүннеттің жақтаушылары таухид (бірқұдайшылық) жолымен жүруін жалғастырды, ал сопылар көпқұдайшылдар жаққа ауытқып кетті[73].

Таухидті ұстанушылар Аллаһ олардан нені қалайтынын түсінді. Аллаһ Тағала адамның Аллаһ разылығына жетуі үшін күш-қайрат жұмсауын, жұмыс істеуін, игі істер жасап, жаман нәрселер істеуден бас тартуын қалайды. Ал сопылар бұл аяттарды мүлде кері түсінді. Осы жерде олар адамзат бір кезде жасаған ең қорқынышты қиясты, яғни көпқұдайшылық пен қөпқұдайшылдардың негізі болып табылатын қияс жасады. Сопылар Аллаһ Тағаланы оларға тек «таныс» арқылы, яғни олар жақсы көретін және олардың алдында беделге ие адамдарға жалбарынып, ортаға салу арқылы ғана жақындауға болатын осы дүниенің әділетсіз патшаларымен теңеді.

Олар егер патшаға тікелей жүгінсе, патша оларды кері қайтарады, бірақ егер одан оның жақсы көретін, бағалайтын және құрметтейтін адамдары арқылы сұраса, онда осы патшаның оң жауап беретінін күтуге әбден болады деп шешті. Бұл сопы өзі үшін мынандай қорытынды жасады: «Аллаһ Тағала бұл дүниенің патшаларының қай-қайсынан да ұлы. Егер мен осы дүниенің патшасына тікелей кіре алмайтын болсам, онда патшалардың патшасы болған Аллаһқа қалайша тікелей кірмекпін?!»

Мына қорқынышты логикаға қараңыздаршы! Егер оқырман тағы да кішкене кідіре тұрса, онда оның қауіптілігі неде екенін түсіне алады.

«Мұның несі жаман, бұл сопы осы қиясты Аллаһ Тағаланың ұлықтығы мен Оның құдіретін ұғынған күйде жасады ғой» деген ой туындауы мүмкін. Алайда! Шын мәнісінде, бұл қияс Аллаһты мадақтамайды, керісінше, Оған тіл тигізеді. Сіз: «Не үшін?», – деп сұрауыңыз мүмкін. Өйткені бұл сопы Аллаһты осы патшалардан да асқан әділетсіз деп санады. Патшаларға көп жағдайда олардың ұлықтығы себепті емес, тек олардың әділетсіздігі, тәкаппарлығы, қаталдығы мен озбырлығы себепті ғана кіру мүмкін болмайды.

[73] Бұдан біз сопыларды көпқұдайшылдар немесе кәпірлер деп айтып жатырмыз деп түсінбеу керек.

Ал әділетті, жанашыр, ізгі патша не адам өзінің ұлықтығы мен билігіне қарамастан өтінішпен келген адамды қабылдауға тырысады.

Осыдан шыға келе, сопы Аллаһтың **«Оған жақындасу тәсілдерін іздеңдер»** сөздерін "Аллаһтың алдында құрмет-беделге ие, Аллаһтың сүйіктісі болған «әулиені» іздеңдер де, Аллаһтан сол арқылы тілеңдер, тіпті осы әулиенің өзінен ол сендер үшін Аллаһтың алдында шапағат етуін тілеңдер" деп түсінді [74].

Әрі сіздер тағы да: «Осылай болса да, біз бұда еш жамандық көріп тұрған жоқпыз», – деп айтпақсыздар ма?!

Осы жерде біз бір кішкентай ғана жайтты түсінулеріңізді сұраймыз – бұл қиястың көптеген кесірлі салдары бар, біз олардың тек екеуі жайында ғана сөз етейік.

3-бөлім. «Тәуассул» терминін сопылық тұрғыдан түсінудің кесірлі салдары

1. Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына олар сырттан кімнен болсын көмек күтпеу керек екенін үзілді-кесілді әрі мәңгіге ұғып алуды үйретеді. Өзгелердің еңбегіне де, игі амалдарына да көз салудың қажеті жоқ. Аллаһ Тағала әрбір адам өзі игі амалдар жасауын және харамнан тыйылуын қалайды. Осы идеологияны Өз құлдарының жүректерінде бекітіп, Аллаһ Тағала былай дейді: **«Әркім істеген ісінің кепілдігінде ұсталады»** («әл-Мүддәссир» сүресі, 74: 38).

Ол сондай-ақ былай деп айтты: **«Міне, солар бір үммет еді, өтіп кетті. Олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріңе, сендер олардың істегендерінен сұралмайсыңдар»** («әл-Бақара» сүресі, 2: 134).

Ал сопыларға келер болсақ, олардың қиясы оларды көптеген игі амалдарды қалдырып, жылына бір-екі рет тірі не қайтыс болған әулиеге барып, одан өзі үшін Аллаһтың алдында шапағат етуін сұрау арқылы бүкіл проблемаларды шешуге болады деген үмітпен көптеген жаман істерді жасауға алып келді. Кезінде осы қияс христиандарды да тура осыған алып келген болатын.

Оқырман түсінгендей, бүкіл әлемнің күнәларға батып, игі істер не екенін ұмытуына алып келген де – дәл осы олардың идеологиясы болды. Әрине, Аллаһ рахымына бөленгендерден басқа. Дәл осы идеология христиандардың екі топқа – діндарлар мен дүние адамдары болып бөлінуіне де себеп болды. Басқаша айтқанда, дүние адамдары білгенін істеп жүре береді, ал діндарлар

---

[74] «Уәсилә» мен «тәуассул» терминдерінің осындай анықтамасын сопылардың «Рух ул-Баян» 1/560 кітабынан табуға болады.

дүние адамдарының ақшасына олар үшін Құдайдың алдында шапағат етеді. Енді тура сол нәрсе мұсылмандарда да орын алуда. Мешітте намаз оқитын, рамазан айында ораза ұстайтын, қажылыққа баратын, басқа да діни әмірлерді орындайтын имам отырады. Осынысымен ол жылына не айына, не аптасына бір рет, не жаман түс көргенде, не басына бір ауыртпалық түскенде мешітке садақа алып келіп Құран оқытсаң, молда күнәларыңның кешірілуін сұрап береді деп есептейтін қаланың (ауылдың) күнәһарлары үшін бейнеттенеді[75]. Басқа сөзбен айтқанда, бұл идеология Аллаһ Тағала адамдар үшін басшылық ретінде түсірген діннің басым бөлігінің күшінің жойылуына және амалға асырылмауына жетелейді. Ал біздің «діни қайраткерлерімізге» келсек, бұл оларға өте тиімді-ақ. Бірінші санаттағыларға дүние адамдарына келер болсақ, онда олар осы идеологияға салып, көрмес көзге ұрлық та, басқа да қылмыстарды, ал жария түрде елді арақ-шарапқа молынан батыру, ақша мен байлық, қызық пен ләззат қуып сенделіс өмір сүру сияқты дінде айыпталатын, ал ел ішінде орынды болып қалған әдеттерді істей береді. Олар мұны ешбір кедергісіз қысылмай жасай береді, өйткені оларға мұны түсіндіретін молда жоқ, ал «айыпты істі айыптау» деген нәрсе іс жүзінде қалды. Сөйтіп олар өздерінің істеп жүргендерін нағыз дін осы деп сеніп кетті, әрі осы, яғни Исламның парыздарын орындамай-ақ, мешітке барып, не үйге молда шақырып, Құран оқыта салып күнәлардан құтыла салуға және мол сауапқа бөлене түсуге болады деген жалған сенімде бірнеше ұрпақтар өсті, сол ұрпақтардан осы кесірлі салтты күнкөріс көзіне айналдырып алған молдалар шықты. Ал егер мұсылмандардың арасында айыпталатын нәрсені айыптайтын және жақсылыққа шақыратын біреу-міреу пайда болса, «діни қайраткерлер» ондай адамға «өзгелерге «тыныш өмір сүруге» кедергі жасайтын фундаменталист, экстремист, уахабист» деген затбелгісін тағып, елге жексұрын көрсетуге бар күш-жігерін салады. Ал екінші санаттағыларға, яғни дінді кәсіп пен табыс көзіне айналдырып алған «дін қызметкерлеріне» келер болсақ, олар осындай идеология арқылы өздеріне өмірлік ас дорбасын, яғни мол табыс көзін қамтамасыз етіп алды, әрі халық діни тұрғыдан жаппай сауатсыз бола берген сайын, олардың да табыс көзі молая береді.

Алайда уақыт өткен сайын адамдардың діннен алыстайтыны соншалықты – оларды Аллаһ алдындағы халдері қандай бола-

---

[75] Бұл сөздер барлық имамдар мен діни қайраткерлерге қатысты емес, сондай-ақ олар мешітке садақа алып келетіндердің де барлығына қатысты емес. Алайда осы суреттелген жағдай шын мәнісінде кең көлемде етек алғанын өкінішпен мойындауға тура келеді.

тыны тіпті ойландырмайды да. Ал мұндай адамдар молдаларға жүгінуден де, ақша беріп Құран оқытудан да алыстап кетеді. Сондықтан да «діни қайраткерлеріміз» мәуліт сияқты Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ойламаған, сахабалар мен төрт имамның ешқайсысы тойламаған жыл сайын өтетін діндегі негізі жоқ жиындар өткізіп тұруға «мәжбүр болады». Сосын тағы бір айта кететін жайт: бұл «қайраткерлерді» халыққа үйреншікті болып кеткен «жетісі», «қырқы», «асы» деген жиындарды айтпағанның өзінде, қайтыс болған адамның туған күні, өлген күні, жамбасы жерге тиген күні, операциядан қайтыс болған адам болса, оның «пышаққа түсіп, қарны жарылған күні» сияқты жиындарға, немесе біреулер: «Қайтыс болған апамыздың киімдерін таратып, Құран оқытайық», – деп, Құран оқып беруге шақырса, олар мұндай жиындарға жай барып қана қоймай, осыны шариғат атынан заңды етіп беретінін естіген кезде, осы айтылғанның барлығына көзің жетеді.

Аллаһ былай деді: **«Сондай Аллаһ түсірген Кітаптан жасырып, оны аз ақшаға (дүниеге) айырбастағандар, солар қарындарына отты ғана жейді (қарындарын отпен толтырады). Қиямет күні Аллаһ оларға тіл қатпайды да, оларды ақтамайды және оларға күйзелтуші азап бар. Олар – адасуды туралықтың орнына, азапты жарылқаудың орнына ауыстырып алғандар. Сонда олар Тозаққа қалай шыдайды?»** («әл-Бақара» сүресі, 2: 174-175).

2. «Тәуассул» терминін бұрыс түсіну сондай-ақ біріншіден де қорқыныштырақ болған нәрселерге әкеп соқтырады. Ол айқын, үлкен көпқұдайшылыққа соқтырады. Бұл төмендегідей орын алады.

4-бөлім. «Шариғатпен заңдастырылмаған (бидғи) тәуассул – даулы көпқұдайшылық – айқын көпқұдайшылық» тізбегіне түсіндірме жасау

Бұл сопы:

1. Өзін күнәһар деп әрі осындай күнәһарлар Аллаһқа тікелей кешірім сұрап жалбарынуға лайықты емес деп шешіп, Аллаһтың алдында бедел мен құрметке ие болған біреулерді іздей бастайды. Іздену барысында ол Аллаһтың Муса пайғамбар туралы айтқан мына сөздерін тауып алады: **«Ол Аллаһтың қасында беделді еді»** («Ахзап» сүресі, 33: 69).

Сондай-ақ Иса пайғамбар туралы Аллаһ былай дейді: **«Ол дүние және ақыретте беделді, сондай-ақ Аллаһқа жақындардан болады»** («Әли Имран» сүресі, 3: 45).

Аллаһ тағы да былай деп айтқан: **«Расында, Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды. Олар иман келтіріп, тақуа болғандар»** («Юнус» сүресі, 10: 62-63).

Сондай-ақ ол, әрине, мұсылмандардың барлығы Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрмет-беделі ең ұлы екеніне, әрі Аллаһтың алдында Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметтірек болған өзге бірде-бір жаратылыс жоқ екеніне әрі оны шапағатынан артық шапағат жоқ екеніне бірауызды келіскенін біледі. Қз.: «Қа'ида жәлилә» 9-тармақ.

Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сондай-ақ басқа пайғамбарлар, әрі періштелер мен адамдардан болған салиқалы ізгілер Аллаһқа сүйікті және Оның алдында көбірек құрметке ие екенін түсініп, ол көпқұдайшылыққа қарай алғашқы қадамын жасайды. Ол тәуассулдің шариғатта заңдастырылмаған түрін (тәуассул бид'ий) жасай бастайды, яғни Аллаһтан пайғамбарлардың құрметі мен олардың құқықтарын ортаға қойып: «Уа, Аллаһ! Мен Сенен пәленнің атымен сұраймын», – немесе, – «Мен Сенен Қағбаның құрметімен сұраймын», – деп, немесе басқа да сол сияқты сөздерді айтып сұрайды.

Алғаш қарағанда бұда қорқынышты еш нәрсе жоқ сияқты болып көрінеді. Бірақ шын мәнісінде, осы саты мен осы қадам біздің оларға алдыртқызып қоюға хақымыз жоқ болған қамалдардың бірі болып табылады. Не үшін?

1. Шариғатта заңдастырылмаған мұндай тәуассул адамның өз амалдары мен ынтасы оншалықты маңызды емес деген ойлардың алғашқы көрінісі болады. Бұл оның: «Менің өзім күнәһар болсам да, және Аллаһ маған разы емес болса да, өзгелердің еңбегі мен құрметін пайдалану маған пайда келтіреді, әрі оларды пайдалану мен үшін жақсырақ әрі жеңілірек болады», – деген алғашқы ойлары.

2. Бұда жаратылыстардан болған біреудің Аллаһта ерекше бір қақысы бар және Аллаһ оларға бір нәрселермен міндетті дегенді тұспалдау бар. Бұл сопы: «Уа, Аллаһ! Мен Сенен Сенің Пайғамбарыңның Сендегі қақысымен сұраймын!», – деп, Аллаһ Тағаланың Өзіне ультиматум қойып тұрғандай. Ал бұл «Егер Сен маған сұрағанымды бермесең, демек, Сен Өзіңнің Пайғамбарыңа әділетсізсің әрі оның қақысымен санаспайсың!» дегенді білдіреді.

Дәл сондықтан да Ислам ғалымдары мұндай тәуассулдің рұқсат етілгендігін кері қайтарды.

Имам Абу Ханифа былай деген: *«Аллаһтан Оның Өзінен өзге біреу арқылы сұрауға рұқсат етілмейді. Рұқсат етілген және бұйырылған дұға Аллаһ Тағаланың мына сөздерінен бастау алады:*

«Аллаһқа ең көркем есімдер тән, сондықтан Оған солар арқылы жалбарыныңдар» («әл-Әғраф» сүресі 7: 180)». Қз.: «Әд-Дурр әл-Мухтар» 2/630, сондай-ақ «әл-Фәтауа Татархания».

Ханафи мәзһабының атақты имамы әл-Кудури былай деген: *"Бишр ибн әл-Уалид оған Абу Йусуфтың имам Абу Ханифа былай дегенін жеткізген: «Аллаһтан Оның Өзінен өзге біреу арқылы сұрауға ешкімге рұқсат етілмейді. Әрі мен: «Мен Сенен Аршыңның құрметімен, – немесе, – пәленнің қақысымен сұраймын», – деп айтуға рұқсат етпеймін». Әрі бұл Абу Йусуфтың*[76] *да пікірі"*. Қз.: «әл-Фәтауа әл-Хиндия» 5/280.

Әл-Кудури сондай-ақ былай деген: «*Аллаһтан Оның жаратылыстарын ортаға қойып сұрау тыйым салынған, өйткені жаралыстардың Жаратушыда ешқандай қақысы жоқ. Сондықтан да бұл бірауызды рұқсат етілмейді*». Қз.: «Шарх ул-Курхи», «Құпталмайтын амалдар туралы» тарау.

Ендеше, не болып жатыр? Қалайша сопылық ағымның өкілдері имам Абу Ханифаға да, оның мәзһабының барлық ғалымдарына да, сондай-ақ Құранның барлық муфассирлеріне де қарсы келді?! Оларды мәзһабқа соқыр түрде ілесуінен жер бетінде жылжыта алатын ешкім жоқ сияқты болып көрінгенде діннің негіздеріне қатысты болған осы мәселеде ханафи мәзһабынан бас тартуға және оған опасыздық жасауға не мәжбүрледі екен? Оларды осыған итермелеген нәрсе де ұлы болуға тиіс сияқты!

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген екен: «*Бұл – надан адамдардың: «Егер адам Аллаһқа құлшылық жасаса, сонысымен оның Аллаһта қандай да бір қақылары болады», – деп пайымдайтыны себепті, (ягни) тура жаратылыстардың арасындағыдай. Мысалы, өз әмірлеріне қызмет ететіндер оларға пайда келтіреді және олардан зиянды қайтарады, және осынысымен өздерін сый немесе өтемақы алуға қақылы деп ойлайды. Сондықтан да егер әмір оларға қатысты дөрекілік немесе немқұрайдылық танытса, олар: «Мен сіз үшін осындай және осындай нәрселер жасаған жоқпын ба?», – деп сұрайды. Осынысымен олар әмірге істеген ісін не сөзбен айтып, не жүрегінде сақтап міндетісінеді (жазғырады). Тура сол сияқты, Аллаһқа құлшылық ететіндер де өздерінің надандығы мен әділетсіздігінен Аллаһ оларға бір нәрселермен міндетті деп санай бастайды. Сондықтан да Аллаһ Тағала адамның істеген ісінің пайдасы оның өзіне оралатынын, ал Аллаһ Тағала жаратылыстарға мұқтаж еместігін түсіндіріп берді. Аллаһ былай деді:* **«Егер жақсылық істесеңдер – өздерің үшін. Ал жамандық істесеңдер – өздеріңе зиян»** («әл-Исра» сүресі, 17:7).

---

[76] Имам Абу Ханифаның ең жақын шәкірттерінің бірі.

Ол сондай-ақ былай деді: **«Кім ізгі іс істесе, сонда өзі үшін. Ал кім жамандық істесе де өзіне тән. Раббың құлдарына зұлымдық істеуші емес»** («әл-Фуссыләт» сүресі, 41:46).

Ол тағы да былай деп айтты: **«Кім шүкірлік қылса, әрине, шүкірлігі өзі үшін игілік. Ал кім нәшүкірлік етсе, Раббым Бай** (оның шүкірлігіне мұқтаж емес) **және өте Жомарт»** («ән-Нәмл» сүресі, 27: 40).

Сондай-ақ (Ол): **"Олар саған мұсылман болғандарын міндетсініп бұлданады. Оларға: «Мұсылман болғандарыңды маған міндетсінбеңдер. Негізінде, сендерді иманға келтірген Аллаһ, егер сендер шындықты айтып тұрған болсаңдар», – де»** («әл-Хужурат» сүресі, 49: 17), *– деді.*

Сондықтан да Жаратушы мен жаратылыстардың арасында айырмашылықтар көп, ал мұны білімнен аз болса да үлеске ие адам ғана түсінеді.

Осы (білімнен) – Ұлы Раббының Өздігінен ешкімге, еш нәрсеге және ешқалай мұқтаж еместігі, ал әмірлерге келер болсақ, олар, қалай болғанда да, өзгелерге мұқтаж.

Осыдан сондай-ақ Ұлы Раббының Өз құлдарына оларға пайдалы болған нәрселерді бұйырғаны және оларға зиянды нәрселерді тыйым салғаны. Бұл туралы Қатада былай дегендей: «Ақиқатында, Аллаһ Өзінің бұйырған нәрселерін осыған мұқтаж болуы себепті бұйырмады, әрі тыйым салған нәрселерін де оларға қатысты сараңдық жасағаны үшін тыйым салмады, бірақ олардың өздеріне пайда келтіретін нәрселерді бұйырды және олардың өздеріне зиян келтіретін нәрселерді оларға тыйым салды. Әрі бұл өздері мұқтаж нәрселерді бұйыратын және өздері осыған сараңдық танытатын нәрселерді тыйым салатын жаратылыстардан айырықша».

Сондықтан да егер біреу жаратылғанның Аллаһта қақысы бар десе, онда ол егер Аллаһтың Өзі хабарлаған қақыны меңзеп тұрған болса – дұрыс айтқан болады, өйткені Аллаһ шыншыл әрі Өзінің уәдесін бұзбайды. Ол Өзінің даналығымен, жомарттығымен және рахымымен Өзін-Өзі (белгілі) міндетемелермен міндеттеді. Сондықтан да егер қандай да бір қақыға ие болған біреу Аллаһтан жауап алатындай себептер арқылы, мысалы, өзінің игі істері арқылы сұраса, онда Аллаһ оған жауап береді. Ал егер Аллаһтан осы істер арқылы оларға ие болмаған (яғни оларды істемеген) біреу сұраса, онда ол Аллаһтан басқа адамдардың қақыларымен сұраған болады. Бұл Аллаһтан басқа адамдардың құрметі арқылы сұрайтын адамның мысалында көрінеді. Міне, осындай сұраныс-тілек сұраушыға пайда әкелмейді, өйткені ол Аллаһтан өзінің емес, өзгелердің қақылары арқылы сұрайды». Қз.: «Қа'ида жәлилә», 322-339-тармақтар (аздап қысқартылған).

Тәуассулдің бұл түрін Ислам ғалымдарының басым бөлігі шариғатта заңдастырылмаған бидғат деп атаған. Бірақ ол көпқұдайшылықтың деңгейіне дейін жетпейді.

Бұл адам жеткен деңгейінде тоқтап, келесі сатыға көшпегенде, мұның барлығы соншалықты қорқынышты болмас еді, алайда:

2. Біздің сопы уақыт өте келе күнәларына күнә қосылып, олардың көбейіп жатқанын ұғынады. Осыдан шыға келе, ол өзінің «Мен неліктен егер Аллаһ Тағаладан Оның Пайғамбарының қақысымен сұрасам, Ол маған жауап беретініне соншалықты сенімді боламын?» деген күмәндарында одан сайын бекемдей береді. Өз күмәндарының шырмауында қалған ол ендігі жерде келесі хадистерді жолықтырады:

Ибн ‘Умар былай деп баяндаған: *"Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Бадр шайқасынан кейін көпқұдайшылдардың көсемдерінің мәйіттерінің үстіне тұрып:* ***«Раббыларың сендерге ақиқат деп уәде еткен нәрсені таптыңдар ма?»,*** *– деді. Кейін ол: «Дәл қазір олар менің айтқандарымды естіп жатыр», – деді"* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 7/242; Нәсаи 1/693; Ахмад 2/31).

Сондай-ақ Бара ибн ‘Азиб Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Ақиқатында, қайтыс болған адамды оның қабіріне қойған кезде, әрі одан оның достары кетіп бара жатқанда, ол олардың аяқ киімдерінің дүрсілін естиді »*** (**хадис сенімді (сахих);** Ахмад 4/297; Абу Дауд 4753).

Осы хадистерден «Егер қайтыс болған адамдардың қабірлерінің басына келіп сөйлесең, олар естиді» деген қате қорытынды шығарып, ол: «Ендеше, неліктен маған осы әулиенің өзіне ол мен үшін Аллаһ Тағаланың алдында жеке шапағат етуін сұрамасқа?!», – деген тұжырым шығарып, «әулиенің» қабіріне барып: «Уа, пәлен! Мен үшін Аллаһ Тағаладан тілеші, Ол мені кешіруін сұрашы», – деп әруаққа жалбарынады.

Бұл іс-әрекет шариғатта заңдастырылмаған тәуассулмен салыстырғанда едәуір ауыр болып табылады.

Бұл қадам адамды Исламнан шығаратынына қатысты ғалымдардың арасында келіспеушілік болса да, ол Исламнан шығаратын көпқұдайшылық болып табылады. Бұған бірнеше себептер бар:

1. Адам «әулиенің» қабіріне ол оны түсінетініне, оның жағдайына кіретініне, оған жанашырлықпен және кешірімділікпен қарайтынына толық сенген түрде барады. Осы жерде ол осы «әулиені» Аллаһ Тағаладан да мейірімді әрі жанашыр етеді. Өйткені егер ол Аллаһты ең Мейірімді, ең Жарылқаушы деп санағанда,

оған осы қабірге келу қажет болмас еді. Мұндай логика ешбір күмәнсіз күпірлік болып табылады.

Біздің оқырман бауырымыз, осыны түсінгеннен кейін, сіз Аллаһ Тағала дәл осы логиканы теріске шығару үшін Құранда:

«Сонда да олар Аллаһқа тәубе етіп, Одан жарылқау тілемей ме? Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді» («әл-Мәида» сүресі, 5:74);

«Ол құлдарының тәубесін қабыл етеді де, күнәларын кешіреді. Әрі не істегендеріңді біледі. Сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендердің тілегін қабыл етіп, кеңшілігімен арттыра түседі. Ал қарсы болғандар үшін қатты азап бар» («әш-Шура» сүресі, 42: 25-26), – деп үнемі қайталап айтатынын өзіңіз үшін жаңадан ашып, естігендей таңданасыз.

Аллаһ Тағала бұл сөздерді осы адам дәл Аллаһ оны және оның тәубесін қабыл ететінін түсіну үшін қайталайды. Аллаһтың Өзі оған кешірімділік танытып, оны қайтармайды, әрі оның «әулиелерге» баруына қажеттілік жоқ.

2. Бұл сопы осы өлген адамға құлшылықтың ең ұлы түрінің бірі болған жалбарынып дұға етуді арнайды, ал бұл іс ешбір шартсыз күпірлік болып табылады.

Аллаһ былай деді: **«Біреу Аллаһпен бірге басқа бір тәңірге жалбарынып дұға етсе, оның осыған ешбір дәлелі жоқ. Оның есебі Раббысының қасында. Ақиқатында, кәпірлер құтылмайды»** («Мүминун» сүресі, 23: 117).

Алайда бұл адамды кәпір деп күпірлікте айыптауға қатысты айтар болсақ, онда дәлел келтірусіз бұған рұқсат жоқ. Өйткені бұл адам егер қайтыс болған біреудің қабірінің қасына барып, оған сөйлесең ол естиді деп, әрі осы «әулие» Аллаһқа жақын болса, ол Аллаһтың алдында ол үшін шапағат ете алады деп есептейді. Оның осы сенімі жоғарыда келтірілген хадистерді бұрыс түсінуге (тәуилге) сүйенеді. Сондықтан да оның «әулиеден» дұға етіп сұрауы оның өлген біреуден тек Аллаһ қана жасай алатын нәрсені сұрау санатына жатпайды. Бұл ата-ананың өз баласынан бөлмеде жатқан бір нәрсені әкелуді сұрайтынындай. Бұл «дұға-тілекті балаға арнау» деп аталмайды, бірақ одан ол істей алатын нәрсені сұрау деп айтылады. Бұл сопы осы қайтыс болған адамға (әруаққа) қатысты тура осындай сенімге ие, алайда іс жүзінде бұл өлген адам оны естімейді әрі Аллаһтың алдында ол үшін шапағатшы да бола алмайды. Ал өзінің осы амалымен ол осы «әулиені» Аллаһ Тағаладан да мейірімді әрі кешірімді етуіне келер болсақ, онда өз негізінде бұл шынымен де солай. Алайда егер бұл сопыға оның іс-әрекеттері оның осы өлген адамды Аллаһ Тағаладан да мейірімді деп санайтынын тұспалдайды деп түсіндірілсе, ол өзінде осындай

сенімдердің бар екенін теріске шығаратын әрі өзінің осы амалынан бас тартатын тәрізді.

Сондықтан да өз негізінде өлген адамға шапағатшы болуын сұрап жалбарыну үлкен көпқұдайшылық болып табылады, алайда жоғарыда айтылған себептерге байланысты ол даулы мәселелер санатына кіріп кетеді. Сондықтан да бұл амалдың айқын көпқұдайшылық болып табылатындығы туралы бір мағыналы шешім шығару айқын нәрсе болып көрінбейді яғни күмәнді. Ал Аллаһ барлық нәрсе туралы жақсырақ біледі.

Ал ғалымдардың бұл мәселеге қатысты айтқан сөздеріне келер болсақ, біз осы жерде қолымыз жеткен нәрселердің қысқаша талдауын ұсынуды жөн көрдік.

1. Шейхул-Ислам Ибн Таймия, адамның қайтыс болған ізгі-салиқалы кісіден Аллаһтың алдында оған шапағат етуін сұрауы туралы былай деген:

*«Бұл – оның **рұқсат етілмейтіндігіне және бидғаттардың бірі болып табылатындығына** қатысты бірде-бір ғалым күмәнданбайтын нәрсе».* Қз.: «Мәжму' әл-Фәтауа» 1/350.

Көріп тұрғанымыздай, осы жерде шейхул-Ислам бұл істі көпқұдайшылық деп атамады. Бірақ өзінің басқа бір еңбегінде ол былай дейді: *«Егер біз Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазды Аллаһқа арнап (бірақ) қабірдің қасында оқуға тыйым салды дейтін болсақ, онда нағыз көпқұдайшылық болып табылатын адамның өлгендерге дұға етіп жалбарынуы немесе олардан Аллаһтың алдында шапағат етуін сұрауы туралы не айтуға болады?!»* Қз.: «Иқтида сырат әл-мустақим» 553-бет.

Көріп тұрғанымыздай, бұл жерде енді шейхул-Ислам бұл амалды «нағыз көпқұдайшылық» («'айну-ш-ширк) деп атады.

Шейх Ибн Базға: *«Көптеген бауырлар өлгендерге Аллаһтың алдында шапағатшы болуын сұрап жалбарыну көпқұдайшылық болып табылмайды, бірақ бидғат болып табылады деп айтады»*, – деп айтылғанда, ол: *«Керісінше, **бұл үлкен көпқұдайшылық** (ширк әкбар)»*, – деді. Қз.: «Шарх «Кашф Шубухат»», 1-кассета.

Қалай болғанда да бұл мәселе бұдан да тереңдеу зерттеуді қажет етеді, алайда дәл қазір бұл қиынға соғып тұрған сияқты.

Сіз өзіңіз көріп тұрғаныңыздай, біз осы кітаптың бас жағында көрсетіп кеткен көпқұдайшылықты енгізу сатыларының жалпы тізімінде тоғызыншы саты болып келетін осы екінші сатыны теріске шығару үшін келесі үш құбылысты түсіндіруге күш жұмсау қажет:

1. Аллаһ Тағала ең Кешірімді және ең Мейірімді болып табылады, сондықтан да әулиелерге шапағат сұрап жалбарынуға деген қажеттілік жоқ;

2. Өлген адамдар өз қабірлерінде естімейді;

3. Дұға құлшылық болып табылады, әрі онымен Аллаһтан өзге ешкімге жалбарынуға болмайды.

Мұның түсіндірмесін біз жеке бір тарауда беретін боламыз. Ал осы жерде біз қадірменді оқырманның шариғатпен заңдастырылмаған тәуассулдің қауіптілігін және оның соңы не нәрселерге әкеп соғатынын, сондай-ақ ол осы сатылардың мән-мағынасы мен олардың іске асуына жол бермеу үшін не қажет екенін түсінгенін ғана қалап тұрмыз. Сондай-ақ иконаларға, жансыз заттарға, қабірлерге, әруақтарға табыну неден, не үшін және қандай логикадан пайда болатынын да түсіну үшін. Ақыл-зейіні түгел, есі дұрыс адамдарды артта қалған пұтқа табынушылыққа қайта оралуға не итермелейтінін де.

3. Осыдан кейін бұл сопы ары қарай тереңдей түседі. Күнәһар адамның ізгі адамның әруағына үнемі құр қол барып, сұрана беруі дұрыс емес екенін түсініп, ол енді оның «көңілін алуға» кіріседі. Ол оған арнап құрбан шала бастайды, оған нәзір беретін болады, осы «әулие» оның дұғасына жауап бермей қояды әрі оған разы болмайды деп шын ықыласымен қорқа бастайды. Сонымен бірге ол пайда мен зиян тек Аллаһ Тағаланың қолында екенін әрі осы «әулие» еш нәрсеге ие еместігін түсінеді, бірақ осы «әулие» Аллаһтың алдында ол үшін шапағат етуін қалау әлгі сопыны құлшылық-ғибадатын соған арнауға және сол өлген кісінің разылығын алуға ұмтылуға мәжбүрлейді. Бұл үлкен көпқұдайшылық, ал бұл адам көпқұдайшыл екені даусыз. Өйткені ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезіндегі көпқұдайшылдар істейтін және Пайғамбар оларды сол үшін көпқұдайшылдар деп атап, олармен соғысқан нәрселерді істеп жатыр. Олардың сөздерін бізге жеткізіп, Аллаһ Тағала былай деген:

"Олар Аллаһтан өзге, өздеріне зиян, не пайда бермейтін нәрселерге табынып: «Олар Аллаһтың алдында біздің шапағатшыламыз», – дейді" («Юнус» сүресі, 10:18).

Ол тағы да былай деді: "**Көңіл бөліңдер! Дін нағыз Аллаһқа тән. Сондай Аллаһтан өзгені қамқоршы әрі көмекші етіп алғандар: «Біз бұларға олар бізді Аллаһқа жақындастырсын деп қана табынамыз», – дейді"** («әз-Зүмәр» сүресі, 39:3).

Алайда сопылардың да олар өздерін жақтап алға тартатын, олар мен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезіндегі көпқұдайшылдардың арасында айырмашылық бар деп көрсеткісі келетін және дәлелдегісі келетін күмәндары бар. Бұл күмәндардың барлығы немесе олардың басым бөлігі, Аллаһтың рұқсатымен, осы сатыға арналған жеке тарауда қаралады.

Қабірлерге табынушы сопылардың жетекшілерінің және имамдарының бірі болып табылатын әл-Куза'и өзінің «әл-Барахин» (391-бет) атты кітабында өз оқырмандарына бұл тізбектің мәнін түсіндіріп, былай дейді: «*Әулиелердің дәнекерлігі үш бағытта болатынын біл:*

1. Аллаһқа солар арқылы жалбарынып, былай деу: «Уа, Аллаһ! Мен Сенен Пайғамбарларыңмен, немесе әулиелеріңмен немесе олардың құрметімен, немесе олардың ұлылығымен яки қақысымен сұраймын».

2. Өлген кісінің (әруағына) ол сұраушы адам үшін Раббы алдында оның проблемаларының шешілу мәселесінде шапағатшы болуын сұрап тікелей жалбарыну. Мұны келесідей етіп айтуға болады: «Уа, пәлен! Мен үшін Аллаһқа Ол маған көру қабілетімді қайта берсін деп дұға етші!»

3. Өлген кісіден ол сұраушының проблемаларын өзі шешіп беруін тілеу. Мұны келесідей етіп айтуға болады: «Уа, пәлен! Маған көру қабілетімді қайтаршы!» Қз.: «әл-Барахин» 391-бет.

Міне, енді қабірге табынушылардың идеологиясының мәні неде екенін түсінген соң, келесі бөлімге көшуге де болады.

5-бөлім. Тәуассулдің шариғатпен заңдастырылған түрлері

Шариғи тұрғыдан заңды болған тәуассулдің бірнеше түрі, яғни, басқаша айтқанда, Аллаһқа жақындаудың бірнеше тәсілдері бар. Біз оларды заңдастырылған деп айтатынымыздың себебі – оларға Құранда, Сүннетте және сахабалардың түсінуінде нұсқалады. Қз.: «әт-Тәуассул» 29-30 беттер.

1. Аллаһқа Оның Көркем Есімдері және Ұлы Сипаттары арқылы жақындау.

Бұның рұқсат етілгендігіне Құран аяттары мен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистері дәлел болады.

Аллаһ былай деді: **«Ең көркем Есімдер Аллаһқа тән. Сондықтан да, Оған солар арқылы жалбарыныңдар!»** («әл-Әғраф» сүресі, 7: 180).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала Сүлеймен пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) дұғасы туралы былай деген:

"Сонда (Сүлеймен) құмырсқаның сөзінен жымиып күлді де: «Раббым, маған және әке-шешеме мәрхамет еткен игіліктеріңе шүкір етуімді әрі Өзің разы болатын іс істеуімді нәсіп ет те, өз мәрхаметіңмен ізгі құлдарыңның арасына кіргіз!»,- деді" («ән-Нәмл» сүресі, 27:19).

Яғни бұл жерде Сүлеймен пайғамбар Аллаһқа Оның мархаметі арқылы жақындауға тырысты.

Ибн Мәс'уд Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Кімнің басына қайғы-уайым келсе, былай десін: «... Әрі мен Сенен Саған тән болған, Сен Өзіңді Өзің атаған, немесе жаратылыстарыңның біріне үйреткен, немесе Кітабыңда түсірген, немесе Өзіңнен басқаға құпия еткен барлық есімдеріңмен сұраймын: Құранды менің жүрегімнің көктемі ... ете гөр»*** (х**адис сенімді (сахих);** Ахмад 3712; әл-Хаким 1/509; Ибн Хиббан 2372 т.б. Қз.: «әс-Сахиха» 199).

Ибн 'Аббас Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп дұға ететінін баяндаған: ***«Уа, Аллаһ! Мен сенің Құдіретіңе сиынамын, Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ, Мені адастырма...»*** (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 7383; Муслим 6899; Ахмад 2748).

Жоғарыда айтылғандардың барлығы өте қарапайым қорытындыға келіп ұштасады – адам Аллаһ Тағалаға жалбарынғысы келсе, әрі Аллаһ Тағала оның дұғасына жауап беруін қаласа, оған бар болғаны Аллаһқа сол жағдайға сәйкес келетін Есімі арқылы жалбарынуы керек.

Мысалы: «Уа, Аллаһ! Мені кешір, Сен – Кешірімдісің ғой! Уа Аллаһ! Мені сый-нығметтеріңе бөлей гөр, Сен – Жомарт әрі Сыйға Бөлеушісің!» – т.с.с.

2. Аллаһқа өзіңнің игі істерің арқылы жақындау.

Бұл адамның Аллаһтан белгілі бір нәрселерді сұрау кезінде, дұғасының ішінде өзінің істеген игі істерін немесе белгілі күнәлі істі істемегенін айтуы арқылы іске асады.

Аллаһ былай деді: **"Сондай: «Раббымыз! Иман келтірдік, күнәмізді жарылқа да, От азабынан сақта», – дегендер"** («Әли Имран» сүресі, 3: 16).

Ол тағы да былай деді: **«Раббымыз! Біз түсіргеніңе иман келтіріп, Пайғамбарға ердік; енді бізді куә болушылармен бірге жаз»** («Әли Имран» сүресі, 3: 53).

Сондай-ақ Ол: **"Құлдарымнан кейбіреулері: «Раббымыз! Иман келтірдік, бізді жарылқа! Және бізге мәрхамет ет. Сен мәрхамет етушілердің ең жақсысысың», – дейтін еді"** («Мүминун» сүресі, 23: 109).

Осы жерде үңгірде қамалып қалған үш адам туралы хадисті келтіруге болады. Олардың әрқайсысы өзінің істеген игі амалын атап айтып, Аллаһқа жалбарынды. Олардың біреуі өз дұғасында шынайы ықыласпен жалғыз Аллаһ үшін өз ата-анасына таңқаларлықтай құрмет көрсететінін айтты. Екіншісі өзінің

дұғасында Аллаһтан қорыққандықтан зина жасаудан бас тартқанын атады. Ал үшіншісі өз қызметкеріне қандай жомарттық жасағанын тілге алды. Олардың дұғаларынан кейін Аллаһ Тағала үңгірді жауып тастаған үлкен тасты жылжытып, оларды қамауда қалудан құтқарды (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 2215, 2272; Муслим 6949; Ахмад 5974, Ибн ʻУмардың сөздерінен).

Осыдан шыға келе, біздің кез-келгеніміз өз дұғасында, мысалы, былай деп айтуына болады: «Уа, Аллаһ! Мен Өзіңе үміт етіп, Сенің жолыңда көштім, ендеше мені көмексіз қалдыра көрме!», – немесе: «Уа, Аллаһ! Мен Сенің Елшіңді және оның сахабаларын шын жүректен жақсы көремін, соларға деген махаббатым үшін менің күнәларымды кешіре гөр!» – деп.

3. Аллаһқа тірі салиқалы адамның дұғасы арқылы жақындау.

Бұған көптеген хадистер мен асарлар дәлел болады.

Аяттардан Аллаһтың мына сөздерін келтіруге болады: **“Ұлдары: «Әй, әкеміз! Біздің күнәларымыздың жарылқануын тіле! Расында, біз қателескен едік», – деді”** («Юсуф» сүресі, 12: 97).

Ал хадистерден – бірде, қатты қуаңшылық болған кезде, бір бәдәуи Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұма құтпасын оқып тұрғанда оған жақындап келіп, одан Аллаһқа жаңбыр сұрап жалбарынуын сұрағанын келтіруге болады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі қолын көтеріп, Аллаһтан жаңбыр тіледі, содан соң ол құтпаны аяқтап үлгермей-ақ оның сақалынан жаңбыр тамшылары аға бастады (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 933; Муслим 897).

Әнас ибн Мәлик құрғақшылық орын алған кезде ʻУмар ибн әл-Хаттаб Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі ʻАббас ибн ʻАбдулмутталибке барып, былай деп айтатынын баяндайтын: *«Уа, Аллаһ! Бұрын біз Саған Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жақындайтынбыз әрі Сен бізге жаңбыр беретінсің, ал енді біз Саған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі арқылы жақындап жатырмыз, бізге жаңбыр бере гөр!»* Әрі жаңбыр шындығында да басталатын (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1010, 3710; Ибн Саʼд «Табақатта» 4/28-29).

Бұл хадистің риуаяттарының бірінде ʻУмардың өтінішінен соң ʻАббастың Аллаһтан жаңбыр сұрап жалбарынған дұғасының мәтіні келтіріледі. Бұл риуаятты біз қарсы тараптың күмәндарын қарау барысында атап өтеміз, ин ша Аллаһ.

Бұл хадистерде ауыр тұрмыстық жағдай қалыптасқан кезде адамдардың арасында ізгі-салиқалы кісі ретінде танылған біреуге

барып, ол Аллаһтан осы жағдайдың жақсаруын тілеп дұға етуін сұрауға болатынына нұсқау бар.

4. Аллаһқа өзіңнің әлсіздігің мен шарасыздығыңды айту арқылы жақындау.

Аллаһ былай деді: "**Мұса олардың малдарын суарды да, сосын көлеңкеге қайта келіп: «Раббым! Мен Сенің маған жіберетін кез-келген нығметіңе мұқтажбын», – деді**" («әл-Қасас» сүресі, 28:24).

Ол сондай-ақ былай деді: "**Ал бір заманда ол Раббысына құпия дауыспен жалбарынған еді: «Раббым! Сүйегім қаусап, басым ағарған. Ал бұрын Саған жасаған дұғаларым арқылы, Раббым, мен бақытсыз емес едім. Шынында, мен жақындарымның менен кейін не істейтіндерінен қорқамын. Жұбайым бедеу ғой. Ендеше, маған Өз қасыңнан бір мұрагер бере гөр! Ол, маған да әрі Яғқұп ұрпағына да мұрагер болсын. Раббым, оны ризалығыңа бөле!»**

Әй, Зәкария! Расында, сені бір ұлмен қуантамыз. Аты Яхия. Бұрын оған ешкімді аттас қылмаған едік" («Мәриям» сүресі, 19: 3-7).

5. Аллаһқа өз күнәң мен әділетсіздігіңді мойындау арқылы жақындау.

Аллаһ былай деді: "**Ол: «Раббым! Рас, өзіме кесір істедім. Мені жарылқа!», – деді. Сондықтан Аллаһ оны жарылқады. Өйткені Ол – тым Жарылқаушы, ерекше Мейірімді. Ол: «Раббым! Маған берген нығметіңе серт! Енді ешқашан күнәкарларға жәрдем етпеймін», – деді**" («әл-Қасас» сүресі, 28: 16).

Ол сондай-ақ былай деп айтты: "**Балық ішіндегі адамды (Юнысты) есіңе ал. Сол уақытта ашуланып кетіп қалды да, Біздің еш тарлық қылмауымызды ойлап, сонда қараңғылықтар ішінде (балықтың қарнында): «Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ. Сен Пәксің. Шын мәнінде, мен әділетсіздік жасаушылардан болдым», – деп жалбарынды. Тілегін қабыл етіп, оны қайғыдан құтқардық. Міне, иман келтіргендерді сөйтіп құтқарамыз**" («Әнбия» сүресі, 21: 87).

Сондай-ақ Ол: "**(Адам ата мен Хауа ана): «Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мархамет етпесең, әлбетте, зиян шегушілерден боламыз», – деді**" («әл-Әғраф» сүресі, 7: 23), – деді.

Міне, тәуассулдің осы түрлері Құран мен Сүннеттегі көптеген аят-хадистермен заңдастырылған. Ал сопылар мен солар сияқтылардың айтып жүргендеріне келсек, онда біз олардан

өздерінің істеп жүрген тәуасулдарының шариғат тарапынан заңдастырылғанын дәлелдейтін дұрыс түсіндірмесі бар бір аят болса да, немесе сенімді әрі айқын мағыналы бір хадис болса да келтіруін талап етеміз. Бірақ олар оны қайдан алмақ?!

Шейх әл-Әлбани былай деген: *"Бірақ таң қалдыратыны – олардың (шариғатта) заңдастырылған тәуассулден бет бұрып, тәжірибеде оларды өздерінің дұғаларында да, адамдарды үйретуде де қолданбайтыны, ал бұл тәуассул түрлерінің Құран мен Сүннетте негізі бар әрі үмметтің бірауызды келісімімен расталған ғой. Әрі сіз олардың осының орнына өздері ойдан шығарған дұғаларға және Аллаһ Тағала заңдастырмаған әрі ардақты Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолданбаған, әрі мұсылмандардың алғашқы ең жақсы үш ұрпақтарының ешқайсысы пайдаланғаны туралы хабар жеткізілмеген тәуассул түрлеріне ұмтылатынын көресіз. Тәуассулдің мұндай түрлері туралы ең азы – «олар жайында келіспеушіліктер бар», – деуге болады. Әрі дәл осы жерде Аллаһ Тағаланың мына сөздерін еске салу нендей орынды:* **«Сонда сендер жақсырақ болған нәрсені жаманырақ нәрселермен ауыстыруды сұрайсыңдар ма?»** («әл-Бақара» сүресі, 2:61)". Қз.: «әт-Тәуассул» 46-бет.

Әрі олар шындығында да жақсы нәрсені жаман нәрсемен ауыстырғандардан болды. Өйткені тәуассулдің бұл түрлері пайдалы әрі нәтижелі болғандықтан шариғат тарапынан заңдастырылды ғой. Ал Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қақысымен жалбарынуға қатысты айтар болсақ, бұл ешқандай нәтиже бермейді.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: «*Аллаһтан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немесе ізгі салиқалы адамдардың құрметімен немесе қақысымен сұрау өздігінше ешқандай оң нәтиже бермейді. Бірақ олардың бұл қақылары мен құрметі егер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), не ізгі-салиқалы адамның өзі осы адам үшін Аллаһқа дұға етіп жалбарынған жағдайда пайда әкелер еді. Ал егер адам Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі мен қақысы арқылы жалбарынса, бірақ Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы кезде ол үшін Аллаһқа дұға етіп және Аллаһтың алдында ол үшін шапағат жасап жатқан болмаса, сондай-ақ осы адамның өзі де Аллаһ оның дұғасына жауап беруіне себеп болатындай еш нәрсе істеп жатқан болмаса, онда оның дұғалары пайда мен нәтиже бермейді. Өйткені ол Аллаһтан бөгде, яғни өзіне қатысты болмаған нәрселер арқылы сұрап жатыр және Аллаһ Тағала оған жауап беретіндей себептерді жасап жатқан жоқ*». Қз.: «Қа'ида жәлилә» 304-305 тармақтар.

6-бөлім. Қарсы жақтың кейбір күмәндары және оларға сопылардың кітаптарында орын алған қасиетті мәтіндерді бұрмалау фактілеріне нұсқай отырып жауап беру

Бұл бөлімде біз, Аллаһтың рұқсатымен, сопылар өздерінің ұстанымын дәлелдеу үшін таратып жүрген негізгі күмәндарын келтіреміз де, соңынан әрбір осындай күмәнға олар тозаң сияқты жойылып кететіндей етіп жан-жақты жауап береміз.

Алайда осы тарауда біз олардың күмәндарын ғана келтіріп қоймай, олардың кітаптарынан алынған олардың өз ұстанымын дәлелдеу үшін еш нәрседен жиіркенбейтінін дәлелдейтін кейбір үзінділерді де келтіріп кетеміз. Олар өтірікке де, сөздердің орнын қасақана ауыстыруға да, шариғи мәтіндерді бұрмалауға да жүгіне береді. Олар мұны өздерінің жалған ұстанымдарын өтірік-шынды араластырып болса да барынша дәлелдеп шығу үшін істейді.

Әрине, біз бұл шағын тарауды олардың кітаптарын толық теріске шығаруға арнамаймыз, бірақ олардан алынған оқырманды таң қалдыратын кейбір үзінділермен ғана шектелеміз.

Өздерінің жалған идеяларын жайып тарату үшін олар көптеген әдебиеттер басып шығарды, біз олардың ішінен тек екі кітаппен ғана шектелеміз:

1. «Тавассул – мольба через посредничество в Исламе» (автор атын белгісіз қалдырыпты, мұнын себебін құрметті оқырман таяу арада түсінеді. Алайда басып шығаруға деген жауапкершілікті өзіне Уалиулла Яғқуб деген кісі алған. Кітап Қазан қаласындағы «Иман» баспасында 1424 х/ж (2003 ж.) жарық көріпті.

2. «Истинное лицо ваххабизма» (авторы Наджмуддин Шейхмардани, Қазан, 2007 ж.).

Мынау – олардың дәйектері және оларға берілетін жауаптар:

1 дәйек.

Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және әулиелердің құрметі мен қақысы арқылы жалбарынудың шариғат тарапынан рұқсат етілгендігін және заңдастырылғанын бекіту үшін олар өздерінің бірінші дәлелін келтіреді:

Әнас ибн Мәлик қатты қуаңшылық орын алған кезде ‘Умар ибн әл-Хаттаб Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі ‘Аббас ибн ‘Абдулмутталибке барып былай дейтінін баяндаған: *«Уа, Аллаһ! Бұрын біз Саған Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жақындайтынбыз, әрі Сен бізге жаңбыр беретінсің, ал қазір біз Саған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі арқылы жақындап*

жатырмыз, ендеше, бізге жаңбыр бере гөр!» Әрі жаңбыр шынында да басталатын (**хадис сенімді (сахих);** Бухари; Ибн Са'д «Табакатта» 4/28-29).

Осы хадисті келтіре отырып, қарсылас тарап 'Умар Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметімен немесе қақысы арқылы, ал содан соң Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі – 'Аббастың құрметі мен қақысы арқылы жалбарынды деп айтады. Олар мұны 'Умардың: *"«Уа, Аллаһ! Бұрын біз Саған Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жақындайтынбыз»,* – деп айтқан сөздерінен, сондай-ақ оның «*Саған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі арқылы жақындап жатырмыз*» деген сөздерінен көріп тұр. Олар: "«*Арқылы*» деген сөз «оның құрметі арқылы» дегенді білдіреді", – дейді.

Жауап:

Бұл тұжырымға жауап беру үшін бір жайтты түсіну қажет: екі тарап та «арқылы» деген сөздің астарында ашып айтылмай кеткен бір нәрсе меңзеліп тұрғанына келіседі.

1. Қарсылас жақ «арқылы» деген сөздің астарында «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және 'Аббастың құрметі мен қақысы арқылы» дегенді алға тартады.

2. Ал біз бұл жерде «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біз үшін жасаған дұғасы арқылы, ал содан соң «'Аббастың біз үшін жасаған дұғасы арқылы» деген меңзеледі деп айтамыз.

«Арқылы» деген сөзбен «дұғасы арқылы» деген меңзелетіні туралы көптеген ханафи имамдарының кітаптарында айтылған. Олардың арасында имам Ибн Абил-'Изз («Шарх Тахауия» 2631-бет), имам Махмуд әл-Әлюси («Рух әл-Мә'ани» 6/126-1272), имам Шукри әл-Әлюси («Ғаят ул-Әмани» 2/335), Шах Уалиуллаһ әд-Дахләуи («әл-Будур әл-Бәзиға» 204-бет (бұған Финжифири «әл-Бәсаирде» (17-бет) нұсқағандай) т.б. бар. Бұдан қалса, дәлелдердің қысымымен мұны сопы тариқаттарының көптеген өкілдері де мойындаған, мысалы, Мухаммад Әнуар әл-Кашмири (дьюбандия тариқаты). Қз.: «Фәайдул-Бәри» 2/379.

'Умар нені меңзегенін білу үшін, бізге сахабалардың Аллаһқа қалай Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жақындағанын түсіндіретін хадистерге оралу жеткілікті болады.

Қарсылас тараптың сөздеріне сүйенсек, сахабалардың әрқайсысы өз үйінде жабылып алып, Аллаһтан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Оның алдындағы қақысы арқылы сұрағаны келіп шығады. Бірақ іс жүзінде, бұл өтірік,

өйткені бұл туралы сахабалардан бірде-бір хабар жетпеген. Бірақ оның есесіне хадис жинақтары бізге сахабалардың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде оған барып, ол Аллаһтан жаңбыр тілеуін сұрағанын, содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі қолын көтеріп, Аллаһқа дұға еткенін хабарлайды.

Әнас ибн Мәлик былай деп баяндайтын: *"Бірде, жұма күні, бір адам мешітке оның «әл-қада»*[77] *атты ғимарат жағында орналасқан есігінен кіріп келді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол кезде мінберде құтпа оқып тұрған болатын. Бұл адам Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұрылды да: «Уа, Аллаһтың Елшісі! (Құрғақшылықтан) мал-мүлік құрып, жолдар жабылды, Аллаһқа дұға етіңізші, Ол бізге жаңбыр берсін!», – деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі қолын көтеріп: «Уа, Аллаһ! Бізге жаңбыр жіберші!», – деді, әрі бұны үш рет қайталады..."* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 933; Муслим 897).

Бұл хадистен көрініп тұрғандай, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл адамға: «Сен өз үйіңде отырып-ақ Аллаһтан менің құрметім мен қақым арқылы сұрай берсең болар еді», – деген жоқ.

ʻАиша былай баяндайтын: *"Бірде адамдар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрғақшылықты айтып, мұңын шақты. Сонда ол мінберін (айт намаздары өткізілетін) арнайы алаңға шығаруды бұйырды да, адамдар осы жерге жиналуға тиіс уақытты белгіледі. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күн көтерілген бойдан (халық алдына) шығып, мінберге отырды да: «**Сендер маған құрғақшылық пен жаңбырдың жоқтығын айтып, шағымдандыңдар. Сендердің Раббыларың Оған дұға етіп жалбарынуларыңды бұйырды әрі сендерге жауап беретінін уәде етті**»".* Әрі қарай хадис бойынша Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан жаңбыр сұрап дұға еткені және адамдармен бірге намаз оқығаны, содан кейін сел түсуіне дейін алып барған нөсер жаңбырдың жауғаны туралы айтылады (**хадис жақсы (хасан);** Абу Дауд 1173).

Әрі осындай хадистер аз емес. Бұл хадистер ʻУмардың *«Бұрын біз Саған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жақындайтынбыз әрі Сен бізге жаңбыр беретінсін»* деген сөздерінің түсіндірмесі болып табылады. Әрбір әділ жүрекке ие адам сахабалардың Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұғасы арқылы жақындауға ұмтылатынына

---

[77] Бұл ғимарат осылай аталып кетуінің себебі – ʻУмар оны бір кісіге қарызының орнына берген болатын. Араб тілінде бұл «қада» деп айтылады.

келіседі. Сондай-ақ ол сахабалардан ешкімге өз үйінде отырып алып, Аллаһтан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі арқылы жаңбыр сұрау ойына да кіріп шықпағанын да мойындайды.

3. Не үшін ‘Умар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін ‘Аббасқа барды? Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне барып Аллаһтан Оның Пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі арқылы сұрай алмады ма? Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі оның тірі кезінде де, қайтыс болғаннан кейін де бірдей ұлы емес пе?

Бұған жауап – ‘Умар да, басқа сахабалар да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек тірі кезінде олар үшін Аллаһқа дұға ете алатынын, сондықтан да ол қайтыс болған соң оның қабіріне барып, одан Аллаһқа жаңбыр тілеп дұға етуін сұраудың қисынсыз екенін білді. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз қабірінде тірі болса да, оның қабірдегі өмірі біздің өміріміздей емес. Біз оның қандай сипатта өтіп жатқанын білмейміз. Сондықтан да сахабалардан ешкім Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне бармайтын және оған өзінің проблемаларын түсіндірмейтін, онымен өзінің істері жайында кеңес жасамайтын. Сахабалар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған соң даулы мәселелер мен келіспеушіліктерін шешу үшін оның қабірінің басына бармайтын.

Ал Пайғамбардың өзіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келер болсақ, ол қазір жер бетінде не болып жатқанын білмейді, бұған келесі хадис дәлел болады:

Абу Са’ид әл-Худри Қиямет күні адамдар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) су айдынына келетінін, бірақ періштелер олардың көбісін оған жақындатпайтынын баяндап берген. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің таң қалғанын білдіреді. Сол кезде періштелер оған: «Олар сенен кейін не енгізгенін білмейсің ғой», – дейді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтады: ***“Сол кезде мен салиқалы құл (яғни Иса ибн Мәриям) айтқанды айтамын: «Мен олардың арасында болған кезімде олар жайында куәгер едім, ал Сен мені көз жұмдырғанда, оларға Өзің бақылау жасадың». Сол кезде маған: «Сен олардан кеткелі бері олар сенің дініңнен бұрылуын тоқтатпады», – деп айтылады”*** (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 5/191; Муслим 4/2194).

Сондықтан да ʻУмар: «***Бұрын*** *біз Саған Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жалбарынатынбыз...*, ал ***қазір*** *біз Саған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі арқылы жалбарынамыз...*», – деп айтты.

Егер осы хабарды олардың түсінігімен және ʻУмар Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі мен қақысы арқылы жалбарынды деп түсінетін болсақ, онда не үшін ол Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін ʻАббасқа барды? ʻУмардың Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі мен қақысы арқылы жақындауына кедергі болатын еш нәрсе жоқ еді емес пе? Өйткені Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі оның қайтыс болуымен жойылмайды ғой. Ал, ендеше, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған соң ʻУмар ʻАббасқа баратындай не жойылды? Жойылған нәрсе сол – Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) енді тірі ʻАббастан айырықша Аллаһтан дұға етіп сұрай алмайтын еді.

4. ʻУмардың «*Бұрын біз Саған Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жалбарынатынбыз..., ал қазір біз Саған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі арқылы жалбарынамыз...*» деген сөздерінде екі тәуассулдің екеуі де бір үлгіде орындалғанына нұсқау бар. Жоғарыда біз Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде адамдар тәуассулді оның дұғасы арқылы жасайтынын түсіндірген едік, бұл ʻАббастың тұсында да адамдар тәуассулді тура солай, яғни дұға арқылы, бірақ енді ʻАббастың дұғасы арқылы жасағанын білдіреді.

Мұны хафиз Ибн Хәжардың мына сөздері растайды: "*Әз-Зубайр ибн Баккар «әл-Ансаб» кітабында осы уақиға орын алған кезде ʻАббас өзінің дұғасында дәл не деп айтқанын жеткізген. Жеткізушілер тізбегіне сілтеме жасап, ол ʻАббастың жаңбыр сұрап дұға еткенде былай деп айтқанын хабарлаған: «Уа, Аллаһ! Ақиқатында, қайғы-қасіреттер тек күнәлардың себебінен болады, әрі олардан тек тәубе ету арқылы ғана құтылуға болады. Адамдар мені мен Сенің Пайғамбарыңның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арасындағы туысқандық болғандықтан, Саған мен арқылы жалбарынып жатыр. Міне, енді біз тәубе етіп, Саған күнәлі қолдарымызды және маңдайларымызды көтере созып тұрмыз. Бізге жаңбыр жібергші!». Осы кезде аспанды таудай-таудай болған бұлттар қаптап, жаңбыр жауып кетті де, жерді суға қандырып, адамдардың тіршілігін қайта оңалтты*". Бұл риуаят **сахих**, мұны шейх әл-Әлбани және басқа да мухаддистер растаған.

Бұл риуаят істің ʻУмар: «*... ал қазір біз Саған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі арқылы жақындап жатырмыз, бізге жаңбыр бере гөрші!*», – деп айтуымен бітпегеніне, бірақ осыдан соң ʻАббастың өзі де дұға еткеніне айқын нұсқап тұр.

5. Ал сопылар «Неліктен ʻУмар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі ол қайтыс болғаннан кейін де сақталып қалатынына қарамастан оның құрметімен жасалатын тәуссулді ʻАббастың құрметіне алмастырды?» деген бұл сұраққа басқаша жауап беруге тырысты. Олар келесідей жорамал-пайымдар ұсынды:

Бірінші: ʻУмар мұны адамдарға осының рұқсат етілгендігін түсіндіру үшін істеді. Осымен ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі арқылы дұға жасауды қалдырып, дәрежесі одан төмендеу болған адамның құрметімен дұға етуге болатынын көрсеткісі келді.

Жауап:

1. Бұл пайым таңқаларлық әрі өте ерсі! Егер ʻУмар шындығында да Пайғамбардың (құрметімен) дұға етіп жалбарыну шариғатпен заңдастырылған деп есептегенде, ол адамдар шөлден өлуге дейін жеткен, мал мен егін шөл мен аштықтан қырылып жатқан, адамдардың басына үлкен бір қасірет пен бақытсыздық келіп түскен осындай қиын-қыстау сәтте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметімен дұға жасауды ешбір жағдайда қалдырмас еді. Сонда олар ʻУмар осындай қайғылы жағдайда адамдармен ойнағысы келді деп айтқысы келегені ме? Өйткені әрбір ақыл-есі дұрыс адам қиын-қыстау жағдайда құтылудың ең сенімді себептеріне жүгінеді емес пе?!

2. Тіпті егер біз осы бір түрлі логикамен келіссек те, онда осы хадистің «*құрғақшылық орын алған кезде*» деген сөздерімен не істемекпіз?! Бұл сөздерде осындай жағдай бір ғана рет емес орын алғанына әрі әркез адамдар ʻУмарға, ал ол болса ʻАббасқа баратынына айқын нұсқау бар ғой?! Егер де ʻУмар осының рұқсат етілгенін көрсеткісі келгенде ол осымен бірінші рет шектелер еді де, мұны үнемі қайталамас еді.

Олардың **екінші** жорамалы: ʻУмар осыда Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол өзінің немере ағасына үнемі сый-сияпат көрсетеуінде ғана ілесті. Осыны растау үшін олар тура сол әз-Зубайр ибн Баккар «әл-Ансабта» келтіретін, онда Ибн ʻУмардың былай деп айтқаны туралы баяндалатын мына хадисті алға тартады: «ʻУмар ʻАббасқа Күл жылы өзінің өтінішін айтты, содан соң ол адамдарға былай деді: «*Ақиқатында, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз әкесіне не қалайтын болса, соны ʻАббасқа да қалайтын. Endеше, Пайғамбардың*

(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өнегесіне ілесіңдер, уа, адамдар, әрі оның көкесін Аллаһқа жақындаудың құралы етіп алыңдар!»

Жауап:

1. Бұл риуаят **әлсіз** (да'иф) әрі **сахих емес** (сенімсіз). Ол жеткізушілердің екі тізбегі (иснады) арқылы келеді. Олардың біріншісінде Дауд ибн 'Ата әл-Мәдани бар, ал ол болса әлсіз жеткізуші болған, оның үстіне мухаддистер одан хадис жеткізуді тастаған. Ал екінші тізбектегі (иснадтағы) Са'ид ибн 'Убайдуллаһ әл-Музани – белгісіз (мәжһул). Бұл тізбектер бір-бірін күшейте алмайды, өйткені бірінші жеткізушінің әлсіздігі өте салмақты, ал екіншісінің жағдайы тіпті мүлде белгісіз.

2. Тіпті осы риуаят сахих болғанда да, ол тек 'Умардың не себепті басқа сахабалардың біреуін емес, дәл 'Аббасты таңдағанын айқындап береді, әрі бұл риуаятта 'Умар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметімен дұға еткенді қалдырып, 'Аббастың құрметімен дұға еткені туралы бірде-бір сөз жоқ.

Олардың **үшінші** жорамалы – 'Умар Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметімен жалбарынуға нұсқайтын кейбір хадистерді білмегеніне келіп түйіседі. Олар: «Ол сол хадистер туралы білгенде, ешбір жағдайда оның құрметімен жалбарынуды қалдырмайтын», – дейді.

Жауап:

1. Тіпті егер мұндай хадистер бар деп және 'Умар олар туралы білмеген деп тұспалдағанның өзінде де, осының барлығына куә болған Мәдинадағы бүкіл сахабалар да оларды білмегені ме?! Егер сендер Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі арқылы жалбарынып дұға ету Аллаһтың дінінде осындай маңызды орынға ие және шариғатпен орнатылған әрі пайдалы болса, онда не себептен ол туралы сол кезде болған сахабалардан ешкім білмеген де, ал сендер бұл туралы білесіңдер?»

2. Му'ауия ибн Аби Суфиян халифа болған тұсында құрғақшылық кезінде Дамаскіде адамдардың алдына шықты да, табиғиндердің бірі Язид ибн әл-Әсуад әл-Журашиге Аллаһтан жаңбыр сұрап дұға етуін сұрады. Бұл оқиға көптеген табиғиндер тірі кезде орын алған болатын. Сонда олар да, Дамаскіде жүріп сендер білген нәрселерді білмеді ме?! Тура осындай нәрсе Даххақ ибн Қайс сол Язидті бір басқа бір құрғақшылық жылында осы туралы сұрағаны туралы хабарда жеткізіледі. Бұл екі хабарды да Ибн 'Асакир өзінің «Тарихында» 1/151/18 **сенімді иснадтармен келтіреді.**

6. Сонымен, сахабалар бірауызды түрде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметімен тәуассул жасау-

ды қалдыруы оның шариғатпен заңдастырылмағандығына және бұл олардың ойына да кіріп шықпағандығына нұсқайды. Оны түрлі сопы тариқаттарының өкілдері сахабалардың қанағат еткен нәрселеріне қанағаттанбастан ойлап тапты.

Сопылардың осы дәлелсымақ дәйегіне берілген жауаптарды оқып шыққан соң, оқырман қарсылас тараптың өкілдері өз ұстанымдарын дәлелдеу үшін мына нәрселерді істеуге тырысуы қажет екенін қорытындылай алады:

1. ‘Умар бір рет қана емес, әркез осылай жасағанын жасыру.

2. ‘Умар Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі арқылы жалбарынуды тастап, ‘Аббас арқылы жалбарынғаны бекерден-бекер емес екендігін дәлелдеу үшін ‘Умардың сөзі келтірілген әз-Зубәйр ибн әл-Баккардан жеткен риуаятты қолдану.

3. Хадиске «Аллаһқа жалбарыну бәрібір ‘Аббастың аты немесе құрметі арқылы орын алды» деген нұсқау енгізу.

Әрі оқырман осы нәрсенің олардың кітаптарында орын алғанын көрген кезінде, аң-таң болады.

Бұл хадисті «Тавассуль – мольба через посредничество в Исламе» («Тәуассул -Исламдағы дәнекерлік арқылы дұға жасау») кітабының авторы қалай келтіретініне қараңыз:

“Бухари «Сахихта» Әнастан Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): «Уа, Аллаһ! Біз Сенен Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы сұрайтын едік, ал енді біз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі арқылы сұраймыз. Уа, Аллаһ бізге жаңбыр бере гөр!», – деп, Аббас ибн Абдулмутталибтің атымен[78] көмек сұрағанын[79] келтіреді.

Умар Ибн Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) «Күл жылында» адамдарға мынандай сөздер айтты: «Уа, адамдар! Ақиқатында, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз әкесіне нені қаласа, Аббасқа да соны қалайтын. Уа, адамдар, Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның көкесі Аббас арқылы ілесіңдер әрі оны Аллаһқа жақындау үшін дәнекер етіңдер. Сен сұра, я, Аббас»»[80].

Ал енді «Истинное лицо ваххабизма» («Уаһһабиліктің шынайы жүзі») кітабында не деп жазылғанына қарайық:

---

[78] Хадисте «атымен» деген сөз мүлде жоқ, ал олардың аудармасында ол «абайсызда» пайда болып қалыпты!

[79] «Сұрағанын» деген сөз бұл оқиғаның бір-ақ рет орын алғанына нұсқайды, ал шындығында бұл олай емес.

[80] Бұл риуаятты олар оның әлсіз және сенімді (сахих) емес екенін атамай-ақ келтіреді. Ал олар мұны не үшін келтіргенін оқырман, әрине, түсінді.

«Бірде, салиқалы ‘Умардың халифалық тұсында құрғақшылық орын алды[81]*... ал енді біз Мухаммадтың көкесіне*[82] *тәуассул жасаймыз, бізге сол үшін*[83] *жаңбыр бере гөр!»*

Ендеше, осы екі кітаптың авторлары келісіп алғандай аудармада бірдей «қателер» жіберіп, хадисте болмаған бірдей қосымшалар енгізгеніне қараңыздаршы! Бұл қарсыластың ешқандай парықсыз емес екенін, олар тәуассул мәселесін өте жақсы қарап шыққанын және өздерінде дәлел жоқ екеніне, әрі оларға қасиетті мәтіндерді шеберлікпен түзетуден және оларға өздеріне тиімді болған нәрселерді енгізуден басқа еш нәрсе қалмағанына көзі жеткендерін көрсетеді. Егер оқырман әрі қарай оқуды жалғастырса, бұдан да таңқаларлық құбылыстарды көре алады.

2-дәйек:

Имам Ахмад ‘Усман ибн Ханифадан **жақсы** иснадпен бір зағип кісінің Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, былай дегенін жеткізеді: *«Аллаһтан маған көру қабілетін қайта беруін сұраңызшы»*. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Егер қаласаң, мен сен үшін Аллаһтан сұрайын, ал қаласаң, мұны істемей-ақ қоямын әрі бұл сен үшін жақсырақ»,*** – деп жауап берді (басқа бір риуаятта: ***«Ал қаласаң, сабыр ет, әрі бұл сен үшін жақсырақ»,*** – деп айтылады»). Әлгі адам: *«Аллаһтан маған көру қабілетін қайтарып беруін сұраңыз»,* – деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған жақсылап дәрет алуды, содан соң екі ракағат намаз оқуды, содан кейін Аллаһқа мынандай дұғамен жалбарынуды бұйырды: *«Уа, Аллаһ! Мен Сенен сұраймын және Саған мейірімділік пайғамбары болған Пайғамбарың Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жалбарынамын. Уа, Мухаммад! Мен өзімнің осы мәселемді шешу үшін сен арқылы Раббыма жалбарындым. Я, Аллаһ! Оның мен үшін жасаған шапағатын қабыл ет, әрі менің ол үшін жасаған шапағатымды қабыл ет»*. ‘Усман: *«Бұл адам тура осылай істеді де, содан кейін оған көру қабілеті қайта оралды»*, – деді (**хадис жақсы (хасан);** Ахмад 4/138; Тирмизи 4/281-282; Ибн Мәжаһ 1/418 т.б.).

Олардың қорытындысы: бұл хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы зағип кісіні Аллаһқа Мухаммад Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі бол-

[81] Бұл сөз де сондай-ақ осы оқиғаның бір-ақ рет орын алғанына нұсқайды, бірақ іс жүзінде бұл олай емес.

[82] «Мухаммадтың көкесіне тәуассул» деген сөздер түбегейлі дұрыс емес, өйткені тәуассулді көкесіне емес, Аллаһқа жасайды, бірақ оны Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі арқылы жасайтын.

[83] «Ол үшін» деген сөз хадисте жоқ!

сын) аты және құрметі арқылы жалбарынуды үйретті, әрі ол осыны істеген соң, қайта көретін болды.

Ал біз бұл қорытындымен келіспейміз, өйткені бұл хадисте Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атымен, құрметімен және қақысымен жалбарынудың рұқсат етілгеніне ешқандай нұсқау жоқ, керісінше, бұл хадисте тәуассулдің үшінші түріне, яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұғасы арқылы жасалатын тәуассулдің шариғатта заңды екеніне нұсқау бар. Біздің бұған дәлелдеріміз келесідей:

1. Бұл зағип кісі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оған: «*Аллаһтан маған көру қабілетін қайта беруін сұраңызшы*», – деді. Яғни ол үйінде отыра беріп, Аллаһтан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі арқылы сұраған жоқ, ол оған келіп, Аллаһқа өзі үшін жалбарынуын сұрады.

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл адамға: ***«Егер қаласаң, мен сен үшін Аллаһтан сұрайын, ал қаласаң, мұны істемей-ақ қоямын, әрі бұл сен үшін жақсырақ»,*** – деп, оған таңдау жасатқызды. Бұда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған егер ол қаласа, Аллаһқа дұға жасайтынын уәде еткеніне айқын нұсқау бар. Бұл адам шындығында да осыны қалады, әрі кім осы жерде: «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз уәдесін орындамады», – деп айта алады?! Алайда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұнымен шектелмеді де, шариғат тарапынан заңдастырылған тәуассулдің екінші түріне, яғни Аллаһқа өз игі амалдарың арқылы жалбарынуға нұсқады. Аталған жағдайда олар – дәрет алу және намаз оқу. Сондықтан да зағип кісіні емдеу үшін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі амал істегені ап-айқын-ақ:

1. Өзі ол үшін Аллаһтан сұрады (мұны әлгі зағип кісі қалағанындай).

2. Оған ғибадаттың кейбір түрлерін жасап, содан соң Аллаһқа өзі дұға етіп жалбарынуды үйретті.

3. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Әрі оның мен үшін жасаған шапағатын қабыл ет»,*** – деп айтуға үйретті. Осы үзіндіден Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың алдында бұл зағип үшін шапағат еткені айқын болып тұр, әйтпесе қалайша Аллаһ болмаған нәрсені қабыл етеді?!

4. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сондай-ақ: ***«... және менің ол үшін жасаған шапағатымды қабыл ет»,*** – деп айтуды үйретті.

Бұл үзінді *«Менің «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мен үшін жасаған дұғасын қабыл ет» деген дұғамды қабыл ет»* дегенді білдіреді. Бұл сондай-ақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа зағип кісімен бір мезгілде Аллаһқа дұға етіп жалбарынғанына айқын нұсқап тұр.

5. Егер зағиптың емделуінің сыры оның Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі арқылы жалбарынуында болғанда, онда ол секілді көру қабілетіне қайта ие болғандар өте көп болар еді. Өйткені Аллаһтан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі мен қақысы арқылы сұраудан оңай нәрсе жоқ қой. Көптеген бидғатшылар осыған басқа пайғамбарлардың да құрметін қосады, алайда біз олардың көру қабілетіне қайта ие болғандарын көріп жатқан жоқпыз. Ал тіпті Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көзі тірісінде де зағип сахабалар көп еді ғой, мысалы, ʻИтбан ибн Мәлик және Ибн Умм Мәктум, сондай-ақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанынан кейін де Ибн ʻАббас пен Жәбир ибн ʻАбдилләһ та зағип болды. Ендеше, неліктен олар Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметімен жалбарынбады?!

6. Ғалымдар бұл хадисті Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұғжизалары туралы кітаптарда келтіретін, мысалы, имам әл-Байһақи «Дәләил ән-Нубуа» («Пайғамбарлықтың дәлелдері») кітабында. Бұл Ислам ғалымдарының сопылардан айырықша бұл хадисті зағип кісі үшін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұға еткеннен кейін ол көре алатын болды деп түсінгенін білдіреді.

Осы алты тармақта көрсетілгеннің барлығы әлгі зағиптың: *«Уа, Аллаһ! Мен Саған мейірімділік пайғамбары болған Пайғамбарың Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жалбарынамын»,* – деп айтқан сөздері «Мен Саған Пайғамбарыңның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сенің алдыңда мен үшін дұға арқылы шапағат етіп тұрғанымен жалбарынамын» дегенді білдіреді. Бірақ оның сөздері ешқандай да «Мен Саған Пайғамбарыңның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі мен қақысы арқылы жалбарынамын» дегенді білдірмейді.

Қарсылас тараптың өкілдері тәуассул мәселесін жақсылап зерттеп оқығаннан кейін және бұл хадисте оларды жақтайтын дәлел жоқ екенін түсінген соң, олар өздерінің жалған ұстанымын бекіту үшін бұл хадисті «аздап» өздеріне ыңғайластырып түзету керек деп шешті. «Құрметті» оқырмандарының ешқайсысы араб тілін білмейтіні әрі өздерінің жетекшілерінің шыншылдығын тексермейтіні оларға тіпті жақсы болды.

Сонымен, олар келесі нәрселерді істеу керектігін түсінді:

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлгі кісіге: ***«Егер қаласаң, мен сен үшін Аллаһтан сұраймын»***, – деп айтқан сөздері мен зағиптың: *«Аллаһтан маған көру қабілетін қайта беруін сұраңызшы»*, – деген сөздерін түсіріп тастау немесе өзгерту керек.

2. *«Уа, Аллаһ! Оның мен үшін жасаған шапағатын қабыл ет»* деген сөздерді түсіріп тастау немесе өзгерту керек.

3. *«Әрі менің ол үшін жасаған шапағатымды қабыл ет»* деген үзіндіні түсіріп тастау не өзгерту керек.

4. Әрі, әрине, олардың ұстанымын шүбәсіз дәлелдеу үшін, бір нәрсе қоса салу жаман болмас еді.

Ендеше, біздің шебер авторларымыз бұл хадисті қалай келтіретінін қарайықшы:

1. «Тавассуль – мольба через посредничество в Исламе» кітабы.

«Усман ибн Ханиф (Аллаһ оған разы болсын) былай деп жеткізген: «Мен Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған бір зағип келіп, өзінің дертіне шағымданып былай дегенін естігенмін: «Уа, Пайғамбар (саған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), мен зағиппын, мені жетектеп жүретін адамым да жоқ, маған өте қиын»[84]. (Сонда) ол оған: «Бар да, дәрет ал, содан соң екі ракағат намаз орындап, мынаны оқы[85]: «Уа, Аллаһ, мен Сенен сұраймын және Саған мейірімділік пайғамбары болған Пайғамбарың Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жалбарынамын. Уа, Мухаммад, мен сен арқылы сенің Раббыңа Ол мені көретін етсін деп жалбарынамын. Уа, Аллаһ, оны мен үшін шапағатшы ете гөр[86] және

[84] Оқырман көріп тұрғанындай, бұл сөздер біз негізге алған хадистің риуаятында жоқ. Істің мәні мынада: «Тәуассул» кітабының авторы осы жерде хадистің екі риуаятын араластырып келтірген, ал оның екіншісі әлсіз болып табылады әрі оны біз осы дәйекті талдаудың соңында әлі қарайтын боламыз. Ол бұл екі хадисті, оның біріншісінен өздеріне тиімсіз болған сөздерді алып тастау, ал екінші сенімсіз риуаяттан оған өздеріне керек сөздерді қосу үшін, араластырып тастады.

[85] Біз көріп тұрғанымыздай, автор, біз жоғарыда атап өткен олар істеуі керек болған нәрселердің біріншісін орындау үшін, хадистен тұтас бір үзіндіні алып тастаған.

[86] Осылайша ол «Оның мен үшін жасаған шапағатын қабыл ет» деген сөздерді алып тастады. Өйткені бұл сөздерде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол үшін дұға еткені және шапағат еткені айқын көрінеді, ал оның қосқан сөздерінде бұл енді жоқ. Бұған қоса, олардың қосқан сөздері «Уа, Аллаһ! Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), яғни оның құқығы мен құрметін, мен үшін шапағатшы ет» деп түсініледі.

мені өзім үшін шапағатшы ет[87]*». Әрі қарай Усман (Аллаһ оған разы болсын) былай дейді: «Аллаһпен ант етемін, біз әлі тарап үлгермей-ақ бұл кісі қайтып келді, әрі ол ешқашан загип болмағандай кейіпте еді». Хаким былай деген: «Бұл хадистің иснады сенімді»*[88]*. Сондай-ақ Зәһаби де бұл хадисті сенімді (сахих) деп атаған*[89] *(1-том, 519-бет)»* [90].

Енді бұл хадисті Н. Шейхмардани «Истинное лицо ваххабизма» кітабында қалай келтіргеніне қарайық:

---

[87] Осынысымен ол: «Әрі мені ол үшін шапағатшы ет» деген сөздерді өзгертті. Өйткені дұрыс аудармадан «Менің *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мен үшін жасаған дұғасын қабыл ет» деген дұғамды қабыл ет»* деген мағына түсініледі, ал олардың енгізген сөздері бұл мағыдан айырылған.

[88] Шын мәнісінде әл-Хаким осы өтірік кітаптың авторы келтірген бұл хадисті емес, біз келтірген хадисті сахих деген, өйткені оның өзі оны өзінің «Мустадрак» жинағында келтірген әрі ол туралы сахих деген шешім шығарған. Ал мына хадиске келер болсақ, ол оның сенімді (сахих) және сенімсіз риуаяттарының қоспасы. Бұл екі риуаяттар екі әртүрлі хадис жинақтарында бір-бірімен араласпаған түрде келеді. Ендеше, олар ғалымдардың бір хадистің сенімділігі туралы шығарған үкімін басқа, өздерінің қолдарынан шыққан әлсіз хадистерге қалайша телитініне назар салыңыз. **«Оларды Аллаһ опат етсін! Олар нендей ақиқаттан бет бұрған!»** («Тәубе» сүресі, 9:30).

[89] Іс жүзінде имам әз-Зәһаби хадис сенімді (сахих) деп айтпаған, ол Хакимнің «Мустадрак» кітабын тексеру барысында оның сөздерін теріске шығармаған ғана. Ал имам әз-Зәһаби өзінің үндемеуін Хакимнің қорытындысымен келісуді білдіреді еш жерде деп айтпаған (Қз.: «Илзамат ат-Татаббу'» 6-бет, шейх Мұқбилдің кіріспесі).

[90] Автордың «1-том, 519-бет» сөздерінен автор бұл хадисті, сондай-ақ Хаким мен әз-Зәһабидің содан соң келетін хадис туралы сөздерін тұтас шейх әл-Әлбанидің «Тавассуль, его виды и постановления о нем» («Тәуассул, оның түрлері мен ол туралы үкімдер») атты кітабынан алғаны айқын көрініп тұр, оны жек көруіне қарамастан. Өйткені Хакимнің «әл-Мустадрак» кітабы бірнеше басылыммен басып шығарылған, әрі бұл хадис әртүрлі басылымдарда әртүрлі томдарда және әртүрлі беттерде келеді. Әрі осы өтірікші кітаптың авторы мен шейх әл-Әлбани бірдей басылымды қолданғаны өте күмәнді. Әсіресе, егер бұл адамның кітабы қаншалықты әлсіз екенін ескерсек, онда автор Хакимнің кітабының өзін пайдаланғанына немесе оны көзімен көргеніне салмақты күмән пайда болады. Іс жүзінде ол бұл хадистерді толығымен шейх әл-Әлбанидің кітабынан көшіріп алған. Мұны сондай-ақ ол хадистерге өзгертулерді дәл әл-Әлбанидің теріске шығаруларына сәйкес енгізетіні де растап тұр, ал бұл жайт өздігінше ол әл-Әлбанидің кітабын оқып шыққанын (оның орыс тіліне аударылғаны жақсы болып тұр ғой), теріске шығарулардың мәнін түсінгенін, ақиқаттан бас тартқанын және хадистерді өзінің мүддесіне қарай ыңғайластырып түзеткенін көрсетіп тұр.

«Зағип кісімен орын алған атақты уақиға...[91] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «Егер қаласаң – мен дұға етемін, бірақ қаласаң – сабыр ет, әрі бұл сен үшін жақсырақ», – деді. Зағип көруді қалайтынын айтты...[92] «Уа, Аллаһ, Сенің Пайғамбарыңның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жоғары мәртебесі үшін сұраймын[93]...Уа, Аллаһ! Оны менің шапағатшым ет!»[94]...»

Сондай-ақ, осы жерде бұл хадистің екі әлсіз сенімсіз қосымшалары бар екенін атап кету қажет, жүрегінде дерті барлар оларды да дәйек етеді.

1. Абу Бакр ибн Аби Хайсама «Тарихта» хадистің негізгі оқиғасына *«Әрі келесі жолы тағы да саған бір нәрсе керек болып жатса, осылай істе»* деген қосымшаны келтіреді.

Сопылар осы қосымшаны дәйек етеді де, одан келесідей қорытынды шығарады: Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған осы дұғаны үйретті әрі болашақта ол осындай бір қиындыққа жолықса, тура осылай істеуді, яғни тағы да Аллаһқа осы дұғамен жалбарынуды әрі содан соң оның проблемасы шешілетінін ескертті. Осыдан шыға келе, олар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұға еткен болса да, оның дұғасы шешуші маңызға ие емес еді, әрі келесі жолы Пайғамбарсыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның дұға етуінсіз амалдауға болады деген қорытынды шығарады. Нәтижесінде бұл оқиғада тәуассул Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұғасы арқылы емес, оның құрметі арқылы жасалған болып шығады.

---

[91] Осынысымен Шейхмардани оқиға қаншалықты атақты болса да, олардың өтірік тәуассулдерінің қарсыластары оны білмейтіндей дәрежеде соншалықты білімсіз екенін, әйтпесе олардың тәуассулі шариғатта заңдастырылғанын міндетті түрде мойындайтын еді деп айтқысы келіп тұр.

[92] Ол зағиптың «Аллаһтан Ол маған көру қабілетін қайтарып беруін сұра» деген сөздерін нендей епті алып тастағанына назар салыңыз. Оқырман мұның не үшін істелгенін түсініп те қойды.

[93] Шейхмардани өзінің есімін атамаған бірінші кітаптың авторынан да асқан арсыз әрі ұятсыз. Ол хадисте жоқ, бірақ өзіне керек болған сөздерді мүлде арсыздықпен және ешбір ұялмастан қосып жатқанына қарамайсыз ба?! Бұл сорлы оның қасиетті мәтіндерге қатысты істеген қылмыстарын зерттейтін біреу табылатыны туралы ойламаған да шығар. Аллаһ Тағала былай деген: **«Немесе жүректерінде дерті барлар Аллаһ олардың кектерін әсте ашыққа шығармайды деп ойлады ма?»** («Мухаммад» сүресі, 47: 29).

[94] Тура бірінші кітаптың авторы қолданған тәсіл, бірақ соңғы сөздерді бұл «аудармашы» «бір себепті» мүлде түсіріп тастапты.

Жауап:

1. Біз жоғарыда келтірген дәлелдерде зағип кісінің Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұғасы арқылы тәуассул жасағандығына айқын және бұлтартпас дәйектер бар, әрі мұны хадистен кейбір сөздерді алып тастаудан басқа жолмен теріске шығару мүмкін емес. Ал осы қосымшаға келер болсақ, онда тіпті ол сенімді болғанның өзінде де (ал бұл олай емес), онда сопылар шығаратын қорытындыға орын жоқ. Өйткені ***«тура осылай істе»*** деген сөздерде тура біріншi реттегідей нәрселер, яғни Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келу және одан Аллаһқа дұға етіп жалбарынуды сұрау нұсқалып тұр. Әрі бұл қосымшада Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұғасынсыз амалдауға болады дегенге нұсқау жоқ.

2. Бұл – егер осы қосымша сенімді болған жағдайда ол нені білдіретіні, ал егер бұл қосымша сенімсіз болса, онда не айтуға болмақ?! Бұл хадистің жеткізу тізбегінде Хаммад ибн Зәйд деген кісі бар. Оның өмірінің соңында есте сақтау қабілеті бұзылған, бұған қоса ол осы қосымшасымен хадис ілімінде мүміндердің әмірі болған және осы қосымшаны арнап келтірмеген Шу'ба ибн Хәжажға қайшы келеді. Хадистану ғылымының ережелері бойынша, егер жеткізуші, тіпті ол хадисте күшті және бекем болса да, өзінің қосымшасымен одан күштірек жеткізушіге қайшы келсе, онда оның қосымшасы қабыл алынбайтын (шазз) және сенімсіз деп саналады.

2. ʻУсман ибн Ханиф бір адам үнемі ʻУсман ибн ʻАффанға[95] өз мәселесін шешіп беруді сұрап келетінін, бірақ ʻУсман оған көңіл бөлмейтінін және оның мәселесін шешіп бермейтінін баяндаған. Содан кейін әлгі адам ʻУсмана ибн Ханифты кездестіріп, оған осы жайлы шағымданады. Сонда ʻУсман ибн Ханиф оған былай дейді: *«Дәрет ал да, кейін мешітке барып, сонда екі ракағат намаз оқы. Содан соң: «Уа, Аллаһ! Мен сенен сұраймын және Саған мейірімділік пайғамбары – Пайғамбарың Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жалбарынамын. Уа, Мухаммад, мен мәселемді шешіп беру үшін Сенің Раббыңа сен арқылы жалбарындым», – деп айт. Кейін өз қажеттілігіңді айт та, содан соң маған кел, сосын біз екеуміз (әмірге) барамыз».* Әлгі адам тура осылай істеді, содан соң ол ʻУсман ибн ʼАффанның есігінің алдына келген бойдан, жанына қызметші шығып, оны ʻУсманға жетектеп алып барды да, оның алдындағы төсеніштің үстіне отырғызды. ʻУсман ибн ʻАффан одан: *«Қандай мәселең бар?»*, – деді. Әлгі адам оған өзінің шаруасын айтып еді, ʻУсман оны шешіп берді. Содан соң ʻУсман ибн ʻАффан:

---

[95] Мұсылмандардың үшінші салиқалы халифасы.

«Мен сенің өтінішің жайлы мүлде ұмытып кетіппін әрі ол тек қазір ғана менің есіме түсті. Осыдан кейін де сенде қандай мәселе туындап жатса, бірден маған келе бер», – деді. Сонда әлгі адам әмірдің құзырынан шығып, ʻУсман ибн Ханифаны кездестіреді де, оған былай дейді: «*Аллаһ саған игілігімен қайырсын! Сен әмірмен мен туралы сөйлескеніңе дейін ол маған көңіл бөлмейтін әрі менің мәселемді шешіп бермейтін*». Сонда ʻУсман ибн Ханиф былай деген екен: «*Аллаһпен ант етемін, мен онымен (сен туралы) сөйлеспедім, бірақ мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір зағип кісі келіп, оған өзінің соқырлығын айтып шағымданғанын көргенмін. Сонда Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:* ***«Бәлкім сен сабыр етерсің?»,*** *– деді. Бұған зағип: «Уа, Аллаһтың Елшісі (саған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)! Ақиқатында, менің жетектеп жүретін адамым жоқ әрі зағиптық менің өмірімді қатты қиындатып жатыр», – деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:* ***«Дәрет ал да, содан соң екі ракағат намаз оқы, ал содан кейін Аллаһқа мына дұға арқылы жалбарын»,*** *– деді*». ʻУсман ибн Ханиф былай деп жалғастырды: «*Әрі Аллаһпен ант етемін, біз тіпті тарап үлгермей-ақ, бұл зағип бізге көретін болып кіріп келді әрі ол ешқашан зағип болмағандай күйде еді*». Бұл риуаятты ат-Табарани «әс-Сағирда» 103-104-бет, және «әл-Кәбирде» 3/2/1/1-2 келтіреді.

Олардың бұл риуаттан шығаратын қорытындысы: ʻУсман ибн Ханиф Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болып кеткеніне қарамастан, бұл адамға осы дұғаны үйретті, демек, маңыздысы – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адам үшін жасайтын дұғасы емес, алайда адамның Аллаһқа дәл Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы жалбарынуы.

Жауап:

1. Бұл риуаят **сенімсіз (сахих емес)**. Оның иснадында Шәбиб ибн Саʼид атты кісі бар. Одан Ибн Уахб жеткізетін хадистер, бұл туралы Ибн ʻАди «әл-Камилде» айтатынындай, қайтарылатын және сенімді емес болып табылады. Ал бұл риуаят тура сол, яғни Ибн Уахб Шәбибтен жеткізетін риуаят болып табылады.

2. Сондай-ақ оның әлсіздігіне салиқалы халиф ʻУсман ибн ʻАффан қарапайым, кішіпейіл, адамдарға әділ болуына қарамастан «*Бұл адамға көңіл бөлмеді*» деген сөздер де нұсқайды.

Дәл сондықтан да «Тәуассул» кітабының авторы осы келеңсіз жайтты жұмсақтау етіп көрсетуге тырысып, бұл әлсіз хадисті былай келтіреді: «*Ал Усман, объективті себептермен, оған көңіл бөле алмайтын және оны тыңдай алмайтын*». «*Объективті себептермен*» деген сөздер хадисте жоқ, бірақ бұл арамза автор егер ол осы

хадисті тура өзіндей етіп аударса, оның әлсіздігі оқырман үшін айқын болып қалатынын түсініп, өзінің «айрықша зерек ойынан» шығарған осы сөздерді қоса салды.

Сондай-ақ өз атын атамаған осы автордың қылмыстарына оның хадисте нұсқалған дұғаны келесідей етіп аударғаны да жатады: *«Уа, Мухаммад! Мен Сенің Раббыңа Ол маған осы шаруама көмектесуін сұрап, сен арқылы жалбарынамын, (Оның алдында) менің қажетімді атап айт...»*

«Оның алдында менің қажетімді атап айт» деген сөздер *«Мен Сенің Раббыңа өз мәселемді шешу үшін сен арқылы жалбарындым»* деген сөздерді өзгерту арқылы жасалған. Бұл сөздермен біздің белгісіз авторымыз не айтқысы келді екен?! Ол осынысымен: "Тіпті Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болса да, оған: «Оның алдында менің қажетімді атап айт», – деп дұға етуге болады әрі осылай істеу керек!", – деп айтқысы келді. Ал бұл енді жай шариғатпен заңдастырылмаған тәуассул ғана емес, бұл келесі сатыға, яғни қайтыс болған адамның өзіне, ол сұраушыға Аллаһтың алдында шапағатшы болуы үшін, дұға етіп жалбарыну. Бұл жай ғана бидғат емес, бұл – біз олардың иконалар алдында айтатын дұғаларынның үлгісін жоғарыда келтірген христиандардың жасайтын көпқұдайшылығындай көпқұдайшылық.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығынан біз олардың екінші дәлелі олардың қосымшаларымен бірге олардың сенімдерін қолдау үшін жарамсыз екенін, мұның үстіне ол тәуассулдің шариғи тұрғыдан заңдастырылған түрлерін растайтын тағы да бір дәлел екенін түсіндік.

3-дәйек.

Әнас ибн Мәлик былай деп баяндайтын: «ʻАли ибн Аби Талибтың анасы – Фатима бинт Әсад ибн Хашим қайтыс болған кезде, адамдар оның қабірін қазу үшін Усама ибн Зәйдті, Абу Айюб әл-Ансариді, ʻУмар ибн әл-Хаттабты және бір қара нәсілді құлды шақырды. Олар біткен кезде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірге түсті де, оның ішіне жатып, былай деді: ***«Уа, Аллаһ! Сен Өлтірушісің әрі Тірілтушісің, ал Өзің Тірісің және өлмейсің. Менің анам Фатыма бинт Әсадты кешір, және оған оның дәлелін үйрет әрі оның қабірін кеңейт. Сенен Пайғамбарыңның, сондай-ақ маған дейін өткен пайғамбарлардың қақысымен сұраймын, өйткені Сен рахымдылардан ең Рахымдысың»*** (**хадис әлсіз;** әт-Табарани «әл-Кабирде» 24/351-352, сондай-ақ «әл-Әусатта» 1/152-153; Абу Нуʼайм «әл-Хилияда» 3/12 келтірген; қз.: «әд-Даʼифа» № 23).

Олардың тұжырымы: бұл хадисте Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткен, ол Аллаһтан өзінің

қақысымен және өзге пайғамбарлардың қақысымен сұрағандығы жайлы нұсқау бар.

Жауап:

Бұл хадис **әлсіз және сенімсіз (сахих емес)**. Оның иснадында кей жағдайларда жеткізушілерге қатысты өздерінің таңқаларлық босаңдық жасауымен танылған Ибн Хиббан мен әл-Хакимнен басқа барлық мухаддистердің бірауызды келісілген пікірі бойынша әлсіз жеткізуші болып табылатын Раух ибн Саләх бар. Абу Ну'айм бұл хадисті келтіріп, оны нығайтатын өзге тізбектер немесе қолдайтын хадистер жоқ екендігін айтқан.

Осыдан шыға келе, бұл хадис жаратылыстардың қақысы мен құрметі арқылы тәуассул жасауды заңдастыруға дәлел бола алмайды. Дәл сондықтан да қарсылас тараптың өкілдері бұл хадистің мәтіні олардың жалған тәуассулінің заңдастырылғанына айқын болғанына қарамастан, оны өздерінің ең алғашқы дәлелі етпеді.

Ал олардың «Тавассуль – мольба через посредничество в Исламе» атты кітабына келер болсақ, олар бұл хадисті оның сенімді емес екенін нұсқамастан келтірді, мұның үстіне, олар бұл хадисті: «Әрі Фатима қайтыс болған кезде ... белгілі», – деп келітіріп, бұл оқиға нақты орын алғанындай және ол танымал болғандай етіп көрсетті!!!

4-Дәйек.

'Умар ибн әл-Хаттаб Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: "Адам өзінің күнәсін жасағаннан кейін: «Уа, Раббым! Мен Сенен Мухаммадтың қақысымен мені кешіруіңді сұраймын!", – деп айтқан. Сонда Аллаһ Тағала оған: «Әй, Адам! Мен Мухаммадты әлі жаратпаған болсам, Сен оны қайдан танисың?!», – деді. Ол: «Уа, Раббым! Сен мені Өз Қолыңмен жаратқанда және маған Өзіңнен бір рух үрлеген кезіңде, мен басымды көтердім де, Сенің Аршыңның тіреуіштерінде «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Мухаммад – Аллаһтың елшісі» деп жазылғанын көрдім. Сонда мен Сен өзіңнің Есіміңнің жанына тек ең жақсы көретін жаратылысыңды қосып жазып қоятыныңды түсіндім», – деп жауап берді. Сонда Аллаһ Тағала: «Мен сені кешірдім. Әрі егер Мухаммад болмағанда, Мен сені мүлде жаратпас едім», – деді» (х**адис өтірік;** әл-Хаким 2/615). Хакимнің өзі хадисті сахих деген, бірақ имам әз-Заһаби оны тексеру барысында былай деп айтқан: «*Жоқ, керісінше, бұл өтірік, ойдан тоқылған хадис. Оның иснадындағы 'Абдур-Рахман (ибн Зәйд ибн Асләм) – өте әлсіз, сондай-ақ 'Абдуллаһ ибн Муслим әл-Фихрий – оны мен білмеймін».*

'Абдуррахман ибн Зәйд ибн Асләм жай әлсіз жеткізуші ғана емес, ол сондай-ақ хадистерді ойдан шығарушылықта айыпталған.

Айтпақшы, Хакимнің өзі де «әл-Мәдхәл» (1/180) кітабында былай деген: *«‘Абдур-Рахман ибн Зәйд ибн Асләм өз әкесінен өтірік хадистер жеткізеді. Кім олар туралы ой қозғаса, олардың өтіріктігі дәл сол ‘Абдуррахманнан шығатынына көзі жетеді»*. Сондай-ақ Хаким оны өзінің «әд-Ду’афа» кітабында келтірген, әрі сол кітапта былай деген: *«Мен осы кітабымда келтірген адамдардың барлығы, олардан хадистер жеткізуге рұқсат етілмейді»*. Осы айтылғанның барлығынан Хаким бұл хадис туралы шешім шығарған кезінде қателікке жол бергені түсінікті болады.

Сондай-ақ хабардың иснадында белгісіз болған ‘Абдуллаһ ибн Муслим әл-Фихрий бар. Сондай-ақ бұл хадистің имам әт-Табарани келтіретін басқа иснады да бар, бірақ оның иснадында бірден үш белгісіз жеткізушілер бар. Оның үстіне онда осы ‘Абдуррахман ибн Зәйд ибн Асләм да бар, ал оның өзінің болуы хадисті әлсіз және өте әлсіз деп айту үшін жетіп асады.

Ал енді «біздің» авторларға келейік:

1. «Тәуассул» кітабында бұл хадис, әрине, аталады, бірақ оның әлсіз екендігінің ешқандай түсіндірмесі келтірілмейді. Бұдан қалса, автор осы хадиске *«Сен дұрыс айттың, әй, Адам! Ақиқатында, ол жаратылыстардың ішіндегі ең сүйіктісі, Менен оның атымен сұра!»* деген еш жерде жоқ қосымшаны енгізіп қойыпты. Сондай-ақ осы хадисті келтіріп, «біздің» белгісіз болып қалуды қалаған авторымыз «‘Абдуллаһ ибн Муслим әл-Фихрий деудің орнына «...‘Абдуллаһ ибн Муслим Фихрийден» деп, қателескен. Осыған қарағанда, бұл өтірікшіл кітаптың авторы қатты асыққан көрінеді, бірақ бұл оған хадистерге асығыс қолмен түрлі елде жоқ қосымшаларды қосып отыруына кедергі болмапты!

2. «Истинное лицо ваххабизма» кітабында оның «ақиқат үшін күресуші» авторы осы өтірік хадисті келтіріп, ешбір ұялусыз былай деп мәлімдеме жасайды: *«Бірақ уаһһабилер бұл тәуассулді мойындамайды да, оны ойдан шығарылған нәрсе дейді»*. Бұл «Егер сіз осыны өтірік және ойдан шығарылған сөз дейтіндерді көрсеңдер, олардың уаһһабилер екеніне күмәнданбай-ақ қойсаңыз болады» дегенді білдіреді! Міне, бүгінгі күні осылайша уаһһаби болып қалу да қиын емес, бұдан имам әз-Зәһаби де құтыла алмады!!!

5-Дәйек

Әбул-Жәуза Аус ибн ‘Абдилләһ былай баяндайтын: «Бірде Мәдинада өте қатты қуаңшылық орын алды. Адамдар ‘Аишаға шағымданғанда, ол: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне барыңдар да, оның үстіндегі шатырда тесік жасаңдар, онымен аспанның арасында бөгет болмасын»*. Олар осылай істегеннен кейін сондай бір нөсер жауды, түйелер содан өскен шөпті жеп семіргені соншалық, тіпті семіздіктен жарыла бастады.

Бұл жылды тіпті «Жарылу жылы» деп те атады (х**адис әлсіз;** әд-Дарими «Сунанда» 1/43).

Бұл хадис екі себептен әлсіз болып табылады:

1. Оның жеткізушілерінің тізбегінде Са'ид ибн Зәйд бар – ал оның хадистерінде әлсіздік бар.

2. Абу Ну'ман Мухаммад ибн Фәдл деген жеткізуші де бар, ал оның есте сақтау қабілеті нашарлады және ол хадистерде шатасатын болды. Әрі ол өз хадистерін есте сақтау қабілеті нашарлағаннан кейін жеткізді ме, әлде одан бұрын ба – бұл белгісіз.

Сондай-ақ бұл хадистің әлсіздігіне Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің үстінде 'Аишаның кезінде ешқандай шатыр болмағаны нұсқайды, бұған ешқандай келіспеушіліктер жоқ, әрі бұл туралы хадис Муслимнің «Сахихында» келтіріледі.

6-Дәйек.

Осы хадистерді өздерінің кітаптарында келтіріп кеткен соң, олар сондай-ақ келесі хадисті де келтіреді. Алайда, олардың бұл хадисті келтірудегі мақсаты осыдан бұрынғы хадистерді келтіргендегі мақсаттан мүлде өзгеше. 'Умардың қоймасына жауапты болған Мәлик әд-Дар былай деп баяндайтын: "'Умардың кезінде адамдардың басына қуаңшылық келіп түсті. Сонда бір адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне барды да: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Өзіңнің үмметін үшін жаңбыр сұрашы, ақиқатында, олар опат болудың аузында тұр!», – деді. Содан соң бұл адам түс көреді де, түсінде оған: «'Умарға бар...», – деп айтылады. Әрі Сәйф ибн 'Умар әлгі адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы Біләл ибн әл-Харис әл-Музани болғанын хабарлаған".

Хафиз ибн Хәжар «әл-Фатх әл-Бәриде» 2/397 бұл хадисті Ибн Аби Шәйба Абу Салих әс-Самманға дейінгі сенімді иснадпен жеткізеді деген.

Осы жерде оқырманның назарын бір өте маңызды жайтқа бұру қажет: осы өтірікші кітаптардың авторлары бар өтірікшындықтарын пайдаланып жаратылыстардың құқықтары мен құрметі арқылы жасалатын шариғи тұрғыдан заңсыз тәуассулді дәлелдеуге талпыныс жасаған соң, олар көпқұдайшылықты енгізудің тоғызыншы сатысына байқаусыз өтіп кетуге талпынып, қабірде жатқан қайтыс болған адамға ол Аллаһтың алдында осы жалбарынып жатқан адам үшін шапағат жасауын сұрап жалбарынудың шариғатта заңдастырылғанын және рұқсат етілгенін дәлелдеуге кірісті. Ал бұл енді үлкен (діннен шығарып жіберетін) көпқұдайшылық.

Шейхул-Ислам былай деген екен: *“Пайғамбар Мухаммад та (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), оған дейінгі пайғамбарлар да адамдар үшін періштелерге, пайғамбарлар мен салиқалы адамдарға, олар қайтыс болғаннан кейін де, өздері жоқ кезде де, дұға тілектермен жалбарынуды және олардан Аллаһтың алдында шапағатшы болуды сұрауды заңдастырмаған. Сондықтан да ешкім: «Уа, Аллаһтың періштелері, мен үшін Аллаһтың алдында шапағатшы болыңдаршы, біз үшін Аллаһтан Ол бізге көмектесуін, немесе бізді ризықтандыруын, немесе тура жолмен жүргізуін сұраңдар», – деп айтпасын. Тура сол сияқты, қайтыс болған пайғамбарлар мен салиқалы кісілерге де (әулиелерге): «Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Уа, Аллаһтың әулиесі! Мен үшін Аллаһқа дұға етші, Аллаһтан мені кешіруін сұрашы», – деп айтуға да болмайды. Сондай-ақ: «Мен саған өзімнің күнәларым, немесе ризығымның азаюына, немесе дұшпанның басып кіруіне, немесе маған жәбір-қысым көрсетіп жатқан пәленге шағымданамын», – деген сияқты сөздер кітап иелері мен мұсылмандардың дінге енгізген жаңалықтарынан (бидғаттарынан). Мұны христиандар өз шіркеулерінде және мұсылмандардың ішіндегі бидғатшылар пайғамбарлар мен әулиелердің қабірлерінде, немесе олар жоқ кезінде істеп жатқандарындай. Мұның барлығының өтірік екендігі ап-айқын әрі Ислам дінінің қағидаларынан белгілі-ақ, сондай-ақ мұсылмандардан да шүбәсіз жеткізіледі. Олар Мухаммад Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), оған дейінгі пайғамбарлар да мұны заңдастырмағанына әрі мұндайды сахабалар мен олардың ізбасарларынан ешкім істемегеніне бірауызды келіскен. Әрі мұны мұсылмандардың бірде-бір имамы да, атақты төрт мәзһаб имамдарының ешқайсысы да мақұлданатын іс деп айтпаған».* Қз.: «Қа’ида жәлилә» 53-60 тармақ, азғантай қысқартулармен.

Сондай-ақ шейхул-Ислам былай деген: *«Періштелерге, пайғамбарлар мен әулиелерге олар қайтыс болғаннан кейін немесе жоқ кезінде жалбарынудың барлық түрлері, сондай-ақ олардың бейнелері мен мүсіндеріне жалбарыну – көпқұдайшылықтың ең үлкен түрлерінің бірі болып табылады. Көпқұдайшылықтың бұл түрі көпқұдайшылықты және Аллаһ Тағала заңдастырмаған түрлі құлшылық-ғибадаттарды ойларынан шығарған Кітап иелерінен болмаған көпқұдайшылдарда, сондай-ақ Кітап иелерінен және мұсылмандардан болған бидғатшыларда бар».* Қз.: «Қа’ида жәлилә» 304-305 тармақтар.

Біз осыдан бұрын айтып өткеніміздей, олар жаратылыстардың құрметі және қақысымен тәуассул жасауды дәлелдеуде бір-ақ мақсатты көздейді: оның шариғатта заңдастырылған деп бекітіп, келесі сатыға көзге көрінбей өтіп кету. Дәл сондықтан да біз осы тарауда олардың дәлелдерімен тек үстіртін ғана танысып қоймадық. Әрі қадірменді оқырманымыз көріп тұрғанындай, олардың өлген адамдардың өздеріне жалбарынуды дәлелдеуге көшуі біздің сөз-

дерімізді растауда. Ал бұл жердегі көрінбей өтушілік олардың осыны тәуассул тарауының шеңберінен шықпай істеуінде, әрі осыны мүлде көпқұдайшылық емес, керісінше, зандастырылған тәуассулдің нағыз өзі деп сендіруге талпынуында байқалып тұр. Әрі олар осының барлығын тәуассул туралы кітапта жасады. Әрі осының барлығының растауы ретінде олардың «Тавассуль – мольба через посредничество в Исламе» кітабының соңында біз **«Өлген адамдармен тәуассул жасауға болатындығы туралы»** тарауын көреміз. Осымен олар оқырманды өлген адамдарға жалбарыну – бұл тура сол тәуассул деп сендіргісі келеді. Алайда олардың олақ айлалары Аллаһтың рұқсатымен жетістікке жетпейді.

Аллаһ былай деді: **«Расында, олардан бұрынғылар да айлакерлік істеген. Сондықтан Аллаһ олардың құрылыстарының іргетастарынан келіп, төбесі жоғарыдан үстеріне құлады. Сондай-ақ оларға аңғармаған жерден апат келді»** («ән-Нәхл» сүресі, 16:26).

Ол тағы да былай деп айтты: **«Расында, бұлар да, бұлардан бұрынғылар да мекерлік қылған. Дегенмен, барлық шаралар Аллаһқа тән. Аллаһ әркімнің не істегенін біледі. Қарсы болушылар жақында соңғы дүние кімнің үлесіне тиетінін біледі»** («әр-Рағд» сүресі, 13:42).

Сондай-ақ Ол: **«Олар айлакерлік істеді, Аллаһ та амалын тапты. Аллаһ тәсілшілердің ең жақсысы»** («Әли Имран» сүресі, 3:54).

Ал олардың дәлеліне келер болсақ, оған жауап келесідей болмақ:

Мәлик әд-Дар – белгісіз. Сол себепті бұл хадис әлсіз болады. Әлгі адамның аты Біләл ибн әл-Харис деп аталған сол риуаятта Сәйф ибн ‘Умар әт-Тамими деген жеткізуші бар – мухаддистер оның әлсіздігіне біраууыздан келіскен. Оның үстіне Ибн Хиббан ол туралы: *«Ол хадистерді ойдан тоқитын»*, – деп айтқан.

Ал «Тавассуль» кітабына келер болсақ, оның авторлары бұл хадисті келесідей үлгіде келтірген:

“Ал Бухари болса мынандай әңгімені келтіреді[96]*: «Бірде*[97]*, ‘Умардың билік құру тұсында, адамдардың басына қуаңшылық түскенде,*

---

[96] Шын мәнісінде, Бухари өзінің «Сахихында» ешқашан жалған оқиғаларды жеткізбеген, ал бұл хадисті Ибн Аби Шәйбадан басқа ешкім жеткізбейді. Ал олар бұл хадисті Бухариге теліп, оқырманды бұл хадис шүбәсіз сахих екеніне сендіргісі келеді, өйткені Бухаридің жинағындағы барлық хадистер сенімді болып табылады.

[97] Олар осы хадисті келтіре отырып, оны Мәлик әд-Дар баяндайтынын атап кетпегеніне назар бұрыңыздар, бірақ олар осыған дейін әрбір хадисте оның баяндаушысы кім екеніне міндетті түрде нұсқайтын. Мұның себебі – олар Мәлик ад-Дардың белгісіз жеткізуші және дәл соның себебінен бұл хадис әлсіз екенін түсінді де, мұны жасырды.

бір кісі Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабіріне келді де, былай деді: «Уа, Пайғамбар! Аллаһтан ізбасарларыңа жаңбыр беруін сұрап дұға ет! Олар опат болудың аузында». Содан соң ол түсінде Елшінінің[98] *оған: «'Умарға бар да, оған менен сәлем айтып, жаңбыр болатынын хабарла, содан соң оған: «Епті және тапқыр бол», – де», – деп айтқанын көрді. 'Умар осыны естіген кезінде: «Уа,, Аллаһ! Мен бар күш-жігерімді саламын», – деді. Бұл адам Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) азаншысы Біләл болатын*[99]*"*.

Олардың біз келтірген дәлелдері олардың кітаптарында едәуір таралған, әрі қарсылас тараптың қолында бар нәрселердің ең күштілері осы. Олардың басқа дәлелдеріне келер болсақ, олардың жалғандығы, әлсіздігі мен парықсыздығы ап-айқын, оларға жауап беру үшін бұл бөлімді созып отырудың қажеті де жоқ.

7-бөлім. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметімен тәуассулді теріске шығару Пайғамбардың өзінің құрметің және оған деген құрметті теріске шығаруды білдірмейді

Көпқұдайшылық пен бидғаттарды таратушылардың тәсілдерінің бірі олар бірқұдайшылық пен Сүннетті жақтаушыларды адамдарға барынша жаман кейіпте көрсетуге бар күш-қайраттарын салатынында көрініс табады. Өйткені олар ақиқаттың жақтаушыларымен дәлел келтіруде және өз ұстанымын Құран мен Сүннеттен алынған білімнің негізінде тартысуға шамасы келмейді. Ғылыми пікір-сайыста масқара болып жеңілгеннен кейін, оларға күш көрсетіп қорқытудан әрі сонымен бірге олардың ұстанымына келіспеушілігін білдіруге батылы жеткеннің кезкелгеніне күйе жағудан басқа еш нәрсе қалмайды.

Ханафи мәзһабының үлкен имамдарының бірі – имам әл-Бәрқауи (981 һ/ж) осы жайтты түсіндіріп былай деген: «*Ең ұлы бүлік – бұл қабірге сиынушылардың бүлігі, әрі ол, сахабалар мен олардың ізбасарларының айтқанындай, пұтқа табынушылардың дінінің негізі болып табылады. Шайтан оларға белгілі бір ұлы адамның қабірін көрсетеді, содан соң бұл қабір Аллаһпен қатар құлшылық етілетін пұтқа айналады. Кейін шайтан өзінің ізбасарларын «кім осы әулиеге сиынуға және оның қабірінің басына үнемі жиналуға және оны пұтқа айналдыруға тыйым салса, сол осы әулиені қорлаған және оның құқығын құрметтемеген болады» деген сенімге иландырады. Содан соң*

[98] Іс жүзінде хадисте ол түсінде кімді көргені нақты айтылмаған.

[99] Олардың білімсіздігінің тереңдігі сонша – олар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) азаншысы болған Біләл ибн-Рабах пен хадисте аталатын Біләл ибн әл-Харис әл-Музаниді шатастырып отыр.

бұл надандар оларға осы қабірдің басына жиналуға тыйым салатындармен қастасады да, оларды кәпір деп айыптайды. Ал ол ешқандай күнә жасамады ғой, ол бар болғаны Аллаһ пен Оның Елшісі бұйырған нәрсені бұйырды, әрі Аллаһ пен Оның Елшісі тыйым салған нәрсеге тыйым салды». Қз.: «Зиярат ул-Қубур» 82-бет.

Осы жерде сопылардың бұл айыптары шындықта негізі жоқ кезекті өтірік мәлімдемелер ғана екенін түсіну керек. Біздің Аллаһқа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі мен қақысы арқылы жалбарынудың заңдылығын теріске шығаруымыз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің құрметін теріске шығаратынымызды, оны құрметтемейтінімізді және жақсы көрмейтінімізді білдірмейді. Осы жерде бізге мына нәрсені ұғып алу өте маңызды болады: Аллаһ Тағала Өзінің Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тура жолдың басшылығы болатын дінді бекіту үшін жіберді және әр нәрсенің өз орны мен мәртебесін бекітті. Сондай-ақ біз өзімізден бұрын өмір сүрген қауымдар сияқты адасушылыққа түспеуіміз үшін, Аллаһ Тағала бізге олардың адасушылыққа түсуіне себеп болған барлық жолдар мен істерді ескертті. Міне, осылайша, бізден бұрынғы қауымдардың адасушылыққа түсуінің ең басты себептерінің бірі – олар пайғамбарларға лайықты құрмет көрсетпей, оларды өтірікшілер деп, елден қуып, өлтіруге дейін барғаны еді. Ал басқалары пайғамбарларды ұлықтап-құрметтеуде шектен шықты да, бұл оларды өз пайғамбарларын Аллаһтың ұлдары деп атауға, әрі олар құдайы болмысқа ие деп айтуға дейін алып барды. Ал салиқалы адамдарға (әулелерге) келер болсақ, әлгілер оларды өздерімен Аллаһтың арасында дәнекер етті де, оларды іс жүзінде оларға тиісті болмаған орынға қойып қойды. Біреу: «Ешкім Мухаммад Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың ұлы деп айтып жатқан жоқ және оған құдайы сипаттарды теліп жатқан жоқ», – деп айтуы мүмкін. Ал біз: көптеген сопылық тариқаттардың өкілдері Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ашық түрде Аллаһтың ұлы деп айтпаса да, оған құдайы сипаттарды телиді деп айтамыз.

Мұның мәні олардың «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әруағы біздің жиналыстарымызға қатысады» деп санауында. Сондай-ақ олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің қасында тұрып, оған түрлі тілдерде және бір уақытта әртүрлі тілек-сұраныстарын айтып жалбарынады. Ал бұл олардың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың сөздерін естиді әрі олардың сұраныстары бір мезгілде және әртүрлі тілдерде айтылып жатқанына қарамастан, оларды түсінеді және олардың дауыстары мен сұраныстарын

ажырата алады деген сеніміне нұсқайды. Олардың кейбіреулері Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) табиғаттың кейбір құбылыстарын басқарады, ғайып пен көмес ілімді біледі, бақыт пен бақытсыздық әкеле алады деген сенімге ие. Мен осы жерде мұның барлығын олардың бұл осы сенімдері ашық түрде жария етілетін дереккөздері мен кітаптарына сілтеме жасамастан келтіріп отырмын, өйткені бұл дереккөздер мен кітаптарға біз **«Мәуліт – ең қауіпті бидғаттардың бірі және не үшін ханафилер оны өткізбейді»** атты кітабында нұсқаған болатынбыз**.** Осы жерде сондай-ақ бидғатшылардың көзқарастарын теріске шығару барысында олардың дереккөздері мен кітаптарына сілтеме жасау өте маңызды екенін атап өту керек, өйткені осы арқылы біз өзімізді олардың тарапынан бізге тағылатын, біз оларға негізсіз өтірік жапсырғандығымыз туралы айыптардан қорғаймыз. Сондай-ақ біз осы арқылы оқырманды кез-келген талап пен айыптар «аспаннан алынған» емес, негізделген болуы қажеттілігіне үйретеміз. Сосын оқырман ақиқатқа ілесушілерді сопылар т.б. солар сияқты бидғатшылардан ажырата алатын болады. Өйткені кім «Иман» т.с.с. баспалар жарыққа шығаратын сопылардың кітаптарын ашып қараса, олардың кітаптары өздері пайдаланған сілтемелер мен дереккөздерді нұсқаудан жұрдай екенін көре алады. Мысалы, олар: «Мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолына ілесушілер аспанға табынады», – немесе: «Олар Аллаһ Тағалаға дене мен бағыт телиді», – деп мәлімдейді де, бірақ әһли-Суннаның осындай дінбұзар сенімді ұстанатынын қай көздерден тауып алғанын ешбір жерде атамайды. Оқырман осындай дәлелсіз айыптаулар арқылы кез-келген нәрсені ойдан шығаруға, барлық ұлы күнәларда, тіпті күпірлікте айыптауға болатынын, әсіресе, сопылардың өздерін Исламға телитін ең өтірікші секталардың бірі екенін ескерген түрде бұл әбден ықтимал екенін түсінуі қажет. Олар Сүннеттің жақтаушыларына жала жапсыруға ғана емес, сондай-ақ мүлде бетпақ және ұятсыз тәсілдермен қасиетті мәтіндерді бұрмалауға, әрі сонысымен Аллаһ пен Оның Елшісіне де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлем болсын) жала жапсыруға ұялмайтынын оқырман түсініп қойған болар. Ендеше, бұл адамдардан осыдан кейін не күтуге болмақ?!

Сондықтан да біз олардан кітаптарын жазған кездерінде бос және дәйексіз сөзге қағаз құртпай, ақпараттарын алған әһли-Сунна ғалымдарының кітаптарына немесе өздерінің кітаптарына сілтемелер келтіруін талап етеміз. Ал бізге келер болсақ, біз Аллаһтың рұқсатымен олардың әрбір кітабын міндетті түрде талдайтын боламыз. Содан кейін бұл кітаптарда кездесетін кез-келген адасушылықтарға теріске шығару жазамыз, әрі осы

арқылы олардың өтірікші болмысын әшкерелеп, мұсылмандарға дұрыс бағыт сілтейтін боламыз. Сопылар ешбір жазасыз өз қылмыстарын жасай беретін және қиялына келген нәрселерді істей беретін замандар өтті.

Ал егер Түркістанға, Арыстан Бабқа, Бекет Атаға т.с.с. өздері қиялдарынан алып «киелі» деп атаған жерлерге сапарлар ұйымдастыратындар өздерінде мұндай сенімдері жоқ екенін алға тарса, онда оларға бірнеше тармақтан тұратын келесідей жауап беріледі:

1. Істің мәні мұндай сенімдердің бір мезетте пайда бола қалмайтынында болып тұр. Оларды тарату және орнату жәймен, ізбе-із, бірте-бірте жүріп жатады. Сол сияқты діни киім киетін және денесін толық жабатын иман келтірген әйел, біз мезетте пляжға жалғыз іш киіммен шықпайды ғой. Басында ол сәнді түрлі-түсті киім кие бастайды, кейін денесінің пішінін көрсететіндей тарлау киімге көшеді, кейін ол бірте-бірте жеңін қысқарта бастайды, кейін орамал тағу үлгісін сәнге салынып өзгертеді, сөйтіп ұятын толық жоғалтпайынша әрі қарай жылжи береді. Мұның барлығы шайтанның басқан ізінен ілесу деп аталады. Сондықтан да Аллаһ Тағала былай деген: **«Әй мүміндер, шайтанның басқан іздерін баспаңдар. Кім шайтанның іздеріне ерсе, күдіксіз, ол ұятсыздықты, жамандықты меңзейді»** («ән-Нур» сүресі, 24: 21).

Сондықтан да білім иелері соңы жамандыққа алып келетін нәрселердің алғашқы белгілерін байқап, осы кішігірім алғашқы ауытқушылықтарды айыптай бастағанда, ой өрісі тар адамдар бұда ешқандай жамандық көріп тұрмағанын және ешқандай жаман нәрсе істеп жатпағанын алға тартады. Сонымен бірге олар білім иелерін артық кетушілікте, қаталдықта және біліксіздікте айыптай бастайды.

Бұл жерде де тура сол нәрселер орын алуда. Алдымен шайтан адамды: «Аллаһтан «әулиенің» құрметімен және қақысымен сұрау бұл осы «әулиеге» деген құрмет пен ілтипат танытудың көрінісі болып табылады», – деп азғырады. Кейін адам «әулиенің» өзінен ол үшін Аллаһтың алдында шапағатшы болуын сұрай бастайды. Кейін ол әулиенің Аллаһ алдында шапағат етуінің қажеті де жоқ, керісінше, әулиенің өзі-ақ жетіп асады деп санайтын болады. Ал егер біреу осыған күмәнданса, онда христиан миссионерлері адамдарға кім Иисусқа иман келтірсе, Иисус соны жақсы көреді де, оны тура жолға салады т.с.с. деп түсіндіретінін есіне алсын. Ал христиандар да кезінде Иисусты Құдайдың баласы деп те, құдайы сипаттарға ие деп те есептемейтін еді ғой.

Осыдан шыға келе, оқырманға келесі нәрселер түсінікті болады:

ʻУмар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***“Христиандар Мәриям ұлы***

Исаны ұлықтағандай мені ұлықтамаңдар. Мен бар болғаны құлмын, сондықтан да: «Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі», – деп айтыңдар" (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 3445).

Ал егер олар: «*Біз Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) христиандар Исаны ұлықтағандай етіп ұлықтамаймыз, өйткені христиандар оны Құдайдың ұлы деп айтады, ал біз мұндайды айтпаймыз*», – десе, онда біз оларға: «Бұл хадисте Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қандай дәрежеге дейін ұлықтауға тыйым салынатындығы туралы емес, бірақ Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) христиандар осыны іске асыратындай әдіспен, үлгімен, тәсілмен ұлықтауға болмайтындығы туралы айтылған», – деп жауап береміз.

Бұған мына хадис дәлел болады:

Әнас адамдардың Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оған: «Сіз – біздің ішіміздегі ең жақсымызсыз және біздің ішіміздегі ең жақсымыздың ұлысыз», – деп айтқаны туралы баяндаған. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген екен: ***«Әй, адамдар! Сөздеріңді немесе сөздеріңнің бір бөлігін айтыңдар, бірақ шайтан сендерді босаңсытпасын! Мен – Мухаммад, Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісімін, әрі мен өзімді Аллаһ қойған орнымнан жоғары көтеруін қаламаймын»*** (**хадис сенімді (сахих);** Нәсаи «'Амәләл-йаум уәл-лләйлә» 248; Ахмад 3/153, 241, 249 т.б.; Шейх Мукбил хадисті «Сахих әл-Муснадта» 121 сенімді деп атаған).

Осы хадисте көрініп тұрғанындай, адамдар оны Құдайдың ұлы деп айтпады, тіпті бұған жақын еш нәрсе айтқан жоқ, алайда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың мұндай сөздеріне тыйым салды да, мұны ең соңында үлкейе түсетін ұлықтауға алып келетін шайтаннан келген босаңсу деп атады.

Сондай-ақ біз: «Сендер бүгін: «Мухаммад – Аллаһтың ұлы», – деп айтпасаңдар да, мұны ертең айтасыңдар, немесе осыны сендердің немерелерің айтады, өйткені христиандар да Исаны бір сәтте Құдайдың ұлы деп айтып шыққан жоқ қой. Бұған дәлел – сендердің асыра ұлықтау жолына түсіп үлгіргендерің, әрі ерте ме, кеш пе сендер христиандар жеткен шекке жетесіңдер, өйткені бұлардың бәрі – бір жол», – деп айтамыз.

Абу Са'ид әл-Худри Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: "***«Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өмір сүргендердің әдет-салттарына ізбе-із, сүйемнен сүйем, шынтақтан шынтақ ілесіп кетесіңдер. Тіпті олар кесірткенің ұясына кіріп кетсе де, сендер де міндетті түрде оларға ілесесіңдер».*** *Біз одан: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз*

*яһудилер мен христиандар туралы айтып тұрсыз ба?», – деп сұрадық. Ол: **«Енді кімді»,** – деп жауап берді”* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 3456; Муслим 2669; Ахмад 11800 т.б.).

2. Сондай-ақ олардың мәлімдемесіне жауап ретінде олар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құдайы сипаттарды телуге дейін міндетті түрде жететінін де айтуға болады. Бұған дәлел – олар өздерінің барлық кітаптары мен іс-әрекеттерін араб елдеріндегі жетекшілерінің ізінен дәлме-дәл қайталайтыны болып табылады. Осыдан шыға келе, біз олардың бұзып өтпеуге тиісті сызықтың алдында тоқтай алмайтынына сенімдіміз. Өйткені олар еліктейтін дүние жүзі бойынша таралған сопы тариқаттарының жетекшілері де осы шекараның алдында тоқтай алмаған. Бұл үшін алысқа бармай-ақ, сопылардың Дағыстанда, Сирияда, Мысырда т.с.с. жерлерде өткізетін жиындарында не істеп жатқандарына қараудың өзі жеткілікті болады. Дүние жүзі бойынша сопыларды тоқтата алмаған, бірақ біздің сопыларды тоқтататын не болуы мүмкін екен?!

3. Әрі соңғысы – бұл Түркістанға, Бекет Атаға және сол сияқты «әулиелі» жерлерге сапар ұйымдастырушылар мен сопылардың қазірдің өзінде осы сенімдердің бір бөлігіне ие екендігі. Нақтырақ айтсақ, бұл олардың «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біздің жиындарымызға қатысады» деген сенімі.

Сондықтан да осы сапарды ұйымдастырушылар мен сопылар өздерін өтіріктен жатқызатын ханафи мәзһабының ғалымдары былай деген: *“Кім: «Шейһтардың (әулиелердің) әруақтары осы жерде және біледі», – десе, сол кәпір болады”.* Қз.: «әл-Бахр әр-Раик» 5/134.

Айтылғанның барлығынан олардың іс-әрекеттері Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махабаттан да, құрметтен де жұрдай екені айқын болады. Мұның үстіне Пайғамбардың өзі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Әрі мен өзімді Аллаһ қойған орнымнан жоғары көтеруін қаламаймын».*** Ендеше, қалайша сіздер Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жек көретін нәрселерді істей тұра, оны сүйеміз деп айтасыңдар?!

Ал бірқұдайшылықты ұстанушыларға келер болсақ, онда олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі Аллаһтың алдында ең ұлы дәрежеге ие екеніне күмәнсіз сенеді. Барлық мұсылмандардың бұған қатысты бірауызды пікірін біз жоғарыда келтіріп кеткен болатынбыз.

Сондықтан да шейх әл-Әлбани былай деген: *«Кім Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметімен тәуассул жасау рұқсат етілген деп айтса, бұған шариғаттан дәлел келтіруге міндетті. Ал біз (шариғатқа) қарап, мысалы, Аллаһтан басқа*

ешкімге рукуғ та, сәжде де жасауға болмайтынын көрдік. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болса адамдарға бір-біріне иіліп рукуғ жасауға да, сәжде жасауға да тыйым салды. Сондай-ақ біз Сүннеттен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің алдында орнынан түрегелуді жақсы көрмегенін әрі осы мұның заңдастырылмағанына нұсқайтынын да көрдік. Осыдан шыға келе, егер біз Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сәжде жасау заңдастырылмаған деп айтсақ, сонда біз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметі мен мәртебесін теріске шығарған боламыз ба?! Жоқ, тағы да бір рет жоқ. Тура сол сияқты, біреу-міреу Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрмет пен мәртебеге ие дегенді пайдаланып, соның негізінде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рукуғ пен сәжде жасауға болады деп айтса болады ма?! Жоқ, тағы да бір рет жоқ. Осымен, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрметін растау мен оның құрметімен тәуассул жасауды заңдастырудың арасында, егер шариғатта бұған ешбір дәлел келмеген болса, ешқандай байланыс жоқ екендігі күмәнсіз түсінікті болды». «Тәуассул» 116-117 беттер.

18-ТАРАУ

ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМДАРДАН (ӘРУАҚТАРДАН) АЛЛАҺТЫҢ АЛДЫНДА ШАПАҒАТШЫ БОЛУЫН СҰРАП ЖАЛБАРЫНУҒА БОЛМАЙТЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

1-бөлім. Қабірге (әруаққа) табынушылардың «Аллаһқа дәнекерсіз тікелей жалбарыну дұрыс емес» деген сенімі

Бұл бөлімде қабірге әруақтарға табынатын сопылардың кітаптарындағы олардың дәнекерлік мәселелеріндегі сенімдерін әшкерелейтін кейбір үзінділерді келтіру керек.

1. Қабірге табынушылардың жетекшілерінің бірі Йусуф ән-Нәбхани (1350 һ/ж) былай деп баяндайтын: *"Бірде менің сәйідім Мухаммад әл-Ханафи төсенішін теңіз толқындарының үстіне жайды да, өзінің мюридіне: ««Я, Ханафи!», – деп айт та, судың бетімен жүре бер!», – деді. Мюрид теңіздің бетімен Мухаммад әл-Ханафидің ізімен жүріп кетті. Бір кезде оған «Не үшін мен: «Я, Ханафи!», – деп айтамын. Одан да «Я, Аллаһ!», – деген жақсырақ емес пе?» деген ой келеді де, ол: «Я, Аллаһ!», – деп, суға бата бастайды. Сонда шейх (әл-Ханафи) оның қолынан ұстап алып: «Сен Аллаһты тануды былай тұрсын, әлі әл-Ханафиді де танымадың ғой. «Я, Аллаһ!», – деп Аллаһты таныған кезіңде айтасың», – деген екен».* Нәбхани: *«Осымен шейх оған дәнекерсіз амал етуге болмайтынына нұсқаған болатын!"*, – деп жалғастырады. «Шәуаһид ул-Хаққ» 447-бет.

2. Ханафи имамдарының бірі – имам әл-Әлюси (1270 һ/ж) былай деп баяндаған: *"Бірде, мен кішкентай кезімде, сопылардың бір шейхы маған былай деді: «Егер басыңа қайғы-қасірет түссе, ешбір жағдайда Аллаһқа жалбарынба. Ақиқатында, Аллаһ саған көмектесуге асықпайды, әрі Оған сенің жағдайыңның ауыр, не ауыр еместігі*

бәрібір. Бірақ сен қайтыс болған әулиелерге жалбарынуың керек, өйткені олар міндетті түрде саған көмектесуге асығады, себебі сенің жағдайыңның ауырлығы оларды өте мазалайды". Имам әл-Әлюси былай жалғастырған: «*Әрі оның сөздері менің естіген құлағымды, менің ойымды және ақыл-санамды таң қалдырды. Сонда мен Аллаһтан Ол мені де, басқа мұсылмандарды да осы сияқты айқын адасушылықтан құтқаруын жалбарынып сұрадым*». Қз.: «Рух ул-Мә'ани» 14/166.

3. Қабірге табынушы сопылардың біреуі – 'Абдулғани ән-Нәблуси (1143 һ/ж) дәнекерліктің қажет екенін дәлелдеп былай деген: *"Имамдардың біреуі Мә'руф әл-Курхи өзінің асхабтарына былай деген екен: «Егер сендерде Аллаһтың алдында (сұрайтын) қандай да бір қажеттіліктерің болса, одан менің есіміммен сұраңдар, әрі Аллаһтан Оның Есімдері арқылы сұрамаңдар». Сонда оның асхабтары одан: «Не үшін?», – деп сұрапты. Ол: «Өйткені сендер әлі Аллаһты танымағандықтарың себепті Аллаһ сендерге жауап бермейді. Ал сендер қашан Аллаһты танысаңдар, сол кезде ол сендерге жауап беретін болады», – деп жауап берген екен".* Қз.: «Кашф ун-Нур» 20-бет.

4. Қабірге табынушылардың жетекшілерінің бірі болған әл-Куза'и былай деген: «*Адамдар Аллаһтан тікелей Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәнекер етпестен сұрап жатқандары тістері жоқ немесе тістері толық жасалмаған кілт сияқты. Ал тістері жоқ кілт есіктерді ашпайтыны белгілі ғой!*» Қз.: «әл-Барахин» 449-бет.

2-бөлім. Ханафи мәзһабы имамдарының Аллаһқа дәнекер арқылы жалбарыну діндегі жаңалық (бидғат) және көпқұдайшылық (ширк) болып табылатындығы туралы айтқан сөздері

Бұл бөлімде ханафи мәзһабы имамдарының Аллаһқа дәнекер арқылы жалбарыну діндегі жаңалық (бидғат) және көпқұдайшылық (ширк) болып табылатындығы туралы айтқан сөздерін келтіру керек болады. Бұл өздерін өтіріктен ханафи мәзһабына телитін Түркістанда, Бекет Атада, т.с.с. қабір-кесене-мазарларда жиындар ұйымдастырушыларға дәлел болады.

1. Имам Абу Ханифаның (150 һ/ж) ақидасына түсіндірме жасап, имам ән-Нәйләуи былай деген: *"Бірде имам Абу Ханифа қабірлерге жақындап келіп, оларға сәлем берген, ал содан кейін олармен әңгімелесіп оларға қарай сөйлей бастаған бір адамды көрді. Сонда имам Абу Ханифа оған: «Олар саған жауап берді ме?», – деді. Әлгі адам: «Жоқ», – деп жауап берді. Сонда имам оған: «Қасірет болсын саған! Қалайша сен саған жауап қайтара алмайтын, еш нәрсеге ие болмаған және дауыстарды естімейтін денелермен сөлесе аласың?!», – деді. Со-*

дан соң ол оған **«Әрі сен қабірдегілерді естірте алмайсың»** («Фатыр» сүресі, 35: 22) *деген аятты оқып берді".* Қз.: «Шифа ус-Судур» 44-бет, сондай-ақ «әр-Ракқ әл-Мәншур» 92-бет.

2. Ханафи мәзһабы имамдарының бірі – Ахмад әр-Руми (1043) көпқұдайшылықтың түрлеріне түсіндірме жасап, былай дейді: *"Көпқұдайшылықтың үшінші түрі – бұл «жақындау» (тәуассул) көпқұдайшылығы. Оның мәні адамның Аллаһтан басқа біреулерге ол оны Аллаһқа жақындатуы үшін құлшылық етуінде. Бұл көпқұдайшылық – алғашқы пұтқа табынушылардың көпқұдайшылығы. Олардың сенімі бойынша олар Жаратушы Аллаһ Тағалаға тікелей құлшылық ету үшін өте төмен және елеусіз, әрі бұл Жаратушыға қатысты ұлы тіл тигізу болып табылады. Осыдан шыға келе, олар Аллаһтың алдында өздеріне қарағанда биіктеу дәрежеге ие болғандарға құлшылық ете бастады".* Қз.: «Мәжалис ул-Әбрар» 118-120 беттер.

3. Өз кезінде ханафилердің имамы болған имам УалиуЛлаһ әд-Дәхләуи (1176 һ/ж), қабірге табынушы сопылардың өздері мен әлемдердің Раббысы арасында дәнекер таңдап алатындарында пұтқа табынушылардың жолымен жүретіндерін түсіндіріп, былай деген: *«Олардың кейбіреулерінің сенімдері бойынша Аллаһ әлемдерді басқаратын Раббы болып табылады, бірақ сонымен бірге Ол кейбір салиқалы адамдарға (әулиелерге) сый мен құдайы (сипат) беріп және олардың қолдарына болмыстың кейбір құбылыстарын басқару құқығын тапсырып, оларға сый-құрмет көрсетті. Осы орайда олар Аллаһ Тағала олардың кейбір адамдарға жасайтын шапағатын қабыл етеді деп санайды. Осынысымен олар Аллаһқа патшалардың патшасы деген рөлді, ал әулиелерге жергілікті жерлердегі болмысты басқаратын әлдебір әкімдердің рөлін беріп қойды. Мұндай сенімдер яһудилердің, христиандар мен көпқұдайшылдардың, сондай-ақ Мухаммадтың осы күнгі үмметіндегі кейбір екіжүзділердің сенімдерінен өзге еш нәрсе емес».* Қз.: «Хужжату Ллаһи әл-бәлиға» 1/61.

4. Өзінің «Шарх ʻАқида әт-Тахауия» кітабында имам Ибн Абил-ʻИзз дәнекерлік пен шапағат етудің мұндай түрлері де жәһилиет кезіндегі арабтардың көпқұдайшылығының, сондай-ақ үнділердің, түркілердің және берберлердің көпқұдайшылығының негізі болғанын растады. Қз.: «Шарх ʻАқида әт-Тахауия» 21-бет.

5. Өз кезінде Бағдадтың ханафилерінің муфтиі болған имам Махмуд әл-Әлюси (1270 һ/ж) былай деген екен: *«Жаратылғандарға өтініш айтып жүгіну және олардан Аллаһқа дұға етуін сұрап, оларды дәнекер ету, күмәнсіз, рұқсат етілген, егер жүгінілетін кісі тірі болса. Ал егер ол қайтыс болған болса, немесе өзі жоқ болса, онда бірде-бір ғалым мұның рұқсат етілмейтініне және бидғаттардың бірі екеніне күмәнданбайды. Мұндайды мұсылмандардың алғашқы буындарынан*

ешкім істемеген. Сахабалар өлген кісілерден бір нәрсе сұрағандығы туралы бірде-бір хабар келмеген, ал сахабалар басқалардан көбірек игілікке ұмтылатын еді ғой». Қз.: «Рух ул-Мә'ани» 6/125.

6. Абу Жә'фар әт-Тахауи (321 һ/ж) авторы болып табылатын «'Ақида әт-Тахауия» кітабының басында былай деп айтылады: «*Бұл – имам Абу Жә'фар әт-Тахауидің үмметіміздің имамдары: Абу Ханифа ән-Ну'ман ибн Сабит әл-Куфидің, Абу Йусуф Я'куб ибн Ибраһим әл-Ансаридің, сондай-ақ Абу 'Абдилләһ Мухаммад ибн әл-Хасан әш-Шәйбанидің, Аллаһ оларға разы болсын, мәзһабына сүйенген түрде, әһлю Сунна уәл-жәма'аның сенімдеріне түсіндірме жасап жеткізгендері. Бұл (жоғарыда аталған имамдар) дін негіздерінде қандай ақидаға ие болғандығының және осы сенімдерді әлемдердің Раббысының алдында ұстанатындығының түсіндірмесі*». Содан соң жалғыз Аллаһқа серік қоспаған күйде Оған ғана жалбарынудың маңыздылығын түсіндіре келе Абу Жә'фар әт-Тахауи былай деген: «*Аллаһ Тағала дұғаларға жауап береді және қиыншылықтарды жеңілдетеді. Ол барлық нәрсеге иелік етеді, ал Оған ешкім иелік ете алмайды. Әрі біз қас қағым сәт те Аллаһсыз өмір сүре алмаймыз. Ал кім қас қағым сәт болса да Аллаһсыз өмір сүре аламын деп санаса, сол кәпір болды*». Қз.: «'Ақида әт-Тахауия» 56-бет.

7. «'Ақида әт-Тахауиядан» алынған осы үзіндіге түсіндірме жасап, ханафи ғалымдары былай деген: «*Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына Өзіне дұға етіп жалбарынуды бұйырды, әрі оларға жауап беретінін уәде етті. Ол Өзінің құлдарын Оған серік қоспай, жалғыз Өзіне ғана жалбарынуға ынталандырады. Өйткені Аллаһ – Сыпайы, Жомарт, құлы Оған қолын жайып дұға еткенде оның дұғасын жауапсыз қалдыруға ұялады. Сондықтан да Аллаһ Тағала Өзінің құлдарына қиын-қыстау сәттерде жалғыз Оған ғана жалбарынуды көп рет бұйырды. Құран мен Сүннетте мұны дәлелдейтін көптеген мәтіндер келген. Олар адамдарды әлемдердің Раббысы Аллаһқа ауыр жағдайларда жалбарынуға үндейді әрі жаратылыстардан кімге болсын жалбарынуға тыйым салады. Өйткені Аллаһ жалғыз Өзі барлық нәрсеге иелік етеді, әрі Оған мүмкін болмаған еш нәрсе жоқ, және Ол үшін құлы Одан сұрап жатқан нәрсесін беру қиындық тұғызбайды. Сондай-ақ мұның себебі – Аллаһтың Сыпайы, Жомарт, Мейірімді, Ізгі, Сый Беруші екенінде, (Ол) береді және жауап қайырады және адамдардың қиыншылықтарын жеңілдете алады. Ол мейірімділік сипаттарымен сипатталған. Сондықтан да ешкім – мұсылман да, кәпір де – Аллаһсыз қас қағым сәт те тіршілік ете алмайды. Өйткені тіпті көпқұдайшылдар да Оған мұқтаж ғой. Құл жалғыз Аллаһқа ғана дұға еткен кезінде, сонысымен Аллаһтың Бар (әл-Қайюм), Бай (әл-Ғаний), Естуші (әс-Сәмиғ), Білуші (әл-Алим), Жомарт (әл-Жәуадуль-Карим), Мейірімді (әр-Рахман), барлық нәрсеге қабілетті болып табылаты-*

нын растайды, өйткені ешкім жоқ, кедей, саңырау, сараң, қатал және қабілетсіз болған біреуге дұға етпейді.

Аллаһ Тағала құлдары Оған дұға еткенде, Одан сұрап-тілегенде және Оған деген мұқтаждығын көрсеткенде қуанады. Ал қиын-қыстау сәттерде Одан сұрамайтындарға және Оған дұға етпейтіндерге келер болсақ, Ол мұндайларды жақсы көрмейді әрі оларға ашуланады. Сондықтан да кім өзін Аллаһқа мұқтаж емеспін деп санаса, Одан бет бұрса және жалғыз Одан басқа біреуге жалбарынса, сол кәпірге айналады әрі оның барар орны – мәңгі От. Ал бұдан не жаманырақ болуы мүмкін?! Өйткені Аллаһқа дұға етпейтін (адам) – Аллаһты танымаған болады, тіпті ол Оны таныдым деп айтса да». Қз.: «Шарх ‘Ақида әт-Тахауия» Ибн Абил-‘Изз 519-524 беттер; «ән-Нур әл-Ләми’» 115-бет; «Шарх Тахауия» Ғунейми әл-Майдани 131-132 беттер.

8. Имам УалиуЛлаһ әд-Дәхләуи (1176) былай деген: «*Жәһилиет кезінің көпқұдайшылдары өз мәселелерін шешу, аурулардан емделу, кедейді байыту т.с.с. нәрселер үшін жаратылыстарға жалбарынатын. Әрі Аллаһ мұсылмандарға олар өздерінің намаздарында:* «**Саған ғана құлшылық етеміз және Сенен ғана көмек тілейміз**» («әл-Фатиха» сүресі, 1:5), *– деп айтсын деп, сондай-ақ:* **«Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер»** («әл-Жинн» сүресі, 72:18), *– деп түсірді».* Қз.: «Хужату Ллаһи әл-балиға» 1/62.

9. Имам Шукри әл-Әлюси былай деген: *"Біздің дініміз, сондай-ақ ақыл-сана мен тума сипат (фитра) бізге Аллаһ Тағала Өзінің кіршіксіз және кемел Шариғатында өлген және жоқ біреулерге дұға етіп жалбарынуды рұқсат етілген деп түсіруі мүмкін емес деп айтады. Бұл – христиандардың: «Уа, Исаның Анасы! Бізге Құдайдың алдында шапағат ет!», – немесе: «Уа, Иса! Маған пәлен нәрселерді бер», – деп айтатындарындай. Тура сол сияқты қабірге табынушылар да: «Уа, ‘Али! Уа, Хусайн! Уа, ‘Аббас! Уа, ‘Абдулқадир! Уа, ’Айдарус! Уа, Бәдауи! Уа, пәлен!», – деген әрі осылар сияқты өздеріне Аллаһқа серік қосуды және жаратылыстарды Оған теңеуді қамтитын көпқұдайшылық сөздерін айтады, Аллаһ Оған телитін нәрселерден Жоғары. Мұндай нәрсені дін ешқашан алып келмеген. Керісінше, бұл – мәңгі Тозаққа және Аса Құдіретті, Кешірімді (Аллаһтың) ашу-ызасына жетелейтін айқын пұтқа табынушылықтың бір тармағы. Бұл туралы Ислам ғалымдары айтқан".* Қз.: «Фатх ул-Мәннан» 445, 449 беттер.

Бұл имам Абу Ханифаның, оның шәкірттерінің, сондай-ақ ханафи мәзһабының ең ұлы имамдарының сөздері болатын. Ендеше, осыдан кейін де Түркістанда, Бекет Атада, т.с.с. өтірік қасиеттілік телінетін жерлерде, қабір-кесенелер мен мазарларда жиындар ұйымдастыратын жалған ханафилер олардың істеп жүрген істерін «уаһабилерден» және «фундаменталисттерден»

өзге ешкім сөкпейді деп айталады ма екен?! Олар өздерінің осы масқаралаушы, лас затбелгілерін осы ұлы имамдарға тағып қоюға батылы жетер ме екен?!

«Ал мүмін ерлер мен мүмін әйелдерді жазықсыз кейіткендер мойындарына жаланың және айқын күнәнің ауыр жүгін жүктеп алды» («әл-Әхзаб» сүресі, 33:58).

Сондай-ақ: **«Сендер өз тілдеріңмен өтірік сөздерді таратасыңдар және ауыздарыңмен өздерің білмеген нәрсені айтасыңдар, әрі осы істегендеріңді болмашы нәрсе ғана деп болжайсыңдар. Алайда Аллаһтың қасында бұл – ұлы күнә»** («ән-Нур» сүресі, 24:15).

3-бөлім. Аллаһ Тағала аса Кешірімді және ерекше Рақымды

Құрметті бауырымыз, адамдарды қайтыс болып кеткен кісілерге жалбарынуына итермелейтін негізгі себеп Аллаһ Тағала олардың істеген күнәлары үшін тәубелерін, өкініштерін және кешірім тілеулерін қабыл етпейді деген сенімі екенін біліңіз. Олар Аллаһ Тағаланың кешіріміне және және Оның рахымына арғы дүниеде оларға шапағат етіп жатқан әулиелердің дәнекерлігі арқылы ғана қол жеткізуге болады деп ойлайды. Олардың сенімдері бойынша, егер олар Аллаһқа тікелей жалбарынса, Аллаһ Тағала оларға қарамайды және олардың дұғаларына жауап бермейді.

Бұл сенімдерді теріске шығару үшін кейбір аяттар мен хадистерді келтірудің өзі жеткілікті болады.

Аяттарға келер болсақ, онда Аллаһ Тағала былай деп айтады:

1. **«Әй, өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рахметінен күдер үзбеңдер. Аллаһ барлық күнәларды жарылқайды. Өйткені Ол тым Жарылқаушы, аса Рақымды»** («әз-Зумар» сүресі, 39:53).

2. **«Әй, мүміндер, түгел Аллаһқа тәубе етіңдер! Бәлкім, құтыларсыңдар»** («ән-Нур» сүресі, 24:31).

3. «Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Сонан соң Оған тәубе етіңдер» («Һуд» сүресі, 11:3).

4. **«Олар Аллаһ Өзінің құлдарының тәубесін қабыл ететінін және садақаларын қабылдайтынын, Аллаһ Тәубені Қабыл Етуші және ерекше Рақымды екенін білмейді ме?»** («әт-Тәуба» сүресі, 9:104).

Құрметті бауырымыз, осы ұлы аяттар келтірілгеннен кейін де, сіз осы өтірікшілердің: «Біз Раббымыздың кешіріміне дәнекерсіз қол жеткізе алмаймыз», – деген сөздеріне сене бересіз бе?! Аллаһ оларды опат етсін! Олар нендей бет бұрған!

Өз қауымдарына жіберілген Пайғамбарлар мен елшілер осындай көпқұдайшылдардың сенімдерін қирату үшін де, оларға Аллаһтың Рақымы мен Кешірімін түсіндіретін. Пайғамбарлар мен елшілер өз қауымдарына олар осы дәнекерлерге жүгінулері арқылы соларды құдайларға айналдырып алатындарын және соларға құлшылық ететіндерін түсіндіріп берді. Пайғамбарлар адамдарға бұл дәнекерлерде ешқандай қажеттілік жоқ екенін, өйткені Аллаһ Тағала Өзінің құлдарын еститінін және оларға кешірім Қолын созатынын түсіндіріп отырған.

Егер сіз осыған көз жеткізгіңіз келсе, онда келіңіз, бірге қарайықшы:

1. Аллаһ Тағала Нұх пайғамбар мен оның шақыруы (дағуаты) туралы не дегеніне қараңыз: **"Расында, Нұхты еліне: «Қауымыңды күйзелтуші азап келуден бұрын ескерт», – деп жібердік. Ол** (Нұх): **«Әй, қауымым! Шын мәнінде, мен сендерге ашық ескертушімін! – деді, – Аллаһқа құлшылық қылыңдар, Одан қорқыңдар және маған бағыныңдар. Ол сендердің күнәларыңды жарылқайды және белгілі бір мерзімге дейін сендерге мұрша береді (өмір сүрдіреді). Егер білсеңдер, ақиқатында, Аллаһтың белгілеген мерзімі келіп жетсе, ол әсте кейінге қалдырылмайды», – деді. Ол** (Нұх) **былай деді: «Раббым! Расында, мен елімді күндізтүні шақырдым. Бірақ шақыруым олардың қашуын ғана тездетті. Расында, мен Сенің оларды жарылқауың үшін, оларды шақырған сайын, олар саусақтарын құлақтарына тығып, киімдерін бүркенген бойда, қасарысып, паңданған сайын паңданды. Сосын, рас, мен оларды қатты дауыстап шақырдым. Одан кейін мен оларға ашықша да, тіпті өздерімен оңаша сөйлесіп те айттым. Мен оларға: «Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Өйткені Ол – өте Жарылқаушы», – дедім"** («Нух» сүресі, 71:1-10).

Бірақ оның қауымы Аллаһқа тікелей жалбарынып сұраудан бас тартты да, дәнекерлерден бас тартпады.

"Нұх былай деді: «Раббым! Расында, олар маған қарсы келді. Сондай-ақ олар малдары мен балалары өздеріне зияннан басқа еш нәрсе келтірмейтін біреуге ілесті. Олар зор айлакерлік ойластырды және: «Тәңірлеріңді тастамаңдар; Уад, Суағ, Яғус, Яғұқ және Насырды әсте тастамаңдар», – деді»" («Нух» сүресі, 71: 21-23).

Енді сіз қалай деп ойлайсыз, бауырымыз, Аллаһ Тағала олардың күнәларын кешірді ме? Олардың сиынғандары оларға шапағат және көмек бере алды ма?

«Қылмыстарының салдарынан олар суға батырылды да, Отқа тасталды. Олар өздеріне Аллаһтан өзге көмекші таба алмады» («Нух» сүресі, 71: 25).

Ендеше, осыдан берік ұстаныңызшы, бауырымыз! Расында, бірқұдайшылық пен пұтқа табынушылықтың осыншалықты егжей-тегжейлі түсіндірмесін басқа жерден сирек жағдайда ғана таба аларсыз.

2. Ал мынау – Аллаһтың Һуд пайғамбардың шақыруы туралы айтқан сөздері:

"Ғад қауымына туыстары Һудты жібердік: Ол: «Әй, елім! Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ. Сендер өте жалақорсыңдар», – деді" («Һуд» сүресі, 11:50).

Ғад елінің адамдары Аллаһқа қандай жала жапсырды?

"(Һуд:) **«Әй, елім! Бұл үшін сендерден сыйақы сұрамаймын, өйткені менің сыйымды Жаратушым береді. Сонда да түсінбейсіңдер ме? Әй, халқым! Раббыларыңнан кешірім тілеңдер. Сонсоң Оған тәубе етіңдер. Сендерге көктен мол жаңбыр жаудырып, қуаттарыңның үстіне қуат қосады. Сондай-ақ күнәкар болып, жалтармаңдар», – деді"** («Һуд» сүресі, 11:51-52).

Ал олар не үшін Аллаһтан бет бұрған еді және не үшін Аллаһ оларды күнәһарлар деп атады?!

"Олар: «Әй, Һуд! Сен бізге ашық дәлел келтірмедің. Әрі біздер сенің сөзің үшін тәңірлерімізді тастамаймыз. Біз саған сенбейміз», – деді" («Һуд» сүресі, 11:53).

Ал тәңірлерді тастаудың мәні неде?

"Олар: «Біз: «Саған кейбір тәңірлеріміздің киесі тиген екен», – деп қана айта аламыз», – деді. Ол (Һуд) былай деді: «Расында, мен сендердің Аллаһтан басқа құлшылық ететіндеріңнен аулақ екендігіме Аллаһты куә етіп шақырамын әрі сендердің де куә болуларыңды сұраймын»" («Һуд» сүресі, 11: 54:55).

Олардың Аллаһтың орнына осы құдайларға сиынғаны неде көрініс тапқан еді?

"(Һуд:) «Маған Аллаһтан басқа бәрің мекерлік қылыңдар да, сонан кейін мұрса берменідер. Расында, мен менің де Раббым әрі сендердің де Раббыларың – Аллаһқа тәуекел еттім. Ол, айдарынан ұстамаған (толық меңгермеген) ешбір жәндік жоқ. Күдіксіз, Раббым тура жолда. Ал егер бет бұрсаңдар, онда мен өзім арқылы жіберілген нұсқауды сендерге жеткіздім ғой. Раббым сендердің орындарыңа басқа елді әкеледі, әрі сендер оған ешбір зиян келтіре алмайсыңдар. Шынында, Раббым – әр нәрсенің Қорғаушысы» (, – деді)» («Һуд» сүресі, 11:55-57).

Ғад қауымына олардың дәнекерлері көмектесті ме және Аллаһ олардың шапағат етуін қабылдады ма?

«Әміріміз келген кезде, Біз Һудты және онымен бірге иман келтіргендерді мәрхаметімізбен құтқардық. Сондай-ақ оларды ауыр азаптан да босаттық. Ғад елі, міне, осындай болатын. Олар Раббыларының аяттарына қарсы келіп, Оның елшілеріне мойынсынбай, әрбір тәкаппар қырсыққа ілесті. Бұл дүниеде де, Қиямет күнінде де олардың қырсоңынан лағынет қалмайды. Ақиқатында, Ғад елі Раббыларына иман келтірмеді! Һудтың қауымы – Ғад елі жойылсын!» («Һуд» сүресі, 11: 58-60).

3. Ал мынау Аллаһ Тағаланың Өз елшісі Салих туралы хабарлағаны:

“Сәмуд еліне туыстары Салихты жібердік. Ол: «Әй, елім! Аллаһқа құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан басқа ешбір тәңірлерің жоқ. Ол сендерді жерден жаратып оған қоныстандырды. Енді Одан жарылқау тілеңдер және Оған тәубе етіңдер. Күдіксіз, Раббым – тым Жақын, дұғаға Жауап беруші», – деді” («Һуд» сүресі, 11: 61).

Сіз қалай деп ойлайсыз, бауырымыз: не себепті Салих пайғамбар оларға Аллаһ Тағаланың тым Жақын, дұғаға Жауап беруші екені туралы айтты?!

Ал оның халқы оған не деп жауап берді?

“Олар: «Әй, Салих! Сен бұрын біздің үмітіміз болатынсың. Сен бізді аталарымыздың сиынған нәрсесіне сиынудан тыясың ба? Расында, сенің бізді шақырған нәрсеңе қатысты күмәніміз мол», – деді” («Һуд» сүресі, 11: 62).

Олардың осы құдайларға табынуларының мәні неде еді? Және олар осы қабірлерге, әулиелер мен ізгілерге Аллаһтың алдында шапағатшы болуын сұрап табынуларын жалғастырғандары үшін, бастарына не келіп түсті?

«Ал әміріміз келген кезде, мәрхаметімізбен Салихты және онымен бірге иман келтіргендерді құтқардық. Сондай-ақ сол күннің қорлығынан да азат еттік. Күдіксіз, Раббың – өте Күшті, аса Құдіретті. Ал залымдарды ащы бір дауыс алып, олар өз жұртында етпетінен түсіп, бұл жерде ешқашан өмір сүрмегендей типыл болды. Шынында, Сәмуд елі Раббыларына күпірлік етті. Сәмуд елі жоқ болсын!» («Һуд» сүресі, 11: 66-68).

4. Ал мынау – Шу’айб пайғамбардың өз халқына айтқан сөздері:

«Әй, халқым! Маған қарсы келулерің сендерге Нұх қауымының, не Һуд қауымының, немесе Салих қауымының басына түскен нәрселерін келтірмесін. Лұт елі де сендерден ұзақ емес. Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Содан

соң Оған тәубе қылыңдар. Шынында менің Раббым ерекше Рақымды, өте Сүйгіш (немесе Сүйікті)» («Һуд» сүресі, 11:89-90).

Бауырымыз, сіз Шу'айбтың не себепті өз халқына Аллаһтың ерекше Рақымды, өте Сүйгіш екенін айтқанын түсінген боларсыз?

Ал оның халқы оған не деп жауап берді?

"Олар: «Әй, Шу'айб! Сенің айтқан нәрселеріңнің көбі бізге түсініксіз. Әрі сені ішіміздегі әлсіз деп көреміз. Егер ағайының болмаса еді, әлбетте сені таспен атып өлтірер едік. Сондай-ақ сен бізге түк қадірлі емессің», – деді" («Һуд» сүресі, 11: 91).

Сонда Шу'айб оларға былай деді:

"Ол: «Әй, халқым! Сендерге ағайыным Аллаһтан қадірлі ме? Аллаһты мүлде арқаларыңа тастадыңдар. Ал Раббым не істегендеріңді толық білуші», – деді" («Һуд» сүресі, 11: 92).

Ал олардың Аллаһты арқаларына тастауы не нәрседе көрініс тапқан еді?!

Мәдиян еліне олардың дәнекерлері көмектесті ме?

«Әміріміз келген кезде Шұғайыпты және онымен бірге иман келтіргендерді мәрхаметімізбен құтқардық. Ал залымдарды бір ащы дауыс қолға алды да, үйлерінде етбеттеген бойда жоққа айналды; тіпті ол жерде отырмағандай. Ақиқатында, Сәмуд елі жоқ болғандай, Мәдиян елі де жоқ болсын!» («Һуд» сүресі, 11: 94-95).

5. Ал енді, қадірменді біздің бауырымыз, Ибраһим пайғамбардың қандай шақырумен келгеніне назар бұрыңыз:

"(Мухаммад,) Кітаптағы Ибраһимді есіңе ал. Негізінде ол турашыл пайғамбар еді. Сол уақытта әкесіне: «Әй, әкетайым! Естімейтін, көрмейтін, сондай-ақ өзіңе бір пайдасы жоқ нәрсеге неге сиынасың? – деді, – Әй, әкетайым! Расында, маған саған ашылмаған білім ашылды. Сондықтан маған ілес. Сені тура жолға салайын. Әй, әкетайым! Шайтанға табынба! Өйткені, шайтан, Рақымды (Аллаһқа) қарсы болған. Әй, әкетайым! Сені Рақымды (Аллаһ) жағынан азап қолға алып, шайтанға дос болып қалуыңнан қорқамын»" («Мәриям» сүресі, 19: 41-45).

Егер байқаған болсаңыз, Ибраһим өзінің үгіттеуінде Аллаһтың Рақымды деген Есімін ерекше атап айтады!

Сондай-ақ жоғарыда айтылған аяттан сіз шайтанға құлшылық етудің мәні не екенін де түсіндіңіз.

Сондықтан да сіз енді Аллаһ Тағаланың мына Сөздерін де түсінесіз: **"Әй, адам баласы! Сендерге: «Шайтанға табынбаңдар. Әрине ол, өздеріңе ашық дұшпан», – деп серт бермедім бе? Маған құлшылық қылыңдар. Тура жол осы! Расында, ол сен-**

дерден көптеген топты адастырды. Сонда да түсінбейсіңдер ме?" («Я-Син» сүресі, 36:60-62).

Енді Сіз Аллаһ Тағала не үшін Құранның тұтас бір сүресін әр-Рахман («Аса Мейірімді») деп атағанына таң қалмайсыз.

6. Ал енді Ибраһим пайғамбар өзінің халқына не деп айтқанын тыңдаңыз:

"Күдіксіз Ибраһим де оның (Нұхтың) жолын ұстанушылардан еді. Міне, сол кезде Ибраһим Раббысына ынталы жүрекпен келген еді. Ол өз әкесіне де, еліне де: «Нелерге табынасыңдар? – деді. – Аллаһтан өзге тәңірлерді қалап, өтірік айтасыңдар ма? Әлемдердің Раббысына байланысты не ойлайсыңдар?»" («әс-Саффат» сүресі, 37:83-87).

Олар нені өтірік айтты және Раббылары туралы қандай ойда еді?!

«Сендердің өз Раббыларың туралы жасаған ой-жорамалдарың сендерді опат етті әрі сендер зиян шегушілерден болдыңдар» («Фуссылəт» сүресі, 41:23).

Біз Құранның көркем хикаяларынан кейбір үзінділерді ғана келтірдік. Ал қалғандарына келер болсақ, олар да осындай.

«Бұл – қоныстар туралы хикаялардың кейбіреуі. Саған оны баян етеміз. Олардың кейі тұр, кейі орылып жоғалған. Біз оларға зұлымдық қылмадық. Олар өздеріне зұлымдық етті. Раббыңның әмірі келген сәтте, олардың Аллаһтан өзге жалбарынғандары өздеріне ешбір пайда келтірмеді. Сондай-ақ зияндарын арттырғаннан басқа түкке тұрмады. Раббың қолға алғанда, кенттердің залым халқын өстіп алады; күдіксіз, Оның соққысы қатты күйзелтеді. Күдіксіз, осыда Ақырет азабынан қорыққан кісілерге, әрине, дәлел бар. Қиямет; адамдардың жиналатын күні. Сондай-ақ ол әзір болатын бір күн» («Һуд» сүресі, 11: 100-103).

Енді, бауырымыз, сіз Түркістанда, Бекет Атада, т.с.с. қабір-кесене-мазарларда және жалған киелі жерлерде пұтқа табынушылық рәсімдерін жандандыру қандай опат етуші жол екенін түсіндіңіз бе?!

Ал енді Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) не деп айтқанын тыңдаңыз:

1. Әнас ибн Мәлик Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: «*Ақиқатында, Аллаһ Өзінің құлының тәубе етіп, Оған тәубесімен жалбарынғанына сендерден біреуің шөл далада түйесімен келе жатып, түйесі қолынан шығып кетіп, оның (бүкіл) ішіп-жейтін тамағы және сусынымен (қашып) кеткен болып, ол оны табуға үмітін үзіп, бір талдың астына келіп жатып, осындай күйде болған кезінде*

күтпеген жерден түйесі алдына келіп тұрғанын көріп, өзін билеп алған қатты қуаныштан қателесіп: «Уа, Аллаһ – Сен менің құлымсың, ал мен – Сенің Раббыңмын», – деп айтқан кезіндегі қуанышынан да артық қуанады» (х**адис сенімді (сахих);** Муслим 2747).

2. Абу Муса әл-Әш'ари Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндайтын: ***«Ақиқатында, Аллаһ Тағала күндіз күнә жасағанның тәубесін қабыл ету үшін, түнде Өзінің Қолын созады, әрі Ол түнде күнә жасағанның тәубесін қабыл ету үшін күндіз Өзінің Қолын созады. Әрі күн батыстан шықпайынша осылай жалғаса береді»*** (х**адис сенімді (сахих);** Муслим 2759).

3. Жәбир ибн Суләйм былай деп баяндайтын: *"Мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Сіз Аллаһтан келген Елшісіз бе?», – дедім. Ол маған:* ***«Мен – егер басыңа қайғы-қасірет түссе және сен Оған дұға етіп жалбарынсаң, осы қайғы-қасіретті сенен аударып жіберетін, ал егер сен қуаңшылық орын алған жылға жолықсаң және Оған жалбарынсаң, жағдайды түзейтін Аллаһтың Елшісімін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)»,*** *– деді"* (**хадис сенімді (сахих);** Абу Дауд 4/344; Тирмизи 5/72; Қз.: «әл-Мишкат» 1/599).

4. Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын баяндаған: ***«Аллаһ Одан сұрамайтынға (тілемейтінге) ызаланады»*** (х**адис жақсы (хасан);** Тирмизи 5/456; Бухари «Адаб ул-Муфрадта» 224 т.б., Қз.: «әс-Сахиха» 2654).

5. Сәлман әл-Фариси Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Ақиқатында, сендердің (Игі және Жоғары) Раббыларың – Ұялшақ, Жомарт. Ол құлы екі қолын көтеріп, дұға еткен кезінде оларды бос қайтаруға ұялады»*** (**хадис жақсы (хасан);** Абу Дауд 2/156; Ибн Хиббан 3/160).

4-бөлім. Өлген адамдар өз қабірлерінде естімейді

«Өлген адамдар өз қабірлерінде естиді» деген сенімдерді қирату өте маңызды болып табылады, өйткені дәл осы идеология адамдарды қабірлерге барып, өлген адамдардан шапағат тілеуге итермелейді. Сондықтан да егер адамға ол өлген кісілерге (әруақтарға) қанша жалбарынса да, олар оны естімейтіні түсінікті болса, онда ол үшін өлілерге Аллаһпен қатар дұға етудің ешқандай мәні қалмайды.

1. Қабірге табынушылардың өлген адамдар өз қабірлерінде естиді деген сенімдері.

Қабірге әруақтарға табынушы сопылар (құбурилер) өлген адамдар тірі адамдардың сөйлегендерін және оларға дұға ететіндердің жалбарынуларын естиді деген сенімдерге ие.

Олар әулиелердің естуі, көруі және білімі тірі кездеріне қарағанда қайтыс болған соң едәуір арта түседі деп санайды. Олардың пайымы бойынша, әулиенің жасырын қабілеттері ол тірі кезінде, қынабына салынған қылыш секілді, оның денесінде тұтқында болады, бірақ әулие қайтыс болғаннан кейін оның әруағы осы тар кісендерден шығады да, оның мүмкіндіктері еселеп-еселеп арта түседі.

Олар өлген адамдар олардың қабірлерін зиярат етушілердің сөздерін естиді деп есептейді.

Олар қайтыс болған адамдар Құранның оқылғанын ол қай жерде оқылса да естиді және олар тірі адамдардың сәлем бергендерін де естиді дегенге сенеді.

Мұның үстіне олар әулиелер өз қабірлеріне өліп жатыр деп есептемейді. Олар әулиелерді жер бетін басып жүрген адамдар сияқты тірі деп санайды.

Осындай сенімдерге негізделіп, олар: *«Егер әулиелердің естуі расталған болса, онда оларға жалбарынуға және дұға етуге не кедергі болмақ?!»*, – деп айтады. Дәл осы нәтижеге қол жеткізу үшін олар өлілер естиді дегенді дәлелдеуге бар күш-жігерін салады. Құбурия сопылары бұл мәселеге қатысты алғашқы кітаптардың бірі «Шифа ус-Сикамды» жазған Такиуддин әс-Субукиге (756 һ/ж) ілесіп, бұл туралы көптеген-көптеген кітаптар жазған[100].

2. Өлген адамдар өз қабірлерінде естімейтіндеріне дәлелдер мен олардың түсіндірмелері

Біліңіз, бауырымыз, өлген адамдар қабірлерінде естімейтініне дәлелдер бұлтартпас, айқын және сахих (сенімді) болып табылады. Дәл сондықтан да мәзһабтардың атақты ғалымдарынан дерлік ешкім бұған қарсы шықпаған. Осы жерде біз бұл дәлелдердің кейбіреулерін оларға жасалған түсіндірмелерімен бірге келтіреміз.

1-дәлел:

Аллаһ Тағала: **«Еститіндер ғана жауап береді. Ал өлгендерді Аллаһ тірілтеді, содан соң олар Оған қайтарылады»** («әл-Әнғам» сүресі, 6:36).

---

[100] Оқырман сопылардың бұл сенімдерін келесі кітаптардан таба алады: Ибн Жиржис «әл-Минха әл-Уахбия»; әл-Дәжауи «Сулх ул-Ихуан»; әл-Куза'и «Барахин»; «әл-Басаир»; «Шамс макаләт фи сама' ил-амуат»; «Сама' ул-маута» т.б.

Осы аяттан көрініп тұрғанындай, Аллаһ Тағала адамдардың екі санатын атап көрсетті:

1. Еститіндер;

2. Өлілер.

Әрі егер өлілер еститіндерден болғанда, бұл жіктеу дұрыс болмайтын еді.

2-дәлел:

Аллаһ Тағала былай деген: **«Шынында, өлілерге естірте алмайсың. Әрі бұрылып қашқан саңырауларға да дауыс естірте алмайсың»** («ән-Нәмл» сүресі, 27:80).

Құранның барлық тәпсіршілері бұл аятта өлілер мен саңыраулар дегенде тірі кәпірлер аталып тұрғандығына келіскен. Аллаһ Тағала оларды саңыраулар мен өлілерге теңеді, өйткені олар өлілер мен саңыраулар сияқты, бірқұдайшылыққа деген шақыруға жауап бермейді. Өйткені егер өліге және саңырауға сөйлеп, оны әлдебір нәрселерге шақырсаңыз, ол сізге жауап бермейді, өйткені сізді естімейді және түсінбейді. Сондықтан да аяттардың бірінде Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, кәпірлерді үгіттесең де, үгіттемесең де – оларға бәрі бір. Олар иман келтірмейді. Аллаһ олардың жүректерін, құлақтарын бітеген, әрі көздерінде перде бар. Сондай-ақ олар үшін зор қинау бар»** («әл-Бақара» сүресі, 2:6-7).

Осыдан шыға келе, қабірге табынушы сопылар келтірілген дәлелге бұл аятта өлілер мен саңыраулар дегенде қабірлердегі қайтыс болған әулиелер емес, өздерінің шақыруды ұқпайтындықтарында өлілер мен саңырауларға ұқсайтын кәпірлер меңзеледі деп жауап берген.

Олардың бұл сөздеріне жауап келесідей болмақ:

1. Аят жалпы мағынаға ие әрі оны тікелей мағынада түсінуге еш нәрсе кедергі жасамайды;

2. Егер біз бұл аятта Аллаһ Тағала өлілер мен саңырауларға теңестірген кәпірлер меңзелген десек, онда бұл біздің мәселемізде бұрынғыдан да күштірек дәлел болмақ. Егер біз: «Ахмад өзінің батылдығында арыстан секілді», – деп айтсақ, онда осы теңестіруден нені түсінеміз? Біз бұдан арыстанның Ахмадтан батылырақ екенін түсінеміз, әйтпесе Ахмадты онымен салыстырудың мәні болмас еді. Тура сол сияқты, егер біз: «Кәпірлер өлілер секілді айтқан сөзді түсінбейді және естімейді», – десек, онда бұл теңестіруден нені түсінеміз? Біз бұдан екі нәрсені түсінеміз:

1. Өлілер өздерінің естуге және түсінуге деген қабілетсіздіктерінде кәпірлерден асып түседі, ал егер өлілер ести алатын болғанда онда кәпірлерді олармен теңеудің мәні болмайтын еді.

2. Осы теңеуден біз өлілердің естуге деген қабілетсіздігі адамдарда дәлелдеуді қажет етпейтін бұлжымас қағида (аксиома) болып табылатынын түсінеміз, өйткені егер Құран түсірілген адамдар өлілер естімейтініне сенімді болмағанда, онда оларға бұл теңестіруді келтірудің қажеті болмас еді.

Сондықтан да ханафи мәзһабының имамдарының бірі – имам әл-Жәнжухи (1323 һ/ж) осы аятқа түсіндірме жасап былай деген екен: *«Бұл жерде Аллаһ Тағала кәпірлерді олардың ести алмайтындықтарында өлілермен теңестірді. Осыдан біз өлілердің естімейтіндерін түсінеміз, әйтпесе теңеу дұрыс болмас еді»*. Қз.: «әл-Каукаб әд-Дуррий» 319-бет.

Сондай-ақ бұл аятта өлілер мен саңыраулардың арасын ажырататын астарлы шекара өткізілген. Ол шекара мына нәрседе көрініс табады: Аллаһ Тағала өлілерді сөз еткен кезде, осыған еш нәрсені қоспады, ал саңыраулар туралы айтқан кезде: **«Әрі бұрылып қашқан саңырауларға да дауыс естірте алмайсың»,** – деді. Не себепті Аллаһ Тағала саңыраулар бұрылып қашқан жағдайда ғана, яғни алысқа кетіп үлгергенде шақыруды ести алмайтындықтарын айтты? Саңырау адам алыста, не жақында болуына қарамастан бәрібір естімейді емес пе? Мұның себебі – егер саңырау оған сөйлеген кезде жақын тұрған болса, ол шақырудың мәнін қолдың қимылынан және беттің ымынан (мимикасынан) түсіне алады, ал алысқа кетсе, онда бұл қимылдар мен ымды көре алмай қалады. Осыдан шыға келе, өлі адам өзінің естуге және түсінуге деген қабілетсіздігінде саңыраудан асып түсетіні түсінікті болады, өйткені өлі адам саңыраудан айрықша естімейді де, көрмейді де. Бұл астарлы шекараны ханафи имамдарының бірі – имам ән-Нәсафи (710 һ/ж) өзінің «әл-Мадарик» кітабында нақтылап түсіндіріп берген. Қз.: «әл-Мадарик» 3/20.

3-дәлел:

Аллаһ былай деді: **«Тірілер мен өлілер тең емес. Рас, Аллаһ кімді қаласа, естіртеді. (Мухаммад) сен қабірлердегі біреулерге естірте алмайсың»** («Фатыр» сүресі, 35:22).

Осы аятқа түсіндірме жасап, ханафи мәзһабының имамы – имам әт-Тафтазани (792 һ/ж) былай деген: *«Бұл аятта Аллаһ Тағала кәпірлерді өлілерге теңеді. Әрі өлі естімейтінінде ешқандай келіспеушілік жоқ»*. Қз.: «Шарх ул-Макасид» 5/116.

Бұл ханафи имамының сөздері бізді таң қаларлық қорытындыға алып келеді. Өлілер естімейтіндеріне ешқандай келіспеушіліктер болмаса да, өздерін ханафи мәзһабына жатқызатын қабірлерге (әруақтарға) табынушы сопылар, бар күш-жігерімен өлілер естиді, тіпті тірілерден де жақсырақ естиді, сондықтан да

Аллаһқа жалбарынғаннан гөрі оларға жалбарынған пайдалырақ деген жалған пікірді қорғап қалғысы келеді.

4-дәлел:

Аллаһ былай деді: **«Ол Аллаһ түнді күндізге кигізіп, күндізді де түнге кигізеді. Сондай-ақ ай мен күнді игерді. Бәрі де белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады. Біртұтас осылар Раббыларың Аллаһтікі. Иелік Соған тән. Одан өзге табынғандарың бір ұрық қабығына да ие емес. Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Бірақ егер естігенде де, сендерге жауап қайтара алмайтын еді. Сондай-ақ Қиямет күні олар сендердің серік қосқандарыңды тәрк етеді. Бүкіл нәрседен толық Хабардар Аллаһтай саған ешкім түсіндірмейді»** («Фатыр» сүресі, 35:13-14).

Сопылар осы дәлелге: «Бұл аятта жәһилиет кезіндегі көпқұдайшылдар (мүшріктер) жалбарынып, дұға ететін тастар, пұттар және мүсіндер туралы сөз болуда», – деп жауап береді. Алайда бұған жауап келесідей болады: **«(Одан өзге) табынғандарың» «ин тад`уһум»** деген сөздер олардың ақыл-сана иелеріне табынғандарына нұсқайды, өйткені егер аятта сөз тастар мен пұттар туралы болғанда, онда Аллаһ Тағала: «Одан өзге табынған заттарың» **«ин тад`уһа»**, – деп айтар еді. Сондай-ақ **«Олар сендердің серік қосқандарыңды тәрк етеді»** деген сөйлемше көпқұдайшылдар дұға етіп жалбарынған пайғамбарлар, періштелер, әулиелер, Қиямет күні қайта тірілген соң және осы пұтқа табынушылар Аллаһтан басқа оларға табынғандарын білгеннен кейін олардың жасаған құлшылықтарын тәрк етеді дегенді білдіреді. Ал тастар мен пұт-мүсіндерге келер болсақ, бұл шариғи мәтіндерден белгілі болғандай, олар Қиямет Күні қайта тірілтілмейді, себебі олар «өмір» және «өлім» деген сипаттармен сипатталмайды.

Сондықтан да осыған ұқсас аяттарда Аллаһ Тағала былай деген: **"Ол күні Аллаһ оларды тұтас жинайды. Сосын періштелерге: «Осылар сендерге табынушы ма еді?», – деп сұрайды. (Періштелер): «Сен Пәксің! Біздің иеміз олар емес, Сенсің. Олар жындарға табынатын еді. Олардың көбі соларға сенетін», – дейді"** («Саба» сүресі, 34:40-41).

Сондай-ақ Ол былай деген: **"(Сол уақытта) Аллаһ: «Әй, Мәриям ұлы `Иса! Адамдарға: «Мені әрі анамды Аллаһпен бірге екі тәңір етіп алыңдар», – деп айттың ба?», – дейді. (`Иса): «Уа, Аллаһ! Сен Пәксің. Мен құқықты болмаған нәрсені қалай айтамын. Егер мен осындайды айтқанымда, Сен оны анық білер едің. Сондай-ақ Сен менің ішімдегіні білесің, ал мен Сенікін білмеймін. Сен – шынайы түрде көместерді толық Білушісің», – дейді"** («әл-Мәида» сүресі, 5:116).

Ол тағы да былай деп айтқан: **“Сол күні Ол оларды және Аллаһтан өзге табынғандарын жинайды. Сонда олардан: «Осы құлдарымды сендер адастырдыңдар ма? Немесе жолдан өздері адасты ма?», – деп сұрайды. Олар: «Сен Пәксің. Бізге Сенен өзгені ие және көмекші қылуымыз лайық емес. Бірақ Сен оларға да, аталарына да игіліктерден пайдалануға рұқсат бердің, сөйтіп Сені еске алуды ұмытты да, жоғалуға лайық бір ел болды», – деді. Рас, олар айтқандарыңды жасынға айналдырды. Сонда оны қайтара да алмайсыңдар, бір көмек те таба алмайсыңдар. Сендерден кім зұлымдық жасаса, соған ұлы азап таттырамыз”** («әл-Фурқан» сүресі, 25:17-19).

Сондай-ақ біз келтірген аятта егер осы қайтыс болып кеткен әулиелер адамдардың сөйлегендерін және олардың жалбарынғандарын тіптіести алатын болғанда да, бұл жалбарынуларға жауап бере алмас еді. Өйткені ести алу қабілетінің болуы, жауап бере алуды білдірмейді.

Сондықтан да ханафи мәзһабының имамы әл-Әлюси былай деген: “**«Бірақ егер естігенде де»,** *ягни егер мұндайды елестетсек те,* **«сендерге жауап қайтара алмайтын еді»***, өйткені өлгендерге сөйлеу қабілеті берілмеген, ал есту қабілетінің болуы жауап бере алуды білдірмейді”* Қз.: «Рух ул-Мә’ани» 22/182.

5-дәлел:

Аллаһ былай деді: **«Аллаһтан өзге Қияметке дейін өздеріне жауап бере алмайтындарға дұға етіп жалбарынғандардан (табынғандардан) кім залымырақ? Әрине, табынғандары олардың жалбарынуларынан хабарсыз. Адамдар жиналған кезде, оларға табынғандары дұшпан болып, олардың өздеріне құлшылық қылғандықтарына қарсы шығады»** («әл-Ахқаф» сүресі, 46: 5-6).

6-дәлел:

Аллаһ былай деді: **“Немесе сондай қабырғалары төбесіне құлаған бір кенттен өткенді көрмедің бе? Ол: «Аллаһ бұны өлгеннен кейін қалай тірілтеді екен?», – деді. Аллаһ оны жүз жыл өлтіріп, сонсоң тірілтіп: «Қанша жаттың?», – деді. Ол: «Бір күн немесе күннің бір бөлігін жаттым», – деді. (Аллаһ): «Олай емес, жүз жыл өліп жаттың, енді тамағыңа, сусыныңа бір қара! Өзгермеген. Ал енді есегіңе қара! Сені міндетті түрде адамдар үшін бір белгі етеміз. Ал енді сүйектерге қара! Біз оны қалайша жинап, сонан соң оған ет кидіретінімізге қара», – деді. Бұл жағдайлар оған ашықша білінгенде: «Сөзсіз, Аллаһтың әр нәрсеге күші жететінін білемін», – деді”** («әл-Бақара» сүресі, 2:259).

Ханафи мәзһабының имамы әл-Финжифири былай деген: «*Бұл `Узайр пайғамбар болатын*[101]. *Ол Аллаһ Тағаланың өлілерді қалай тірілтетінін өз көзімен көруі үшін, Аллаһ Тағала оны өлтірді. Ол жер бетінде жерленбеген күйінде жүз жыл жатты. Кейін Аллаһ оны тірілтті де: «Сен осы күйде қанша уақыт болдың?», – деп сұрады. Бұған ʻУзайр күмәнданған күйде: «Бір күн немесе оның бір бөлігі», – деп жорамалдады. Әрі ол осы күйінде жүз жыл жатқанын білмеген еді. Бұл осы ұлы пайғамбар түн мен күннің ауысқанын да, ұрпақтардың қалай ауысқанын да сезбегеніне нұсқайды... Сондықтан да бұл уақиға өлілердің естімейтініне дәлел болады, бұған қоса ол жердің бетінде жатты және жерленбеген болатын. Сондай-ақ бұл оқиға пайғамбарлар қайтыс болған соң, олардың рухтары олардың денесінде қалмайтынына және олардың өлімі – бұл шынайы өлім, ал олардың қабірлеріндегі өмірі – бұл кәдімгі тәндік (сипаттағы) емес, арғы дүниелік өмір екеніне дәлел болып табылады*». Қз.: «Жәуахир ул-Қур`ан» 1/127.

Осы оқиғадан біз қайтыс болған пайғамбарлар еш нәрсені естімейтінін және бұл дүниеде не болып жатқандығы туралы білмейтінін түсінеміз. Егер пайғамбарларға қатысты осылай болса, онда мәртебесі олардан сан алуан есе төмен «әулиелер» туралы не айтуға болады. Ал егер біреу-міреу: «Бәрібір әулиелер осы қабілеттерінде пайғамбарлардан ерекшеленеді, әрі қалай болғанда да естиді, көреді және біледі!» – деп тұжырымдаса, онда Аллаһтың келесі Сөздерін оқысын:

7-дәлел:

Аллаһ былай деді**: “Сонда олардың құлақтарына үңгірде неше жыл бойы перде қойдық... Осылайша оларды, өзара бір-бірінен сұрасулары үшін ояттық. Олардың бірі: «Қанша жатып қалдыңдар?», – деді. Олар: «Біз бір күн немесе күннің бір бөлігін болдық», – деді. «Қанша жатып, тұрғандарыңды Раббыларың жақсы біледі. Мына ақшаларыңмен біреуіңді қалаға жіберіңдер. Сонда тамақтың қайсысы жақсы екенін көріп, сендеге одан көрек келтірсін. Бірақ сақтық істеп, сендерді ешбіреуге сездірмесін», – десті... Олар үңгірлерінде үш жүз жыл және тоғыз (жыл) жатты. «Олардың қанша жатқанын Аллаһ жақсырақ біледі. Көктер мен жердегі көместі білу Оған тән. Ол нендей толық көріп, естиді. Оларға**

---

[101] Имам Ибн Касир осы аяттың тәпсірінде: «*Бұл өтіп бара жатқан адамның кім болғандығы жайлы ғалымдардың пікірлері бірдей болмаған*», – деді де, кейін оның ʻУзайр пайғамбар болғандығына дәлелдер келтірді, содан соң ол: «*Әрі бұл ең танымал пікір*», – деді. Ал бұл қандай кент болғандығына қатысты имам Ибн Касир: «*Әрі ең кең таралған пікір – бұл Иерусалим болғаны. ʻУзайр оның үстінен оны Навухудоносор (II) қиратқаннан кейін өткен болатын*». Қз.: «Тафсир Ибн Касир» 1/437.

Аллаһтан өзге бір көмекші жоқ. Ол Өз үкіміне ешкімді ортақ қылмайды», – де" («әл-Кәһф» сүресі, 18:11, 19, 25-26).

Бұл аяттар өлілердің естімейтіндеріне дәлел болады. Өйткені бұл жігіттер өлмеген болатын, олар терең ұйқыда еді, ал енді өлгендер туралы не айтуға болмақ?!

8-дәлел:

Абу Тәлха Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Бәдр шайқасы күні құрайштықтардың 24 жетекшілерінің мәйіттерін Бәдр ор-құдықтарының біріне тастауды бұйырғанын баяндаған. Әдетте, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір шайқасты жеңетін болса, ол шайқас орын алған жерде үш күн қалатын. Бірақ Бәдр шайқасынан кейін ол үшінші күні қайтуға аттанды. Ол өзінің мініс жануарын дайындауды бұйырды, содан соң оған мініп, жолға түсті, әрі сахабалары ізінен ілесті. Олар бір-біріне: «Бір маңызды нәрсе болған сияқты», – деп жатты. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлгі ордың жанынан өтіп бара жатқанда, оның іргесіне тұрып, өлген құрайштықтарды бірме-бір өздерінің және әкелерінің аттарымен атап, оларға сөйлей бастады: ***«Әй, пәленнің ұлы пәлен! Әй, пәленнің ұлы пәлен! Сендер дәл қазір осы дүниеге қайта оралып, Аллаһқа және Оның Елшісіне мойынсұнғыларың келе ме? Ақиқатында, біз Раббымыздың бізге ақиқат деп уәде еткен нәрсесін таптық. Ал сендер Раббыларыңның сендер үшін ақиқат деп уәде еткен нәрсесін таптыңдар ма?»*** Сонда ‘Умар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Я, Аллаһтың Елшісі! Сіз қалайша жансыз денелерге сөйлеп тұрсыз?», – деді.* Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мухаммадтың жаны Қолында болғанмен ант етемін, сендер менің айтып тұрған нәрселерімді олардан жақсы естіп тұрған жоқсыңдар»,*** – деп айтты.

Қатада былай деген: *«Аллаһ Тағала оларды олар оның сөздерін естіп, одан сайын қорлануы, масқара болуы, кектің (алынғанын білуі) және өкінуі үшін, тірілтті»* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 4/1461).

Риуаяттардың бірінде: ***«Қазір олар мен айтып жатқан нәрселерді естіп жатыр»,*** – деп айтылған (**риуаят сенімді (сахих);** Бухари 7/242).

Басқа бір риуаятта: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Олар сізді қалай естиді? Әрі олар сізге қалай жауап береді, олар шіріп кетті ғой?»,* – деп айтылады (**риуаят сенімді (сахих);** Муслим 4/2203).

Осы хадисті өлілер естиді дегенге дәлел ретінде келтіретін қубурия сопыларының логикасы таң қалдырады, өйткені бұл хадис өлілердің естімейтініне айқын дәлел болып табылады. Мұның түсіндірмесі келесідей:

1. Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «*Қазір олар менің айтқан нәрселерімді естіп жатыр*» деген сөздері олар оны дәл сол сәтте ғана естігеніне нұсқайды, әйтпесе бұл құбылысты «қазір» деген сөзбен толықтыра сипаттаудың мәні болмас еді;

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ‘Умардың таң қалуына келіспеушілік білдірмеді әрі оған: «Сен сонда өлілердің тірілер секілді еститіндерін білмейтін бе едің?», – деп айтпады. Керісінше, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ‘Умарға, оның таң қалуы орынды екенін, бірақ бұл нәрсе мұғжизалар саласынан екенін ұқтырды;

3. Бұл хадисте сахабалардың мығым сенімі олардың өлілер естімейтінін білгенінде еді дегенге дәлел бар, демек, ешкім бұл хадисті өлілер естиді дегенге дәлел ретінде келтіре алмайды;

4. Қатаданың сөздері Аллаһ Тағала оларды тірілткеніне, әрі сол мезетте олар өлі болмағанына нұсқайды, демек, ешкім бұл хадисті өлілер естиді дегенге дәлел ретінде келтіре алмайды;

5. Негіз – өлілердің ешқашан және ешкімді естімейтінінде. Бірақ бұл оқиға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұғжизаларының бірі болатын, әрі оның мәні Аллаһ Тағаланың сол мезетте оларды тірілтуінде еді. Дәл сондықтан да Хатыб әт-Тибризи бұл хадисті өзінің «әл-Мишкат» (№ 5983) кітабында «Муғжизалар туралы» тарауында келтірген;

6. Кәпірлерге олар қырылған соң сөйлеу – пайғамбарлар (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы кәпірлердің өкініштері мен масқара болуын одан сайын арттыру үшін пайдаланатын ежелден жалғасып келе жатқан салт.

Аллаһ Салих пайғамбар және оның қауымының қырылуы жайында былай деді: **“Сонда оларды бір сілкініс қолға алды да, үйлерінде етпеттеген бойларында қалды. Сонда Салих олардан жүз бұрып: «Әй, елім! Расында, мен сендерге Раббымның жолдауын жеткіздім әрі сендерге ықыласты түрде жақсылық қаладым. Бірақ сендер өздеріңе жақсылық тілеушілерді жақсы көрмейсіңдер», – деді”** («әл-Әғраф» сүресі, 7:78-79).

Сондай-ақ Шуғайып туралы да: **“Сонда оларды бір сілкіңіс қолға алып, жұрттарында етпеттеген бойларында қалды. Шұғайыпты жасынға шығарғандар тіпті ол жерде ешқашан болмағандай (жоқ) болды. Сондай-ақ Шұғайыпты жасынға шығарғандар зиян тартты. Сонда ол олардан бет бұрып: «Әй, елім! Расында, мен сендерге Раббымның нұсқауларын жеткізідім әрі сендерге ықыласты түрде жақсылық қаладым. Ал енді кәпір болған бір елге қалайша қайғырамын?», – деді”** («әл-Әғраф» сүресі, 7:91-93).

Сонымен, осы бөлімде біз өлілер өз қабірлерінде естімейді дегенге дәлелдер келтірдік, сондай-ақ оқырмандарымыз іс белгілі бір мүдделерге қатысты болғанда біздің әулиелерден тілеуге шақыратын сопылар мен қабір-кесене-мазарларға сапарлар ұйымдастырушы «жетекшілеріміз» өздерінің қай мәзһабқа жататындарын мүлде ұмытып кететінін түсінулері үшін, әрбір аят пен хадиске дерлік ханафи мәзһабы ғалымдарының сөздерін қоса келтірдік. Сондай-ақ оқырмандарымыз «уаһһабиликпен күресу» ұраны – бұл кез-келген ыңғайлы жағдайда бүркене салатын кезекті қалқа ғана екенін түсінулері үшін де.

Ал барлық мақтау әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән.

3. Қарсылас тараптың күмәндары және оларға жауап

Өздерінің ұстанымдарын бекіту үшін түрлі сопы тариқаттарының өкілдері жоғарыда келтірілген айқын және бірмағыналы аяттар мен хадистерге көздерін жұмып, өздерінің айтулары бойынша «күшті» дәлелдерін келтіруге талпынады. Ендеше, құрметті бауырымыз, айқын, бірмағыналы шариғи мәтіндерге көз жұма қарап және оларды көрмей, шариғаттың мәтіндерінен өздерінің жалған сөздерінің дұрыс екендігіне алыстан нұсқайтын бір нәрсе болса да ақтару – бұл барлық заманның бидғатшыларының жолы екенін біліңіз. Ендеше, олардың күмәндарын қарап шығайық.

1-күмән:

Әнас ибн Мәлик Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған*: «**Ақиқатында, Аллаһтың құлы қабіріне қойылып, одан достары кетіп бара жатып, ол олардың аяқ киімдерінің дүрсілін естіген кезінде, оған екі періште келеді...**»* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1/462-463; Муслим 4/2200-2201).

Олардың қорытындысы: Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жерленген адам кетіп бара жатқан адамдардың аяқ киімдерінің дүрсілін еститінін хабарлады, демек, өлілер естиді.

Жауап:

1. Тура осы жайт имам Ахмад пен Абу Дауд Бара ибн ʻАзибтен келтіретін хадисте түсіндіріледі. Бұл хадисте ***«...Әрі сол кезде оның денесіне рухы қайта оралады да, оған екі періште келеді....»*** деген өте маңызды үзінді келеді. Осы үзіндіден жерленген адамның тәніне жаны қайта оралатыны және енді ол өлілердің қатарына жатпайтыны түсініледі, әрі оның жаны ол осы періштелердің сұрақтарына жауап беріп болмайынша тәнінде болады. Сондықтан да бұл хадис өлілер естиді дегенге ешқандай дәлел болмайды, керісінше, сұрақтарға жауап беру үшін оған

жаны қайта оралатынын атап айту «егер оның жаны тәніне қайтарылмағанда ол періштелердің сұрақтарынести алмайтын еді және оларға жауап бере алмайтын еді» дегенді білдіреді.

2. Ханафи ғалымдарының бірі ʻАбдуссаләм әр-Рустами бұл хадиске келесідей етіп жауап берген екен: «*Бұл хадисте жерленген адам тек аяқ киімдердің дүрсілін еститініне ғана нұсқау бар. Бұл хадисте ол адамдардың оған қарап сөйлеулерін немесе олардың осы сөйлеген сөздерін түсінетініне нұсқау жоқ. Бұл шатырдың астында болып шатырдың үстімен жүріп бара жатқан біреудің аяқ киімінің дүрсілін еститін, бірақ оның сөздерін естімейтін және түсінбейтін адамның мысалындай*». Қз.: «әт-Тибьян» 140-бет.

3. Сондай-ақ бұл көпшілігі ашарилер мен матурудилер болып табылатын қабірге табынушы сопылардың осы хадисті дәлелге келтіретіні таң қалдырады. Өйткені олардың сенімдері бойынша мутауатир дәрежесіне жетпеген хадистер идеологиялық мәселелерде дәлел бола алмайды, бұл осы хадистің сыртқы қорытындысының Құранның көптеген аяттарына қайшы келетінін айтпағанның өзінде. Ендеше, оларды осы хадиске жармасып алуға және өздерінің негіздерін ұмытуға не итермеледі екен?

Қалай болғанда да бұл хадис Құранға қайшы келмейді әрі онда өлілердің еститініне дәлел жоқ.

Ал барлық мақтау тек жалғыз Аллаһқа тән.

2-күмән:

Абу Хурайра Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ухуд шайқасынан қайтып келе жатқан кезінде Мусʼаб ибн ʻУмайрдың және басқа да сахабалардың қабірінің басына келіп: ***«Мен олардың Аллаһтың құзырында тірі екендігіне куәлік етемін. Ендеше, оларды зиярат етіңдер және оларға сәлем беріңдер. Жаным Қолында болғанмен ант етемін, кім оларға сәлем берсе, олар оған Қиямет күніне дейін жауап қайтарады!»***, – деп айтты (**қабылданбайтын хадис;** әл-Байһақи; әл-Хаким).

Бұл хадис, бұл туралы имам әз-Зәһаби, Ибн Ражаб т.б. айтқандай, сенімсіз (сахих емес). Мұның үстіне имам әз-Зәһаби оны тіпті өтірік деген, әйтсе де бұл хадистің әлсіздігі мұндай деңгейге жетпейді. Қз.: «әд-Даʼифа» 5225.

3-күмән:

Абу Хурайрадан Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: ***«Кімде-кім өзі оны тірі кезінде білген мүмін адамның қабірінің жанынан өтіп бара жатып, оған сәлем берсе, бұл өлген кісі оны таниды әрі оған сәлеммен жауап береді»*** (**қабылданбайтын хадис;** әл-Хатыб «Тарих» 6/137; Қз.: «әд-Даʼифа» 4493).

Бұл хадис күші бойынша алдыңғы хадистен жоғары емес. Оның жеткізушілер тізбегінде (иснадында) ‘Абдуррахман ибн Зәйд ибн Әсләм деген өте әлсіз жеткізуші бар. Хафиз әл-Хаким «Мәдхалде» (1/180) ол туралы ол хадистерді ойдан тоқитын және оларды өз әкесінен жеткізетін деп айтқан. Сондықтан да имам Ибн Ражаб былай деген: *«Хадис әлсіз, бұдан қалса қабылданбайтын»*. Мұндай дәрежедегі әлсіз хадистер дәлел ретінде келтіруге жарамсыз.

4-күмән:

Зәйд ибн Әслам былай деп баяндайтын: *«Бірде Абу Хурайра досымен бірге қабірдің жанынан өтіп бара жатып (досына): «Оған сәлем бер!», – деді. Досы: «Қабірге сәлем беру керек пе?», – деді. Сонда Абу Хурайра: «Егер бұл адам бұл дүниеде сені бір рет болса да көрген болса, онда ол сені қазір міндетті түрде таниды», – деп айтты* (**хадис өтірік, ойдан шығарылған;** ‘Абдурраззақ «Мусаннафта» 6723).

Бұл хадис бұдан алдын келтірілген екі хадистен анағұрлым әлсіздеу, өйткені бұл хадис жай әлсіз ғана емес, ол сонымен бірге өтірік, өйткені оның жеткізу тізбегінде хадистерді ойдан тоқитын Яхья ибн әл-‘Алә бар.

5-күмән:

Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Кім маған сәлем берсе, Аллаһ міндетті түрде менің жанымды тәніме қайтарады да, мен оған жауап беремін»*** (**хадис жақсы (хасан);** Абу Дауд 1/319; Бәйһақи 5/245; Ахмад 2/227; Табарани «әл-Әусатта» 449; Қз.: «әс-Сахиха» 2266).

Бұл хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне сәлем беретіндердің сәлемдерін еститініне дәлел жоқ, бірақ Аллаһ Тағала оған жанын қайтарады да, сәлемге жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Осы хадистен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рухы оның тәнінде емес Аллаһтың құзырында екені әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдардың сөздерін естімейтіні және оларға көмектесе алмайтыны түсініледі. Бар болғаны – бұл оған рухы қайтарылатыны және ол сәлемге жауап беретіні. Бұл қалай орын алатыны – белгісіз, өйткені бұл – ғайып әлемі.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сәлем беретіндерді және салауат айтатындарды естімейтініне тағы да бір дәлел – бұл Абу Хурайра баян еткен мына хадис: *"Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:* ***«Менің қабірімді тұрақты түрде жиналыстар өтетін жерге айналдырмаңдар, бірақ мен үшін салауат тілеңдер, ақиқатында, сендер қай жақта болсаңдар да, салауаттарың маған жеткізіледі»*** *"* (**хадис жақсы (хасан);** Абу Дауд 2042; Ахмад 2/367).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) **«...*маған жеткізіледі*»** деген сөздері оның өзі бұл салауаттарды естімейтініне айқын түрде нұсқайды. Ал ***«Кім менің қабірімнің жанында мен үшін салауат тілесе, мен оны естимін, ал кім алыстан мен үшін салауат тілесе, маған ол жеткізіледі»*** деген хадиске келер болсақ, бұл **өтірік хадис.**

Оның иснадындағы Мухаммад ибн Мәруан әс-Судди өтірікші болған және хадистерді ойдан шығарған. Сондықтан да имам Ибн әл-Жәузи бұл хадисті өзінің «әл-Мәуду'ат» (1/302-303) атты өтірік хадистер жинағында келтірген. Сондай-ақ «әд-Да'ифаны» № 203 қараңыз.

6-күмән:

Егер өлілер естімесе, онда не үшін қабірді зиярат еткенде оларға сәлем беріледі?!

Жауап:

Қабірлерді зиярат еткенде қайтыс болған мұсылмандарға: *«Сәлем сендерге, бұл мекеннің тұрғындары»*, – деп сәлем беру өлілер осы сәлемді еститін болғандықтан айтылмайды, бұл олар үшін тыныштық пен кешірім тілеп айтылған дұға.

Осылайша, біз қабірге табынатын сопылардың осы маңызды идеологияқ мәселеде өз кесірлі ұстанымын дәлелдеуге тырысатын күмәндарын келтірдік.

Осы жерде сондай-ақ олардың «өлілер естиді» деген сенімдері олардың идеологиясының ең басты тіректерінің бірі болып табылатынын ерекше атап кету қажет. Осы сенімнің үстіне олар осыған жалғасатын, өлілерден тілеу, оларға сиыну, олардың қабірлерін аса құрметтеу, т.с.с. іс-әрекеттерін құрады. Олар бүкіл діннің мән-мағынасы осыда деп есептейді әрі қабірлерсіз дінді елестете алмайды. Ал біз олардан: «Егер өлілердің естуі туралы мәселе дінде соншалықты маңызды болса, онда неліктен бүкіл Құранда олардың еститінін растайтын бірде-бір аят та, сондай-ақ бұл туралы бірде-бір сенімді, бұлтарпас, айқын хадис те жоқ?!», – деп сұраймыз. Өйткені егер осы соншалықты маңызды болғанда және бұл мәселе діннің негізі болғанда, қасиетті мәтіндер осының дәлелдеріне толы болар еді ғой. Өйткені мәселе қаншалықты маңызды болған сайын, ол қасиетті мәтіндерде соншалықты егжей-тегжейлі мазмұндалады. Сондықтан да біз дәрет, намаз, қажылық, ораза т.б. туралы жүздеген және мыңдаған хадистерді көреміз.

Ханафи имамы – имам Ибн Әбил-'Изз былай деп деп айтқан: *«Сондықтан да, қандай да бір мәселені түсінуге адамдардың қажеттілігі қаншалықты көп болса, соншалықты осы мәселеге қатысты (шариғи) мәтіндер де, Аллаһтың Өз жаратылыстарына*

түсірген мейірімі ретінде, айқын болады». Қз.: «Шарх ‘Ақида Тахауия» 93-бет.

4. Қалған мәзһабтардың өкілдері де ханафилердің «өлілер естімейді» деген пікірін қолдайды

Біз ханафи мәзһабының ғалымдары мен имамдары өлілердің естімейтіні туралы бірмағыналы түрде айтатынын айқындап алғанымыздан соң, осы жерде басқа мәзһабтардың өкілдерінің сөздерін де келтіру қажет. Өйткені оқырман бұл пікірдің тек ханафилермен ғана шектелмейтініне көз жеткізуі керек. Бірақ мұндай сөздерді келтіру онсыз да ұзаққа созылған осы тарауды одан сайын ұзартып жіберетін болғандықтан, біз тек олардың аттары мен олардың сөздерін тауып алуға болатын дереккөздерін нұсқаумен ғана шектелеміз.

Сонымен, өлілер естімейді деген пікірді сондай-ақ мына атақты және ең танымал ғалымдар мен имамдар да таңдаған:

1. Әбул-Уалид Сулейман әл-Бәжи (474 һ/ж). Қз.: «әл-Мунтақа» 1/69;

2. Мухаммад ибн ‘Али әл-Мәзири (536 һ/ж). Қз.: «әл-Му’лим фи шарх Муслим» 17/206;

3. Абул-Фәдл Қады ‘Ияд (544 һ/ж). Қз.: «Шарх Зуркани ‘алә «Муатта» Мәлик» 1/63.

Олардың барлығы мәлики мәзһабының ең ұлы имамдары болып табылады.

4. Қады Абу Я’лә (458 һ/ж). Қз.: «әл-Жәми’ әл-Кәбир»;

5. Ибн Ражаб әл-Ханбали (795 һ/ж). Қз.: «әл-Әхуәл ул-Қубур»;

6. Мухаммад ибн Ахмад әс-Саффарини (1188 һ/ж). Қз.: «әл-Бәхр әз-Зәжира»;

Олардың барлығы ханбали мәзһабының ұлы имамдары;

7. Әл-Хусейн ибн Мухаммад әт-Тыби (743 һ/ж). Қз.: «әл-Мәфатих фи хиллил-Мәсабих»;

8. Ибн Хажәр әл-‘Асқаләни (852 һ/ж). Қз.: «Фатх ул-Бәри» 3/182;

9. ‘Абдуррауф әл-Мунауи (1031 һ/ж) Қз.: «Файд ул-Қадир»;

Олардың барлығы шәфиғи мәзһабының ұлы имамдарынан.

Біз бұл имамдардың есімдерін, олардан өзге ешкім бұл пікірді қолдамағандықтан емес, олар өз мәзһабтатының ең ұлы имамдары болғандығы себепті келтірдік.

5-бөлім. Дұға құлшылық (ғибадат) болып табылады, әрі онымен Аллаһтан басқа ешкімге жалбарынуға болмайды

Қабірге сиынушы сопылар дұғаны құлшылық (ғибадат) деп санамайды

Біздің қадірменді бауырымыз, сопы тариқаттарының өкілдері дұға ғибадат болып табылмайды, демек, қайтыс болған ізгі кісілерге дұға етіп жалбарынуда қорқатын еш нәрсе жоқ деген сенімге ие екенін біліңіз. Олар өздерінің өлілерге дұға жасауын көпқұдайшылық, яғни Аллаһқа серік қосу деп санамайды.

Қабірге сиынатын сопылардың жетекшілерінің бірі Ибн Жиржис (1299 һ/ж) былай дейді:

«Ақиқатында, Аллаһтың дұшпандары болған уаһһабилер өздерінің мәзһабын қабірлердегі өлген адамдарға жүгіну және дұға ету және оларға Аллаһтың алдында шапағат етуін сұрап жалбарыну құлшылық болып табылады деген ережеге негіздеп құрған. Олар мұны өздерінің бидғатын одан сайын тарату үшін және мұсылмандарды күпірлікте айыптауға тырысатындықтарынан істейді. Бірақ олардың бұл ережесі – нағыз қателік. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізді құлшылық болып табылатын нәрселерге үйретті. Құлшылық дегеніміз – дін, бұл Жәбірейілдің хадисінде келгеніндей. Осы хадиске сәйкес құлшылық – бұл Исламның екі куәлігін айту, намаз оқу, зекет төлеу, ораза ұстау және қажылық жасау. Сондай-ақ Аллаһқа, періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне, тағдырға иман келтіру. Әрі осы аталған нәрселердің қайсысын болса да Аллаһтан басқаға арнап жасайтынын елестеу мүмкін емес. Және ешкім ешқашан дұға және дәнекерлік ғибадат болып табылады деп айтпаған, әрі бұл туралы бізге Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтпаған». Қз.: «Сулх ул-Ихуан» 144-бет.

Ол тағы да былай деген: *«Ал дәнекерлік пен дұғаға келер болсақ, мұсылмандардан ешкім мұны ғибадат деп айтпайды. Әрі ол тілде де, шариғатта да, адамдардың әдет-ғұрыптарында да олай емес».* «Сулх ул-Ихуан» 142-бет.

Ал ең қызығы – бұл қабірге табынушының, олардың көбісі сияқты, өзін ханафи мәзһабына телитіні.

Ендеше, ханафи имамы Ибн Абил-‘Изз ханафи мәзһабының ең танымал идеологиялық кітабы болып табылатын «’Ақида ат-Тахауия» еңбегіне жазған өзінің түсіндірмесінде көпқұдайшылыққа берген анықтамасында не деп айтқанына қарайықшы:

«Көпқұдайшылық – бұл әулиелер Аллаһтың алдында шапағатшы болып табылады деген сенім, және осы сенімнің негізінде оларды өзі мен Аллаһтың арасында дәнекер ету және соларға құлшылық ету. (Исламға

дейінгі) надандық дәуіріндегі арабтардың көпқұдайшылығының негізі, міне, осы». Қз.: «Шарх ʻАқида әт-Тахауия» 20-21 беттер.

Ибн Жиржистің сөзіне сенсек, бұл ұлы имам өзінің бидғатын одан сайын таратқысы келген және мұсылмандарды күпірлікте айыптауға тырысқан Аллаһтың дұшпаны уаһһаби болып табылады. Сондай-ақ, осыған қарағанда, бұл қабірге табынушы сопы «өз» мәзһабының кітаптарын жөнді оқымаған көрінеді. Өйткені ханафи ғалымдары айқын түрде мыналарды айтады:

«Аллаһтан басқа ешкім қабілетті болмаған нәрселерде Аллаһтан өзге біреуге дұға етіп жалбарыну – көпқұдайшылықтың барлық көріністерінің анасы болып табылады. Өйткені бұл жалбарыну өзіне бір мезетте көпқұдайшылықтың бірнеше түрін қамтиды, ал олардың ең айқыны үшеу:

1. Жалбарынушы адамның өзі жалбарынып жатқан кісісі ғайыпты біледі (яғни ол басқалардың өзіне жалбарынып жатқанын біледі, мәселенің мәні мен оның шешу жолын біледі) деп сенуі;

2. Жалбарынушы адамның өзі жалбарынып жатқан кісісі оның дұғалары мен жалбарынуларын естиді деп сенуі;

3. «Бұл әулие жамандықты қайтара алады және жақсылықты жақындата алады» деген сенім.

Әйтпесе, осы сенімдердің ешбірі болмағанда, ол осы әулиелерге дұға етіп ауызын да ашпас еді». Бұл және осыған ұқсас сөздерді ханафилердің мына кітаптарынан оқи аласыз: Ибн Абил-ʻИзз «Шарх Ақида әт-Тахауия», 535-536 беттер; «Рух ул-Мәʼани» 6/128; «Сыянат ул-инсан» 212-бет; «Тақуият ул-Иман» 31-бет; «Рисаләт ут-Таухид» 65-67 беттер; «Жәлә ул-ʻАйнайн» 502-бет; «әл-Кауакиб уд-Дуррия» 58-59 беттер т.б.

Барлық мұсылмандар барлық заманда дұғаны Аллаһтан басқа ешкімге арнауға болмайтынын және бұл көпқұдайшылық болып табылатынын білгендігі себепті де, һижраның VII ғасырына дейін ешкім Аллаһтан басқа біреулерге дұға етіп жалбарынуға болатындығы туралы жазбаған болатын. Сондықтан да Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұға етіп жалбарынуға болатындығы туралы айтатын алғашқы кітаптардың бірінің авторы Ибн Нуʼман әл-Мәлики әл-Мәғриби (683 һ/ж) өзінің «Мисбах уз-Заләм» атты кітабын не себепті жазғанын былай деп мойындаған болатын: *«Исламның көптеген имамдары онсыз да Аллаһқа жалбарынудың қажеттілігі туралы біраз кітаптарды жазып қойды. Сондықтан да мен Аллаһтың Елшісіне көмек тілеп дұға жасау туралы кітап жазуды шештім».* Қз.: «Кәшф уз-Зунун» 2/1706-1707.

Ибн Жиржистің сөзіне сенсек, һижраның жетінші ғасырына дейін өмір сүрген барлық имамдар да Аллаһтың дұшпандары уаһһабилер болып табылады ғой?!!

Ендеше, біздің құрметті бауырымыз, Құранның аяттары осы мәселені ап-айқын және түсінікті етіп ашып беретіні соншалықты – дұғаның құлшылық екенін дәлелдеу үшін олардың кейбіреуін ғана келтірудің өзі жетіп асады.

Аллаһ былай деді: **"Шын мәнінде, мешіттер Аллаһқа тән. Ендеше, Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер. Расында, Аллаһтың құлы (Мухаммад) тұрып, Аллаһқа ғибадат қылған сәтте, олар оның үстіне үймелеп жабыса жаздады. (Мухаммад:) «Шын мәнінде, мен Раббыма құлшылық қылып, Оған ешбір серік қоспаймын», – де. «Расында мен сендерге зиян келтіре де алмаймын, игілік те істей алмаймын», – де"** («әл-Жинн» сүресі, 72:18-21).

Бұл аятта, егер адам Аллаһтың Раббы екенін мойындаса, ол өзінің ғибадатын тек Оған арнауға міндетті дегенге дәлел бар. Сондай-ақ осы аятта Аллаһқа серік қосудың мәні адамның Аллаһпен қатар басқаны Раббы деп тануында емес, ол ғибадат-құлшылығын Аллаһпен қатар басқаларға арнауында екеніне дәлел бар. Сондай-ақ бұл аят Аллаһқа серік қосудың мәні адамның тек өзінің Рабысына ғана емес Оған қоса басқаларға да дұға етіп жалбарынуында екенін білдіреді.

«Аллаһтан өзге саған пайда, не зиян келтіре алмайтындарға жалбарынба. Сонда егер оны істесең, онда күдіксіз сен залымдардан боларсың. Егер Аллаһ саған бір зиян жеткізсе, сонда оны Аллаһтан басқа айықтырушы жоқ. Ал егер Ол саған бір жақсылық қаласа, оның кеңшілігін тойтарушы жоқ. Ол оны құлдарынан қалаған кісісіне береді. Ол – өте Жарылқаушы, ерекше Рахымды» («Юныс» сүресі, 10:106).

Бұл аятта егер адамзаттың абзалы – Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғибадатта Аллаһқа серік қосып, Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарынғанда, залымдардың біреуі болатынына нұсқау бар.

«Олар Аллаһтан өзге, өздеріне пайда, не зиян бере алмайтын нәрселерге сиынады. Міне, осы терең адасу. Сөйтіп олар, пайдасынан зияны жақын біреулерге сиынады. Ондай қожайын нендей жаман! Ондай жолдас нендей жаман! Ал иман келтіріп, түзу іс істегендерді Аллаһ астарынан өзендер ағатын Жәннат бақтарына кіргізеді. Шынында, Аллаһ қалағанын істейді» («әл-Хаж» сүресі, 22:12-14).

Бұл аятта Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарыну терең адасушылық екеніне дәлел бар. Сондай-ақ **«Ал иман келтіріп, түзу іс істегендерді»** деген сөздер Аллаһ қана көмектесе алатын істе Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарыну күпірлік және иман келтірмегендердің амалы екені туралы айтып тұр.

«Аллаһтан өзге Қияметке дейін өздеріне жауап бере алмайтындарға дұға етіп жалбарынғандардан кім залымырақ? Әрине, табынғандары олардың жалбарынуларынан хабарсыз. Адамдар жиналған кезде, оларға табынғандары дұшпан болып, олардың өздеріне құлшылық қылғандарынан бас тартады» («әл-Әхқаф» сүресі, 46:5-6).

Осы аяттардан «көпқұдайшылдардың дұға етіп жалбарынатындары біреулердің оларға жалбарынып жатқандары туралы тіпті білмейді де» деген қорытынды щығады. Сондай-ақ бұл аяттардан «сол әулиелерге дұға етіп жалбарыну Аллаһпен қатар басқаларға құлшылық ету болып табылады» деген де қорытынды шығады. Сондықтан да (осы аяттың басында) Аллаһ: **«...дұға етіп жалбарынғандардан...»**, – деді де, содан соң (аяттың соңында): **«...олардың өздеріне құлшылық қылғандарынан бас тартады»,** – деп, дұға етіп жалбарынуды құлшылық деп атады.

«Аллаһтан басқа құдайларға дұға етіп жалбарынба, әйтпесе азапқа тартылғандардың қатарында боласың» («әш-Шу‘ара» сүресі, 26:213).

Бұл аяттан біз Аллаһпен қатар кімге болсын жалбарыну азапқа тартылудың себебі болатынын әрі адамдар осы әулиелерге дұға етуі арқылы оларды **«Аллаһтан басқа құдайларға»** айналдыратынын түсінеміз.

«Саған Кітап түсірілетінін күтпеген едің, бірақ бұл Раббыңның мәрхаметі. Сондықтан кәпірлерді ешқашан сүйемелдеме! Аллаһтың аяттары саған түсірілгеннен кейін олар сені олардан (аяттарға амал қылудан) тоспасын. Оларды Раббыңа шақыр да, әсте серік қосушылардан болма! Аллаһпен бірге басқа құдайларға дұға етпе! Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ. Оның Өзінен басқа әр нәрсе жоқ болады. Үкім Оған тән. Сондай-ақ Оған қайтарыласыңдар» («әл-Қасас» сүресі, 28: 86-88).

Бұл аят дұғаның құлшылық болып табылатынына ең айқын дәлелдердің бірі болып табылады. Өйткені Аллаһ онда: **«Аллаһпен бірге басқа құдайларға дұға етпе! Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ»,** – деді емес пе?

Сондай-ақ Аллаһ былай деген: **"«Расында мен Аллаһпен бірге (дұға етіп) шақырғандарыңа құлшылық етуден тосылдым», – де. «Сендердің қалауларыңды құптамаймын. Әйтпесе адасып, тура жолға ілеспегендерден боламын», – де"** («әл-Әнғам» сүресі, 6: 56).

Бұл аят олардың құдайлары оларға дұға етіп жалбарынғаннан кейін құдайларға айналғандығын білдіреді.

“Раббыларың: «Маған дұға етіп жалбарыныңдар, Тілектеріңді қабылдаймын. Ақиқатында, маған ғибадат етуге паңсынғандар Тозаққа қор болған күйде кіреді», – деді” («Ғафир» сүресі, 40:60).

Бұл аят та – дұға етіп жалбарыну ғибадат болып табылатынына ең айқын дәлелдердің бірі.

Осыдан кейін «Ибн Жиржис ешқашан Құран оқымаған сияқты» деген ой қалыптасады.

“Егер олардан: «Көктер мен жерді кім жаратты?», – деп сұрасаң, әрине, олар: «Аллаһ», – дейді. «Көрдіңдер ме? Егер Аллаһ маған бір зиян беруді қаласа, олар Оның зиянын қайтара ала ма? Немесе, егер Аллаһ маған бір игілік қаласа, олар Оның игілігін тоса алады ма?» – де. «Аллаһ маған жетіп асады. Тәуекел етушілер жалғыз Оған тәуекел етеді», – де” («əз-Зүмәр» сүресі, 39:38).

Бұл аят егер адам көктер мен жерді жалғыз Аллаһ жаратқанын мойындаса, онда ол тек Соған ғана дұға етіп жалбарынуы керек екендігін білдіреді. Ал кім Аллаһтан басқаларға да дұға етіп жалбарынса, сол өздеріне жалғыз Аллаһты жеткілікті етпейтіндердің қатарынан болады, міне, оның көпқұдайшылығының мәні де осыда.

“Олар еш нәрсені жаратпайтын, оларға жәрдем ете алмайтын, тіпті өздеріне де жәрдем ете алмайтын жаратылғандарды Аллаһқа серік қоса ма? Егер оларды тура жолға шақырсаңдар, олар сендерге ермейді. Оларды мейлі шақырыңдар, мейлі үндемеңдер, – сендер үшін бәрі бір. Расында, Аллаһтан өзге жалбарынғандарың – өздерің сияқты құлдар. Егер шындықты айтып тұрған болсаңдар, онда оларға дұға етіңдерші, сендерге жауап берсін. Олардың жүретін аяқтары, ұстайтын қолдары, көретін көздері немесе еститін құлақтары бар ма? (Мухаммад) оларға: «Аллаһқа қосқан серіктеріңді шақырыңдар да, сонан соң маған мұрса бермей айлакерлік жасаңдар. Шынында, менің ием Кітапты түсірген Аллаһ. Ол ізгілерге қамқоршылық етеді. Ал сендердің Аллаһтан өзге жалбарынғандарың сендерге жәрдем ете алмайды. Олар тіпті өздеріне де жәрдем ете алмайды», – деп айт” («әл-Әғраф» сүресі, 7: 191-197).

Аллаһ Тағала бұл адамдардың көпқұдайшылығын дәл олардың осы жалған құдайларға жалбарынуымен байланыстырғанына назар бұрыңыз. Аллаһ Тағала бұл жерде олар намаздарын немесе оразаларын соларға арнағаны үшін көпқұдайшылдарға айналғанын айтпайды. Бұл дұға етіп жалбарынудың ғибадат деп аталуға көбірек лайықтырақ екеніне нұсқайды, ал Ибн Жиржис мұнымен әйтеуір келспейді.

“Ол сондай Аллаһ, сендерге құрылықта, теңізде кезу мүмкіндігін берді. Сендер олар оған мәз болатын жақсы бір самал кезінде жүзетін оларды алып бара жатқан кемелерде кезесіңдер. Бірақ, кенет бір боранды жел басталып, оларға әр тараптан толқындар тақап келгенде, олар қоршауда қалдық деп ойлайды да, сенімін тазартып, жалғыз Аллаһқа: «Егер осыдан бізді құтқарсаң шүкір етушілерден болар едік», – деп жалбарынады. Дегенмен, Аллаһ оларды құтқарған кезде, олар жер жүзінде орынсыз бұзақылық істейді. Әй, адам баласы! Бұзақылықтарыңның зияны өздеріңе ғана. Бұл – дүние тіршілігінің өткінші ләззаты ғана. Сонсоң барар жерлерің Біз жақ. Сонда сендерге істеген істеріңді білдіреміз” («Юнус» сүресі, 10: 22-23).

Бұл аят егер біреу Аллаһпен бірге басқаға да дұға етіп жалбарынса, ол дінін көпқұдайшылықтан тазартқан болмайтынына нұсқайды.

“Қашан адам баласына бір таршылық келсе, ол Раббысына жалбарынып, Оған ғана жүгінеді. Сосын қашан Аллаһ оған бір игілік берсе, адам бұрынғы Оған жалбарғанын ұмытады да, өзгелерді Аллаһтың жолынан адастыру үшін, Оған басқаларды теңдес жасайды. (Мухаммад) оларға: «Күпірлігің мен қолыңда барға біраз мәз бола тұр. Сөз жоқ, сен Тозақтықсың», – де” («әз-Зүмәр» сүресі, 39:8).

Бұл адам өзінің жалған құдайын барлық тұрғыдан Аллаһпен бірдей деп санамаса да, Аллаһ Тағала жалғыз Аллаһқа жалбарынбауды Оған теңдес жасау деп атағанына назар салыңыз. Содан соң Аллаһ Тағала дәл осы амал әлгі адамның Тозақтық болуына себеп болатынына нұсқады.

“Зәкарияны да есіңе ал. Ол Раббысына: «Раббым! Мені жалғыз қалдырма. Сен мұрагерлердің ең жақсысысың», – деп жалбарынды. Сонда тілегін қабыл етіп, оған Яхъяны бердік. Әрі жұбайын осыған қабілетті еттік (жасарттық). Өйткені олар жақсылық істеуге ұмтылатын, Бізден үміт әрі қорқу арқылы тілейтін әрі алдымызда мойынсұнушы болып тұратын” («әл-Әнбия» сүресі, 21: 89-90).

Бұл жерде Аллаһ Тағала Зәкария пайғамбарды ол өз дұғаларында жалғыз Аллаһқа ғана жалбарынғандығы үшін мақтайды.

«Шын мәнінде, аяттарымызға, өздеріне үгіт берілген кезде, сәждеге жығылып, Раббыларын мақтап, пәктейтіндер және тәкаппарлық танытпайтындар иман келтіреді. Олар жамбастарын төсектерінен ажыратып (түнде ұйқыдан тұрып), Раббыларына қорқа-дәмете жалбарынады. Сондай-ақ

олар берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. Ешкім өздерінің істегендері үшін көзді шаттыққа бөлейтін қандай сый жасырылғанын білмейді. Мүмін кісі бұзық кісі сияқты болады ма? Әрине тең болмайды!» («әс-Сәжда» сүресі, 32: 15-18).

Бұл аятта өзінің дұғаларында жалғыз Аллаһқа ықыласты түрде жалбарынатын кісі мүмін болып табылатынына және ол бұзықтар сияқты емес екеніне дәлел бар.

«Қашан олар кемеге отырса, Аллаһ алдында дінін тазартқан түрде Оған жалбарынады да, оларды құтқарып жағаға шығарса, сол уақытта олар Аллаһқа серік қосады» («әл-‘Анкабут» сүресі, 29: 65).

Аллаһ Тағаланың: «...**Аллаһ алдында дінін тазартқан түрде Оған жалбарынады», –** дегеніне, ал содан соң: «...**оларды құтқарып, жағаға шығарса, сол уақытта олар Аллаһқа серік қосады»**, – деп, яғни Аллаһқа ғана жалбарынғаннан кейін Аллаһтан басқа әлдекімге жалбарына бастағанын айтқанына назар бұрыңыз.

Егер біреу: «Бұл аяттарда «дұға» мен «жалбарыну», «шақыру» сөздерінің астарында жалпы ғибадат, мысалы, рукуғ пен сәжде, құрбан шалу, намаз, т.с.с. аталып тұр, әрі бұл аяттарда тыйым салынған деп жай дұға мен жалбарыну емес дәл сол ғибадат айтылып тұр», – десе, онда ол мына аяттарға қалай жауап берер екен?

«(Мухаммад,) егер құлдарым сенен Мен туралы сұраса, Мен өте жақынмын және қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше, олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине, тура жол тапқан болар еді» («әл-Бақара» сүресі, 2:186).

«Ал қашан адам баласына бір зиян жетсе, ол жатса да, отырса да, немесе түрегеп тұрса да Бізге жалбарынады; алайда қашан Біз одан зиянды айықтырсақ, ол өзіне тиген зиянды айықтыру үшін бізге ешқашан жалбарынмағандай-ақ кете береді. Міне, шектен шығушыларға істеген істері осылайша көркем етіп көрсетілген» («Юнус» сүресі, 10:12).

«Маған қартайған шағымда Исмаил мен Исқақты берген Аллаһқа мадақтар болсын. Ақиқатында, Раббым дұғаны Естуші» («Ибраһим» сүресі, 14:39).

"Сол уақытта ол әкесіне және қауымына: «Неменеге табынасыңдар?», – деді. Олар: «Біз пұттарға табынамыз әрі оларға үнемі берілеміз», – деді. (Ибраһим:) «Олар жалбарынғандарыңды естиді ме? Немесе олар сендерге пайда, зиян келтіре алады ма?», – деді. Олар: «Жоқ, аталарымызды осылай істеген түрде таптық», – деді" («әш-Шу‘ара» сүресі, 26: 70-74).

«Ол Аллаһ, түнді күндізге кигізіп, күндізді де түнге кигізеді. Сондай-ақ ай мен күнді игерді. Бәрі де белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады. Біртұтас осылар, Раббыларың Аллаһтікі. Иелік Соған тән. Одан өзге табынғандарың бір ұрық қабығына да ие емес. Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Бірақ егер естігенде де, сендерге жауап қайтара алмайтын еді. Сондай-ақ Қиямет күні олар сендердің серік қосқандарыңды тәрк етеді. Бүкіл нәрседен толық Хабардар Аллаһтай саған ешкім түсіндірмейді» («Фатыр» сүресі, 35:13-14).

Сондықтан да шейх ʻАбдуррахман ибн Хасан былай деген: *"Әрі көп жағдайларда «дұға» сөзі Құран мен Сүннетте, араб тілінде және сахабалар мен олардан кейін келген ғалымдардың сөз тіркестерінде «тілмен сұрап жалбарыну» деген мағынада қолданылады"*. «Фатх ул-Мәжид» 286-бет.

Ал енді әлгі Ибн Жиржистің: «*Және ешкім ешқашан дұға және дәнекерлік ғибадат болып табылады деп айтпаған, әрі бұл туралы бізге Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізбеген*», – деп айтқан сөздеріне келер болсақ, онда оған жауап келесі хадис болмақ.

Нуʼман ибн Башир Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Дұға – бұл құлшылық»,*** – деп айтқанын баяндаған (х**адис сенімді (сахих);** Абу Дауд 2/161; Тирмизи 5/211; Нәсаи «әл-Кубрада» 6/450; Ибн Мәжаһ 2/1258; Ахмад 4/267 т.б.).

Міне, сопылар осылайша оп-оңай және әшейін-ақ «ешкім және ешқашан айтпаған» және «Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге бұл туралы жеткізбеген», «мұсылмандардан ешкім мұны ғибадат деп санамайды», «ол тілде де, шариғатта да, адамдардың әдет-ғұрпында да бұлай емес» деген сияқты жалаң ауыз дәлел-дәйексіз сөздерді айта салады. Бұл тағы да бір рет сопылардың – егер олардың мүддесі талап етіп тұрса – Аллаһқа, Оның Кітабына, Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және мұсылмандарға өтірік жапсыра салу түкке тұрмайтын ең өтірікші адамдардан екенін растайды.

Сондықтан да ханафи имамы Шукри әл-Әлюси (1342 һ/ж) былай деген: «*Әрі қабірге табынушылар жеткен надандықтың және Аллаһқа, Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және мұсылмандарға өтірік жапсырудың дәрежесіне тіпті хауариждер мен рафидилер де жете алмағанына күмән жоқ*». Қз.: «Ғаят ул-Амани» 1/215.

Ал осы бөлімді ханафи мәзһабының имамдарының бірі болған – имам әл-Хужандидің (1379 һ/ж) мынандай керемет сөздерімен аяқтау керек болып тұр: *"Кім Аллаһтың Кітабындағы*

«ғибадат» пен «дұға» ұғымдары арасындағы байланыс туралы айтылатын аяттар туралы ой қозғаса, сондай-ақ ғибадат кезіндегі адамның көңіл-күйі туралы ойланатын болса, сол міндетті түрде дұға – бұл ең шынайы, нағыз ғибадат екенін өзі үшін ашады. Дұға адамның туа біткен сипаты; ол өзінің сиынатын құдайына жүрегінің ең терең түбінен жалбарынады, әсіресе өмірдің қиын-қыстау сәттерінде. Ал ғибадаттың басқа түрлеріне келер болсақ, адамдар олардың барлығын немесе көпшілігін олар орындауға бұйырылғандықтан орындайды. Адам баласы құлшылықтың осы түрлерін өзін күштеп орындайды, әрі жиі жағдайда осыны істеп жатқан кезінде өзін ерекше сезбейді. Сен намаздан кейін зікір сөздерін айтып отырған адамның жиі жағдайда тек тілін ғана қозғалтып жатқанын, ал жүрегін басқа ойлар аулағанын көрмейсің бе?! Бірақ ең жанды (шынайы), табиғи және нағыз ғибадат жүректің ең терең түбінен және жанның құпия жерлерінен келетін сөздер арқылы келетін дұғада іске асады, әрі осы – ықыластылық киімін жабылған тап-таза дұға. Сондықтан да біз: «Дұға – бұл құлшылық, оның миы және оның өзегі», – деп айтамыз". Қз.: «Мифтах ул-Жәнна» 69-70 беттер.

19-ТАРАУ

ҚАБІРЛЕРГЕ (ӘРУАҚТАРҒА) СИЫНУШЫЛАРДЫҢ СЕНІМДЕРІ МЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ ПАЙҒАМБАР ЗАМАНЫНДАҒЫ КӨПҚҰДАЙШЫЛДАРДЫҢ (МҮШРИКТЕРДІҢ) СЕНІМДЕРІ МЕН ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ТЕҢ

Осы кездің қабірлерге (әруақтарға) сиынушыларының сенімдері мен іс-әрекеттері (олардың көпшілігін сопылар мен рафидилер құрайды) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманындағы көпқұдайшыл-мүшриктердің сенімдерімен және іс-әрекеттерімен бірдей екенін біліңіз, біздің қадірменді бауырымыз. Осыған көз жеткізу үшін осы тарауды бірнеше бөлімдерге бөліп, олардың әрқайсысында тарауда қаралатын маңызды мәселелерге жеке түсіндірме жасау қажет.

1-бөлім. Қабірлерге (әруақтарға) сиынушы сопылар «көпқұдайшылық» («ширк»), «бірқұдайшылық» («таухид») және «құлшылық» («ғибадат») терминдерін қалай түсінеді

Қабірлерге сиынушы (қубурия) сопылар мұсылмандардың негізгі бөлігінен «көпқұдайшылық (ширк)», «бірқұдайшылық (таухид)» және «құлшылық (ғибадат)» терминдерін өздерінше ерекше түсінуімен қатты ерекшеленеді.

Бұл мәселе осы кітапта қаралатын ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады, әрі ол терең түсінуді талап етеді. Ендеше, оның маңыздылығы неде екен? Осы кітаптың алғашқы тарауларында біз бірқұдайшылыққа (таухидке) шақырудың және оның мәнін адамдарға жан-жақты түсіндірудің ұлы маңыздылығы

туралы айтқан болатынбыз. Біз көпқұдайшылық туралы да дәл осыны айттық. Әрі осы орайда мыналарды ұғып алдық:

1. Аллаһ Тағала адамдар мен жындарды олар бірқұдайшылықты өмірге енгізулері (іске асырулары) үшін ғана жаратты;

2. Адам бірқұдайшылықты ұстана бастамайынша Аллаһ Тағала оның игі амалдарын қабыл етпейді;

3. Адамдар бірқұдайшылықты ұстанып, көпқұдайшылықтан аулақ болуы үшін Аллаһ Тағала Құранды түсірді әрі барлық пайғамбарларды жіберді;

4. Бірқұдайшылық – бұл оған адамдарды шақырып, оның мағынасын оларға түсіндіру қажет болған ең алғашқы және ең соңғы нәрсе;

5. Аллаһ Тағала көпқұдайшылықтан басқа барлық күнәларды кешіреді, егер адам қайтыс болуына дейін осы үшін тәубе етіп үлгермесе ғана;

6. Көпқұдайшылық – ең ауыр күнә, ең ұлы зұлымдық және ең терең адасушылық болып табылады;

7. Көпқұдайшылықты жасау адамның Тозақта мәңгі қалуына және одан ешқашан шықпауына себеп болады;

8. Егер адам көпқұдайшылықтан болған бір нәрсе істесе де, оның өмір бойын істеген игі амалдарының барлығы зая болып жойылып кетеді.

Осының барлығынан біз «Адамның бұл өмірдегі ең маңызды міндеті – бірқұдайшылық пен көпқұдайшылықтың не екенін және осы сөздер нені білдіретінін дұрыс түсіну» деген қорытынды шығарамыз. Осыны түсінуге адамның Аллаһ Талағала оны не үшін жаратқан мақсатын өмірге енгізуі (іске асыруы), оның Тозақтың мәңгі және үзілмей жалғасатын азаптарынан құтылуы байланысты болады. Өйткені егер адам бірқұдайшылықтың мәнін бұрыс (қате) түсінсе, ол бірқұдайшыл бола алмайды. Тура сол сияқты, адам көпқұдайшылықтың мәнін дұрыс түсінбесе, ол бірқұдайшылдардың қатарынан шығып кетіп, көпқұдайшылдардың қатарына кіріп кету, әрі осы орайда бұл дүниенің де, Ақыреттің де игілігінен мақұрым болып қалу қауіпінен аман болмайды.

Негізі, мұсылмандардың басым бөлігі «бірқұдайшылық» пен «көпқұдайшылық» терминдерін мүлде қабірге сиынушы сопылар түсінетіндей етіп түсінбейді. Ал сопыларға келер болсақ, олар осы ұғымдарға қатысты тек өздерінің түсініктерін ғана дұрыс деп санайды.

Осы келіспеушілікті тоқтату үшін, сопылар да, Сүннетті ұстанушылар да (әһли-Сунна) келіспеушілікке түспейтін және оның ақиқаттығына келісетін ортақ негізді (платформаны) анықтап алу керек.

Бұл ортақ негіз – сопылардың да, Сүннетті ұстанушылардың да Пайғамбар (оған Алаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде өмір сүрген, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды таухидке шақырған және көпқұдайшылдар деп атап, олармен соғысқан көпқұдайшылдар мүшрик болғанына және олар бірқұдайшыл болмағананына келісуі.

Біз осы кездің көптеген сопыларының сенімдері мен іс-амалдары Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезіндегі мүшриктердің сенімдері және амалдарымен мүлде бірдей деп айтамыз.

Келіңіздер, сопылардың сенімдері қандай екеніне қарайық.

1. Олардың «бірқұдайшылық» («таухид») терминіне берген анықтамасы

Сопылардың түсінуіндегі «бірқұдайшылық» – бұл: *«Тек Аллаһ қана Жаратушы және бүкіл болмысты басқарушы деген сенім».* Қз.: Ахмад әл-Ғумари «Ихья ул-мәкбур» 29-бет.

Осы анықтамадан «Аллаһ бүкіл болмысты жалғыз Өзі жаратты және Оның Өзі ғана осы болмысты басқарады, әрі Одан басқа ешкім жарата да, бүкіл болмысты басқара да алмайды» деген сенімге ие адам бірқұдайшыл болып табылатыны келіп шығады. Басқаша айтқанда, егер біз адамнан: «Бүкіл болмысты кім жаратты және осының барлығын кім басқарады?», – деп сұрасақ, әрі осы адам бізге: «Мұның барлығын Аллаһ жаратты әрі тек Ол ғана барлық нәрсені басқарады», – деп жауап берсе, онда бұл адам – Аллаһ Тағала оны не үшін жаратқан мақсатын өмірге енгізген бірқұдайшыл.

Сондықтан да қубурия сопыларының жетекшілерінің бірі әл-Куза'и, сондай-ақ Ибн Мәрзук былай деп мәлімдеген: *"«Лә иләһа иллә Лаһ» куәлігінің мағынасы – «Аллаһтан басқа Раббы (яғни Жаратушы және Басқарушы) жоқ». Әрі осы түсінік бүкіл мұсылмандардың жүрегінде сақталады".* Әл-Куза'и «әл-Барахин» (375-бет) және Ибн Мәрзук «Тәуассул би ннәбий» (20-бет).

Бұл жерде екі әртүрлі ұғымды ажырата білу қажет:

1. Аллаһ Тағаланың Раббы екендігі. Оның мәні жалғыз Аллаһ қана көктер мен жерді және олардың арасындағыларды жаратқандығында. Тек жалғыз Ол ғана бізді және бізден бұрынғыларды жаратты. Болмыстың үстінен билік жасау және басқару тек Оның ғана Қолында. Тек Ол ғана бізге күн мен айды бағындырды. Ол бұлттарды қозғалтады және жаратылыстар өмір сүрулері үшін жаңбыр жаудырады. Жалғыз Ол ғана тірілтеді және өлтіреді, Өзінің жаратылыстарын ризықтандырады және олардың өмір сүруін қамтамасыз етіп тұрады. Осы аталғандардың барлығы және басқа

да көптеген нәрселер Аллаһ Тағаланың Раббылығының және Оның «әр-Рабб» (Раббы) деген есімінің көрінісі болып табылады. Осы есімнен ғалымдар Раббылықтағы бірқұдайшылықты (таухид әр-рубубияны) бөліп көрсетеді. Басқаша айтқанда, егер адам тек жалғыз Аллаһ қана жарататынын, басқаратынын, жаңбыр жаудыратынын т.б. растаса әрі: «Аллаһтан басқа ешкім Раббылық ете алмайды», – десе, онда бұл адам Аллаһтың Раббылығына қатысты бірқұдайшыл болып табылады;

2. Аллаһ Тағаланың Құдай (Иләһ) екендігі. Жалғыз Аллаһ қана Раббылық сипаттарға ие болғандығы және Ол ғана бізге бар қажет нәрселерімізді сыйлайтындығы, әрі тек Ол ғана біздің қолымыздағы бар нәрселерімізді алып қоюға қабілетті екендігі себепті біздің жүректеріміз Аллаһты Құдай деп тани бастайды да, біздің мүшелерімізбен бірге жалғыз Аллаһқа құлшылық (ғибадат) ете бастайды. Адамның жүрегі жалғыз Аллаһты сүйетін, жалғыз Одан қорқатын, жалғыз Оған үміт және тәуекел ететін, жалғыз Оған тәубе етіп оралатын болады. Жүрегімен және дене мүшелерімен жалғыз Аллаһ қана құлшылық етуге және бүкіл ғибадатты тек Оған ғана арнауға лайықты екенін растайтын адам Аллаһтың құдайлығына (иләһтығына) қатысты бірқұдайшыл болады. Бұл екінші түсінік «әл-Иләһ» (сиынатын Құдай) есімінен шығады. «Әл-Иләһ» есімінен ғалымдар сиынатын құдай деп танудағы және ғибадат етудегі бірқұдайшылықты (таухид әл-улюхияны) бөліп көрсетеді.

Осы бөлуге негізделген түрде келесі нәрселер түсінікті болады:

1. Аллаһ Тағаланың Раббылығы – бұл Оның бізге қатысты іс-әрекеттері;

2. Аллаһ Тағаланың Құдайлығы (Иләһтығы) – бұл біздің Оған қатысты іс-әрекеттеріміз.

Егер құрметті оқырманымыз жоғарыда айтылғандарды жақсылап ұғып алған болса, онда біз тағы да бір рет қубурия сопыларының «бірқұдайшылыққа» берген анықтамасына қайта орала аламыз.

Сөйтіп, олардың бірқұдайшылыққа берген анықтамасы келесідей: *«Тек Аллаһ бүкіл болмыстың Жаратушысы және Басқарушысы болып табылады деген сенім»*.

Олардың осы анықтамасына сүйеніп, біз келесідей қорытынды шығарамыз:

Кім Аллаһты Оның Раббы болып табылатындығында жалғыз етсе және бүкіл болмысты тек Ол ғана жаратқанын және басқаратынын мойындаса, әрі тіпті осы орайда ол жалғыз Аллаһтың құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай екенін жүрегімен мойындамаса да және өз құлшылық-ғибадатын түгелімен жалғыз Оған арнамаса да, сол бәрібір бірқұдайшыл болып табылады.

Ал біз: «Адам жалғыз Аллаһ қана Раббы және құшылыққа лайықты Құдай екендігін мойындамайынша әрі өзінің құлшылық-ғибадатын түгелімен жалғыз Аллаһқана ғана арнамайынша Исламға кірмейді», – деп айтамыз. Басқаша айтқанда, біз егер адам Аллаһты Раббылықта жалғыз етпесе, ол бірқұдайшыл бола алмайтынын мойындаймыз, алайда сонымен бірге, егер ол тіпті Аллаһты Раббылықта жалғыз етсе де, бірақ оны сиынуға лайықты Құдай деп тануда және құлшылық-ғибадатты арнауда жалғыз етпесе ол бірқұдайшыл болмайды.

Құрметті оқырманымыз көріп тұрғанындай, сопыларда Сүннеттің жақтаушыларына қарағанда бірқұдайшылдардың қатары едәуір кеңдеу. Сопылардың анықтамасынан шыға келе, жер бетіндегі құдайсыз атеисттерден басқа адамдардың дерлік барлығы бірқұдайшыл болып табылады.

Ал егер оқырман: «*Бірақ бұл жақсы емес пе, барлығы көпқұдайшыл-мүшрик болғанша бірқұдайшыл бола берсін. Не үшін адамдарға жамандық қалауымыз керек?*», – деп айтса, біз: «Әрине, біз адамдарға жақсылық тілейміз және олардың көпқұдайшыл болуын қаламаймыз. Алайда бүкіл мәселе сопылар емес, Аллаһ бірқұдайшыл деп атаған адамның ғана бірқұдайшыл болатынында», – дейміз. Сол сияқты, Аллаһ көпқұдайшыл деп атаған адам көпқұдайшыл болады, тіпті ол өзін бірқұдайшыл деп санаса да. Мынандай бір мысал келтірейік: белгілі бір фирмада жүз адам жұмыс істейді делік. Оның әрқайсысы осы фирмада өз орына ие: біреуі – директор, ал басқалары одан лауазымдық дәрежелері төмендер. Директор, өзінің жұмысшыларын аяп, олардың барлығын директор және басқарушы деп атап қойды делік. Барлығы жақсы болар еді, бірақ жалақы берер сәт келгенде, олардың әрқайсысы өзінің кәсібіне сәйкес жалақысын алды, ал «директор» деген атау тек қағазда ғана қалды. Енді адамдарға жақсылықты тілеп жатқандар – бұл баршаны, олар бірқұдайшыл болмаса да, бірқұдайшылдарға жатқызатын сопылар емес, бірақ адамдарға нағыз жақсылықты қалаушылар – бұл адамдамдың іс жүзінде бірқұдайшыл болуын және осы арқылы мәңгі Тозақтан құтылып, бірқұдайшылдардың мәңгілік мекені болып табылатын Жәннаттың тұрғындары болуын қалайтын Сүннеттің жақтаушылары екендігі түсінікті-ақ болды.

Сонымен, біз сопылардың сенімінің мәні «Аллаһты Раббылықта жалғыз ету адамның Исламға кіруі және Тозақтан құтылуы үшін жеткілікті» дегенде екен деген қорытындыға келдік. Әл-Куза’и «әл-Барахин» 377-бет және Ибн Мәрзук «Тәуассул би ннәбий» 21-бет т.б.

2. Сопылардың «көпқұдайшылық» («ширк») терминіне берген анықтамасы

Сопылардың түсінуіндегі «көпқұдайшылық» термині **–** бұл: «*Аллаһтан өзге кім болсын Аллаһқа мұқтаж болмаған күйде болмыстың қандай да бір бөлігін дербес түрде басқарады және әлдебір құбылыстарға өздігінше ықпал етеді деген сенім*». Ал мынау сопылардың «көпқұдайшылыққа» беретін толыққанды анықтамасы:

«*Көпқұдайшылықтың мәні адамның кімді болсын Аллаһқа Раббылықта серік деп санауында. Ол әлдебіреуді Аллаһпен қатар жаратады, тірілтеді және өлтіреді деп санайды. Көпқұдайшылық – бұл Аллаһтан басқа біреу Аллаһқа мұқтаж болмаған күйде өздігінше пайда немесе зиян келтіруге қабілетті деген сенім. Бұл адамның Аллаһтан басқа біреу өзінің қалауларын бұған Аллаһ рұқсат бермесе де, іске асыра алады деп сенуі*». Қз.: әл-ʻАмили «Кәшф ул-Иртияб» 105-106-бет; ән-Нәкауи «Кәшф ун-Никаб» 44-50-бет; Ибн Дауд «әл-Хақаиқ әл-Исләмия» 44-бет т.б.

Осы анықтамадан шыға келе, біз сопыларда тек Аллаһқа барлық жағынан тең, немесе Аллаһқа Оның Раббылық сипаттарының қайсыбірінде болса да тең біреу бар деп санайтын адам ғана көпқұдайшыл болып табылатынын көріп тұрмыз. Міне, осы сопылардың «Аллаһқа серік қосу» терминінен не түсінетіні.

Ал Сүннетті ұстанушылар мұның, әрине, көпқұдайшылық болып табылатынын әрі бұда күмән жоқ екенін, алайда, көпқұдайшылық тек осымен ғана шектелмейтінін айтады.

Сонымен, оқырман Сүннеттің жақтаушыларының пікірі бойынша сопылар бірқұдайшылықтың қатарын шектен тыс кеңейтіп, ал көпқұдайшылықтың қатарын шектен тыс тарылтып жібергенін байқап тұр. Ал мұның салдары сопы Құранды оқып отырып, осы терминдерді өздігінше, яғни Аллаһ бұл терминдерге салған мағынадан мүлде басқаша түсінетінінде көрініс табады.

Ал Сүннетті жақтаушылар «көпқұдайшылық» терминінің астында нені түсінетіні туралы, Аллаһтың рұқсатымен, осы кітаптың алдағы бөлімдерінде айтылатын болады. Ал бұл жерде оқырманнан талап етілетіні – қабірлерге (әруақтарға) сиынушы сопылардың түсінуін ұғып алу және есте сақтап қалу.

3. Сопылардың «құлшылық» («ғибадат») терминіне берген анықтамасы

Сопылардың түсінуіндегі «ғибадат» – бұл: «*Адам кімді Раббылықта өздігінше дербес деп және пайда мен зиян тигізуде, сондай-ақ өзінің қалауларын іске асыруда мұны оған ешкім тыйым сала алмайтындай, ешкімге мұқтаж емес күйде өздігінше дербес деп санайтын*

болса, соның алдында бар жан-тәнімен ең жоғары мойынсұнушылық танытуы».

Осы анықтамадан шыға келе, сопылар: «*Ғибадат рәсімдерін орындап, оларды әлдебіреуге арнау осы объектіге ғибадат ету болып табылмайды, тек егер осы ғибадат арналатын объект өздігінше дербес Раббы болып табылады деген сенім болмаса ғана*». Қз.: әс-Субуки «әш-Шифа ус-Сикам» 175-бет; ән-Нәкауи «Кашф ун-Никаб» 44-51-бет; Мәлики «Мәфахим» 103-105 т.б.

Бұл жалпылама анықтамалар сопылардың кітаптарында нақты мысалдар арқылы ашып көрсетіледі:

«Егер адам әлдебіреуге сәжде жасаса, онда ол сәжде жасап жатқанын Раббы деп санаса ғана кәпір болады». Қз: әл-Куза’и «әл-Барахин» 377-бет және Ибн Мәрзук «Тәуассул би-ннәбий» 21-бет т.б.

Олар дұға ету, құрбан шалу, нәзір беру т.б. туралы да тура осыны айтады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығына сүйеніп, сопылар өздерінің қайтыс болған «әулиелеріне» жасайтын ғибадаттарын ғибадат деп санамайды. Олар осы «әулиелер» табиғат құбылыстарын басқарады, оларға жалбарынып жатқандарды көреді және естиді, пайда келтіреді және зиянды жояды, құпия білімге ие, өлтіре және тірілте алады т.с.с. деп санайды. Бірақ, сонымен бірге, олар осының барлығын көпқұдайшылық деп атамайды. Өйткені олар: «Әулиелер осы сипаттарға өздігінше ие емес, бірақ Аллаһ Тағала оларға осы сипаттарды дарытты», – деп айтады. Яғни, олардың сенімі бойынша, «әулиелер» өздерінің Раббылық етуінде дербес емес, бірақ осы орайда Аллаһқа мұқтаж болып табылады, сондықтан да оларға құлшылық ету Аллаһқа құлшылық ету болып табылады. Қз.: «әл-Барахин» 392-бет.

2-бөлім. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманындағы көпқұдайшылықтың мәні неде еді?

Осыдан алдыңғы бөлімде біз Сүннетті жақтаушылар да, сопылар да Аллаһ Тағала Өзінің Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көпқұдайшыл-мүшрик болған адамдарға жібергеніне біраузызды келісетітін айтқан болатынбыз. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) солардың арасында өмір сүрген және соларға ең бірінші кезекте үндеуін жолдаған халық құрайштықтар еді[102].

[102] «Құрайштықтар» – арабтардың ең құрметті тайпаларының бірі. Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрайш тайпасынан еді әрі өзінің шақыруын солардан бастады, өйткені құрайштықтар көпқұдайшылық дінінде болатын.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл адамдарды бірқұдайшылыққа шақырды, олардың сенімдері мен істері көпқұдайшылық екенін оларға түсіндірді және оларды мүшриктер деп атады. Осы іргетас болып табылатын ұстанымға сүйеніп, бізге осы адамдардың сенімдері мен іс-амалдарының мәні неде болғанын қараудан басқа еш нәрсе қалмайды. Олардың сенімдері мен іс-әрекеттерін зерттегеннен соң, біз көпқұдайшылықтың не екенін және оның шекаралары қандай екенін түсінеміз.

1. Құрайштық көпқұдайшылдар Аллаһтың бар екендігін және Ол бүкіл болмыстың Раббысы екендігін мойындайтын еді

Сөзді құрайштықтардың Аллаһ бар екендігіне сенгендігінен және құдайсыз атеисттер болмағанынан бастау керек. Мұның үстіне, олар Оның бар екеніне ғана емес, сонымен бірге Оның Раббы екеніне де сенетін. Бұған дәлел өте көп. Ал біз олардың кейбіреулерін ғана келтірумен шектелеміз.

Аллаһ Тағала былай дейді: **”(Мухаммад,) егер олардан: «Көктер мен жерді жаратқан кім?», – деп сұрасаң, әлбетте: «Аллаһ», – дейді. «Барлық мақтау Аллаһқа тән», – де. Әрине, олардың көбі түсінбейді”** («Лұқман» сүресі, 31:25).

Бұл аят Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірқұдайшылыққа шақырған адамдар Аллаһтың бар екеніне және тек Ол ғана көктер мен жерді жаратқанына сенгендеріне нұсқайды. Бұл аятты басқаша түсінуге болмайды да.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала: **“(Мухаммад, оларға): «Сендерді аспаннан, жерден кім ризықтандырады? Құлаққа, көздерге кім ие? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім игерді?», – де. Олар: «Аллаһ», – дейді. «Ендеше, Аллаһтан қорықпайсыңдар ма?», – де”** («Юнус» сүресі, 10:31).

Бұл аят құрайштықтар оларды тек Аллаһ қана ризықтандыратынын, сондай-ақ барлық нәрсені басқаратын да жалғыз Ол ғана екенін мойындағанына айқын түрде нұсқайды.

Аллаһ былай деді: **“(Мухаммад, оларға): «Егер білсеңдер, жер жүзі мен жер жүзінде болғандар кімдікі?», – де. Олар дереу: «Аллаһтікі», – дейді. «Ал сонда да зер салмайсыңдар ма?», – де. «Жеті көктің Раббысы және ұлы Аршының Раббысы кім?» – де. Дереу: «Аллаһ», – дейді. «Сонда да қорықпайсыңдар ма?», – де. «Егер білсеңдер, әр нәрсенің басқаруы Қолында, Өзі Қорғаушы, Қорғалмайтын (немесе Оған қарсы біреуді біреу қорғай алмайтын) кім?», – де. Олар дереу: «Аллаһ», – дейді. «Ендеше, нендей алданғансыңдар?», – де!”** («Му`минун» сүресі, 23: 84-89).

Бұл аят түсіндіруді қажет етпейді.

Сондықтан да ханафи имамдарының бірі әс-Сахсауани (1326 һ/ж) былай деген: «*Біл, Аллаһ Тағаланың елшілерді жіберуі мен Құранды түсіруі жаратылыстарға оларды Аллаһ жаратқанын және оларға ризықты Ол беретінін түсіндіру үшін емес еді. Өйткені мұны кез келген көпқұдайшыл Кітап түсірілгенге дейін де мойындаған*». Қз.: «Сыянат ул-инсан» 164-бет.

Тіпті құдайсыз атеисттердің көбі де жүрегінің түбінде осы болмыстың Жаратушысы бар екенін мойындайды, бірақ оның бар екендігін тілдерімен жоққа шығарады. Атеисттердің жетекшілері Перғауын мен Нәмруд өз жүректерінде Аллаһтың бар екендігін және Ол бүкіл болмыстың Раббысы екенін түсінген. Аллаһ Тағала олар туралы былай деген: **«Олар оларды (яғни аяттарымызды) әділетсіз және тәккапарланған күйде тәрк етті, бірақ олардың шындық екеніне іштей сенетін»** («ән-Нәмл» сүресі, 27:14).

2. Құрайштық көпқұдайшылдар Аллаһқа құлшылық ететін

Сөйтіп, біз төмендегідей қорытынды шығардық:

1. Аллаһтың бар екендігін жүрегімен жоққа шығаратын жер бетінде ешкім жоқ, өйткені Жаратушының бар екендігін мойындау адамдардың тума сипаты болып табылады. Бұған жатпайтындар – бұл «барлық нәрсені табиғат жаратты» деп айтатын тек кейбір атеист-материалисттер ғана;
2. Әлдебіреуді Аллаһпен барлық жағынан теңестіретін және әлдебіреу Аллаһқа абсолюттік тұрғыдан тең деп айтатын жер бетінде ешкім жоқ;
3. Кез-келген көпқұдайшыл Аллаһ осы болмыстың Раббысы екенін, оған иелік ететінін және басқаратынын мойындайды.

Ал қазір біз әрі қарай жылжып, Пайғамбардың (оған Аллаһтыңигілігі мен сәлемі болсын) заманындағы көпқұдайшылдардың арасында кең таралған тағы бір құбылысты қарап шығамыз.

Құрайштықтар Аллаһты және Оның Раббы екендігін жай мойындап қана қоймай, Оған құлшылық та ететін. Олар Ибраһим пайғамбардың дінінің қалдықтарын ұстанып өмір сүретін, сондықтан да Аллаһтың Үйіне (Қағбаға) қажылық жасайтын, Қасиетті Харам мешітіне қамқорлық жасайтын және қажыларға жақсы істер жасап көмектесетін. Олар Аллаһқа дұға етіп жалбарынатын, Оны зікір ететін, ұрыс-шайқастар кезінде Одан көмек тілейтін. Олар Аллаһқа нәзір беретін, Оған сәжде жасайтын, үлкен және кіші ластанудан тазару үшін дәрет және ғұсыл алатын, Аллаһқа құрбан шалатын. Оларда зекет сияқты төлемдері де бар болатын. Олар қонақ пен мүсәпірге құрмет көрсететін. Олар туысқандық

қатынастарды үзбейтін және жоқ-жітіктерге садақа беретін. Олар туысқандардың қыздарына үйленуге тыйым салынған деп есептейтін. Оларда өлтірілген адам үшін өш алу (қысас), дия (өлтірілген адам үшін құн) төлеу, ұрлық үшін жазалау іске асырылатын. Жоғарыда аталғандардың барлығына дәлелдер өте көп және кең танымал. Сондықтан да олардың кейбірін ғана келтірумен шектелеміз:

1. Аллаһ былай деді: **«(Әй, мүшріктер!) Сендер қажыларға су беру, Месжід Харамды жөндеуді Аллаһқа, Ақырет күніне иман келтіріп және Аллаһ жолында соғысқан кісі сияқты көресіңдер ме? Бұлар Аллаһтың қасында тең болмайды. Аллаһ залым қауымды тура жолға салмайды»** («әт-Тәубә» сүресі, 9:19).

Бұл аятта көпқұдайшыл құрайштықтар қажыларға жақсылық істегеніне және Харам Мешітіне қамқрорлық жасап қарағанына нұсқау бар.

2. Абу Хурайра былай деп бандайтын: *"Абу Бәкр әс-Сыддық мені топтың ішінде, адамдар арасында Құрбан Айт күні: «Осы жылдан соң бірде-бір көпқұдайшыл қажылық жасамауға тиісті», – деп жариялауым үшін жіберген еді"*(**хадис сенімді (сахих);** Муслим 1347).

Бұл хадисте көпқұдайшыл құрайштықтар қажылық жасағанына нұсқау бар.

3. 'Умар ибн әл-Хаттаб былай деген: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Бірде жәһилиет кезінде мен Харам Мешітінде и`тикаф (мешітте еш жерге шықпастан үздіксіз болу) жасаймын деп нәзір берген болатынмын».* Оған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Нәзіріңді орында»,*** – деп жауап берді (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 1656).

Бұл хадисте көпқұдайшылдар Аллаһқа нәзір беретініне және нәзірлерін бұзуға немесе орындамауға қорыққандарына нұсқау бар. Сондай-ақ онда олар мешіттерде Аллаһ үшін и`тикаф жасағандарына да нұсқау бар.

Мүшриктер Аллаһқа құлшылық еткендеріне Ибраһим пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өз қауымына айтқан мына сөздері де дәлел болады:

"Сол уақытта Ибраһим әкесіне әрі еліне: «Шын мәнінде, мен сендердің табынған нәрселеріңнен бездім. Бірақ мені жаратқан Аллаһтан басқа. Өйткені Ол мені тура жолға салады», – деді"(«әз-Зухруф» сүресі, 43: 26-27).

Бұл аятта Ибраһимның қауымы Аллаһқа құлшылық еткеніне, бірақ Онымен қатар басқа да пұттарға құлшылық жасағанына айқын нұсқау бар. Сондықтан да Ибраһим олардың құлшылық еткен барлық нәрселерінен бас тартты, тек Аллаһ Тағаладан басқа. Ал егер олар Аллаһ Тағалаға құлшылық етпейтін болған-

да, онда **«Бірақ мені жаратқан Аллаһтан басқа»,** – деп айтудың мәні болмас еді.

Сондықтан да **«Ақиқатында, сендердің құлшылық ететін нәрселеріңе менің қатыстым жоқ, тек мені жаратқан Аллаһтан басқа»** деген аяттарға түсіндірме жасап, Қатада былай деген: *«Өйткені олар: «Аллаһ – біздің Раббымыз», – деп айтатын, бұл туралы Аллаһ:* **«Егер оларды кім жаратқанын сұрасаң, олар міндетті түрде: «Аллаһ», – деп айтады»** (43:87), *– деп айтқанындай. Осыны түсінген Ибраһим ерекшелеу жасап, Аллаһтан бас тартпады»* (сенімді **(сахих) хабар (асар);** Ибн Жәрир 43-сүренің 26-аятының тәпсірінде).

Ал **«Олардың басым бөлігі Аллаһқа серік қосқан күйде иман келтіреді»** («Юсуф» сүресі, 12:106) деген аятты түсіндіріп, Мужаһид ибн Жәбр былай деген: *«Олардың Аллаһқа деген иманы «Аллаһ бізді жаратты, бізді ризықтандырады және өлтіреді» деген сөздерде (болатын). Бұл – олардың Аллаһқа деген иманы, ал олардың серік қосуы олар Онымен бірге басқа құдайларға құлшылық ететіндерінде (еді)»* (**сахих хабар;** Ибн Аби Хатим және Ибн Жәрир 12-сүре 106-аятының тәпсірінде). Осы аяттың тура осындай түсіндірмесі Ибн ʻАббас[103] пен ʻАтаның[104] сөздерінен жеткізілген.

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген: **«Адамдардың кейбіреулері Аллаһқа өзгелерді теңдес етеді де, оларды Аллаһты сүйгендей сүйеді»** («әл-Бақара» сүресі, 2: 165).

Бұл аятта көпқұдайшылдар Аллаһты сүйетініне, бірақ Оған қоса өздерінің құдайларын да сүйетініне нұсқау бар.

Міне, Аллаһқа теңдес етудің мәні осыда. Оның мағынасы біреудің Аллаһ барлық жағынан теңдес құдай бар деп айтуында емес, алайда көпқұдайшылдар Оның Раббы екенін мойындап, құлшылықтарын Аллаһпен бірге басқа да құдайларға арнауында.

Аллаһ Тағала Қиямет күні көпқұдайшылдар: **«Аллаһпен ант етеміз, біз сендерді әлемдердің Рабысымен теңестірген кезімізде анық адасушылықта болдық»** (26:97-98), – деп айтатынын хабарлаған.

Бұл мәселені түсіндіріп беретін осындай дәлелдер өте көп әрі оларды жан-жақты қарастыру бізден жеке бір еңбек жазуды талап етеді[105]. Сондықтан да бізге осы бөлімді ханафи мәзһабының

---

[103] **Хабардың иснады сенімді (сахих)**; Ибн Аби Хатим осы аяттың тәпсірінде.

[104] **Хабардың иснады сенімді (сахих)**; Ибн Жәрир; Саʻид ибн Мәнсур 5/411.

[105] Бәлкім, құрайштықтардың жоғарыда аталған барлық құлшылық түрлеріне қатысты дәлелдерді Аллаһ Тағала бізге жеке кітапқа жинақтауды жеңілдетер. Ал қазірше бұл дәлелдерді ханафи имамдарының мына кітаптарынан табуға болады: «Хужжату Аллаһи әл-Бәлиға» 1/124-127; «Фәуз ул-Кәбир» 14-15; «Булуғ ул-Араб» 2/286-300; «Фатх ул-Мәннан» 643-бет, т.б.

тағы бір имамы – имам ‘Али әл-Қаридің (1014) келесідей сөздерімен аяқтаудан өзге еш нәрсе қалмайды: «*Ең ұлы мақсат – бұл Аллаһтан басқалардың барлығының құдайлығын теріске шығарғаннан кейін, Оның құдайлығын бекіту*». Содан соң ол былай деген: «*Ақыл иелерінің арасында Аллаһ Тағала құдайлыққа ие екеніне еш келіспеушілік жоқ, бірақ Онымен бірге тағы біреудің құдайлығын бекіткендігі себепті кәпір болған ғана кәпір болды*». Қз.: «әт-Тәжрид» 29, 32.

3. Ендеше құрайштықтардың көпқұдайшылығы неде еді?

Егер біз өзіміздің айналамыздағы мұсылман халықтарының этникалық өкілдеріне қарайтын болсақ, олардың кейбіреулері Аллаһтың бар екеніне күмәнін білдіретінін, көбі «Барлық нәрсені кім жаратты, кім осының барлығына ие және оны басқарады?» деген сұраққа нақты жауап бере алмайтындығын көреміз. Олардың көпшілігі Аллаһқа ғибадаттың ешқандай сырттай жасалатын түрлерімен құлшылық етпейді. Сонымен бірге олар өздерін мұсылман деп айтады. Қөпқұдайшыл құрайштықтардың Аллаһтың бар екендігіне, Оның Раббылығына мығым сенгендігіне және Оған көп-көп құлшылық еткендеріне, бірақ сонымен бірге Аллаһ Тағала оларды көпқұдайшылдар деп атап, оларға мәңгі Тозақты уәде еткеніне қараңыздаршы. Ал олардың көпқұдайшылығының мәні неде еді?

Мәселенің өзегі адамның мұсылман, бірқұдайшыл болуы үшін Алаһқа құлшылық етудің өзі ғана жеткіліксіз екенінде. Исламға кіру үшін жай Аллаһқа құлшылық етіп қана қоймай, жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ету және Одан басқа ешкімге құлшылық етпеу керек. Сондықтан да Аллаһ Тағала былай деген: **«Сондай-ақ кім Раббысына жолығуды үміт етсе, ізгі амалдар жасап, Раббысымен бірге ешкімге құлшылық етпесін»** («Кәһф» сүресі, 18: 110).

Аллаһ Тағаланың тек ізгі амалдар істеуге ынталандырумен шектелмегеніне, бірақ соған қоса Онымен бірге кімге болсын құлшылық етуді тастауды шарт етіп қойғанына назар аударыңыз.

Ханафи имамы Ибн Абил-‘Изз былай деген: «*Егер адам осы пәлсапашылардың көбі растап жатқан және бұл туралы сопылардың көпшілігі де айтып жүрген әрі бірқұдайшылықтың осы түрін ең соңғы мақсатқа айналдырған Аллаһтың Раббылықтағы жалғыздығын растаса, бірақ сонымен бірге ол Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етпесе және Аллаһпен бірге басқа біреуге де құлшылық етуден бас тартпаса, сол көпқұдайшыл болады*». Қз.: «Шарх `Ақида әт-Тахауия» 83-бет.

Ал құрайштықтарға келер болсақ, олардың көпқұдайшылығының мәні олардың қайтыс болған ізгі кісілерге, періштелерге

және Аллаһтың алдында мәртебеге ие болған басқа да жаратылыстарға құлшылық ететіндерінде еді. Олардың идеологиясын түсіндіріп, Аллаһ Тағала былай дейді: **"Олар Аллаһтан өзге өздеріне зиян, не пайда бермейтін нәрселерге құлшылық етіп: «Олар – Аллаһтың қасында шапағатшымыз», – дейді"** («Юнус» сүресі, 10:18). Ол сондай-ақ былай деді: **"Ақиқатында, нағыз дін Аллаһқа ғана арнала алады. Сондай Аллаһтан өзгені дос тұтқандар: «Біз бұларға бізді Аллаһқа жақындастырсын деп қана табынамыз», – дейді. Күдіксіз, олардың араларындағы таласқан нәрселеріне Аллаһ үкім береді. Расында, Аллаһ өтірік айтатындар мен кәпірлерді тура жолға салмайды"** («әз-Зүмәр» сүресі, 39:3).

Осы аяттардан көріп тұрғанымыздай, құрайштықтардың ең соңғы мақсаты Аллаһтың разылығына қол жеткізу және Оған жақындау болатын. Олар өздерінің сиынатын пұттарына олар Аллаһтың алдында олар үшін дәнекер болады деп құлшылық ететін.

Құрайштықтардың сиынатын құдайлары туралы баяндап, Ибн ʻАббас әл-Ләт деген құдай туралы былай деген: «*Әл-Ләт – бұл қажыларға сауик*[106] *дайындайтын адам (болған), әрі кім оның (дайындаған) сауигінен жесе, сол міндетті түрде салмақ қосатын еді. Кейін адамдар соған сиынатын болды*» (**иснады жақсы (хасан) хабар;** Ибн Аби Хатим өзінің қазіргі кезде жоғалған тәпсірінде келтірген, бұл туралы «Фатх ул-Бәриде» айтылған, хадис № 4859).

Мужаһид ибн Жәбр былай деген: «*Әл-Ләт – бұл сауик дайындайтын адам болған, ал ол қайтыс болған соң адамдар оның қабірінің басына жиналып, уақыт өткізетін болды*» (**сахих хабар;** Ибн әл-Мунзир және ʻАбд ибн Хумайд бұл туралы «Дурр әл-Мәнсурда» «Нәжм» сүресінің 19-аятының тәпсірінде келтіреді).

Мужаһидтің сөздері адамдардың осы салиқалы адамға табынуы неден басталғанын түсіндіруде. Бұл оның қабірінің басына жиналып, уақыт өткізуден басталған. Түрлі тәпсірлерде бұл кісі қайтыс болған соң адамдар оның қабірінің басына жинала бастағаны, ал белгілі уақыт өткен соң олар: «**Олар – біздің Аллаһ алдындағы шапағатшыларымыз**», – сондай-ақ: «**Біз оларға олар бізді Аллаһқа барынша жақындатуы үшін құлшылық етеміз**», – деп, оған табына бастағаны туралы айтылады.

Ал құрайштықтардың әл-ʻУзза деген құдайы туралы Ибн Жәрир былай деген: «*Олардың сиынатын бұл құдайы үстіне ғимарат құрылып, оған жамылғы жабылған тал (ағаш) болатын. Ол Мекке мен Таифтің арасында орналасқан Нәхлә деген жерде болатын.*

---

[106] Май мен құрмадан дайындалатын тағамның аты, егер оған арпаның талқанын қосса, хайс деген тағам шығады.

Құрайштықтар осы ағашты ұлықтайтын. Сондықтан да Ухуд шайқасы күні Абу Суфиян: «Бізде ʻУзза бар, ал сендерде ʻУзза жоқ», – деді, ал бұған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***"«Аллаһ – біздің қамқоршымыз, ал сендерде қамқоршы жоқ», – деп айтыңдар"***, – деді (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 3039, Бара ибн ʻАзибтің сөздерінен).

Бұл ағашты ұлықтау олардың осы ағаштан береке алу ниетімен оған матаның жыртыстарын және басқа да заттарды ілетінінде көрініс табатын. Тура осындай нәрселер бүгінгі күні Түркістанда, Бекет атада, тағы да басқа жерлердегі ағаштар мен жасалып жатыр. **Ал Аллаһ Оған серік қосылатын нәрселерден Жоғары.**

Абу Салих былай деген: *«Олар осы ағашқа қайыс пен жүннің жыртыстарын ілетін»* (**хабардың иснады сенімді (сахих);** ʻАбд ибн Хумайд өзінің тәпсірінің осы кезде жоғалған бөлігінде келтірген, бұл туралы «Дурр әл-Мәнсурда» 14/33 айтылатынындай; ал бұл хабардың негізі Ибн Жәрирде 22/48 келтіріледі, **әрі бүкіл мақтау тек Аллаһқа ғана тән!**).

Осы орайда, құрайштықтар да қабірлерге табынушы сопылар сияқты олардың сиынатын құдайлары өздерінше, яғни Аллаһқа мұқтаж болмаған күйде пайда не зиян келтіре алады деп санамайтын. Керісінше, олар Аллаһ Тағала осы ізгі кісілерді сүйгендігі себепті оларға болмыстың кейбір құбылыстарын басқаруды тапсырған деп санайтын.

Ал егер сопы тариқаттарының өкілдері осыған күмәнданса, онда ханафи имамдарының кітаптарын, әсіресе, олардың тәпсірлерін оқысын. Қз.: «әл-Кәшшаф» 2/275-276; «әл-Мәдарик» 2/64; «Иршад ул-ʻақль» 4/217; «Рух ул-Мәʼани» 2/82.

Ибраһимнің өз әкесімен және елімен болған әңгімесі туралы баяндап, Аллаһ Тағала былай деген: **«Сол уақытта ол әкесіне және қауымына: «Неменеге табынасыңдар?», – деді. Олар: «Біз пұттарға табынамыз әрі оларға үнемі берілеміз», – деді. (Ибраһим:) «Олар жалбарынғандарыңды ести ме? Немесе олар сендерге пайда, зиян келтіре алады ма?», – деді. Олар: «Жоқ, аталарымызды осылай істеген түрде таптық», – деді»** («әш-Шуʼара» сүресі, 26: 70-74).

Бұл аятта көпқұдайшылдар өздерінің табынатын құдайлары өздерінше, яғни Аллаһқа мұқтаж болмаған күйде пайда не зиян келтіре алады деп санамағанына айқын дәлел бар. Алайда, сонымен бірге, олар Аллаһқа дәнекерлер арқылы жақындау – бұл Аллаһ разы болатын Оның дінінің нағыз өзі деп есептеген. Сондықтан да Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соғысудан бұрын олар Аллаһтан сол шайқастарында

көмектесуін сұрайтын. Олар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ разы болмайтын жаңа дін алып келді деп санайтын. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды Аллаһқа дәнекерсіз құлшылық етуге шақыратын. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген: **"Олар: «Сен бізге жалғыз ғана Аллаһқа құлшылық қылуымыз және ата-бабаларымыздың табынатындарын тастауымыз үшін келдің бе? Егер рас айтушылардан болсаң, бізді қорқытатын азабынды әкел», – деді"**(«әл-Әғраф» сүресі, 7:70).

Тура сол сияқты, біздің жерлеріміздегі бүгінгі сопылар бейне бір біз оларға Аллаһ разы болмайтын жаңа дін әкелгендігімізді айтады да, оны уаһһабизм, экстремизм т.с.с. деп атайды. Осы орайда олар өздерінің Түркістандағы, Арыстан Бабтағы, Бекет-Атадағы, тағы да басқа жерлердегі «әулиелері» пайда мен зиян келтіруде Аллаһқа мұқтаж болмаған күйде дербес емес және осы «әулиелерді» құрметтеп-дәріптеу арқылы Аллаһқа жақындау – міне, осы Аллаһ разы болатын нағыз Аллаһтың діні деп санайтындарында тура құрайштықтардың сеніміне ие. Сондықтан да олар өздерінің кітаптарында «уаһһабилерге» қарсы күресуде Аллаһтан көмек тілеп жалбарынады, ал енді олар осыған «сәләфи» деген тағы бір терминді қосып, оған өздеріне ұнамайтындардың барлығын телитін болды. Олар сондай-ақ өздерінің сенімдері үшін ашулы және жойқын күрес жүргізеді, ал өздерінің ұстанымдарын дұрыс деп көрсету үшін тек *«Біз ата-бабаларымыздың осылай істегенін көргенбіз»* деген сөздерден басқа ешқандай дәлел келтірмейді.

Құрайштықтарға келер болсақ, олар Ибраһим пайғамбардың дінің өзгертілген қалдықтарын ұстанатын, ал біздің сопыларымыз ата-бабаларынан қабылдап алған сопылық дінді ұстанады.

Ал құрайштықтар өздерінің сиынатын құдайларын дербес және Аллаһқа мұқтаж емес деп сенбегеніне тағы бір айқын дәлел – бұл олардың қажылық жасайтын кездерінде айтқан тәлбиясы. Олар қажылық жасау кезінде: *«Міне, біз Сенің алдыңдамыз, я, Аллаһ! Сенің серігің жоқ»*, – деп айтатын. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға: ***«Қасірет болсын сендерге, жалғастырмаңдар, осыда тоқтаңдар!»***, – деп айтатын, бірақ олар: *«Сен оның өзіне де, ол иелік ететін нәрселерге де иелік ететін серігіңнен басқа»*, – деп жалғастыратын (**хадис сенімді (сахих);** Муслим 1185, Ибн ʻАббастың сөздерінен).

Олардың қажылық жасау кезінде айтатын осы сөздері сенімдерінің мәнін айқын ашып береді. Бұл тәлбияда бірден бірнеше маңызды жайттар қамтылған:

1. Құрайштықтар Аллаһтың толық мағынадағы, яғни барлық жағынан серік болатындай серігі жоқ екенін білетін;

2. Құрайштықтар өздерінің құрметтеп-дәріптейтін құдайларын болмыстың кейбір құбылыстарына иелік етеді деп санайтын;

3. Құрайштықтар бұл құдайлар осыларға дербес, Аллаһқа мұқтаж болмаған күйде иелік ете алмайды, бірақ осының барлығына дербес түрде тек Аллаһ иелік етеді және Ол Өз рахымымен оларға кейбір құбылыстарды басқаруды үлес етті деп нық сенетін;

4. Мұның үстіне, олар Аллаһ осы серіктердің барлығына толық иелік етеді деп санайтын.

Ал арабтарда «иелік ету» термині басқа халықтардағыдай *«Затты барлық жағынан пайдалануға және басқаруға деген құқық»* деген ұғымды білдіреді. Қз.: «Та'рифат» әл-Журжани» № 1476, 295-бет.

Сондай-ақ осы жерде жәһилиет Исламға дейінгі надандық кезінде өмір сүрген көпқұдайшыл-құрайштық Әуса ибн Хәжардың[107] былай деп айтқан өлең шумағын келтіріп кету қажет:

«Әл-Ләт және әл-'Уззамен және олардың дінінде болған баршамен ант етемін, сондай-ақ Аллаһпен де ант етемін; ақиқатында, Аллаһ олардан жоғары»[108].

Осы дәлелдердің барлығы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде өмір сүрген көпқұдайшыл құрайштықтардың сенімдерінің мән-мағынасын ашып береді. Осы дәйектердің барлығына талдау жасаған соң, оқырманымыз құрайштықтар мен сопылардың сенімдері мен амалдары арасында ешқандай айырмашылық жоқ екеніне көз жеткізген болар.

Ал егер оқырманымыз әлі де осыған күмәнданатын болса, онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезіндегі көпқұдайшылдар туралы баяндайтын Аллаһтың мына сөздерін оқысын: **«Қашан оларды таулардай толқын орап алса, олар Аллаһтың алдында иманын тазартып, Одан тілейді»**(«*Лұқман*» сүресі, 31:32).

Мұндай аяттар Құранда сан рет қайталанады. Осы аяттар көпқұдайшылдар шарасыз болған жағдайларда дәнекерлерге емес, тікелей Аллаһқа жалбарынатындарына нұсқайды, өйткені олар дәнекерлерге жалбарынып, олардың жауабын күтуге уақыт жоқ екенін түсінетін.

Ал Аллаһтың **«Аллаһ құлына жеткілікті емес пе? (Мухаммад,) олар сені Аллаһтан өзгелермен қорқытады. Кімді Аллаһ адастырса, оған тура жол көрсетуші жоқ»** («әз-Зүмәр»

---

[107] Бану Тамим руының жәһилиет дәуіріндегі ақындарының бірі. Һижраға дейінгі 2-жылы қайтыс болған. Қз.: Ибн Кутайба «Ши'р уа шшу'ара», 84-87, сондай-ақ Зуркали «әл-Ә'ләм» 2/31).

[108] Әус ибн Хәжар Диуаны, 36-өлең.

сүресі, 39:36), немесе **“Олар: “«Саған кейбір құдайларымыздың киесі тиген екен», – деп қана айтамыз“, – деді”** («Һуд» сүресі,11: 54), – деген аяттарына қатысты айтар болсақ, онда олар көпқұдайшылдар өздерінің құдайлары өздігінше зиян тигізе алады деп санағандығына нұсқамайды. Олар тек Аллаһ Тағала осы өлген әулиелерге Аллаһтың дұшпандарына зиян тигізуге рұқсат еткен деген сенімдерге ие болған, өйткені олар өздерін Аллаһтың дінінде деп, ал Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ разы болған Оның дінін өзгерту үшін келген Аллаһтың дұшпаны деп санаған.

Тура осыны «пәлен бір «әулие» оның құрметін түсірген біреуге зиян тигізіпті» деп жиі қабірлерге табынушылардан да естуге болады. Оларға: «*Сендер осы «уәли» зиян тигізе алады деп ойлайсыңдар ма?*», – десең, олар: «*Жоқ, ол өздігінше дербес түрде зиян тигізе алмайды, бірақ бұл – Аллаһ оған дарытқан керемет (мұғжиза)*», – деп жауап береді. Сондықтан да имам Ибн Абил-‘Изз былай деген: *“«Көпқұдайшылық – бұл әулиелер Аллаһтың алдында шапағатшы болып табылады деген сенім, және осы сенімнің негізінде оларды өзі мен Аллаһтың арасында дәнекер ету және соларға құлшылық ету. (Исламға дейінгі) надандық дәуріндегі арабтардың көпқұдайшылығының негізі, міне, осы”*. Қз.: «Шарх ‘Ақида әт-Тахауия» 20-21беттер.

Құрайштықтардың сенімдерін, олардың дінін және амалдарын түсіндіріп берген соң, біз енді сопылардың кейбір күмәндарын түсіндіруге және оларға жауап беруге көше аламыз.

3-бөлім. Сопылардың кейбір күмәндары және оларға жауап

Әртүрлі сопылық тариқаттардың өкілдері өздерінің сенімдері мен амалдары көпқұдайшыл құрайштықтардың сенімдері мен амалдарына ұқсас дегенге келіспейді. Өздерінің ұстанымын дәлелдеу үшін олар көптеген дәйектер мен ой-тұжырымдарын келтіреді. Аллаһтың рұқсатымен, біз осы жерде олардың негізгі күмәндарын келтіріп, оларға жауап береміз:

1-күмән: Аллаһ Тағала Құранда үнемі Өзінің Раббылығы, Ұлықтығы және тек Ол ғана жарататындығы, басқаратындығы, ризықтандыратындығы т.с.с. туралы баяндайды. Мұның барлығы көпқұдайшылдардың Аллаһтың Раббылығын мойындамағаны себепті айтылған, сондықтан да кім Оның Раббылығын растаса, сол бірқұдайшыл болады да, Тозақ азаптарынан құтылады.

Жауап:

Иә, шындығында да, Аллаһ Тағала Өзінің Раббылығы туралы сан түрлі көріністерде үнемі айтады, әрі мұны ешкім де теріске шығармайды. Алайда мұның себебі көпқұдайшылдар Аллаһтың Раббылығын теріске шығаруында емес, бірақ мұның себептері келесідей:

1. Аллаһ Тағала көпқұдайшылдарға Өзінің Раббылығы туралы үнемі айтатынының себебі – оларға «Егер сендер Менің Раббылығымды мойындасаңдар әрі Мен ғана сендерді жаратқанымды, барлық нәрсені басқаратынымды, ризық беретінімді және Маған осыда ешкім көмектеспейтінін мойындасаңдар, онда не себепті сендер осыны біле тұра, Менен басқа әлдебіреуді құдайлық сипатқа бөлейсіңдер де, сол құдайларға табынасыңдар?!» деген айқын ой қорытындысына келтіру үшін.

Мұны Аллаһтың Кітабындағы нақты аяттарға қарап түсінуге болады:

«Әй, адамдар! Сондай сендерді де, сендерден бұрынғыларды да жаратқан Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Әрине, сақтанған боларсыңдар. Ол сондай Аллаһ, сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты, әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әртүрлі өсімдіктен ризық шығарды. Сондықтан, біле тұра, Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер» («әл-Бақара» сүресі, 2:21-22).

Имам Ибн Кәсир бұл аят туралы былай деген: «*Бұл аяттың мағынасы Аллаһтың Жаратушы, Ризықтандырушы, бүкіл болмыстың және осы болмыста өмір суреттіндердің барлығының шексіз Билеушісі екендігінде. Ендеше, солай екен, демек, Ол ғана сендер тек*

Оған құлшылық етулерің және осыда Оған серік қоспауларың үшін лайықты». Қз.: «Тафсир Ибн Кәсир» 1/99.

Осыдан кейін имам Ибн Кәсир былай деп жалғастырды: "«**Сондықтан, біле тұра, Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер»,** *– яғни Аллаһқа пайда да, зиян да келтіре алмайтын біреуді серік қоспаңдар, өйткені сендер өздеріңе ризық беретін басқа Раббыларың жоқ екенін білесіңдер ғой"*. Қз.: «Тафсир Ибн Кәсир» 1/99.

Осы және осы сияқты аяттар арқылы Аллаһ Тағала көпқұдайшылдарды өздерінің ақымақтықтары мен зұлымдықтары туралы ой қозғауға шақырады: олар өздеріндегі бүкіл бар нәрселерімен жалғыз Аллаһқа ғана міндетті, бірақ осыған қарамастан, жалғыз Оған ғана құлшылық етпейді.

Ханафи имамы әл-Әлюси (1342 һ/ж) былай деген: «*Аллаһ Тағала Оның Өзінің ғана құдай деп танылуына және құлшылық етуге лайықты екеніне қалай дәлел келтіретіндігі туралы ойланшы. Көпқұдайшылдарға олар Аллаһтың Раббылығын және Ол осыда жалғыз екендігін, билік жүргізудегі, жаратудағы, басқарудағы және ықпал етудегі дербес (тәуелсіз) екенін мойындайтынын еске салып, Ол оларды Өзін құдайлық сипатқа бөлеуде және құлшылық етуде жалғыз екендігін мойындауға мәжбүрлейді. Әрі сен осының Құран салты екенін көресің: Ол осы бұлтарпас және айқын дәлелді үнемі қайталайды*». Қз.: «Фатх ул-Мәннан» 447-448, 452;

2. Аллаһ Тағала Өзінің Раббылығы туралы үнемі айтатындығының екінші себебі осы арқылы мүмін мұсылмандардың иманы көтерілетінінде. Бұл аяттар Аллаһқа деген үмітті, Одан қорқуды, Оған деген махабатты, жалғыз Оған ғана тәуекел ету сияқты жүрекпен жасалатын ғибадаттарын көбейтуге ықпал етеді. Өйткені әдетте өзінің Раббысын жақсырақ танығандар, оған жақсырақ, ықыластырақ және көбірек құлшылық етеді ғой.

3. Көпқұдайшылдардың Аллаһтың Раббылығы туралы иманы мен білімі жалпы болатын, әрі олар Аллаһтың Раббылығы туралы идеологиясының кейбір жеке мәселелерін білмейтін. Айта кететін жайт, мұсылмандардың көбі де бұл тақырыптың кейбір нәзік мәселелерін біле және түсіне бермейді. Осыдан шыға келе, Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында адамдарға осы туралы білімді жеткізеді. Алайда бұл жеке мәселелерді білмеу Аллаһтың Раббылығына деген жалпы иманның жарамдылығына зиян тигізбейді және оны бұзбайды.

2-күмән: Қабірлерге табынушы сопылар құрайштықтардың Аллаһтың Раббы екендігін айтпағанның өзінде, Оның бар екендігіне сенбегенін дәлелдеу үшін келесі аяттарды келтіреді:

«Аллаһқа қалайша күпірлік етесіңдер? Өлі едіңдер, Ол сендерді тірілтті. Тағы өлтіреді. Соңыра қайта тірілтеді. Со-

нан соң (Қияметте) Оның алдына қайтарыласыңдар» («әл-Бақара» сүресі, 2:28).

«(Мухаммад,) Біз сені одан бұрын да көптеген халықтар өткен халыққа өзіңе уахи еткенімізді оқып беруің үшін жібердік, бірақ олар аса Мейірімдіге күпірлік етті» («әр-Ра'д» сүресі, 13:30).

"(Мухаммад,) оларға: «Сендер жерді екі күнде Жаратқанғанға күпірлік етесіңдер ме?», – де" («Фуссыләт» сүресі, 41:9).

Олардың қорытындысы: бұл аяттар құрайштықтар Аллаһтың бар екеніне сенбегеніне және Ол жерді екі күнде жаратқанына, яғни Оның Раббылығына сенбегеніне айқын түрде нұсқайды.

Жауап:

Бұл аяттар да тура одан алдыңғы аяттар сияқты түсіндіріледі. Мынау – ханафи имамдарының осы аяттардың мағынасы туралы айтқан сөздері: *«Аллаһқа күпірлік дегенде олардың Оған серік қосатындығы меңзеледі»*[109], – сондықтан да **«Аллаһқа қалайша күпірлік етесіңдер?»** сөздерінің мағынасы, яғни *«Сендер қалайша Онымен бірге тағы әлдебіреуге құлшылық етесіңдер?!»* болады[110].

Сондықтан да аяттардың мәтінін соңына дейін оқып шығу керек. **"(Мухаммад,) оларға: «Сендер жерді екі күнде жаратқанға күпірлік етесіңдер ме, және Оған өзгелерді теңейсіңдер ме?», – де".** Аяттың «...**және Оған өзгелерді теңейсіңдер ме?»** деп аяқталуынан бұл жерде Аллаһқа күпірлік ету дегенде Оның бар екендігіне күпірлік ету деген меңзелмейтіні түсінікті болады. Алайда "«**және Оған өзгелерді»** Раббылықта **«теңейсіңдер ме»**, әлде Құдай деп тануда ма?" деген сұрақ қала береді. Сопылар: «Раббылықта», – дейді, ал біз: «Құдай деп тануда», – дейміз. Осы аяттан кейін Аллаһ Тағала Рабылық сипаттарының тағы бірнешеуін атап айтты да, сосын: **"Сол уақытта оларға ілгері кейін елшілер келіп: «Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық қылмаңдар», – деді"** («Фуссыләт» сүресі,41:14)», – деп айтты. Осыдан олар Аллаһпен бірге өзге құдайларға да құлшылық етіп және оларды құдай деп танып, өзгелерді Аллаһқа теңестіргені түсініледі, бірақ басқа кімді-болсын Аллаһпен қатар Раббы деп санағандығы емес.

Ал Аллаһтың **«Бірақ олар аса Мейірімдіге күпірлік етеді»** деген сөздеріне келер болсақ, онда, шындығында да, олар Аллаһ дәнекерлер мен шапағатшыларсыз олардың тәубесін қабыл етпейді және оларға мейірім көрсетпейді деп санап тұрса, онда қалайша аса Мейірімді Аллаһқа иман келтірмек?!

---

[109] Қз.: «Тәнуир ул-Азхан» 1/144; Самарқанди «Мәжд ул-'улюм» 1/306.

[110] Қз.: «Жәуахир ул-Құр`ан» 1/29.

Сондықтан да *«Аллаһқа күпірлік етеді»* деген сөздер адамның Аллаһ бар екендігіне және Оның Раббылығына сенбейді дегенді білдірмейді. Сіздер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі Абу Талиб өзінің немере інісі Мухаммадтың пайғамбар, ал Аллаһ онымен жіберген дін ақиқат екеніне іштей, яғни жүрегімен сенгенін, бірақ, сонымен бірге, өз халқының жазғыруынан қорқып, Исламның куәлігін тілмен айтудан бас тартқанына қарамайсыздар ма? Сондықтан да ол туралы да: «Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күпірлік етті (иман келтірмеді)», – деп айтылады. Бұл сөздер ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бар екеніне немесе пайғамбар екеніне иман келтірмеді дегенді білдірмейді.

3-күмән: Сопылар көпқұдайшылдардың Аллаһ Раббы екенін айтпағанның өзінде, Оның бар екендігіне сенбегенін дәлелдеу үшін сондай-ақ мына аятты да келтіреді: **"Олар: «Дүние тіршілігі ғана бар. Біз өлеміз, туыламыз. Бізді заман ғана өлтіреді», – дейді"** («әл-Жәсия» сүресі, 45:24).

Сопылардың қорытындысы: құрайштықтар атеист-материалисттер болған және Аллаһтың бар екеніне сенбеген.

Жауап:

Бұл аятта құрайштықтар материалисттер болғандарына нұсқау жоқ. Бұл аят олардың Қиямет күніне және Аллаһ оларды қайта тірілтетініне сенбегеніне нұсқайды.

Ал ханафи мәзһабының ғалымдарына келер болсақ, олар бұл күмәнға тағы да бір жауап берді. Оның мәні арабтардың арасында атеизм мен материализмді ұстанатын бір топ құдайсыздар бар болғандығында. Алайда, сонымен бірге, олардың материализмі тек тілдерінде ғана көрініс табатын, ал жүректеріне келсек, олар Аллаһтың бар екенін мойындайтын. Қз.: әл-Жәссас «Әхкам ул-Құр`ан» 3/478.

Бұған дәлел – Аллаһтың мына Сөздері: **«Олар мұғжизаларға көңілдері сенген бола тұра, оларға зұлымдық, менмендікпен қарсы шықты. Бұзақылардың соңының қалай болғанын көр!»** («ән-Нәмл» сүресі, 27:14).

Бұл екі жауаптың екеуі де дұрыс әрі бір-біріне қайшы келмейді деп қосу ғана қалып тұр.

4-күмән: Адам Аллаһтың Раббылығын мойындаумен ғана мұсылман болатынын дәлелдеу үшін, сопылар «Рабб» – Раббы деген сөз кездесетін аяттар мен хадистерді келтіреді.

Аллаһ былай деді: **"Олар: «Раббымыз – Аллаһ», – деп айтқандары үшін ғана зұлымдықпен үйлерінен қуылды"** («әл-Хажж» сүресі, 22:40).

Ол сондай-ақ былай деп айтты: **“«Ол әр нәрсенің Раббысы бола тұра, Аллаһтан басқа Рабби іздейін бе?», – де”**(«әл-Әнғам» сүресі, 6:164).

Аллаһ тағы да былай деді: **“Расында: «Раббымыз – Аллаһ!», – деп, сосын мықты тұрғандарға періштелер түседі де: «Қорықпаңдар, кейімеңдер! Сендерге уәде етілген Жәннат арқылы қуанышқа бөленіңдер!», – дейді”** («Фуссыләт» сүресі, 41:30).

Сопылардың қорытындысы: Осы және осы сияқты аяттар бірқұдайшылықтың мәні Аллаһтың Раббылығын мойындауда екеніне нұсқайды. Сондықтан да кім, жалғыз Аллаһ қана Рабби болып табылатынын мойындайтын болса, сол оған періштелер түсетін бірқұдайшыл болады...

Жауап:

Бұл күмәнға негізгі жауап қасиетті мәтіндерде өздеріне бірден бірнеше мағынаны қамтитын көптеген терминдердің бар екендігі болып табылады.

Мысалы, «иман» (сенім) және «ислам» (ислам) қасиетті мәтіндерде әрқайсысы өз мағынасына ие болып келеді. Егер «иман» мен «ислам» ұғымдары бір аяттың, хадистің немесе бір мәтіннің құрамында бірге келсе, онда «иман» сөзі адамның ішкі сенімін, ал «ислам» сыртқы құлшылықты білдіреді. Бірақ егер аятта осы екі ұғымның біреуі ғана келсе, онда екіншісінің мағынасы біріншісінің мағынасына кіргізіледі. Басқаша айтқанда, егер аятта тек «иман» сөзі келген болса, онда ол жай ішкі сенімді ғана емес, соның негізінде сыртқы құлшылық құрылатын ішкі сенімді білдіреді. Егер мәтінде тек «ислам» сөзі келсе, онда ол жай сыртқы құлшылықты ғана емес, ішкі сенімнен туындайтын сыртқы құлшылықты білдіреді.

Біздің қарап жатқан жағдайымызда да тура осындай. «Рабб» (Раббы) мен «иләһ» (құдай) терминдері, олардың әрқайсысы өз мағынасына ие.

Сондықтан да Аллаһ Тағаланың: **“(Мухаммад): «Адамдардың Раббысына, адамдардың Иесіне, адамдардың Құдайына ... сиынамын», – де”** («ән-Нәс» сүресі, 114: 1-3), – деген аяттарында Раббы дегенде барлық нәрсені Жаратушы және Басқарушы меңзеліп тұр, ал Құдай дегенде құдайлық сипатқа бөленетін және құлшылық етілетін (объект) аталып тұр.

Бірақ егер мәтінде тек «Рабб» (Раббы) деген сөз келіп тұрған болса, онда ол өзіне раббылықтың да, құдайлықтың да мағынасын қамтиды.

Бұл күмәннің осы түсіндірмесін Ибн Абил ‘Изз әл-Ханафидің **«Шарх Ақида әт-Тахауия»**(390-394 беттер) еңбегінде табуға болады.

Ал Аллаһтың: **“Олар: «Раббымыз – Аллаһ», – деп айтқандары үшін ғана зұлымдықпен үйлерінен қуылды”**(«әл-Хаж» сүресі, 22:40), – деген Сөздеріне келер болсақ, онда олардың түсіндірмесі бұдан да оңай.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мен оның сахабалары тек: «Раббымыз – Аллаһ!», – дегендері үшін ғана өз үйлерінен зұлымдықпен қуылғанына ешкім күмән келтірмейді. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары «Раббымыз – Аллаһ!» деген сөздермен нені меңзегендеріне қарайықшы. Осымен құрайштықтар мұсылмандарды олар Аллаһтың Раббылығын мойындағаны үшін қуып, көшуге мәжбүрлегені, ал өздері оны мойындамағаны меңзеледі ме? Әлде олар Раббылары Аллаһ болып табылатынын, сондықтан да тек Ол ғана құлшылық етуге лайықты екенін айтып, Аллаһпен қатар басқаларға құлшылық етуден бас тартқандары, ал құрайштықтар мұнымен келіспегені үшін қуылды ма?

Бұған жауап құрайштықтар мен Рим патшасы Ираклийдің арасында орын алған уақиғада қамтылған. Ираклий Абу Суфияннан, ол әлі көпқұдайшыл мүшрик болған кезінде: «*Ол Мухаммад деген адам (яғни Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) сендерді не нәрселерге шақырады*?», – деп сұрады. Бұған Абу Суфиян: “*Ол бізге: «**Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар әрі Оған серік қоспаңдар, және сендерге әкелерің айтып жатқан нәрселерді тастаңдар**», – дейді*”, – деп жауап берді (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 7; Муслим 1773, Абу Суфиянның сөздерінен).

Міне, Абу Суфиян өздеріне: “«***Лә иләһа иллә-Ллаһ***», ***– деп айтыңдар, сонда жетістікке қол жеткізесіңдер***”, – деп айтатын Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерін осылайша түсінген болатын (хадис **сенімді (сахих);** Ибн Аби Шәйба 14/300; Ибн Хузайма 1/82; Ибн Хиббан 6562; Дәрақутни 3/44 т.б.).

Абу Суфиян Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) “«***Лә иләһа иллә-Ллаһ***», ***– деп айтыңдар, сонда жетістікке қол жеткізесіңдер***” деген сөздерін қалай түсінгеніне, яғни Абу Суфиян: *“Ол бізге: «**Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар әрі Оған серік қоспаңдар...**», – дейді”*, – деп айтқанына назар бұрыңыздар.

Осыдан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары: **«Раббымыз – Аллаһ»,** – деп айтып, **«Біз жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етеміз»** дегенді меңзегені, әрі осы үшін зұлымдықпен үйлерінен қуылғаны түсінікті болады.

Басқа осы сияқты аяттар да тура осылайша түсіндіріледі.

Сондықтан да бұл аяттарда сопылардың жалған сенімдеріне ешқандай дәлел жоқ.

Ал бүкіл мақтау жалғыз Аллаһқа тән.

5-күмән: Сопылар құрайштықтардың Аллаһты дәріптемегенін және Оны ең Жоғары Құдай деп санамағанын дәлелдеу үшін сопылар келесі аятты келтіреді:

«Олардың Аллаһтан өзге сиынғандарын боқтамаңдар. Олар білмей шектен шығып, Аллаһқа тіл тигізеді»(«әл-Әнғам» сүресі, 6: 108).

Олардың қорытындысы: егер құрайштықтар Аллаһты дәріптегенде және ең жоғары Құдай деп санағанда, онда олар Оны боқтамас еді. Бұл аяттан олардың Аллаһты дәріптемей, тек өздерінің құдайларын ғана дәріптегені түсініледі.

Жауап:

Бұл қорытынды қате. Сопылардың бұл күмәніне үш тармақпен жауап беруге болады. Олардың әрқайсысы шындық әрі бірбіріне қайшы келмейді.

1-тармақ. Біз жоғарыда айтып өткеніміздей, құрайштықтар Аллаһты жақсы көретін, Оны дәріптейтін әрі Оған құлшылық ететін. Мұның дәлелдерін біз өткен бөлімдерде келтірген болатынбыз. Олар Аллаһқа тікелей құлшылық етуге батылмауы арқылы Оны ұлықтап жатырмыз деп ықыласты түрде санайтын, әрі сол үшін де Аллаһқа тек дәнекерлер арқылы жүгінетін. Олар Аллаһ өздерінің жағында екеніне, Ол оларды қолдайтынына және олардың дініне разы екеніне ықыласты түрде сенетін. Олар Ибраһимнің дінін ұстанатын нағыз өздері деп сенетін, ал Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың әулие тұтып, Аллаһтың жақындары мен сүйіктілері деп санағандарын қорлайтын, Аллаһқа өтірік және жала жапсырып келген өтірікші деп санайтын.

Осыдан шыға келе, егер сахабалар құрайштықтардың құдайлары болған олардың дәнекерлеріне тіл тигізе бастаса, олар Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Оған құлшылық етуге шақырған Аллаһты балағаттай бастайтын. Осы орайда олар Аллаһты сөгіп жатырмыз деп ойламайтын, өйткені, олардың ойынша, Мухаммад оларды шынайы Ұлы Аллаһқа емес, қорланғаны соншалықты – тіпті оған дәнекерсіз-ақ жалбарынуға бола беретін әлдеқандай басқа бір Аллаһқа шақырып жатыр деп ойлайтын. Бірақ іс жүзінде олар, мұны өздері түсінбесе де, дәл сол әлемдердің Раббысы болған Аллаһты балағаттайтын. Сондықтан да Аллаһ Тағала: **«...білмей»**, – деп айтты.

2-тармақ. Тура осы идеологияға негізделіп, олар жауап ретінде Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі бол-

сын) өтірікші, сиқыршы, жынды, ақын т.с.с. деп айыптап, намысын қорлайтын. Осы орайда олар өздерін Аллаһ елшісін қорлап жатырмыз деп санамайтын, бірақ Аллаһтың дұшпанын қорлап жатырмыз және Аллаһтың дініне көмек көрсетіп жатырмыз деп санайтын. Міне, тағы сол үшін де Аллаһ Тағала: **«...білмей»**, – деген.

3-тармақ. Ал жүректерінің түбінде Мухаммад ақиқатпен келгенін және шындығында да Аллаһтың елшісі болып табылатынын түсінген, бірақ тәкаппарлығы немесе құрайштықтардың масқаралауынан қорқандықтары себепті Исламды қабылдамаған құрайштықтардың тобына келер болсақ, олар туралы Аллаһ Тағала былай деген: **«Олар сені өтірікші санамайды, бірақ залымдар дұшпандықпен Аллаһтың аяттарын теріске шығарады!»** («әл-Әнғам» сүресі, 6:33).

Міне, осылайша құрайштықтардың осы тобы да өздерінің дәнекерлеріне тіл тігізгенге жауап ретінде Аллаһқа тіл тигізетін, бірақ бұлар мұны білместікпен емес, дұшпандықпен істейтін.

Біздің ойымызша, біздің әрбіріміз мұндаймен өмірде кездескенбіз. Мысалы, егер әлдебір мұсылман христианмен айтысса, әрі христиан Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөге бастаса, бұл мұсылман, осы христианға деген дұшпандық сезімі билеп, өзі соны байқамай Иса пағамбарды сөге бастайды. Бірақ осы нәрсе бұл мұсылманның Исаның пайғамбарлығына сенбейді немесе оны сүймейді және құрметтемейді дегенді білдірмейді ғой. Тура осы нәрсе сунни мен рафидидің арасындағы эмоцианалдық айтыс кезінде де орын алып жатады. Рафиди Абу Бакр мен Умарды балағаттап және сөге бастаса, сунни де рафидиге деген ашуының үстінде байқаусызда Алиге тіл тигізіп қояды, бірақ бұл оның Алиді жек көретінін білдірмейді.

Сондықтан да Аллаһ Тағала: **«...дұшпандықпен»**, – деді.

Ал барлық мақтау Аллаһқа ғана тән.

6-күмән. Өздерінің ұстанымын бекіту үшін қабірлерге табынушы сопылар Абу Суфиянның көпқұдайшыл кезіндегі Ухуд шайқасы күнінде айтқан: «Хибль ұлықтасын», – деген сөзін дәйекке келтіреді.

Олардың қорытындысы: құрайштықтар Аллаһты құрметтемеді, олар тек өздерінің құдайларының ұлықталуын қалады. Егер олардың жүректерінде Аллаһты дәріптеу болғанда, олар мұндай нәрселерді айтпас еді. Өйткені мұндай сөздерден олардың құдайларының Аллаһ үстінен ұлық болуын қалау көрініп тұр.

Жауап:

Бұл күмәнға деген жауап, біз осыдан бұрынғы күмәнға жауап беріп, алдын айтып кеткен негізге құрылатын болады. Абу

Суфиян осы сөздерін Хибльдің Аллаһ үстінен ұлық болуын қалап немесе оның дінінің Аллаһ дінінің үстінен жеңіске жетуін қалап айтпады. Бірақ Хибльдің ұлықталуымен ол дәл сол Аллаһтың дінінің ұлықталуын қалаған болатын, өйткені ол Хибльді Аллаһқа жақын болған әулиелердің бірі деп сенетін, әрі өзі де Аллаһтың діні үшін соғысып жатырмын деп ойлайтын және ол осы дәнекерлердің жеңісін Аллаһтың дінінің жеңісі деп есептейтін.

Дәл сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «***Аллаһ жоғары және дәріптеулі***», – деп жауап бергенде, Абу Суфиян үнсіз қалды да, еш нәрсемен жауап бере алмады, өйткені ол да Аллаһ жоғары және дәріптеулі деп санайтын.

7-күмән. Сопылар мен құрайштықтардың сенімдері мен амалдары тең емес екенін дәлелдеу үшін, сопылар былай деп айтады: «Сендер қалайша бізді құрайштықтармен теңейсіңдер? Біз Аллаһтың Елшісіне, Құранға, Қиямет күніне, жалпы елшілерге иман келтіргенбіз ғой. Біз құрайштықтардан айрықша, Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көреміз, онымен соғыспаймыз да, оны қуып та жібермейміз ғой, Құранды теріске шығармаймыз, керісінше, оған сенеміз, Қиямет күнін мысқылдамаймыз, керісінше, оған иман келтіреміз! Ендеше, бізді құрайштықтармен теңеуге қалайша батылдарың жетеді?»

Жауап:

Құрметті оқырман бауырымыз, бұл олардың қарапайым халық алдында ақталатын әрі Сүннеттің жақтаушыларын жаман кейіпте көресететін ең күшті күмәндарының бірі екенін біліңіз. Алайда, Аллаһтың рұқсатымен, олардың осы бір күмәнына да жауап өте қарапайым болмақ.

Істің мәні мынада: біз: «Қабірлерге табынушы сопылар мен құрайштықтықтар барлық жағынан толық ұқсас», – деп айтпаймыз. Иә, шындығында да, олар Құранға, Ақыретке, Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) т.б. иман келтіруімен көпқұдайшыл құрайштықтардан ерекшеленеді, ал көпқұдайшыл құрайштықтар туралы мұны айтуға болмайды. Бірақ біз сопылар мен құрайштықтар арасында көпқұдайшылық мәселесінде ұқсастық бар екендігі туралы айтамыз. Өйткені құрайштықтар оларға Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келуден бұрын да, оларға Құран түсірілгеннен бұрын да көпқұдайшылдар еді ғой. Бұл дегеніміз, құрайштықтар Құранды, Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) теріске шығарғандығымен және Ақыретке иман келтірмегендігімен көпқұдайшылдарға айналмады. Осынысымен олар өздерінің күпірлігін ашып көрсетті, бірақ олар осыған дейін де көпқұдайшылдар болатын.

Сондықтан да біз: «Сопылар құрайштықтардан Құранға, Ақыретке т.с.с. нәрселерде ерекшеленсе де, мұның барлығы бірқұдайшылық пен көпқұдайшылық мәселелері емес, иман мен күпірлік мәселері болып табылады, ал олардың көпқұдайшылық пен бірқұдайшылық мәселелеріндегі сенімдері құрайштықтардың сенімдеріне толық ұқсас», – дейміз.

Қарапайым сөзбен айтқанда, мұны мынандай мысалмен түсіндіруге болады: егер біздің алдымызда екі адам тұрса, әрі оның біреуі иман келтіруге тиісті болған нәрселердің барлығына иман келтіріп, барлық ғибадаттарды орындайтын, алайда, сонымен бірге, Аллаһтың Салих есімді бір-ақ елшісіне иман келтірмейтін болса, ал екеншісі еш нәрсеге иман келтірмеген атеист-материалист бола тұра, үнемі дінді сөгетін болса, әрі оның иман келтірмейтін нәрселерінің жалпы тізімінде Салих пайғамбар да болса, біз осы екі адам өз күпірліктерінде бірдей деп айтпаймыз ғой. Бірақ біз бұл екі адам да өздерінің Салих пайғамбарға иман келтірмейтінінде тең дейміз. Ал ендеше, Аллаһ Тағаланың осы екі адамға қатысты үкімі қандай? Олардың екеуін де «кәпір» деген термин біріктіреді, әрі екеуінің ортақ барар жері – Тозақ.

Мына жерде де тура осы. Қабірге табынушы сопылар барлық жағынан көпқұдайшыл құрайштықтарға тең болмаса да, бірақ олардың барлығын бір ортақ сипат біріктіреді. Олар өздерінің сенімдері мен амалдарында көпқұдайшылық пен құдай деп тануда және құлшылық етуде Аллаһқа серік қосу мәселелерінде бірдей.

8-күмән: Сопылар сондай-ақ былай деп те айтады: «Құрайштықтар тастарға, талдарға, мүсіндерге табынатын, ал біз Аллаһқа жақын әулиелерді құрметтеп дәріптейміз. Ендеше, қалайша сендер бізді көпқұдайшыл құрайштықтарға теңей аласыңдар?»

Жауап:

Бұл күмәнға жауапты бірнеше тармаққа бөліп беруге болады:

1. Құрайштықтар тастар мен мүсіндерге табынбайтын. Мұны түсіну үшін Құранның кейбір аяттарын келтіру жеткілікті болады:

«Сондай Аллаһтан басқа жалбарғандары еш нәрсені жарата алмайды. Олар жаратылғандар. Олар өлі, тірі емес. Сондай-ақ қашан тірілетіндерін білмейді» («ән-Нәхл» сүресі, 16:20-21).

“Қиямет күні оларды түгел жинаймыз. Сонсоң мүшріктерге: «Сендер де, Аллаһқа қосқан серіктерің де орындарыңда тұрыңдар!», – дейміз. Сонда олардың араларын айырамыз. Олардың қосқан серіктері: «Сендер бізге табынбаған едіңдер.

Енді сендер мен біздің арамызға куәлікке Аллаһ жеткілікті. Тіпті біз сендердің бізге табынғандарың туралы білмедік те», – дейді” («Юныс» сүресі, 10:28-29).

«Расында, Аллаһпен бірге табынғандарың, өздерің сияқты құлдар. Егер шын айтсаңдар, қане, оларды шақырыңдар, сендерге жауап берсін» («әл-Әғраф» сүресі, 7:194).

«Кәпірлер, Мені қойып, құлдарымды өздеріне ие және қамқоршы етуді ойлай ма? Расында, Тозақты кәпірлерге тұрғылықты мекен етіп әзірледік»(«әл-Кәһф» сүресі, 18:102).

«Олардың табынғандары Раббыларына қайсылары жақын боламыз деп, құлшылық арқылы ізденеді. Рахметінен үміт етіп, азабынан қорқады. Негізінде, Раббыңның азабы сескенуге тиісті» («әл-Исра» сүресі, 17:57).

«Аллаһтан өзге Қияметке дейін өздеріне жауап бере алмайтындарға дұға етіп жалбарынғандардан кім залымырақ? Әрине, табынғандары олардың жалбарынуларынан хабарсыз. Адамдар жиналған кезде, оларға табынғандары дұшпан болып, олардың өздеріне құлшылық қылғандарынан бас тартады» («әл-Әхқаф» сүресі, 46:5-6).

Көріп тұрғанымыздай, жалпы көпқұдайшылдардың және нақты құрайштықтардың табынатын объектілері туралы айтқан кезінде, Құранда жанды заттарға қатысты қолданылатын сөз өрімдері келеді. Оның үстіне тастар мен ағаштар Қиямет күні қайта тірілтілмейді, сондай-ақ олар «өмір» және «өлім» деген терминдермен сипатталмайды;

2. Ханафи мәзһабының ғалымдары өздерінің кітаптарында құрайштықтар тас мүсіндер мен әулиелерінің бейнелерін өздерінің кімге құлшылық етіп жатқан нәрселерін жақсырақ елестету үшін жасағанын айтқан. Бүгінгі күні христиандардың тура осылай істейтініндей. Олар ағаштан жасалған иконалардың өздеріне табынбайды, алайда олар осы иконаларды «аспандағы дәнекерлеріне» дұға жасау кезінде бет бұратын бағыт қызметін атқару үшін жасап шығарады;

3. Тіпті егер біз құрайштықтар тастарға құлшылық жасайтынына, ал сопылар «әулиелерді құрметтейтініне» келіссек те, Аллаһ Тағала құлшылық ету объектілері ретінде олардың арасында айырмашылық жасамады ғой әрі осының барлығын «Аллаһқа құлшылық етуде серік қосу» деген терминге біріктірді емес пе?!

9-күмән: Ибн ‘Умар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: ***“Маған адамдар «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ әрі Мухаммад – Аллаһтың Елшісі» деп куәлік бермейінше және намазды орындап, зекет төлемейінше олармен соғысу бұйырылды. Ал***

егер олар осыны істесе, онда менен өздерінің жандары мен малдарын қорғап қалады, тек Исламның құқығы болған жағдайдан бөлек, ал олардың есебі Аллаһ Тағалада" (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 1399; Муслим 20).

Усама ибн Зәйд былай деп баяндаған: *"Бірде, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізді әскери жорыққа аттандырды. Шайқас кезінде мен мүшриктердің біреуін қуып жетіп алдым, әрі сол кезде ол: «Лә иләһа иллә-Аллаһ», – деді. Бірақ, соған қарамастан, мен оны өлтірдім. Осы істегенім мені мазалай бастады да, мен осы уақиға туралы Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтып бердім. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Сен оны ол: «Лә иләһа иллә-Аллаһ?!», – деп айтса да, өлтірдің бе?****», – деді. Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ол мұны тек өлімнен қорыққандығы себепті айтты!», – дедім. Бұған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Сонда сен ол «лә иләһа иллә-Аллаһ» сөзін шынымен де жүрегімен айтқан-айтпағанын білу үшін оның жүрегін ашып көрдің бе?»****, – деп жауап берді. Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны көп қайталай бергені соншалықты – мен Исламды бүгін қабылдағандардан болмағаныма өкініп қалдым"* (**хадис сенімді (сахих);** Бухари 4269; Муслим 96).

Олардың қорытындысы: Бұл хадистер иман мен күпірлік өзгелерге беймәлім болған жүректің ісі екендігіне нұсқайды. Сондықтан да «*Лә иләһа иллә-Аллаһ*» деген адамды Исламнан шығаруға және көпқұдайшыл деп айтуға болмайды. Ал сендерге келер болсақ, сендер бізді Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезіндегі көпқұдайшылдармен теңеп, сол арқылы бізді Исламнан шығарған боласыңдар. Әрі бұл біз: «*Лә иләһа иллә-Аллаһ*», – деп айтсақ та.

Жауап:

1. «*Лә иләһа иллә-Аллаһ*» деп айтып, осы куәліктің мағынасын дұрыс түсінген, оны жүрегімен ықыласты және шынайы түрде растаған және Ислам куәлігінің басқа да белгілі шарттарын орындаған адамның мұсылман болатынына күмән жоқ.

Алайда бұдан «Исламның куәлігін бір кезде айтқан адам ешбір жағдайда Исламнан шығып кете алмайды және кәпір болмайды» деген қорытынды шықпайды. Мысалы, адам Аллаһты және Оның Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөксе (балағаттаса, лағынеттесе), Құранды лас жерге лақтырса, немесе тек Аллаһ қана көмектесе алатын нәрселерде Аллаһтан өзгелерге дұға етіп жалбарынса, сол күпірлікте айыптаудың барлық шарттары орындалса және күпірлікте айыптауға кедергі болатын жағдайлар болмаса, Исламнан шығып кетеді де, кәпірге айналады.

Әрі күпірлікте айыптау тек хауариждердің ғана ерекше сипаты емес екенін де білген жөн. Бірақ хауариждер мұсылмандарды үлкен күнәлар жасағандығы үшін Исламнан шығарады, ал Сүннеттің жақтаушылары бұлай істемейді.

Ал ханафи мәзһабының ғалымдарына келер болсақ, олар мұсылмандардың ешқайсысын күпірлікте айыптауға болмайды, тек егер біреу діндегі бұлтартпас белгілі болған қандай да бір нәрсені жоққа шығармаса ғана деген. Ал кім Исламнан шығаратын амалдар мен сенімдердің қайсысын болса да жасаса, сол ханафи ғалымдарында кәпір болып саналады. Мұның үстіне көптеген ханафи ғалымдары білместікті (надақтықты) діннен шығу туралы үкім шығаруда ақталу ретінде қабылдамайды, тіпті егер адам өмір бойы бір Аллаһқа ғана құлшылық етіп келген болса да. Мұның барлығы ханафилердің кітаптарында айқын және бірмағыналы түрде айтылған. Мысал ретінде «әл-Макасид» пен Тафтазанидің оған жасаған шархын 2/268; Фарияхаридің «ән-Нибрас» 572-бет; Хуфажидің «Шәрх уш-Шифа» 4/509; «әл-Фәтауа әл-‘Азизия» 1/156; Шәмидің «Радд ул-Мухтар» 1/377; Қаридің «Минах ул-Азхар» 241-242-беттер; Лукнауидің «Мәжму’ әл-Фәтауа» 2/45 еңбектерін т.б. қараңыз.

Бұдан қалса, ежелгінің де, қазіргі заманның да ханафи ғалымдары күпірлікте айыптау мәселелерінде ең қатаң ұстанымда болғаны бұлтартпас шындық. Ханафи ғалымдары басқа мәзһабтың ғалымдары күпірлікте айыптауға батылмайтын амалдар үшін күпірлікте айыптайды. Бұған ханафилердің көптеген кітаптарында діннен шығу туралы үкім шығарылатын істер мен амалдар қаралатын көптеген тараулар бөлек көрсетілгендігі айғақ болады. Сондай-ақ адам соларды айтса, Исламнан шығып кететін күпірлік сөздері жинақталған жеке тараулар да бар. Мысал ретінде Хайтамидің «әз-Зауажир» 1/29; әл-Муқбилидің «әл-‘Илм әш-Шәмих» 221-222; «Жәлә ул-‘айнайн» 450-451-бет; «Ғаят ул-Әмани» 1/253-254, 297 кітаптарын қараңыз.

Кім ханафилердің осы мәселелер қаралатын кітаптарын оқып шықса, сол өте көп таң қаларлық нәрселер таба алады. Мысал ретінде Тахир ибн Ахмад әл-Бухаридің «Хуләса әл-Фәтауа» 4/379-390; Хасан ибн Мәнсур әл-Ферганидің «әл-Фәтауа әл-Хания» 3/571-580; Ибн Бәззаз әл-Курдидің «Жәми’ әл-Уәжиз» 6/315-350; «әл-Бахр әр-Раиқ» 5/119-125 кітаптары.

Сондай-ақ кітаптың түгел барысында біз ханафи ғалымдарының кітаптарынан олар дұғасын Аллаһтан өзгеге арнайтын, немесе Одан басқаға құрбан шалатын, немесе өзімен Аллаһ арасында дәнекер таңдап алатын адамды ашық түрде күпірлікте айыптайтын көптеген үзінділерді келтіріп кеткен болатынбыз.

Алайда мұның барлығы қандай да бір нақты адамдарды оларға дәлелді жеткізбей және оларды ақтайтын себептердің жоқ екендігіне көз жеткізбей күпірлікте айыптауға болады дегенді білдірмейді!!! Мұның үстіне, нақты адамдарды күпірлікте айыптау ғалымдардың ісі болып табылады, ал біз олардың қатарына жатпаймыз, сондықтан да мұндаймен айналыспаймыз.

Біз осы кітапта келтірген дәлелдердеріміздің барлығын көпқұдайшылықтың қауіптілігін және оның түрлері мен көріністерінің көптігін түсіндіру үшін ғана келтірдік. Осыдағы мақсатымыз – нақты біреулерді күпірлікте айыптау емес, мұсылмандардан ешкім ешбір жағдайда осы шектерді бұзбауы үшін.

Ал Аллаһ жүректердегіні толық біледі.

10-күмән: Бұл күмән қабірлерге табынушы сопылардың біз осы тарауда келтіретін ең соңғы күмәні болып табылады. Ол сондай-ақ барлық замандағы және барлық елдегі сопылардың дәйек ретінде қолданатын ең салмақты күмәндарының бірі болып табылады.

Сопылар Аллаһ Тағаланың: **"Сондай Аллаһтан өзгені қамқоршы әрі көмекші етіп алғандар: «Біз бұларға бізді Аллаһқа барынша жақындастырсын деп қана табынамыз», – дейді"** («әз-Зүмәр» сүресі, 39:3), – және: **"Олар зор айлакерліктер істеді. Және олар: «Құдайларыңды тастамаңдар; Уад, Суағ, Яғус, Яғуқ және Насырды әсте тастамаңдар», – деседі"** («Нух» сүресі,71:22-23), – деп айтқан аяттарын келтіріп, **мынандай қорытынды шығарады:**

Көпқұдайшылар өздерінің дәріптейтін объектілерін «құдайлар» деп, ал өздерінің іс-әрекеттерін құлшылық деп ашық айтатын. Ал біз, олардан айрықша, өз әулиелерімізді құдай деп те, және оларға құлшылық етеміз деп те айтпаймыз. Ендеше, сендер қалайша бізді көпқұдайшыл мүшриктерге теңейсіздер!

Жауап:

Бұл күмәнға да бірнеше тармақпен жауап беруге болады:

1. Ислам ғалымдарында мынандай бір қалыптасқан бұлтартпас қағида бар: **«Заттардың мәні олардың атауларына ілеспейді»**, – немесе: **«Заттың атының өзгеруінен оның мәні өзгермейді»**. Ханафилерге келер болсақ, бұл ереженің түсіндірмесін «Фатх ул-Мәннаннан» (481-бет) тапса болады.

Сондықтан да егер біреу зинаны «азаматтық неке» деп атаса да, ол амал зина болып қала береді. Әрі бұған дәлелдер өте көп. Бұл мәселенің тамаша талдауын ханафи имамы УалиуЛлаһ әд-Дахләуи өзінің «Будур әл-Бәзиға» (169-бет) еңбегінде келтіреді. Сондай-ақ имам Финжифири де қабірге табынушылардың қалайша

көптеген терминдердің мәнін өзгертіп және олардың аттарын алмастырып, Аллаһтың дінін өзгерткенінің керемет талдауын жасаған. Қз.: «Усул ус-Сунна» 138-бет;

2. Ал қасиетті мәтіндерге келер болсақ, оларда бұл аксиомаға (бұлтарпас қағидаға) дәлелдер өте көп. Олардың кейбіреулерін ғана келтіріп кетейік:

– Аллаһ былай деді: **“(Сол уақытта) Аллаһ: «Әй, Мәриям ұлы `Иса! Адамдарға: «Мені әрі анамды Аллаһпен бірге екі құдай етіп алыңдар», – деп айттың ба?», – дейді. (`Иса): «Уа, Аллаһ! Сен Пәксің. Мен құқықты болмаған нәрсені қалай айтамын. Егер мен осындайды айтқанымда, Сен оны анық білер едің. Сондай-ақ Сен менің ішімдегіні білесің, ал мен Сенікін білмеймін. Сен – шынайы түрде көместерді толық Білушісің», – дейді”** («әл-Мәидә» сүресі, 5:116).

Осы жерде христиандар, немесе олардың басым бөлігі `Исаның анасы Мәриямды – құдай деп санамайтынын білу маңызды болады.

Олар құдайлық болмысқа (олар Оны Құдай немесе Әке (Отец) деп атайтын) Аллаһ Тағала, сондай-ақ (олар оны Ұл (Сын) деп айтатын) ‘Иса (Иисус), сондай-ақ (олар қасиетті Рух (Святой Дух) деп атайтын) Жәбірейіл (Гавриил) ие деп санайды. Олардың сенімдеріндегі Құдай – бұл осы үшеуінің Отец – Сын – Святой Дух көрінісінің қосындысы Троица.

Бірақ Мәриямға қатысты айтар болсақ, олар оны Қасиетті Қыз (Пресвятая Дева) немесе Қасиетті Мәриям (Святая Мария), немесе Құдайдың анасы (Богоматерь) деп атайды, бірақ ол құдайлық болмысқа ие деп санамайды.

Бірақ, осыған қарамастан, Аллаһ Тағала оны «құдай» (табынатын объект) деп атады, өйткені христиандар оны өздері мен Құдайдың арасындағы дәнекер және Құдайдың алдындағы өздерінің шапағатшысы деп санайды.

Назар бұрыңыздаршы – христиандардың басым бөлігі оны құдай деп атамаса да және ол құдайлық болмысқа ие деп санамаса да, Аллаһ Тағала олар оны өздеріне құдай етіп алған деп айтты. Өйткені кім қандай да бір объектіні өзі мен Құдайдың арасындағы дәнекер немесе шапағатшы деп санаса әрі оған дұғалары мен құлшылықтарын арнаса, ол осынысымен осы объектіні құдайға айналдырады, мұны мойындаса да, мойындамаса да.

Ал шариғат терминологиясына келер болсақ, онда шариғатта «құдай» (иләһ) деп құлшылық жасалатын кез-келген объект (мәғбуд) аталады, оған заңды түрде құлшылық жасалса да, заңсыз түрде құлшылық жасалса да. Қз.: «Мухтар әс-Сихах» 9-бет; «Тәж әл-‘Арус» 9/375; «Миат мәсәил» 15-бет;

Сондықтан да Аллаһ Тағала туралы айтқанда біз: «Хақ Құдай», – дейміз де, ал адамдардың Одан басқа табынатын құдайлары туралы айтқанда: «Жалған құдайлар», – (тағуттар) дейміз.

– Абу Уақид әл-Ләйси былай деп баяндайтын: *“Бірде, біз әлі жақында ғана Исламды қабылдағандардың қатарында болған кезімізде, Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге Хунәйнға әскери жорыққа шықтық. Жорық барысында біз көпқұдайшылдардың бір ағашының жанынан өттік. Олар оның қасында уақыттарын өткізетін және соған қаруларын іліп қоятын. Олар оны Зәт-Әнуат (Салпыншақтар иесі) деп атайтын. Оның жанынан өтіп бара жатып, біз: «Уа, Аллаһтың елшісі! Бізге де тура солардың Зәт-Әнуатындай (бір Зәт-Әнуат) жасап беріңізші!», – дедік. Бұған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:* ***«Аллаһ Аса Ұлы! Ақиқатында, бұл бұрынғы өткен халықтардың салты. Жаным Қолында болғанмен ант етемін, сендер Бану Исраил Муса пайғамбарға:*** **«Уа, Муса! Бізге де олардың құдайы сияқты бір құдай жасап бер!»** («әл-Әғраф» сүресі, 7:138)***, – деп айтқан нәрсесін айттыңдар. Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрынғылардың салттарына ілесесіңдер»****”* **(хадис сенімді (сахих);** Тирмизи 2180; Ахмад 5/218; Абу Я’лә 1441; Ибн Аби Шәйба 15/101; Нәсаи «әл-Кубрада» 11185, т.б.).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалардың айтқан сөздерімен Бану Исраилдің айтқан сөздерін қалайша теңегеніне назар бұрыңыз! Сахабаларға келер болсақ, олар: «*Бізге де тура солардың Зәт-Әнуатындай (бір Зәт-Әнуат) жасап беріңізші!*», – деді, ал Бану Исраилге келер болсақ, олар: «**Бізге де олардың құдайы сияқты бір құдай жасап бер!», –** деді.

Бұл жерде сахабалар ағашты құдай деп айтпай, Зәт-Әнуат деп атағанын, мұның үстіне олар бұл ағаштың құдай екеніне көңіл бөлмегеніне назар аударыңыздар, өйткені егер олар осыған көңіл бөлгенде, олар мұны Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұрамас еді, бірақ, осыған қарамастан, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Сендер Бану Исраил Муса пайғамбарға:*** **«Уа, Муса! Бізге де олардың құдайы сияқты бір құдай жасап бер!»** («әл-Әғраф» сүресі, 7:138)***, – деп айтқан нәрсесін айттыңдар»,*** – деді. Өйткені сахабалар да, Бану Исраил де Аллаһтан өзге табынатын нәрсені сұрады. Әрі олардың сөздері әртүрлі болғанымен, олардың мағынасы бір еді. Сондықтан да «атауды өзгерту мән-мағынаны өзгертпейді».

Осыдан шыға келе, көпқұдайшыл өзінің көпқұдайшылығын қалай атаса да, тіпті ол өлген адамдарға дұға етуін, оларға арнап құрбан шалуын, нәзір беруін т.с.с. нәрселерді оларды «құрметтеу»

«сыйлау» деп айтса да, ол бәрібір көпқұдайшыл болып қала береді.

Ханафи имамы әл-Бәркауи (981 һ/ж) былай деген: «*Кім бірқұдайшылықтан теріс бұрылса, сол мұны қаласа да, қаламаса да, көпқұдайшыл болады. Ал кім Сүннеттен теріс бұрылса, сол осыны қаласа да, қаламаса да, адасқан бидғатшы болады*». Қз.: «Зиярат ул-Құбур» 45-бет.

– "Ол күні Аллаһ оларды тұтас жинайды. Сосын періштелерге: «Осылар сендерге табынушы ма еді?», – деп сұрайды. (Періштелер): «Сен Пәксің! Біздің иеміз олар емес, Сенсің. Олар жындарға табынатын еді. Олардың көбі соларға сенетін», – дейді"(«әс-Саба» сүресі, 34:40-41).

Бұл аятта осы адамдар періштелерге табынып жатырмыз деп ойласа да, бірақ іс жүзінде жындарға табынғандарына дәлел бар. Бұл адамдардың санаған және тұжырымдаған нәрселері емес, іс жүзінде орын алып жатқан нәрсенің ғана маңызы бар екендігін айтып тұр.

3. Сондай-ақ осы жерде көптеген діни білімсіз адамдар өз ойларында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманындағы көпқұдайшылдар және жалпы пұтқа табынушылар іс жүзінде жоқ нәрселерге табынған деп елестейтінін атап кету қажет. Әрі осы жерде ақырында құрайштықтар кәдімгі ізгі кісілерге (әулиелерге) құлшылық ететінін және кәдімгі ағаштарды өздеріне дәнекер жасайтынын түсіну қажет. Өткен бөлімдердің бірінде құрайштықтардың әл-Ләт пен әл-'Узза сияқты құдайлары – бұл құрма мен майдан жасалған кәдімгі тамақты жасайтын кәдімгі адам мен құрайштықтар оған қайыс пен жүн мата жыртыстарын іліп қоятын кәдімгі ағаштан өзге еш нәрсе емес екенін айтып кеткен болатынбыз. Тура осы нәрселер бүгінгі күні Түркістанда, Бекет–Атадада, тағы сол сияқты басқа жерлерде де жасалып жатыр.

Барлық проблема осы күнгі мұсылмандардың Құранды оқи тұра, оны біздің заманымызға қатысы жоқ, бұрынғы өткен халықтарға қатысты әңгімелер мен оқиғалар деп есептейтінінде.

Имам Ибн әл-Қайим былай деген: «*Құранды оқитын адамдардың көбі оқылып жатқан аяттардың қазіргі заманның болмысына қатысы бар екенін сезбейді. Олар бұл аяттарды өз заманында өмір сүріп кеткен және соңынан ұрпақ қалдырмаған әлдебір халықтарға қатысты деп ойлайды. Дәл осы нәрсе адамның жүрегі мен Құранды түсінудің арасындағы бөгетке айналады. Әрі осы халықтар өмір сүріп кеткен болса да, олардың сенімдерін олардан кейін келгендер өздеріне мирас етіп алғанын әрі бұл ұрпақтар алғашқылары сияқты, немесе олардан да жаман, немесе сәл жақсы екенін, ал Құранның хикая-*

лары оларды да, бұларды да қамтитынын түсіну нендей маңызды десеңізші». Қз.: «Мәдариж Саликин» 1/343.

4. Не себепті көпқұдайшыл құрайштықтар «құдай» («иләһ») және «құлшылық» («`ибада») сөздерін қолданғандығы, ал қабірлерге табынушы сопылар бұл терминдерді қолданбайтынына келер болсақ, бұның себебі айқын және кәдімгідей.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) заманындағы көпқұдайшылдар өздерінің дәнекерлеріне жасап жатқан істері оларға жасалатын шынайы құлшылық екенін және оларды құдайларға айналдыру екенін түсінген. Олар Ислам куәлігінің мағынасын әрі оны айту оларды дәнекерлеріне жасайтын дұғаларын, құрбандары мен нәзірлерін тастауға мәжбүрлейтінін түсінетін. Ал сопыларға келер болсақ, олар «*Лә иләһа иллә-Аллаһ*» куәлігінің мағынасын, сондай-ақ «құдай» және «құлшылық» ұғымдарының мағынасын да дұрыс түсінікпен түсінбейді. Олар Ислам куәлігін жүздеген, тіпті мыңдаған рет қайталайды, бірақ бұл куәлікті айту оларды әулиелеріне қатысты жасап жатқан амалдарынан бас тартуға міндеттейтінін түсінбейді.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрайштық мүшриктерге таухидке деген шақырумен келді, олар өздерін Ибраһимнің дінінде деп санайтын. Олар өздерінің істеп жатқан нәрселерінің көпқұдайшылық екенін түсінетін, бірақ осыда бір жамандық бар деп ойламайтын, өйткені көктен түскен, Аллаһ разы болатын және Аллаһ Тағала Ибраһим пайғамбар арқылы түсірген нағыз дін, міне, осы деп санайтын. Ал біздің сопыларымызға келер болсақ, олардың сенімдері мен амалдары құрайштық көпқұдайшылдардың сенімдері мен амалдарына пара-пар келеді, бірақ мәселенің өзегі сопылар өзін мұсылмандармен теңестіретін және Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дініне жатқызатын қоғамда туып өскендігінде болып тұр. Сондықтан олар да құрайштықтар сияқты өздерінің сенімдері мен іс-әрекеттерінде ешқандай жамандық көрмейді, өйткені өздерін Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген көктен түскен дінді ұстанып жатырмыз деп санайды. Айырмашылық тек құрайштықтарда олардан көпқұдайшылықтың тыйым салынғандығы туралы оқи алатын Кітап және Ибраһим пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткен хадистер жоқ еді, сондықтан да олар «көпқұдайшылық» («ширк»), «құлшылық» («`ибада») және «құдай» («иләһ») терминдерін қолдануда ешқандай проблема көрмейтін, мұның үстіне араб тілі оларды осынысында қолдайтын. Ал сопыларға келер болсақ, оларда көпқұдайшылықтың (ширктің), Аллаһтан өзге құдайларға (иләһтарға) құлшылық

(ғибада) жасаудың тыйым салынғандығы туралы айтатын Құран мен хадистер бар. Сондықтан да олар мұның барлығын басқа терминдермен атап, «тәууассул», «құрметеу», «сыйлау», «әулие», «машайық» деп айтады.

Әрі Аллаһпен ант етеміз, оларға осы ұғымдардың мән-мағынасын және Ислам куәлігі олардан «әулиелеріне», «машайықтарына» т.б. әруақтарға қатысты істеп жүрген амалдарынан бас тартуды талап ететінін түсіндірсеңіз, олар осы куәлікті қабылдамау мен теріске шығаруда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз шақыруын жолдаған көпқұдайшыл құрайыштықтардан кем түспейтін қасарысу танытады.

Ендеше, кітабымызды аяқтай отырып, құрайштық мүшриктер таухидке шақырып келген Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) не деп жауап бергеніне қарайық.

Аллаһ былай деді: **"Олар өздерінен бір ескертуші келгеніне таңырқады да, кәпірлер: «Бұл бір сиқыршы, барып тұрған суайт. Құдайларды бір-ақ Құдай қыла ма? Әрине, бұл тым таңғажайып нәрсе», – деді. Олардың бастықтары келіп: «Жүріңдер, өз тәңірлеріңде сабыр ете тұрыңдар. Сөз жоқ, бұл бір мақсатты нәрсе. Тіпті бұны біз өзге дінде естіген емеспіз. Бұл мүлде бір жасанды жол. Арамыздан осыған ғана Ескерту түсірілді ме?», – десті. Олай емес, олар Менің Ескертуімнен (Құраннан) күдіктенуде. Әрине, олар азабымды әлі татқан жоқ"** («Сад» сүресі, 38:4-8).

Тура осыны бүгінгі күні Қазақстанның, Кавказ елдерінің және бүкіл посткеңестік республикалардың сопылары да айтуда. Оларға «**өздерінен бір ескертуші келгенінде**», олар: «Бұл – бір суайт уаһһаби. Олар біздің Аллаһқа дәнекерлеріміз арқылы жалбарынуымызды Оған тікелей жалбарынумен ауыстырды ма? Ақиқатында, бұл бір таңқаларлық нәрсе!», – деп айтады. Олардың қатарынан болған «ақсақалдар» мен «рухани жетекшілер»: «Барыңдар да, өздеріңнің әділетсіз ренжітілген әулиелерің үшін сабыр ете тұрыңдар. Ақиқатында, араб елдерінен келген бұл студент алып келген нәрселер – бұл Сауд Арабиясы ойластырған бір жоспар. Біз бұл туралы біздің ата-бабаларымыздан естімегенбіз, өйткені біз олардың салт-дәстүрлерінде оларға қатаң түрде ілесеміз. Ал бұл фундаменталист айтып жатқан нәрселер – ойдан шығарылған нәрседен басқа еш нәрсе емес. Ол сонда біздің бүкіл ата-баларымызды адасқандар, ал өзін тура жолдамын деп айтқысы келегені ме?», – деп жауап береді.

Қадірменді бауырымыз, бұл бір-ақ мысал, ал егер сіз Құранды ашып, Аллаһ елшілері мен олардың елдерінің өкілдері арасында орын алған диалогтарды оқып көрсеңіз, сол кезде орын алған

нәрселер мен осы кезде орын алып жатқан нәрселер арасында таңқаларлық ұқсастықты таба аласыз.

Ал бүкіл мақтау әлемдердің Рабысы – Аллаһқа ғана тән!
Әрі Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасы
мүшелеріне, барлық сахабаларына және Қияметке дейін
соларға ілескендерге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

МАЗМҰНЫ

ЖАРАТУШЫ ТҰРҒАНДА, ЖАРАТЫЛҒАННАН НЕ СҰРАЙСЫҢ?!

немесе

ТҮРКІСТАНДА, БЕКЕТ АТАДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАБІР-КЕСЕНЕ-МАЗАРЛАРДА ӘРУАҚ-ӘУЛИЕЛЕР МЕН КИЕЛЕРГЕ СИЫНУ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ОПАТ ЕТЕТІН ЖОЛ

Қазақ тіліне аударып әзірлеген «Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы

Басуға 13.09.2022 жылы қол қойылды.
Пішімі 70x90 1/16 Көлемі 19 б.т.